



5

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫН
АНТОЛОГИЯСЫ



ДАСТАНДАР





«Дала фольклорының антологиясы» жобасы
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» еңбегінде көтерген бастамасымен
«Рухани жаңғыру» мемлекеттік бағдарламасының аясында
жүзеге асырылды

«ДАЛА ФОЛЬКЛОРЫ
МЕН МУЗЫКАСЫНЫҢ МЫҢ ЖЫЛЫ»
ЖОБАСЫНЫҢ РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ

Тәжин М. М., төраға
Балаева А. Ғ., жауапты хатшы

Әзібаева Б. У.
Әлбеков Т. К.
Жүсіпов Н. Қ.
Керім Ш. Т.
Күзембай С. Ә.
Қазтуғанова А. Ж.
Қасқабасов С. А.
Қирабаев С. С.
Қоңыратбай Т. Ә.
Қорабай С. С.
Матыжанов К. І.
Пангереев А. Ш.
Рахымов Б. С.
Ыбыраев Ш. Ы.

ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
АНТОЛОГИЯСЫ



ОН ТОМДЫҚ

5
ТОМ

ДАСТАҢДАР

Алматы, 2019

УДК 398
ББК 82
Д 15

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы К.І. Матыжанов

Томның редакция алқасы: Матыжанов К.І. (*төраға*), Қалиева А. Қ. (*жауапты хатшы*), Қасқабасов С.А. (*ғылыми редактор*), Әлбеков Т.К. (*жауапты редактор*), Рақыш Ж.С. (*жауапты шығарушы*), Құрманғалиев Т.Қ. (*музыкалық редактор*).

Пікір жазғандар: филология ғылымдарының докторы, профессор К.М. Миннуллин (Татарстан),
филология ғылымдарының докторы, профессор Б.У. Өзібаева,
филология ғылымдарының докторы, профессор М.І. Әбдуов

Д 15 Дала фольклорының антологиясы: Он томдық / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Ж.С. Рақыш, Н.М. Мүрсәлімова. – Алматы: Brand Book, 2019.

ISBN 978-601-7218-29-4

Т. 5: Дастандар. – 2019. 528 б.

ISBN 978-601-7218-34-8

Дала фольклоры антологиясының бесінші томына «Айман, Шолпан», «Наурызбай–Қаншайым», «Сыршы молда», «Болағ, Жанат», «Қасым жомарт», «Құлқаныс–Зеберше», «Дарига қыз», «Киік», «Миграж», «Мұхаммед-Қанапия», «Қисса Әбушахма» дастандарының таңдаулы үлгілері топтастырылған.

Кітаптың аудиожазбасы мен электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал порталдар мен сайттардан жүктеп алуға болады.

Антология мектеп оқушыларына, арнаулы және жоғары оқу орындарының студенттеріне, фольклорлық мұраны қастер тұтатын қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 398
ББК 82

ISBN 978-601-7218-34-8 (том 5)
ISBN 978-601-7218-29-4 (жалпы)

© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2019



«Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобасының аясында бізге «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері — ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады.

...Ұлы даланың фольклоры мен әуендері заманауи цифрлық форматта «жаңа тыныс» алуға тиіс.

Біздің мәдениетіміздің негізгі сюжеттерінде, кейіпкерлері мен сарындарында шегара болмайды, сол себепті оны жүйелі зерттеп, бүкіл Орталық Еуразия кеңістігі мен барша әлемде дәріптеуге тиіспіз.

**Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың
«Ұлы даланың жеті қыры» атты еңбегінен**

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

Дастандар — XIX ғасырдың бірінші жартысынан бастап хатқа түсіп, ел арасында ауызша да, басылым түрінде де кеңінен тарап, елдің ерекше сүйіспеншілігіне бөленген жанр. Оның тақырыптық ауқымы кең, жанрлық құрамы сан алуан. Бұл томға хикаялық және діни дастандардың таңдамалы нұсқалары енгізіліп отыр.

Жинақты баспаға дайындауда Институт мамандарынан құралған құрастырушылар тобы еліміздің көрнекті фольклортанушылары мен мұратанушы мамандардың қатысуымен жыр нұсқаларын текстологиялық тұрғыда саралап, мәтіндерді іріктеу мақсатында арнайы зерттеулер жүргізді.

Ғылыми сарапшылардың ұсыныстары Институттың ғылыми кеңесінде талқыланып, ғалым-зерттеушілердің тұжырымдары басты бағдарға алынды. Нәтижесінде томның құрылымы анықталып, хикаялық дастандардан: «Айман, Шолпан», «Наурызбай – Қаншайым», «Сыршы молда», «Болат, Жанат», «Қасым жомарт», «Құлқаныс – Зеберше», діни дастандардан: «Дариға қыз», «Киік», «Миғраж», «Мұхаммед-Қанапия», «Қисса Әбушахма» сынды туындылар ұсынылды. Бұл шығармалар араб жазуындағы қолжазба және басылым мәтіндерімен салыстырылып, қате оқылған, болмаса қалып кеткен сөздер мен сөз тіркестері, редакциялық өзгерістер қалпына келтірілді.

Басылым оқушыларға, студенттерге, жалпы көпшілік оқырмандарға арналғандықтан, мәтіндерде кездесетін кейбір анайы сөздер мен тармақтар қысқартылып, орнына көп нүкте қойылды.

Томның құрылымдық жүйесіне дастан жанрының қысқаша анықтамасы, мәтіндердің түсініктемесі, иллюстрациялық суреттер, жырлаушы жеткізушілердің фотосуреттері, ноталар, этнографиялық суретті сөздік, пайдаланылған әдебиеттер, түйіндеме (орыс, ағылшын тілдерінде) сияқты қосымшалар енді. Оқырмандарға ыңғайлы болуы үшін мәтіндерде кездесетін көне түркі, жергілікті, кірме (араб, парсы, орыс т.б.) сөздерге түсінік сол беттің соңында берілді. Иллюстрацияға Ә. Қастеев атындағы мемлекеттік өнер музейінің қорындағы суреттер пайдаланылды.

Шығармаларды орындаушылар жыршылық дәстүрге байланысты Қазақстанның шығыс, орталық, батыс, оңтүстік және Жетісу өңірлерінен шақырылып, домбыраның сүйемелдеуімен әр мектепке тән мақамдармен жырланды және арнайы студияда жазылды. Томның аудиожазбасы мен электронды нұсқасы танымал порталдар мен сайттарға жүктелді, олардың QR коды кітаптың мұқабасында көрсетілді.





Айман, Шолпан.
Суретші К. Баранов

ДАСТАНДАР

Дастандар – ұлттық эпикалық дәстүр аясында пайда болып, ақындық шығармашылықтың негізінде дамыған, сюжеттік ерекшелігі, кейіпкерлер құрамы, көркемдік бейнелеу құралдары жағынан батырлық, тарихи, ғашықтық жырлардан дараланатын эпостық жанрдың бірі. Әдетте дастанның көлемі ауқымды, композициясы мен мазмұны күрделі, шытырман оқиғалы болып келеді, бас кейіпкердің адами қасиеттері мен сезім-күйінің суреттелуі жағынан да ерекшеленеді.

Дастандық эпос қазақ қоғамындағы өзгерістер, рухани сұраныстардың өзгеріп толығыуы әсерінен XVIII-XIX ғасырларда пайда болып қалыптасты, дамып өркендеді; ортағасырлық түркі және шығыс елдерінің арасындағы әдеби-мәдени байланыстардың да ықпалы зор болды, төл және шығыстық сюжеттердің жырлануы барынша өріс алып, қисса, хикаят деген атаумен ел арасына кеңінен тарады. Дастан – көптеген шығыс елдеріне ортақ фольклорлық әрі әдеби жанр.

Эпостанушы Б.У.Әзібаева бұл санаттағы шығармаларды жанрлық ерекшеліктеріне қарай хикаялық, ғашықтық, діни және әскери дастандар деп ішкі түрлерге жіктеді. Ғашықтық дастандарда бірін-бірі ұнатқан екі жастың махаббаты, қайғылы тағдыры сөз болса, діни дастандарда жалпыадамзаттық және Ислам құндылықтары уағыздалып, Мұхаммед пайғамбар мен оның төрт серігі, сахабалары, олардың әділетті істері т.б. жайттар дәріптеледі. Ал хикаялық шығармаларда қоғамдық қалыптан тыс жағдайлар, таңғажайып істер, өмірде болған шытырман оқиғалар баяндалады.





Айман, Шолпан.
Суретші А.Д. Дүзелханов

АЙМАН, ШОЛПАН

Шығармада XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген Көтібар, Есет батырлардың есімі аталғанмен оқиға хикаялық жанр сипатында суреттеледі. Сюжет желісіне бір аста салтанатты ақ үйге кім барып жайғасады деумен Маман бай мен Көтібар батыр арасында туындаған егестің түйінін ел тыныштығын ойлаған ақылды қыз Айман айла-амалмен шешіп бергені арқау болған. Ол Көтібар батырдың інісі Арыстанға сіңлісі Шолпанды қосып, екі елді құдаластырады. Эпос композициясында той көрінісі, тартыс тудырудағы перзентсіздік мотивінің рөлі, Айманның неке күнінің «мерзімін ұзарту» әдісі көркемдік қызмет атқарады. Бұрын лиро-эпикалық жыр құрамында жарияланып, зерттеліп келген бұл шығарманы академик Қ. Жұмалиев кезінде тарихи жыр деп жіктесе, академик С. Қасқабасов балладалық жыр, профессор Б. Әзібаева хикаялық дастан жанрына жатқызып жүр.

«Айман, Шолпан» жырын халық арасынан алғаш Ж. Шайхысламұлы жазып алып, Қазан қаласында бірнеше рет (1896, 1898, 1901, 1906, 1910, 1913, 1916) жеке кітап етіп жарыққа шығарды. Кейін бұл туынды «Халық поэмалары» (1939, 1-т.), «Қазақ эпосы» (1958), «Батырлар жыры» (1963) жинақтарында және жеке кітап түрінде («Қазақ эпосы», 1957, 7-кітап; 1987; «Ғашықтық дастандар» электронды ресурс, 2007) жарияланды. Ол туралы Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Е. Ысмайылов, М. Ғабдуллин, Ә. Марғұлан, Ы. Дүйсенбаев, М. Бөжеев, З. Ахметов, Ә. Қоңыратбаев, Х. Сүйіншәлиев, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Б. Әзібаева, Ж. Жүнісова сынды ғалымдар арнайы зерттеулер жазды.

Еліміздің сирек қолжазбалар қорында Қ. Иманов, Б. Адамбаев, Ш. Кәрібаев, М. Мухин, Айымбетов жеткізген нұсқалары және олардың көшірме жазбалары сақталған. Томды баспаға дайындау барысында оның барлық қолжазбалары сараланып, Қазан басылымы (1916) таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған (CD-08-419).



Жалғанда хәкім болған мына орыс,
Маман бай Торғай бойын қылған қоныс.
Жайлауы ел шектінің Еділ-Жайық,
Қараған Орынборға жүз отыз болыс.

Маманды рулы елге қылған баға,
Маман бай мал біткенге қылған тоба.
Байлығы Маман байдың жаннан асқан,
Сұрасаң ататегін, түбі – тама.

Байлығын Маман байдың айта алмаған,
Түйесін ел көшкенде арта алмаған.
Байлығы Маман байдың жаннан асқан,
Жылында бес жүз інген боталаған.

Маманды рулы елге баға қылған,
Маман бай мал біткенге тоба қылған.
Байлығы Маман байдың жаннан асқан,
Терісін бес айғырдың саба қылған.

Болыпты ұлдан кемтар Маман бейбақ,
Маманда ұл перзенттен дәнеме жоқ.
Терісін бес айғырдың саба қылып,
Сабасы атаныпты «түйе мойнақ».

Маманнан келген кісі қымыз ішпек,
Аузына мұсылманның тәубе түспек.
Терісін бес айғырдың саба қылып,
Сабасы атаныпты «алтын піспек».

Маман бай мал біткенге болыпты мас,
Жігіттер, мына жалған қолда тұрмас.
Кіші жүз алшын, жаппас, шөмекейден
Бір кісі өліпті екен, беріпті ас.

Маманға айуан малдың берді бағын,
Жаратты Маман батыр арғымағын.
«Бір тұтқа Кіші жүзде бай еді», – деп,
Шөмекей Маман байға айтты сауын¹.

Сауынды тұтқалы елде ептіге айтты,
Былғайтын егескенде кектіге айтты.
«Бір сүбе Қаратауда ер еді», – деп,
Көтібар, өзі батыр шектіге айтты.

«Тілеуімді Құдай береді, – деп,
Жиынға шақырған жан келеді», – деп,

¹ Сауын – үлкен ас, ұлы той сияқты үлкен жиындар туралы ел-елге күнілгері жариялап хабар беру.

Екі ерді екі жақтан шақырады:
«Артынан жаман өзі ереді», — деп.

Маманды рулы елге қылған баға,
Маман бай мал біткенге қылған тоба.
«Сәнменен бұл жиынға барамын», — деп,
Толтыртты өңшең нардан тоғыз саба.

Жалғанда Маман байдай болған бар ма,
Жігіттер, бұл жалғанды көңіліңе алма.
«Сонымен бұл жиынға барамын», — деп,
Арттырды тоғыз саба тоғыз нарға.

Сөйлейді Маман батыр ауық-ауық,
Байлатты бес жүз інген түйе сауып.
Саба артып тоғыз нарға Маман келді,
Өңі алтын масатыдан кілем жауып.

Тілеуін Маман байдың Құдай берді,
Құрметтеп талай тама қасына ерді.
«Даңқымды шөмекейге білдірем», — деп,
Саба артып тоғыз нарға Маман келді.

Жиылды шөмекейдің өңшең биі,
Маманның айуан малдан біткен күйі.
Ас берген алшын, жаппас, шөмекейің,
Бар екен алтындатқан жалғыз үйі.

Маманға сөздің затын білдіреді,
Шектіні Қаратаудан келгізеді.
«Маманның кіретін орны осы», — деп,
Маманды алтын үйге кіргізеді.

Мынау үй Маман байға епті келді,
Былғайтын егескенді кекті келді.
Шай, қантпен тоғыз нарға тоқаш артып,
Көтібар үш кісімен шекті келді.

Жалғанда Көтібардай болған бар ма,
Жігіттер, бұл жалғанды көңіліңе алма.
Саба жетер жер емес, жері шалғай,
Жай артқан тоғанақтап тоғыз нарға.

Қоймапты Көтібарға үйін сақтап,
Сұрап тұр ер Көтібар үйін жоқтап.
Саба жетер жер емес, жері шалғай,
Әкелді қант, май, шайын тоғанақтап.

Көтібар өзге жөнге көнбей отыр,
Сөзіне жұрттың айтқан ермей отыр.

«Маған берсең, Маманның үйін бер», — деп,
Жадағай киіз үйге кірмей отыр.

— Мен саған сөз айтамын жөніменен,
Әзіл қылып айтпаймын шыныменен.
Маған берсең, Маманның үйін алып бер,
Кіремін жолға қарап ізімменен.

Даңқыңды сауын айтып білгізесің,
Шектіні Қаратаудан келгізесің.
Өзіңді өзің сөктің бе, мұндар қылма,
Маманды неге үйіңе кіргізесің?

Бақ берген әр пендеге бір Құдай ма,
Бұл жиын бүйте берсе былғанбай ма?
Ас берген алшын, жаппас, шөмекейлер,
Жиылып бәрі келді Маман байға.

Бақ берген әр пендеге бір Құдайым,
Біледі Көтібардың бұрын жайын.
Ас берген шөмекейлер сөз сөйлейді:
— Орның бер Көтібарға, Маман байым.

Мамеке-ау, үш жүз кісі шекті келді,
Былғайтын түйініңізді кекті келді.
Жадағай киіз үйге кірмей отыр,
Сіздің үй бұл мейманға епті келді.

Мамеке-ау, сөздің жайын білмейсің бе?
Өзге үйге орның беріп кірмейсің бе?
Баласы аса жұрттың мейман келді,
Мамеке-ау, кірген үйің бермейсің бе?

Маман айтты: — Дәулеті бар немедей,
Жүр еді осы шекті кезі келмей.
Үй таңдап біздің елден не қылады,
Су артқан Қаратаудан қума кедей.

Елінде мендей соның биі бар ма,
Кедейдің айуан малдан күйі бар ма?
Үйіне ақ таппаған қу кедейдің,
Алтынды бақтырулы үйі бар ма?

Қыстауым, жаз жайлауым Шабыр-ды,
Сан жылқым Шабырға жайылады.
Астында қамыс үйдің жатқан кедей,
Үй таңдап біздің елден не қылады?

Жайлауы Маман байдың Шабыр-ды,
Сан жылқысы Шабырға жайылады.

«Су артқан Қаратаудан» деген сөзі,
Батырдың құлағына шалынады.

Бұл сөздің тұрмады енді артын естіп,
Маман бай сөз айтпады сірә ептеп.
Кіші жүз кіргізуге қарамай-ақ,
Көтібар кіріп келді баса көктеп.

Бұл жиын бүйте берсе келіспейді,
Батыр келді Маманмен көріскелі.
Есіктен ер Көтібар кіріп келсе,
Батырға Маман тұрып көріспейді.

Ашуы Көтібардың келеді тез,
Бұл топта екі нәнді келтірді кез.
Тізесін ер Көтібар баспай тұрып,
Баян қылып Маман байдан сұрайды сөз.

— Кім бай-дүр, кім жарлы-дүр — Тәңірге аян,
Бұл малың ішсең шағар болып шаян.
Сыртымнан қатыншалап күңкіл қылмай,
Көзіме еркек болсаң қылшы баян.

Маман бай, топқа келер күнің бар ма,
Ішінде қалың топтың бұлың бар ма?
Бу қылып шекті малын не қыласың,
Мінгізген ашамайға ұлың бар ма?

— Сен кедей, мені топта сынадың ба,
Кедейге Тәңірі қылған ұнадың ба?
Өзіңді өзің жарылқа, мұндар кедей,
Сен кедейден «Ұл бер!» деп сұрадым ба?

— Маман бай, сөйлер сөзден жаңыласың,
Бұл топта «малым бар» деп заң қыласың.
Көп түйең айдап жүрген кімнің малы,
Бу қылып шекті малын не қыласың?

Көп түйең айдап жүрген — менің малым,
Тәубе қыл бұл сөзіңе, Маман шалым.
Басыңда малың түгіл иең бар ма,
Екі қыз — Айман, Шолпан — менің жарым.

Маман бай, топқа келер күнің бар ма,
Ішінде қалың топтың бұлың бар ма?
Екі қыз — Айман, Шолпан — менің жарым,
Басыңда малың түгіл құның бар ма?

— Жүргенің, кедей, сенің күнде дүрсін,
Менің бай екенімді әркім білсін.

Мендей боп малы-басың бірдей өссе,
Ақ тимей керегеңе неғып жүрсің?

Кедейді мен күтемін күнде бір ер,
Су артқан Қаратаудан сен де бір ер.
Үйіне жалғыз бие байланбаған,
Кедейдің көк торсығын кіреңе іл.

Сен, кедей, мақтанатын мұнда не бар?
Табылмас Кіші жүзде Маманға пар.
Үйіне ақ тамбаған қу кедейдің
Адамын жиып әкеп, сабама сал.

— Бір сойқан енді саған салайын ба?
Ауылыңды түк тонамай шабайын ба?
Сөйлейсің әлің білмей, Маман шалым,
Айманды тоқалдыққа алайын ба?

— Білмейсің, мұндар кедей, салтанатты,
Кедейдің қу жанынан малым тәтті.
Менмендік топ ішінде сөз айтасың,
Шеберсің, мұндар кедей, жаман қатты.

— Кетеді, Маман, енді баға бұлың,
Табылмас ашулансам сенің өзің.
Аулыңды ас тарқамай шабарыма
Маман бай, еркек болсаң, әкел қолың.

Дәулеті Маман байдың пендеден мол,
Бермеді Құдай оған перзентті ұл.
«Қу кедей, жаман қатты шабарсың», — деп,
Маман бай тұра келіп алысты қол.

Әлқисса, сонда Маманға қылышын суырып алып Кәтібардың айтқаны:

— Маман бай, мынау істі көзің көрсін,
Тұра тұр, мынау топтан атым келсін.
Алмасам тоқалдыққа Айманыңды,
Кәтібар менің атым жерге кірсін.

Аулыңа жеті жүз құл кіргізбесем,
Шектіні таң бамдаттан¹ тигізбесем.
Кәтібар — менің атым жерге кірсін,
Айманды жайдақ нарға мінгізбесем!

Саған мен ерлігімді білгізбесем,
Сені мен бір жылатып, күлгізбесем.
Мақтанғаның сабаның мойны болса,
Төрт тіліп керегеге ілгізбесем!

¹ Бамдат, памдат /парсы/ — таңғы уақыт; таң намазы.

Маман бай, тарқатармын арманыңды,
Бір бүлік көрмеймісің салғанымды.
Көтібар менің атым жерге кірсін,
Салмасам Айманыңды жайдақ нарға.

Маманбай, мұнан басқа сөзің бар ма,
Халің білмей сөйлейсің Көтібарға.
Көтібар менің атым жерге кірсін,
Салмасам Айманыңды жайдақ нарға.

Қараңыз міне сөздің сарасына,
Көз жетті елді шаппақ расына.
«Шайтан сөз топ ішінде не керек?» — деп,
Арыстан түсе берді арасына.

— Дәулеті әр пенденің бөлек-бөлек,
Көтеке-ау, ашуды қой, ақыл керек.
Қызымның қызуына желік қылған,
Шайтан сөз топ ішінде неге керек?

Сөйлейді ер Арыстан сөзді тосып,
Барады Көтібарды ашу қысып.
«Менмендік, екі батыр, тастаңыз», — деп,
Арыстан арасында қойды басып.

Отырды ер Көтібар гүл-гүл жайнап,
Белдеуге бәйге күрең қойды байлап.
Ас берген алшын, жаппас, шөмекейден
Бәйгеге үш жүз атты шықты айдап.

Сонда Көтібардың Маманға айтқаны:

— Ат қосқан, Маман батыр, қасыма кел,
Жүйрігін күрең аттың көзіңмен көр.
Терлетіп күрең атты не қыласың,
Бәйгемді кесірі жоқ шаптырмай бер.

Әлқисса, сонда Арыстан атының үсті желік болып кетер деп, Көтібарды кісінің шетіне жетелеп айтты:

— Көтеке-ау, атыңыз еркін болса жеке келер,
Атыңның жеке келгенін әркім көрер.
Қосып тұр Маман батыр үш көк мойын,
Келерін кімнің аты Құдай білер.

Ат қосқан шілгір¹ ыстық түскен тамыз,
Көтібар бұл шектіден туған нағыз.
Бәйгеге үш жүз атты айдап еді,
Күреңі Көтібардың келді жалғыз.

¹ Шілгір ыстық — аптап аңызақ.

Жүз жамбы бәйге басын батыр алды,
Күрең ат топтан жеке келіп қалды.
«Бұл бағы қу кедейдің асты ма?» деп,
Ішінен Маман батыр қайғыланды.

Бәйге алып ер Көтібар елге қайтты,
Ішінен Маман батыр қайғы тартты.
«Шабамын Маман байды, жиылсын!» — деп,
Еліне барысымен сауын айтты.

Шабатын Маман байды кезі бар-ды,
Ант ішкен топ ішінде сөзі бар-ды.
«Бас болып мына қолға аттансын!» — деп,
Көтібар Арыстанға хабар салды.

— Дәулеті әр пенденің бөлек-бөлек,
Тамадан шошынбайды бұған жүрек.
Қымыздың қызуына желік қылған,
Кек қылып, шайтан сөзді неге керек?

— Ойымнан құсам шыға қалсын деймін,
Аттанып мына қолмен барсын деймін.
Маманды Құдай оңдап шауып келсем,
Айманды тоқалдыққа алсам деймін.

— Шабуға Маман байды бармаймын, — дер,
Ғаріптің¹ обалына қалмаймын, — дер.
Аттанып шыдамаса өзі барсын,
Маманның қызы құрысын, алмаймын, — дер.

Шабатын Маман байдың кезі барды,
Ант ішкен топ ішінде сөзі бар-ды.
«Жүріңдер, Маман байды шабамын», — деп,
Арыстан бармаған соң өзі барды.

Мінгені Арыстанның қарагер-ді,
Мынау іс Көтібардың көңілін бөлді.
Лебізін ағасының қайыра алмай,
Арыстан амалсыздан ол да жүрді.

Маманды шапса кетер шекті жаныштап,
Келеді тамам шекті сөзін қостап.
Маманнан көрген жерден адассын ба,
Маманға алып келді тура бастап.

Маманды көрген жерден тауып алды,
Қасында ауылының тауы бар-ды.

¹ Ғаріп /араб/ — бейшара, мүсәпір, міскін.

Тау түбіне тіктіріп алтын туды,
Маманды Үрпек бастан шауып алды.

Жігіттер, білесің бе сөз жобасын,
Табыңдар мына малдың енді иесін.
Маманды Үрпек бастан шауып алып,
Қорадан айдап алды мың түйесін.

Иіртіп жеті жүз қол шекті келген,
Бұлғайтын егескенді кекті келген.
Маманды Үрпек бастан шауып алып,
Жиып ап төрт түлік малды айдай берген.

Маманды Үрпек бастан шауып алған,
Айдатып малдың бәрін жолға салған.
Малды айдатып жіберіп жігіттерге,
Қорада алтын тумен тұрып қалған.

Қорада алтын тумен тұрып қалды,
Бір сұмдық Айман қызға болып қалды,
«Тез тұрып Айман, Шолпан киінсін!» – деп,
Қорада ер Көтібар айғай салды.

Кигені Айман қыздың көкше кебіс,
Маманға айуан малды берген тегіс.
Ақ мамық, алтын тақта жатқан қызға
Келеді жаудың даусы еміс-еміс.

Ақ Айман бұл дауысты хош алмайды,
Ұйқысын шырт мамықтан аша алмайды.
Ақ мамық, алтын тақта жатқан сорлы
Аяғын қорыққаннан баса алмайды.
Көтібар батыр бір дауыстайды:

– Әуелі батыр затын білсін, – дейді,
Үкімге біздің айтқан көнсін, – дейді.
Төсекте Айман, Шолпан неғып жатыр,
Тез келіп мына нарға мінсін! – дейді.

Ақ Айман бұл қорлыққа шыдайды енді,
Қасында сұлу Шолпан сұрайды енді.
«Құдай-ау, жайдақ нарға салады-ау!» – деп,
Екі қыз қайғы тартып жылайды енді.

Әлқисса, Көтібардың: «Қыздарды үйден алып шық!» – деп бұйырғаны:

Екеуін сүйреп шықты екі жігіт,
Қылады екі пақыр неден үміт.
Жесірді қолға түскен аясын ба,
Екеуін сүйреп шықты екі жігіт.

Тәуелді қылды Құдай Көтібарға,
 Ісіне Құдай салған амал бар ма.
 «Жоқтайтын Маман байды күн болды», — деп,
 Теріс қаратып міндірді жайдақ нарға.

Айманның ақ мамықтай білегі бар,
 Майысқан жез қармақтай сүйегі бар.
 Міндіріп жайдақ нарға жөнелгенде,
 Тіленген жаудан қыздың тілегі бар.

Әлқисса, сонда Айман айтады:

— Шырағым Шолпан, екеуміз қосылып өлең айталық. Мына дұшпандардың білгені: «Батырларға арыз қылып келеді», — десін, білмегені: «Неге мәз болып келеді?» — дер. Не де болса дұшпанға бекер пенде болғанымызды мойынға алғанымыз жарамас», — деп айтқаны:

— Маман бай — әкем аты, атым — Айман,
 Сұр жорға алтын тұмар мен жайлаған.
 Тарта тұр аттың басын, ер Көтібар,
 Шығады әкем даусы «Аймандаған».

Маман бай — әкем аты, атым — Айман,
 Сұр жорға меруерт жалды мен жайлаған.
 Ішінде қатты ұйқының жатқанымда,
 Шығады шешем даусы айғайлаған.

Бай Маман — әкем аты, атым — Айман,
 Сұр жорға алтын таға мен жайлаған.
 Әкеммен бір жиында ерегесіп,
 Көтекем алайын деп ой ойлаған.

Бай Маман — әкем аты, атым — Айман,
 Сұр жорға ат меруерт жалды мен жайлаған.
 Етегін шай көйлектің дүрілдетіп,
 Сорлы едім мың алабас нар байлаған.

Бай Маман — әкем аты, атым — Айман,
 Сұр жорға ат алтын таға мен жайлаған.
 Етегін жанат ішік серпіп тастап,
 Сері едім сұр жорғамен той тойлаған.

Бай Маман — әкем аты, атым — Айман,
 Сұр жорға меруерт жалды мен жайлаған.
 Басынан өтер дәурен өткеннен соң,
 Жылайды әкем неге соры қайнаған?!

Ақ Айман өлең айтып арыз айтты,
 Көтібар ерегесіп сертке жетті.
 Зарланып сорлы Айман жыласа да,
 Көтібар қайрылмастан алып кетті.

– Жау тұрмас әділ патша қамалында,
Күші бар жүйрік аттың табанында.
Маманның Айман, Шолпан — екі қызы ек,
Көтібар, Арыстанның заманында.

Жігіттер келеді айдап алған малды,
Басқадан, бір өзіңнен көңілім қалды.
Алмасаң өз қасыңа, ер Көтібар,
Көн шалбар, қисық найзаң мазамды алды.

Алашқа атың шықты зейіліңнен,
Түс болды мұндай қылық қиялымнан.
Көтеке-ау, сөз жаңылыс естіледі,
Сіз атты, мен түйелі кейініңнен.

Қызыл тіл, ырзамын сау желсеңіз,
Дүние екі айналып бір келсеңіз.
Көтеке, рақым қылып, арызым тыңдап,
Астыма денем сүйер ат берсеңіз.

Жігіттер, қарай қойшы қыз тұлғасын,
Тәуекел Хақтың ісі көз жұмғасын.
Тілегін қыздың айтқан екі қылмай,
Шайқалтып алып келді бір жорғасын.

– Не айтып, не қойғаным біле алмаймын,
Қасқайып бұрынғыдай күле алмаймын.
Тақымым тай күнінен үйренген ат,
Сұржорғадан басқаны міне алмаймын.

Жігіттер, қарай қойшы қыз тұлғасын,
Тәуекел Хақтың ісі көз жұмғасын.
Тілегін қыздың айтқан екі қылмай,
Шайқалтып алып келді Сұржорғасын.

– Сөзімді менің айтқан қабыл көрсін,
Ақ Айман арыз айтып көңілі тынсын.
Қу басым тірі болсам күн көрермін,
Бұл атты жарлық тисе, Шолпан мінсін.

Әр жерде қазалы өлім дат келмейді,
Құдайым ақ Айманға бақ бермейді.
Сұржорғаны сұлу Шолпан мініп алса,
Айманға қалың шекті ат бермейді.

Мұңлы пенде сыйынар Иесіне,
Сөйлесе сөз түседі жүйесіне.
Айманға қалың шекті ат бермейді,
Мінгелі тағы жүрді түйесіне.

Ақ Айман қайғыменен «аһ» ұрады,
«Көтібар, мұнда кел», — деп шақырады.
Үстіне қыз қызуы өткен түйе
«Тағы да мінеді» деп бақырады.

Қосылса екі жақсы дос болады,
Жарасқан ақ маңдайға қас болады,
«Обалың сен түйенің ел шапқанға», — деп,
Қамшыменен ақ Айман басқа ұрады.

Жігіттер, тірілікте өнер үйрен,
Бұзық сөз таба алмайсың әділ ерден.
Айманға қалың шекті ат бермейді,
Бір атты, бірі жаяу жүре берген.

— Қаратал ауылым қонды бұлағына,
Жетпедім екі ерден сұрағыма.
«Обалың ел шапқанға» деген сөзі,
Тиеді Көтібардың құлағына.

Зарланып сорлы Айман жылайды екен,
Арыстан жаны ашып қарайды екен.
Тәлімін Арыстанның тартқаннан соң,
Бір атты Айман тағы сұрайды екен.

Арыстан сөздің затын білгізеді,
Соңынан көп жігітті жүргізеді.
Тілегін қыздың айтқан екі қылмай,
Шайқалтып бір жорғасын мінгізеді.

Арыстан бұл сұлудың тілін алды,
Құдайым көңіліне ақыл салды.
Арыстан бір жорғасын бергеннен соң,
Ерлетіп Айман сұлу мініп алды.

Әлқисса, екеуі де атқа мінген соң Айманның батырларға арыз қылғаны:

— Малың мен басың бірдей дәулетіңіз,
Бітіпті ханға лайық сымбатыңыз.
Екеуміздің біреумізді қайтарыңыз,
Жоқ па екен біздей өскен перзентіңіз?

Сөзіме менің айтқан көнемісіз?
Құдайдан қаза жетсе өлемісіз.
Маманның Айман, Шолпан — екі қызы ек,
Сұраймын, бірімізді беремісіз?

Әкемнің қыздан басқа ұлы жоқ-ты,
Айманнан естіңіз қызық кепті.

Маманның Айман, Шолпан — екі қызы ек,
Сұраймыз бірімізді берсең, — депті.

Маманда Айман, Шолпан — сол екі қыз,
Көлдері мал ішпеген ащы теңіз.
Үндемей ер Көгібар қарап тұрса,
Арыстан шыдамады, айтты лебіз.

Арыстан: «Сөздің халін тартсын, — деді,
Арызын екі пақыр айтсын», — деді.
Үндемей ер Көгібар қарап тұрса,
Арыстан: «Қыздың бірі қайтсын», — деді.

Әлқисса, сонда Айман айтады:

— Шырағым Шолпан, Арыстан «қайт» деді ғой, елге қайта ғой, — дейді. Сонда Шолпан айтады:

— Апеке, сіз қайтыңыз. Сізден менің жаным артық па? — деді. Сонда Айман:

— Сен қайтсаң, жақсы болар, егер сен барсаң, бір күннен кейін отын алып, от жағып, күң болып кетерсің. Мен ешкімнің қорлығына көнбеспін, ажалым жетпей өлмеспін, — деп, Шолпанды оңаша апарып еліне сәлем айтады:

Еліне сұлу Шолпан қайтпақ болды,
Сөзіне Арыстанның көңілі толды.
Еліне сұлу Шолпан қайтпақ болса,
Еліне Айман сәлем айтпақ болды.

— Қызылқұм есік алды биік бар-ды,
Құдайым көңіліме ақыл салды.
Ақ сандық Қызылқұмның күн бетінде
Ішінде осы малдай үш мал бар-ды.

Қызылқұм есік алды қабақ бар-ды,
Ішінде әптиектің¹ сабақ бар-ды.
Ақ сандықтың қасында ақ қобдида
Он бес алтын, қырық күміс табақ бар-ды.

Қызылқұм есік алды дөңес бар-ды,
Менен өзге ойлапты кім шабарды.
Ақ сандықтың қасында төрт жағланға²,
Бес жүз санап салып ем өң шапанды.

Қызылқұм есік алды беткей бар-ды,
Құдайым салды басқа қайғы-зарды.

¹ Әптиек /парсы/ — Құранның жетіден бір бөлігі, сүрелері, аяттары; сауат ашу кітабы.

² Жағлан /парсы/ — киім-кешек, әр түрлі бұйым салуға арналған киізден, былғарыдан, теріден жасалған сандық түрі.

Ішінде үш жүз ішік санап бұған,
Жалғыз шыбық түбінде төрт тең бар-ды.

Жасымнан көріп едім салтанатты,
Осыны ойлап, қорқып ем жаман қатты.
«Көтібар серт қып кетті» деген күні,
Аралға айдап тастап ем бес жүз атты.

Тентекті Құдай айдап жолға салсын,
Сөзіме ел-жұртым қайран қалсын.
Аржаққа сексен інген қойып едім,
Аралға айдап тастап ем бес жүз атты.

Ақылын ақ Айманның адам білмес,
Ешкіммен ақылы көп ойнап күлмес.
Осы малды түгелдеп жиып алсын,
Ебін тауып жұмсаса аштық көрмес.

Мен кеттім ғаріп басым болып пенде,
Зарымды қабыл көрсе қадір Алла.
Айтыңыз, алпыс күнді уағда қылып,
Әлібек мені, десе, келсін мұнда.

Сөзімді менің айтқан білгізгейсің,
Уағда алпыс күнге тұрғызғайсың.
Гауһар түймелі жағлаңда ақ бешпент,
Үстіне келісімен кигізгейсің.

Айманның сұлу Шолпан тілін алар,
Құдайым жақсы адамға ақыл салар.
— Тездікпен келген шақта көріспесек,
Ер еді іші қатты, көңілі қалар.

Айтыңыз бізден сәлем Әлібекке,
Немене айтып-айтпай асыл текке.
Екі айдың алпыс күнде жүзі болар,
Тоқымды сонда салсын құйғын көкке.

Тез жетсін ер Әлібек біздің баққа,
Немене айтып-айтпай сұрбойдаққа.
Екі айдың алпыс күнде жүзі болар,
Тоқымды сонда салсын кер жайдаққа.

Айтыңыз бізден сәлем асыл затқа,
Хал мүшкіл жаздыруға қалам хатқа.
Екі айдың алпыс күнде жүзі болар,
Тоқымды салсын сонда қара ала атқа.

Атандым Айман сұлу барша жанға,
Мен бүгін есім кетіп қалдым таңға.

Екі айдың алпыс күнде жүзі болар,
Тоқымды сонда салсын серке санға.

Айтыңыз бізден сәлем жездең сорға,
Қой айдап кетіп еді Орынборға.
Әлібек үйде болса берер ме еді,
Лаж не маңдайдағы қалың сорға.

Көңіліме ғашық оты болды уайым,
Пенденің Қадір Алла білер жайын.
Ешкімге басым кеспей мен тимес ем,
Қазаны жеткізбесе бар Құдайым.

Әлқисса, енді мұнан соң Айманның батырларға айтқаны:

– Үйімде ішуші едім шекер мен бал,
Көзіме көрінбеген осынша мал.
Қатпаған қабырғасы жас бала еді,
Шолпанды, адаспасын, апарып сал.

Тілеуін Арыстанның Құдай берді,
Көңілі кең, ақылы дана сондай ер-ді.
Жауабын қыздың айтқан екі қылмай,
Қасына он бес жігіт қосып берді.

– Өңкей былай шығып бүлік салар,
Бәлеге Шолпан бала сонда қалар.
Он бесі былай шығып төбелесіп,
Ақырында біреуі жеңіп алар.

Айманның көңілі кең, ақылы дана,
Ішіне Арыстанның болар сана.
Тілегін қыздың айтқан екі қылмай,
Он бес шал қосып берді тағы және.

– Сенбеймін мұныға да, ер Арыстан,
Өңкей шал азуын шалып, ақылын танған.
Сыртынан біреу келіп алдай ма деп,
Арсеке-ау, бұл шалыға көңілім күмән.

Арыстан құрметтейді ақ Айманды,
– Көңілім бұл шалыға, – деп, – күмәнді.
Ықыласыңмен тыңдасаң арызымды,
Өзің ертіп салғайсың Шолпанжанды.

Арыстан бұл сұлудың тілін алды,
Қасына он бес жігіт ертіп алды.
Тілегін қыздың айтқан қылмай екі,
Шолпанды ер Арыстан ертіп салды.

Басына Қызылқұмның шығып тұрды,
 Қайғымен қарап көрді талай жерді.
 «Бұл малды тірі болсам, қайтарам», — деп,
 Арыстан Маман байға сәлем деді.

Арыстан Маман байға сәлем айтты,
 Аузынан тастамайды Құдай мен Мұхаммедті.
 «Бұл малды Көтібар ашуын басқаннан соң қайтарам», — деп,
 Шолпанмен амандасып кейін қайтты.

Шолпан қыз Қызылқұмнан құлай жүрді,
 Сұржорға ат жерді танып кісінеді.
 Кісінеген даусымен үйден шығып,
 Шолпанды Маман байғұс таныды енді.

Шолпанмен Маман байғұс көріседі,
 Сұрасып барлық жайын біліседі.
 Еліне сұлу Шолпан келгеннен соң,
 Жиылып ағайындар келіседі.

Онан соң Шолпан келді елдеріне,
 Жасынан өсіп туған жерлеріне.
 Мұны естіп Әлібек аттаныпты,
 Жар салып қатар өскен ерлеріне.

Әлібек аттаныпты жеті жүзбен,
 Көрер пенде әр істі екі көзбен.
 «Апекем сәлем айтты, жездеке», — деп,
 Тоқтатты Әлібекті Шолпан сөзбен.

Әлқисса Шолпанның Әлібекке «Айманның сәлемі» деп айтқаны:

— Әлібекке сәлем де,
 Аты болса, байласын,
 Азаматын сайласын.
 Өткір алмас қаруын
 Өткір қылып қайрасын.
 Алпыс күн тамам¹ біткенше,
 Тауыспасын айласын.
 Алпыс күн тамам біткенде,
 Кешігіп тағы қалмасын.
 Алпыс күн тамам біткенде,
 Азаматын айдасын.
 Пенде болдым мен ғаріп,
 Шектіні келіп ойран қып,
 Бұйырып алсын Әлібек,
 Біздей пақыр пендесін».

¹ Тамам /араб/ — барлық, күллі, дүйім; біту, аяқталу.

Әлібек мына сөзді құп көреді,
Айманның бұл ақылын еп көреді.
«Айласыз батыр болмас» деген сөз бар,
Әлібек жеті жүз қол топталады.

Жарандар, құп тыңдаңыз бұл кеңесті,
Мұнан өзге әңгіме сөз емес-ті.
Көтібар Арыстанмен ақылдасып,
Елсізге шыққаннан соң мал үлесті.

Жаман жан жақсы сөзді біле алмайды,
Жақсымен жаман ойнап күле алмайды.
Тамам шекті малдарын бөліп алып,
Айманға еш олжа шығармайды.

Әлқисса, сонда Айман: «Маған бұлар сауға деп атақ қылмады, мені өзі олжа деп отыр. Қой, не де болса екі аяқты адамның баласымын ғой», — деп, батырлардан олжа сұрағаны:

Сонда Айман сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Екі батыр мал бөлдің,
Маған да олжа бер, — дейді.
«Қыз — атаға жау» деген,
Бірігіп шаптым Маманды,
Сіздермен бірге мен, — дейді.
Сонда Арыстан сөйлейді:
— Мақұл екен мұнысы,
Бұған да олжа бер, — дейді.
Айман сұлу сен, — дейді,
Ер Арыстан мен, — дейді,
Мал көрелік, жүр, — дейді.
Арыстандай батырға
Еріп Айман барады,
Малға көзін салады.
Бөлек-бөлек түйеден
Жүз нарды таңдап алады.
Сауғасын алып сұлудың
Көңілі бігіп қалады.
Ал енді күн батқанда,
Әскер қонып жатқанда,
Ер Көтібар батырың
Айманға кісі салады:
— Айман сұлу сен, — дейді,
Ер Көтібар мен, — дейді.
Менен алдың олжаны,
Маған да олжа бер, — дейді.

Көтібар батыр болған тірі жаннан,
Айман қыз бетін басты ұялғаннан.
Құлақ сал осы сөзге, әй, жарандар,
Бірталай аяқ жағы кеңес болған.

Айман сұлудың Көтібарға берген жауабы:

— Болады неке халал қиылғанда,
Ел-жұртың тамам-тегіс жиылғанда.
Мен сізден қашайын ба төмен жаққа,
Құдайдың асығыс жоқ бұйырғанға.

Көтібар мына сөзді құп көреді,
Айманның бұл ақылын еп көреді.
«Тойын қылып, некелеп аламын», — деп,
Көтібар жеңілген соң тоқталады.

Көтібар енді еліне озбақ болды,
Сөзіне Айман қыздың көңілі толды.
«Мен барып қатын-баланы қуантам», — деп,
Малменен тастап кетті қалың қолды.

Айманның жігіттерден жауап сұрағаны:

— Әуеден қыс болғанда жауады қар,
Сараң жан дәм бермейді пиғылы тар.
Жігіттер, баян қылшы сұрағанда,
Көтібар, Арыстанның неше ұлы бар?

Жігіттер сөз сөйлейді Айман жасқа,
Қиылған қаламдайын қара қасқа:
— Бір ұл бар Көтібарда жеті жасар,
Ұл жоқ екеуінде мұнан басқа.

Алладан ажал жетсе есті алады,
Біреуді ерте, біреуді кеште алады.
Баланың жасын бұрын сұрап алып,
Бір жарғақ, бір шалбарды кестеледі.

Көтібар енді еліне келді дейді,
Күрең ат шеки басып желді дейді.
«Келеді Айман сұлу, сүйіншіге
Береміз, Теңге тоқал, сені», — дейді.

Жігіттер осылай деп ойнай келді,
«Айманды не десек те болар», — дейді.
«Жесірін жұрт мақтаған көрейін», — деп,
Күреңмен Теңге тоқал жөнелді енді.

Қол түстенді бір жерге теңеу келіп,
Көтібар хабар берді елге келіп.

Ел жақтан келе жатыр жалғыз қара,
Теңге келе жатқандай ірі болып.

Өртүрлі өнер шығады Айман жастан,
Тіріде түзелмейді жол адасқан.
«Мен Теңгеге бір қызық қылайын», — деп,
Бір шапанды бүркеніп амандасқан.

Сонда Теңге аттан түсе қалып: «Әлгі ат ... күңі осы ма?» — деп, шапанын жұлқылады. Сонда Айманның айтқаны:

— Айтамын әуел баста бір Құдайды,
Кешіргей пазылыменен¹ көп күнәйды².
Келе салып шапанды жұлқып жүрген,
Мұның кім? — деп ақ Айман сөз сұрайды.

Сонда жігіттердің берген жауабы:

— Қай дөңге, мына дөңге, өңге дөңге,
Көңілден, көзден кетсе, болады өңге.
Бар еді Көтекемнің үш қатыны,
Сұрасаң, мұның аты — сұлу Теңге.

Тағы да өңге дөңге, өңге дөңге,
Көңілден, көзден кетсе, болады өңге.
Бар еді Көтекемнің үш қатыны,
Нақсүйер, ең кішісі — осы Теңге.

Сонда Айманның айтқаны:

— Базарда теңге болсаң, пұл боларсың,
Қолыңа құрық алсаң, құл боларсың.
Батырдың айтқан сөзі рас болса,
Қолыма су құятын күң боларсың.

Дүниенің көзіңді сал жалғанына,
Алланың кім көнбейді салғанына.
Сөзіне ақ Айманның шыдай алмай,
Жіберді Теңге сиіп дамбалына.

Омбының хат жазамын орысына,
Батырдың келдік жаңа қонысына.
Штанын сідігімен шірітеді,
Қараңыз Теңге тоқал долысына.

— Бар Құдай жәрдем бергін тіл, жағыма,
Құдай берсе, таласар кім бағыма?
Мақтаған ат ... күң осы ма? — деп,
Жөнелді Теңге қайтып ел жағына.

¹ Пазыл, базыл /араб/ — кеңшілік, рақым.

² Күнәй /парсы/ — дінге, шариятқа қайшы әрекет, шалыс қадам.

Теңге қайтты еліне бетін түзеп,
 Айман қыз сөз сөйледі тілін безеп:
 — До­лы қатын, тұра тұр, асықпаңыз,
 Көтекем бері кел деген сәнін түзеп.

Теңге тоқал атының басын тартты,
 Айманның сөзін естіп қапа тартты.
 «Айманды алса, далада қаламын», — деп,
 Айманның сөзін естіп қапа тартты.

Жаман жан жақсы сөзді біле алмайды,
 Жақсымен жаман ойнап күле алмайды.
 Теңге тоқал үйіне кіріп кетіп,
 Айманға ешбір адам жібермейді.

Әлқисса, алдынан ешбір адам шықпаған соң Айманның Көтібарға айтқаны:

— Бұл елдің жақсы менен биі қайда?
 Айманның бұрынғыдай күйі қайда?
 Уағда біздерменен қылып еді,
 Батырдың бізге тіккен үйі қайда?

Айман қыз сөз сөйлейді ақылынан,
 Кей адам бейнет тартар жақынынан.
 Үйінен батыр неғып шықпай қалды,
 Батыр қорқып қалған ба қатынынан?

Көтібардың Айман келді ауылына,
 Шектінің артық туған сауырына.
 Алдынан ешбір адам шықпаған соң,
 Арыстанның жүре берді ауылына.

Арыстан сөзінің затын білгізеді,
 Соңынан көп жігітті жүргізеді.
 «Айманның кіретұғын орны осы», — деп,
 Айманды бір жақсы үйге кіргізеді.

Құлақ сал мына сөзге, даналарым,
 Айман болар өлгенде паналарың.
 Тысқа шығып Айман қыз қарап тұрса,
 Көреді елдің ойнап жүрген балаларын.

Әлқисса, сонда Айман қыз Көтібардың ұлы Есетке келіп айтқаны:

— Жақсы адам топқа кірсе, болар көсем,
 Еліңе біз келеміз аман-есен.
 Есетжан айналайын, мұнда келші,
 Болғанда Теңге шешен, мен де шешен.

Көтібар той қылады жұртты жиып,
Әртүрліден алып келіп малды сойып.
Жалығатын әңгіме бұл емес-ті,
Жамағат тыңдап отыр құлақ қойып.

Көтібар тойын қылып малын сойды,
Ісіне қылып келген көңілі толды.
Көтібар тойға таман бара жатса,
Айман қыз: «Мені тастап барма», — деді.

Көтібар бара жатыр өз үйіне,
Айман харам¹ алмайды еш ойына.
«Жүре бер тойыңызға, ер Көтібар,
Баланы беріп кет, алып жатайын қойыныма».

Бала қалды Айманның қастарына,
Өлім берме, Құдай, жігіттің жастарына.
Бала жалғыз қасында қалып еді,
Жарғақ² шалбар кидірді үстеріне.

Айманның әрбір түрлі айласы бар,
Секілді бойы көркем биік шынар.
Бала жалғыз қасында қалып еді,
Балаға кигізеді жарғақ шалбар.

Жарғақтың бала көрді жағаларын,
Мұндай жайды бармысың табаларың.
«Тек сұрасам бермейді», — деді дағы:
— Апеке-ау, айтшы, — дейді, — бағаларын.

— Саудам емес, қарағым, тек бергенім,
Сат дегенің мені сен жек көргенің.
Атекеңе бар дағы «байғазы» де,
Алып келіп жүрмеңіз жек көргенін.

Әкең айтар: «Әй, балам, «байғазы» деп келдің маған,
Билігін бұл шектінің бердім саған.
Не болмаса тағымды берейін», — дер,
Мен бір жауап айтайын енді саған.

Тағыңды, билігіңді алмаймын де,
Бермесен де бекерге қалмаймын де.
Маған берсең, Айманға алпыс күн неке қылма,
Мұнан басқа тілегімді алмаймын де.

Бала келді Көтібар әкесіне,
Арыстан артық туған жәкесіне.

¹ Харам /араб/ — арам.

² Жарғақ — жүнін тақырлап қырып тастаған, илеп, өңделген тері.

Байғазы деп келгенде Есет бала
Көтібар бұл қулықты білмесін бе?

— Қара су есік алды жал, — деп айтты,
Жайылған жал үстіне мал, — деп айтты.
Тақытымды да берейін, билігімді,
Айманнан басқаны ал, — деп айтты.

— Атеке-ау, тақытыңды, билігіңді тіпті алмаймын,
Тірі болсам, өзім де құр қалмаймын.
Тілегім — алпыс күнге Айманға неке қылма,
Мұнан өзге нәрсеңді тіпті алмаймын.

— Әй, балам, бір істі ойлап едім менің өзім,
Тік тиді өңменіме мына сөзің.
Өзге дүние сұрасаң, бәрін бердім,
Айманды көп сұрама, қалар көңілің.

Жылап келді Арыстанға Есет бала,
Көңілінде Арыстанның жоқ дүр ала.
«Қайтардың ба шыныңмен қарағымды?» —
Деп айтты ер Арыстан келе сала.

— Беріңіз бұл баланың қалағанын,
Жалғыз осы Айман ба қарағаның?
Баланың бір сағының садақасы,
Бұл бермесе, ал менен жарағанын.

Өкпесін көтере алмай: «Бердім! — деді,
Құдайым не салса да көрдім, — деді.
Айман маған жоқ екен, әй, Арыстан,
Күдерді Айман қыздан үздім», — деді.

Бала кетті жүгіріп Айман қызға,
Артында қарамады бөтен сөзге.
— Тілеп алдым, апеке-ау, алпыс күнді,
Ешнәрсе алғаным жоқ мұнан өзге.

— Бәрекелді, Есетжан, келдің, — дейді,
Ғұмырың ұзын болсын сенің, — дейді
«Алдым» деп келгеніне сүйіншіге,
Мынау кәмшат кемерді бердім, — дейді.

Айман қыз рұқсат алып қуанды бек,
Алдап жүр бәрін де амалы көп.
Есетгі күні-түні қасына алып,
Сұрайды: «Батырда не белгі бар?» — деп.

Есет айтты: «Атамда еш белгі жоқ,
Жалғыз-ақ бәйге күрең көңіліне тоқ.

Жалғыз серік өзіне күрең аты,
Не де болса атыңда қасиет көп».

— Бастаған әрбір жолға Құдай, — деді,
Шерменде еш пендеңді қылма, — деді.
Қасиеті көп болса жануардың
Ең қасиетті өнері қалай? — деді.

— Құтырар бәйге күрең жау келгенде,
Қара жер шырайналар сау желгенде.
Ел шетіне жау келсе, тыншымайды,
Бір белгісі сол еді мен білгенде.

Әлқисса, мұнан соң Айман: «Е, енді мен батырдың атын қолыма түсіріп алайын», — деп шешеді. Бір күні жылқы суға келгенде батыр жылқыға бара жатыр еді. Алдынан Айман қол қусырып арыз қылды. Батыр: «Не тілейсің?» — деп сұрайды. Айман оған: «Мен ақымақ болған екенмін. Бір-екі ай қыз болып еліңде тұрсам, сонан соң батырға тисем деп ойлағаным — «ат көті күң» дегеннен құтылам ба дегенім еді. Оным бекершілік екен, әйелдігім, ақылымның қысқалығы екен. Енді ермегім жоқ, отыра алмадым. Уағдалы күніңіз біткенше мен де байы бар қатын секілденіп отыратұғын қылыңыз», — дейді. Батыр айтады: «Нені бай қыласың?» Сонда Айман: «Бұл күнде мен сіздің не ініңіздей, не қарындасыңыздай болып тұрмын ғой. Атыңызды мен бағып тұрайын, беріңіз. Сауыт-сайман, ер-тоқым жабдығыңызды маған беріңіз, байы бар қатын секілденіп отырайын», — деп сұрайды. Көтібар батыр емес пе, бәрін берді. Айман атын барша сайманыменен алды.

Сайманын атыменен жиып алды,
Көңіліне бала сөзін түйіп алды.
Бір күн түнде алпыс күн болған шақта,
Кермеде бәйге күрең дүбір салды.

Қыз Айман тысқа шықты мұны біліп,
Қолына қылыш алды белін буып.
Жау сарыны келеді құлағына,
Үстіне бәйге күрең алды мініп.

Айман қыз күрең атқа алды мініп,
Алтын балдақ қылышын беліне іліп.
«Ия, батыр, атың тұрмай барады», — деп,
Дауыстап сөз сөйлейді жетіп келіп.

Мұнда батыр төсектен тұрды қарғып:
— Жау дауысын күрең ат алды ғой, — деп.
— Жауды мен болжайын, — деп жүре берді,
Оған дейін, Көтеке, сабыр қыл, — деп.

Сонда Көтібар: «Әй, Айман, маған обал қылдың ғой, елге жау араласпай баратұғын едім», — деді. Айман: «Ауылыңа жау тимей тұрғанда ат, жарағыңды өзіңе беремін, үшбу¹ сөзге уағда болсын», — деп жүре берді.

¹ Үшбу — осы, осынау.

Айман қыз жауға қарай салды деді,
 Қолына жау-жарағын алды деді.
 Әлібек келе жатыр өлең айтып,
 Дауысы құлағына келді дейді.

Әлқисса, Әлібектің айтып келе жатқан өлеңі:

– Қалады қар кеткен жер қатқақ болып,
 Көңіліме қайғы түсті сатқақ болып.
 Алдырған томағасын ақсұңқардай,
 Айман қыз отыр ма екен аппақ болып.

Ақ Айман ойлай ма екен Әлібекті,
 Қылмайды кімдер әуес асыл текті.
 Айманға патша Құдай жолықтырса,
 Шалар ем құдайы қып құйғын көкті.

Ақ Айман ойлай ма екен біз бейбақты,
 Кімдер әуес қылмайды қыз бейбақты.
 Айманға патша Құдай жолықтырса,
 Шалар ем құдайы қып кер жайдақты.

Ақ Айман алда қандай ақыл тапты,
 Көңілімді алпыс күндей жабырқатты.
 Айманға аман-есен жолықтырса,
 Шалар ем құдайы қып қара ала атты.

Інісі құйғын көктің қыз қаратай,
 Кей адам сөз сөйлейді олай-бұлай.
 Шалар ем құдайы қып серке санды,
 Айманға жолықтырса патша Құдай.

Айман қыз мына қолға келіп қалды,
 Әскердің көптігіне қайран қалды.
 Жолыққан түн ішінде Айман қызға,
 Әлібек жау адам деп найза салды.

Әлқисса, Әлібек Айманды атының сауырсына салып тұрып: «Кімсің, жөніңді айт!» – дегі. Онда Айманның берген жауабы:

– Дүние, біліп едім жалғаныңды,
 Сұм жалған, білемісің қалғаныңды.
 Дарыды етімізге, найзанды тарт,
 Әлібек, танымадың Айманыңды.

Әлібектің сөйлейді тіл мен жағы,
 Жаман-жақсы қосылмайды ынтымағы.

– Ақ Айман, абыроймен ұят керек,
 Табылса әрбір жерде сөздің ағы.

Түсіп ең қорқау қасқыр ауызына,
Өзіне адал, бізге арам болдың дағы.
Жан аспас қия беткей асуыма,
Талқан қып қара жолды салдың дағы.

Сонда Айман сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Ақылы жақсы адамның дариядан мол,
Мені іздеп ертіп кепсіз жеті жүз қол.
«Құдай бір, Құран шын» деп илансаңыз,
Баяғы өзің көрген жіңішке жол.
Алпыс күнге бір амал таба алмасам,
Басымды кесіп таста, уағда сол!

Екеуі амандасып көріседі,
Сұрасып барлық жайын біліседі.
Екеуі амандасып тұрғанында,
Кейінгі көп әскері келіседі.

Сонда Әлібек сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Туыңды көтер, жігіттер,
Тиелік жауға, жүр, — деді.
Жәрдем болған ерлерге
Бұйырған Алла, сен, — деді.
Қисық жүрген жігітті
Медеткер болса пірлерім
Түзетіп жөнге салмасам.
Жиырма қызды бір нарға,
Мінгестіріп жігіттен
Кегімді сүйтіп алмасам,
Жәрдем болса бабамыз,
Қабыл болса тобамыз.

Туыңды көтер, жігіттер.
Шектіні қазір шабамыз.
Бұзық жүрген ел болсаң,
Басайын сенің деміңді.
Ауру болған ел болсаң,
Табайын сенің еміңді.
Жиырма қызды бір нарға
Мінгестіріп жігіттен
Алайын сөйтіп кегімді.
— Әй, Әлібек, Әлібек,
Асып туған атадан
Алтынды сүйек асыл тек.
Тыңдасаңыз сөзімді,
Тілеймін сізден бір тілек.

Көтібарың бес ауыл,
Ертең сәске болғанша,
Сұраймын, шаппай берші, — деп.
Ала тұр жиып өзгесін,
Осы жерде шекті көп.
Уағда қылып келіп ем,
Көтібар сыңды батырмен,
Сұрады деп қылма кек.
Әлібек: «Тілегіңді алғын, — деді,
Тезірек Көтібарға барғын, — деді.
Арманда болып қалар ер Көтібар,
Тез атын, жарағын бергін, — деді.
Ер қанаты ат болар, қару-жарақ,
Қару-жарақ — қанаты менен қуаты.
Жігіттер, біраз аял қылғын», — дейді.

— Мінейін көш алдына шұбалаң кер,
Ер жігіт жақсы болса табады өнер.
Көтібар батыр болса, келсін жылдам,
Бер дағы жау-жарағын, мұнда жібер.

Айман қыз Көтібарға келді дейді,
Ат-тонын, жарағын берді дейді.
— Он төрт жүз қолменен ер Әлібек,
Сізді іздеп ер Көтібар келді, — дейді.

Құлақ сал Айман қыздың ойынына,
Көтерген тамам дауды мойынына.
«Атыссаң — жау, табыссаң — ел, өзің біл», — деп,
Баланың жатып қалды қойынына.

Айман қыз төсек салып жатып қалды,
Ақылмен мұнша айла тауып алды.
Бес нарға жиырма қыз мінгестіріп,
Шектіні ер Әлібек шауып алды.

Шектіні ер Әлібек шауып алды,
Таманың сол шектіден кегін алды.
Малды айдатып жіберіп әскеріне,
Қорада он кісімен тұрып қалды.

Шектіні ер Әлібек шауып алды,
Айманның Көтібардан кегін алды.
«Айман қайда? Тез шық алдыма!» — деп,
Қорада ер Әлібек айғай салды.

Қыз Айман тысқа шықты мұны біліп,
Екі ердің мүлкіне ие болып.

— Алыстың да жығыстың, екі батыр,
Сіздерді бітірейін төре беріп.

Екеуі не қылса да бітпек болды,
Ойлапты бітісуге жақсы жолды.
Екі жақтан малды Айман қайтарғызып,
Маманға Арыстанды күйеу қылды.

Айман қыз елден сөйтіп алды бата,
Ісінде болмаған соң зәрре¹ қата.
Өз қызына Әлібекті күйеу қылып,
Көтібарды қылады өкіл ата.

Көтібар Айманды ұзатады Әлібекке,
Өнерлі өзі батыр асыл текке.
Жүзден кілем, тон мен ішік, шапан қылып,
Арттырды елу нарды әділетке.

Шолпанды берді Маман Арыстанға,
Әр жерде әлсіздерге болысқанға.
Айман қыз ақылменен тату қылды,
Бүйтіп ел болмайды енді ұрысқанда.

Малын түгел Маманбай жиып алды,
Қалыңмал Арыстаннан тағы да алды.
«Сіздер де, келген жандар, құр қайтпа», — деп,
Алдына ат, артына шапан салды.

Көтібар сонша жанға киіт берді,
Жарандар, көрдіңдер ме мұндай ерді.
«Мен сізден өнерімді асырамын», — деп,
Мың кісімен Көтібарды ертіп жүрді.

Көтібар киіт қылды жеті жүзге,
Әскері Маманбайдың мұнан өзге.
Маманбай Арыстанмен не болса да,
Біз мына батырларды салдық сөзге.

Көтібар мың кісімен еріп барды,
Жаудырып қарашада ақша қарды.
Қайсыбірін айтамыз өзгесінің,
Ер басы алып қайтты бір-бір нарды.

Өзге қылған сыйлары толып жатыр,
Көтібарға берді бір алтын шатыр.
Қазықтары асыл тас, оюы алтын, жібі күміс,
Ел кеңесті: «Асты, — деп, — мына батыр».

¹ Зәрре — кішкентай.

Он бес нарға шатырының өзін артты,
Бос айдады қасына үш жүз атты.
Бес мың ғана жамбылық кілең шатыр,
Бергендерін бәрін де алып қайтты.

Бұларға болды қайран көп елдері,
Сынбаған бір адамнан еш белдері.
Осындай сияпаттап бір-бірлерін,
Қалмады тірілікте көңілдері.

Аяғы бұл қиссаның енді бітті,
Жүсіпбек жазған сөзін тамам етті.
Кімге опа қылады жалған дүние,
Сөйтіп жүріп дүниеден олар да өтті.



Бірінші мақам

Орындаған: Халық артисі Сәбит Оразбаев
 Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

баяу

2 Кез е - д(i)ау кү - ні өт - кен үл - кен со - ғыс,
 3 Ма - ман - бай Тор - ғай бо - йын қыл - ған қо - ныс.
 4 Жай - ла - уы ел шек - ті - нің Е - діл - Жа - йық,
 5 Қа - ра - ған О - рын - бор - ға жүз отыз бо - лыс.
 6 Ма - ман - ды ы - ру - л(ы)ел - ге қыл - ған ба - ға,
 7 Ма - ман - бай мал біт - кен - ге қыл - ған то - ба.
 8 Бай - лы - ға Ма - ман - бай - дың жан - нан ас - қан
 Сұ - ра - саң а - та те - гін тү - бі Та - ма.

Екінші мақам

орташа

9 Ма-ман-ға сөздің а-тын біл-ді-ре-ді, Шек-ті-ні Қа-ра-тау-дан кел-гі-зе-ді.
 11 "Ма-ман-ның к(i)ре-гін ор-ны о-сы ма?" деп, Ма-ман-ды ал-тын үй ге кір-гі-зе-ді.
 13 Мы-нау үй Ма-ман-бай ға еп-ті кел-ді, Был-ғай-тын е-гіс-кен-ді кек-ті кел-ді.

2 15

17 Шай қан-ыт-пен то-ғыз нар-ға то-қаш ар-тып, Кө-ті бар үш кі-сі-мен шек-ті кел-ді.

19 Жал ған-да Кө-ті-бар дай бол ған бар ма?, Жі-гіт-тер бұл жал ған да көң(і)лің(е)ал ма.

Са-ба же-тер жер е-мес же-рі шал ғай, Жай арт-қан то-ға-нақ-тап то-ғыз нар-ға.

Үшінші мақам

21 асықпай, ашумен

22 Кім бай дүр, кім жар - лы дүр тө - нір ң(е)а - ян

23 Бұл ма - лың іш - сең ша - ян бо - лып ша - ғар.

24 Сыр - тым - нан қа - тын - ша - лап күң - кіл қыл - май,

26 Кө-зі-ме ер-кек бол-саң қыл-шы ба-ян. Ма-ман-бай топ-қа ке-лер кү-нің бар-ма?

28 І-шін-де қа-лың топ-тың бұ-лың бар-ма? Бу қы-лып шек-ті ма-лын не қы-ла-сың?

Мін-гіз-ген а-ша-май-да ұ-лың бар ма? А-ха-хау ұ-лың бар ма? ей!

Төртінші мақам

30 баяу, зарлана

31 Ма - ман - бай ә - кем а - ты а - тым Ай - ман,

32 Сұр жор - ға ал - тын тұ - мар мен жай - ла - ған.

Тар - та тұр ат - тың ба - сын ер Кө - те - ке,

33 3

Шы - ға - ды ә - кем - дау - сы "Ай - ман - да - ған"

34

Ма - ман - бай ә - кем - а - ты а - тым Ай - ман,

35

Сұр жор - ға ме - руерт жал - ды мен жай - ла - ған.

36

Тар - та тұр ат - тың ба - сын ау ер Кө - те - ке

37

Шы - ға -д(ы)ау ә - кем дау - сы "ой - бай - ла - ған".

Бесінші мақам

38 баяу, әндете

Ай-ман қыз жау - ға қа - рай - ей сал - ды де - ді ей!

40

Қо - лы - на жау - жа - ра - ғын ал - ды де-д(і)ай ей

42

Ә - лі - бек ке - ле жа - тыр ей, ө - лең ай - тып ей!

44

Да - уы - сы құ - ла - ғы - на кел - ді дей - ді ей

46

Ой и - ги - ги - гай ги - ги гай И - ги - ги - ги гай ей



Суретші Қ. Каменов

НАУРЫЗБАЙ–ҚАНШАЙЫМ

«Наурызбай–Қаншайым» – XIX ғасырдағы тарихи тұлғаларға байланысты балладалық сипатта туған дастан. Шығармада Хан Кене мен Ағыбай батыр тарихи эпос дәстүріндегідей ел қорғап, сыртқы жауларға қарсы күрес жүргізбейді, Наурызбайдың жеке тағдырына араласып, қолдау көрсетумен шектеледі, Наурызбайдың бейнесі «мінсіз кейіпкер» деңгейіне көтерілген. Туындыда қаһармандық іс-әрекеттерден гөрі лирикалық көріністер басым. Жырдың композициялық құрылымында батырдың ата-анасын дәріптеу, оның ерекше тууы, жастай ерлік көрсетуі, қалыңдық іздеп шығуы, қыздың еліне келуі, оның әкесімен (туыстарымен) шекісіп қалуы, үйленуі, қайын жұртында тұруы, еліне қайтуы, төтенше жағдайға тап келуі т.б. сарындар арқылы өрістеген. Жыр эпикалық кең құлашпен қызғылықты баяндала келіп, оқиға желісі күрт үзіліп, соңы қайғымен аяқталады. Ұлттық сән-салтанат, әдет-ғұрып, қыз ұзату тойында құдаласу ғұрыптары, бәйге, балуан күрес, сайыс, жамбы ату, айтыс сияқты ойын-тартыстар өткізіліп, бәрінде жігіт жағы басым түсіп, ерлік көрсету жолымен үйленудің барлық шарттары орындалады.

«Наурызбай–Қаншайым» дастанын Ж. Шайхысламұлы XX ғасырдың басында алғаш рет халық арасынан жазып алып, Қазан қаласында (1912, 1915) жеке кітап ретінде жарыққа шығарды. Кеңестік кезеңде оның жариялануына тыйым салынып, ел тәуелсіздігін алғаннан кейін «Қазақ халық әдебиеті» көптомдығында (1996, 3-т.), «Ақжолтай Ағыбай батыр» (2002), «Батырлар жыры» жинағында (2008, 3-т.) жарық көргі.

Еліміздің сирек қолжазбалар қорында Д. Малыбаев, Б. Сейдеғалиев, Х. Иманғалиев жеткізген шығарманың басқа да нұсқалары сақталған. Дастанның көркемдік құндылығы жөнінде Х. Досмұхамедұлы, Е. Ысмайылов, Б. Кенжебаев, Қ. Бекхожин, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, С. Қасқабасов, Ж. Тілепов, Т. Тебегенов сынды ғалымдар ой-пікірлерін білдіргі. Томды баспаға дайындау барысында оның барлық қолжазбалары сараланып, Қазан басылымы (1915) таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (РМ 623).



Қолыма қалам алдым хат жазғалы,
Бірқатар заман болды халық азғалы.
Жамағат, құлақ салып тыңдасаңыз,
Ғажайып бір хикаят сөз қозғалы.

Қолыма қалам алып жазамын хат,
Тыңдасаң жақсы сөзді көңілің шат.
Іс қылса лайықсыз жақсы кісі,
Артына өле-өлгенше болады дат.

Абылай хан боп өткен мұсылманға,
Жайылған аруағы барша жанға.
Жеткен соң қаза тағдыр дүние салып,
Қойылған бата қылып Самарқанға¹.

Қалмақтан Абылай хан бір қыз алған,
Қадамы жеткен жерге құлаш салған.
Опасыз бұл жалғаннан олар да өтті,
Ойласаң баяны жоқ, дүние жалған.

Қасым хан — Абылайдың бел баласы,
Шығады тыңдасаңыз сөз данасы.
Абылай Қалдан ханның қызын алған,
Қасымның, естісеңіз, сол — анасы.

Қасым хан өзге ұлынан асып туған,
Көңілін дұшпанының басып туған.
Қарнында анасының қан шеңгелдеп,
Қызартып екі көзін ашып туған.

Хан болды заманында ахуалды²,
Дұшпанын жермен-жексен қылып алды.
Ақыры баяны жоқ, фәни³ жалған,
Жеткенде қаза тағдыр дүние салды.

Қасым хан қаза жетіп, дүние салды,
Тағдыры кімнің жетсе, соны алды.
Мирасқор орнын бағып, елін ұстап,
Артында Қасым ханның төрт ұл қалды.

Хан болды үлкен ұлы Кенесары,
Дұшпанға ерегескен өтті зары.
Ержан, Құдайменде һәм Наурызбай,
Бұл төрті Қасым ханның балалары.

Наурызбай бір анадан қалған екен,
Қолына Кенесары алған екен.

¹ Самарқан — дастанда осылай көрсетілген.

² Ахуал /араб/ — мән-жай, жағдай.

³ Фәни /араб/ — осы дүние, жалған дүние.

Науанның өзгесінен жасы кіші,
Жаңадан жолдас-жора алған екен.

Қырық жігіт ілестірді құрап алып,
Бәріне жабдық берді сұрап алып.
Майхана сегіз қанат бір үй тігіп,
Түседі сол ордаға төре барып.

Кене хан оны ұзаққа жібермейді,
Өзінің қасына алып шідерлейді.
Әр істің жасы жетпей жөнін білмес,
Асықпай-ақ оңғарса мінер дейді.

Хан болды Кенесары Орта жүзге,
Жайылды аруағы өзге жүзге.
Хакім болып қай жұрттан жиғандары,
Жарамас шөп салуға басқан ізге.

Анасы Наурызбайдың бөлек еді,
Өзінің қатарынан зерек еді.
Дүниеден қайран ерлер өтіп кетті,
Қазақтың баласына керек еді.

Наурызбай қырық жігіттің басын қосты,
Келуші, кетушінің жолын тосты.
Сайманын қару-жарақ саранжам¹ қып,
Талабын өз алдына Тәңірі қосты.

Басшысы қырық жігіттің ер Ағыбай,
Жылайды: «Бағымды аш, — деп, — патша Құдай».
Қатырып бедеу атты, дабыл қойып,
Жүреді алабұртып ер Наурызбай.

Наурызбай сонда он жегі жасында еді,
Қырық жігіт сапар қылса қасына ерді.
Отырып шарап ішіп, көңілі тасып,
Қасында қырық жігітке сөйлейді енді:

— Қырық жігіт, жорға мініп, торқа кидің,
Мен көрген қызық істің бәрін көрдің.
Қайраты менен артық адам бар ма?
Бар болса, іркілместен айтып бергін.

Бәріңе ат мінгіздім арғымақтан,
Қылмандар мені бекер өтірік мақтан.
Қайраты менен артық адам болса,
Айтыңыз көргеніңді әр тараптан.

¹ Саранжам /парсы/ — тәртiп.

Абылай – ақ ту алған ата затым,
Әкем – Қасым, Наурызбай – өзім атым.
Қайраты бізбен теңдес адам болса,
Айтыңдар білгеніңді, азаматым.

Кене хан – таққа мінген үлкен ағам,
Жаратты бақытты қып Хақ Тағалам.
Көріп-біліп айтпасаңдар қошеметпен,
Қырық жігіт, осы жеген нанға салам.

Бір жігіт сонда орнынан түрегелді,
«Сөйле» деп өзі рұқсат беріп еді:
– Иә, тақсыр, өзің рұқсат беріп едің,
Артыңнан үмітпенен еріп едім.
Айтқан соң тұз-наныңды, тоқталмаймын,
Бір ерді сізден артық көріп едім.

Мен өзім әрбір түрлі жерді көрдім,
Дейтұғын алшын, жаппас елді көрдім.
Атасы Тілеуқабак дәулетке бай,
Дейтұғын Әли, Мұса ерді көрдім.

Үшбурыл аржағында жатады екен,
Ордасын алпыс нарға артады екен.
Баласы Әли деген, тақсыр төрем,
Шіркейді жалғыз оқпен атады екен.

Жігіті арақ-шарап ішеді екен,
Атының бәрі сұлу мүшелі екен.
Баласы Мұса деген, тақсыр төрем,
Із тауып қараңғыда түседі екен.

Дейтұғын Тілеуқабак бай бар екен,
Өзінде үш мың бес жүз тай бар екен.
Әли, Мұса баласы бек баһадүр,
Екеуі жүз кісіні жайпайды екен.

Бай екен дәулеті асқан Тілеуқабак,
Жылқының үш мың бес жүз – бәрі арғымақ.
Бір тайын жүз ділдәға сатпайды екен,
Алмаса құдандасы әрең қалап.
Үшбурыл аржағында жатыр бейқұт,
Көрген жоқ әлі күнге жау аралап.

Үшбурыл жатады екен аяғында,
Жимайды жаудан қорқып саяғын да.
Тақсыр-ау, сол жылқыны бір алмасаң
Бұл сөзің құр мақтанның қай жағында?

Ержан, Құдайменде жау бетінде,
Науанжан, сен түзеттің сәулетінді.
Арақ ішіп, мас болып алғанымыз,
Кененің Құдай берген дәулетінде.

Орнынан сонда Науан түрегелді,
«Сөйле» деп өзі рұқсат беріп еді.
Жарлығын өзі берген екі ете алмай,
Ордадан сыртқа шығып жүре берді.

Хан Кене көк жананға шай құйдырып,
Мамықта шынашақтап отыр еді.
Ордаға кіріп келіп сәлем берді,
Әдеппен бір тізерлеп отырды енді.
Құбылып тотықұстай, түсі қашып,
Алдында ағасының сөйлейді енді:

– Хан Кене, алдымдағы ағам едің,
Мас болған дәулетіңе надан едім.
Бір іске ызаланып жаман қатты,
Я, тақсыр, сол себепті саған келдім.

Дейтұғын Тілеуқабак бай бар деді,
Өзінде үш мың бес жүз тай бар деді.
Баласы Әли, Мұса бек қайратты,
Екеуі мың кісіні жайғар деді.

Үшбурыл аржағында жатады екен,
Ордасын алпыс нарға артады екен.
Баласы Әли деген, есітуім,
Шіркейді жалғыз оқпен атады екен.

Жігіті арақ-шарап ішеді екен,
Атының бәрі сұлу, мүшелі екен.
Баласы Мұса деген, есітуім,
Із тауып қараңғыда түседі екен.

Бай екен дәулеті асқан Тілеуқабак,
Жылқының үш мың бес жүз – бәрі арғымақ.
Бір тайын жүз ділдаға сатпайды екен,
Алмаса құдандасы әрең қалап.
Уа, тақсыр, ырзалықпен батаңды бер,
Іздеуге сол жылқыны қылдым талап.

Баласы Әли, Мұса батыр, – деді,
Үшбурыл деген жерде жатыр, – деді.
Іздеуге, тақсыр төрем, қылдым талап,
Айтыңыз енді маған ақыл», – деді.

Мақтады бір жігітім жаман қатты,
 Бұл қайғы қабырғама жаман батты.
 Ей, тақсыр, талаптанып сізге келдім,
 Беріңіз енді маған рұқсатты.

Көтерді Кенесары сонда басын:
 – Құдайым әр пендесін қор қылмасын.
 Іздеуге мұндай жанды, Науантайым,
 Жеткен жоқ бұл уақытта сенің жасың.

Тек-жайын Тілеуқабак айтсын маған,
 Қолдасын, Науан, сізді Қызыр бабаң.
 Қайраты оның сізден артық емес,
 Жылқысын ала алмайсың, жері жаман.

Үшбурыл бір өзенге құйылады,
 Барша жан бір Аллаға сыйынады.
 Ол судан құс өтпесе, адам өтпес,
 Кімде-кім өтпек болса, қырылады.

Жаһанда қанды су жоқ онан өтер,
 Дәулеті Орта жүздің бізге жетер.
 Ержан мен Құдайменде ауылда жоқ,
 Ойлама мұндай жолды қауіп-қатер.

Бұл іске ызаланба, Науантайым,
 Мен білмей жүргенім жоқ оның жайын.
 Тірі болсаң көрерсің әрбір жолды,
 Жеткізсе жасыңызды бір Құдайым.

Сөйлейді сонда Науан бір қайырып,
 Сөз шығар шарифаттан сан айырылып:
 – Қасыңда отырғанда қазам келсе,
 Ажалдан алар ма едің мені айырып?

Келіп ем бір сапарды ойыма алып,
 Басасың көңілімді қайғы салып.
 Жапанда мерт өлімге жолығайын,
 Қоймасаң мұнан қайтсам кісен салып.

Ғазатқа¹ барып кеп жүр менен жаман,
 Барам десе, барады ана екі ағам.
 Қатыныңша қаңтарып, тізгіндейсіз,
 Абұйырды қимайсыз, сірә, маған.

Орнынан сонда Кене түрегелді,
 Қайтпасын білгеннен соң Науан ерді.
 «Жібермесем қайғылы болады-ау» деп,
 Жастығын уайым қылып еңіреді.

¹ Ғазат /араб/ – соғыс.

Қария, кемеңгерін жиып алды,
Бәріне жора-жолдас ақыл салды.
Жүруіне Наурызбай сенгеннен соң,
Беруге рұқсатын қабыл алды.

Шақырды сонда Кене Ағыбайын:
– Жасыңнан білуші едің жолдың жайын.
Тапсырдым жол көрмеген жас баланы,
Баршаңа пана болсын бір Құдайым.

Бері кел, Дулат, Жәуке, Меңдібайым,
Сапарға жүрмек болды Науантайым.
Тірлік қоспақ боп сөз шығарған,
Антұрған, білмеуші ме ең жолдың жайын?

Қырқыңды Наурызбайға қосып едім,
Майхана болғаннан соң шошып едім.
Ағыбай, қырық жігітке сен басшы бол,
Жол көріп, жолдас болған досым едің.

Боз айғыр айтып сойып түрегелді,
Сәлдесін мойнына сап бата берді.
Қару-жарақ, ат, азық дайын қылып,
Мінәжат¹ кып зарланып еңіреді.

Кене ханның патихасын² беріп жылағаны:

– Он сегіз мың әлемге
Патша болған Құдайым.
Көз жасымды қабыл ет,
Мінәжат қылып жылайын.
Бір өзіңе тапсырдым
Пана болғын басына,
Рақым әйлап³ Иләһим⁴.
Бұрын сапар көрмеген
Бейқам еді бұл айым.
Өзінен басқа панам жоқ,
Қайтып көзім көргенше
Болды қиын уайым.
Екінші, сізге тапсырдым –
Жүз жиырма төрт мың Пайғамбар,
Отыз үш мың сақаба,
Иман, Қасен, Құсайын,

¹ Мінәжат /араб/ – жалбарыну.

² Фатиха, патиха /араб/ – бата, Құран Кәрімнің бірінші сүресі.

³ Рақым әйлау /араб, кене түркі/ – мейірім таныту, қайырым жасау.

⁴ Иләһи/араб/ – Алла.

Төрт Имам, төрт шаһарияр¹.
 Және сізге тапсырдым,
 Ғайып ерен қырық шілтен²,
 Назарыңды салғайсың,
 Сапарда болса бір кілтең,
 Ғаріпке жәрдем болғайсың.
 Хазіреті Қызыр Ілияс,
 Мәдет ет Ғауыс, Қияс,
 Қожа Насыр, Баһауддин,
 Сұлтан Хабиб Нәжмеддин,
 Хан Абылай аруағынан
 Мәдет сұрап қойдым бас!

Қош айтып, бата беріп, қалды жайға,
 Тапсырып баршаларын бір Құдайға.
 – Бізді баққан дұшпан көп, бейқам болмай,
 Берік бол, – деп айтады Ағыбайға.

Ер Науан қырық жігітпен бата алды,
 Сапарға «Тәуекел» деп қадам салды.
 Кене хан шығарып сап, шүкір етті:
 «Иншалла³, жолы болар ахуалды».

Ер Науан «Тәуекел» деп жүріп кетті,
 «Жылқыны бір алсам», – деп үміт етті.
 Мас болып майханада, бойы қызып,
 Ән салып екі-екіден дүрілдетті.

Азығын қос атына артып алды,
 Беліне саймандарын тартып алды.
 Көзіне қырық жігіттің жан көрінбей,
 Күрілдеп екі-екіден ауан салды.

Көкбесті ат жетегінде ойнақтайды,
 Ерлігі еш нәрсені ойлатпайды.
 Барады қырық жігіт әзілдесіп,
 Қайырылып батыр Науан сөз қатпайды.

Бұл арада неше күн кетеді өтіп,
 Қайтамыз деп ойланып әлдене етіп,
 Жиырма күн-түнімен тынбай жүріп,
 Суына Үшбурылдың келді жетіп.

Суға кеп қарап тұрды Науан батыр,
 Кім өлсе, басқа түсер заманақыр.

¹ Шаһарияр – [шаһар /парсы/ – төрт, йар /көне түркі/ – жар, серік] – Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар деп те аталады.

² Ғайып ерен қырық шілтен – желеп-жебеуші, көзге көрінбейтін киелі бейнелер.

³ Иншалла /араб/ – Алла қаласа.

Суына Үшбурылдың қарап тұрса,
Көтеріп жүктей тасты ағып жатыр.

Қырық жігіт суды көріп есі кетті,
Топ-топ боп сыбырласып күңкіл етті.
– Әркімнің бас аманы өзіне олжа,
Қырылмай осы жерден қашсақ, – депті.

Атынан сонда Науан түсе қалды,
Қыл жирен астындағы теке жалды.
– Судан қорқып қайтқаннан өлген артық, –
Деді де, Науан тұра қайғыланды.

Құдайға қыл жиренді айтып шалды,
Ерттеп Көкбесті атын мініп алды.
– Ұста, – деп, – Қызыр Ілияс, шылауымнан,
Суына Үшбурылдың түсе қалды.

Көкбесті түскен жерден төмен ықты,
Аруағы хан Абылай қандай мықты.
Айналып бір мұрынға, төмен ағып,
Ар жаққа аман-есен өте шықты.

Ар жаққа аман-есен шығып алып:
– Қырық жігіт, шапшаң түс! – деп айқай салды.
Науанның қаһарына шыдай алмай,
Қырық жігіт суға келіп түсе қалды.

Қырық жігіт топ шаққандай түсе қалды,
Көңілінен үміт үзіп шыбын жанды.
Қырқарлап дариядан қой өткендей,
Ер Науан Көкбесті атпен тартып алды.

Ар жаққа аман-есен бәрі де өтті,
Бағзы бір қорқағының бәркі кетті.
Біреуі қос атының суға кетіп,
Өзгесі арғы жаққа аман жетті.

Ар жаққа амандықпен бұлар өтті,
«Енді жылқы алсақ», – деп үміт етті.
Бір күн жатып, тынығып, ат оттатып,
Жерінің жөнін болжап дамыл етті.

Күтерлік сол арада көп айтады:
– Тым орынсыз сөйлеме, – деп айтады,
Бесінде осы арадан атқа мінсек,
Ел жата кездесеміз, – деп айтады.

Бесінде «йә, Алла» деп атқа қонды
 Туралап мағрипқа¹ қарсы жүрді.
 Ай қараңғы, күн бұлт, қалың түбек,
 Болжай алмай келеді ой мен қырды.

Көзіне ешбір нәрсе ілінбейді,
 «Жылқыны бір алсақ» деп күлімдейді.
 Шұбырып қараңғыда келе жатыр»,
 Мал түгіл ешбір дыбыс білінбейді.

Қырық жігіт келе жатыр гуілдетіп,
 «Жылқыны бір алсақ» деп, дүрілдетіп.
 Шұбырып қараңғыда топ-топ болып,
 Түбектен қалың шеңгел келеді өтіп.

Боп кетті ай қараңғы, саяқ батып,
 Уақыт себепсіз үй қалған жатып.
 Шұбырып қараңғыда келе жатса,
 Ән салып бір қыз отыр өлең айтып.

Дыбысқа тарта жүрді екпіндетіп,
 Кетпелік бір тіл алмай мұнан өтіп.
 Қырық жігітті тоқтатып бір түбекке,
 Ер Науан жалғыз өзі келді жетіп.

Шошынбас батыр Науан жаннан өзі,
 Бір қызға қараңғыда келді кезі.
 Көрінбей батыр Науан тұра қалды,
 Бұл еді сонда қыздың айтқан сөзі:

— Мен бүгін қыз жинадым тамаша етіп,
 Мейман боп соның бәрі қалды кетіп.
 Қояды әркім теке өз лағынан,
 Жарымды аз жоқтайын өлеңдетіп.

Салмаймын салдықпенен балағымды,
 Ораймын ақ торғынмен тамағымды.
 Далада иттей ұлып біз отырмыз,
 Әлдекім ермек қып жүр қарағымды.

Екпіндеп сонда Науан жетіп келді,
 Келгенін бір адамның қыз да көрді.
 Жүйріктің делебесі дуда қызар,
 Ақырып өлең айтып қоя берді.

Наурызбай:

— Ішікке екі елтірі жең бола ма?
 Жабайы тұлпарменен тең бола ма?

¹ Мағрип /араб/ — батыс.

Біреумен талабы бар кетсең нетті,
Мал берген жаманыңнан кем бола ма?

Қыз:

– Будырған ала арқанмен теңдей болғыр,
Салдырған мәуітіңе¹ жеңдей болғыр.
Жанымды кейіп тұрған кейітпеші,
Айырылып қалқасынан мендей болғыр.

Наурызбай:

– Жайлауы еліміздің Құлан өтпес,
Бөріге ит қарғысы, сірә, жетпес.
Жігітке қыз қарғысы майдай жағар,
Десең де «ішің толсын», ештеңе етпес.

Қыз:

– Ей, жігіт, ақын болсаң, бері келші,
Дертімді ішімдегі келіп білші.
Сөйлей бер шын дегдар² затты болсаң,
Қаңғымай, жаман болсаң, жүре берші.

Науан:

– Жүруші ем жамандарға көз салмастан,
Кетуші ем сендей қызға сөз салмастан.
Ауруым әсте менің басылмайды,
Өзіңді ат ... бір салмастан.

Қыз:

– Әкемнің жетпіс үшке жасы келген,
Бақ-дәулет өз басына Құдай берген.
Кіші жүз бұл жердегі мағлұм³ еді,
Кім еді даусы ажарлы қоя берген?

Наурызбай:

– Әуеде ұшып жүрген ұзақ тағы,
Мәніссіз сөз айтады қыз ақымағы.
Қыз түгіл жаудан көңілі сескенбеген,
Өлеңді қоя берген біз-ақ тағы.

Қыз:

– Ажарлы көрінеді салған әнің,
Бұл жерде Кіші жүздің бәрі мәлім,
Сүндеті пайғамбардың сөз сұрамақ,
Сұраймын жөніңізді, кімсің, жаным?

¹ Мәуіті, мауыты – оң жағы майда түкті мата.

² Дегдар – текті.

³ Мағлұм /араб/ – белгілі.

Наурызбай:

– Сұрасаң атам аты – хан Абылай,
Бақ берген бабамызға патша Құдай.
Жөнімді сіз сұрасаңыз мен айтайын,
Інісі Кенесары мен – Наурызбай.

Қыз:

– Ағаға ерлікпенен жағып жүрсіз,
Көрінсе елде сұлу бағып жүрсіз.
Патшаға бүйтіп жүру лазым ба,
Түн қатып, түсің қашып неғып жүрсіз?

Наурызбай:

– Шығып ем бір талаппен барайын деп,
Қатардан неғып кейін қалайын деп.
Жылқысын Тілеуқабак таппай жүрмін,
Тастамай жалғыз талын алайын деп.

Қыз:

– Мен өзім он алтыға биыл келдім,
Жауаптан еш адамға сүрінбедім.
Дәулетін жастан баққан саған беріп,
Қаларын елдің тірі қайдан білдің?

Наурызбай:

– Мен дағы он жетіге биыл келдім,
Жасымнан атқа мініп дүрілдедім.
Жауабың сөзге тәуір көрінеді,
Жарқыным, жөніңді айтшы, сен кім едің?

Қыз:

– Сұрасаң менің атым – Қаншайым,
Мағлұм Кіші жүзге менің жайым.
Ұлдан екеу болғанда, қыздан біреу,
Жайымыз осылайша, Науантайым.

Наурызбай:

– Болады қай нәсілден ата затың?
Кем емес еш пендеден парасатың.
Есіме кезім келсе бір алайын,
Қаныша, баян қылшы әкең атын.

Қыз:

– Сұрасаң әкем аты – Тілеуқабак,
Бақ берген өз басына Құдай қалап.
Дейтұғын Әли, Мұса екі ағам бар,
Жайымыз осылайша, Науан қарақ.

Наурызбай:

– Дег тұрмын түбін бұзсам мен бір нудың,
Лебімен Абылайлап алтын тудың.
Ілгері надан достан зерек дұшпан,
Қаныша, бар ма өткелі мына судың?

Қыз:

– Ер Науан, жылқыны алып кете алмайсыз,
Жеріңе көңілге алған жете алмайсыз.
Бұл суда жалғыз өткел, тоғыз арал,
Малменен басқа жерден өте алмайсыз.

Наурызбай:

– Қаныша, қараңғыда болдың пайда,
Адамға бір керекті іс – ақыл, айла.
Олжасыз сізді құр тастамаймын,
Сұраймын, жылқыңыздың жөні қайда?

Қыз:

– Сенбісің даңқы шыққан Науан батыр?
Табасыз айтпасам да жылқыны ақыр.
Қол беріп, жолдасым деп қолымды ап кет,
Батпақтың аржағында жылқым жатыр.

Науан:

– Қаныша, қараңғыда сені көрдім,
Мінеки, жолдас болдың, қолым бердім.
Есімнен, жаным, сені шығармаймын,
Өткелің қайсы тұста, хабар бергін.

Қыз:

– Бұл жылқы енді бізге я жоқ, я бар,
Кең дүние алып кетсең болады тар.
Суаты тоғыз арал жылқымыздың,
Қуған соң айтпасам да өзі-ақ табар.
«Қыз — дұшпан, кетесі жау» деген осы,
Өзіңе әрбір түрлі бердім хабар.
Айнысқан айтқан сөзден қара болар,
Әй, төрем, осы сөзді жадыңа ал.
Өлімге күшің жетсе, қия көрме,
Артыңнан Әли, Мұса ағам шабар.

Қатынға ұқсас болғаның, бір қайырылмай,
Жүріп кетсең артыңа қылмай қарар.
Хан сөзінен айныса қара болар,
Айнысаң ғадалеттен¹ Құдай табар.

¹ Ғадалет /араб/ — әділет.

Ант аударып бұл елге бір тиіссең,
Бұл елге жәрдем берер Қадір Жаппар¹.
Парқын білсең, мал кілті менде қалды,
Нәсілсіз кете бергін болсаң ағар.

Қош айтып Қаншайымға жүріп кетті,
Түбекке қырық жігіт келіп жетті.
Мәнісін бастан-аяқ айтқаннан соң,
«Иншалла, алармыз» деп үміт етті.

Жөнімен қыздың айтқан жүріп кетті,
Жылқыға түбектегі келіп жетті.
Ақ туын Абылайдың қолына алып,
Жылқыны алдына сап дүрілдетті.

Жылқыға «Абылайлап» кіреді енді,
Белсеніп етек-жеңін түреді енді.
Әдеті ол жылқының алдын қуса,
Қалғаны өзі шауып ереді енді.

Жылқыны қуып берді дүрілдетіп,
Ақырып «Абылайлап», гуілдетіп,
Отырған өткел бағып қалың елді,
Барады қуған жылқы басып кетіп.
Жылқы қуған дүбірді естіген соң,
Қаныша ағасына келді жетіп:

– Жатырмысың, екі аға,
Төсегінде ұйықтап,
Көрпенің шетін тұйықтап?!
Мал күзетіп отыр ем,
Біреу келді қасыма,
Бесті айғырдай иықтап.
Өктем-өктем сөйледі,
Келген жерден қиықтап.
Жауаптасып кетті жай,
Абылайдың әулеті,
Кене інісі Наурызбай!
Түсі суық көрінді,
Болсын пана бір Құдай.
Қамыңды жегін, ағалар,
Бейқам болмай, ай-уай.
Сары құлақ бұл төре,
Алып кетті жылқыңды,
Тыйып кетті күлкіңді,
Бір кісідей жинап ең,
Дүние деген шіркінді.

¹ Жаппар /араб/ – Аса құдіретті, Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Ертерек тұрып мін атқа,
Талауға салды мүлкіңді.

Жан көрінбес деуші едің,
Екі батыр, көзіме.
Ерлердің Құдай келтірді
Бүгінгі күн көзіне.
Ықтият қыл, ағалар,
Сырттаны екен адамның,
Назар салсам өзіне.
Қиып кетті желіңді,
Тозаң қылды көріңді,
Қайратың болса қылып бақ,
Ойран қылды еліңді.
Қалыбына карасам,
Пендеден қорқар жан емес,
Қайратты құл көрінді.
Шаһимардан жар болса,
Байлап үйге ап келіп,
Тарқатшы мұң-шерімді.
Қасіретімді тарқатып,
Кеңітші менің терімді.

Қаншайым осылайша хабар берді,
Шошынып екі ағасы түрегелді.
Тобышағы екеуінің белдеуде екен,
Даярлап екі жігіт тарта берді.

Атына Әли, Мұса мініп алды,
Дауысы арыстандай жерді жарды.
– Наурызбай, еркек болсаң бір шаншыс! – деп,
Ақырып Әли, Мұса айқай салды.

Ақырып Әли, Мұса айқай салды,
Дауысы күңіреніп жерді жарды.
Дауысын Әли, Мұса естіген соң,
Ер Науан жалғыз өзі тұрып қалды.

Барады қалың жылқы қаптай жосып,
Қорқады қырық жігіт жаны шошып.
Дауысын Әли, Мұса естіген соң,
Наурызбай: «Тәуекел», – деп қалды тосып.

Ер Науан кейін қарап қарсы жүрді,
Ақырып Абылайша дабыл ұрды.
Еліріп Әли, Мұса келе жатыр,
Ыңғайлап Науан жолын тосып тұрды.

Ер Науан ақыл-айла қылады енді,
Найзасын айбалтамен ұрады енді

Қайырып айбалтамен ұрған шақта,
Шарт етіп найзалары сынады енді.

Қолына балталарын алды дейді,
Аянбай бірін-бірі салды дейді.
Ер Науан ебін тауып дәлдеп ұрып,
Бастарын Әли, Мұса жарды дейді.

Олар – екеу, Науан жалғыз қарсыласты,
Науанның екеуінен қайраты асты.
Сыртымен айбалтаның ұрып еді,
Шыдамай зардабына қайта қашты.

Балтамен басын жарып ісіреді,
Қиқумен кебеп қылып пісіреді.
Жеткенде қорасының дәл шетіне,
Екеуін екі салып түсіреді.

Түсіріп екеуінің атын алды,
Тұрды да қорасында ашуланды.
Топ етіп екі ағасы түскен шақта,
Алдына қыз Қаншайым жетіп барды.

– Тақсыр-ау, қараңғыда кез кеп едің,
Жылқымның жөнін айтып меңзеп едім.
Тайғанда хан сөзінен қара болар,
Ойлашы, сонда тақсыр, не деп едің?

Барасыз, тақсыр төрем, жылқымды алып,
Басына екі ағамның қайғы салып.
Торы жорға атымды беріп кеткін,
Әуелгі айтқан сөзде тұрсаң анық.

– Қаншайым, қараңғыда болдың пайда,
Сөзіңнен сіздің айтқан таптым пайда.
Сөзінен қайтатұғын қатының жоқ,
Ол айтқан антыңыздың жөні қайда?

– Құстөсек жарасады ұйқыңызда,
Ерліктің бәрі біткен сиқыңызға.
Сөзіңнен айнымасаң, атымды бер,
Торы жорға ат бара жатыр жылқымызда.

– Барамын, Қаншайым, жылқыңды алып,
Басына екі ағаңның қайғы салып,
Ағаңның атына мін, бірге жүргін,
Атыңды алып қалғын өзің танып.

Атына ағасының қарғып мінді,
Ілесіп ер Науанмен бірге жүрді.

Ақсүйек ханзаданың тұқымы ғой,
Бір ауыз Қаншайымға үндемеді.

Ілесіп көп жылқыға бірге келді,
Ойлайды: «Сынайын, – деп, – Науан ерді».
Қаныша: «Атым мынау», – деген екен,
Бір жігіт найзаменен ұстап берді.

Қаныша сол арада қайғыланды,
Ерттеп Торы жорға атты мініп алды.
– Көп жылқым көк алалы, аман бол! – деп,
Қаныша көп жылқыны шыр айналды.

Қаншайым сөйлер зарланып,
Жылқыны жүр айналып,
Ағасы түсіп қалған соң
Қөңіліне қасірет байланып.
Шайы орамал қолға алып,
Көзінің жасын сүртеді,
Науанға қарап сөйлейді,
Абжыландай толғанып:
– Жатушы едің, көп жылқым,
Батпақтының көлінде,
Үшбурыл деген жерімде.
Тай-жабағы жарасқан
Алтыннан тартқан желімде.

Айдаса, жылқы жаудікі,
Қатты тұрса, желдікі.
Ойлап тұрсам, болмайды
Ерден ердің кемдігі.
Бедеуге салған құранды ер
Шайы орамал қолға алып,
... кетті желдігі.
Әли, Мұса – екі ағам
Елсізде екен ерлігі.
Тілеуқабак атамның
Тоқсан үшке келгенде
Көрер күні не болар?
Дәулетінен айырылып,
О, дариға, не болар?
Алтыннан тартқан желімде
Заманасы ендігі.

Қасына Науан келді назар салып,
Таңғалып, әр ісіне қайран қалып;
– Олжалас, Қаншайым, жолдас едің,
Олжаңды таң атқан соң кеткін алып.

Қайырылып Қаншайым жауап берді:
Көрместен олжа алмайтын бір өнерді.
— Ұрлықпен тек бейқам қып түнде алғаның,
Тосып тұрып тарқатқын, төрем, шерді.

Қатынға ұқсап барасың түнде қашып,
Келмесе, кінә өзінде қалса жасып.
Әуелі артыңды кет армансыз қып,
Олжаны ортаға сал басын ашып.

— Қаншайым, мақұл екен осы сөзің,
Екенсің білімді адам сенің өзің.
Еліңе, олай болса, хабар бергін,
Қайратын екі жақтың көрсін көзің.

Ел-жұртын Әли, Мұса жиып алсын,
Балаға жеті жасар хабар салсын.
Кетпейін ұрыға ұқсап жасырынып,
Жылқысын, мені жеңсе, алып қалсын.

Жатайын Тоқырауында үш күн тосып,
Ел-жұрты кеңес қылсын басын қосып.
Мен ондай катын емес қашатұғын,
Кетпеймін жалған айтып, бекер шошып.

Қоштасып Қаншайым кетті қайтып,
Жіберді ел-жұртына сәлем айтып.
Жемісті, Тоқырауын деген жерде,
Ол елді тоспақ болды үш күн жатып.

Қаншайым сол барғаннан елге барды,
Елінің кәрі-жасын жиып алды.
Сәлемін ер Науанның айтып еді,
Бір адам «барам» деген таба алмады.

Ер еді Әли, Мұса қайраты асқан,
Қайратты сөз шықпады кәрі, жастан.
Бытырап жиылған жұрт тарқап кетті,
Біреуі бір ауыз сөз айта алмастан.

Сол арада Қаншайым қайғыланды:
«Иесіз алмай қайтсін бекер малды?»
Қапа боп дүйім жұрттың қорыққанына,
Алдына әкесінің жетіп барды.

— Әй, әке! Ел сізді «ер балам, — дейді,
Оңдырмас ашулансаң налаң», — дейді.
Жан әке, ризалықпен батаңды бер,
Артынан Наурызбайдың барам, — дейді.

– Не беріп, не қояды нәсібіме,
Көрмедім еш жамандық осы күнге.
Науанның азар болса жамандығы –
Күң қылар отын алғыш есігіне.

Артынан бір бармады жоқ дегенде ең,
Мысалы, сенің балаң жоқпенен тең.
Төрт түліктің үшеуі өлмей жүрсе,
Ойлайды: «Ауқат қой, – деп, – біздерге кең».

Шешеміз қаза болып кетті жастан,
Шеше боп һәм әке боп бақтың бастан.
Еркекпін деп қатынға әкімсіді,
Отырып бір баруға жарамастан.

– Әй, әке, ризалықпен батаңды бер,
Үн шықпас, болды елің шын қара жер.
Жемісті, Тоқырауыңда тосып жатыр:
Келер деп адам қуып Наурызбай ер.

Әкесі сонда ойланып бата берді:
– Қор болма қайда жүрсең, балам, – деді.
Қасына бір жігітті ілестіріп,
Артынан Наурызбайдың салады енді.

Белгілі бір өткелден келіп өтті,
Қамшы ұрып Торыжорға атқа екпіндетті.
Уағда болжалды күн өтіп кетпей,
Жемісті, Тоқырауынға келіп жетті.

Жылқыны жидырады Науан бала,
Еш адам келмегенге болды нала.
Қамданып жылқы айдауға барған шақта
Артынан көрінеді екі қара.

Қараға сонда Науан көзін салды,
Анықтап қыз екенін танып алды.
«Осы қыз бір сұмдықпен келеді-ау», – деп,
Ер Науан сонда тұрып ойына алды.

Қырық жігіт бәрі қызға көзін салды,
Анықтап қасына кеп түсе қалды.
Жаяулап әдеппенен алдына кеп,
Науанның «Алдияр» деп қолын алды.

Науанның қолын Қаныша келіп алды,
Атына қайтып барып мініп алды.
– Қош келіпсіз, Қаншайым, армысыз! – деп,
Сөз бастап батыр Науан жауап салды.

– Ей, тақсыр, уағдаңды алып елге бардым,
Елімнің кәрі-жасын жиып алдым.
Жайылған жер жүзіне аруағыңыз,
Бір адам қуатұғын таба алмадым.

Өзінді бұрын түнде көріп едім,
Жарықта бір көруге жерік едім.
Бір адам қуатұғын шықпаған соң,
«Олжалас жолдасым» деп өзім келдім.

Сағымға сенің атаң садақ ілген,
Хан болды заманында дүрілдеген.
Әділіне жүгіндім, тақсыр төрем,
Сөзіме менің айтқан жауап бергін.

Тумайды өзіңіздей еш кемеңгер,
Пенденің бәрін жұтар бұл қара жер.
Жүгіндім әділіне, тақсыр төрем,
Тартпастан өз жағыңа төрелік бер.

Тәж, тақыт¹ аунаған жоқ бабаңыздан,
Еш дұшпан ұстаған жоқ жағаңыздан.
Бұл жерде төрелікке қылсаң зорлық,
Сұраймын Кенесары ағаңыздан.

Кәпір антқа, мұсылман тілге нашар,
Нәсілді адам әрқашан күнге жарар.
Еркек пен ұрғашыға олжа түссе,
Тақсыр-ау, сол олжаны қайсысы алар?

Жолдасың бұл қырық жігіт соңыңа ерген,
Қайсысы менен артық қайрат берген?
Басшымын бір себептен бұл сапарға,
Сөзіме, тақсыр төрем, жауап бергін.

Жығылған қатты түсер қыр басынан,
Жалғанда кім айырылмас сырласынан.
Бойыңа мін емес пе, тақсыр төрем,
Жол сұрап, олжа алғаның ұрғашыдан!

Науан:

– Қаншайым, мынау сөзге құлағың сал,
Ешкімге опа қылмас бұл жиған мал.
Мен дағы дос-дұшпанға мат болмайын,
Сұрасаң, бұл жылқының жарымын ал.

¹ Тақыт, тахты — ою өрнектеліп безендірілген, арқасы және жақтауы бар патшалар отыратын орын, тақ.

Қаншайым:

– Тақсыр-ау, бұл сөзіңе тарынамын,
Алдыңда арыз айтып жалынамын.
Жалданған жалғыз тайға жалшы құсап,
Жылқымның жарымын ап не қыламын?

Жылқыңды берер болсаң, бүтін бергін,
Үміт қып хан ұлы деп іздеп келдім.
Есептеп әділдікпен бергеніңше,
Мені де қосып алып жүре бергін.

Ей, тақсыр, билік қылсаң бөлместен бер,
Ханның жолы осылай, шын нағыз ер.
Хандық қылмай қарайсаң, тақсыр төрем,
Мені де найзалаңыз, тарқасын шер.

Науан:

– Бір жылқы бермесем де күн көрерсің,
Өлмей жүрсең, бір жерде бір көрерсің.
Қолыңа үш мың бес жүз жылқы берсем,
Екінші қолқасына не берерсің?

Қаншайым, қараңғыда сізді көрдім,
Жылқыңды сөзге оралып түгел бердім.
Мен дағы үмітпенен келіп едім,
Қайтамын елге не деп, жауап бергін?

Қаншайым:

– Бақ-дәулет басыңыздан айырылмаған,
Хан едің ізін басып қайырылмаған.
Кұрбандық Кіші жүзге менің басым,
Жауап сол жауабыңа, жаным, саған.

Науан:

– Қаншайым, артық екен сенің бағаң,
Еңбек қып алған малды бердім саған.
Құрбандық Кіші жүзге болып кепсің,
Не сыйлық көрсетесің, жаным, маған?

Қаншайым:

– Тақсыр-ау, мынау сөзге құлағың сал,
Кұдай қылса болмайды пендеде хал.
Мал жиып көрсетпеймін жұрт үстінен,
Тақсыр-ау, ұнатсаңыз, өзімді ал.

Науан:

– Шіренер салқам жігіт үзеңгісін,
Мен емес қыздан күдер үзген кісің.

Басыңды уағдамен маған берсең,
Осы жол көрсетіп кет бір белгісін.

Қаншайым:

— Біліп ем сізге ешкім пар¹ келмесін,
Құдайым жыңды қылған баз пендесін.
Далада құл мен күңдей жатқаныңды
Тақсыр-ау, өз бойыңа мін көрмесең.

Наурызбай:

— Қаныша, қараңғыда сізді көрдім,
Өзіңді көргеннен соң көңіл бөлдім.
Уағдаң шын ақиқат болсын десең,
Еңкейіп ат үстінен қолың бергін.

Бұл сөзді Қаншайым мақұл көрді,
Қасына жақын келіп, қолын берді.
Бірінің қолын бірі ұстаған соң,
Пара-пар екеуінің бойлары еріді.

Қол беріп, қолын алып, мақұл көрді,
Жылқыны үш мың бес жүз қызға берді.
Бір бие тамағына сойған екен,
Біреуін қос атының қосып берді.

— Құдайым нәсіп қылса, алам, — деді,
Егер нәсіп болмаса, қалам, — деді.
Бай-мырзам мақұл көрсе, тосып тұрар,
Көптен-көп ел-жұртыңа сәлем, — деді.

Қош айтып аттанады сөзді байытып:
— Барыңыз ел-жұртыңа сәлем айтып.
Тысқары топырақтан қылса Құдай,
Келермін күзден қалмай мұнда қайтып.

Келермін аман болсам осы күзге,
Қош айтып, риза болсын елің бізге.
Билетіп өз басыңды, қолыңды алдым,
Көрермін ие шықса, жаным, сізге.

Ер Науан қош айтысып жүріп кетті,
Қаншайым жылқыны айдап дүрілдетті.
Шұбырып қалың жылқы мекеніне,
Өткелден «Тоғыз арал» келіп өтті.

Қаныша жылқыны айдап барды дейді,
Жылқыны жұрт алдына салды дейді.
Көнбеске Кіші жүздің халқы бар ма,
Науанды күйеу тұтып қалды дейді.

¹ Пар /орыс/ — жұп.

Ер Науан қырық жігітпен кетті дейді,
Арада бірнеше күн өтті дейді.
Еліне бет алған соң жер алыс па,
Бір күні аман-есен жетті дейді.

Еліне аман-есен жетіп келді,
Келгенін хан, қараның бәрі көрді.
Хал-жайын білдіруге сәлемдесіп,
Кененің ордасына кіріп келді.

Ордаға сәлем беріп кіріп келді,
Отырған Кене ханның көзі көрді:
— Сәлемет, аманбысың, шырағым, — деп,
Науанға оң жағынан орын берді.

— Қырық жігіт, есен барып келдің бе аман?
Тарылды сен кеткелі маған заман.
Жылқысы Тілеуқабақ көрінбейді,
Қой десем болмап едің, жері жаман.

Мәнісін қандай екен, айтшы маған,
Осы жол нақыл болсын, жаным, саған.
Ат сүрінбей танымас жер мәнісін,
Ескерерсің сөз айтса үлкен ағаң.

Ер Науан сонда тұрып жауап берді:
— Әли, Мұса дейтұғын көрдім ерді.
Ұстасып уағдаға бір адаммен,
Мен тағы көрмек болдым дәл сол жерді.

Біз барып алып қайттық дүние-малды,
Хабарға мал иесі келмей қалды.
Біздерге басшы, қосшы болып кетті,
Көз болып бір қыз бала ахуалды.

Бұралып талшыбықтай бойға жеткен,
Іс болса айтыңыздар бізден өткен.
Жұмыстың бастан-аяқ жайы солай,
Уа, аға, лайық па екен бермей кеткен?

Кене хан мұны естіп көңілі толды,
— Етіпті, — деп, — қарағым хандық жолды.
Жылқы алғаннан бұл ісі он есе артық,
Шақырайын той қылып оң мен солды.

Еліне «той қылам» деп хабар берді,
Шақырған қарашаның бәрі келді.
Дүниенің жиылған есебі жоқ,
Қаратқан Тәңірім өзі талай елді.

Біреуі ат алып келген, біреу түйе,
 Әкеліп беріп жатыр біреу бие.
 Келген-кеткен дүниенің есебі жоқ,
 Жаратқан бақытты қып Жаппар¹ ие.

Науанның мағлұм² болды аруағы,
 Артық боп қатарынан шықты атағы.
 Қысылған ісі болса кеңесуге,
 Кененің Науан болды тиянағы.

Той қылып Кенесары олжа тапты,
 Елінің кәрісіне шапан жапты.
 Өртүрлі тамашасы толып жатыр,
 Той болған лайықты әбден бапты.

Той тарқап, келген халық қайтты жайға,
 Тарқатты бата беріп Наурызбайға.
 Түзетіп ат-анжамын, талаптанып,
 Сиынып жалбарынды бір Құдайға.

Шақырып қасына алар Ағыбайын:
 – Ойымнан шығар емес Қаншайым.
 Жайлаудан елдің алды қайтқан кезде
 Жүрелік жолды оңғарса бір Құдайым.

Құпиялап қылып жүрсіз ат-анжамын,
 Түзетіп, тәрбиелеп жолдың қамын.
 Адамға қараған іс екіталай,
 Әркім білсе болады өзі жайын.
 Ағыбай, қырық жігіт ат-анжамын,
 Дайын қылып қойғайсыз әрбір табын.

Ер Науан құпиялап қамын қылды,
 Кененің кам қылғанын іші білді.
 Ат-анжамын, баршасын даяр қылып,
 Көңіліне тоқып жүрді осы сырды.

Науанның бойы қызып: «Жүрсем, – дейді
 Жолына Қаншайымның кірсем», – дейді.
 – Ағыбай, Кенекемнің ықыласын
 Ымбалап, ақылменен білсең, – дейді.

– Жүрелік, ер Ағыбай, батыр, – дейді,
 Тоқтамас бармай көңіл ақыр, – дейді.
 Мәнісін Кенекеме білдіріңіз,
 Не жауап айтар екен ақыл, – дейді.

¹ Жаппар /араб/ – Аса құдіретті, Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

² Мағлұм /араб/ – белгілі.

Кенеге сонда Ағыбай жетіп келді,
Әдеппен «Алдияр» деп сәлем берді.
— Жол жүруге ініңіз талаптанды
Әй, тақсыр, арызым сол, — деп жауап берді.
Бұйырды: «Тез барғын!» — деп інің маған,
Төремнің жарлығымен келдім саған.
Жүргізу қандай жолмен, ерік сізде,
Ғәммадан¹ артық, ханым, сенің бағаң.

Жүреді Науан інің не қылса да,
Қалыбы тоқтар емес жалынса да.
Міндеті ініңіздің мойныңызда,
Түзетіп жүргізіңдер, ханым Қаныша.

Кене хан Ағыбайға жауап берді:
— Айтпадың бұрын неге бұл өнерді?
Қысқа шейін оралып келу ғайып,
Қыстаған ар емес пе бөтен елді?

Сөйлесіп төреңізбен жауап бергін,
Қыстамай, егер барсаң, қайтып келгін.
«Аяқ-қолым бос болса, келерміз», — деп,
Баршаларың бас қосып, ант бергін.

Ағыбай ер Науанға қайтып келді,
Кененің айтқан сөзін айтып келді.
Қырық жігіт ер Науанмен ақылдасып,
«Қыстамай келеміз», — деп уағда берді.

Кене хан уағда алып көңілі толды,
Не керек дегендерін дайын қылды.
Әрне керек, баршасын даяр қылып,
Ойланды: «Түзетсем, — деп, — осы жолды».

Қазына-жабдық артты тоғыз нарға,
Барсын деп салтанатпен мәхбур² жарға,
Қос берді падишалық алтын шатыр,
Дүние мұқтаж емес еш оларға.

Жабдығын азық-түлік берді сайлап,
Тоғыз нарға қоңырау, байрақ байлап,
Бесінде бейсенбі күн шыға қонды,
Айтұяқ айтып сойып «я, Құдайлап».

Қолға алды тоғыз тұйғын, тоғыз сұңқар,
Мінгені қырық жігіттің бәрі тұлпар.

¹ Ғәмма /парсы/ — барлық, бәрі.

² Мәхбур /парсы/ — көңілді.

Толтырып төрт сандыққа асыл бұйым,
Арттырды болмасын деп жолы дiмкәр¹.

Не асыл iнжу-маржан алды тастан,
Жабдығын тамамдады аянбастан,
Кене хан аттандырып, амандасып,
Айтады ақыл-айла бiр-бiр бастан:

— Жатпастан тез қайтыңыз осы жылда,
Алыңыз қазынадан бiр мың дiлда,
Абыройлы бұл сапарға жолдас қылып,
Бақытынды ашқай сiздiң Құдауанда².

Қарауыл бiрiң жатсаң, бiрiң қара,
Басыңа бейқам жүрiп салма жара.
Ағыбай, түз тәртiбiн бiлушi едiң,
Кетпесiн ұят iстеп бұл жас бала.

Түзеткiн падишалық сәулетiңдi-ай,
Ират³ қыл сайып қыран нәубетiңдi-ай.
Дұшпанға түсi сары ол жуық жер,
Бейқам боп жатып алма жау бетiнде-ай.

Жөнелдi тоғыз нарға қосын артып,
Елiне Тiлеуқабак қолын тартып,
Қырық жiгiт ойын ойнап бара жатыр,
Найза ұстап, қылыш байлап, мылтық атып.

Жөнелдi керуенi қадам басып,
Бiр күнде екi көшiп, қонар тасып.
Айдаған жылқы, сиыр сойысы бар,
Мал сойып күнiнде бiр қылар нәсiп.

Әр алуан ойын қылар оңды-солды,
Өткiздi тамашамен осы жолды.
Ұдайы бiрнеше күн тынбай жүрiп,
Үшбурыл жағасына келiп қонды.

Жiбердi: «Қоныс көр», — деп Ағыбайын —
Бiлесiз өзгемiзден қоныс жайын».
Бұлар қонып, тамағын iше тұрсын,
Сөйлейiн Қаншайымның бiраз жайын.

Қаншайым жүредi екен күн-түн ойлап,
Бiр жаққа қарайды екен әр күн бойлап:
«Ер едi екiталай арсы-күрсi,
Бiр жаққа кеттi ме екен тағдыр айдап?»

¹ Дiмкәр — кемтар, мүгедек.

² Құдауанда — Құдай.

³ Ират /араб/ — айла, тәсiл, жол.

Қаныша өзі құйын мерген екен,
Қасына бір-екі кыз ерген екен.
«Құс атып, тамаша қып қайтайын» деп,
Үшбурыл жағасына келген екен.

Қаншайым құс атқалы суға келді,
Дарияның ар жағына көз жіберді.
Бөлініп будақ-будақ шыққан шаңды
Тұсынан қарап тұрып көзі көрді.

Қоңыраулы бір көш шықты гүл-гүл жайнап,
Топ-топ боп адам шықты байрақ байлап,
Келді де бір түбекке қосын тікті,
Қаншайым назар салып тұрды абайлап.

Тіккенін алтын шатыр көзі көрді,
Ойлады «осы ғой» деп Науан ерді.
Ел еді алшын, жаппас бейқам жатқан,
Келді де Қаншайым тез хабар берді:

— Әй, Әли аға, сейіл құрып суға бардым,
Дарияның ар жағына көзім салдым.
Падиша салтанатты шатыр тіккен,
Көп адам келіп қонды, қайран қалдым.

Әли аға, Мұса қайда, бермен шақыр,
Болмасын осы келген Науан батыр.
Кінәмшіл хан мінезі балаға ұқсас,
Алдынан жібермесек болмас ақыр.

Дәулеттің қолың жетті баһарына¹,
Науанның жан шыдамас заһарына.
Алдынан ауырлық қып шықпай қалып,
Жолығып қалмаңыздар қаһарына.

Әли аға, білер болсаң Науан жайын,
Анжамын² әрбір түрлі қылғын дайын.
Ханзада баласына қолың жетті,
Өзіне сала сөйлес сөз ыңғайын.

Баласы хан Абылай кіл қара-көк,
Жан өтпес бұл заманда бұлардан бек.
«Ханың ұрса, қыраны тиер» деген,
Басыңызды жарса да, қылмаңыз кек!

Құдай өзі оларға бақыт берген,
Бұл бір дәулет, Әли аға, саған келген.

¹ Баһар /араб/ – ғажайып.

² Анжам /парсы/ – қару-жарақ, сауыт-сайман.

Ерлігін, бектігін де өзің көрдің,
Мен айтып тұрғаным жоқ өтіріктен.

Әли аға, бар ма маған айтарыңыз?
Жақтырмасаң, ар жақтан қайтарыңыз,
Көрсетіп қайратыңды, қарсыласып,
Көңілін күшің жетсе, тойтарыңыз.

Әли аға, шүкір қып қылғын шаттық,
Бәйге алды ханнан озып байталыңыз.
Дәулетгі Құдай берген қайтармасаң,
Жақпайды өзіңізге қай халіңіз.

Сонда Әли: «Мұса қайда? Келсін! — деді,
Қасына Қалша жыршы ерсін, — деді.
Ар жаққа алтын шатыр тігіліпті,
Кім екен, барып соны білсін», — деді.

— Тез барып сол адамның білсін жайын,
Сұрасын Кенесары, Наурызбайын.
Тезбе-тез, олар болса, қайта шауып,
Әртүрлі сыр-анжамын қылсын дайын.

Мақұлдап Мұса мырза атын алды,
Қалша мен және біреу қасына алды.
«Шатырдың кім екенін білейін», — деп,
Өткелден «Тоғыз арал» өте салды.

Үш адам келе жатқан көзі көрді,
Қалай барар екен деп көз жіберді.
Шатырға тура келе жатқаннан соң
Науанға жігіттері хабар берді.

Шатырға сонда үшеуі жетіп барды,
Бара сала атынан түсе қалды,
Үш жігіт үшеуіне жетіп барып,
Аттарын шылауынан ұстай алды.

Шатырға бұл үшеуі келіп түсті,
Құстырып Науан отыр тұйғын құсты.
Әртүрлі парасатын көргеннен соң,
Бұл келген үшеуінің зәресі ұшты.

Астына отырғызды көрпе салып,
Өкінді келгеніне іштен налып.
Әртүрлі салтанатын көргеннен соң
Отырды есі шығып, қайран қалып.

Бұйырды сонда Науан: «Жайын біл, — деп,
Бұл адам судан өтіп нағып жүр, — деп.

Егерде бізге айтар кебі болса,
Шатырға бұл үшеуін алып кір», – деп.

Бір жігіт сонда кіріп сәлем берді:
– Мырзалар, жол болсын! – деп, жауап қылды.
Келдіңдер судан өтіп, тура жүріп,
Біздерді іздегендей кімсіз? – деді.

Қадірлерміз мәміле себің болса,
Тамақ ішіп, сырттан қайт ебің болса.
Төрем сізге жұмсады: «Біліп кел», – деп,
Шатырға кіріп айтқын, кебің болса.

Орнынан сонда үшеуі түрегелді,
Шатырға кіріп келіп, сәлем берді.
Қалша жыршы есікте тіке тұрып,
Науанға арыз айтып сөйлейді енді:

– Ассалаумағалейкүм, сәлем бердік!
Ар жақтан келіп қонған сізді көрдік.
Шет жақтан келіп түскен қандай жан? – деп,
Білгелі хабарыңды келіп едік.

Бір келген мейманбысың аруаққа,
Баласыз патша ұлындай мінген таққа.
Алыс жерден шыққандай атың жарау,
Барасыз талаптанып қайсы жаққа?

Айталық өз жайымды әуелі біз,
Айтарсыз жайыңызды онан соң сіз.
Бір қадір күтіп жүрген қонағым бар,
Өлмесе келмек еді дәл осы күз.

Кұтыбы еліміздің – Тілеуқабак,
Жабдығы – күміс үстел, алтын табақ.
Сіздердің парасатың, парықтасам,
Һәммасы падишалық қару-жарақ.

Ұлы екеу, байдың қызы біреу еді,
Еліме қыз да болса сүйеу еді.
Інісі Кенесары – ер Наурызбай
Уағдамен біздің байға күйеу еді.

Күйеудің түсін түнде көріп едік,
Жарықта бір көруге жерік едік.
Ар жақтан көргеннен соң қараларың,
Солайша үміт қылып келіп едік.

Мырзалар, енді маған жауап бергін,
Орныңнан күйеу болсаң түрегелгін.

Ағаңыз мына отырған Мұса деген,
Теңгерсең, сүйегіңе сәлем бергін.

Орнынан сонда Науан түрегелді,
Әдеппен Мұсаға кеп қолын берді:
— Теңгермесек іздеп біз келеміз бе?
Деді де, төрге шығып отырғызды.

Қырық жігіт бәрі келіп амандасты,
Көрісіп кезекпенен дабырласты.
Ағасына інісі қосылды деп,
Бір табақ үстеріне қоқан шашты.
Дастарқанға неше түрлі миуа салып,
Қаз, үйрек, қазы-қарта, тамақ асты.

Отырды тамақ ішіп амандасып,
Айтпайды бір-біріне еш сөз ашып.
Және де Қалша жыршы сөз сөйлейді,
Өрленіп, көтеріліп, көңілі тасып:

— Аман ба аға сұлтан Кенесары?
Күтіп тұр бүгін сізді жұрттың бәрі.
Бұл дағы алшын, жаппас бір жұртыңыз,
Төрелер, сіз боп тұрсыз ынтызары.

Және бір сөз айтайын, тақсыр, сізге,
Тарқар ма екен қырсығым осы кезде.
Елімді хабар айтып қуантайын,
Берсеңіз сіз рұқсат, тақсыр, бізге.

Мен көрдім елден бұрын есігіңді,
Қылайын атқа мініп кәсібімді.
Табайын ауқатымды, рұқсат, тақсыр,
Бір Құдай берер ме екен нәсібімді.

Әли аға жұмсап еді: «Барып кел, — деп,
Анықтап кім екенін танып кел, — деп.
Егер бұл Құдай қосқан Науан болса,
Қешікпей, — айтып еді, — хабар бер», — деп.
Алдыңнан жауап қылмай шығып кетсем,
Айтуға тілім келмес мені көр деп...

Сонда Науан Шәкірге: «Келші, — деді,
Мынаның сөз ембесін білші, — деді.
Күйеуден ұрын келген не алады,
Осыған соны алып берші», — деді.

Орнынан сонда Шәкір түрегелді,
Біледі еш демесін Науан ерді.

Биқасап¹ екі шапан, бір қамқа тон,
Он ділда оған қосып алып берді.

Мұсаға қамқа тонды жапты дейді,
Бір жігіт бір шапанды апты дейді.
Он ділда, бір биқасап шапан алып,
Қу Қалша елге қарай шапты дейді.

Атына сонда Қалша мініп алды,
Бір шапан, келген жерден он ділда алды.
Атына асты-үстіне қамшы басып,
Ақырып «Сүйінші!» деп жетіп барды.

Бір орда сегіз қанат тігіп салды,
Ел-жұртын Әли батыр жиып алды.
«Алдынан Наурызбайдың шығамыз», — деп,
Атына алшын, жаппас мініп алды.

Атына естігеннің мінді бәрі,
Көрмекке Наурызбайды ынтызары.
Әр жерден бөлек-бөлек көп кісілер,
Жиылып келе жатыр жас пен кәрі.

Өткелге тоғыз тарау көш те келді,
Наурызбай жігіттерін көштен бөлді,
Нұрланған он төртінші туған айдай,
Науанды алшын, жаппас келіп көрді.

«Алдиярлап» барша жұрт келіп жатыр,
Қолдарын қошемет қып беріп жатыр.
Хорландайын ер Науанның бойын көріп,
Барша жұрт таң-тамаша болып жатыр.

Қырық жігіт ойын қылды әрбірісі,
Оны көрген адамның кетер пысы².
Кернейлеп, дабыл қағып, ту көтеріп,
Ордаға тігіп қойған барып түсті.

Ордаға кернейлетіп түсті барып,
Мас болды көрген кісі қолын алып.
Орданы келістіріп тіккен екен,
Жібек кілем, торғыннан көрпе салып.

Асхана, мейманхана — екі үй берген,
Жабдығын бәрі қазір түгел көрген.
Ретімен ерте біреу, кеште біреу,
Орданың жанабына³ сойыс келген.

¹ Биқасап — жібек аралас жіптен тоқылған еңсіз мата.

² Пысы — сұсы, мысы.

³ Жанаб /араб/ — жақ, тарап.

Төрт жігіт, от жағуға бір құл берді:
«Алдына қызмет қылып тұрғын, — деді.
Бесеуің отын-суын мойныңа алып,
Алдында асхананың жүргін», — деді.

Әли батыр Қалшаны шақырып алды:
«Атымды ерттетсін», — деп жарлық салды.
«Науанға көрісуге барайын», — деп,
Серке сан мініп алды майда жалды.

Қалшаға айтты: «Науанға сіз бұрын бар.
Әли ағаң келеді деп қылғын хабар».
Қалшаны ер Науанға жіберген соң,
Әли батыр артынан жөнелділер.

Қалша жыршы танымал болып қалды,
Төреге барып сонда хабар салды:
— Келеді Әли ағаңыз алдыңызға,
Жолығып сұрасуға ахуалды.

Қырық жігіт тік тұрып сәлем берді,
Ордаға алып кірді Әли ерді,
Наурызбай әдеппенен сәлем беріп,
Алдынан қарсы шығып, қолын берді.

Әли айтты: «Аманбысыз, Науан айым,
Бұл жүзге мағлұм еді менің жайым.
Қашырып қайратымды, қорқыныш сап,
Қосуға себеп қылды бір Құдайым.

Ер Науан, міне ел, міне малың,
Түзелсін, жаным, сіздің әр ықпалың.
Теңгерсең сүйегіңе мен разы,
Басында аз шекісіп шықты жалын.

Ер Науан, сіз бен бізді Құдай қосқан,
Берік бол деп айтамын, болмай бостан.
Теңгеріп сүйегіңе қызмет етсең,
Мәлімет сөз қалдырма дұшпан, достан.

Шүкір Алла, падишаға қолым жетті,
Сіз-бізді Қадыр ием нәсіп етті.
Хан еді аруақ қонған ата-бабаң,
Жібермей дұшпанына алған кекті.

Мен дағы Кіші жүздің ағасы едім,
Тасты жерде басатын тағасы едім.
Сатуы деп кетпеңіз тамға салып,
Алшынның әр орында жанасы едім.

Ауылға мен қайтайын, жауап бергін,
Теңгеріп сүйегіңе, аға, көргін.
Біздің дүние, Науанжан, өзіңдікі,
Келгенін қисыныңа қыла бергін.

Сонда Науан Шәкірге: «Жүргіз, — деді,
Алтын қамқа, асыл тон кигіз, — деді.
Ағыбай, қара құлақ атты алып кеп,
Ер-тұрман сайманымен мінгіз», — деді.

Орнынан «ләббай»¹ деп түрегелді,
Атын мініп, алтынды қамқа киді,
Бек шаттанып Әли қайтады енді,
Науанға бақ-дәулетті Құдай берді,
«Сойыс» деп ат пен бие алып келді,
Байы мен Кіші жүздің мырзасынан
Ат пен бие топырлап жайылды енді.

Біреу ат, біреу бие алып келген,
Болмады бұл ордаға құр келген.
Сойысқа жайылған мал толып кетті,
«Бұл кімнің тойы?» — деді көзі көрген.

Кетеді сойыс берген шапан киіп,
Кіші жүз жақсы малын жатыр үйіп.
Қиратып бір жағынан сойып жатыр,
Шаруалық қылған емес дүние жиып.

Ер Науан нәсіп айдап келген екен,
Сойыспен келген кісі көрген екен.
Үш түйеге артқаны шапан еді,
Ер Науан ақылменен білген екен.

Жабырлап күн-түн сойыс келіп жатыр,
Құдайым Ер Науанға беріп жатыр.
Қара су бас-аяғы бір түбектен
Сойысқа жайылған мал өріп жатыр.

Қатыны Әли, Мұса қасын керді,
Көруге құмарланып Науан ерді.
Алдына сап бірталай сойыс айдап,
«Төреге барамыз», — деп хабар берді.

Төрт бие бәрі семіз, он қой айдап,
Киініп жүрмек болды гүл-гүл жайнап,
Төрт саба екі нарға қымыз артып,
Төреге келе жатыр құрмет сайлап.

¹ Ләббай — құп, мақұл, жақсы.

Болыпты сегіз қатын қасына ерген,
Баршасы топтан озған, бойын керген.
Жібертіп алдыменен сойыстарын,
Артынан тағзым етіп өзі келген.

Жігіттер қарсы шығып құрмет етті,
Сыбызғы, сырнай тартып сәулет етті.
Алдынан қатар тұрып бозбалалар,
Құрметтеп қызметпенен алып кетті.

Орнынан Науан төре түрегелді,
Әдеппен қарсы келіп қолын берді.
Көрісіп баршалары кезек-кезек,
Әдеппен ғиззат¹ қылып отырды енді.

Жігіттер малын сойып асып жатыр,
Тағамды неше түрлі тасып жатыр.
Артқаны үш түйеге жай-жабдығы,
Жемісті неше түрлі шашып жатыр.

Дастарқан неше түрлі тағам қойды,
Науанға келген жанның көзі тойды.
Ілескен қатындарда ес қалмады,
Көңілінен ақ некелі ерін жойды.

Қайтсақ деп ишаратпен білгізеді,
Әзіл сөз бір-бірін күлгізеді.
Ер Науан әдеппенен қол қусырып,
Бұларға былайша сөз жүргізеді:

— Жеңгелер, қош келдіңдер құрмет етіп,
Сіздерді іздеп келдік сөзге жетіп.
Сіздердің қызметіңізге біз дайынбыз,
Иншалла, тарылмаспыз қабақ шытып.

Жеңгелер, қош келіпсіз, арма! — деді,
Бар болса қалағаның арна, — деді.
Алмақ, бермек — дәнекер һәм абырой,
Қажетің біз тарапта бар ма? — деді.

Сіз-бізді жақын қылған бір Құдайым,
Жеңгелер, айтыңыздар бұйымтайың,
Тағдырға себеп болып жақындатқан,
Аман ба, сау-сәлемет Қаншайым?

Сөз айтты батыр Науан құр мүләйім²,
Сұрады әдеппенен бұйымтайын.

¹ Ғиззат /араб/ — ізет, құрмет.

² Мүләйім/араб/ — әдепті, сыпайы.

Мұсаның келіншегі білімді еді,
Қайырып жауап берді Күлнарайым:

— Алдияр, Тақсыр төрем, сәлем бердік,
Шаттықпен, шүкір Алла, жүзің көрдік.
Әй, тақсыр, дүние бізге мұқтаж емес,
Көруге алтын жүзің келіп едік.

Шүкір Алла, аман көрдік өзіңізді,
Келтірді аман-есен көзіңізді.
Науанжан, бойым балқып, көңілім толды,
Есітіп бал шекердей сөзіңізді.

Сіз хансыз әр орынға құлаш салған,
Тақсыр-ау, мен айтпаймын бекер жалған,
Дүние, тақсыр, бізге дәркер¹ емес,
Арызым бар айтатұғын көңілге алған.

Бір аққу жалғыз ұшар дариядан,
Баға алса жол болады қариядан.
Ителгі, қаршығамен беттемейді,
Бір түйғын кездеспеді жазирадан.

Қарғаға қазды құдай қылма нәсіп,
Қорымас алтын мен жез араласып.
Қапаста ғаріп болып бір тоты отыр,
Сайрамас сандуғаш та гүлсіз жасып.
Мұратым сонда хасыл² болар еді,
Сайратсам сандуғаштың көңілін ашып.

Және бір бақташым бар таза баққан,
Ат іздеп лайықты арғымақтан.
Өз қолыммен ақырға ат баптатсам,
Тілеген тілегімді алдым Хақтан.

Ол ақырдан ешбір ат жем татқан жоқ,
Жабынып басы жетпей Құдай қаққан.
Түбінде, тақсыр төрем, ұялмай ма,
Сөз айтқан жел көтеріп өтірік мақтан.

Қарыз сөзім осы еді айтам деген,
Бұл нұсқа болар ма екен сіздің жақтан.
Һәм парыз, һәм қарыз зиннәтлі³ іс,
Аманат лайық па екен бекер баққан.

— Әй, жеңге, бұл сөзіңді жанға сауап,
Меккені күші жеткен қылар тәуап⁴.

¹ Дәркер /парсы/ — қажет, зәру.

² Хасыл /араб/ — нәтиже; жүзеге асу.

³ Зиннәт /араб/ — әшекейлеу, безендіру.

⁴ Тәуап /араб/ — айналып жүріп сыйыну, тағзым ету.

Азырақ бұл ортада бір қызық бар,
Сабыр қып, өзімізден алғын жауап.

Әй, жеңге, не парық деп үміт үзбен,
Іс емес бітетұғын, айым, сізбен.
Әлгі сөзім жауапсыз қалды деме,
Жауабы болсын, жеңге, өзімізден.

Шәкірге сонда Науан: «Кел, — деп айтты,
Зияфат¹ бұл мейманға бер, — деп айтты.
Аяма Құдай берген дәулетімді,
Іс қып жүр тарқағандай шер», — деп айтты.

Кәзинені² сонда Шәкір алды дейді,
Өзіңнен аяймын ба малды дейді,
Әли менен Мұсаның қатынына,
Алдына екі тоғыз салды дейді.

Тоғыз басы бір құндыз қытай тұра,
Атлас көйлек, әдірес³ шапан жабар,
Ең аяғы азбалы алтын шолпы,
Есебін барғаннан соң өзі табар.

Анау сегіз қатынға кезек келді,
Сегіз көйлек, күллі шай алып берді.
Қош айтып, қызмет, ғиззат акрам⁴ әйлап,
Еліне қатындарды жүргізді енді.

Қош айтып жеңгелері қайтты жайға,
Шаттанып шүкір қылды бір Құдайға.
Оларды қайтарған соң батыр Науан
Былайша ақыл салды Ағыбайға:

— Бар екен бір құдасы бұрын болған,
Бейшара біз келген соң жүзі солған.
Қызын көрмей қайтарсақ жеген малын
Муафиқ⁵ шарифатқа тұғыр болған.

Құдасын ертіп мұнда келсін делік,
Біздің келіп үй-жайды көрсін делік.
Әли, Мұса алғанын ауырсынса,
Құдаласып қырық жігіт берсін делік.

Батырға Әли, Мұса хабар берді,
Екеуі шақырған соң жетіп келді.

¹ Зияфат /араб/ — көмек, жәрдем.

² Кәзине /парсы/ — қазына.

³ Әдірес — матаның бір түрі.

⁴ Акрам /араб/ — сый, құрмет.

⁵ Муафиқ /араб/ — келісілген, сәйкес, сай.

«Сіздерді шақырғаным бұл себеп», – деп,
Мәнісін бастан-аяқ сөйледі енді:

– Бар екен бір құдаңыз, екі батыр,
Бір жайлы қылмай оны болмас ақыр.
Өздеріңіз бітіріп қояр деп ем,
Құдаңыз әлі күнге бейқам жатыр.

Хабарсыз жатпас еді болса өнері,
Мойнынан кетпей болмас бата мөрі.
Ағалар, құдаңызды шақыртыңыз,
Таманың бірге келсін барша ері.

Айтыңыз құдаңызға былайша деп:
«Бір төре қамап жатыр ауылды кеп.
Ел еді толып жатқан тама деген,
Жесірін алып кетсін жиылып кеп.

Қайраттан қашар емес, тоқтап жатыр,
Бейқам емес, мылтығын оқтап жатыр,
Ел болсаң, ертең ерте алдына кел,
Жер емес, кісі ақысын жоқтап жатыр».

Ағалар, былайша айтып жібер кісі,
Пар келмес егесуге оның күші.
Жазықсыз мұсылманның хақын жесе,
Ілгері баспас болар ердің ісі.

Ағалар, ұлы кісі жіберелік,
Оны біз бойымызға теңгерелік.
Ақысын мойнымызға адал түскен,
Екі аға, үшеуімізге тең бөлелік.

Бұл сөзді Әли, Мұса мақұл көрді,
Қалшаны: «Хабар бер», – деп тез жіберді.
Өзінің жора-жолдас адамымен
Қайрат тауып алмаса келсін», – деді.

Тамаға Қалша шауып жетіп барды,
Үйіне құдаларын жиып алды.
Қалдырмай айт дегеннің бәрін айтып,
Білдірді бастан-аяқ бұл хабарды.

Төбесі құдасының көкке жетті:
– Хабарсыз жатқан айып бізде, – депті.
Баралық тарту алып ерулікке,
Қайтпас, – деп, – хан сөзінен, – үміт етті.

Бұл істі қайтқанда-ақ сезген еді,
Сол уақта Қанышадан безген еді.

Қасым ханның уақытында бірер рет
Сарбаз болып бір жүріп кезген еді.

Құдасы көп таманың бастығы еді,
Еліне айтты: «Бұл төре жастық, — деді.
Жаббар хан бектері мұнараның
Бұларға қыла алмаған қастық», — деді.

— Қалша ақын, жүре бер, құлдық еттік,
Сәскеде ертең сонда біз де жеттік.
Хан аузынан қайырлы сөз естіп,
Хаққа қылып шүкірлік, шаттық еттік.

Әкесінің қолынан нан жеп едім,
Жолықпаған ғайыпқа қам жеп едім.
Тамалар ақылдасты басын қосып:
«Татырмас бізге, сірә, дәм», — деп едім.

Тамалар ақылдасты басын қосып:
«Біздерді келеді деп отыр тосып.
Ашалық бетімізді тартуменен,
Кеңесіп, бір топ ауыл ақыл қосып».

Ерулік тартуменен тоғыз болса,
Әр іске жәрдем берер көңіл толса.
Алты жақсы ат, үш бие алдына сап,
Жөнелді тоғыз кісі жолы болса.

Болғанда сәске мезгіл жетіп келді,
Тарту малын айдатып хабар берді.
Екі жігіт тоғызын алып келіп,
Мазмұны солайша деп білдірді енді.

Тапсырды сонда Науан Ағыбайға:
— Түсіргін жігіт жұмсап мейман жайға.
Тағамын рет қылып бергеннен соң,
Сөйлестіріп алып кел Наурызбайға.

Шақырды бір жігітін: «Бері кел, — деп,
Анау келген адамға хабар бер, — деп.
«Сіздерді келсін деді бектеріміз,
Жұмсады бізді сізге алып кел», — деп.

Ол жігіт барып хабар берді дейді,
Артынан ол жігіттің ерді дейді.
Ілесіп ол жігітке тоғыз тама
Артынан мейман үйдің келді дейді.

Жүгіріп қызметкерлер атын алды,
Астына атлас, торғын көрпе салды.

Дастарқанға неше түрлі миуа¹ салған,
Тамалар мұны көріп қайран қалды.

Ағыбай хабар берді Науанға кеп:
— Келіп тұр Әли, Мұса кіреміз деп.
Тамалар да кіре ме ордаңызға?
Олар да жаңа болды тағамын жеп.

Орнынан сонда Науан түрегелді:
— Әли, Мұса батырды кіргіз, — деді.
Әли, Мұса үйге кеп кіргеннен соң,
Тамаларды артынан жүргіз, — деді.

Ордаға Әли, Мұса кіріп келді,
Мырза Науан әдеппен сәлем берді.
Гиззат қып қол қусырып, аға тұтып,
Жоғарыдан сүйікті орын берді.

Онан соң тама құда келді дейді,
Ордаға кіріп сәлем берді дейді.
Отырған тотықұстай Науан ерге,
«Алла жар» деп қол беріп, көрді дейді.

Батырмен Әли, Мұса амандасты,
Сұрасып амандығын, мал мен басты.
Науанның бой сипатын көргеннен соң,
Қысылып тама халқы жаман састы.

Бұлардың батыр Науан басын қосты,
Үндемей аз отырып сөзін тосты.
Қараса қалыбына сөйлер емес,
Қысылып бекер отыр, сұры қашты.

Сөйледі сонда Науан сөзін тосып:
— Сіздердің мен отырмын басың қосып,
Сүйікті мырзалар мен құда екенсіз,
Кетпеңдер құдалықтан менен шошып.

Жігітті уағда жұтқан аруақ атар,
Кей адам болмас іске басын шатар.
Қойыңдар қарақшылық жаман намыс,
Зорлық жоқ шарифатта, мейлі хатар².

Тама құда, сөзіме құлақ салғын,
Сіздер де, екі батыр, тілімді алғын.
Пайғамбар шарифатта мейлі хатар,
Зорлық жоқ жанды адамға малыңды алғын.

¹ Миуа — мәуе, жеміс.

² Хатар/араб/ — қатер.

Орнынан сонда тама түрегелді:
«Алла жар, жүз құлдық», — деп, қолын берді.
Кісі еді жөн таныған тілді, жақты,
Алдында Наурызбайдың сөйлейді енді.

— Алла жар, тақсыр, мені сөкпе, төрем,
Берсек те сізге жүз қыз, көп пе, төрем?!
Бәріміз Кіші жүздің баласымыз,
Алғаным сізден бітім еп пе, төрем?

Қосқаным, тақсыр, сіздің ханыңызға,
Менде жоқ, Құдай ақы, өкпе, төрем.
Арман жоқ Кіші жүзде бір қызбенен
Жеткен соң қолы сіздей бекке, төрем.

Алдияр, тақсыр, құлдық, бегім, төрем,
Бір қызбен аттандырсақ тегін, төрем.
Жесірімді алдың деп бітім алсам,
Тарқамас мен жазғаннан кегің, төрем.
Ғәм қонақ, ғәм патшасыз бәрімізге,
Бір жұртың бұл Кіші жүз деген, төрем.

Қайырып сонда Науан айтты байға:
— Пендеміз бәріміз де бір Құдайға.
Алмастан қошеметпен бергенімді,
Қайтқаның жарамайды тіпті жайға.

Бұл сөзің, отағасы, еп болмайды,
Бір сөзді екіншілей деп болмайды.
Сауданың есебінде сенің малың,
Ақысын ақ безерген жеп болмайды.

Айныған саудасынан Мұса батыр,
Пұшпана¹ қосып берер сіздерге ақыр.
Айнытқан ақ сауданы асқан сауды
Көтерер пұшпанасын Науан пақыр.
Айтпастан айт дегенде бойың көрсең,
Пұшайман, отағасы, жерсің ақыр.

Бай сонда берген малын айта берді,
Ер Науан шотқа салып тарта берді.
Өз сөзің қажет болсын дегеннен соң,
Бай ойланып, парықтап байқайды енді.

Бай енді: «Берген малым болды, — дейді,
Көңілім бермесең де толды, — дейді.
Айтқын деп, ей, сұлтаным, қылдың жарлық,
Сіз емес білмес адам жолды», — дейді.

¹ Пұшпана /парсы/ — пұшайман, көңілісіз.

Шықпаса айттым дейді енді есімнен,
 Доғарып есеп қылды рәсіммен.
 Есептеп бәрін шотқа салып еді,
 Жүз алпыс жылқы болды төрт кесімнен.

Елуден бұл жылқыны үшке бөлді,
 Үш тоғыз Науан бұған қосып берді.
 Айтылмыш осы малды бір сағатта
 Өткізіп, бір сағатта бітірді енді.

Тамалар артық көрді Науан ерді,
 «Қырық жылқы – қырық бау» деп қайтып берді.
 Науаннан рұқсат алып, қош айтысып,
 Еліне малын айдап жөнелді енді.

Содан соң: «Әли аға, батыр, – дейді,
 Қырық жылқы, қырық бау жатыр, – дейді.
 Жылқыңызға айдатып қостырыңыз,
 Біз міндетті артына ақыр», – дейді.
 Науанның бұл сөзіне бойы балқып:
 – Рақмет, Науан шырақ, мақұл, – дейді.

– Әли аға, бізге қарыз үш жүз жылқы,
 Табылар біз аманда дүние, мүлкі,
 Қалыпты екі жүзден артығырақ,
 Болмалық оны азайтып елге күлкі.

Тамаға мен өткіздім сексен қара,
 Әли аға, дүниелікке болма нала.
 Келгенін қиюына жарата сал,
 Көтерер аман тұрса Науан бала.

Қош айтып Әли, Мұса қайтты жайға,
 Шаттанып көңілі толды Наурызбайға.
 Аттанып барша мейман тарқаған соң,
 Ер Науан сөз айтады Ағыбайға:

– Бері кел, әңгіме бар, Ағыбайым,
 Ол күні қысып еді Кұлнарайым.
 Көңіліме кісі асындай суық тиіп,
 Тынсын деп ойлап едім осы жайын.

Қайтпалық өлгенше айтқан сөзімізден,
 Бір жауап болсын деп ек өзімізден.
 Бар дағы, бір жігітті қазір жұмса,
 Жауабын есітелік кезімізбен.

Жәукеге: «Бері таман келші, – деді,
 Апарып аманат сөз берші, – деді.

Үйіне Мұса мырза жылдам барып,
Дидарын Күлнарарайым көрші, — деді.

Айтыңыз: «Ақсұңқардың азығы жоқ,
Байлайтын арғымақтың қазығы жоқ.
Бұл едден сырлы тұғыр табылмай ма,
Ақтұйғын жерде жатыр, азығы жоқ».

Бар дағы осы сөзді айтып келгін,
Қарамай жауабына қайтып келгін.
Көңілім көтерілсін оны естіп,
Кернеймен майдан күйін тартып келгін.

Даңғырлап Жәуке батыр жетіп барды:
«Қайда, — деп, — Күлнарарайым?!» — айқай салды.
Алдыннан Күлнарарайым қарсы шығып,
Қақпалап аузын басып, жауап алды.

Жәуке айтты: «Менде түк жазық жоқ, — деп,
Арғымақ байлайтұғын қазық жоқ, — деп.
Сұңқарға тұғыр керек, тауып берші,
Жүремін ақсұңқарда азық жоқ деп».

Күлнар айтты: «Бұл сөзге өзім де зар,
Әңгі-мәңгі арғыннан шығады пар.
Көзіңді ашып жүріп, қосыңды тап,
Өлесің құлап кетсең, алдыңда жар».

Ордаға Жәуке батыр қайтып келді,
Жауабын Күлнарарайым айтып келді.
«Қолқасын қатындардың беріпсіз», — деп
Жәукеге күліп-ойнап жауап қылды.

Жеңгесі Қаншайымға жетіп келді,
Жаукенің сөзін айтып сөйлейді енді.
«Жолдас-жора, қыз-қырқын жиылсын», — деп,
Қаншайым төңірекке хабар берді.

Шақырған, шақырмаған бәрі келді,
Қыз, қатын елеуреген бәрі келді.
«Отыз кісі ордаға қонақ бар», — деп,
Бір жігітті Науанға бұйырды енді.

Жиылған қыз бен қатын жүзден асты,
Таласып: «Мен барам», — деп жабырласты.
«Көргенсіздер, жабырлап шулама», — деп,
Бұлардың Қаншайым көңілін басты.

— Он бес қыз меніменен болсын, — деді,
Он беске және қатын толсын, — деді,

Ақымақтай сүйегіңе таңба салмай
Жүздерің осы жерде солсын, – деді.

Он бес қыз, он бес қатын енді жүрді,
Бұралып талшыбықтай бойын керді.
Сәулетпен неше түрлі келе жатыр,
Жапсырып бойларына оқа, зерді.

Сол уақытта Қаншайым
Асыл киім киінді,
«Бақытымды ашқын» деп,
Бір Тәңірге сыйынды.
Қаншайымның дидарын
Көрген адам ішінен
Ғашық болып күйінді.
Қанышаның жүрісі
Аққу құстай байпаңдап,
Маң-маң басып келеді.
Қасына ерген он бес қыз
Бұлтаң-бұлтаң желеді.
Жақындаған уақытта
Қырық жігіт көреді,
Әдеппен қол қусырып:
«Біз – қараша, сіз – ханым
болдыңыз», – дей береді.
Ретімен қырық жігіт
Төрт бөлініп тұрады,
«Алдияр, ханым, арма!», – деп,
Қошемет қып, кең бұлап,
Ордаға алып барады.
Алдыменен ордаға
Келіншектер барады,
Науанның қолын алады,
Орнығып олар болған соң,
Қыздар қадам салады.
Енді қыздар кіреді,
Кіргенде-ақ халық бейхош¹ боп,
Созылып қолын береді.
Махаббатты жүзбенен
Қыздарға Науан қарады.
Тамаша, қызық болсын деп,
Көріскенде қыздардың
Қолын қысып қалады.
Науанның қылған әзілі
Қолын қысқан қыздардың
Ішіне жалын салады.

¹ Бейхош /парсы/ – көңілсіз.

Ең соңында қыздардың
Қаншайым келіп кіреді,
Неше түрлі мақаммен
Бұралып қолын береді.
Тотықұстай толғанып
Ер Науан қолын алмады.
Сынайын деп ойланып,

Жүзіне назар салмады.
Бұралып тұрды Қаншайым,
Сілкініп қолын тартпады.
Сіресіп отыр ер Науан,
«Әрі тарт» деп айтпады.
Осы болған тәртіпті
Ілескен қыздар парықтай:
«Алды біздің қолымыз,
Тағы бір түлен түртпесе,
Болса керек жолымыз.
Қанышаның қолын алмады,
Жүзіне назар салмады,
Артық көрді біздерді,
Жеңбесе алар сорымыз».

Қырын қарап ер Науан,
Бет алдына сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Бүгін мені көрді ме?
Я болмаса ерігіп,
Қолын маған берді ме?
Көрер көңіл жоқ еді.
Тама малын алған соң,
Басы ашылып қалған соң,
Амалсыздан келді ме?

Қаншайым сұлу сол халде
Қолын созған бойымен
Былайша деп сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді:
— Жастықпенен қылдың наз,
Әруақты хан болған
Бабаларың шаһбаз¹.
Қайырулы сұңқар ең,
Ыңғайыңа кездескен
Аман кетпес қоңыр қаз.
Аяғыңды көсілгін,
Қолыңды созып, шешілгін.

¹ Шаһбаз /парсы/ — ержүрек, сабаз.

Айналайын сұлтаным,
Мұндай жолды көрмес ең,
Атадан әуел тумас ең.
Екінші, нарың білмес ең,
Атаның жолын құмас ең.
Төре, тура сөйлеймін,
Өз мүлкінді өзің бұз,
Ашуланып туласаң.
Үшінші, тақсыр, көрмес ең,
Ат-анжамын түзетіп,
Қырық жігітті алмас ең,
Мұндай жолды көрмес ең.
Естіген сөзге құмар боп,
Іздемесең арланып,
Фатиха сұрап зарланып,
Ағаңызға бармас ең.
Төртіншіден, тақсыр, көрер ме ең,
Ағаңыздан фатиха алып,
Кіреуке сауыт қатырып,
Алшынды іздеп жүрмес ең.
Судан қорқып кетер ең,
Ешбір намыс білмес ең.
Суға қадам етіпсіз,
Әуелі – Құдай, екінші –
әулиелер жәрдем қып,
Аман-есен өтіпсіз.
Судан аман өткен соң,
Біздің жайға жетіпсіз.
Бесінші, тақсыр, көрер ме ең,
Өкпеңді қысып ерлігің,
Өзіңді ұстап бергенің.
Ғәм серілік, һәм ерлік,
Дабысқа шауып, жол сұрап,
Қолыңды маған бергенің.
Басында басыңды ұстатып,
Лайық па, сұлтаным,
Бойыңды енді кергенің?
Алтыншы, мені көрген соң,
Жылқыны қуып алған соң,
Әли, Мұса ақырып
Артыңнан қуып барған соң,
Ерлік қылып еліріп,
Алдынан тосып тұрмас ең.
Ауылға қайта қашырып,
Балтамен басқа ұрмас ең.
Қызықтың көбі алдыңда,

Көрерсіз, тақсыр, өлмесең,
Болар ма еді мұндай іс,
Екі тайға қызығып,
Қораға жетіп келмесең.
Шүкірлік қыл Құдайға,
Қолың жетер аршынға
Осы күнде сермесең.
Жетінші, тақсыр, көрмес ең,
Мен алдыда бармасам,
Уағда қылған сөзінді,
Сонда алдыңа салмасам,
Болмас еді нан нәсіп,
Уағдаңды ұмытып,
Фәнималға қызығып
Уағдаңды жалмасаң.
Сегізінші, тақсырым,
Олжа атына жабысып,
Мен артыңнан ермесем,
Наумыт¹ болып қайтар ем.
Бектігіңді білгізіп,
Атымды өзіме бермесең.
Айтқан шартты ұмытып,
Келмес едің ізденіп,
Мені лайық көрмесең.
Менмендік болар, сұлтаным,
Еңкейгенге қайқайып,
Бой салмастан өлерсің.
Тоғызыншы, тақсырым,
Қыздың жолы жіңішке,
Енді қолың беріңіз.
Ата затың тас емес,
Күмістей болып еріңіз.
Өзі қылған өкінбес,
Көңіліңе олқы болсам да,
Маңдайыңнан көріңіз.
Хақ тағдыры болған соң,
Өкінсең де пайда жоқ,
Көріп тұрып жеріңіз.

Айналайын сұлтаным,
Ұзақ болсын жасыңыз,
Бақытты болсын басыңыз,
Қанағат қыл Құдайға,
Түскен жері осы ара,
Білсеңіз, тақсыр, тасыңыз.

¹ Наумыт /парсы/ — үмітсіз.

Әуелі түнде көргенде,
Бойым балқып, мас болып,
Жауабыңа сүріндім.
Бет алған бойын қыздырып,
Қарар тауып жата алмай,
Ел бытырап кеткенде
Тосқандай болып біліндім.
Бір құданың тағдыры,
Жаманды, жақсы болсақ та,
Шөбіңізге іліндім.
Хақ ісіне көнсеңіз,
Қолыңызды беріңіз,
Жаманды, жақсы болсам да,
Пешенеңе іліндік,
Талабыңнан көріңіз.

Қанышаға сонда Науан мойын бұрды,
Сөзіне Қанышаның бойы еріді.
Созылып тотықұстай мойын бұрып,
Қанышаға мұқаммен қолын берді.

Оралып шырмауықтай қолын берді,
Наз қылып сынамасқа бойын көрді,
Сөзіне Қанышаның риза болып,
Таранып ақсұңқардай жауап берді.

Қырық жігіт қой мен жылқы сойып жатыр,
Дүниені Құдай берген жойып жатыр.
Наз айтып, сұхбаттасып бұлар отыр,
Сөздері бір-бірінің балдай татыр.

Он төрт қыз ғашықтықпен налып отыр,
Көңіліне әр мақсұтын алып отыр:
«Бір құшсақ Наурызбайды арман жоқ», – деп,
Жазғандар жан денесін салып отыр.

Сол уақытта ретімен,
Түрлеп тамақ береді.
Қазы, қарта, қуырдақ,
Шашпа палау басылып,
Түр-түрімен келеді.
Әрқайсысы әдеппен,
Жігіттері жүреді.
Тағам ішіп болады,
Ер Науанның көңілі
Қанышаға толады.
Тағамға мейіл қылмастан,
Хақиқат ғашығы Науанда,
Көздері тұнып созылып,

Қыздардың жүзі солады.
Күлнарарайым сол халде:
— Рұқсат болса, қайтсақ, — деп,
Көп қызмет еттіңіз,
Енді қош-қош айтсақ, — деп,
Ишарат¹ жауап қылады.
Сонда Науан парықтап,
Шәкірге мойын бұрады.
«Айтыңыз, ләббай, тақсыр», — деп,
Қолына кілт алады.
Қыз басына бір көйлек,
Атластан салады.
Осылайша тәртібін
Шәкір өзі табады.
Қыз басына және бір
Жібек шәлі жабады.
Онан кейін толғанып,
Қатындарға қарады.
Лайық көрген нәрсесін,
Рет қылып алады.
Қатын басы бергені —
Екі тақа адырас,
Екі тақа күрең шай,
Және қызыл бір ділда.
Бас-басына алған соң,
Қатындар болды көңілі жай.
«Енді риза болғын», — деп,
Сәлде орады басына.
Фатиха дұға қыл дейді,
Екеуінің жасына.
Қайта кіріп шатырға,
Шәкір келді Науанның,
Күлнарарайым, Лайық —
Жеңгесінің қасына.
Екеуіне қырық ділда,
Екі тоғыз беріпті.
Тоғыздарын сұрасаң,
Басы қамқа тон еді.
Адырас, шайы, дәке бар,
Барша, жөре пары бар,
Екі күміс шоң алқа,
Тоғызының соңы еді.
Сол уақытта қош айтып,
Қайту қамын қылады.
Қыз бен қатын кеткен соң,

¹ Ишарат — ымдаған белгі.

Екі ғашық бас қосып,
Мұратына жеткен соң,
Қаншайым сұлу тұрады,
Толғанып мойын бұрады.

Енді төсек салады,
Торғын мамық көрпені
Қолына жиып алады.
Мамық төсек қасына
Әдеппенен иіліп,
Қаншайым барады.
Алтайы қызыл түлкіге,
Естіген қалсын күлкіге,
Ақ бүркітті салады.
Қайырулы бүркіттей,
Еділден шығып еріне,
Келтіріп шабыт жеріне,
Жіберген соң төңкеріп,
Қанатын қомдай созылып
Түлкіге төніп барады.
Қоңына шеңгел салады,
Топшысынан алады,
Төңкерілген бойымен,
Жұмарланып қалады.
Әңгіме-дүкен қызған соң,
Көңілдері жайланды.
Таза тұрған тасболат
Ақырға атын байлады.
«Құтты болғын бізге» — деп,
Бірің — ханым, бірің — хан,
болыңыз» — деп сайлады.

Екеуі бір-біріне көңілі толды,
Өткізді шаттықпенен осы жолды.
Науан мен Қаншайымның аруағы
Жайылды ауазасы¹ оң мен солды.

Екеуі бір-біріне болды ғашық,
Шықпайды жанабынан қадам басып.
Қаншайым ер Науанды балқытады,
Махаббат, назбен қарап, хадден² асып.

Үндемей бұл қылықпен бір ай жатты,
Тамаша зауқыменен көңілі тасты.
Кенеге берген анты еске түсіп,
Науанға Ағыбай кеп жауап айтты:

¹ Ауаза /парсы/ — атақ, даңқ.

² Хад /араб/ — өлшем, шек.

– Науанжан, тағдыр ісі дәм-тұз татпақ,
Зәру болдым өзіңе бір сөз айтпақ.
Кенеге уағда қылып шығып едік,
Себепсіз лайық па бекер жатпақ?

Қылсаңшы, тақсыр төрем, қайту қамын,
Әлиге мағлұм қылып сөз ыңғайын.
«Пәлен күні жүреміз» деп хабар қылсақ,
Күтініп ол да қылсын сый-анжамын.

– Ер Ағыбай, бұл сөзің мақұл, – дейді,
Қайтам деп қам қылғаның ақыл, – дейді.
Олай болса оларға естіртелік,
Әли, Мұса екеуін шақыр, – дейді.

– Әли аға, біздің мекен бірқатар жер,
Тумайды өзіңіздей еш кемеңгер.
«Келмек – көңіл, қайтпақ – рұқсат» деген,
Ағалар, енді бізге рұқсат бер.

Рақмет, жеттіңіздер бағамызға,
Еш адам жармасқан жоқ жағамызға.
Күн кесіп уағдалы, болжал қылып,
Шығып ек уәде қылып ағамызға.

Болжалында бармасақ көп қайғы жер,
Отырмай қара тауып бізді ізденер.
Мейманды аттандырмақ – бір міндетті іс,
Ағалар, Әли, Мұса, рұқсат бер.

Сонда Әли: «Жарайды», – деп жауап берді,
Көрсетемін бұл жүзге мен өнерді.
Жиырма екі күннен соң жүргізем, – деп,
Науанға Әли, Мұса болжал берді.

Әр елге хабар айтып жазды хатты:
«Мұнда кеп көріңдер, – деп, – салтанатты,
Тоғыз күн тамашалы тойымыз бар,
Шабамыз әуелгі күн бәйге атты.

Арманда келмей қалған бұл ойынға,
Дүниені аямаймын бұл тойыма.
Тігеді бірінші атқа төре бәйге,
Міндеті өзгесінің өз мойныма».

Бозбала елеуреген мінеді атқа,
Шаптырды байрақ байлап әр тарапқа.
Тойдың қамын Кіші жүз қыла тұрсын,
Келелік енді біраз Науан жаққа.

Ер Науан қырық жігітін жиып алды,
Бәріне жолдасының ақыл салды:
— Батырлар, абыройлы іс қылалық,
Жатқанша бекер бағып олжа малды.

Жылқыны мұнда айдап келтір, — дейді,
Жылқының қанша екенін білдір, — дейді.
Жігіттер атқа мініп, қойша бөліп,
Шұбатып сол уақытта санады енді.

Төрт жүзден артығырақ болған екен,
Бес жүзге төл атымен толған екен.
Келгелі сол ауылға қисап қылса,
Алпыстан артық жылқы сойған екен.

Әлиге орын-орнымен жылқы берді,
Көріңіз тамаша қып Науан ерді.
Айдатып атап-атап әр орынға
Алдына Әли, Мұса жүргізді енді.

Айдатты сексен жылқы: «Ақыңа ал, — деп,
Жетпесе өз білгенім, өзің сал», — деп.
Онан соң жүз ат берді, үш жүз ділда,
«Орны азды-көпті бұл топ мал», — деп.

Айдатты: «Тойға сой» деп отыз бие,
Жаратқан білімді қып Жаппар ие,
Ғәм хандық, ғәм біліктілік, ғәм сақылық,
Көрсетті батыр Науан мұндай кие.

Жүз ділда, қырық жылқыны және берді,
Көрсетті батыр Науан бұл өнерді.
«Бәйгеңізге бұл қосқан көмегім» деп,
Батырға Әли, Мұса сөз жіберді.

Көрген соң Әли, Мұса көңілі толды,
Шақырған той қылғалы оң мен солды.
Бергені атап-атап төрт жүз ділда,
Екі жүз сексен бес жылқы болды.

Ал енді шақырған ел келіп жатыр,
Науанға сойыс әкеп беріп жатыр,
Шөмекей, алшын, жаппас, тамаменен
Науанды сойыспенен көріп жатыр.

Науанға бақ-дәулетті Құдай берген,
Болмады бұл ордаға құры келген.
Ат пен бие жетелеп, сойысым деп,
Науанды құрметпенен келіп көрген.

Әли айтты: «Атқа, Қалша, мінгін, — деді,
Басқарып, жар шақырып жүргін, — деді.
Науанның өзі білер мырзалығын,
Бір түйе бірақ менен алғын, — деді.

— Ей, Қалша, сөз айтамын, бері келші,
Анықтап менің айтқан сөзім көрші.
Ертең бәйге шабамыз Алла оңғарса,
Бұл елге желіп жүріп хабар берші».

Сонда Қалша атына
Қоңырау тағып мінеді.
Үкі тағып басына
Жын ұрғандай жүреді.
Артықша туған қара тіл
Жүзі өткір ер еді.
Қамшы ұрып атының санына
Жайылған елге келеді,
Келіп сөйлей береді:
— Тойға келген адамдар,
Бүгінгі күн мейман боп,
Жай-жайыңа жатыңдар.
Ертемен таң атқан соң
Тамаша қызық болады,
Мерекеге батыңдар.
Әуелі бәйге шабады,
Таң атқан соң аттанып,
Сөреге таман тартыңдар.

Бұлайша хабар береді,
Хабар беріп болған соң,
Әлиге қайтып келеді.
Ат пенен түйе алған соң,
Дамыл таппай қу Қалша
Ойға, қырға желеді.
Ер атымен қыдырып,
Даяшы болып тағы да
Елге тамақ береді.
Алшын, жаппас жігіті
Атқа мініп шабады,
Әлім, шөмен, тама мен
Жағалбайлы адамын,
Мейман қылып қамады.
Сонша елдің күтімі
Он кісідей болмады,
Ретін әбден табады.
Тамағын ішіп болған соң,
Қымызға қызып көңілі,

Мейманның көңілі толған соң,
Науанға Әли барады.
Ретін түзеп бәйгені
Қаттап-қаттап алады.
Қаттаған бәйге қағазын
Қойнына Қалша салады.
Сұббұсадық¹ таң атты,
Жаттап алып ер Қалша
Таң атқанша бұл хатты,
«Аттарыңа мінгін», – деп,
Сонда Қалша жар салды.
«Сөреге жылдам жүргін», – деп,
Таң сарғайған уақытта,
Жатқан елді оятты.

«Жүр-жүр!», – деп сонда Қалша айғай салды.
Атына жиылған жұрт мініп алды.
Ер Қалша бір найзаға жалау байлап,
Сөреге елді бастап алып барды.
Бәйге жөнін халыққа білгізуге
Әли менен Науаннан жауап алды.

Әлидің тор жорға атын мініп алды,
Сырлаған домбырасын қолына алды.
Жайылған қалың топтың ортасына
Былайша Қалша жыршы жауап салды.

Қалша жыршы сол уақта,
Торы жорға ат мініп,
Жал-құйрығын шарт түйді.
Сонда Қалша сөйлейді:
– Жиылған көп жамағат,
Сөзге құлақ салыңыз.
Аттарыңды қаттатып,
Шылбырларын алыңыз.
Ат шылбырын таққаның,
Айқайлап қарсы шапқаның
Жазалы болып қалыңыз.
Бірінші атқа тігілді
Бір жүз ділда, қырық жылқы
Аты озғаның алыңыз.
Екінші атқа тігілді
Отыз жылқы, қырық ділда.
Аты озған адамдар,
Батасыздар көп пұлға.
Үшінші атқа тігілді

¹ Сұббұсадық /араб/ – таң жарығы.

Отыз дiлдә, он қара.
 Әли, Мұса жарлығы,
 Жалғаны жоқ-дүр бiр зара.
 Төртiншi атқа тiгiлдi
 Тоғыз жылқы, жарандар,
 Сонымен ғана тұрмайды,
 Жиырма дiлда тағы бар.
 Қалған атқа бәйге жоқ,
 Жиырма бес ат олжа алар.
 Мың да болса өзгесi
 Бекер шауып, құр қалар.
 Ең аяғы бiр жылқы,
 Мұндай бәйге қайда бар?
 Аты озғаның аласың,
 Атыңды шығар, айда, бар!

Осындай Қалша жыршы хабар бердi,
 Барша жұрт ат шылбырын ап жiбердi.
 Найза шаншып, басына байрақ байлап,
 Сөре ғып белгiледi биiк жердi.

Ер Науан Көкбестi атын алып келдi:
 – Бұл да бiр барып шауып келсiн, – дедi,
 Алғашқы абыройын қолдан берсе,
 Жем-шөпке ортақ болмай өлсiн, – дедi.

Өзiнiң жүредi екен бабын тауып,
 Үстiне қоюшы едi қамқа жауып.
 Жәуке деген жiгiтi нәзiк едi,
 Соған айтты: «Келгiн, – деп, – өзiң шауып».

Қосады Әли батыр Құмжирендi,
 Мұса тағы қосады Қылжирендi,
 Тырс етпей жұрт атынан түсiп отыр,
 Қаһарынан Әли, Науан жұрт имендi.

Сонда жұрт атын созып қосып жатыр,
 Науаннан қозғалуға шошып отыр.
 Үш жүз атты қоралап бiр жүз кiсi,
 Айдады басшы болып Қалша батыр.

Сол халiнде ер Қалша
 Атты қуып барады.
 Аттан түсiп, көше қып,
 Жұрт отырып қалады.
 Бiр уақытта ат келiп,
 Тарқатады құмарды.
 Жиырма бес даяшы
 Ат алдынан шығады.

Ұран салып балалар,
Бет-бетімен келеді.
Сол уақытта қараса,
Бір ат шықты бөлініп,
Отырған халық көреді.
«Абылайлап» ақырып,
Көкбесті жалғыз келеді.
Сөреге жақын келгенде
Бұлдырықтай бұлдырап,
Жәукені ала жөнелді.
Қайқая басын тартады,
Даяшы қуып жете алмай,
Ұялып байғұс қайтады.
Бірдің арты Құмжирен,
Екінің арты Қылжирен,
Әуелгі үш ат бәйгесін
Өздері озып алады.
Аттың бәрі келген соң,
Аты озған адамдар
Бәйгелерін алған соң,
Қалша тағы сөйлейді:
– Үлкен аға, кіші іні,
Енді атқа мініңдер.
Болып қалды бүгін кеш,
Санаулы мейман санымен
Үйді-үйіңе кіріңдер.
Балуан сайыс тамаша
Ертең тағы болады.
Қызығын оның көріңдер.

Бұлайша Қалша тағы хабар берді,
Ел тағы орны-орнына қайтып келді.
Меймандар үйлеріне кіргеннен соң,
Әр үйге екі-екіден саба берді.

Кешке жақын тағы да табақ тартты,
Бұл қызметі әуелгіден тағы да артты,
Сыбызғы, ақындары керней тартып,
Сауық қып түні бойы өлең айтты.

Қалша атқа таң атқан соң мініп алды,
Науаннан екі жақсы ат, қырық ділда алды.
– Балуан сайыс деген тамашаға
Жиыл! – деп, майдан жерге айқай салды.

Естіп майдан жерге келді бәрі,
Жиылды тамашаға жас пен кәрі.
Сап түзеп, майдан жерге отырған соң,
Кеңесті Кіші жүздің баршалары.

Науанға сәлем беріп көрсетті жүз:
 – Шаһзада, ай мен күңдей баршаға сіз.
 Қырық жігіт бір партия болсын дейміз,
 Осылай әуел ақыр бұрынғы із.

Бас болған хан Абылай барша жанға,
 Тіреусіз алтын қазық мұсылманға.
 Қырық жігіт Орта жүздің баласы еді,
 Бұлардан біреу шықсын балуанға.

Біз келдік сөз айтқалы, патшазадам,
 Ғайып жүр, бейрұқсат баспақ қадам,
 Балуан сайыс деген тамашаға
 Шығарсын Орта жүз боп бұлар адам.

Шақырды сонда Науан Ағыбайын:
 – Тұрсыз ба сіз де естіп сөз ыңғайын?
 Орта жүз деп сіздерді есеп қылды,
 Қалайша қыласыздар оның жайын?

Сонда Ағыбай бұл сөзді: «Мақұл, — дейді,
 Мұнысы Орта жүздің ақыл, — дейді.
 Жықсақ та, жығылсақ та шығарармыз,
 Басқа жүз болғаннан соң ақыр», — дейді.

Кіші жүз жақсылары қайтып кетті,
 Балуан шығаруға тәрбие етті.
 Бар екен жағалбайлы Өгіз балуан,
 Шығарып балуанға алып кепті.

Қалша жүр айқай салып: «Шықшы, шық! — деп,
 Арғынды, әлің келсе, жерге тық, — деп.
 Антұрған Өгіз балуан, бейқам болма,
 Бұл арғын аз да болса әбден нық», — деп.

«Үш қара балуанға, бірі — түйе,
 Екінші — мінілмеген семіз бие.
 Жарлығы Әли менен Науан ердің,
 Балуанды жығып алған болсын ие».

Ағыбай Дулатқа кеп: «Шыққын, — дейді,
 Сөзімді менің айтқан ұққын, — дейді.
 Олжасын Орта жүздің алып кеп тұр,
 Құдай, аруақ жар болса, жыққын», — дейді.

Ұранын Орта жүздің бірге салған,
 Малы қызық болмайды мұнан алған.
 «Атаңның жолын ал» деп айтқаннан соң,
 Сол жаман жығылғаннан шықпай қалған.

«Мақұл» деп сонда Дулат фатиха алды,
Майданға фатиха алып қадам салды.
Отырған бұрын барып Өгіз балуан,
Қасына батыр Дулат жетіп барды.

Көрген соң түрегелді Өгіз балуан,
Дулатқа сес керсетіп алуан-алуан,
Өкіріп Өгіз болып жер сүзеді,
Мысалы парықтаса ақ қабылан.

Ілінген бұл мінезден Өгіз атқа,
Жоқ еді еш қосылған жаманатқа.
Ер Дулат мұны көріп сескенеді:
«Құдай-ай, қалдырма, — деп, — мені ұятқа».

Екеуі қолма-қолтық алысты енді,
Абайлап бірін-бірі бағысты енді.
Бірін-бірі үйіріп, сілтеседі,
Дағдарып екеуі де талысты енді.

Үйіріп айналдырды Өгіз балуан,
Дембелше төртпақ еді ол антұрған.
Дулатты кеудесіне көтеріп ап:
«Қалмайсың, — дейді, — арғын, менен аман».

— Халің келсе, аямай ұрғын, — дейді,
Өгізше мойыныңды бұрғын, — дейді.
Осы күнде, ақымақ, кеудеңдемін,
Боқ жемей ұра алмасаң тұрғын, — дейді.

Көтеріп Өгіз балуан ұрды дейді,
Сонда Дулат тіп-тіке тұрды дейді.
Үш ұрды үш көтеріп Өгіз балуан,
Баса алмай әл-дәрмені құрыды дейді.

Қайратын сонда Дулат қарына алды,
Өгізді айналдырып жұлып алды.
Үйіріп айналдырып, алып ұрып,
«Абылайлап» кеудесіне мініп алды.

Дүрс етіп Өгіз балуан түсті жерге,
Қарады жұрт қайран боп Дулат ерге.
Кеудесін жерге жаныштап аз отырды,
Өгіздің тілі келмес «өлдім» дерге.

Басынан қарғып тұрып, жүріп кетті,
Қырық жігіт дабыл қағып, шаттық етті.
Өлмесе де өлімші болып қапты,
Саңдалып Өгіз балуан тұрып кетті.

Ер Қалша тағы атына мініп алды:
«Шығар, — деп, — сайысқа адам, — айғай салды.
Баласы Кіші жүздің сіздер бұрын
Шығарғын кісің болса, — дейді, — халді».

Көңілі Кіші жүздің төмен түсті,
Балуандар көргеннен соң ондай істі.
Аптыққанның бәрінің қыры сынып,
Таба алмай сайысқа адам тығылысты.

Бар еді бір тама шал жасы жеткен,
Жасында жан жоқ еді одан өткен.
Басында «Мен түсейін» дегенінде,
Оны жұрт мазақ қылып келеке еткен.

Ақыры Баят шалға келді бәрі,
Шулады бата беріп жас пен кәрі.
«Арық тоқты садақа» деген ғой» деп,
Айтқан соң, түспек болды баршалары.

Бәкеңнің астында бар Тарланкөгі,
Шораның әулетінен аттың тегі.
Жаста еді дәл алпыс бір сол уақытта,
Кеткен жоқ соған шейін жанға кегі.

Атқа мінді жұртынан бата алып,
Жіберді қырық жігітке хабар салып.
Найзасын оңды-солды айналдырып,
Орнына майдан жердің тұрды барып.

Ағыбай жігітгерге көзін салды:
«Біреуің барыңдар», — деп сөзін салды.
«Тәуекел, өзім бұған түсейін», — деп,
Науаннан жаяу келіп фатиха алды.

Астына Көкмойынды мініп алды,
Тәуекел дариясына кеме салды.
Жер қайысып қамалып тұрған жандар
Бұларға қараймын деп көзі талды.

Бұларға сонда Науан көзін салды,
Қараса екеуі де ахуалды.
Қараса екеуінің бақыты бірдей,
«Йә, Алла, бұл қалай?» деп қайран қалды.

Сонда тұрып Наурызбай,
Жиылған көпке сөйлейді:
— Бұл екеуін байқадым,
Бірін-бірі ала алмас.
Егер бірі жеңілсе,

Тірі болып қала алмас.
Аруағы бірдей көрінді.
Көрсеткені Тәңірінің,
Өтірік бола алмас.
Сол уақытта екеуі,
Қарсыласып барысты,
Аттарына қамшы ұрып,
Қолына найза алысты,
Қарсыласып қалғанда,
Найзаларын қағысты.

Ағыбай қылды айласын,
Балтамен ұрып сындырды
Шанышқанда шалдың найзасын.
Ағыбай салды найзасын
Баят шалдың ұртынан.
Түйреп, жырып кетіпті
Езуінің сыртынан.
Ұртынан тартып алғанша
Ағыбайдың найзасын,
Ұстай алды Баят шал,
Бұл дағы қылып айласын.
Сол арада бір көрді
Шапшаңдықтың пайдасын.
Әдіс қылып темірден
Шап беріп ұстап алыпты.
Еріне жаныштап салыпты,
Тартысқанда толықсып,
Найзасы сынып қалыпты.
Енді қайта айналып,
Бауырдақты қамшымен
Қарсыласып, қасқайып,
Жүз аудармай тұрады.
Сол уақытта Бәкеңнің
Басынан қаны ағып жүр.
Жақындап кетсе жанасып,
Ағыбайға тамып жүр.
Қарсыласып, шабысып,
Жағасынан алып жүр.
Сол мезгілде екеуі
Жағаласып салысты.
Ат жалын құшып Баят шал
Жан қораттап қарысты.
Жағаласқан бойымен
Төре алдына барысты.
Сонда тұрып Наурызбай:
«Бәйгені бөліп алсын, — деп,
Бізден келіп бата алып,

Татуласып қалсын», — деп,
Ажыратып алысты.
Бата беріп ер Науан,
Бәйгесін бөліп берісті.

Орнатты онан кейін жамбы ағашын,
Басына байлап қойды жамбы тасын.
Байлады тоғыз қадақ аппақ күміс,
Аңқылдап жарлық қылды кәрі-жасың.

Мылтықпен талапкерлер атады енді,
Кейбіреуі садақпен тартады енді,
Мылтықты патырлатты тұман қылып,
Құмары бозбаланың тарқады енді.

Басында айтып еді бойы қызып,
Еш адам қозғалтпады бауын үзіп.
Тауысты оқ-дәрісін алқынғандар,
Шаршады ала алмастан ешкім бұзып.

Ер Науан сөз айтады Әлиге кеп:
— Бір көрсін тамашаны жиылған көп.
Өнерді көрмек зейнет жаман, жақсы,
Әли аға, құзыр қылдық, атыңыз, — деп.

Әли аға, мақұл болар бұл шатыңыз,
Жер еді бізге қылған ғизатыңыз.
— Мына жұрт тамашаға батсын десең,
Науанжан, атқа мініп сіз де атыңыз.

Екеуі атпақ болып атқа мінді,
Сап болып жиылған жұрт қарап тұрды.
Әлиге сонда Науан: «Сіз атқын», — деп,
Әдеппен қол құсырып, мойын бұрды.

Ер Әли Қанкүреңді мініп алды,
Жүгіртіп жез айылмен басын салды,
Жел шайқаған қамыстай бұлаңдайды,
Көрген жұрт атуына қайран қалды.

Үш атты шауып жүріп Әли батыр
Бір бауын атқан сайын үзіп жатыр.
Үш атқанда үш бауын үзіп еді,
Үш бауы үзілместен қалады ақыр.

Әли айтты: «Енді, Науан, сіз атыңыз,
Үш бауын менен қалған үзе атыңыз.
Жол салып тең жарымын үзген болдық,
Біз болдық, ойласаңыз, миятыңыз¹».

¹ Мият /парсы/ — көңілге медеу, тірек, сүйеніш.

Екі атты сонда Науан ағаш басын,
Түсірді шарт-шарт етіп ақ жаңқасын.
Үш бауын бір атқанда қабат үзіп
Түсірді тоқ еткізіп жамбы тасын.

Науанға дұға қылды қолын жайып,
Қеңесті шықпасын деп бізден ғайып.
«Бұлармен қандай адам егеседі?» — деп,
Кіші жүз қайран болды, таңғажайып.

Ал енді өлең хабар шашты дейді,
Бұл сөзді естіп жұрт састы дейді.
Ауылы алыс, түн қатып, қызын ертіп,
Аулына Тілеуқабак басты дейді.

Өлеңге сегіз қанат он үй тікті,
Айтысып қыз-бозбала тізе бүкті.
Адамның тойға келген бәрі де мас,
Болмады еш адамның көңілі күпті.

Ордада Науан, Қаныша келмей жатты,
Он үйге қыз-бозбала әрең батты.
Қырық жігіт тамаша қып ел аралап,
Олар да әрбір жерде өлең айтты.

Бар еді бір сақау қыз бойы жеткен,
Өлеңге қыз болмады мұнан өткен.
Сонымен айтысқандар пар келместен,
Сандалып оқ тигендей жүріп кеткен.

Әкесі Толбала деп қойған атын,
Шығарар айтысқанның жаман атын.
Сақаулығы болмаса сұлу еді,
Көргеннің есі шыққан салтанатын.

Науанның бір жігіті Қасым еді,
Өлеңге көп жігіттен басым еді.
«Екеуін айтыстырып көреміз» деп,
Қасымды жиылған жұрт алып келді.

Қамалап Қасым ерді алып келді,
Астына қашқар кілем салып берді.
Бұл жайды Толбала да түйіп отыр,
Сөз бастап Қасым сонда сөйлейді енді.

Қасым:

— Әуелі сөз бастайын, йә, Рахман,
Бұл тойға жұрт жиылып жақсы-жаман.
Әуелі көрген жерден көріселік,
Жүрмісіз, жан құдаша, есен-аман?

Толбала:

– Әуелі сөз бастаймын «бисмилладан»,
Бимейді бисмилланы кейби надан.
Құдайға мын шүкилік, біз де аманбыз,
Жүйімісіз өзің де аман, асылзадам.

Қасым:

– Бисмилла йә рахман¹, бәрі де есім,
Осындай болса керек көрген түсім.
Бала екен тілі майда жорғалаған.
Кездесті көңіліме алып сүйген кісім.

Толбала:

– Бұл тиді, ай, антұйған, Құдай бейген,
Айыпты әңгі айтады кезі кейген,
Антұйған мені кемітей не бетің бай,
Биеуге қызылшы боп иттей ейген.

Қасым:

– Әркімге бақ-дәулетті Құдай берген,
Құдай берген кісіге әркім ерген.
Наурызбайға қылышы болсам дағы,
Күң қылуға сендей қарды күшім келген.

Толбала:

– Ит семиіп, жонданса қояға үйей,
Өкпе көйсе, әйкімнің көтіне ейей.
Әкемнен мені айтдиса Науан төйе,
Қайғыбау тиын үшін сені бейей.

Қасым:

– Кетірме, ай сақау қар, беттен арды,
Қабаған қаншыққа ұқсап көттен алды.
Отын-су алдыруға керек қылсам,
Алармын киіт үшін сендей қарды.

Толбала:

– Әңгі байғұс, тойғанға мас боясың,
Менімен не бетіңмен қас боясың.
Науанға күйеу табақ алып байсам,
Табаққа сайғанына бас боясын.

Қасым:

– Сақау қар, білмеймісің көнеріңді,
Ашулансам, қарайып, сөнеріңді,
Отын алғыш күң қылып өміріңше,
Қайтер ең көрсетсем өнерімді?

¹ Бисмилла йә рахман /араб/ – мейірімді Алланың атымен.

Толбала:

– Қолдан сойған мал етін итке салмас,
Ит жейді тышқан боқты, жейде қалмас.
Мені биеу айтдиса, сендей құлды
Қыз көйсетей иымға жеңгем алмас.

Қасым:

– Сақау қар, желік шықпас қозғалмасам,
Араға бір дүрбелең сөз салмасам.
Бұл сөзіңді жаңылып айттым деме,
Ит болып қаңғырғаным, сені алмасам.

Толбала:

– Науизбай сен өлсең де күнін көйей,
Сендей әңгі антұйған соңына ейей.
Әгәй мені айтдиса інісіне,
Қиық жігіт бата аяққа онын бейей.

Қасым:

– Бұл елді бұзылған бүлдіресің,
Бүлінбесе бізбенен бір жүресің,
Сені мен күң қылуға жарамасам,
Мені құл қып отының үйдіресің.

Толбала:

– Әңгі құл, бұзыла ма саған елім,
Сендей құл болып кетпей тілім-тілім.
Қолыма су құюға жаямайсың,
Босамай құйып қалсын саған белім.

Қасым:

– Сақау қар, кесейін бе басыңды мен?
Танымай жүр екенсің кісіңді сен.
Науан мен Әлиден ұяламын,
Дей ме деп: «Той бүлдірген мұныңыз нең?»

Науанға жолдас боп ем он жасымда,
Бар еді жан сақтарым өз басымда.
Сен қарды қырық жігітке күң қылмасам
Ит құрлы баға болмас бұл Қасымда.

Толбала:

– Сен, төбет, кісімін деп жүй екенсің,
Жасыңнан сатып алған құл екенсің.
Қаншайым кәдесіне жұмсайтұғын
Қиық құлдың сен байғұс биі екенсің.

Қасым:

– Сақау қар, өтіп кетті сенің сөзің,
Мен егер кісі болсам, шын сорлы өзің.

Саған мен той тарқамай білінбесем,
Аузымнан сипа, бері кел, келсе кезің.

Толбала:

– Әңгі антұйған, мен қандай күйінемін,
Аққуға ұқсап таянып, кейілемін.
Сендей құлға жамандық сөз айтуға,
Ойынымнан тұюға ейінемін.

Қасым айтты:

– Бұл сөзің бойдан өтті,
Өз тойымда кез болып, айтғың көпті.
Басқа уақыт мұндай сөз айтпақ түгіл,
Көргенше тітірер едің біздей бекті.

Толбала:

– Тәубе қыл, жағанды ұстап өттім, — дейді,
Былжияп ез түбіңе жеттің, — дейді.
Сен қозғалсаң ойыңа шөп шаншайын,
Жексұйын, міндетсімей кеткін, — дейді.

Орнынан сонда Қасым тұрып кетті,
Қыздың сөзі жігіттің бәріне өтті.
Өлеңге бірде-бірі мойын бұрмай,
Алдына ер Науанның кіріп кепті.

Ордаға кіріп келді қадам басып,
Кұбылып, баршасының түсі қашып.
Қалыбын қырық жігіттің көргеннен соң,
Ер Науан: «Бұл қалай?» — деп қалды сасып.

Орнынан сонда Науан түрегелді:
– Түсің қашып бәріңіз келдің, — деді.
Көрдің бе бір нәрседен жәбір-жапа,
Я бір дұшпан шықты ма, сөйле, — деді.

Қырық жігіт сонда тұрып жауап қылды:
– Мәкен қыл бізге қазып қара жерді.
Тақсыр, бізге күң қылып Толбаланы,
Болмаса, бата беріп, көр өнерді.

Артыңнан еріп едік жасымыздан,
Бір қадам шықпап едік қасыңыздан.
Тақсыр-ау, Толбаланы әпермесең,
Ажырат тәнімізді басымыздан.

Сақау қардың әр сөзі өтті бізге,
Ант қылып арыз айта келдік сізге,
Уағдаға жеткізбесең бізден безгің,
Қылыңыз ұнағанын өзіңізге.

Ер Науан қырық жігітке жауап берді:
– Менің қанат-құйрығым – сіздер, – деді.
Жолдастарым, жолыңда жаным құрбан,
Толбала онда көрер біздің жерді.

Қырық жігіт мұны естіп көңілі толды,
Қорыққаннан кейінгі елдің жүзі солды.
Қырық жігіт тойдан шығып кеткеннен соң,
Қауіптеніп артқы жағы даң-дұң болды.

Кеткенін қырық жігіттің білді байқап,
Ойлады кетпесін деп елді шайқап.
Қалыбын байқайын деп ескерусіз,
Ер Қалша бір уақытта келді жайқап.

Сонда Науан Қалшаға сөз сөйлейді,
Жай емес, ашуланып тез сөйлейді:
– Еліңнің бар жақсысын шақырып кел,
Ішінде осы түннің, – деп сөйлейді.

Бастары қырық жігіттің – менің басым,
Заһар-дүр, бұл тарылса, ішкен асым.
Тезбе-тез бізге келіп жауап берсін,
Еліңнің келтір мұнда кәрі-жасын.

«Мақұл» деп Қалша жыршы қайтып кетті,
Науанның айтқан сөзін айтып кепті.
«Айтатұғын жауабын естілік» деп,
Кіші жүздің жақсысы бәрі кепті.

Сонда Науанның айтқаны:

– Қанат-дүр бұл қырық жігіт маған біткен,
Бұларға сөз тиіпті қаншық иттен.
Атганып қазір бүгін жөнелейік,
Іс болса айтыңыздар бізден өткен.

Қыз сөзі жігіттерге мүлде өтіпті,
«Итсің», «құлсың» деген сөз жүдетіпті.
Ант ішіп, жаман қатты уағда қылып,
Бұл жерге сөз аяғын індетіпті.

Қырық жігіт сертке жетсін, бергін бізге,
Салалық құдаласып бұрынғы ізге.
Жұрт жөнімен төлелік қалыңмалын,
Сөзім бұл айтам деген, халқым, сізге.

Ойларыңда іс болса бойың кергін,
Ойлама мені бейқам, қазір көргін.
Екі істің бірін көрмей бітім болмас,
Енді көп отырмаңдар, жауап бергін.

Кіші жүздің адамы ақылдасты,
Қысылып мынау сөзге жаман састы:
— Ант болып ант үстіне бекіп қапты,
Бермесек Толбаланы жарамас-ты.

Науанға сонда тұрып жауап берді:
— Көнелік әміріңізге, мақұл, — деді.
Қасымға сөз шығарған Толбала еді,
Сол Қасым күйеу болсын ақыр, — деді.

— Жағалбайлы құда боп берсін қызын,
Ант-су демей қылыңыз жұрттың ізін.
Анық шын «Құдай» десіп құда болсаң,
Шығартпаңыз «күң» деген жаман сөзін.

Сонда Науан: «Жарайды, мақұл, — дейді,
Ағыбай, жылқышыны шақыр, — дейді,
Берелік жұрт жөнімен қалыңмалын,
Табармыз бір шарасын ақыр», — дейді.

Жылқышы жетіп келді жылқыны айдап,
Құрттай санап қалыңмал берді байлап.
Қолына қыз ақысын беріп болып:
«Бер, — дейді, — біз жүреміз жолды ыңғайлап».

Малын айдап жағалбайлы жетті дейді,
Алдына Толбаланың кепті дейді.
Бұл жайды Толбалаға айтқан екен,
Толбала: «Мақсатым — сол», — депті дейді.

Береді Толбаланы қалыңменен,
Қызартып астын-үстін барыменен,
Бір жақсы лайықты ат мінгізіп,
Бір-екі шығарыпты нарыменен.

Ордаға Толбаланы алып келді,
Қөрісіп жаранменен отырды енді.
Толбала отырған соң батыр Науан,
Наз кылып Толбалаға сөйлейді енді:

— Изгі жолың құтты болсын, ей, жеңгейім,
Отырсыз қуанғандай құр мүләйім.
Ер Қасым: «Күң қылам», — деп ант ішіпті,
Дауа жоқ қылған антқа, не қылайын?

Толбала қол қусырып түрегелді,
Науанға арыз айтып, тағзым қылды.
Қол қусырған бойымен тіке тұрып,
Алдында баршасының сөйлейді енді:

— Алдияй, тақсый төйем, Науан айым,
Жеткізді мақсатыма бай Құдайым.
Болғаннан қаяға бас, ханға нөкей,
Болғаным келіскені менің жайым.

«Ойдаға ит болсам да жетсем», — деп ем,
«Тийі жүймей жетпесем, өлсем», — деп ем.
Тақсый-ау, тілеуімді Құдай бейді,
«Күң болсам да, ілесіп кетсем», — деп ем.

Тақсый-ау, мен ыйза күң қылсаң да,
Күнінде отын ал деп дүң қылсаң да.
Алып кетсең айман жоқ, мен йыйза,
Ас-су беймей бойына мін қылсаң да.

Ер Науан жығылады мына сөзге:
«Айтты, — деп, — тартынбастан тура көзге,
Біз дағы адамгерлік іс қылайық,
Кісіге былайша айтпас бізден өзге».

— Толбала, тілімді алсаң нетер, — дейді,
Бұл дәурен бәрімізден өтер, — дейді.
Тоғайдан барып шыбық кесіп әкел,
Антына Қасым батыр жетер, — дейді.

Бір сағатты өткізбей келтіріңіз,
Су әкеп, бар ыдысты толтырыңыз,
Онан кейін Қанышамен бір боласыз,
Шартына қылған антты келтіріңіз.

«Мақұл» деп, айтқанының бәрін қылды,
Қырық жігіт антқа жетіп көңілі тынды,
Күтуші Толбала да айым болды,
Құдайым жеткізген соң ханым сынды.

«Ал енді той тарқат» деп әмір етті,
Бұл Қасым уағда қылған сертке жетті.
Ойласам, баяны жоқ фани — жалған,
Не жақсы сайыпқыран ерлер өтті.

Той тарқап, келген халық тегіс қайтты,
Қош айтып, фатиха беріп Наурызбайға.
Бағзы бір қыз-келіншек налып кетті,
Не лаж мінәжат қып бір Құдайға.

Ал енді мен айтайын,
Үй порымын¹ жасаған,
Шаңырағы сары жез,
Қырық жерден ақық қашаған.

¹ Порма /орыс/ — пішін.

Сегіз қанат ордаға
 Мауыты шұға ойдырып,
 Ақ киізге жаптырған.
 Керегенің көгіне
 Күмістен шеге қақтырған,
 Уығының қарына
 Қақтаған қара темір сап,
 Нақыштап күміс шаптырған.
 Маңдайша мен таяныш —
 Нақыштаған ақ күміс.
 Алтыннан өрнек салынған
 Дөдеге¹ менен тегеріш.
 Бір жүз ділда жіберіп
 Бұхарадан алынған.
 Мейманхана бір үйді
 Алты қанат жасады.
 Ол үйінің порымы
 Басқа ордадан асады.
 Асхана бір үй тұрғызды,
 Асхана үйінің ішіне
 Бір құл, бір күң кіргізді.
 Бағзы адамның ұзатқан
 Қызындай қылып күңіне,
 Асыл киім кигізді.
 Әр порымын арттырып,
 Байлығын жұртқа білгізді.
 «Тереңе хабар бергін, — деп,
 Ордаға ертіп келгін», — деп,
 Жеңгелерін жүргізді.

Жеңгелері келеді:
 «Ордаңызға кіргін», — деп,
 Науанға хабар береді.
 Қырық жігітімен Наурызбай
 Ордаға жүріп келеді.
 Енді артынан қырық жігіт
 Ретімен жүреді.
 Үйдің ішін жасаған
 Порымын байқап көреді.
 Назар салып қараса,
 Крауат² пен төсек құрыпты.
 Жібек кілем айнала,
 Атырабында тұрыпты.
 Шымылдық пен тұскиіз,
 Кестесі алтын-күмістен,

¹ Дөдеге — киіз үйдің сыртын айналдыра үзік етегіне салатын әшекейлі киіз.

² Крауат /орыс/ — төсек.

Көргеннің көзі тұныпты.
Ашық жер жоқ ішінде,
Бұхар кілем салынған,
Кілемдердің бағасы
Аяғы жүз сомға алынған,
Үстіне торғын көрпені.
Айналдыра салыпты,
Басуға адам қия алмас,
Ақылы қайран болыпты.
Көрпе басы бір мамық
Қатар-қатар қойыпты,
Науан менен қырық жігіт
Бұйымға көзі тойыпты.
Қайсыбірін айтайын,
Баршасы артық болыпты.

Қырық жігіт ер Науанмен көңілі толды,
Ақтарып бәрін бірдей оң мен солды.
Басқа адамның жасаған ордасындай,
Порымды мейманхана үйі болды.

Осындай үй порымын көрді көзі,
Болған жоқ айтатұғын мінді сөзі.
«Ордаға құтты болсын айтамыз» деп,
Әли, Мұса батырлар келді өзі.

Сөйлейді Әли батыр құр мүләйім:
— Ордаңыз құтты болсын, күн мен айым!
Жаным құрбан, шырағым, Қаншайым,
Сіздерге өмір берсін бір Құдайым.

Сіздерден аяймын ба барымды мен,
Төгем де тарлық қылмай арымды мен.
Шытпаймын Құдай ақы қабағымды,
Жұмсап алып кетсең де жарымды сен.

Ниетім осылайша, Науан төрем,
Біткенін істің жылдам тәуір көрем,
Шығыңыз мейман үйге баршаларың,
Құдамыз қырық жігітке киіт берем.

Бұл сөзді «Жарайды» деп қабыл алды,
Үйіне мейманхана шығып барды.
Дайындап ретіменен қойған екен,
Киітін қырық жігіттің жайып салды.

Қырық семіз ат байлаған жайын қоры,
Жылқы емес тоғыр-сағыр, бәрі де ірі.
Қырық ішік, қырық әдірес шапан жапты,
Кір жаға болған емес бірде-бірі.

Ал онан соң Кенеге
 Былайша киіт шығарды,
 Кенеге берген киітке,
 Баршасы көзін жіберді.
 Тоғыз жорға әкелді,
 Бәрі бірдей сұр қара,
 Ажыратып болмайды
 Бірінен бірін бір зара.
 Ерттеп қойған біреуін
 Форымға салып бұхара.
 Алтынды тұрман тақтырған
 Алтынды жүген, алтын ер,
 Жібектен жапқыш жаптырған
 Аттан озар жорғасы
 Бәйгеге қосып шаптырған.
 Айтып ада қыла алмас
 Форымын жаннан арттырған.
 Және бір нар қомдаған,
 Биіктігі малда жоқ.
 Бұхар кілем шомдаған.
 Сол қара нар үстіне,
 Жібек кілем жабады
 Ұзындығы отыз кез.
 Әр нұсқасы артықша
 Шом ағасы сары жез
 Және үш ішік әкелді.
 Жанат, орман, бірі құс,
 Құбылып тұрар құлпырып,
 Жазуға сірә, болмайды,
 Белгіленіп оған түс.

Және әкеліп қосады
 Мауыт шекпен, қамқа тон,
 Лауанты¹ шәйі бес шапан
 Үстіне әкеп басады.
 Зербап² сала тағы бар,
 Қызметі жұрттан асады.
 Асфанаһаналық үш жағлан,
 Әкеліп аузын ашады.
 Осы айтылмыш бұйымды
 Жағландарға салыпты.
 Әр жағланның бағасы
 Қырық ділладан алыпты.
 Бұл мазмұнды көрген жан
 Таңғажайып қалыпты.

¹ Лауанты — жібек мата, жібек орамал.

² Зербап /араб/ — алтынмен тоқылған мата, алтын түсті мата.

Қарай-қарай бұйымға
Жігіттер көзі талыпты.

Мал жиып, үйін жығып қамын қылды,
Мейманның аттандырмақ бабын қылды.
Артар түйе, мінер ат һәммаларын,
Қораға бәрін әкеп дайын қылды.

Қомдады қырық нар әкеп қоңыраулы,
Он жорға ат алып келді омыраулы.
Жиылып алшын, жаппас жақсылары,
Мейманды жөнелтуге қылды қаулы.

Шомдай жібек соңымен барша нарды,
Жібектен бәріне де жалпош¹ барды,
Ташкендік сарттың буған теңдей қып
Буады тоғанақтап жасауларын.

Бұйымдардың һәммасын
Сымбал² қылып тартады.
Саңдық пенен жағланды
Бәрін тізіп артады.
Он түйеге артыпты,
Жолға тігер үйімен
Жолда керек бар талды.
Қырық қара нар үстіне
Масаты кілем жабады.
Айтып ада қыла алмас,
Қазынада есеп жоқ,
Қылмаған нәрсе қалмады.
Ат-тұрманда өлшеу жоқ,
Бағалаған адамдар
Мың ділдаға шағады.
Түйені тіркеп болған соң,
Көш қолына тиген соң,
Жәуке батыр жетелеп,
Өткелге қарай салады.
Қаншайымды шығарып,
Қош-қош айтып Науанға
Алшын, жаппас қалады.

Қаншайым ел-жұртымен амандасты,
Көрісіп баршасымен мауқын басты.
Айтысып «амандық» деп бақұлдасып,
Жолына «бисмилла» деп қадам басты.

¹ Жалпош — жағымпаз, жарамсақ.

² Сымбал — үлкен ғып қатты буылған тең бума.

Қош айтты ер Науанға баршалары,
Ел-жұрты, ер мен әйел, жас пен кәрі.
«Алдияр» айтысып ел, қусырып қол,
Ілескен жамағаттың қайтты бәрі.

Ілесіп Мұса мырза ертіп кетті,
Ерте қонып, кеш көшіп, шаттық етті.
Бет алып енді бұлар жүре тұрсын,
Азырақ Кене ханнан есіт кепті.

Кене хан: «Кешікті», — деп қайғыланды,
«Бұларға не болды?» — деп ойына алды.
Болжалды айтқан күні өтіп кетті,
Жұртына жора-жолдас ақыл салды.

— Бұларды іздеместен жатып болмас,
Науансыз күліп, тамақ татып болмас.
Тапты ма бір дұшпаннан олар жазым,
Жарандар, босқа бейқам жатып болмас.

Жұмсады алты жігіт: «Барып кел! — деп,
Жайынша аман жатса, алып кел, — деп.
Ілінсе бір дұшпанның қармағына
Хабарын бер жағынан шалып кел», — деп.

Қос атпен алты жігіт жүріп кетті,
Бес күнде Қақпашыға барып жетті.
Қақпашының «Қарадыр» деген жерде
Түн қатпай, ат оттатып, дамыл етті.

Кірді де бір берікке олар жатты,
Тынығып, ат оттатып дамылдапты.
Таң білінген уақытта даң-дұң болып,
Сыбызғы кернейлетіп, дабыл қақты.

Алтауы оны естіп қалды сасып:
«Төгер, — деп, — қанымызды судай шашып,
Не де болса қозғалмай байқайық», — деп,
Отырды тәуекел деп ақылдасып.

Науанға бірқатар күн болған еді,
Көшкелі жарым айға толған еді.
Қақпашының адырына бесінде кеп
Олар да бір өзенге қонған еді.

Таң атты бір уақытта сұббұсадық¹,
Алтауы: «Жау ма екен?» — деп қылды кәдік.
Жолдасын аттарымен тығып қойып,
Қарады қарауылдап батыр Жәдік.

¹ Сұббұсадық /парсы/ — таң шапағы.

Қараса, қалың жылқы жатыр қаптап,
 Қамдаған көп нар жатыр әбден баптап.
 Бекініп, қарауылдап байқап отыр,
 Жүруге шыдамады көңілі тоқтап.

Барабан бір мәхаллада¹ керней тартты,
 Сыбызғы, кернеймен ұран айтты.
 Ұранды танып Жәдік, көңіл тасып,
 Келді де, жолдастарға хабар айтты.

Алтауы қуанады: «Йә, Құдайлап»,
 Есітіп тартқан күйді «Абылайлап».
 Атына апыл-ғұпыл мініп алып,
 Кезеңге шыға келді шоқтай жайнап.

Бар екен қарауылы Науан ердің,
 Көрген соң хабар берді қатты айқайлап,
 Қырық жігіт, Науан, Мұса ғапыл² емес,
 Ерттеп қояды екен атын байлап.

«Ізденіп бізге келген дұшпан ғой», — деп,
 Жабдығын қару-жарақ алды сайлап.
 Ақ туын Абылайдың қолға алып,
 Ат қойып жүріп берді «Абылайлап».

Жуықтап бұлар жақын келген кезде,
 Алтауы түсе қалды жолды ыңғайлап,
 Атын тастап жүгірді «Алла жар» деп,
 Құсырып кеудесіне қолын байлап.

Атынан бұлар да кеп түсе қалды,
 Көрісіп бірін-бірі тани қалды.
 Сұрасып хал-ахуал, жай-күйлерін
 Амандық бір-бірінен хабар алды.

Ол күні дамыл алып еру болды,
 Амандық хабар алып көңілі толды,
 Алты жігіт ат мініп, шапан киіп,
 Олжа алып, бастан-аяқ жолы болды.

Қуантып ел хабарын білгізеді,
 Науанның көңілін шат қып күлгізеді.
 «Қуантып Кенекемнен сүйінші ал», — деп,
 Еліне үш жігітін жүргізеді.

Үш жігіт дамыл алмай жүріп кетті,
 Үш сөткеде еліне зорға жетті.

¹ Мәхалла /араб/ — жер.

² Ғапыл /араб/ — алаңсыз.

Шапақ батқан уақытта бұлар келіп,
Кенекеңнің ордасына кіріп келті.

Ордаға сәлем беріп кіріп келді,
Кенені ханымы мен көзі көрді.
«Сүйінші, келініңіз келеді!» – деп,
Әдеппен қол қусырып жауап берді.

Қорыққан мен қуанған бірдей екен,
Кене хан жылап-еңіреп қоя берді:
– Сен үшеуің қуанттың, азаматым,
Үш тоғыз үшеуіңе бердім, – деді.

Еліне таң атқан соң хабар берді,
Естіген ұрғашы, еркек жұрт жиылды.
«Құдаңызды құрметтеп келіңіз» деп,
Ержанды көп адаммен бұйырды енді.

Бозбала қошеметпен көкпар шапты,
Басы Кене, күллі жұрт олжа тапты,
Ордасын көтерген соң құттық айтып,
Баршасы хан, қараның назар сапты.

Кененің көтеріліп көңілі тасты,
Ханымдарды Қанышаның сұсы басты.
Қанышаның бой нұсқасын тағриф¹ қылып,
Көздерін көрген адам айырмас-ты.

Тоғыз күн жұрт асырап қылды тойды,
Сойышты отыз қара, бір жүз қойды.
Ат шаптырып, балуан сайыс қылып,
Бәрі қылды көңіліне келген ойды.

Той тарқап, келген адам бәрі қайтты,
Кене менен Науанға құттық айтты,
Әдеппен той тарқаған күннен кейін
Сұрады Мұса мырза рұқсатты.

– Жарайды, қайтаралық, мақұл, – дейді,
Жөн екен қыстамаса ақыр, – дейді.
Кене айтты: «Қандай қып жөнелтеміз,
Мырзалар, айтыңыздар ақыл», – дейді.

Айтады інілері: «Ханым, – дейді,
Білмейміз біз бұл істің мәнін, – дейді.
Тақсыр-ау, не қылсаң да ерік өзіңде,
Лайығын сіз білесіз оның», – дейді.

¹ Тағриф /араб/ – мән, мағына, түсінік.

Сонда Кене бұларға жауап берді:
— Тоғыз ақбас қызыл нар келтір, — деді.
Және тоғыз жорға әкел қара шұбар,
Киіндір бастан-аяқ Мұса ерді.

Қалшаға бер тоғызды нар бастаған,
Және бір жақсы ат бер құлаштаған.
Аяғы тоғызының шапан болсын,
Айт деп ақыл салсаңдар, тағы маған.

Онан соңғы жігітке ат бастатып,
Бәріне де тоғыз бер ер астатып,
Аяғы тоғызының белбеу болсын,
Буындыр беліне тоқ құлаштатып.

Кененің айтқанының қылды бәрін,
Бітірді мейманының сыр-анжамын.
Бәріне атап-атап беріп еді,
Көрген соң көп шат болды бұл шырағым.

Қоштасып Мұса батыр қайтты жайға,
Тапсырып бірін-бірі бір Құдайға.
Мұсаның көтеріліп көңілі толды,
«Шүкір, — деп, — жеткізгенге осындайға».

Қош айтып Мұса мырза жүріп кетті,
Құрметтеп шығарып сап, мағзұр¹ етті.
Не қылса Қадір Мәулан² ықтиярлы,
Жарандар бір хадис естіген-ді.

Қанышаны көрген адам таңырқасты,
Артық деген әуезе³ хадден⁴ асты,
Көрген жанның баршасы мақтаған соң,
Кене хан бір көруге болар масты.
Ағыбайға: «Ақырын жабық аш», — деп,
Ордаға жасырынып қадам басты.

Ордаға Кене келді қадам басып,
Ағыбай көрсетеді жабық ашып.
Қараса назар салып сол уақытта,
Науанмен отыр екен әзілдесіп.

Көрген соң сонда Кене қайран қалды,
Нұрлы жүз сипатына назар салды.

¹ Мағзұр /араб/ — көп, асып-тасқан..

² Мәулан /араб/ — ие, қожайын; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

³ Әуезе /парсы/ — атақ, даңқ.

⁴ Хадд /араб/ — шек, шамадан тыс.

Кененің көрген заман көңілі толып,
Сол жерде былайша іс көңіліне алды.

«Басқа әйел түлкі болса, құндыз екен,
Аспанда анық шолпан жұлдыз екен,
Туды деп адамзаттан кім айтады,
Перизат, хорлығайын нұр қызы екен.

Науанжан жарын тауып алған екен,
Әйелден бар Құдайым салған екен.
Деуші еді «Қосылмайды екі жақсы»,
Айтқаны бұрынғының жалған екен.

Науанжан затын танып тосқан екен,
Жақсыға жан таласса, бостан екен,
Ерте өткен Сейфүлмәлік, Жамалдайын,
Екеуін сәтіменен қосқан екен».

Кісі еді назаркерден¹ Кенесары,
Сөзінің сол уақытта өтті зары.
Қадалып бүйрегінен шаншу болып,
Бұзылып сала берді сонда әрі.

Ағыбай бір халатте² жабық жапты,
Кене хан парық қылмай назар сапты.
Болғанда жабық жауып есіне кеп,
Өзінің назарынан қауіп алыпты.

Құданың құдіретімен барып көрді,
Өкініп көргеніне көңілін бөлді.
Кене хан парық қылмай назар сапты,
Артынан кідірместен хабар келді.

— Алдияр, Кенесары батыр, — дейді,
Болмайды айтпайынша ақыр, — дейді.
Ойнап-күліп отырып талып қалды,
Келінің шыдай алмай жатыр, — дейді.

Естіп ханымменен бәрі келді,
Қобырап жан-жақтары жайылды енді.
Ай тұяқ айтып сойып, ем-дом қылып,
Баршасы ұрғашы-еркек қиылды енді.

Тіп-тіке сонда Кене тұрды дейді,
Мойынын тұрған жаққа бұрды дейді:
— Жарандар, шешіндіріп қараңдаршы,
Ғаріпті өз назарым ұрды, — дейді.

¹ Назаркерден /парсы/ — Құдай сақтайтын, Құдай қорғайтын.

² Халат /араб/ — хал, жағдай.

Назары Кене ханның өткен екен,
Ғаріпке ажал уақыт жеткен екен.
Қараса ханымдары шешіндіріп,
Қарайып екі өкпесі кеткен екен.

Ғаріпке қаза тағдыр жетті дейді,
Ризығы бұл дүниеден бітті дейді.
Бейхош¹ болған бойымен үш күн жатып,
Ақыры бұл фәниден кетті дейді.

«Қалуенна аллаһи ражиғун²» хабар берді,
Естіген жаназаға бәрі келді.
Көз көргеннің баршасы іші күйіп,
Қайғырып, барша халық жиылды енді.

Бір Құдай қысқа қылды өмір жасын,
Науан әбден аударған ықыласын.
Ақыры жайын қазып бітірген соң,
Оқыды жұрт жиылып жаназасын.

Қабырға жаназалап қойды барып,
Қайғырады барша жұрт назаланып.
Жұрт бытырап кеткен соң жай-жайына,
Сөйлейді Науан біраз домбыра алып.

Қырық жігіт қол қусырып отыр қарап,
Баршасы тамақ ішпей бауыры жарап.
Көңілінен қасірет-қайғы шыға ма деп,
Әкелді ордасына қымыз-шарап.

Дүниеге қарамайды назар салып,
Батпады ұсынуға ешкім алып.
Ер Науан Қанышаны ойлап кетті,
Көзінен батыр Науан жасын алып.

Сонда Науан сөйлейді:
«Қырық жігітім, тыңда, — деп.
Біразырақ сөйлейін,
Естіңдер менен гәп».

Қасірет ұрып ер Науан
Сөз сөйлейді термелеп,
Домбыра бетін ұрады
Бес саусақпен сермелеп.
Көкбесті атты қаңтарып,
Байлап қойды кермелеп.
Көзінен жасы ағады,

¹ Бейхош /парсы/ — көңілсіз.

² Қалуенна аллаһи ражиғун /араб/ — Аллаға тәнбіз әрі Оған қайтушымыз.

Бұршақтай болып ермелеп.
Сөз сөйлейді былай деп:
— Он сегіз мың ғаламды
Жаратқан жалғыз Құдай, — деп,
Тағдырдан қайыр іс болмас,
Пенделікпен отырмыз,
Көнбегендей қайғы, — деп.
Жаман, жақсы болса да,
Алланың бәрі әмірі,
Қайғы ұрған болмас түкке сеп.
Құлағың сал, қырық жігіт,
Мен сөйлейін саған кеп.
Ойлайсыздар, қырық жігіт:
Бір қатынға қайғырып,
Мұнша неге солды? — деп.
Мен ойлаймын ісімнің
Ырымы жаман болды деп.
Қанышаны алғанда,
Ойлап едім, қырық жігіт:
Басыма бақ қонды, — деп.
Жарасып жарым қосылды,
Енді жолым болды, — деп.
Ашылар енді бағымыз,
Дүниеге көңілім толды, — деп.
Ойлап едім, қырық жігіт:
Әр іске бұл іс нұсқа, — деп.

Бұл баянсыз болғанға,
Тез қуарып солғанға,
Қауіп қылып қатты қорқамын
Шықсам қазір тысқа деп.
Өзім қылған жобадан.
Өмірім де менің қысқа деп.
Және көңілім қорқады,
Ай, қырық жігіт, ойлама,
Науан мұнша састы деп.
Қанышаны алғанда
Ойлап едім ішімнен,
Енді бақытым асты деп.
Түбін ойлап қорқамын,
Мені сіздер сөкпеңдер,
Көзінің жасын шашты деп.
Көңіліме солай алып ем,
Қайырлы болса әуелгі іс,
Қыла алмас дұшпан қасты деп.
Опасыз болды бұл ісім,
Қайғы кіріп көңіліме,

Тарылып тұр тынысым.
Ойран болды мұкаммал¹
Тірілікке арнаған
Алғашқы менің жұмысым.
Қайта ма деп қорқамын,
Әр іске бұл іс нұсқа боп,
Енді менің ырысым.
Қаншайымдай жар маған
Іздесем де табылмас.
Хұзыр шалған жігіттің,
Қанша жаумен соғысса,
Басына қылыш шабылмас.
Ырғасы² келген азамат
Еркіне салса не қылмас.
Айыбы болса қауызымның
Елге шапшып, мін қылма,
Пеңде болмас жаңылмас.
Уайым – ердің қорғаны,
Түбін ойлап айтамын,
Не салса көнер ғазиз бас.
Әй, қырық жігітім, қырқарым³,
Бері таман келіңдер,
Жазудан бөлек іс болмас.
Шабысып жаумен жүріңдер,
Қанышаның өзінің
Иіні тиген киімін
Жуғандарға беріңдер.
Өзіне опа қылмаған,
Қызықпалық дүниеге,
Мұны қабыл көріңдер.
Қырық жігітім, қуатым,
Дүниелікті жиыңдар.
Көңілім суып, басылсын,
Мүлкі ойран деген осы деп,
Бір-екі бауын қиыңдар.
Тәубе қылдым, Құдай-а,
Қата сөзім ғафу қыл,
Мұным қызық, жарандар.

Жаманға жолдас болғаннан,
Бойдақ жүрсем біраз жыл,
Он сегіз мың ғаламға
Падиша болған Иләһим⁴.

¹ Мұкаммал /араб/ – байлық, дүние-мүлік.

² Ырғасы – шама-шарқы, желісі.

³ Қырқар – қылыш.

⁴ Иләһи /араб/ – Алла.

Тағдырыңа тәбділ¹ жоқ,
Не қылсаң, Алла, өзің біл.

Қырық жігітім, жолдасым,
Туғаннан соң хақ өлмек,
Жаман, жақсы әр істі
Өлгенінше көрмек хақ.
Ажал ілкі тұтқанда
Нәжіс тәннен жұда қып,
Ғазиз² жанды бермек хақ.
Ырадасыз³ қайтпайды,
Басында Алла берген бақ,
Бақытты Құдай қайтарса,
Дұшпаннан пенде көрер дақ.
Ісі оңалған пендеге
Әр күн Тәңірім болар жақ.
Сесі қайтқан жігіттер,
Болмашы істен сынар сақ.

Ұзын сөздің қысқасы,
Қайғы қылып не етелік,
Би құдірет іс болмас,
Тәуекел түбі — жел қайық,
Түселік те кетелік.
Ажалсыз мақұлық өлмейді,
Тартынбай жүріп өтелік.
Мақұл көрсе Кенекем,
«Қазаққа қырғыз қас» дейді,
Соған таман жетелік.
Қырық жігітім, қуатым,
Айналайын миятым,
Туғаннан соң өлмек хақ,
Кебін тонын пішелік.
Қарсы келген дұшпанның
Қыр соңына түселік.
Йә, жатса, тұрса ілінер,
Кездесе жігіт мүшелі,
Тағдырдан қайыр іс болмас,
Ажалсыз шыбын һәм өлмес,
Алып кел шарап, ішелік.

Былайша қырық жігіт жауап қылды,
«Құлдық» деп қырық жігіт түрегелді,
Шығарып көңілінен қайғы кірін,

¹ Тәбділ /араб/ — өзгеріс, ауысу.

² Ғазиз, әзиз /араб/ — құрметті, ардақты, аяулы, қадірлі.

³ Ырада /араб/ — тілек.

Шаттанып шарап ішіп отырды енді.
Солардай өтті, кетті талай батыр,
Кім өлсе, соған түсер заман ақыр.
Аяғын қысқартайын осы жерде,
Әр ісі айта берсем толып жатыр.
Пайғамбарлар, әулиелер – бәрі де өтті,
Не жақсы сайыпқыран ерлер де өтті,
Онан соң тоғыз-ақ жыл өмір сүріп,
Жиырма бес жасында қаза жетті.
Атасы Абылай хан басында өткен,
Әуелі хан Саржан мен Қасым да өткен,
Қырғыздан себеп қылып қадір Алла,
Кене хан Наурызбаймен жасында өткен.
Қазіреті Ғали шеріні құлы өлтірген,
Бізге дұға қылыңдар сөз келтірген.
Ажалына себеп боп сол ерлерді
Қоқилаған қырғыздың ұлы өлтірген.
Жүсіпбек енді сөзін тәмам етті,
Хикая өлең қылдым талай кепті.
Бұрын жаста жазып ем қисса жолын,
Шүкір Алла, қисса боп бұл да бітті.



Бірінші мақам

Орындаған: Жұлдыз Ысқакова
 Нотаға түсірген: Қуаныш Жұмағали

орташа

О - о - оу Қо-лы-ма қа-лам ал-дым хат жаз-ға - лы

Бір қа-тар за-ман бол-ды ха-лық аз-ға-лы Жа-ма-ғат құ-лақ са-лып тың-да-са-ңыз,

Ға-жай-ып бір хи-ка-ят сөз қоз ға-лы Қо-лы-ма қа-лам а лып жа-за-мын хат

Тың-да-саң жақ-сы сөз ді кө-ңі лің шат. Іс-қыл-са ла-йық-сы-з жақ-сы кі-сі,

Ар-ты-на өле-өл-ген-ше бо-ла-ды дат. А-бы-лай-хан боп өт-кен мұ-сыл-ман-ға

Жай-ыл-ған а-ру-а ғы бар-ша жан-ға. Жет-кен соң қа-за тағ-дыр дү-ние са-лып

Қайтарымы

Қой-ыл-ған ба - та қы-лып Са-мар-қан-ға. Ар-тын-да Қа-сым-хан-ның

төрт ұ - лы қал - ды - а - у - ай И - и - и - и - и,

И - и - и - и - и - и - и - ай.

Екінші мақам

Ай, Хан бол-ды ұл-кен ұ-лы Ке не-са-ры, Дұш-пан-ға е-ре гіс-кен өт-ті за-ры.

Ер - жан - Құ - дай - мен - де һәм Нау - рыз - бай,
 Бұл төр-ті Қа-сым-хан-ның ба-ла-ла-ры. Нау-рыз-бай бір а-на-дан қал-ған е-кен
 Қо-лы-на Ке-ңе-са-ры ал-ған е-кен. Нау-ан-ның өз-ге - сі-нен жа-сы кі-ші,
 Жа-ңа-дан жо-ра жол-дас ал-ған е-кен. Қырық жі-гіт і-лес-тір-ді құ-рап а-лып
 Бә-рі-не жаб-дық бер - ді сұ-рап а-лып. Май-ха-на се-гіз қа-нат бір үй ті-гед,
 Тү - се - ді сол ор - да - ға тө - ре ба - рып.

Үшінші мақам

Әй Нау - рыз - бай қырық жі - гіт - тің ба - сын қос - ты,
 Ке-лу-ші ке-ту-ші-нің жо-лын тос-ты. Сай-ман-ның қа-ру-жа-рақ са-ран-жам қып
 Та-ла-бын өз ал-ды-на Тәңі-рі қос-ты. Бас-шы-сы қырық жі-гіт-тің ер А-ғы-бай
 "Жы - лай - ды бағым - ды аш, -деп, -пат ша Құ - дай".
 Қа-ты-рып бе-деу ат-ты да-был қой-ып Жү-ре-ді а-ла бұр-тып ер Нау-рыз-бай.

Музыкальная партитура с казахскими текстами. Пять строк нот в тональности D-dur (два диэза). Темп 12/8. Каждая строка имеет свой темп: 12/8, 14/8, 12/8, 12/8, 10/8. Музыкальные фразы соответствуют словам.

Нау - рыз - бай сон - да он же - ті жа - сын - да еді,
 Қы - рық жі - гіт са - пар қыл - са қа - сы - на ер - ді.
 О - ты-рып ша-рап і - шіп, кө - ні - лі та-сып, Қа-сын-да қы-рық жі-гіт - ке
 сөй-лей - ді ен - ді у - а ай - И - и - и - и - и,
 И - и - и - и - и - и - и - и - ай.





Жүсіпбек Шайхысламұлы (1857-1937) – ақын, жыршы, әдеби мұраларды жинаушы. Қазіргі Түркістан облысының Арыс ауданына қарасты Қожатоғай аулында туған. Ауыл молдасынан хат танып, кейін медреседе оқып, білімін жетілдіреді. Сол білім ошағында араб, парсы, көне түркі тілдерін меңгеріп, Шығыс әдебиетімен танысады. Жасынан халық әдебиетіне қызығып, оларды ел арасынан жинап, жүйелеп, жариялау жұмыстарымен айналысады. Өзі де ақындық, жыршылық жолға түсіп, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде «Қыз Жібек», «Айман, Шолпан», «Алпамыс», «Қаншайым–Наурызбай», «Мұңлық–Зарлық» сияқты ұлттық туындыларды, «Салсал», «Зарқұм», «Жүсіп–Зылиха», «Шәкір, Шәкірат», «Кербаланың шөлі», «Дариға қыз», «Қасым жомарт» т.б. шығыс сюжетіндегі халық мұраларын Қазан қаласында жариялады.



Суретші Е. Қожабеков

СЫРШЫ МОЛДА

«Сыршы молда» – классикалық шығыс сюжетіндегі ертегілердің негізінде туындаған хикаялық дастандардың бірі. Оның түпнұсқасы үнділерге «Тотының тарауы» («Шукасаптати»), ал өзге шығыс елдерінде «Тотынаме» деген атаумен белгілі ертегілер жинағы болып есептеледі. Қазақ ертегілерінің арасында осы мазмұндас «Данышпан уәзір», «Уәзір» дейтін шығармалар кездеседі. Дастанның алғашқы бөлігінде «перзентке зар болу» мотиві арқау болған. Екінші бөліміне шахзаданың белгісіз бір сұлуға сурет арқылы ғашық болуы, көнекөз қарттың, керуенбасының ақыл-кеңесі мен өнерлі ұстазы сыршы молданың айла-амалы арқылы қол жеткізуі сияқты оқиғалар негіз болады. Шығыс ертегілерінде перзентсіздік, кейіпкердің ерекше болып тууы, оқу-білімге ынталануы, суретке ғашық болуы, махаббат азабы т.б. сарындар қысқа қайырылса, дастанда эпикалық кең құлашпен, көркем түрге суреттеледі.

Туындының алғашқы бір нұсқасын Әбіш Бөгенбайұлы ел ішінен жазып алып, Қазан қаласында (1913) жарыққа шығарған. Еліміздің сирек қолжазбалар қорында дастанның Дайыр Әбдікәрімұлының «Патшаның ұлы Әбдімәлік» атты нұсқасы және шығармадағы екінші сюжет қана жырланатын Майлықожа Сұлтанқожаұлының «Жақсы найып», Ертай Құлсариевтің «Мәлік», Қайыпназар Әйтпеневтің «Жаһанша» атты дастандары бар. Олардың арасында Д. Әбдікәрімұлы нұсқасы «Қазақ халық әдебиеті» көптомдығының «Дастандар» (1990, 1-т.), Е. Құлсариев нұсқасы «Жыр-керуен» (2004) жинақтарында, Ә. Бөгенбайұлы нұсқасы «Бабалар сөзі» жүзтомдығында (2004, 1-т.) жарияланды. Дастан туралы Ә. Оспанұлы, Б. Әзібаева, А. Қыраубаева сынды ғалымдардың еңбектерінде зерттелді. Томды баспаға дайындау кезінде оның барлық нұсқалары сараланып, Ә. Бөгенбайұлы (Қазан, 1913) нұсқасы таңдалды. Түпнұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған (1193-бума).



Қолыма қалам алдым жұма күні,
 Жазып тамам әйладым¹ күн мен түні.
 Мұсаның заманында бір падиша
 Болыпты, әлеуметтер, тыңда мұны.

Өзі патша уа және қазынасы көп,
 Бұл дүние мақсұтына көңілі тоқ.
 Сексенге келген бар-дүр оның жасы,
 Арманы бір-ақ оның — перзенті жоқ.

Падиша перзент үшін жеде уайым,
 Әуелде жазбаған-дүр бір Құдайым.
 «Бір Алла маған перзент берер ме?» — деп,
 Падиша үміт етер жыл-жыл сайын.

Сексенге келді патша, әлі үмітті,
 Құдайым рахман ерүр² һәр үмітке.
 Мұсаның бір күн патша жолын тосты,
 «Бір дауа бола ма, — деп, — ішкі дертке».

Айтады: «Раббым мені патша қылды,
 Һәм өзі жарылқағай біздей құлды.
 Құданың дәрғаһына³ жеткіз, тақсыр,
 Бере ме, йә бермей ме маған ұлды?»

Жөнелді Тор тауына Мұса Кәлим,
 — Уағда бердім, айтпасқа жоқ-дүр шарам.
 Құданың дәрғаһына айтқан шақта
 Жауап берді Мұсаға Алла Тағалам.

— Махфузда⁴ оған перзент жазбадым мен,
 Сұрама жазбағанды, Мұса, енді сен.
 Барша бақытын дүниенің берсемдағы,
 Еткенмін оның басын перзенттен кем.

Пайғамбар мұны естіп қайтады енді,
 Айтқанын бір-бір бастан айтады енді.
 «Махфузда сізге перзент болмас» деген,
 Мінәжат патша Аллаға айтады енді.
 — Иләһи, пендең бар ма мендей ғаріп,
 Басыма мехнат істі қойдың салып.
 Тұяқсыз мен падиша болғанымша,
 Жасымда қойсаң еді жанымды алып.

Үйі-дүр перзенттінің гүлістандай,
 Үйі-дүр перзентсіздің шерістандай.

¹ Әйла, айла /түркі/ — істе, жаса.

² Рахман ерүр /араб, түркі/ — кеңпейілдік етуші еді.

³ Дәрғаһ /парсы/ — дәргеі.

⁴ Махфуз /араб/ — жазмыш, пешене.

Тұяқсыз мен падиша болғанымша
Жасымда жатсам не етті көрістанда-ай.

Зарланып бір күн патша тағы келді,
Ғаріптің көңілінде толған шер-ді.
— Тағы барып Құдайдан сұрап көрші,
Тіпті бала бермесе, лаж бар ма?

Пайғамбар Тор тауына келеді енді,
Айтқанын бір-бір бастан айтады енді.
«Оған бала бермеймін» дегеннен соң,
Естіп және мұны қайтады енді.

Тағы да патшаға айтты үшбу¹ жайды,
«Бермеді, — деп, — бір бала» баяндайды.
Бізге бала болмады дегеннен соң,
Патша ғаріп² бейхал³ боп зар жылайды.

Үшіншілей зарланып тағы келді,
Баяғы сөзін Мұсаға айтады енді.
— Бір тілегін пенденің бермей ме Алла?
Біз түгіл, тілек алған шайтан, — деді.

Аяңдап Тор тауына келді Мұса,
Тоқсан ауыз сөз айтты енді Мұса.
— Бұл құлың сізге зарлық етер тілеп,
Берсеңіз бір ұл нетер? — дейді Мұса.

Құдайым пайғамбарға берді жауап:
— Мені ойласа тапқаны оның сауап.
Бір ұл бердім енді оған, Мұса,
Өмірі үш күн болар оның бірақ.

Мұса қайтты Тәңірімен сөйлесіп сөз,
Алдынан тағы патша жолықты кез.
— Бір бала берді, — дейді, — сізге Алла,
Өмірі қысқа — үш күнде алады тез.

— Шын ба екен, өтірік пе екен осы сөзің,
Перзент деп сарғайды менің жүзім.
Бергені маған бала рас болса,
Бермеспін оны қайтып Аллаға өзім.

Падиша бұл сөзімен келді үйіне,
Бір қиял түсіп мұның және ойына.
Халқын жинап падиша той қылады,
Келділер көп халайық бұл тойына.

¹ Үшбу — осы, осынау.

² Ғаріп /араб/ — бейшара, мүсәпір, міскін.

³ Бейхал /парсы, араб/ — көңіл-күйсіз.

Той қылып, қазынаның кілтін ашты,
 Ғаріпке мүсәпір мен қайыр шашты.
 Бір уақта бала бітті ханымына,
 Патшаның мұны көріп көңілі тасты.

Күнде есіктен кетпейді көп халайық,
 Ғаріп-міскін¹ жатады алтын алып.
 Тоғыз ай, он күн тамам болған шақта
 Ханымнан туды айдай боп бала ғаріп.

Дүниенің төрт бұрышына салды хабар,
 Той тойлап, сауық құрып жатты олар.
 Күн өткенін білмейді, түн өткенін,
 Жиылып халайықтар ойын салар.

Ат жетерде қалмады келмеген жан,
 Танымайды бір-бірін сонша адам.
 Ғаріп-міскін теңелді үлкен байға,
 Қайырды сонша көріп падишадан.

Күнде той патша үйінде, күнде сауық,
 Еш пенде жүре алмайды жолды тауып.
 Жеті жыл өткеннен соң тақсыр Мұса
 Патшаға келді бір күн көңілі ауып.

Кереді көп халайық тойлар тойды,
 Мұсаға да әкеліп тағам қойды.
 Бір бала қызмет қылып алдында жүр,
 Пайғамбар мұны көріп ойлайды ойды.

Падишаның баласын енді білді,
 Аяңдап Тор тауына келеді енді.
 – Не себепті бұл жеті жасқа келді? –
 Деп сауал бір Аллаға береді енді.

Айтады: «Неге мұнша жасар ұзақ,
 Айтып едің: «Өмірі үш күн – аз-ақ».
 Пенде өтірік айтса егер, йә, Иләһим²,
 Айтасыз: «Орның дозақ, қатты азап».

Келіпті патша ұлы жеті жасқа,
 Деп едің: «Үш күн өмір әуел баста».
 Йә, Раббым, өтірік сөз сіз айтсаңыз,
 Жалған сөз нағып айтпас сізден басқа».

Құдайым пайғамбарға жауап берді:
 – Ей, Мұса, жауабым түр тыңдап, – деді. –

¹ Міскін /араб/ – бейшара, ғаріп.

² Иләһи /араб/ – Алла.

Садақа, қайырменен ол падиша
Тапқан-дүр зияда¹ үлкен сауап, — деді.

Естігеннен ол патша той қылып жүр,
Садақа беріп шығарды патша көп пұл.
Әр адам ұлының өмірін тілеуші еді,
Дұға әйлап жасының ұзарғаны сол.

Мұны келіп патшаға айтты тағы:
— Ұлыңның көтерілді бүгін бағы,
Құдайым ұлың жасын ұзақ етті, —
Деп айтты, — көңіліңнің кетсін дағы.

Падиша шүкірлік деп той қылады,
Бұл тойда Мұсаға да сый қылады.
Жеті жасар балаға оқу парыз,
«Молдаға берейін» деп ой қылады.

Бір молданы патша алды баласына,
Сарай сап берді шарбақ даласына.
Сегіз жылда молдаға жетті оқып,
Қарашы бұл баланың данасына.

Молдасы бек ғалым, ахун² еді,
Уа және бек зияда ақылды еді.
— Менің білген өнерім тамамдады, —
Деп бір күні баланы алып келді.

Баласын падишаның алып келді:
— Бақ берді перзентіңе Алла, — деді. —
Менің білген өнерім тамам болды,
Табыңыз менен басқа молда, — деді.

— Оқыт деп беріп едім балам саған,
Мен риза, ей, молда, енді саған.
Сенің білген өнерің білсе егер,
Соған да тәубе Аллаға, болар маған.

Сен, молда, жасың үлкен, көп көрдің жол,
Мен сені молда ғой деп тапсырдым қол.
Патшалық салтанатын құрсын балам,
Әуелден ақырына сен басшы бол.

Он бестен он алтыға келді бала,
Ақылы кәміл толған уа құтты және.
Бой көтеріп аз қызық көріп келсін,
Шәкіртің ертіп, молда, шық сахараға³.

¹ Зияда /араб/ — көп, артық.

² Ахун /парсы/ — діни атақ; білімді.

³ Сахара /араб/ — шөл дала.

Бұл сөзбенен сахараға жүрді бала,
Атына «бисмилла»¹ деп мінді бала.
Ұстазын басшы қылып, нөкер алып,
Жөнелді «тәуекел» деп сахараға.

Қайтады үйлеріне үш күн жүріп,
Патшаға сәлем берді үйге кіріп.
Көрген-білген һәммасын² баяндады,
«Уа және келдік, — деді, — ойнап-күліп».

Әлқисса, Әбділмәлік шаһизада бір күн базарға бармақ болып, ұстазын алып базарға келіп көрген нәрселері:

Ақылды пенде азар ма,
Асылдан кесең тозар ма?!
Ақылы кең ханзада
Түсті көңілі базарға.

Енді келді базарға,
Қағазым аз жазарға,
Бір дүкеннің ішінде
Жолықты бала базарға.

Ол дүкенде тон көрді,
Табылмастай жол көрді.
Бір суретке ғашық боп,
Табыларын зор көрді.

Тонда сурет сайланған,
Баланың басы айналған.
Ғашық оты дерт болып,
Мұнда тілі байланған.

Молда жаман сасады,
Көңілін бөліп басады.
Мұны көрген жамағат
Қорыққанынан қашады.

Молда келді үйіне,
Хабар берді ханына.
— Ұлыңа пәле кез болып,
Қайғы салды жаныңа.

Бір дүкенге келген соң,
Ішіне оның кірген соң,
Баланың жайын білмедім,
Жолықты қандай залымға.

¹ Бисмилла /араб/ — Алланың атымен.

² Һәмма /парсы/ — барлық, бәрі.

Баланың тілі байланды,
Менің сорым қайнады.
«Балама не іс болды?» деп,
Ата-анасы зарланды.

Алып келді молдасы,
Тамды жерге көз жасы.
— Ұлымның есі кеткендей
Не бәле берді Алласы?
Осы маған еп пе еді,
Әр нәрсе біреу деп пе еді?
Ұлыма бәле кез болды,
Бір бала маған көп пе еді?!

Падиша қып мені жараттың,
Бір балаға қараттың.
Оны маған көп көріп,
Өмірімді тар еттің.
Балама болған не қайғы,
Табылар ма бір айла?
Бұған айла болмаса,
Не керек дүние бір шалға?

Көзімнен аққан қан болды,
Басыма атпас таң болды.
Опасыз жарық сұм дүние
Тұмандатқан шаң болды.

Жан-жан балам, жан балам,
Сен едің менің бір панам.
Басыңа түсті не бәле,
Сырыңды айтшы, сен маған.
Сен сырыңды айтпасаң,
Мен де өлейін, жоқ шарам.

Еш жауап бермес бала атасына,
Көз салмас сөздің дұрыс-қатасына.
Молдаға үкім қылды енді патша:
— Жаныңда бұл баланың жатасың да.

Патша балгерлердің жиды бәрін,
Жиып алып айтады ішкі зарын.
Қожа, молда, тәуіпті жиып айтты:
— Дауасын тапқан алсын дүние, малын.

Шаһарда барша тәуіп шулады,
Падиша: «Жаз ұлымды!» — деп бұйырады.
Үш күн қарап тәуіптер жаза алмады,
Құлағы жоқ, тілі жоқ — не қылады?

Шығармас үшбу бала еш дыбысын,
Тамам халықтың алып тұр бала есін.
Үш күн қарап тәуіптер таба алмады,
Қызға ғашықекенін қайдан білсін.

Әркімнің қайғысы бар өз басында,
Бала тіпті сөз қатпас жолдасына.
Бұл халыққа бала сөз қатпаған соң,
«Сөйлетіп көр», — деді енді молдасына.

— Ұстаз хақың айтып көр, молда, оған,
Жоқ еді онан басқа мұнда туған.
Біреуге айтса сырын, сізге айтар,
Болмаса дауа жоқ-дүр тіпті бұған.

Молда келіп шәкіртіне айтады сөз:
— Неге тілің байланды, айтыңыз сіз.
Ата-анаң жолынан ауырырақ
Жоқ па еді ұстаз хақын білуіңіз.

Не бәле кез болды, жаным, сен балаға,
Басыңды салды Раббым не бәлеге?
Айтпасаң үшбу сырыңды, жаным балам,
Артармын ұстаз хақым мойныңызға.

Осынша молда айтса да сөз қатпады,
Баяғы өз ойынан еш қайтпады.
Молда жалынып осынша сұраса да,
Құлағы жоқ, тілі жоқ — сөз қатпады.

Шығармас үшбу бала еш дыбысты,
Тамам халық баланың қамын жесті.
— Бір себеп бұл тіліне болар ма екен,
Шаһзада аңға шығып келсін, — депті.

Бұл сөзбен шаһзада мінеді атқа,
Еш тіл қатпас бұл бала адамзатқа.
Жол жүріп бұлар келе жатыр еді,
Кез келді балалы үйрек жамағатқа.

Баласын тастап үйрек аспанға ұшты,
Басына ұшқан үйрек бәле түсті.
Бір уақта көктен кеп бір қаршыға
Ұшып кеткен үйректі іліп түсті.

Әлқисса, шаһзада Әбдімәліктің қаршыға іліп, үйректің өлгенін көрген соң айтқан сөзі:

— Бой таса болса егер құтылғаның,
Йә болмаса ажалға тұтылғаның.

Тіл таса қылсаң бөле қағас¹ болар,
Тілге тоқтау бермесең, құтырғаның.

Деп осылай шаһзада шықты тілі,
Естіді нөкерлердің бәрі мұны.
«Сүйінші падишадан сұрайын», – деп,
Шапқылап елге қарай кетті бірі.

Мұны естіп падиша той қылады,
Сүйіншіге биқисап² сый қылады.
Баласы сахарадан келгеннен соң
Ал енді сөйлетуге ой қылады.

Бұрынғыдай сөйлемес тағы да ұлы,
Патшаның мұны көріп қалды көңілі:
– Сүйіншіні өтірік неге алады,
Жалладтар³, ас дарға қазір мұны.

Жалладқа осылайша қылды бұйрық:
– Сүйінші неге алады ойлап сұмдық.
Баланың тілі шықты, – деп өтірік,
Келемеж қыламысың яки қулық.

Жалладтар алып мұны жөнеледі,
«Тоқта», – деді хан ұлы, бөгеледі:
– Бой таса қылсаң бөле қағас болар,
Тілге тоқтау бермесе тек өледі.

Шаһзада бұл сөзді айтып және қойды,
Мұны да қуаныш көріп қылды тойды.
Тағы тілсіз болды да, жатып қалды,
«Падиша сөйлер ме?» – деп ойлайды ойды.

– Білмедім бұл ұлымның пиғылын бұрын,
Айтпас па сізге, молда, сырын ұлым.
Сұраңыз шәкіртіңнен енді барып,
Біреуге айтса, сізге айтар, – деді, – сырын.

Молда келді сөз сұрай шаһзадаға,
Шаһизада отыр еді оңашада.
Жалынып: «Сырыңды айт», – деп қоймаған соң,
Сөйледі падиша ұлы енді мұнда.

Әлқисса, молда шаһизадаға келіп: «Хал-жайыңды айт», – деп сұраған соң, шаһизада Әбділмәлік көрген суретті тағриф⁴ қылып айтқан сөзі:

¹ Қағас – аулақ.

² Биқисап /парсы, араб/ – өте көп, сансыз, өлшеусіз.

³ Жаллад /араб/ – жендет

⁴ Тағриф /араб/ – мән, мағына, түсінік.

– Сізбенен мен базарға барып едім,
Қолыма мен бір тонды алып едім.
Салыпты бек тамаша бір суретті,
Мен соған қарап көзім салып едім.

Бір қыздың суреті-дүр ай сипатты,
Білмеймін, мағлұм емес оның аты.
Қай жерлік, қай шаһарлық, мен білмеймін,
Жоқ екен тым болмаса жазған хаты.

Көзіме көзі оның кетгі түсіп,
Қанат болса іздер ем құс боп ұшып.
«Мұны қайдан табамын?» деп айтар деп
Атама айта алмаймын мұны шошып.

Пері ме, я адам ба, мағлұм¹ емес,
Сипаты бар, жаны жоқ, сөз сөйлемес.
Сипаттап мың да бірін келтіре алман,
Жұмақта хор қызы да ондай емес.

Бір суретті көрдім мен
Ашып тонның ішінде.
Күндіз ойдан кетпейді,
Түнде уа² һәм түсімде.
Сіздің сағың сындырар,
Молдеке, менің ісім бе?

Ашып тонның ішінде
Бір суретті көрдім мен.
Ғашық оты дерт болып,
Оған мұқтаж болдым мен.
«Іздеуге атам қимас» деп,
Тілсіз, сақау болдым мен.
Мұратым хасыл³ болмаса,
Өмірімді жойдым мен.

Тұрарым жоқ жерімде,
Жүрерім жоқ елімде.
Жар-ғашығым шықпайды,
Жатсам, тұрсам көңілімде.
Дауасы мұның табылар,
Атам жисын елімді.
«Жылаумен күні өтсін», – деп,
Бір мазарат⁴ көрінді.

¹ Мағлұм /араб/ – белгілі.

² Уа /араб/ – және.

³ Хасыл /араб/ – жүзеге асу.

⁴ Мазарат /араб/ – зираттың көпше түрі.

Ол жарымды көрмесем,
Тірі болып жүргім жоқ.
Хор қыздары келсе де,
Мойнымды бұрғым жоқ.
Атам ақыл таппаса,
Өткені-дүр дүние жоқ.

Молда естіп бұл сөзді қуанады,
Көңілінде үшбу сөзді құп алады.
«Балаңыз қызға ғашық болыпты» деп,
Патшаның құлағына сөз салады.

Падиша бұл сөзбенен жиды жұртын,
Жинап алып айтады ішкі дертін.
«Бір қызға ұлым ғашық болыпты» деп,
Айтады перзентінің хикаятын.

– Бүгін-дүр сіздерге, жұртым, мехнат¹ күні,
Сіздерге баяндайын енді мұны.
Жиылған көп халайық, ақылын тап,
Қалайша табылады мұның жөні?

Жиылып келген әлеумет,
Қайғыға салды Құдірет.
Бір суретті көрумен
Ғашық бопты ол перзент.
Ақылы мұның болмаса,
Ішіне түсер қайғы-дерт.

Я адам ба, пері ме,
Перзентім мұны көрер ме?
Іздеп барса перзентім
Аман болып келер ме?
Хан адасса ақылынан,
Жұрты ақыл берер ме?
Әлеумет, ақыл табыңдар,
Бұл қайғыны жабыңдар.
Үйде бекер тұрмаңыз,
Әр тарапқа шабыңдар.
Жер жүзінде бар болса,
Оны іздеп табыңдар.

Айттырып оны келіңдер,
Қалыңмалға сөйлесіп,
Бар малымды беріңдер.
Бар малым егер аз болса,
Өз басымды беріңдер.

¹ Мехнат /араб/ – ауыртпашылық, бейнет.

Перзентім бізден кетпесін,
Қайғылы бізді етпесін.
Бізге деген дұшпандар
Мұратына жетпесін.

Жиылып барша жұрты келіседі,
Бәрі де тонды ашып көріседі.
«Жаһанда мұндай жанды көрдің бе?» — деп,
Жамағат бір-бірінен сұрасады.

Хан байғұс қайғы-дерттен жүре алмады,
Жиылған жұрт бір хабар бере алмады.
Бір адам білер ме деп ойлап еді,
Еш де бір мұрат асыл бола алмады.

Көрмедіңіз мұндайды,
Хан сөзіңді тыңдайды.
Болмаған соң бір хабар
Жалғызы үшін зарлайды.

— Тағы да ақыл табыңдар,
Әрғарапқа шабыңдар.
Қол астымда, халайық,
Келмеген адам бар шығар.

Келмеген адам бар болса,
Шақыруға барыңдар.
Бұл сөзімді ол жанның
Құлағына салыңдар.
Ол адам да естісін,
Ханының қандай зары бар.

Хан сөзін жария қылды қарындасқа:
«Кім ие, балам кетсе, мал мен басқа?».
Бар екен келмей қалған бір кәрі шал,
Қарт адам келген екен үш жүз жасқа.

Бір жігіт шақыруға келді барып,
Атқа салып әрең деп келді алып.
Хан шақырды деген соң лаж бар ма,
Жағын байлап келіпті бұл шал ғаріп.

— Хан тақсыр, не мақсұтқа шақырдыңыз?
Келіп тұр шақырған соң пақырыңыз.
Хан сонда тонды әкеліп салды алдына:
— Мағлұм болса, айтыңыз, сізге осы қыз.

Әлқисса, шал тондағы суретті көріп, патшаға қарап айтқан сөзі:

— Көпке келген қарт едім,
Дүниені кезген сарт едім.

Бұл заманның алдымын,
Бұрынғының арты едім.

Әртарапқа жүргенмін,
Талай жерді білгенмін.
Қалай шаһар кезгенмін,
Өз елімнен безгенмін.
Керуен болып қыдырып,
Талай дәурен сүргенмін.
Ханға талай барғанмын,
Қалай тарту алғанмын.
Мейман болып әр жерге,
Талай да қызды көргенмін.

Көргенім жоқ мұндай жан,
Көрдім сурет, болдым таң.
Мұны менен сұрама,
Мен білмеймін, тақсыр хан.

Сонда да ақыл айтайын,
Менің тілім алсаңыз.
Тоғыз жолдың торабы,
Соған бір үй салсаңыз,
Алып барып бұл тонды,
Үй ішіне жайсаңыз.
Өткен-кеткен керуеннің
Бәрін мейман қылсаңыз.

Келтірсе мейман Құдірет,
Жайылып тұрса бұл сурет,
Танымас па бір адам?
Жөнін айтса бір адам,
Сонда қайғың кетпес пе,
Жұрт иесі, тақсыр хан!

Хан қарияның бұл сөзін қабыл алды,
Баласы баяғыдай жатып қалды.
Хан тапсырған молдасы алтын алып,
Шалдың айтқанжолына бір үй салды.

Көп керуенді тоқтатып мейман қылар,
Керуеннің жолын тосты енді бұлар.
Өткен-кеткен баршасы тек кетпейді,
Атты-жаяу болса да мейман болар.

Бұл бойменен молда бір жыл жатты,
Қолынан талай керуен тағам татты.
Бір жыл болды бермейді ешкім хабар,
Молдаға бұл суреттің дерті батты.

Бір күні үш жүз түйе келді керуен,
Мейманхана үйіне кірді керуен.
Жаюлы тұрған тонның суреттерін
Баршасы ғажап етіп көрді керуен.

Суреттен көз айырмас керуенбасы,
Өтпейді тамағынан ішкен асы.
Қойған тағам алдында, тек қарап тұр,
Суретте баршасының тамашасы.

Астарын ішіп тамам болды керуен,
Молда айтты: «Үйге әкеліп қылдым мейман.
Қойған тағам бәрі де текке қалды,
Суретке қарайсыздар сіздер неден?».

Керуенбасы сөйлейді ішкі сырын:
– Қалмасын көңілінде, молда, кірің.
Жаны болса, «хан қызы» дер едім мен,
Суреті-дүр құр жасалған, жаман жерің.

Бар еді патшамызда осындай қыз,
Себебі үшбу¹ ерүр² тамашамыз.
Еш бұзығы жоқ, тұрар тап осындай,
Құдайым айттырмасын өтірік сөз.

Сол қыздың қырық кәнизакі³ қасында тұр,
Алтын тәж, бақ-дәулеті басында тұр.
Көрген жан мүптала⁴ боп кетуші еді,
Жаны жоқ сол ханшамыз осында тұр.

Қуанып молда сөйлер тіл мен жақтан:
– Сұрап, мейман, күтемін иман Хақтан,
Шаһарың не-дүр, керуен, жерің қайда,
Уа және келесіздер қай тараптан?

Керуенбасы сөйлейді: «Тыңда сөзім,
Сапар әйлап ашылған менің көзім.
Тоғыз айлық жол болар үшбу жерден,
Ирияның керуенімін менің өзім».

– Үшбу қыз, керуен, бар ма, яки жоқ па,
Бар болса және айтқын қай тарапта?
Күйеуге берілген бе, бермеген бе,
Керуенбасы, тағы да мұны анықта.

– Ирия шаһарында патша қызы,
Дүниеде бар, тиген жоқ күйеуге өзі.

¹ Үшбу – осы, осынау.

² Ерүр – еді.

³ Кәнизак /араб/ – қызметші.

⁴ Мүптала /араб/ – пәле; пәлеге жолығу.

«Күйеуге тимеймін» деп уағда қылған,
Шарт қылған бір уақытта бар-дүр сөзі.

– Не шарты бар, күйеуге неге тимес?
Серт екен мынау өзі пенде сүймес.
Күйеуге тимейтұғын себебі не?
Қыз ерге тимей ме екен, еркек емес.

Керуенбасы сөйлейді бастан-аяқ,
– Не етейін мен сырымды сізден аяқ.
Қызы үшін патша салып алтын сарай,
Орнатқан айналасында бір бақ шарбақ.

Айтайын ол бақшаның мен сипатын,
Көрсө ғажап қыла-дүр жамағатын.
Сандуғаш, бұлбұл, тоты — бәрі сонда,
Келтірмен мыңнан бірін сөзбен шартын.

Кірсең, шыққың келмейді ол бақшадан,
Бір тоты ол бақшадағы салыпты ұя.
Балапан ұшар мезгіл болған шақта
Ол бақтан бір өрт шықты, тыңда және.

Күйдірді ол бақшаны өрт шыққан соң,
Сөндірді көп халайық өрт шыққан соң.
Қаныша қарап сол кезде тұрған екен,
Жалыны терезеден кеп шыққан соң.

Қаныша сол уақытта тұрды қарап,
Ой ойлап, көңілі болып әрбір тарап.
Ұясы ағашымен күйгеннен соң,
Тотықұс төбесінде жүрді зарлап.

Ағаштың төбесінде жүрді тоты,
Шалады бұл тотыны өрттің оты.
Еркек тоты жоламай қашып кеткен,
Ханшаның мұны көріп кетгі құты.

Балапаны үшін ұрғашысы өліп қалды,
«Аһ» деп ханша сол кезде ойына алды.
«Бала үшін ана ғаріп өледі екен,
Мен де осындай болармын, не етем байды?»

Тимеймін не қылсам да енді байға,
Өтсе дәурен айналып, келу қайда?».
Қанышаның қылған шарты осылайша,
Келді ме көңіліңіз, молда, енді жайға?

Молда есітіп бұл сөзді қуанады,
Көңілінде үшбу сөзді құп алады.

Патшаға алып барып керуендерді,
Бәріне алтын-күміс сый қылады.

Патша керуенге көп берді малды,
Беріп барша сырларын тамамдады.
«Бұл алтын, күміспен кестім тілің,
Жеріңе айтып барсаң не лаж бар-ды».

«Айтпаймыз», – деп керуендер ант ішеді,
Бірқатар сол арада күн кешеді.
Қырық қашырға азық пен алтын артып,
Молдекең керуенменен жол түседі.

Жүрмекші керуенмен болды молда,
Шаһзада бұл халді білді сонда.
Молдасымен сапарға бір баруға
Атасына хабарды берді сонда.

Атасы рұқсат берді баласына,
Көзінің ағы менен қарасына.
Алтын шатыр, арымас ат, тон алып,
Қырық қызметкер және алды өз қасына.

Әлқисса, Әбгілмәлік керуенмен жүрмекші болып, шаһарған шыққан соң, атасына, ел-жұртына айтқан сөзі:

– Қайран атам, жан атам,
Айырылмас едім, жан атам.
Басыма қайғы түскен-дүр,
Өрт болып ішім піскен-дүр.
Кетемін деп ойлап па ем,
Қоймады үйге бұл қапа.
Бұл суретке дос екен
Не Раббым-дүр, не шайтан.
Сурет тонға сызылған,
Көріп көңілім бұзылған.
Көріскенше күн жақсы,
Қош, аман бол, атажан.

Қай уақытта келермін,
Жүзіңді қашан көрермін.
Өзім туып көрмеген
Жерлерде, ата, жүрермін.
Ата, аман бол көргенше,
Және айналып келгенше,
Жыл он екі ай болғанда
Бір хабарды берермін.

Зар жылап шаһизада жолға түсті,
Зар жылап елін қимай зорға түсті.

Алты ай жүріп келеді сапар шегіп,
Талай жердің дәмін татып, суын ішті.

Келділер тоғыз ай сапар жүріп,
Көрмеген ғажаптарды жолда көріп.
Қадам басса, жер-суы – бәрі бөлек,
Қабылан, шері, жолбарыс жүр жүгіріп.

Киік пен арқар, бұғы, маралдары,
Жанында жүгіріп жүр балалары.
Неше түрлі құс, аңның бәрін көріп,
Айтысып кетті естен саналары.

Бұл сипатпен тоғыз ай жүреді жол,
Ат арымас, киім көп, тамағы мол.
Тоғыз ай тамам болған уақытында
Ирия шаһарына айрылды жол.

Керуен мен шаһизада уа һәм молда,
Ирияның шаһарына келді сонда.
Керуенге алтын-күміс беріп айтты:
– Еш жан келді деменіз еріп мұнда.

– Айтпайық, – деді керуен, – тірі жанға.
Жатқызып шаһзаданы сол араға,
Сыршы тонын үстіне киіп алып,
Керуенмен кірді молда Ирияға.

Шаһарды қыдырады бастан-аяқ,
Бір қолында шелегі, бар-дүр таяқ.
Жолықты бір бай бұған келген жерден:
«Үйім бар, сырлаймысың, ей, сен саяқ?»

– Сырлаймын мен үй, жанмын сырлай жүрген,
Талай үйді мен бұрын сырлап көргем.

– Ақысына не аласың, сыршы, айтқын,
Аласың оның үшін қанша менен?

– Ақымақсың ба, ақылың бар ма сенің?
Аласың қанша баға дейсің менен.
Әуел менің өнерім көріп баға қой,
Алмаймын жақпаса ақы сенен.

– Жарайды, олай болса, сырла үйім,
Берейін жақса өнерің, көп пұл-бұйым.
Бұл сөзбенен сырлады үйін молда,
Алмайынша сол байдан жалғыз тиын.

Бір уақта үйін сырлап молда болды,
Әуелі бір үй сырлап салды жолды.

Сонан соң бірден-бірге кетті алып,
Бірінен-бірі береді артық пұлды.

Бірінен-бірін сырлар молда артық,
Болмайды хатқа жазып, тілмен айтып.
Бұл хабар естіледі падишаға,
Үйі бар, шақырмасын ол да қайтіп.

Шақырған молда келді падишаға,
— Бір үй салып беріп едім ханшаға.
Сол үйімді сырлап бер, сыршы, маған,
Аласың оның үшін қанша баға?

— Ақылсыздың айтасыз сөзін, патша:
«Аласың, — дейсіз маған, — баға қанша?»
Мен еш нәрсе алмаймын сізден бұрын,
Бірақ маған нөкермен келсін ханша.

Ханшаңыз жолдасымен маған келсін,
Боларсыз, патша, разы сырлап берсем.
Бұл сөзбен қызын шақыртып алды патша,
— Ал, сыршы, қызым мынау, — деді, — көрсең.

Сыршы көрді бұл келген Қанышаны,
Қырық кәнизаккеліп тұр бұған бәрі.
Ғажайып мұндай дидарды пенде көрмес,
Тағат қып тұра алмас адам жаны.

Әрқайсысын сипаттап көреді анық,
Адам қызы болды екен бұлар неғып.
Киімдері хале¹ тон деп ойлайсың,
Дидарлары хор қызы, тұрса бағып.

Көріп болып молда: «Жарар, — деді, —
Бар ма адам үйге алып барар?» — деді.
Үйді сырлай бастады келген молда,
Крилсадан² әуелі сырлайды енді.

Сырлайды әуелгі үйге молда кіріп,
Сипатын жаза алмадым мен келтіріп.
Қанша өнері болса да аямайды,
Қайсыбірін жазайын мұның теріп.

Біріненбірін сырлар бұл зияда³,
Көрген адам қылғандай жанын пида.
Ең төр үйіне келген соң Қанышаның,
Суретін қыздарымен жасайды енді.

¹ Хале /араб/ — алтын жіпшен тігілген салтанатты тон

² Крилса /орыс/ — есік алды.

³ Зияда /араб/ — көп, артық.

Бойындай әрқайсысының бойы бар-ды,
Ханшаның қырық қызымен нұры бар-ды.
Әрқайсысын өзіндей жасап қойып,
Тағы да бір қиял іс ойына алды.

Қарсы алдынан жасайды ханның ұлын,
Қырық жігіті жанында салар ойын.
Алтын тақтың үстіне отырғызып,
Көрсен жаққа таянып отыр қолын.

Алдына орнатады бақ шарбақты,
Ішінен ағызады бір бұлақты.
Неше түрлі шарбақтың құсын жасап,
Төрт киік бұлаққа әкеп және орнатты.

Орнатты төрт киікті су басына,
Екеуі ерген лақ анасына.
Бірі ата, бірі анасы лақтардың,
Жасады шаһизаданың дәл қасына.

Су іше келген киік лақтардың,
Ағыны қатты екен бұлақтардың.
Суға кетіп барады екі лақ,
Жамағат, салғын бұған құлақтарың.

Байқамай суға кетті екі лақ,
Соңынан еркек киік түсті жылап.
Ұрғашысы анадай жерге барып,
Ғажаптанып тұрады, шыдап қарап.

Осылай сырлап болып берді хабар,
Үйді көре болған соң келділер.
Бірінен бірі артық сырланғанын,
Баршасы тамаша етіп көрділер.

Ең төр үйге келеді бұлар ақыр,
Көрісіп бастан-аяқ келе жатыр.
Бөренеге жабысып тұрған өзін,
Көреді қырық қызымен ханша пақыр.

Шошып біраз тұрды да келді жақын,
Ғажайып дәл өзіндей көрді қалпын.
Бірақ сурет, жаны жоқ демесеңіз,
Тап өздері ұқсасты екен, халқым.

Ханша ғажап болмасын бұған неғып,
Тағы да оңды-солға тұрды бағып.
Дидары өздерінің порымындай,
Жүргізіп сөйлетпеген неғып жан қып.

Тағы ханша қарайды оңды-солға,
Тағы да ғажап сурет көрді сонда.
Алтын тақтың үстінде бір шаһзада,
Көрсө жағын таянып отыр қолға.

Алдында қырық өнерпаз бар жігіті,
Көрген адам ақылы қалмас тіпті.
Ханның ұғын көрген соң Қанышаның
Ақылы қалмай басында сауал етті.

— Мұның кім, сыршы, айт маған,
Болайын разы мен саған.
Суретін ғажап жасапсың,
Айтқын жайын, не адам?
Сауалына Қанышаның
Сыршыдан шықты бұл кәлим¹.

— Сүйеді әркім өз елін,
Өз елімде гөзәлім².
«Жақсыға жақсы әуес, — деп, —
Шаһзадамды көрсін», — деп
Жасап едім, жақпаса,
Өшірейін, жоқ шарам.

— Рас па, сөзің, жалған ба,
Бойдақ па, қатын алған ба?
Шаһзада ма, қара ма?
Айтшы жайын сен маған.

Сыршы жауап әйлайды:
— Қатыны жоқ, алмайды,
Өзіне-өзі серт қылған,
Басына бәле салмайды.

— Қатыннан еркек ұялмас,
Себебі не-дүр, неге алмас?
Серт екен мынау бек жаман,
Сырыңды бізге айтпасаң,
Дертке түсер ғаріп бас.

Сыршы сонда айтады:
— Менен сауал қылғанша,
Суретке, Қаныша, көзің сал.
Шаһзада бір бақ жасатқан,
Ысырап етіп бек көп мал.
Ғажап бақша еді ол,
Ішінде аққан бұлақ бар.

¹ Кәлим, кәлима /араб/ — сөз.

² Гөзал /түрік/ — көрікті, әдемі, сүйікті.

Дағды алып бұлақтан
Су іше-дүр киіктер.
Бір уақытта бір-екеу
Су ішерге келіпті.
Жанында екі лағы бар,
Су ішіп олар тұрғанда,
Іліп алып кетіпті
Ағыны қатты бұлақтар.
Шығарып судан алам деп
Екі лақпен бірігіп,
Атасы кетіп барады,
Аллаға әйлап зар-зар.
Анасы көріп оларды,
Үркіп барып бой таса,
Қылды олардан қаша,
Кең дүниесі болып тар.

Сайранда еді хан ұлы,
Көзі көріп ол мұны,
Ақылы болды оның дал.
«Тіпті қатын алмайын,
Басыма бөле салмайын.
Енді маған тауфиқ¹ бер,
Айналайын, Хақ Жаппар.
Қатын алып не етейін,
Елімнен безіп кетейін.
Киіктей болып өлермін,
Менен бала туса егер», —
Деп осылай, ханшам-ау,
Қатын алмас шаһзадам,
Осындай қылған шарты бар.

Ханша айтты сыршыға: «Тыңда сөзім,
Мен де шарт қылып едім өзіме-өзім.
Мен дағы: «Ерге тимен» деп уағда қылып ем,
Күйген тоты көріп көзім.

Мен бұздым бүгін енді уағдамды,
Ол қабыл жұптылыққа көрсе мені.
Жақында болса, сыршы, айтқын маған,
Келейін барып көріп, келсе жөні.

— Алыс емес, шаһизада жақын жатыр,
Тұсында қақпаңыздың алтын шатыр.
Жанында қақпаңыздың шаһ жаһан
Елден безіп жолаушы болып жатыр.

¹ Тауфиқ /араб/ — жәрдем, көмек.

– Олай болса шаһыңа айтқын мені,
 Барайын бүгін оған жарым түні.
 Барып айт шаһзадаңа келеді деп,
 Айтамын өз кісімдей көріп сені.

Шелегін сыршы қарға іліп алды,
 Көңілін Қанышаның біліп алды.
 Тамамдап барша жайын шаһзадаға,
 Баяғы өз киімін киіп алды.

Түн ортасы болғанда келді ханша,
 Қасында нөкер қыздар ерген қанша.
 Көрісіп екі ғашық бір-бірлерін,
 Ғажап емес биһүш¹ боп талып қалса.

Көрісіп екі ғашық талып қалды,
 Жүзіне бір-бірінің есі ауды.
 Жанындағы жолдастары екеуін де
 Су бүркіп таң сабахта² әрең алды.

Екеуі бір-біріне жаяр құшақ,
 Көзінен жасы ағады селге ұқсап.
 Сөз орнына көздерінен жас ағады,
 «Ғашық жарым» деседі, сөздері осы-ақ.

Бойымен сөз қатпаған ханша қайтты,
 Барды да өзі жайын патшаға айтты.
 – Мен таптым өзіме тең бір шаһзада,
 Мені соған берсін, – деп хабар айтты.

Келіпті қақпаңызға ханның ұлы,
 Мен қабыл жұптылыққа көрдім соны.
 Оған атам бермесе мені егер,
 Қайтейін, баяғыдай болдым сорлы.

Атасы естіп бұл сөзді қабыл алды,
 Той қылып биқисап көп сойды малды.
 «Сүннеті Пайғамбардың осылай» деп,
 Шақырып шаһзаданы жанына алды.

Сүннетін Пайғамбардың қылды патша,
 Көп жасаумен ұзатып қызын патша.
 Қырық түйе, қырық қашырға жүгін артып,
 Және қырық піл, қырық қыз күң берді патша.

Падиша сексен нарға жүгін артты,
 Ұзатып қызын бұлай арызын айтты.

¹ Биһүш болу /парсы/ – естен тану.

² Сабах /араб/ – таңсәрі.

Суреті ғашық болған қолға тиіп,
Шаһзада шад хиррам¹ елге қайтты.

Әлқисса, патша қызын ұзатып, жолға шығарып, артынан жылап айтқан сөзі үшбу-дур:

— Япырым-ай, шын айрылдым жалғызымнан,
Жалғызым, жаным нұры, бар қызымнан.
Кім көтерер айырылмақ заһарын,
Басыма орнатылды ақырзаман.

Жылармын сені ойласам күн мен түні,
Иләһи, күнәлі етпе мен құлыңды.
Жыламаймын десем де тірі айырылған,
Жатырмын көтере алмай енді мұны.

Күнәға жазылмасын менің мұным,
Ішімде үшбу ерүр барша мұңым.
Отыз қызым болғанша, әй, дариға-ай,
Аяқ-қолы жоқ жалғыз болмады ұлым.

Ұлым болса, ол менен кетер ме еді,
Орны құрып қалыпты бүгін енді.
Бір перзентім бар еді, айрылдым мен,
Сүйермін қуаныш құрып енді кімді?

Патша жылап, зарлап кетті қайтып,
Бар сөзін уа һәм сырын, бәрін айтып.
Ғашық болған суреті қолға тиіп,
Шаһзада жөнеледі шеру тартып.

Шаһзада қырық құл, қырық күң бәріменен,
Сексен нар, алтын-күміс жасауларыменен,
Ойын-күлкі, сауықтың бәрін көріп,
Көңілінің келеділер нәріменен.

Келеді баршалары күн-түн қатып,
Болмайды шаттықтарын тілмен айтып.
Ойын-күлкі, сауықпенен енді бұлар
Салған мейманханаға келді қайтып.

Сайлады жеріне бір жігітті,
Сүйінші сұрай жігіт озып кетті.
Жол екен үш айшылық екі арасы,
Болғанда бір ай он күн жетіп келті.

Падиша отыр екен келсе жылап:
«Ұлымды есен көрсет, — деп Хақтан сұрап. —
Сабырсыздық қылғанмен келер жоқ», — деп,
Падиша отыр екен тағы шыдап.

¹ Шад хиррам /араб, парсы/ — өте қуанышты, көңілді.

Бір жыл, он ай болмаған хабарлары,
Падиша оның үшін етер зары.
Көңілі қапаланып отырғанда
Көреді келген патша бір адамды.

Қараса, өз шаһарының адамы екен,
Сүйінші барша сөздің кілті екен.
«Сөз көтерер көңілді» деген бар-ды,
Алдың жар болсадағы етер бекем.

Хабарын естіп патша талып қалды,
Қуанып бір Аллаға налып қалды.
«Сүйінші!» деп алдына келген жігіт,
Патшадан дүние-малын алып қалды.

Падиша көп жұртымен шықты алдына,
Сапар ұзақ болмайды бар малдыға.
Көрісіп ұғлыменен амандасып,
Келінін алып келді шаһарына.

Қуаныш той падиша етеді енді,
Баршасы мұратына жетеді енді.
«Мен қартайдым, ұлым таққа мінсін», —
деп патша жұртқа үкім етеді енді.

Ақыры патша болды жалғыз ұлы,
Шат болды баршасының тегіс көңілі.
Молданың себебімен һәм қарияның
Ақылыменен тапты олар мұны.

Баршасы жетті ақыры мұратына,
Қосылып ғашық болған суретіне.
Үміткер біз де жүрген ғаріп құлмыз,
Алланың қиын емес құдіретіне.

Ақыры бұл дүниеден олар да өтті,
Бір-бірлеп бізге ақыры нәубет жетті.
Халайық, қол көтеріп бір дұға қыл,
Ақыры осылайша тамам бітті.



Бірінші мақам


орташа

Орындаған: Нұрым Асқанов
Нотаға түсірген: Қуаныш Жұмағали

Қо-ды-ма Қа-лам ал-дым Әй, Жұ-ма кү-ні ай, Ей,
 Әй жа-зып та-мам әй - ла-дым Күн мен тү - ні ай, Мұ - са-нын
 За-ма-нын-да әй, Бір па-ди-ша ай - ау. Әй бо-лып-ты ә-леу-мет-тер ай.
 Қайырымы
 Тың-да мұ - ны әй. Тіп - ті ба - ла бер - ме - се ла - жы бар ма
 А - е - е - е - е ла - жы бар ма.

Екінші мақам

А - е - е Пай-ғам-бар Тор та-уы-на ке-ле-ді ен-ді ай,
 Айт - қа - нын бір - бір бас - тан ай - та - ды ен - ді.
 "О-ған ба-ла бер мей-мін"де-ген нен соң, Ес-тіп және мұ-ны қай-та-ды ен-ді ай.
 Та-ғы-да пат-ша-ға айт-ты үш-бу жай-ды, "Бер-ме-ді,-деп, бір ба - ла"ба-ян-дай-ды,
 Біз-ге ба-лабол ма-ды де-ген-нен соң, Пат-ша ға-ріп бей-хал боп зар жы-лай-ды.




Үшінші мақам



Қайырымы





Сыршы молда. Қазан, 1913.



Болат, Жанат

Суретші Е. Қожабеков

БОЛАТ, ЖАНАТ

«Болат, Жанат» – ХХ ғасырдың ортасына дейін Қазақстанның оңтүстік өңірінде кеңінен таралып, «Сауда ишан», «Опасыз ишан», «Жанат қыз» т.б. атаулармен жырланып келген хикаялық дастандардың бірі. Сюжет желісіне алыс жолға шыққан әке балаларын ишанға тапсырғаны, сенімді деген сол адамының ниеті бұзылып, аманатқа қиянат жасағаны, соның салдарынан жазықсыз қыз өлім жазасына кесілгені, соңында шындықтың беті ашылып, жалақорлар тиісті жазасын алғаны арқау болған.

Еліміздің қолжазбалар қорында туындының Н. Нысанбайұлы, С. Аққожаев, С. Нұрекеев, Б. Сүйімбаев, С. Үмбетов, Қ. Ақынбаев, Е. Сопыбеков, И. Майлықожаұлы, Б. Сидеғалиева, Б. Бектұрғанов, Ү. Даулыбаев, Ә. Әлімжанов, Ә. Бәйітов, Ө. Әлкеев, М. Сейітмағамбетов, О. Бергенов, Қ. Байболов және бірнеше белгісіз жыршылар жеткізген жиырмаға жуық нұсқасы жинақталған. Нұралы Нысанбайұлы нұсқасы ақынның «Сауда ишан» кітабында (1974), «Қазақ халық әдебиеті» көптомдығының «Дастандар» (1990, 1-т) жинағында және «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (2004, 6-т.) жарық көргі. Дастан жөнінде Ә. Оспанұлы, Р. Бердібай, Б. Әзібаева, Қ. Маханов сияқты ғалымдардың зерттеу еңбектері бар. Томды баспаға дайындау барысында оның барлық нұсқалары сараланып, сюжеті толық, тілі шұрайлы С. Аққожаев нұсқасы таңдалды. Түпнұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған (104-бума).



Бісмілла — сөздің ұраны,
 Бісмілла деп бастаса,
 Әр істің жетер мұраты.
 Әр сабақтың басында
 Бір бісмілла тұрады.
 Екі аят қып шығарған
 Бұл сөзді келіп Нұралы.
 Шоқай екен руы,
 Боралдай екен тұрағы.
 Өтірік пе, рас па,
 Нұралыға обалы.
 Назым қылып шығарған
 Сөзінің жоқ қылауы.
 Қанша айтса да тоймайды
 Тыңдаған ердің құлағы.
 Бос сөзбенен бос арқан,
 Табылса пісер бұрауы.
 Ол шығарды, біз айттық,
 Шығарған ерге сұрауы.
 Рас болса егер де,
 Бар шығар ерге сауабы.
 Бекер болса қиын жол,
 Теңдесер жерде жауабы.
 Адамның болмас айтқаны,
 Алланың болар ұнауы.

Бұрынғы өткен заманда Ноғайлы деген елінде, Шолақ деген шаһар-
 да Мақалбай деген бір бай бар екен. Болат, Жанат деген бір ұл, бір қызы
 бар екен. Сауда ишан¹ деген бір ишаны бар екен. Мақалбай бір күні Үрім
 шаһарына жол жүрмек болды. Өзі саудагер екен. Үй-жайын ишанына
 тапсырайын деп ишанына келген екен.

Бір күндері Мақалбай
 Келді жетіп піріне,
 Қараңдар сөздің түріне,
 Қол тапсырып, пір қылған
 Тәнті еді бастан дініне.
 — Айналайын тақсыр-ай,
 Жүрмекші болдым Үрімге.
 Қатын-балам үйімде,
 Көріп тұр, тақсыр, күніге.
 Аманат сізге тапсырдық,
 Біз кеттік жердің түбіне.
 Атаңа атам қол берген,
 Арамдық жоқ еді тегінде.
 Өлім бар да қаза бар,

¹ Ишан — дін басыларының жоғарғы атақтарының бірі.

Осылай кірді кеуліме¹.
 Болатым қалды қолыңда,
 Шыбын жаным жолыңда.
 Жиын болар, той болар,
 Жүргізбе, тақсыр, кеміне.
 Жанатым қалды қолыңда,
 Олай-былай боп кетсем,
 Қоса бер өзің теңіне.

Сауда ишан айтты: «Мақалбай,
 Дәулеттен асып болдың бай.
 Төрт түлік малға бірдей сай,
 Дүниеліктен кеулің жай.
 Айтпайтұғын сөз екен,
 Аузыңа алдың, бұл қалай?
 Қай жердің дәмі бұйырса,
 Айдайды екен бір Құдай.
 Мен бір дұға қылайын,
 Түрегел де қолың жай.
 Қайда барсаң, онда бар,
 Жолыңды ашсын Құдайым!
 Аман-есен келерсің,
 Көп жеме бекер уайым.
 Қашан сонан келгенше,
 Қозыңды аман көргенше,
 Тілектес болып тұрайын.
 Бес уақыт бес намаз,
 Батасын да сұрайын.
 Аманат бізге тапсырдың
 Үй-жай, қатын, балаңды.
 Күніге үш көрейін,
 Үйің түгіл, қалаңды.
 Өзің де нанба дұшпанға,
 Замана түбі жаман-ды.
 Тағы кетші дайындап
 Болат пенен Жанатқа,
 Жүрмесін жаман талапта.
 Аман-есен келерсің
 Жүре бер, ерім, тарапқа!

Осыны айтып Сауда ишан:
 «Аллаһу акбар², бар! — деді. —
 Мен де айтайын бір сөзді,
 Құлағыңды сал, — деді. —
 Қастық ойлар көп адам,

¹ Кеулі — көңілі.

² Аллаһу акбар/араб/ — Алла — ең ұлы!

Ойыңа мұны ал, — деді. —
 Адамды шайтан азғырса,
 Ақылы болар дал, — деді. —
 Ойламасын қиянат,
 Кеудемде тұрса жан, — деді.

Бұл сөзді естіп қуанып,
 Мақалбай үйге қайтады.
 Жан-тәнімен ишанның
 Бқыласын байқады.
 Ұлы-қызын шақырып
 Өсиетін айтады.
 — Ұлым, қызым, шырыным,
 Тілінен шықпа піріңнің,
 Жасыңнан әдеп үйренсең,
 Әркімнен озар ілімің.
 Не десе пірің қабыл көр,
 Болат пен Жанат, құлыным.
 Сен де тыңда, адалым,
 Дұшпанның тілін алмағын.
 Аманат Аққа тапсырып,
 Алысқа кетіп барамын.
 Дуалас болып тұра бер,
 Болат пен Жанат қарағым.

Мақалбайдың бұл сөзін
 Бәрі де мақұл қылысты.
 Тентек десін несіне,
 Тапсырған соң бір істі.
 «Тапсырды, — деп, — ишанға», —
 Қуанысып күлісті.
 Үрімге жөнep бай кетті,
 Басқарып тұрған бұл болды.
 Неше ай, неше күн болды,
 Арасында бір айдың
 Бір әдиса¹ сыр болды.
 Әуелі тату кісінің
 Аяғы мұнша жыр болды.

Бір күндері Жанат қыз
 Шай құйып отыр піріне,
 Үндемеуші еді күніге.
 Ашық болды Сауда ишан
 Жанаттың көріп түріне.
 Қыпша белді, қалам қас,

¹ Әдиса /араб/ — құпия, кездейсоқ оқиға.

Ұқсайды пейіш үріне¹.
 Адамзатқа ұқсатпас
 Қараса байқап түріне.
 «Не қылып мұнда жүрген, — деп, —
 Пейіштен ұшып келген», — деп,
 Осылай кірді кеуліне.
 Неше түрлі құбылып,
 Ұқсайды дию, періге.
 Жоқ болса да өзінде,
 Бар шығар ататегінде.
 Екі беті анардай,
 Екі көзі панардай².
 Бұл секілді сұлуды
 Көрген емес өмірде.
 Мысалы жанған жалындай,
 Ақ бетінде кіршік жоқ,
 Ақ тауықтың қанындай.

Қанша айтса да жете алмас
 Сұлулықтың түбіне.
 Есі кетіп есінеп
 Білегінен ұстады.
 Жығыла жаздап сүріне:
 «Бері отыр» деп нұсқады.
 Қыз шегініп бұлқынды,
 Ашуланып жұлқынды.
 Қара құстай қоңқаңдап,
 Қызға ишан ұмтылды.

Сонда Сауда сөйлейді:

Қарағым Жанат, шырағым,
 Бір арызым бар, айтайын,
 Естір ме екен құлағың.
 Ашық от түсті ішіме,
 Қайтіп шыдап тұрайын.
 Ішім тола қайғы-дерт,
 Көкірегім толы уайым.
 Малым түгіл, жан құрбан,
 Боламын десең жұбайым.
 Мақұлдесең белді шеш,
 Тарқасын менің құмарым.
 Сен де келдің он беске,
 Мен де келдім қырық беске,
 Қырық алтыға шығарда
 Ғашық қылды Құдайым!

¹ Пейіш үрі — хор қызы.

² Панар — шам.

Өзімді өзің ұнатсаң,
Денемді бағыш қылайын!

Естіген соң бұл сөзді,
Енді Жанат қарады.
Неше алуан құбылып,
Қасы мен көзі қиылып:
— Не дейсің, тақсыр пірім? — деп,
Қарады біраз бұрылып:
«Болмайды», — деп басын шайқады,
Ишанның ниетін байқады,
Реңі жаман құбылып.
Ашылмаған бала еді,
Ақылға диқан дана еді,
Сөз айтпады суырылып.

Анда ишан сөйледі,
Қыздан кеулі ұрылып:
— Алмасаң егер тілімді,
Көрмесең қабыл мұнымды,
Өлтіремін күмәнсіз,
Енді айтайын сырымды.
Айтпап па еді Мақалбай:
«Тәрбиат¹ қыл, — деп, — піріңді?»
Әкеңе шағып өтінсем,
Үш туша көрмес құныңды.
Абайлап қой, қарағым,
Айтқанымды ақыр қыламын!
Аштықта тағат жоқ,
Ұлы сөзде ұят жоқ,
Күніне көріп тұрғанша,
Күніне ғашық болғанша,
Пышақпенен бір-ақ ұрамын!

Осыны айтып тұрғанда,
Ишан мойнын бұрғанда,
Кетті шығып қолынан
Буыршындай ұмтылып.
Біраз қуды соңынан,
Сонда да Жанат айтпайды,
Неғып болсын құмар деп,
Әшейін қызған шығар деп.
Шыныменен кеулі ауса,
Жаманнан кеулім сынар деп.
Қылует² жайда жолығып,

¹ Тәрбиат /араб/ — жеткізу, өсіру.

² Қылует /араб/ — оңаша, құпия орын.

Екінші және сұрар деп.
Арамдық қылса мүридіне¹
Ишанды Құдай ұрардеп.

Жақсы деуші еді молдалар
Кісі айыбын ашпаған,
Мұратқа жетер саспаған.
Бұл арада жоқ екен
Екеуінен басқа адам.
Бір күндері Жанат қыз,
Шай құйып отыр тағы да.
Ішіп отыр ишаны,
Жерге қойып кесені,
Қызға ишан ұмтылды.
Қояндай қылған қу дүние
Неше әулие нешені.
Дастарқаннан әрі өтіп,
Білегінен ұстады,
«Бері отыр» деп нұсқады.
Қыз шегініп бұлқынды,
Ашуланып жұлқынды,
Қара құстай қоңқаңдап
Қызға ишан ұмтылды.
Сол уақытта бұлқынып,
Кетті шығып қолынан,
Сауданың іші қайнады
Ғашықтықтың жолынан.

Жылап-еңіреп Жанат жүр
Мүсәпірлік әлінде,
Әне-міне дегенше
Он бес күн өтті сол күнде.
Он бес күні өткен соң,
Он алты күн біткен соң,
Есінен шығып кеткен соң,
Бір күндері Жанат қыз
Құмған алды қолына,
Пірінің тұрды жолына.
Қолына суды құймаққа
Барып еді жанына,
Атаңа нәлет қу Сауда
Ұстай алды білектен,
Сүймекші болып бетінен,
Ілгері айтқан тілекпен.
Ашуланып Жанаттың
Оты шықты жүректен.

¹ Мүрид /араб/ – шәкірт.

Кеулі қатты түнерді,
Сыйды ишан білмеді.
Ашуланып Жанат қыз
Құмғанмен ұрып жіберді.
Дала боп ишан жығылды,
Басы жерге тығылды.

Қыз үйіне жөнелді,
Мына сырды білмеді
Ағасы мен анасы.
Ақыры жетер түбіне
Ишанның қылған жаласы.
Мұндай болып шықпағай
Адамзаттың баласы.
Жанатқа тиді бір кесел,
Болғанша қашан дауасы
Отыз күн жатты ишан да,
Бетінің бітпей жарасы.

«Аман-есен қайттық, — деп, —
Түйеге жүкті арттық», — деп,
Ишанға келіп түседі
Мақалбайдың сәлем-намасы.
Алдынан шықты Сауда ишан,
Ілесіп Болат баласы.
Қала алмады ишаннан
Көзінің ағы-қарасы.

Сағынып байды қалған жоқ,
Дүние тілеп барған жоқ,
Бар еді қызбен таласы.
Бай менен ишан жолығып,
Отырып жерге орнығып,
Екеуінің сырласқан
Сөзінің түрін қарашы.

Мақалбай сонда сөйледі:

— Ассалаумағалейкүм,
Алдияр, тақсыр, піріміз!
Сау-саламат жүрсіз бе,
Ашылған баудай гүліміз.
Тарыққанда жәдет¹ етіп,
Жалбарынды-ау тіліміз.
Саудагерлік құрысын,
Көрмегенді көрдік біз.
Түйеміз өліп, жүк қалып,

¹ Жәдет /араб/ — сүйеніш, тірек.

Он сегіз айда келдік біз.
 Шаһар халқы аман ба,
 Үлкен-кіші, ініміз?
 Алғаным сорлы аман ба,
 Баяғыдай заман ба,
 Аш па, тоқ па үйіміз?
 Болат келді, Жанат жоқ,
 Әлдеқандай күніміз?!
 Көргенше тағат бізде жоқ,
 Қарағым Жанат дене дініміз,
 Көзімнің ағы-қарасы.
 Сондай-ақ болып туар да
 Әр мүміннің баласы.
 Басына түспей жүр ме екен,
 Дұшпанның қылар жаласы?
 Айналайын тақсыр-ау,
 Жанаттан хабар беріңіз.

Сонда Сауда сөйлейді:

— Жанатың, Мақал, аман-ды,
 Қылған ісі жаман-ды.
 Адамзат қылмас іс қылды,
 Айтқалы келдім хабарды.
 Әркімдер келіп ойнайды,
 Қойдедім қанша, қоймайды,
 Топыр қылды сарайды
 Шаһардың күллі бойдағы.
 Бұзауды жастан қашырдың,
 Болмады-ау жұмыс ойдағы.
 Қызың, ұлың ер жетсе,
 Маңдайға біткен сор дағы.
 Әркімдер басты қызыңды,
 Жамандар басты ізіңді,
 Айуаннан да ары боп
 Қызыңыз жаман бұзылды.
 «Қой» дедім, талай зекірдім,
 Ақтадым татқан тұзымды.
 Шүкір Алла, саламат,
 Аман көрдім жүзіңді.
 Кеулі қатты түнерді,
 «Қой деп, пірім, айттың», — деп, —
 Құмғанмен ұрып жіберді.
 Есімді жидым бір заман,
 Мұнымды ешкім білмеді.
 Бетімде жарам қабағат,
 Сіз кеткен соң осындай
 Жұмыс болды алапат.

Кетеріңде баршасын
 Тапсырдың неге аманат?
 Күзетші болдым үйіңе:
 «Келе ме, — деп, — бір жаманат».
 Ендігісін өзің біл,
 Келдің, ерім, саламат!

Әлқисса, Мақалбайдың ашу оты ішіне түсіп кетті. Болатты әкеп бұйырды: «Жанатты өлтіріп, маған бір белгісін әкеп бер! Жылдам барып, жылдам келмесең, екеуіңді де ақ қылып жіберемін», — деді.

Сонда Болат үйіне шапты. Атын байлап, есікті ашып кеп қарағанда Жанаттың көзіне көзі түсіп жарқ ете қалды. Енді өлтіруге бата алмады. Не кейін қайта алмады. Мұны біреуге айта алмады. Атасының лебізін қайтара алмады. Жалғыз қарындасын өлімге қия алмай, көзінің жасын тия алмай, зар-зар жылап отырып, Жанатқа Болаттың айтқан ғазалы¹ еді дейді:

— Қарағым, Жанат, қайдасың?
 Бұл сөздің тапшы айласын.
 Кетер болдың, қарағым,
 Дүниенің көрмей пайдасын.
 Сөзімнің осы тазасы,
 Әкемнің бар еді қожасы.
 Ақыры жетті түбіңе
 Қожаның қылған жаласы.
 Кешікпей, шырақ, жылдам шық,
 Ағаңның жоқ мазасы.
 Жеткенсиді, қарағым,
 Өміріңнің қазасы.
 Нақақ болмас ақ жұмыс
 Күнәлінің жазасы.
 Әкем маған бұйырды:
 «Өлтіргін бұрын өзімнен,
 Келгін, — дейді, — тезінен».
 Өлер болдың, қарағым,
 Ишанның жала сөзінен.
 Шыбын жаным құрбан-ды
 Жалтылдап тұрған көзіңнен.
 Айналайын қарағым,
 Жауап алғын анаңнан.
 Өлетін болдың жаладан,
 Тұрғын, шырақ, киінші,
 Кетейік шығып қаладан.
 Айтқаны болды піріңнің,
 Қалмайды бұдан жан аман,
 Не десе пірі ұнайды,

¹ Ғазал /араб/ — лирикалық өлең өлшемі.

Безді атаң баладан.
Тұрғын, шырақ, кетейік,
Жылап тұрып өтейік
Дәурен сүріп даладан.

Осыны айтып тұрғанда
Кіріп кепті анасы,
Жылап, еңіреп тұр екен
Қызы менен баласы.
«Не болды?» деп сұрады,
Ұлы-қызы жылады,
Бағанағы жұмыстың
Бәрін де баян қылады.
Хабары жоқ сөз еді,
Сорлы анасы жылады-ай.

Анасы сонда сөйлейді:
— Есімнен тандым мен, — деді,
Жалғыз өзі кетпесін,
Бірге кет, Болат, сен, — деді.
Сорлы ананың ермегі.
Қарағым, екі көдегім¹,
Кешікпей енді жөнелгін.
Шыныменен айырылсам,
Кешікпей мен де өлермін.
Барды жоқ қып жіберген
Құдіреті күшті Құдайдың,
Құдіретіне не дермін?
Тұрғын, балам, кешікпей,
Ұзап кетші алысқа,
Білінбей кетсін дерегің.
Нәсіп қылса бір Алла,
Мақшар² күні көрермін.
Осыны айтып анасы,
Құшақтап тұрды баласы.

Сонда Жанат сөйлейді:

Аман бол да енді, шешем-ай,
Қалмаймыз мұнан есен-ай.
Ақыры жеттің түбіме
Жүзі қара ишан-ай.
Сүтіңе, ана, ырза бол,
Кешпей ме әкем, кеше ме,
Біздерге қылған күшіне-ай.
Зарланбай, ана, ырза бол,

¹ Көдек /парсы/ — бала, сәби.

² Мақшар — қиямет күнінде адам баласының күнәсі тексерілетін орын.

Алланың қылған ісіне-ай.
Әкеме сәлем дегейсің,
Ишанменен қосылып
Мерекесі көбейсін.
Ұлың мен қызың өлді де,
Мұнан артық не дейсің?
Өлімге бізді бұйырды,
Білмеді рас, жалғанын.
Пенде қара десе де,
Өзіне аян ананың.
Ақиқат болар бұл жұмыс,
Ақыры шайнар бармағын.

Осыны айтып баласы,
Құшақтап тұр анасы.
Бет-бетінен сүйеді,
Іші оттай күйеді,
Ішін өртеп от қылды
Қос перзенттің күйігі.
Анасы айтты: «Жан балам,
Сөзге құлақ сал, балам!
Нәсіп болса көрермін,
Тапсырдым Аққа, бар, балам!»

Жөнелді бұлар бірлесіп,
Бір атқа екеу мінгесіп.
Еш адамға білдірмей,
Шешесімен тілдесіп.
Ілімі ғайып жұмысқа
Бола ма пенде күн кесіп.

Енді заулап жөнелді,
Бірталай жерге келеді,
Шыққан жерде шаһардан
Артынан бір ит ереді,
Болат пен Жанат көреді.
Артындағы Жанат қыз
Болатқа сөйлей береді:

– Айналайын жан көке,
Кеуліме кірді бір ақыл,
Көрсеңіз егер сіз мақұл.
Қашқанменен бұл елден
Құтылмаймыз біз ақыр.
Қайда барсам әбүйір
Артымда сенің қалғаның,
Бәрінен де сол абзал
Әкемнің тілін алмағың.

Итті атып өлтіріп,
Киімімнің бәрін қандағын.
«Өлтірдім, — деп, — қызыңды»,
Әкемді барып алдағын.
Қоя бер мені далаға,
Көрермін басқа салғанын.
Киімімді көрсетші,
Әкемнің жалғыз өзіне.
Көрінбесең іздетер
Әуелгі келген кезіңде.
Қанша жігіт ертіп ап,
Түсіп алар ізіңе.
Киімімді көрген соң,
Алдына бәрін үйген соң,
Неше Құдай ұрса да
Иланар ма екен сөзіңе?
Екеуіміз бірдей өлмейік,
Жол азабын көрмейік,
Сен қайтшы, көкем, тезіне!

Сол уақытта ол Болат
Қорамсаққа қол салды,
Қозыжауырын оқ алды.
Қаһары қатты тұтасып,
Ойламай тұрды обалды.
Жүрек, бауыры езіліп,
Кеулі болды қараңғы,
Бәрінен бауыр жаман-ды!
Садағын алып безеді,
Атайын деп кезеді.
Болаттың кеулі бұзылып,
Итке айтқан мынау сөзі еді:

Е, жануар бейзабан¹,
Атпаққа көңілім тігілді,
Көтерсін Сауда құныңды.
Тілектес боп шығып ең,
Тастайын деп пе ем түгіңді?
Риза бол жолдас ақыңа,
Керекке терек жығылды.
Осыны айтып болды да,
Садағын тартты шіреніп,
Қыңсылап ит құлады.
Тұмсығы жерге тіреліп,
Болаттың көңілі бұзылды.
Жүрегі қатты күйініп,

¹ Бейзабан /парсы/ — тілсіз, мылқау.

Іші толды шеменге,
 Қабағы тастай түйіліп:
 – Йә, жануар бейзабан,
 Жетті, міне, ажалың!
 Келер күні белгісіз
 Ажалы тағдыр қазаның.
 Бүліндірген бейкүнә
 Ишанға болсын азабың.

Осыны айтып болды да,
 Киімін шешіп алады.
 Іші-тысын толтырып,
 Жылыдай қанын жағады.
 Аппақ еті жалтырап,
 Жалаңаш Жанат қалады.
 Жанаттың Болат бетіне
 Жылап-жылап қарады.
 Төсін басты Жанат қыз,
 Қайтемін, көке, мынаны?

Сонда Болат сөйледі:

Айналайын, қарағым,
 Қан болып қалды-ау көйлегің,
 Кәрі тартар мені күйігің.
 «Итті атып өлтіріп,
 Киімімді қанда, – деп,
 Әкемді барып алда», – деп,
 Осы еді айтқан бұйымың.
 Айналайын қарағым,
 Сені тастап далаға,
 Ауылға қайтіп барамын?
 Еш болмаса жоқ болды
 Ақылдасар адамым.
 Мені де әкем өлтірер,
 Тірі деп шықса хабарың.
 Қарағым, сені көрерге,
 Бар ма екен тағы заманым?
 Өтірік пе, рас па,
 Аллаға аян сырыңыз,
 Қиянат қылды піріңіз.
 Көргенше сахат¹ тұрыңыз,
 Қарағым, сені көрерге
 Бар ма екен тағы күніміз?!

Осыны айтып болды да,
 Көзінің жасын төгеді.

¹ Сахат /араб/ – сау, саулық, амандық.

Бірін-бірі құшақтап,
Бет-бетінен өбеді.
Айдалада мұңдасты
Маралдың екі көдегі.
— Аман бол, Жанат! — деді де,
Енді Болат жөнелді.

Енді Болат қыр асты,
Болаттан Жанат адасты.
Құдіретімен Құдайдың,
Он бесінде жар асты.
Енді Жанат ақырды,
Нар бурадай бақырды,
Тоқта, — деп, — көке! — шақырды.
Жетіп келді секіріп:
— Не айтасың? — деп өкіріп.

Анда Жанат сөйледі:
Айналайын жан көке,
Сөзге құлақ сал, көке.
Ата-анамның алдына
Ойнап-күліп бар, көке.
Сен барарсың адаспай,
Бізге қайсы жол төте?
«Айт» деген медеу түйеге,
Болжал беріп кетсейші.
Жолды [бізге] көрсете!
Дұғай сәлем дегейсің
Құрбы менен құрдасқа,
Бірге өскен мұңдасқа.
О, дарига, қайтейін,
Айырылып кеттім бір басқа.
Екінші сәлем еліме,
Өсіп-өнген жеріме.
Ойланбай, көке, қайт енді,
Уайым түсер кеуліңе.
Ашумен әкем айтса да,
Ойына түсер түбінде.
Болмаушы еді қадірің,
Алдымда жүрсең күніге.
Өлсем Құран оқыр ең,
Тірімін, көке, бұл күнде.

Сонда Болат атынан
Қарғып түсті секіріп.
«Айналайын бауырым» деп,
Құшақтап алды өкіріп.
— Енді мені ұрдың деп,

Мен бір тұрған шынар ем,
Опырылып сындым деп.
Тірілігім құрысын,
Сенімен бірге тұрдым деп.
Жылап жүріп өтейік,
Келмейді елге жүргім деп,
Итті атып өлтіріп,
Жаныма зиян келтіріп,
Өзіме-өзім қылдым деп.

Сонда Жанат сөйледі:

— Жылама, көке, мұңайма,
Тәуекел қылғын Құдайға.
Алла салған бұл іске,
Пенде сабыр қылмай ма?!
Төгіледі тасыған,
Жетіледі кетілген.
Шын жалғыздан үн шықпас,
Ет кесіп алсаң етінен.
Ақты Құдай нақ қылмас,
Қайта бер, көке, ниетіңмен,
Құтылмайсың жетелеп,
Қайта бер, көке, төтелеп.
«Қатайсын, — деп, — кеуілі», —
Күлгенсіді еркелеп.

— Жаман-жұман адамдай
Бет алдына саспағын.
Жан шықпайды ажалсыз
Бұл ақылды тастағын.
Байына араз қатындай,
Жарамас, көке, қашпағың.
Әуелі қатты жұмыс қой,
Ақырын күтсейші, арыстаным!
Әркімнің жақсы аманы,
Жаны басқа деген сөз,
Көкірегі бар ғой басқаның.
Тірі болсам, көрермін,
Ажалым жетсе, өлермін,
Қыла бер, көке, бас қамын!

Бұл сөзге Болат қатайып,
Атына тағы мінеді.
Қарамады Жанатқа,
Елге шаба жөнелді.
Көзден жасы көл болып,
Атының мойны сел болып,
Әкесіне келеді.

«Өлтірдім, — деп, — қызыңды», —
 Киімін әкеп береді.
 Шұлғауын да тастамай,
 Алдына әкеп үйеді.
 Киімді көзі көрген соң,
 Алдына түгел үйген соң,
 «Өлді ғой» деп сенеді.
 Ішінен шыққан сұр жылан,
 Іші оттай күйеді.
 Теріс қарап қоңқылдап,
 Ауырғандай ыңқылдап,
 Көзінің жасын төгеді.
 Омырауын иіскелеп,
 Жағасын алып сүйеді.
 Естіген соң бұл сөзді,
 Қатыны келді жүгіріп,
 Жығылып неше сүрініп.
 — Өз балаңды өзің өлтіріп,
 Не болды саған бүлініп?
 Шағымшының қалдың ба
 Тұзағына ілігіп?
 Көрем бе деп жылаушы еді
 Жанатжан қалқам сені де!
 Шағымшыға ілессең,
 Өлтірерсің мені де.

Сонда Мақал сөйлегі:

— Жылама байғұс алалым,
 Жұмыстың тіле барарын.
 Ішімнен шыққан сұр жылан,
 Күйіп-жанып барамын.
 Болар іс болса боп кетті,
 Енді қандай қыламын?!
 Бұл дүниеде бар ма екен
 Мен ақымаққа ұқсаған?!
 Өлермін ақыр құсадан.
 Жаңа білдім өкініп,
 Біліп тұрмын өкіріп.
 Ақырын Ақтан тілейік,
 Кетерміз бе екен жетіліп?!

Әлқисса, енді далаға жалаңаш кеткен Жанат қыздан естіңіз:

Енді Жанат жүгірді,
 Өкпесін алып қолына.
 Бір жапырақ лыпа жоқ
 Бейшараның бойында.

Қай жерде қалам деп жылайды,
 Өлмеймін жоқ ойыңда.
 Он бес күн жүрді жүгіріп,
 Жолбарыс, қасқыр жолыңда.
 Біреуі келсе жеп кетер,
 Түк қару жоқ қолыңда.
 Биабанның¹ ішінде
 Сақтауын қара мұны да.

Табанынан тас өтті,
 Маңдайынан күн өтті.
 Құдіреті күшті бір Алла
 Отыз күндей жүгіртті.
 Ит мұрыны өтпейтін
 Бір қалыңға кеп жетті.
 Жанатты Құдай өлтірмей,
 Бұл ағаштан кетірмей,
 Он сегіз күн болғанда,
 Ағашқа қызды кідіртті.

Бір топ қара ағашты құшақтап, көзінің жасы бұршақтап, жүре алмай қалды алшақтап. «Ақыры өлдім» деп Жанаттың айтқан зары:

«Айналайын Жаратқан,
 Он сегіз мың әлемді
 Бір өзіне қаратқан,
 Басқа-басқа таратқан.
 Бұл пәлеге тұс болдым
 Қай пейілім, қандай себептен?
 Не себептен айырылдым
 Жалғыз ағам Болаттан?!
 Қалмасамшы айырылып,
 Құйрығын ұстап торы аттан.
 Өлмегенде нем қалды,
 Жалғыз өзім қаңғырып,
 Кеттім шығып суаттан.
 Өлмегенде нем қалды,
 Айырылдым-ау қуаттан.
 Өзәзілді² қу қожа,
 Өлмеді ме екен ұяттан,
 Жасымнан жала жапсырып,
 Бей-бекерге жылатқан.
 Балаңның келсін алдына,
 Адасқан лақтай зарлатқан.
 Ақты Құдай нақ қылған,

¹ Биабан /парсы/ — құлазыған шөл дала, жапан түз.

² Өзәзіл — азғырушы, алдамшы.

Жылағандарды да жұбатқан.
Әзәзілді қожаны
Қай уақытта кез қылдың?
Жасымнан мұндай сөз қылдың.
Ата-анамнан бездірдің,
Жер-жаһанды кездірдің.
Білінбей кеттік елге біз,
Мүсәпір болдық демде біз.
Болған шығар бір қате,
Асы¹, жапы² пендеміз».

Осыны айтып жылады,
Шешесі түсіп есіне.
Ойдағы жоқ кез келер,
Болса бұйрық, несібе.
Осыны айтып жығылды,
Күнбатысқа бас беріп,
Күншығысқа көсіле.
Осымен өлді Жанат қыз,
Ұзарта берем несіне.

Сол уақыттар болғанда,
Ағашта өліп қалғанда,
Кетпесін байғұс арманда.
Өлген жоқ, өзі талғанда,
Бір падиша бар еді,
Ақылға диқан дана еді,
Жасөспірім бала еді.
Өзінің аты — Халдарша,
Әкесі Жұлдыз хан еді.
Өзінің теңін таба алмай,
Бір ашыққа зар еді.
Күндіз-түні қасында
Қырық жігіт бар еді.

Бір күндері Халдарша
Құс сала шықты оңаша:
«Қылайын, — деп, — тамаша».
Жүріп кетті ілгері,
Қызықпенен білмеді,
Артынан ерді қырық жігіт
Тамашасын көргелі.
Ит мұрыны өтпейтін
Бір қалыңға енеді.
Ақ түйғын құсы тіледі,

¹ Асы, ғасы /араб/ — күнәһар.

² Жапы /араб/ — әділетсіз; тұрақсыз.

Не екенін де білмеді.
 Аң түгіл, торғай көрмеді,
 Қоймаған соң талпынып,
 Өлетін болды алқынып.
 Лажының жоғынан
 Ұшырып, сілтеп жіберді
 Бір биік қонды ағашқа,
 Шақырды қанша, келмеді,
 Әмбеден¹ шебер бір Құдай
 Әр күйге салар пендені.
 Атынан түсті Халдарша,
 Ағашты барып көргелі.
 Бұл секілді ағашты
 Жоқ екен бұрын көргені.

Жапырағы жайқалып,
 Оңды-солды теңселіп,
 Самалмен басы шайқалған.
 Ең ұшын өрге көтеріп,
 Бұтағын төмен қайтарған.
 Біріне-бірі ығылып,
 Біріне-бірі сығылып,
 Біріне-бірі тығылып,
 Неше алуан құбылып,
 Шамалы жерде падиша
 Қасына келді жүгіріп.
 Жұпардың иісі аңқыды,
 Тұра қалды кідіріп.
 Пеш² болып падиша
 Түрегелді жығылып.
 Айдай боп жатыр бір сұлу,
 Қараса патша тігіліп.

Жетіп келді қасына,
 Белі нәзік қыз екен,
 Бұлаған алтын шашына,
 Өкпесіне қол салды,
 Ақ төстен келіп асыра.
 Сүлдесі жатыр, жаны жоқ,
 Кірпігі жатыр қимылдап.
 Сөйлесуге табы жоқ,
 Әрі-бері толғады,
 Толғаса да болмады,
 Ғашық болды падиша,
 Қасына қыздың қонғалы.

¹ Әмбе /парсы/ — барлық; әрдайым, әрқашан.

² Пеш болу — ессіз болу, естен тану.

Ұшырып құсын жіберді,
Қасында қыздың болғалы.
Өлсе көміп қолымен,
Тірілсе өзі алғалы.
Тірілмесе осы қыз,
Уәде берді Аллаға,
Қасында өліп қалғалы.

Енді патша көтерді
Жатқан қыздың кеудесін.
Лыпа қылып ыстанын,
Кигізеді жейдесін.
Енді патша жылады,
Қайғымен көзін бұлады,
Қыздың жанын сұрады,
Білмей тұр берер, бермесін.
Қырық жігіт келіп қараса,
Болыпты үлкен тамаша,
Тілеп жатыр патшасы
Бір Құдайдың бермесін.
Қатар тұрып қырық жігіт
Шуылдады Аллаға.

– Бейкүнә сұлу өлмесін,
Осыны берсең патшама,
Қойшының қызы демесін,
Өзі алсын падиша,
Ешбіреуге бермесін.
Еш болмаса мәлім қыл
Осы қыздың басынан
Өтіп кеткен кеңесін,
Жаңаәспірім жас бала
Бекерге өліп жүрмесін.

Осыны айтып қырық жігіт
Қырға шықты, кеңесті,
Кеңескенде не десті?
Патшаға айтты біреуі:
– Су тамызсаң мақтамен,
Ажалсыз болса өлмес-ті.
Шынымен жетсе қазасы,
Тілегенмен бермес-ті.
Өлген адам тіріліп,
Бұл дүниеге келмес-ті.

Мақұл көріп падиша,
Біреуді суға шаптырды,
Су түгіл шекер таптырды.

Су тамызып мақтамен,
 Қырық жігіт баста тақ тұрды.
 Аштықтан жатқан қыз сорлы
 Тамған сайын жақтырды.
 Көтеріп басын сипалап,
 Шекерге әкеп бақтырды.
 Екі жұтып, үш жұтып,
 Көзін ашып қарады.
 Сол тұрған әмбе халайық
 Қызды үрге балады.
 Ортасында айдай боп
 Патшаны көріп Жанаттың,
 Көзі оттай жанады.
 Қызды алып тірілтіп,
 Шаһарға алып барады.
 Қожа, молда жиғызып,
 Некесін патша қиғызып,
 Жанатты патша алады.
 Қосылмаққа патшаға
 Жанаттың кеулі қалады.

Әлқисса, анда Жанат келіп падишаға қосылып, жұпты болды, жүкті болады. Тоғыз ай, он күн көтеріп бір қыз туады. Ол қыз бір жасар, екі жасар, үш жасар болды. Бір күндері Халдарша қырық жігітін ертіп аңға шықты. Аңнан келіп, атын байлап үйіне келді. Патшаның үш жасар жас қызы патшаға талпынып тұра ұмтылды. Халдарша қызын көтеріп алып, ол бетінен бір, бұл бетінен бір сүйді.

Жанат босағаға сүйеніп тұрып «уһ, Құдай-ай» деп күрсініп жағасын ұстады. Патшаның ашу-қаһары келді.

— Мен кеткен соң біреуді ашына қылып апсың ғой. Соның келетін күні екен. «Сол келмей қалатын болды, мына патша неғып келді?» деп соны ойлап уһіледің. Көзімнің тірісінде сені өлтіріп, бұл дүниеден кетейін, — деп қылышын суырып алды. Қатынының жағасынан ұстап басқа тартып жіберетін шаққа жетті. Қылыштың астында тұрып Жанаттың патшаға айтқан зары еді:

Арызым бар, жұбайым,
 Тыңдасаң, арыз қылайын.
 Сыртым — бүтін, ішім — шоқ,
 Көкірегім тола уайым.
 Шабамын десең, шабыңыз,
 Кінәм болса табыңыз.
 Тарқасың, тақсыр, құмарың,
 Өлтірсең де сізге жоқ,
 Менен барар обалым.
 Болмаса сабыр қылыңыз,
 Сізге бір баян әйлайын.

Шолақ деген шаһарым,
Ноғайлы деген ел еді,
Айхай, дүние-ай, қайтейін,
Өсіп-өнген жер еді.
Әкемнің аты — Мақалбай,
Шәрден шәрге қыдырған
Саудагерлік өнері.
Бір күні әкем мал айдап,
Үрімге қарай жөнелді.

Шақырып алып мал-мүлкін
Дайындады піріне:
«Көріп тұр, — деді, — күніге».
Ишанның ниеті бұзылып,
Жақпады менің дініме.
Ұйықтатпады түрткілеп
Құдайдың қадір түніне.
Салмадым құлақ кепіне¹,
Құмғанменен сілтедім,
Жара түсті бетіне.
Мінәсар² болды бұл жұмыс,
Ишанның арам ниетіне,
Сол себептен мен кеттім
Дүниенің шығып шетіне.

Бір күндері болғанда,
Әкеміз келді қаладан,
Үш айшылық арадан.
Алдынан шықты ишаным
Бетіндегі жарамен.
Ата-анамнан бездірді
Бейкүнә бекер жаламен.
Құшақтасып айырылдым
Бейшара болған анадан.
Қол ұстасып жөнелдім
Болатжан жалғыз баламен.
Онан да қалдым айырылып,
Қанатымнан қайырылып,
Құла дүз мидай даладан,
Әмірімен Алланың
Сексен күн өтті арадан.

Өлсем сонда өлмес пе ем?
Қылышыңнан қорықпаймын,
Өлімге түсіп жарытпаймын.

¹ Кеп /парсы/ — сөз.

² Мінәсар /араб/ — жарасымды.

Иншалла, падишам,
 Мұнан да қалған жан аман.
 Көкемді елге қайтардым,
 Бір ақылды ұнасып,
 Айдалада айырылдым,
 Шуылдасып жыласып.
 Жапанға жалғыз қаңғырдым,
 Барынша даусым шыңғырдым.
 Кеткен соң көкем қыр асып,
 Бір жерге екі келмедім.
 Жолбарыс, қасқыр, аюдан
 Басқа мақұлық көрмедім.

Ортасында солардың
 Сексен күн жүрдім адасып.
 Ақыры өлдім бір жерде,
 Таусылған соң тұз, нәсіп.
 Үш күн жаттым ыңылдап,
 Кірпігім жатты қимылдап,
 Денем мен жаным таласып.
 Құдай сізді кез қылды,
 Қарасам көзді бір ашып,
 Өлсем сонда өлмес пе ем?
 Өз қолыңнан көмбес пе ең?
 Менің кеулім рас,
 Өлтірсең мейлің мінәсіп¹.
 Сүйдің алып балаңды,
 Сонда есіме мен де алдым
 Атам менен анамды.
 Ойлансам, ішім өрт болар,
 Бәрінен бауыр жаман-ды,
 Көретұғын күн қайда
 Болатжан жалғыз ағамды?

Әлқисса, сонда патша айтты: «Осы секілді зарыңды маған қосылмай тұрып неге айтпадың? Мен сенің қызығыңмен жүріппін де қойыппын. Сені көрген жерден некелеп алыппын да қойыппын. Мен патша емес екенмін, ұры екенмін. Болмаса, сен осы зарыңды айтсаң, ата-анаңа табыстырып, мұратыңа жеткізіп барып алмаймын ба?» — дейді. Осыны айтып патша ел-жұртын жинады. Ақылдасып, кеңесті. «Мынауменен жібереміз», — деп қырық түйенің үстіне алтын-күміс, меруерт, маржан, гауһар артып толтырды. Қырық түйеге қырық жігіт қосты. Қияметтік досы бар еді, қырық жігітке бас етіп оны тағы қосты. Қырық түйе жүкті арттырып, ортасына бір көкпарды шаптырып, үш жасар қызы мен қатынын досына тапсырып: «Осындай тамашамен барып, тамашамен келіңдер», — деп шығарып салды. Күні-түні тынбастан он бес күн, он

¹ Мінәсіп /араб/ — лайықты.

бес түн тартты. Бір жерге барып қонғанда, түн ортасы болғанда, жанның бәрі ұйқыдағы кезінде досы қатынға ғашық боп, қол салып жатқан жері еді. Жанат оянып қараса, досы екен. Қыбыр-жыбыр еткенде біліп қалған екен. Досының көкірегінен итеріп, сонда Жанаттың айтқан сөзі еді:

— Әй, досым, мұның қалай, тарт қолыңды!
Білмедің ұйқыменен оң, солыңды.
Жақынын жаттан жаман қылатұғын
Нашапаз¹ болма, досым, сарт порымды.

Естіген соң бұл сөзді,
Аһ деп досы ұмтылды.
— Жаман кеулім сынды, — деп,
Айдан аппақ ақ жүзің
Досыңды ашық қылды, — деп,
Саған құмар болғаным,
Бір мәртеме болғаным.
Е, болмаса ажалым,
Мархабаты болмай ма
Сіздей асыл тазаның.
Бұрын күнә қылмасаң,
Мен тартайын азабын.

Осыны айтып бұл досы,
Бетінен сүйді ханымның,
Кеудесіне артылып,
Құшақтап алды мойнынан.
Енді қатын жек көрді
Досының қылған ойынын.

— Ойнама, досым, қой! — деді,
Құдайдың аты дос деген.
Ойласаң еді ой, — деді.
Жақынсынып падишам
Қосып берді қасыма.
Жақындықтың жолына
Мінәсар жұмыс осы ма?
Ойнап әзіл қылдыңыз,
Қиянат қылма досыңа.
Өзіңді сатып нәпсіге,
Шайтанмен болма ашына.

Әлқисса, сонда досы ашуланып, патшаның үш жасар қызын қылышпен салып қалып екіге бөлді. Кеудесін ол жаққа, денесін бұл жаққа лақтырып жіберді. Анда Жанат қорықты. «Қызды өлтірген неме мені де өлтірер. Ойнамасам, жақындағанда өлтірер», — деді.

¹ Нашапаз — нашақор.

— Қой, досым, қызды алған Құдай ұл берер, кел, ойнасақ ойнайық. Сіз маған асылған уақытыңызда жүрегім айнып құсқым келді. Бір сағат болса да жан рақат көрсін. Ана суға шомылып парбозданып кел, — деп бір бөлек арақ сабын мен иіс су беріп досын суға айдап жіберді. Досы барып, суға шомылып жатқанда қатынның ғазалы еді:

Енді Жанат жылады,
 Қайғымен көзін бұлады,
 Құбылаға қарай тұрады.
 — Жан жаратқан Жаппарым,
 Бұл пәледен сақтағын.
 Пірімнен көріп қиянат,
 Досымнан да опа таппадым.
 Аман көрсет өзіне
 Падишамның ақ малын.
 Өлгенім жоқ қорлықтан,
 Құтылмадым зорлықтан,
 Жеткей де Аққа даттарым.
 Құтылсам қашып жөнер ем,
 Ата-анамды көрер ем,
 Ажалым келсе өлер ем,
 Ел-жұртымнан айырылдым
 Ишанның жала сөзінен.
 Құтылмадым қорлықтан,
 Қанды жас ағып көзімнен.
 Тағы қалдым қамауда,
 Құтқарғын, Алла, тезінен,
 Айырылдым қайрат, әлімнен.
 Қайда барсам қу басым,
 Құтылмады зәлімнен,
 Жер жүзінде, әулие,
 Тіледім медет бәріңнен.
 Осыны айтып бұл қатын,
 Енді қашып жөнелді.
 Зор беріп қашып келеді,
 Артындағы досына
 Білінбей кетті-ау дерегі.

Әлқисса, ана досы суға түсіп, өзін-өзі парбоздап қатынды қойып кеткен жеріне келсе, қатын түгіл, дәнеңе де жоқ. Олай қарап, былай қарап таба алмады. Таң атып келе жатқанда қасындағы қырық жігітін оятып, оларға: «Қатын кетіп қапты», — дейді. Бір күн қарап, екі күн қарап, төрт күн қарап, таба алмайды. Қырық жігіт: «Қой, падишаға барайық, қатының қашып кетті деп айтайық», — дейді.

— Патша бәрімізді дарға тартады, патшаға бармайық, — депті досы. Ол: «Аспанға ұшқан жоқ, жердегі адамды қарай берсек табамыз, — дейді. Ақыры қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ болып қырық жігіттің

айтқанымен патшаға қайтып барады. Сонда досының қырық жігітке бас болып, қатынменен қас болып, патшаға айтып тұрған сөзі еді:

— Ассалаумағалейкум,
Алдияр, тақсыр ханымыз!
Сөзге құлақ салыңыз.
Өзімді өзің дос білсең,
Лебізіме наныңыз.
Он бес күн жүріп тынбастан,
Ортаға алып бәріміз,
Қонбай жүрдік асығып,
Неше қыр кеттік асырып.
Бір жерге барып қонғанда,
Түн ортасы болғанда,
Айымды алдық қашырып.
Қызын сойып кетіпті,
Көме алмай бетін жасырып.
Қайтып келдік, тақсыр-ай,
Тасыған кеуіл басылып.
Мұның өзі кеңес-ай,
Шыли¹ тегін емес-ай!
Күдер үзіп патшадан,
Қызын сойып жөнесі-ай!
Мұның өзі қай амал?
Ақылым жетпей болды-ау дал.
Қасында болсаң өзің де,
Қылмақшы екен бір залал.
Қызын сойып кетіпті,
Мұратына жетіпті,
Кімді аяушы еді шұнақ қар!

Естіген соң бұ сөзді,
Енді патша: «Әй! — деді,
Не дейсің досым-ай? — деді,
Бұл сөзіңді қой, — деді.
Рас болса бұл сөзің,
Бопты ғой маған той, — деді.
Қырық жігіт болып, дос болып,
Қылғаның ба сор?» — деді.

Осыны айтып падиша,
Етпетінен құлады,
Ұзынынан сұлады,
Өксіп-өксіп жылады,
Жанаттың тартып күйігін,
Көрінген көкті жұлады.

¹ Шыли — ылағи, дәйім.

Қиял түсіп кеуліне,
 Көтеріп басын алады.
 Патшалығын тастады,
 Патша бір іс бастады.
 Күлә¹ киіп басына,
 Досын ертіп қасына,
 Диуаналық қылады,
 Жанатты бір-ақ көргелі,
 Армансыз болып өлгелі.
 Сол уақтар болғанда,
 Досы да есірік болады.
 Патшаменен ілесіп
 Бірге кетіп барады.
 Кете берсін екеуі,
 Аяғы қандай болады?!

Әлқисса, досы: «Қатын табылса, патшаны қалай ма, мені қалай ма, маған арақ сабын мен иіс су беріп суға шомылуға жіберген өзі ғой», — деп кетіп барады.

Енді Жанатты тыңдаңыз. Жанат неше күн, неше түн қашып, неше қырдан асып, көзінің жасын шашып, бір қойшыға келді. Қойшыға келсе, қойын жусатып, қып-қызыл шикандай боп жатыр екен. Ақылы аз да екен, басы таз екен, самайдан ағып іріңі, жоқ екен онша білімі. «Қашып жүрген қатын екен», — деп, қатынды тарпа бас салып умаждай-умаждай берді. Сонда қойшыдан босана алмай Жанаттың айтқан ғазалы еді:

— Айналайын шопаным,
 Ақ бетімді қышытты
 Сәукеле қара сақалың.
 Есіріктің белгісі
 Білмейді екен қатарың.
 Ойының ба, шының ба,
 Өзім-ақ тұра жатамын.
 Айналайын таз-батша,
 Не десең де қылайын,
 Уәде қылшы, тұрайын,
 Көрінгенге олжа ғып,
 Осындай қылды Құдайым.
 Талай тазды көріп ем,
 Әдемі екен шырайың.
 Айналайын таз-батшам,
 Не десең де көнейін,
 Тілегіңді берейін,
 Ауылыңа айда қойыңды
 Мен соңыңнан ерейін.
 Бір қой сойып, некелеп,

¹ Күлә — бас киім.

Халқыңның ал ішінде,
Ол да өзіңнің мерейің,
Айдалада алысып,
Бұл қылғаның жарамас,
Көргендердің бәрі мас.
Үйіңе барып, бейшара
Бір қой сойып, етіңді ас.
Игілікті көрерсің,
Болса ұзын өмір жас.
Сол жерде өзім тиейін,
Тамағыңнан сүйейін,
Айналайын, алтын бас.

Бұл сөзге қатты қуанып,
Әрі-бері аймалап,
Екі... уқалап,
Айқайлап қойды қуанып.
Тегін қатын алдым деп,
Таздың кеулі тасыды.
Тұла бойы былқылдап,
Буындары босады.
Ақылмен алдап қойшының
Жанат кеулін басады.
Шұбалған қойдың шаңымен
Мұнан да Жанат қашады.

Әлқисса, Жанат неше түн қашып, неше қырдан асып, қарны ашып, қайраты қашып, етегін басып, «өлдім-талдым» дегенде бір падашыға жетіп келеді. Алдында екі жүздей мал екен, өзі шал екен, бір қатынға зар екен, таяғын домбыра ғып қатынға қарап бір өлең айтады:

Қалыпты Зеңгі атадан пада¹ жаймақ,
Жайып ем сауапты деп түбін ойлап.
Сен қатын, перімісің, адамбысың,
Ой, тоба-ай, қайдан жүрсің гүл-гүл жайнап?!
Ойын менен күлкіге тыйым бар ма,
Шығайын шер-құмардан күліп-ойнап.
Сен қатын, байың бар ма, шыныңды айтшы,
Мен жүрмін пада жайып әлі бойдақ.

Осыны айтып падашы,
Қарақұстай бас салды.
Шегініп қатын жасқанды,
Падашының киімін
Жыртып-жыртып тастады,
Жыртылмай киім қалмады.

¹ Пада — табын, ірі қара (сиыр) табыны.

Бітетұғын болмады
 Қатын мен шалдың жанжалы.
 Аяғының басына
 Түсіп кетті дамбалы.
 Жаңа илеген кесектей,
 Тұсаулы шапқан есектей.
 Шалды Құдай қарғады,
 Сонда Жанат жылады,
 Қайғымен көзін бұлады.
 «Бірінен қашып құтылсам,
 Бірі алдымда тұрады».

– Шал баба, сабыр қылғын, — деп,
 Бір сағат мәулет сұрады.
 – Арызым бар, тыңдасаң,
 Түбінде бар залалы,
 Шарифат жолын қылмасаң.
 Қайыр қылдым, шал баба,
 Сенің қылған ісіңе,
 Он есе артық жігіттен,
 Абайласам күшіңе.
 Үйіңе барып ақыл сал
 Үлкен менен кішіге.
 Бір қой сойып некелеп,
 Халқыңның ал ішінде.
 Шермендешілік қылма далада,
 Некесіз қатын ала ма?
 Менің іздеп жүргенім —
 Сіз секілді малтабар.
 Бұрын тисем, тимес пе ем
 Жаңа өспірім балаға.
 Кеуденді, бабам, көтер-ай,
 Алал жұпты жақсылық,
 Шіркін, дүние бекер-ай!
 Қақпандай қатты сүйегің
 Етімнен тастай өтеді-ай!
 Өміріңнің шағында,
 Сақалыңның ағында,
 Сабыр қылсаң не етеді-ай!
 Әлі де болса сабыр қыл,
 Сабыр қылған азамат
 Мұратына жетеді-ай!
 Осыны айтып тұрғанда,
 Падашы сүйді бетінен.
 Шықпағын, — деді, — кешімнен¹,

¹ Кеп /парсы/ — сөз.

Қияметтік құлыңмын,
Айттың ба, — деді, — ниетіңмен?
Лажсыз Жанат келеді,
Топтанған сиыр шетімен.
Жанатты көріп шал баба
Көзі оттай жанады.
Ойбай салып айқайлап,
Ауылға сиырды айдады.
Жамырап кетті бұзауы,
Шалды Құдай қарғады.
«Алжыған қақпас, қу шал!» — деп,
Талай қатын қарғады.
Талай кемпір еңіреп жүр
Төгілген соң айраны.
Бұл Жанаттың тимейді
Жүрген жерге қайраны,
«Осы қашып кетер» деп,
Соңынан шалың қалмады,
Абайлайды Жанат та,
Құтылар заман болмады.

Бұлаң етіп, бұлт етіп,
Сылаң етіп, сылт етіп,
Үйіне Жанат келеді.
Үйін көріп шошынып,
Көзінің жасын төгеді.
Үй дегені кепе екен,
Шеткерірек төбе екен,
Жастық түгіл, көрпе жоқ,
Бір кесекті жастық қып,
Жатып жүрген неме екен.
Сонда да кеулі Жанатта,
Жанатты алып жатпаққа,
Құдіреті күшті Құдайдың
Өлмеген құлы көп екен.

Уәде берді ал Жанат
Падашыға тимекке.
Бір қап салды иініне
Тезек теріп келмекке.
Шал байғұс та жүгірді
Бір қой тауып келмекке.
Небір шалдар келеді,
Қойдың етін жемекке.
Шақырмаған адам да,
Келеді бәрі ермекке.
Қожа, молда келеді

Некесін қиып бермекке.
 Балалар да жүгірді
 Қатынның түрін көрмекке.
 Шалды Құдай қинап жүр,
 Көрпе-төсек жинап жүр,
 Жатпақшы сол күн төсекке.

Әлқисса, шал баба бәрін түгендеп алып келсе, қатын түгіл, дәнеңе жоқ. Анда шал баба халықты жиып: «Ей, халайық, неше жылдай мал бақтым, қатын көрмей зар қақтым. Мейлі, ол қатын тисін, тимесін, көзіңмен бір көр де бата беріңдер», — деп бата сұрап, жүріп кетті.

Енді Жанат жөнелді,
 Танадай көзі жарқылдап.
 Алтын кебіс сартылдап,
 Сырғасы алтын күректей,
 Алтынды шашбау салпылдап.
 Зор беріп қашып келеді,
 Олай-бұлай бұлтылдап,
 Патшадан шыққан қу сорлы,
 Ту биедей былқылдап.
 Алдында жеті қалендар¹,
 Ортасында бұлардың
 Жетіп кепті үлпілдеп.

Бәрінен жаман бұл болды,
 Жолыққан адам сор болды.
 Тұс-тұсынан ұмтылды,
 Әңгі есектей діңкілдеп.
 Бір диуана ұстады,
 Жанаттың келіп қолынан,
 Біреуі кепті соңынан.
 Не қылса да мінәсар,
 Желі тұрды оңынан.
 Қашып еді шегініп,
 Жабылды бәрі тобынан.

Бірі мініп үстіне,
 Бірі тартып түсірді,
 Опыр-топыр таласып.
 Астында Жанат жылайды,
 Өкпесі жаман қысылып,
 Қимылдайды барынша,
 Жатқан жоқ өзін ұсынып.
 — Айналайын Жаратқан,
 Бұл не деген кеп болды?

¹ Қалендар /парсы/ — дәруіш, кезбе.

Ішім тола дерт болды.
Артымнан қашып құтылсам,
Алдымнан жанған өрт болды.
Жолықсам кімге артылып,
Желке шашым шөп болды,
Жалаң аяқ жар кештім,
Қай пейілімнен еп болды.
Жапсырдың Құдай жаланы,
Отан қылдым даланы.
Тарыққанға медетсің
Қауыс-қияс жанабы,
Бұларды тегіс санады.
Құдіреті күшті бір Алла,
Тізесі өтіп барады,
Қыламын қандай мынаны?

Енді Жанат сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
Айналайын, шер, -- деді,
Бәрің де бірдей ер, — деді.
Айтқаным көн, — деді.
Бәйге қылсаң қайтеді,
Бес шақырым жер, — деді.
Бәрің де барып сол жерден
Жарысып маған кел, — деді.
Қалғаның қалғын сол жерде,
Озғанның жансын еңбегі,
Мейлің патша, мейлің құл,
Соныңа көндім мен, — деді.
Озғаның мені алғаның,
Қарамайын қайырылып,
Патша да болса қалғаның.
Ынтымақпен іс бітер,
Жарамас бекер жанжалың.
Сіздер — бұқа, мен — сиыр
Дұрыс емес болғаның.

Жанаттың айтқан сөзіне
Диуаналар нанады.
Киімдерін шешініп,
Жалаң аяқ болады.
Етек-жеңін түрініп,
Қүнтийп бәрі алады.
Бірі — патша, бірі — құл,
Бірі — нәзік, бірі — зор,
Бәрін қылған Құдай дер,
Жарысқа шықты дүркіреп

Буыршындай күркіреп.
 Мұнар болып азырақ,
 Жаңбыр жауды сіркіреп.

Диуаналар қуанды,
 Денесіне сыйыспай.
 Таласумен әлі жүр,
 Бір-біріне қиыспай.
 Өшігісіп қалыпты,
 Тарқамас бұлар ұрыспай.
 Диуаналар кетеді,
 Бірталай жерге жетеді.
 Арасында бұлардың
 Алты сағат өтеді.
 Ендігі нәубет диуана
 Жарысуға кетеді.
 Бірінен-бірі өтеді,
 Өткені озып кетеді.
 Өлдім-талдым дегенде
 Бір ұзыны жетеді.
 Жетіп келсе, Жанат жоқ,
 Жүрегін жаман өртеді.
 Сөйте-сөйте олардың
 Бәрі түгел келеді.
 Бірінен-бірі көреді,
 Төбелесе береді.
 Төбелесті көрген соң,
 Жанат ұзап жөнөді.

Әлқисса, енді Жанат неше күн, неше түн қашып, Шолақ қалаға жетіп келді. Әкесінің әулі¹-жайын көріп, туып-өскен жерін көріп, бір сөз айтқан жері екен:

— Рас па, өтірік пе, келгенім-ай,
 Бес жылда қайран жерді көргенім-ай.
 Қуаныш — хан орнында, хан тағында,
 Аман ба, әділетті бектерім-ай.
 Бәлеге неше түрлі жолықсам да,
 Сонда да ажалым жоқ, өлмедім-ай.
 Түсемін әлде болса қандай күйге,
 Қайтейін, бұл дүниеге сенбедім-ай.

Көріңдің көзіме ыстық, өскен жерім,
 Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.
 Мысалы түрлі гауһар шам-шырақтай,
 Наламен су сепкендей өшкен жерім.

¹ Әулі — аула, қора-қопсы.

Амал жоқ, пешенеме жазған екен,
Қайдағы дұшпан болды дос көргенім.
Есебін өзің маған тапсырмасаң,
Мәнісін таба алмадым ештеменің.

Тұрмысың қалыбыңда, Шолақ қала,
Біз секілді мұңлыққа қарап қана.
Ишаны қол тапсырған ішіндегі,
Осындай кесапаты мол-ақ қала.
Бұл елге тұз-дәм айдап тағы кеппін,
Талақ тастап кетіп ем біржолата.
«Бір жерді ат баспаған үш басар» деп,
Бұрынғы қариядан қалған сана.
Көргенім бір күнгідей болмас еді,
Алдымнан күліп шықса Болат аға!

Әлқисса, осыны айтып көзінің жасын төгіп, қабырғасын сөгіп, әкесінің мейманханасына ел жатып қалғанда кіріп келді. Онысын көріп, мұнысын көріп, біреуін иіскеп, біреуін сүйіп, жылап-сықтап отырды. «Патшалықтан киіп шыққан киімдерін тастайын, енді бір іс бастайын» деп ойлайды.

Киімдерін мейманхананың бір түкпіріне тығып тастап, көше-көшені қыдырып жүріп, үстіне жұпыны киім киіп алды. Аяғына ескі галошты ілдіріп, өзін-өзі бұлдіріп, басына таздың кепешін киіп, самайынан ірің ағызып, бұрынғы қыз аты да, Жанат аты да, қатын аты да қалды. Ендігі жерде бір таз-батша болды. Әкесінің базар ортасында бір дүкені бар еді. Есігінің алдын сыпырып, тазалап, табалдырығына маңдайын қойып, ұйықтап, рақат қылды. Ертең ертемен бай дүкеніне келді. Сасып кеткен бір таз жатыр. Жүгіріп келіп артқа теуіп жіберді. Қарғып тұрып қараса, әкесі екен. Әкесіне қарап таз-батшаның айтқан өлеңі еді:

— Е, жан ата, бет алдына тебе берме,
Бір нәрсең жоғалмаса сөге берме.
Кетеді темір ағып, күміс шіріп,
Жатса да алтын жерде көгере ме?!
Төрелік талай жанға берген едің,
Әсілі, шынын айтса, ұры өле ме?!
«Ақты Құдай нақ қылмас» деген қайда?
Ақ төл тұрып қараны жібере ме? —

деп, көшені кезіп жүре берді. Кешке бай дүкенін жапқан соң, тағы келіп, сыпырып тағы жатты. Ертеңіне бай келсе, кешегі таз тағы жатыр, келген бойымен тазды тағы теуіп жіберді. Таз да орнынан қарғып тұрып, бір ауыз өлең айтып жіберді.

— Күзеттім дүкеніңнің пұлы бар деп,
Бір нәрсе, ұрдың ба, ата, ұрлады деп?
Апарып алтыныңды боққа тықсаң,
Кетер ме ең алмай тастап былғанды деп.

Арты түгіл, бетіне таңба салдым,
Мәнісін ойланбадың ұрған-ды деп.

Әкесі үшінші күні дүкеніне келсе, таз-батша тағы жатыр. Тағы пәрменімен жүгіріп келіп теуіп жіберді. Белі бұлк ете қалды, шыдай алмай ыңқ ете қалды. Орнынан қарғып тұрып, тағы бір өлеңді айтып жіберді.

— Жан ата, күннен-күнге асырасың,
Ашудан қайсы күні басыласың?
Ілгері қариядан қалған мақал:
«Сарт тебеді, — деуші еді, — ашынасын».
Күніге он мәртебе тепкеніңмен,
Төгерсің ақыр бір күн көздің жасын.
Кетейін, кет десеңіз, тағы қаңғып,
Бір Алла бет алдымнан жарылқасын.
Еңіреп, теппек түгіл, жіберер ең,
Бір көрсең кепешін ап таздың басын,
Ахау, нәзік, кеттім азып,
Ишан менен достымнан жүрмін жазып.

[Сол кезде бай]: «Кепешіңмен құры, басыма киемін бе оны? Не деген шайыр тазсың өзің, маған айлыққа жүресің бе?» — деді.

— Жүремін, — деді таз.

— Сен маған жұмыс қып оңдырмайсың, еріккенімде өлең айтып берсең болады, — деді.

— Ата, мен өлеңді жақсы айтамын, — деді таз. Екеуі уәде-шарт жасап, өз әкесіне өзі қызметке тұрды. Кешке таз-батшаны үйіне ертіп барды. Ишанды шақыртып тамақ берді, ишанға:

— Тақсыр, мына тазды айлыққа салып алдым, өте өлеңші екен, — деді. Ишан:

— Бұл дүниенің қызығы — өлең мен жыр ғой, айтқызыңыз, — деді. Сонда бай: «Әй, тазым, мына ишанды мақташы», — деді. Сонда таз-батшаның ишанды мақтап айтқан өлеңі еді:

— Бейопа бұл дүние жалған заман,
Ақылын талай ердің алған заман.
Шайтан — қас, нәпсі — дұшпан, дүние — шолақ,
Ғашықтық ишан менен ханнан қалған.

Әзәзіл ілімді еді шайтан болған,
Нәпсіге ишан бар ма алданбаған?
Жаратқан уайымсыз жалғыз өтті,
Бір өзі дүние іздеп сандалмаған.

Бұл күнде ишан бар ма, қожа бар ма,
Нәпсісі сахатты¹ таза бар ма?
Көрсетер жеті тозақ қожа-молда,

¹ Сахат /араб/ — сау, саулық, амандық.

Әртүрлі ұшыратар жазаларға.
Қожа мен ишандардың ебі тисе,
Арақ пен арам дейді бозалар да.

Зекетін адалдайды малы барлар.
Кім айтса соған нанған имандылар.
Бұл күнде сахатты қожа қайда,
Мүридiнiң қыз-қатынын айналдылар.
Ахау, нәзік, кеттім азып.

Сонда ишан қарғып тұрып, таз-батшаны ұстап алып, тепті ғой келіп. Тебе-тебе дарбазаның есігінен шығарып: «Енді мен отырған жерге келме», – деді. Ишан үйіне қайтып кетті. Ишаннан таяқты өлгенше жесе де, дарбазаның есігінің алдында таз-батша жылап отырып алды.

Анда Болат ағасы баяғы Жанатты тастап кеткен жерге күнде бір барып келер еді. Сол күні екі-үш күн қонып, ендігәрі келмейтін болып, жылап-еңіреп дарбазадан кіріп бара жатыр еді. Сонда ағасына қарап таз-батшаның айтқан өлеңі еді.

– Қыласыз күнде сейіл, тамашаны,
Өзіңе ат-әбзелің жарасады.
Жүріпсіз ханның ұлы ханзада боп,
Алдап кет сауға беріп қарашаны.
Өткіздім сіз секілді неше мырза,
Мұңлыға мен секілді қарасады.
Басым таз, ақылым аз, мен бір жетім,
Ағажан, сен қарасаң, жарасады.
Құдайдың құдіретіне қарасаңыз,
Екеуі де бір-бірінен адасады.

Анда ағасы оған: «Сол адасқанның бірі – мен, осындай оқиға болса айтып берші, кеуілім көтерілер ме екен?» – дейді.

– Айналайын ағажан,
Кеулімде бар көп өлең,
Жағады сөзге не деген.
Үйреніп едім көп жұмбақ,
Ескі көрген көнеден.
Ағасызды не деген?
Бағасызды не деген?
Жағасызды не деген?
Екі түйғын ұшыпты,
Бір туысқан енеден.
Бірі – марал, бірі – еркек,
Арызданып жөнеген.
Жөнеліпті біреуін,
Білмейді ешкім дерегін.
Білмейді ата-анасы,

Көзінің ағы-қарасы.
«Өлді» деген бекер гәп,
Білемін тірі, шамасы.
Бөтен емес, бөгде емес,
Бір кісінің баласы.
Іздеп келсе інісі,
Танымапты ағасы.
Бұл заманның қожасы,
Әлемді өртер өсегі.
Мәуелі ағаш мақтанар,
Теректің болмас көсегі¹.
Өтірік пе, рас па,
Осылайша деседі.
Ағасы қайтіп жүр екен
Жоғалса біздей інісі.
Айтқан сайын ашылар
Көкіректің кір иісі.
Көкіректе арман көп,
Көз көрмесе жалған деп.
Осылайша дейді таз-батша,
Ілгеріден қалған гәп.
Бірін-бірі көрмесе,
Інісі іздеп келмесе,
Тірлігінен не пайда,
Айхай, аға, арман көп.

Бұл сөзге Болат түсініп,
Үйіне қарай жөнөді.
Анасының алдына
Жылап-еңіреп келеді,
Келе сөйлей береді:
— Айналайын жан ана,
Келеді менің жылағым,
Ойыма түсті шырағым.
Қарағымды көргендей,
Тартады екі қабағым.
Естігендей лебізін,
Дуылдайды құлағым.
Жүрек, бауырым езілді
Таз-батшаның сөзіне.
Тұла бойым дірілдеп,
Келеді жасым көзіме.
Лүпілдейді жүрегім,
Жолыққандай өзіне.
Қуанышты болса екен,

¹ Көсек — мақтаның өнім беретін түйнегі, қауашақ.

Қапа боп жүрген кезімде.
 Айналайын жан ана,
 Таз-батшаға жылдам бар,
 Естіген бе екен бір хабар?
 Қарағымнан айырылып,
 Ізіне жылап болдым зар.
 Кешікпей, ана, жылдам бар,
 Әкеме де білдірмей,
 Ынсабын¹ тапсаң ұрлап бар.
 Осы тазда, мен білсем,
 Жанаттан жүрген жұрнақ бар.
 Лүпілдейді жүрегім,
 Босана береді сүйегім,
 Осы бүгін бір сыр бар.

Осыны айтып тұрғанда шаһарға он бір диуана жетіп келеді. Таз-батша қожайын атасына жетіп келіп:

— Ата, мына диуаналар қай жердің диуанасы? — деді. Атасы: «Бұл біздің Шолаққаланың диуанасы емес, бір жақтан келгендер ғой», — деді.

— Ата, мен жетіскен адаммын ба? — [деді тазша].

— Жоқ, — деді [атасы].

— Бүгінше мейманханаңыздың билігін маған беріңіз, мен осы диуаналарды бағайын, қағайын, батасын алып қалайын, — деді [тазша].

Атасы: «Ал, мейманхананың билігін бердім», — деді.

— Ата, маған айлығымды беріңізші, қаражат қылайын.

— Айлығың не болады дейсің, диуаналарға осы да жетер, — деп, жеті теңгесін берді. Таз-батша теңгесін алып, дүкенге барып, тағам дайындауға кетті. Сөйтіп он бір диуанаға келіп:

— Күн кеш болды, бізге қонақ болыңдар, — деп ертіп келіп, мейманханасының есігін ашып жібергенде, диуаналар:

— Бұл диуанаға лайық үй емес, патшаға лайық үй екен, — деп кіре алмай тұрды. Халдарша бастап кіріп орын тауып отырды. Соңынан диуананың бәрі де кіріп орын-орындарына отырды. Алдына дастарқан жайып, әлгі тағамдардың бәрін қойып еді, Мақалбай таңданып: «Апыр-ай, менің Жанатым осы қаладан табылар, мына нан мен дәмді Жанаттан басқа ешкім де істемейді», — деп қуанып қалды. Таз-батшаның атасына қарап айтқан өлеңі дейді:

— Жан ата, қайтармадың тілімізді,
 Өлгенше ұмытпаспын мұныңызды.
 Алмаққа бір дуасын құмар едім,
 Мейманның ішіне алшы піріңізді.
 Отырсын тамаша қып шақ-шақ күліп,
 Алдыршы қатының мен ұлығызды.

Мен сорлы жетім едім кішкене ден,
 Айырылған ата-анадан, өскен елден.

¹ Ынсап — бұл жерде: айла-амал.

Әуелі жақтырмасаң, жақтырарсың,
Үйіңе себеппенен түсіргенмін.

Жан ата, пұлды бердің сұрап едім,
Көз жасым қабыл болды, жылап едім.
Бұл күнде есік алды құл боп тұрмын,
Бір байдың әлпештеген шырағы едім.
Ұшыпты екі сұңқар бір ұядан,
Мен байғұс сол сұңқардың сыңары едім.
Алдыршы қатын, бала, ишаныңды,
Мен сорлы әңгімеге құмар едім.

Әлқисса¹, ишанды алдыртып, Болат шешесімен келді. Мақалбай Болатқа: «Есікке де, дарбазаға да құлып сал, таз-батшаның бір тамашасын көрейік», — деді. Болат дарбазаға құлып салғалы келсе, он жасауыл он аттың үстінде «жаршы едік» деп жар шақырып тұр. Бәрінің дауысы да, сөзі де бір жерден шығып тұр екен. Он жасауыл жаршылардың сөзі:

— Үйде отырған адамдар,
Бәрің де бізге қараңдар!
Сөзге құлақ салыңдар,
Айтып жүрген жарым бар!
Жігітің бар, шалың бар,
Жоғымның жөнін білгенің
Мың мысқал ділдә алыңдар.
Жұлдыз ханның баласы
Халдарша кетті жоғалып,
Қай жақтан іздеп табалық?
Ай батқандай болды да,
Әмбе жұрт жатыр қамалып.
Ортадан өшіп шам-шырақ,
Көзіміз қалды ағарып.
Көрген-білген ер болса,
Мың мысқал ділдә саналық,
Көрмедім десең де айтыңдар,
Әр жерден сұрап қаралық.

Әлқисса, Болат ештеңені білмейді, бұл сөзді естіген таз-батша: «Жұлдыз ханның баласы Халдарша ма? Бері әкел ділдәні, мен тақ осы жерден, үйден тауып беремін», — деді. Мың ділдәні етегіне санап салып берді. Үйге кіріп келді. Мақалбайдың алдына қырық ділдә қойды:

— Ата, әуелі жайыңызға бергенім, осы бір күнгі жиын үшін бергенім, — деді. Диуаналар мен Сауда ишан:

— Әй, таз, бізге де бермеймісің, ертең базардан шай алып ішеміз, — деп еді, таз-батша оларға:

¹ Әлқисса /араб/ — сонымен; қысқасы, қысқаша айтқанда.

– Сіздердің сыбағаларыңыз мынау, – деп бір өлең айтып жіберді.

– Арман не, әркім жесе жиған малын,
Дүние төгеді екен беттің арын.
Болар да таң атқан соң бір мәнісі,
Жарамас түн ішінде жанжалдарың.
«Әуелі дәм, ақыры харам» деген,
Ұрмай ма кесапаты, меймандарым.

Таз-батша осыны айтып тұра келді,
Сауда ишан: «Ақымақ таз», – деп күле берді.
Күләсін падишаның жұлып алды,
– Егесі көзі көрсе білер, – деді.
Білмесе падишаның патшалығын,
Екінші маған залал келер, – деді.
Әуелден ақырында қас боп тұрған
Қу ишан мені тағы тебер, – деді.
Осыны ойлап көтерді,
Патшаның бастан күләсін.

– Кешіріңіз, тақсырым,
Таз-батшаның кінәсін.
Сізді іздеп келіп тұр,
Мың мысқал ділдә беріп тұр.
Алғанымды адал қып,
Айттым, тақсыр, расын.
Тақ-тәжіңді талақ қып,
Қаңғырған қалай бір басың?
Алтын басын мыс қылып,
Жолдасыңды қас қылып,
Құдай сіздей қылмасын.
Айналайын падиша,
Бір көрінші жаршыға
Тарқатсын кеуіл-қапасын.
Сізді іздеп зар жылап,
Дүниенің көрді жапасын.
Сонан соң мініп тағыңа
Ие бол мына бағыңа,
Жинап ал Шолаққаласын.
Бойжеткен қыз-келіншек,
Қатындар да қалмасын.
Бір көргеннен таниды,
Қасыңда досың, жолдасың,
Жолдасың дұшпан болмаса,
Жолыңыз неге болмасын?!
Таба алмасаң жоғыңды,
Мен табам жоқтың иласын.

Әлқисса, патша әйнектен қараса, он жасауыл тұр екен.

— Келдіңдер ме? — деп еді, олар: «Келдік», — деді.

— Шолаққаланың барлық тұрғындарын ертіп осында кел! — деп бұйырды.

Бұл сөзге патша нанады,
Табылады деген соң,
Кеулінде қарар қалмады.
Күләсін тастап, тәж киіп,
Есік жаққа қарады.
Сағынысқан уәзірлер
Бәрін де танып алады.
Ортаға тақты құрғызып,
Есікке жеңдет тұрғызып,
Таққа мініп алады.
Шаһардың күллі адамын
Сол сарайға қамады.
Шаһарда күллі қатын-қыз,
Бірде-бірі қалмады.
Қаз-қатар болып тізіліп,
Қасы-көзі сүзіліп,
Қатар-қатар тұрады.
Дүрбісін салып көзіне,
Қуат беріп өзіне,
Патша бір-бір қарады.
Шыққыр көзі шықпаса,
Ішінде Жанат болмады.
«Қарағым, Жанат, Жанат, Жанат!» — деп,
Үш мәртебе әуез ғып,
Патша айғай салады.
«Мұның өзі қалай?» — деп,
Мақалбай қайран қалады.
«Қарағымның аты еді» деп,
Жерге Болат құлады.
Сұрайын десе, патша тұр,
Сорлы анасы сұлады.
Бұл үшеуін қайтем деп,
Жанаттың белі сынады.

Әлқисса, сонда патша орнынан тұра келіп, тазды ұстап тұрып: «Қу таз, «халықты жинасаң, жоғың шығады» деп ең, жоқ қой мұнда. Қане бар дегенің, басыңды қырқамын!» — дейді. Таз-батша:

— Мен ештеңе білмеймін, бірақ бір патшаның басынан өткен ертегісін білетін едім, — дейді.

— Мен секілді сорлы патша бар ма екен, оның уақиғасы менікінен қалай екен, айт! — деді. Анда таз-батша:

Үйрендім қазы менен биден ертек,
 Бір момын жаламенен күйген ертек.
 Көп болса бас-аяғын айта берсем,
 Пір басып, мүрид қызын сүйген ертек.
 Біреуі рас, өзгесі шылғи зорлық,
 Бір қатын он бір байға тиген ертек.
 Қыз сағынып әкесін іздеп келіп,
 Үш күнде әкесінен жеген келтек.
 Құлақ сап, меймандарым, отыра бер,
 Берейін ажыратып бөлтек-бөлтек.

Бар екен бір кәтте¹ бай дәрематты²,
 Бір ишаны бар екен кереметті.
 Сол байдың бір ұлы мен бір қызы бар,
 Көрген адам ойламас еш перзентті.
 Мал-мүлкін, қыз-қырқын, әулі-жайын
 Қолына ишанының дайындапты.
 Қызметіне ишанның жүргенінде
 Сұлуға ишанының кеулі шапты.
 Неше күн айналдырып болмаған соң,
 Ишаны бетген сүйіп ұстап апты.
 Қыз бейшара бұлқынып қашқан екен,
 Қоймаған соң құмғанмен салып қапты.
 Ешбір адам білмейді, Құдай білер,
 Ишаны етпісірім талып қапты.
 «Әкем аман-сау келеді» деп,
 Бір күні шаһар халқы хабарлапты.
 Ишаны үш күн бұрын озып барып,
 «Қызың ...болды», — деп жала жапты.

Бай нанды шыныменен бұл жалаға,
 Ишаны шайтан болды екі араға.
 Әкесінің тіліменен бала келіп,
 Ап қашты қарындасын айдалаға.
 Ит өлтіріп, киімін қандап алып,
 Көрсетті: «Өлтірдім», — деп ата-анаға.

Анда Мақалбай тұрып: «Сол қыз сол жерде өліп қалды ма, жоқ тірі кетті ме?» — дейді.

- Ол қыздың тұрған жеріне дейін білемін, — дейді таз-батша.
- Айта берші, шырағым, — дейді Мақалбай.

— Алдымдағы, байеке,
 Баяғы сөздің аяғы.
 Өлтірді деп сенеді

¹ Кәтте — үлкен.

² Дәрематты /парсы/ — кірісі мол, табысты.

Ишан мен бай баяғы,
Бұл да тұрсын сонымен,
Жатыр екен қыз байғұс
Бір ағашқа саялы.
Жүруге келмей шамасы,
Сол жерде болды аялы.

Сол уақыттар болғанда,
Ағашта өліп қалғанда,
Өлген жоқ бірақ талғанда,
Қырық жігіт қасында,
Алтын тәжі басында,
Сіз секілді, тақсыр-ай,
Бір падиша келіпті,
Жатқан қызды көріпті.
Ғашық болып падиша,
Қызға кеулін бөліпті.
Құдіреті күшті бір Алла
Тілегін патша беріпті.
Тірілтіп патша алады,
Шаһарға алып барады.
Некеленіп қосылып,
Болады екен балалы.
Мұнан да кетер ақыры,
Адамның перзент миуасы,
Құдайдан соңғы жақыны.
Сүйеді патша баласын,
Уһілепті қатыны,
Бұл араға жетпепті
Падишаның ақылы.
Қылышына қол салды,
Шабамын деп басына,
— Кіммен болдың, — деп, — ашына?
Рақымы келді патшаның,
Жылаған көздің жасына.
Қырық жігітін жолдас қып,
Қосыпты мынау досына.

Он бес күн ұдай жүрген соң,
Бір жерге барып қонған соң,
Түн ортасы болған соң,
Қол салған досы қатынға.
Сонда қатын болмады,
Айтқан тілін алмады.
Қырық жігіт жатты ұйқыда,
Көбейді мұның жанжалы.
Өлтірсем қызын көрер деп,

Қорыққан соң көнер деп,
Осылай болды иттің қиялы.
Мұнан да қатын құтылды,
Жатқылып Жаппар Алланы.

Анда патшаның досы: «Қу таз, ишан мен менің сорыма душар болдың-ау!» — деп шығуға айналды. Патша досын қылыштың сыртымен періп жіберді. Есік алдындағы екі жасауыл досты періп жіберді. Ұрып-ұрып, неше жерден ұрып, ишанның қасына әкеп отырғызды. Екеуі екі босағада отырды.

— Ал сонан соң қатын қайда кетті? — деді патша. Анда таз-батша:

— Айналайын, тақсыр-ау,
Қатынның жолы құтырды,
Достан қашып құтылды.
Түс мезгілі болғанда,
Қойшыға келген секілді,
Әйелін мұның білген соң,
Қойшы да бұған ұмтылды.
Әуре қылды жұлмалап,
Опыр-топыр таласты.
Қолымен жерді тырмалап.
Қатып қалған қу кесек,
Денесін кетті қидалап.
О деп, бұл деп бұл қатын
Бұдан да кетті илалап.

Зор беріп қашып келеді,
Олай-бұлай бұрмалап.
Падашының үстіне
Жетіп келді туралап.
Бұл да ұстап басады,
Қатын байғұс тырбаңдап,
Бөксесін алып қашады.
Жақындасып, жанасып,
Бір дамбалға таласып,
Арманда болып падашы,
Бұдан да қалды адасып.

Келеді қатын қуана:
«Құтылдым, — деп, — залымнан»,
Қол көтеріп дуаға.
Қарсы алдынан кез келді,
Уһ дегендей осы жеті диуана.
Бұл да ортаға алады,
Бәрін Құдай қылады.
Қатын айтты: «Жарыс, — деп,
Мен тұрамын қалыс», — деп,

Диуана бәрі нанады.
 Диуаналар кетеді,
 Бірталай жерге жетеді.
 Диуаналар кеткен соң,
 Қатын қашып жөнеді.

Зор беріп қашып келеді,
 Әкесінің келді де,
 Дүкеніне түнеді.
 «Жоғалғын» деп әкесі
 Үш күн ұдай тебеді.
 Кім екенін білмеді,
 Парасатты ер болсаң,
 Жоғыңның осы дерегі.

Мақалбай сонда сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:
 – Айналайын таз-батшам,
 Бір әдиса¹ бар екен,
 Бұл сөзіңнің ішінде,
 Өзгесін қайдам, бұл сөзің
 Кеуліме сәна² түсірді.
 Жалғыз қызым бар еді,
 Перінің қызы пішінді.
 Өлген еді ілгері,
 Мұны ешкім білмеді,
 Тірі болса мүбәда³,
 Келеді соған келімі.
 Шыныңды айтшы, қарағым,
 Мұны айтқан саған кім еді?
 Айналайын Болат-ау,
 Өлтіргенің бекер ме?
 Келіседі осы сөз,
 Шырағым, шырын-шекерге.
 Жаламенен қаңғырған
 Бейкүнә жала төтенге⁴.

Енді Болат кідірді,
 Айта алмады бөгелді,
 Көзінің жасы төгілді.
 Патшаны көзі көрген соң:
 – Өлемін, — деді, — сол күнде.

Таз-батша енді сөйледі,
 Сөйлегенде бүй деді:

¹ Әдиса /араб/ — оқиға

² Сәна /араб/ — қайғы.

³ Мүбәда /араб/ — егер де, алда-жалда.

⁴ Төтен — шұғыл, күтпеген.

– Мұны айтқан, ата, мен, – деді.
Ақты Құдай жөндеді.
Сен Болат болсаң, мен Жанат,
Назарың салып көр, – деді.
Мауқымды, көке, басайын,
Даусыңа даусым қосайын,
Пердесі құрысын, ашайын,
Берігірек кел, – деді.
Әбүйірің жабылды,
Жоғалған жоғың табылды,
Тұра тұр, патша, сен, – деді.

Тілекті Құдай берген соң,
Жанатты көзі көрген соң,
Патша салды айқайды,
Айтқанына көнбеді.
Айқайға айқай қосылып,
Шешесі жаман өрледі.
Бұлар у-шу болғанша:
«Қашан өліп кеткен» деп,
Сауда ишан әлі сенбеді.

Мақалбай сонда сөйледі:

– Ей, шырағымбысың, апыр-ай,
Бар ма екен мендей қапыл-ай!
Өшкен отым жанып тұр,
Жарылмай жүрек неғып тұр?
Отырсың неғып, қатын-ай?
Ендігі кеңес не керек!
Қатын, бала үшеуін
Қоршап алды төңірек.
Үн салып жылай бастады,
Көзінің жасын себелеп,
Мақалбай сонда зарлайды
Маңдайына төбелеп.
– Жалғыз қыз, жалғыз бала едің,
Онан басқа балам жоқ,
Тәңірім салды бұл күйге,
Қылатын ила, шарам жоқ,
Қаңғытқан сені өсекпен
Неше азап көрсеткен,
Қандай қылып өлтірсең,
Сауда ишанға обал жоқ,
Айналдырып басымды
Еліктіріп алғаны-ай!
Қарағым Жанат, шырағым,
Шыбын жаным құрбан-ай!
Өліп кетпей ишанның,
Тырп етпестен тұрғаны-ай!

Бұл дүниеде бар ма екен,
Мен секілді қу маңдай!

Сонда патша сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жылама, бұған, бай, — деді,
Жолдың өзі тар, — деді.
Ишан менен досымда
Өзімде кегім бар, — деді.
Жақсылыққа — жақсылық,
Жамандыққа — жамандық
Кегінді, Болат, ал, — деді.

Естіген соң бұл сөзді,
Тұрды досы қаңқаңдап,
Отыр еді тың тыңдап.
Он текеге бір қасап,
Барды Болат талтаңдап.
Диуаналар ығысты,
Бірін-бірі сығысты,
Күлетін ерлер жыртыңдап,
Бұрынғыдай айбат жоқ,
Отырды Сауда жаутаңдап.

Жеті диуана, патшаның досы, Сауда ишан бәрі өлетін болған соң, Жанат шешейін деді.

Сонда Жанат сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
— Жан ата, құлағың сал шешеніңе,
Перзентің қуандың ба есеніне?
Өлтірттің бір балаңды бір балаңа,
Сеніп ап шағымшының өсегіне.
Патшам, мені өзіңе теңгергенің,
Ишанның дауа тапсаң кеселіне.
Жазаны бірден кейін досыңа қыл,
Қызыңды екі бөлген кешегіде.
Мен сорлы осындай боп тентіредім:
«Ишанның жатпаймын, — деп, — төсегіне».
Падашы, қойшы менен диуананы,
Падишам, өзіңіз біл бұл араны.
Жақсы адам қате қылған жұмыстарды
Үстіне сарпай¹ жауып шығарады.
Орныңды падишалық көкеме бер,
Жұбатқан сауап деген жылағанды.
Онан соң қазынаңнан маған да бер,
Беремін ата-анама сыбағамды.

¹ Сарпай — сыйға жабатын қымбат бағалы шапан.

Енді Болат тұрады,
Ишанды әдеп ұрады.
Шалқасынан жығып ап,
Шықшытқа қанжар тығады.
Мұны көрген диуана,
Бәрі жерге бұғады.
Құлағын кесіп құнтитып,
Мұрнын кесіп тымпитып,
Сақал-мұртын күреп ап,
Қу басын қойды сымпитып,
Мойнына асып аяғын,
Бүйрегін қойды бұлтитып.

Досына патша ұмтылды,
Тас төбеден терісін,
Табанға дейін сыпырды.
Екеуін де өлтіріп,
Сахуатына¹ келтірді.
Падашы, қойшы, диуана,
Құр сүлдесі отырды.
Жаны шығып кеудеден,
Сүлдесі қалған сықылды.

Қарашы патша зерегін,
Жар шақыртып қалаға,
Мәлім қылды далаға.
Жанаттың берді тілегін:
«Диуаналар қашпасын,
«Өлтірер деп саспасын!»
Есіткен соң бұл сөзді,
Зорға басты жүрегін.
Диуананы шақыртып,
Жақсы жайға келтірді.
Тоғыз атқа мінгізді,
Тоғыз шапан кигізді.
Қош айтысып патшасы,
Ел-еліне жүргізді.
Болатты әкеп шақырып,
Алтын таққа мінгізді.
Ақ иіліп сынбайды,
Қараны екі қылмайды.
Бәрін де өстіп күлгізді
Жанатты қосып той қылып,
Патшаны қосып той қылып,
Падишаны жүргізді.

¹ Сахуат /араб/ – ақыл-ой, ес, сана.

Бірінші мақам

Орындаған: Сәрсенбай Рахманбердиев
 Нотаға түсірген: Төлепберген Токжанов

жүрдек

4 Ай, біс-міл-ла - сөз-дің ұ - ра - ны, Біс-міл-ла-сөз-дің ұ - ра - ны,
 7 Біс-міл-ла деп бас та-са, Әр іс-тің же-тер мұ-ра-ты. Әр са-бақ-тың ба-сын- да,
 10 Бір біс-міл-ла тұ-ра-ды. Е-к(і)а-ят қып шы-ғар-ған, Бұл сөз-ді ке-ліп Нұ-ра-лы.
 13 Шо-қай е-кен ұ-ру-ы, Бо-рал-дай е-кен тұ-ра-ғы. Ө - ті-рік пе, ы-рас па,
 16 Нұ-ра-лы-ға о - ба-лы. На-зым қы-лып шы-ғар-ған, Сө-зі-нің жоқ қы-лау-ы.
 18 Қан - ша айт - са да той - май - ды, Тың - да - ған ер - дің құ - ла - ғы.

Екінші мақам

22 Ей, ба-ға-на-ғы жұ-мыс-тың, Ба-ға-на-ғы жұ-мыс-тың, Бә-рін де ба-ян қы-ла-ды.
 25 Ха-ба-ры жоқ сөз е-ді, Сор-л(ы)а-на-сы жы-ла-д(ы)ай, А-на-сы сон-да сөй-лей-ді:
 28 Е-сім-нен тан-дым мен, де-ді, Жал-ғыз ө-зі кет-пе-сін, Бір-ге кет, Бо-лат, сен, де-ді.
 31 Сор-л(ы)а-на-ның ер-ме-гі. Қа-ра-ғым, е-кі кө-де-гім, Ке-шік-пей ен-ді жө-нел-гін.
 Шы - ны - ме - нен ай(ы) рыл - сам, Ке - шік - пей мен - де ө - лер - мін.

2
33

Бар-ды жок кып жи-бер-ген, Кү-ді-ре-ті күш-ті Кү-дай-дың. Күд(i) ре-ті-не не дер-мін?

36 **асықпай** Үшінші мақам

Жан а - та, күн-нен күн-ге а - сы-ра-сың, А-шу-дан қай-сы кү-ні ба-сы-ла-сың?

38


40 Ил - ге - рі қа-ри - я-дан қал-ған ма-қал: "Сарт те- бед(i),деу-ші е - ді, а-шы-на-сын".

42

Кү-ні - ге он мәр-те - бе теп-ке-нің-мен, Тө-гер-сің а-қыр бір күн көз-дің жа-сын.


Ке-те-йін, кет де-се-ңіз, та-ғы қаң-ғып, Бір Ал-ла бет ал-дым-нан жа-рыл-қа-сын.






Болат, Жанат (С. Аққожаев нұсқасы).

Аққожаев Сұлтанбек (1872-1963) — ақын, жыршы, халық мұрасын жинаушы. Ол — Құлыншақ, Молда Мұса, Майкөт, Майлықожа ақындардың мұраларын насихаттаушы. Бұрынғы Ақмола губерниясындағы Құләнәт-пес өзені бойында туылып, жас кезінде әкесімен бірге Түркістан маңындағы Қаратау өңіріне қоныс аударған. Сол жерде өсіп-өнген. Жас кезінен-ақ өлеңге, өнерге үйір болған Сұлтанбек Құлыншақ, Молда Мұса, Майлықожа, Майкөт сияқты атақты ақын, жыршылардан көптеген эпостық мұраларды үйреніп, оларды өзінше жырлаған. Солардың ішінде «Алпамыс», «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Шора батыр», «Болат, Жанат» т.б. классикалық жырлар бар. «Алпамыс батыр» жырының толық нұсқасын Майкөт ақыннан жазып алған (суреті сақталмаған).



М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры, 104-бума.



Қисса Қасым жомарт. Қазан, 1896.

ҚАСЫМ ЖОМАРТ

Жомарттық пен қонақжайлылықтың, мәрттіктің символына айналған Атымтай (Хатымтай) есіміне байланысты сюжетті ақын, жырышылар хикаялық дастандарға айналдырған. Шығармаға Қасымның дәулетті кезінде де, тағдыр тәлкегімен отын сатып күн көруге тура келген тұсында да жомарттығын тастамағаны туралы айтылатын әңгімелер арқау болған.

Дастанның алғашқы нұсқасы XIX ғасырдың бірінші жартысында «Хатымтай жомарт» (1848) деген атпен Қазанда жарияланса, сол ғасырдың аяғында жырышысы мен жинаушысының аты-жөні беймәлім «Дастан Хатымтай» (1891) осы қалаға басылып шықты. Кейін ақын Кашафудин Шаһмарғанұлы ағайынды Кәрімовтергің гемеушілігімен «Қисса-и Хатымтай жомарт» (1897, 1898) атауымен жарыққа шығарды. Ал Жүсіпбек Шайхысламұлы жырлаған «Қисса-и Қасым жомарт» дастаны Қазан қаласында бірнеше мәрте (1896, 1901, 1903, 1906, 1910, 1912, 1913) қайта басылды. Мазмұны Ж. Шайхысламұлы нұсқасына жақын келетін Есжан Сарымбайұлы деген азамат 1909 жылы жазып алған туындының «Хикаят дастан Хатымтай» аталған тағы бір үлгісі Шәмсәдин Хұсайынов ұрпақтарының қаржысымен басылды (1913). Шығарманың Жүсіпбек нұсқасы XX ғасырдың аяғынан бастап «Халық әдебиеті» топтамасында (1990, 2-т.), ҚХР Шыңжаң өлкесінде басылған «Үш үзік» (1993), «Қазақ қиссалары» жинақтарында (1986, 3-т.), «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (2004, 4-т.) жарияланды. Дастан жөнінде Ш. Сатпаева, С. Қасқабасов, Б. Әзібаева, А. Қыраубаева т.б. ғалымдар зерттеулер жазды.

Еліміздің сирек қолжазбалар қорында М. Құсниев, Е. Көлдейбекұлы, Т. Баймұхаметұлы, М. Байжанов, Д. Төлебаев жинаған қолжазба нұсқалары мен Қазан басылымдары сақталған. Томды баспаға дайындау барысында оның барлық нұсқалары жарық көрген басылымдарымен қайта салыстырылып, Ж. Шайхысламұлының Қазан (1896) басылымы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған (1193-бума).



Әлхамдулилла, Рабби-л-аламин¹ деп,
Құдаға хамд², пайғамбарға дүрдім³ көп.
Құдаға хамд, пайғамбарға дүрден соң,
Пайғамбар, шариарды мақтайын бек.

Пайғамбар медет қылар жалбарынсам,
Халім нешік, сыйынбай ғапыл⁴ қалсам.
Жәрдем, насрат⁵ біздерге, илһам⁶ берер,
Сонан кейін қолыма қалам алсам.

Құдайға сыйынамын әуел бастап,
Білгенімнен қалдырмай бірін тастап.
Жәрдем, насрат қылыңдар мен асыға,
Пайғамбар шариарымен жамиғ⁷ асхаб⁸.

Жәрдем қыл, шариар мен жамиғ асхаб,
Қожа Ахмет мың машайық жүрген бастап.
Әбілқасымнан өлеңге аудармаққа
Қағаз алдым, қолыма қалам ұстап.

Пендеге Құдай берген көрінбейді,
Әр сөзім алтын сарай төріндей-ді.
Осындай жақсы сөздер кезігіп тұрса,
Жүсіпбек жазуына ерінбейді.

Ал енді мен сөйлейін сөздің басын,
Жаһанда жомарт болған Әбілқасым.
Мұндай қызық әңгіме дүниеде жоқ,
Осы отырған жамағат жұрт тыңдасын.

Сөйлейін сол Қасымның әңгімесін,
Көп халайық сөзіме құлақ салсын.
Бұл қиссаға құлағың құрышы қанар,
Өзге сөзді есітіп не қыласың.

Бағдатта Һарон Рашид патша өткен,
Сегіз шаһар үстінен үкім еткен.
Өзі жомарт, қаһарлы, ұлық патша,
Уақытында патша жоқ оған жеткен.

Һарон Рашид падиша салтанатты,
Қаһарлы, өзі жомарт, әділетті.

¹ Әлхамдулилла, раббил аламин /араб/ – әлемнің жаратушысы (қожайыны) Аллаға мадақ.

² Хамд, хамду /араб/ – мадақ.

³ Дүрд /парсы/ – сәлем.

⁴ Ғапыл /араб/ – алаңсыз.

⁵ Насрат, нұсрат /араб/ – көмек, жәрдем.

⁶ Илһам /араб/ – діни сенімге ие болу; жігер беру, рухтандыру.

⁷ Жамиғ /араб/ – барлық, бүткіл.

⁸ Асхаб, сахаба /араб/ – серіктер.

Бір уәзірі бар еді бек данышпан,
Кейде «Жағыпар», кей уақта «Фазыл» атты.

Бір күн патша тасфуні¹ келіп тұрды:
«Жағыпар уәзір тез мұнда келсін», – деді.
Патша шақырған соң жетіп келіп,
Тағзым бірлә² алдында қарап тұрды.

Патша айтты: «Уәзір, бір сөзім бар,
Бұл дүние өзі үлкен, опасы тар.
Жомарттығым, әділдігім бәрі бірдей,
Менен өтер бұл күнде енді кім бар?»

Уәзір айтты: «Ей, тақсыр, тыңда сөзім,
Көп жұртты араладым менің өзім.
Басырада бір жігіт бар сізден артық,
Таңғаларсыз көрсеңіз оның жүзін.

Басырада бір жігіт бар Қасым атты,
Бау-шарбақ, мүкәммалы³ салтанатты.
Алтын, күміс, асыл тас, биқисап⁴ көп,
Қой орнына сояды арғымақты.

Үйі күміс, сыртына алтын жапқан,
Гауһардан әр жеріне шеге қаққан.
Мейманына береді шекер мен бал,
Анасы ондай бала неғып тапқан?

Қасымға ғаріптері келеді екен,
Бәріне тамақ, киім береді екен.
Мейлі падиша, мейлі бай, мейлі пақыр,
Бәріне бірдей қызмет қылады екен.

Күнде мың қой сояды қарны ашқа,
Береді тонын шешіп жалаңашқа.
Жаяуға ат береді кімсің демей,
Тірі адам ондай болмас қарындасқа.

Береді келген жанның сұрағанын,
Көреді ғаріптердің жылағанын.
Дүниеде аямайды мал мен жанын,
Жомарттығын айтайын сіздерге оның.

Еш қабағын шытпайды жиылғанға,
Тегіс қызмет қылады тірі жанға.

¹ Тасфун /араб/ – мұн, уайым, қапа, өкініш.

² Бірлә, бірлән /түркі/ – мен; пен; бен; менен; бенен.

³ Мүкәммал /араб/ – дүние-мүлік, қазына-байлық.

⁴ Биқисап /парсы, араб/ – өте көп, сансыз, өлшеусіз.

Керегін бәрін тауып береді екен,
Дүниеде кәпір, орыс, мұсылманға.

Елу есік бар екен бір дүкенде,
Қайыршы келеді екен күнде-күнде.
Бір кісі елу есіктен қайыр алып,
Есігінен құр кетпес ешбірі де.

Ғаріптер жатады екен күндіз-түнде,
Елу қайыр алады әрбір күнде.
Тамағы тоқ, киімі бүтін болып,
Ғаріптер жатады бәрі сонда.

Ондай жанды көрмедім тірі жанда,
Жүзін көрген адамдар болар пенде.
Байлығы, жомарттығы асқан екен,
Ондай жан бола бермес бұл жаһанда.

Сіз оған теңелмейсіз, тақсыр ханым,
Сіз сұраған соң айтпасқа бар ма халім?
Қандай қылып мақтасам еш қате жоқ,
Мұнан артық мақтауға жетпейді әлім.

Халифа сонда тұрып ашуланды,
Ақырып қаһарменен айғай салды:
«Менен артық жаһанда неткен жан?!» — деп,
Уәзірді өлтірмекке қылыш алды.

«Фазылды өлтірем», — деп қылыш алды,
Зұбайда арыз қылып тілеп алды.
«Дарға мұны бір күні асармыз», — деп,
Он бір құлаш зынданға байлап салды.

«Зынданнан шығарма!» — деп үкім айтты,
Халифа ашуланып үйге қайтты.
Халифаның алдынан ханым шығып,
Сұрады: «Түсің қашып сізге нетті?»

Әй, патша, түсің суық қалайынан?
Ішің толған сияқты уайымнан.
Бейне безгек кісідей қалшылдайсың,
Неліктен ашуландың, айтшы маған?»

— Ей, ханым, мен айтайын саған бір сөз,
Құлақ салып сөзімді есітіңіз.
Тіпті дәмсіз мақтады бір адамды,
Хан болсақ та қарадай болмадық біз.

Қорлығына шыдамай ашуландым,
Ашуланып зынданға оны салдым.

Жомарттығын асырды тірі жаннан,
Сол сөзіне уәзірдің қайран қалдым.

Сол уәзірді кескілеп тілдірейін,
Терісіне саман тығып ілдірейін.
Өзімнен кейінгіге болсын сәнат¹,
Өзімнің патшалығым білдірейін.

Зұбайда сонда келіп қылды арыз,
— Менің айтқан арызымды құп тыңдаңыз.
Құдайым қандай жандар жаратқан жоқ,
Асылыққа жаратқан күнәһармыз.

Уәзірді ашуменен өлтірсеңіз,
Патшалықты жеріне келтірсеңіз,
Ол Қасым жомарттығы рас болса,
Тәңірі алдында, әй, тақсыр, не дерсіңіз?

Ол Қасым өзі жомарт, өзі бай-ды,
Жақсы қылып жаратқан бір Құдай-ды.
Қасымды әуелі барып көрмейінше,
Өлтіргенің уәзірді жарамайды.

Ей, тақсыр, бір жолдаспен Басыраға жүр,
Анық өзің бар дағы көзіңмен көр.
Бейкүнә уәзіріңді өлтірмеңіз,
Әрқашан өлтірсеңіз қолыңда тұр.

Алдында қызмет қылды көп жыл әділ,
Жақсылық, жамандығын бір көріп біл.
Сізге жалған сөйлесе өлтіріңіз,
Сүйексіз не сөйлемес бұл қызыл тіл.

Зынданда жата тұрсын ертелі-кеш,
Мұндай уәзір сіздерге табылмас еш.
Айтқаныңдай ол Қасым бола қалса,
Зынданнан шығар дағы күнәсін кеш.

Бұл мәслихат ұнай ма, тақсыр, саған?
Айтты деп, тақсыр, қаһар қылма маған.
Айтқан сөзі Фазылдың рас болса,
Қайтіп жаза қыласың, тақсыр, оған?

Бұл жауапты падиша көреді еп:
— Қасымның мән-жайын білейін, — деп.
Анық көзім жете алмас расына,
Бір адамды жіберсем біліп кел, — деп.

¹ Сәнат /араб/ — мысал, үлгі.

Бір адамды жіберсем білмек үшін,
Ол адамның білмеспін аслан¹ ішін.
Уәзірмен йә қас шығар, йә дос шығар,
Бекерге қастық етер барған кісім.

Зұбайда, көңдім айтқан сөзіңізге,
Ғұмыр берсін Құдайым өзіңізге.
Өзім барып көрейін Қасым жүзін,
Мұнан басқа ақыл жоқ енді бізге.

Саудагер порымынша² киді киім,
Патшаның ешкім білмес ақыл-ойын.
Білдірмей еш адамға жүріп кетті,
Бір жолдассыз жүрмегі тіпті қиын.

Бір жолдас қасына алып жүріп кетті,
Бес күнде Басыраға барып жетті.
— Алыс жолдан бір келген саудагерміз,
Сарайшыға түсемін, — деп хабар етті.

Сарайшыға айтады: «Ей, сарайбан,
Бір сарайды босатып берші маған.
Алатын жұрт қатарлы ақыңды ал,
Мейман болып бұл күні келдік саған».

Атын ұстап түсірді сарайына,
Бір ділда алушы еді бір айына.
«Менің патша екенімді білдірме», — деп
Халифа жалынады Құдайына.

Танымады сарайдың күзетшісі,
Сарайда танымады ешбір кісі.
Ол сарайға сан кісі түсіп жатыр,
Кімнің бар кімнің білән кімнің ісі?!

Сарайшы пәтеріне алып кірді,
Ілесіп күзетшіге патша жүрді.
Бір құжыраға³ кіргізіп халифаны,
Күзетші шықты дағы жүре берді.

Ол сарайдың иесі данышпан-ды,
Өзі зерек жан екен, өзі малды.
Сарайына көргелі келген екен,
Көрді де екі атты қайран қалды.

Екі ат тұр жарап қалған арыған ат,
Күзетшіні шақырды кел мұңдалап.

¹ Аслан /араб/ — шын мәнінде.

² Порым /орыс/ — сыртқы пішін.

³ Құжыра /араб/ — бөлме.

— Кім келді бұл сарайға алыс жерден?
Екеуі қатып қалған не қылған ат?

— Екі кісі мейман келіп жаңа түсті,
Жауырыны қақпақтай, өзі күшті.
Салтанаты патшадай, түсі суық,
Көрген соң сол кісіні зәрем ұшты.

— Сұралық, қайдан келген мейман екен,
Қай жерлерді қылыпты бұлар мекен?
Көрісіп жөн-жайларын біз сұрайық,
Әлде бізге бұл мейман таныс па екен?

Сарайбан келе жатыр бір-бір басып,
Мейманға сәлем берді есік ашып.
Сарайбан халифаны таниды екен,
Көргеннен соң ол қалды қатты сасып.

— Келдім де көремін деп есік аштым,
Көрген соң, тақсыр, сізді, қатты састым.
Неғыш түстің, ей, тақсыр, мұндай күйге?
Сізбенен сасқанымнан амандастым.

Тағзым қылмай дұрыс емес амандасу,
Әдепсіздік қылды деп қылма ашу.
Пида¹ болсын жолыңда мал мен басым,
Келгеніңе қылайын үлкен шашу.

— Бір себеппен мен келдім осы жаққа,
Біздің сырды білдірме халайыққа.
Бұл шаһарда бар дейді Қасым жомарт,
Ісі жаққан деседі оның Хаққа.

Ол Қасымды көрмекке көңіліміз бар,
Бір көруге Қасымды болдық құмар.
Жомарт дейді байлығы жаннан асқан,
Көрмек едім қай түрлі өнері бар.

— Ей, тақсыр, үйімізге мен барайын,
Кілем, көрпе, жастықтар мен алайын.
Астыңа кілем жайып, көрпе төсеп,
Мамық жастық басыңа мен салайын.

Халифа билеуші еді тамам елді,
Барды да кілем, көрпе алып келді.
Бал мен шекер, палау, ет, шай келтіріп,
Халифаның алдында аттай желді.

¹ Пида — құрбан болу, аянбау.

Сарайшы айтты: «Қасымдай еш жігіт жоқ,
Жүзін көрген адамдар болады тоқ.
Ондай жомарт дүниеге келе бермес,
Ондай жанды жаһанда көргенім жоқ.

Неше дүкен толтырған асыл тасқа,
Алтын көп, жылқы, түйе, қойдан басқа.
Әркімге ат пен түйе, шапан берген,
Ондай жомарт кім болар қарны ашқа.

Мұны естіп патшаның қашты қаны,
Сипатын тамаша етпек көріп оны:
«Күні-түні жомарттық қылған болса,
Әзелде жомарт екен шыбын жаны».

Халифа атқа мініп жүріп кетті,
Кешке таман Қасымға барып жетті.
— Алыс жолдан келген бір мейман едім,
Қасымның мен үйіне қонам, — депті.

Қасым шығып патшаға сәлем берді,
Атын байлап үйіне алып кірді.
Екі-үш қабат бөлмеден өтіп келіп,
Бір кереует үстіне отыр деді.

Ол тақытқа отырғалы патша келді,
Еш нәрсеге ол тақыт ұқсамайды.
Қараса, йә от емес, йә су емес,
Сынаптайын толықсып жалтылдайды.

Халифа ол тақытқа таңғалады,
Анық тіктеп қараса көз талады.
Отырғанда күй шықты тоғыз түрлі,
Сасқанынан Қасымға жалт қарады.

Тоқтап тұрды тақыты толқып барып,
Тоғыз түрлі тамаша ән-күй салып.
Дүниеде еш нәрсеге ұқсата алмай,
Патша отыр бұған өте қайран қалып.

Падиша ойлап отыр талай ойды,
Алдына неше алуан тағам қойды.
Дастарқанға қырық түрлі тағам салып,
Бір кісіге алып келіп бие сойды.

Ет піскенше жүз түрлі тағам келді,
Қасым патша жүзіне қарай берді.
Дастарқанға отырып, мәслихат қып:
— Мейманым, жөніңді айт, кімсіз? — деді.

— Шаһарымыз Бағдатта, саудагермін
Мал алып сатып жүрген әр шаһардан.
Кешегі күн Басыраға келіп едім,
Аз мәслихат үміт қып сіздей ерден.

Ақық¹, жақұт, зүбәржат² табақ пен аяқтары,
Мұзайан³, мұрассиг⁴ гүл түсті шараптары.
Пағпур⁵ шыны қолында сауыттар бар,
Патшаға соны берді жариалары.

Қасым тысқа сол уақыт шығып кетті,
Бір ағаш, бір тотықұс алып кепті.
Жапырақтары зүмраддан лағыл ағаш,
Басына тотықұсты қондырыпты.

Қасымның бір қолында алтын шыбық,
Ол шыбықпен тотыны қойды ұрып.
Тоты сонда қанатын көтеріп еді,
Дүниені қаптап кетті жақсы иіс шығып.

Қасына тағы қойды бір топ ағаш,
Өзі алтын, жапырағы ақ гауһар тас.
Екі бұлбұл басында қонып отыр,
Сайрайды неше алуан ол сандуғаш.

Бұлбұлдар сайрап отыр қанат қағып,
Халифа қайран болды оған бағып.
Көрген жанда бір қайғы қалар емес,
Ұсталар істеді екен мұны неғып?

Бұлбұл сайрап, тотықұс ойнап тұрды,
Жауһар алтын ағаш жайнап тұрды.
Халифа тамаша әйлап көз айырмай,
Бұлардың әрқайсысына қарап тұрды.

Екі сағат сайратты бұлбұлдарды,
Халифа тамаша етті көріп оны.
Екі сағаттан соң бұларды алып кетті,
Халифа қапа болып күйді жаны.

Бұларды ап кеткен соң қапа болды,
Қапалықтан ішіне қайғы толды.
«Жомарт болса бұларды қояр еді» деп,
Ашуланып патшаның жүзі солды.

¹ Ақық /араб/ — түсі ақшыл бағалы тас.

² Зүбәржат, зүмрад /парсы/ — жасыл түсті асыл тас.

³ Мұзайан /араб/ — әшекейленген.

⁴ Мұрассиг /араб/ — асыл тастармен безендірілген.

⁵ Пағпур — көне дәуірлерден қытайда жасалатын әдемі ыдыс; фарфор.

Падиша қапа болды осыған бек:
«Тағы біраз ойнатып қоймайды, — деп. —
Мен қараға тез үйден ап кеткені,
Қорықты ғой: «Осы мені сұрайды», — деп.

Онан соң бір ұл келді домбыра алып,
Қасында бір қыз келді әнін салып.
Ұл домбыра шертеді қыран салып,
Падиша қарап тұрды қайран қалып.

Бұлбұл, тоты есінен шығып кетті,
Қызық бар мұнан артық десе не етті.
Ұл мен қыздың өнерін көргеннен соң,
Патшаның ішінен дерті кетті.

Патшаға домбыра шерткен ұл бала,
Ән салған он төрт жаста бір қыз бала.
Екі сұлу баланы көргеннен соң,
Падишаның ақылы кетті және.

Құралайдың көздеріндей көздері оның,
Бал шекерден тәтті екен сөздері оның.
Мұндай сұлу балалар көрген емес,
Сабыры қалар емес көрген жанның.

Мойны ұзын алманың сабағынан,
Ішкен асы көрінер тамағынан.
Саусақтары күмістен, тырнағы алтын,
Гүл төгіліп тұрады қабағынан.

Тал шыбықтай бойы бар, белі нәзік,
Таба алсам жақсы қылып мақтайын бек.
Бозбалаша балалардың көркін жазса,
Мыңнан бірін қағазға болмас жазып.

Ұл-қыздың бетінен күн көрінген,
Үстіне інжу-жауһар киім киген.
Жақұт тастан қолында бір кесе бар,
Толған шарап патшаға соны берген.

Шарапты ішіп, кесені қайтып берді,
Ұл бала тағзым қылып алып тұрды.
Әбден тауысып кесені қайтып берсе,
Ішпегендей тағы да толып тұрды.

Патшаға қайтып берді тағы да өзін,
Ол кесенің айтайын қызық сөзін.
Ішіп болса, толып тұр әуелгідей,
Падиша қайран қалып салды көзін.

Қызмет қылған ұл-қыз екі бала,
Қасымды жомарт қылған Хақ Тағала.
Патшаның қалған суын алып кетті,
Көңіліне халифаның түсті сана.

Халифа қапа болып ойлады ойды:
«Бұларын неге мұнан алып қойды?»
Жағыпарға ашуланды мұнда отырып:
«Үйге барғаш қылам, — деп, — саған тойды.

Сонша өтірік мақтады мұның несін?
Бір көрсетіп кетеді әрнемесін.
Осынша бір жаһілге¹ әуре қылған,
Фазылдың қылармын бір әңгімесін».

Сол уақта жетіп келді және бір қыз,
Оған қыздан пар келмес бірері жүз.
Қыз қолында жұдырықтай бір құты бар,
Құтының тамашасын айталық біз.

Қыз тұрды ол құтыны тық-тық қағып,
Тары саулап ішінен тұрды ағып.
Әлгі ашуы есінен шығып кетті,
Халифа қайран болды оған бағып.

Ол сұлу қыз құтыны қағып тұрды,
Тары саулап ішінен ағып тұрды.
Жұдырықтай құтыдан аққан тары
Он бес амбар сарайды лық толтырды.

Қасым тұр қол қусырып қарсы алдында,
Бір ләуте² сұрады қыз тағы да.
Піл тісінен амал тәркиб³ қылған,
Бір ләуте ап келді Қасым анда.

Сонда қыз ләуте[ні] қолына алды,
Түрлі шиуә⁴ музыкаия күйге салды.
Маһир⁵ сынды ажырай нағматыны⁶
Қыз бастағанша халифа таңға қалды.

Һарон Рашид отырды қайран қалып,
Жарианың маһаратына⁷ көзін салып.

¹ Жаһіл /араб/ — надан, топас.

² Ләуте /араб/ — көне музыка аспабы.

³ Тәркиб қылу /араб/ — жасау.

⁴ Шиуә /парсы/ — әуен.

⁵ Маһир /араб/ — өнерлі, шебер.

⁶ Нағмат /араб/ — саз, әуен.

⁷ Маһарат /араб/ — өнерпаздық, шеберлік.

– Баракалла, Қасымжан! – деді патша,
Қасым сонда шығарды ертіп алып.

Қасым ертіп жарияны шығып кетті,
– Мейманым, жататұғын уақыт жетті.
Алтын тақыт¹ үстіне төсек салып:
– Мейманжан, төсегіңе жатқын, – депті.

Алтын тақыт үстіне төсек салды,
Халифа төсегіне жатып қалды.
Мейманын төсегіне жатқызған соң,
«Қош, мейман!» – деп Қасым да кетіп қалды.

Ертең тұрып оқыды таң намазды,
Көрмейсің Қасым сынды ер сабазды.
Түнде көрген нәрселер ойдан кетпей,
Халифа қайғыланып өлең жазды.

Таң атқан соң патшаға келді Қасым:
– Аман-есен тұрдың ба, замандасым?
Қалағаның бар болса, алып кеткін,
Аямаймын жолыңда мал мен басым.

– Бір күн, бір түн, Қасымжан, болдық қонақ,
Бәрімізден өтеді дүние шолақ.
Қызық қызмет ісіңе разы болдым,
Еш нәрсеңді алмаймын тіпті қалап.

Сарайда, Қасымжан, жолдасым бар,
Бір көруге жүзінді болдым іңкәр.
Қызық қызмет біз сізден көрдік, жаным,
Неңді қалап аламын сенің бекер.

Рұқсат берсең, жолдасқа баралық біз,
Бізді сөкпей, Қасымжан, қалыңыз сіз.
Сіздерге Алла Тағала разы болсын,
Қызметіңе біз сіздің разымыз.

Халифа жүремін деп тысқа шықты,
Қасымжан әдеппенен тағзым етті.
Алтынды ер жабдықты ат мінгізді,
Падиша ондай атты көрген жоқ-ты.

– Ей, мейманым, сізге берген бар мәзірім,
Әрқашан біздікіне келіп жүргін.
Жақсы қызмет біз сізге қыла алмадық,
Еш келгенің жоқ еді мұнан бұрын.

¹ Тақыт — хандар мен патшалар отыратын орын, тақ.

Мұнан соң әлгі атқа мініп кетті.
Патша ойлап келеді талай кепті:
«Бұл Қасым жомарт емес, мақтаншақ қой,
Мақтанып әр нәрсесін бір көрсетті.

Талай нәрсе көрсетті Қасым маған,
Мұның несін мақтады уәзір надан?
Жомарт болса, біреуін берер еді,
Көрсетіп алып кетті бәрін тамам».

Ойлай-ойлай падиша жүріп кетті,
Жолдасы қалған сарайға барып жетті.
Сарайды төңіректен көп жандар тұр,
Бұларды көріп патша тамаша етті.

Он түйе тұр үстеріне жүктер артқан,
Жібектен әрқайсысына арқан тартқан.
Он түйеге артқаны ділда жамбы,
Жібек масаты үстіне кілем жапқан.

Он қыз тұр, бәрі сұлу, хұсни¹ жамал²,
Мінгені топшақ ат, бәрі кемел.
Қолдарында бәрінің алтын шатыр,
Көрген жанның бұларға көзі талар.

Падиша мұнан өтіп үйге кірді,
Үй алдында бірталай істер көрді.
Қасымның үйіндегі өзі көрген
Тамашалы істердің бәрін көрді.

Бұлбұл қонып бағында ол сайрап тұр,
Тотықұс өз бағында ол да ойнап тұр.
Қасымның үйінде көрген істің,
Бәрі сонда түп-түгел бек жайнап тұр.

Домбырашы ұл, әнші қыз ойнасып тұр,
Құты мен ләуте алған қыз ол да тұр.
Баяғы алтын терек, бұлбұл құстар,
Алдында халифаның сайрасып тұр.

Әнші қыз келді дағы бір хат берді,
Халифа алды дағы ашып көрді.
Һәмма көрген істерін инғам³ қылған,
Халифа қайран болып оқып тұрды.

Жазыпты ол хатында: «Қарарым сол,
Мейманым, өкпелемей разы бол.

¹ Хұсни /араб/ — әдемі, сұлу.

² Жамал /араб/ — ажар, көрік, келбет.

³ Инғам /араб/ — садақа, сыйлық.

Бұған разы болмасаң тағы бір кел,
Сізді разы қылайын ендігі жол.

Мейманым, сізді бүгін танымадым,
Көп сөз сұрап сол үшін жанымадым.
Алыңыз азырқанбай разы болып,
Не қажетің бар-жоғын біле алмадым.

Жоқ еді сізді бұрын көргеніміз,
Алыңыз разы болып бергеніміз.
Керегіңді сыртқа айтсаң өзіме айтпай,
Онан соң біздің тірі өлгеніміз.

Көрдіңіз ақық, жақұт, лағыл, шарап,
Гауһар ағаш басында бұлбұл сайрап.
Тотықұс, алтын ағаш, қызметкерлер,
Бәріне тамашалап тұрдың қарап.

Қанша ойын тамашалар келді бәрі,
Анық тыңдап, көзіңмен көрдің оны.
Сарайдың маңайында тұрған жандар
Сіздің мүлкің болады һәммалары.

Өзің көріп һәммасын тамаша еткен,
Сол уақытта біздің мүліктен шығып кеткен.
Кім мейман ұнатқанын өзі алар,
Ісім сол бұрыннан-ақ әдет еткен.
Әдетім, қанша мейман келуші еді,

Ғажайып тамашалар көруші еді.
Қай нәрсемді таңқалып көрген адам,
Соны өзі қайтадан алушы еді».

Бұлайша деп жазылған хатты көрді,
Тамаша қылды патша Қасым ерді.
«Қасымның жомарттығы рас екен, — деп, —
Мен ойлаған істерім бекер», — деді.

Патша ойлады: «Бұл Қасым неткен адам?
Мұндай жомарт тумайды тірі жаннан.
«Патшамын» деп бекер-ақ мақтанамыз,
Бұл Қасымға тең келмес падиша, хан.

Ойлаушы ем «менен артық адам жоқ» деп,
Өзім патша, артықша жомартпыңдеп.
Тәкаппарлық қылып мен үйде отырып,
Кісісіне жолықпай жүріппін тек.

Рас екен Жағыпарымның айтқан сөзі,
Шын жомарт адам екен мұның өзі.

Қисапсыз малын шашқан неткен адам?
Өзімнің қол астымда тағы да өзі.

Мұның жайын сұрайын қайтып барып,
Қандай адам дүниесін қылған сарып?
Жалғыз маған бергені бұл Қасымның,
Бір патшаның мүлкіне олар шәрип¹».

Қайта жүрді: «Өзінен сұрайын», — деп,
Бекер алып кегуді көрмеді еп.
«Мендей болып үйіне келген жанға,
Бәріне де осындай береді-ау», — деп.

Қасымға енді патша келді қайтып:
«Бұған мен кетейін, — деп, — ақыл айтып».
Орнына қойып әлгі бергендерін,
Қасымға сөз сөйлейді жауап қатып:

— Ей, менің махбұб² достым, Әбілқасым,
Құлақ сал бұл сөзіме, замандасым.
Жіберген нәрсеңізге бек шаттандым,
Қалай болар соларды өзің алсаң?

Ей, Қасым, сіздей жомарт еш адам жоқ,
Жіберген нәрсеңізге шаттандым көп.
Жұрттан асқан жомарттық байлығыңды
Бағдатта барша жұртқа мақтайын бек.

Әбілқасым қайғырды мұны естіп:
«Өзің ал деп айтқаны бұл несі? — деп.
Қайтармас еді егер разы болса,
Бір қасұр³ уақиға бізден болды ма?» — деп.

— Разы болсаң, — деді, — мейман, қайтармаңыз,
Аз болды ма бұл берген едбеміз⁴?
Егер разы болсаңыз, жан мейманым,
Айдап кетіп көңілімді хош қылыңыз.

Патша айтты: «Ей, Қасым, сіз тыңдап тұр,
Құлақ салып сөзіме, мойныңды бұр.
Көңілімде еш шүбәсіз разылығым,
Құдай ләм иәзал⁵ біздерге әшкере-дүр.

Маған берген нәрсеңіз биқисап көп,
Артық қымбат нәрселер бердіңіз бек.

¹ Шәрип /араб/ — лайық.

² Махбұб /араб/ — сүйікті.

³ Қасұр /араб/ — орынсыз.

⁴ Едбе /парсы/ — сыйлық.

⁵ Ләм иәзал /араб/ — кемшіліксіз.

Бүйте берсең малың тез ада болар,
Жаным ашып айтып ем «алыңыз» деп.

Қасым айтты: «Мейманым, алдым сырың,
Ешкімнен нәрсе алып па ең мұнан бұрын?
Патшаның бұл сөзіне күлді Қасым:
— Енді менің сөзімді тыңдап тұрың.

Құдай айдап келтірді бізге сізді,
Қападан құтқардыңыз құлыңызды.
Мұндай малды әр күнде он берсем де,
Ешкім біздің түгеспес пұлымызды.

Падиша мына сөзге қайран қалды:
— Баян қылғын басыңда болған халді.
Күнде мұндай он берсең ада болмас,
Қайдан таптың қисапсыз мұнша малды?

Мейманын Қасым жомарт разы қылды,
Патшаны бір сарайға алып келді.
Патша көрсе бұл үй алты бөлме,
Бұл дүниенің малына баға қылды.

Алты үйдің біреуінен біреуі артық,
Дүр, гауһар, інжу, маржан, лағыл, ақық,
Мафрушат уа тазинат уд ғанбар¹,
Патша көріп таң ғалды ішін тартып.

Үйінде гауһар қанділ² тұрған жанып,
Үйдің ішін бір жақсы иіс кеткен алып.
Патша алтын саты басқышпенен
Жоғары бір тақытқа мінді барып.

Қасында бір тақытқа Қасым мінді,
Қандай жан қайран қалмас бұған енді.
«Өзімнен ұлық патшаның үйі ме?» деп,
Патшаның ішінде күмән қалды.

Тақытқа жайланысып мініп алды,
Қасым сонда сөйлейді өткен халді.
Қасым жомарт сөйлейді әңгімесін,
Падиша сонда тыңдап құлақ салды.

Қасым айтты: «Абулфатах — атам аты,
Байлығы, артық екен салтанаты.
Мекені Мысыр екен сол уақытта,
Жайылған әрбір елге шүһрәті³.

¹ Мафрушат уа тазинат уд ғанбар /араб/ — амбра ағашымен безендірілген.

² Қанділ /араб/ — шам, шырақ.

³ Шүһрәт /араб/ — даңқ, атақ, мәртебе.

Байлығы сол уақытта жаннан асқан,
Алтын, күміс үй салған асыл тастан.
Қисапсыз байлығына күншілік қып,
Падишасы Мысырдың болды дұшпан.

Падиша хасадлық¹ қып көре алмады,
Бір-біріне жақсы сөз бере алмады.
Атама Мысыр шаһы дұшпан болған,
Мысырда сабыр қылып тұра алмады.

«Бұл шаһарда тұрман, — деді, — малымды ұстап»,
Әр іске жүрген шығар Құдай бастап.
Атам байғұс патшадан қорыққан соң,
Мысырдағы мекенін кетті тастап.

Мал-мүлкін жиып алып көшіп кетті,
Басыра шаһарына барып жетті.
Басырада бір байдың қызын алып,
Атамыз сол шаһарды мекен етті.

Екеуінен біз келдік бұл дүниеге,
Сірә көңіл бермеңіз қу дүниеге.
Ата-анамыз жасымда дүние салды,
Қандай істер көрмедім, уа, дариға.

Жасымда жетім қалдым мұңлық басым,
Жетімдікте ақты ғой көзден жасым.
Ержетіп, ақыл-есім кіргеннен соң,
Арақ пен шарап болды ішкен асым.

Ойын ойнап сарп қылдым барлық малым,
Атамның қанша жиған мүкәммалын².
Қисабы жоқ үйімде алтын-күміс,
Ақымақтықпен тауыстым соның бәрін.

Айырылдым ата малдан ие болмай,
Ойын мен тамаша іздеп, тәубе қылмай.
Ақырында кедей боп қаңғып кеттім,
Үш жылда тамам болды бір пұл қалмай.

Қолымда малым қалмай кедей болдым,
Тағы берер Құдайдеп үміт қылдым.
Бұрынғы байлығымды көрген жанға
Көріруге арланып бек ұялдым.

Неге ақымақ болдым деп көп ойландым,
Кедейлік қорлық екен, бек ойландым.

¹ Хасад /араб/ — іштарлық, қызғаныш.

² Мүкәммал /араб/ — дүние-мүлік, қазына-байлық.

Мұнда жүрсем болармын елге мазақ,
Басқа жұртқа кетейіндеп ойладым.

Үйімді саттым бір күн біраз пұлға,
Керуендерге қосылып түстім жолға.
Мосыл менен аралап Шам шаһарын,
Азырақ қызмет қылып жүрдім сонда.

Шамнан көшіп Арыш қарай бардық,
Баяғы жолдастардан айырылмадық.
Онан көшіп жол жүріп неше мүддет¹,
Бір күн Мысыр, Қаһираға келіп қалдық.

Бір күн жалғыз базарды араладым,
Көп ой ойлап көңілімді жараладым.
Атам Абулфатахтың мекенін
Көрген соң қасірет ұрып зар жыладым.

Дедім мен әуелі, атам, мұнда тұрдың,
Бай болып, жақсы болып дәурен сүрдің.
Кедей болып қайғырдым мен бұл күнде,
Бір медет қылсаңшы деп жылап жүрдім.

Ніл дарияның ол Мысыр жағасы екен,
Атам әуелі Мысырды қылған мекен.
Ол шаһарда ешкімді танымаймын,
Ойладым енді қайда кетсем екен?

Бір көшемен тік жүріп Нілге келдім,
Дарияның жағасында таһарат² қылдым.
Оң жағыма қарасам бір сарай тұр,
Төрт қабат, биік екен, қайран қалдым.

Мысырдың патшасының сарайы екен,
Мен көргенім сарайдың сырт жағы екен.
Биіктік сипатына қарап тұрсам,
Бір сұлу қыз көрінді терезеден.

Әлқисса, Қасымның ол қыздың сипатын патшаға баян қылғаны:

Жоғары алтын әйнектен,
Қыз жан-жаққа қарады.
Нәзік белі бұралып,
Аққудай мойнын тарады.
Екі көзі жалтылдап,
Наркескен асыл қанжардай,
Ішімді жарып барады.

¹ Мүддет /араб/ — мезгіл, уақыт.

² Таһарат /араб/ — дәрет алу, тазалану.

Ақ жүзіне қарап ем,
Көңіліме салды жараны.

Қыз сипатын қарасам,
Ақ бетінде кіршік жоқ,
Айдын көлдің қуындай,
Екі көзі жарқырап,
Патшаның алтын туындай.
Сөйлеген сөзі мазалы,
Аб¹ зәмзәм суындай.
Аузынан шыққан лебізі
Сары алтынның буындай.

Есімнен кетті кедейлік,
Қызды көзім теседі.
Көрген адам дидарын,
Шыбын жаннан кешеді.
Ғашықтық түсіп ішіме,
Босатты қыз буынды-ай.
Хорлығайын секілді
Әлгі қыздың порымы.
Решеткесі әйнектің,
Отырған сонда орны.
Гауһар тастай жарқырап,
Мықынына түсіп тұр
Алтын айдар тұлымы.
Бағаладым он қызға,
Шашының жалғыз қылыны.
Миуалы дарақ секілді,
Көрдім оның түрін.
Дидарына қарасам,
Шашы сүмбіл секілді,
Қоғалы көлдің құрағы.
Бой-нұсқасын қарасам,
Бектердің мінген пырағы.
Алтыннан соққан түймедей,
Бас порымы – нұсқасы.
Мұрынына қарасам,
Астраханның пістесі.
Қас порымына қарасам,
Қия жонған қаламға
Шам шарифтің² ысқасы.
Сымға тартқан күмістей,
Он саусақтың саласы.
Тізген меруерт секілді,
Отыз тістің қаласы.

¹ Аб /араб/ – су.

² Шам шариф /араб/ – құрметті Шам қаласы.

Айта беріп қайтейін,
 Сондай-ақ болып туар-ды
 Мұсылманның баласы.
 Мақсатыма жете алмай,
 Көңілімнен әлі кетпейді
 Ғашықтықтың сәнасы¹.
 Осынша бай болсам да,
 Сәнамен жүзім сарғайып,
 Қайғымен көңілім қарайып,
 Есімнен кетпей мағшұғым²,
 Болмады дертім дауасы.

Сол қызға қарап тұрдым қайран болып,
 Ғашықтық дерті кетті іште толып.
 Мен бетіне қадалып қараған соң,
 Терезеден кетті әрмен қыз тартылып.

Пақырың қызды көріп дертті болды,
 Бұрынғы дерттен бұл дерт артық болды.
 Ақшамғаша³ отырып сол арада,
 Отырсам да көрінбес уақыт болды.

Онан кейін бір жерге жаттым барып,
 Тәнім рақат тапса да, көңілім ғаріп.
 Қашан жүзін көрем деп отырғанда,
 Дүние раушан⁴ болды сабах⁵ жарып.

Көрем ғой деп қуандым тағы бүгін,
 Сіркедей ақылым жоқ баста бүгін.
 Жетіп келіп кешегі көрген жерге,
 Терезеге қарадым ұзынды күн.

Терезеге қарадым кешке дейін,
 Көре алмай зар жыладым, мен не дейін?
 Бұл күні махбұб⁶ жүзін көре алмадым,
 Орныма қайтып бардым онан кейін.

Таң атқанша отырдым ұйқы көрмей,
 Өз жаныма қайғымен рақат бермей.
 Таң атқан соң тұсына тағы бардым,
 Кәсіп қылған жандардың біріне ермей.

Отырдым көрінер деп үміт етіп,
 Келемін дегендей-ақ жолын күтіп.

¹ Сәна /араб/ – қайғы.

² Мағшұқ /араб/ – ғашық, сүйікті.

³ Ақшамғаша намазы – ақшам намазына дейін.

⁴ Раушан /араб/ – жарық, сәуле.

⁵ Сабах /араб/ – күн сәулесі, таңсәрі.

⁶ Махбұб /араб/ – сүйікті.

Бір заман түстен кейін болып еді,
Жарқ еткенде ақылым қалды кетіп.

Мені көріп қыз сонда жауап қылды:
— Неге тұрсың, бұл жерден кеткін, — деді.
Патшаның жігітінің бірі көрсе,
Өлерсің, тез жөніңді тапқын», — деді.

Бұл сөзден қорықпады көңілім, сірә,
Жүрегім қуанғаннан болды пара.
Біреу келіп басымды кескенінше,
Сонда қызға сөйлеймін мен бейшара.

— Терезеден жүзіңді көрдім сенің,
Ғашық отың ақылымды алды менің.
Бастан ақылым, көңілімнен сабыр кетіп,
Қанжардай тілді бағырым құп жамалың.

Күйдірді жаным-тәнім ғашық отың,
Махбүбім, бар ма маған махаббатың?
Жамалыңды көрген соң ғашық болдым,
Күн бар ма көрер маған сән-сияпатың?

— Ей, сорлы, ғаріп байғұс, мені сүйме,
Мені сүйіп кешеде бекер күйме.
Енді мен хабар берсем, өлесің сен,
Өз обалың өзіңе, менен көрме.

Бұл сөзді айтып тартылып кетті әрмен,
Қыз кеткен соң қалмады менде дәрмен.
Маған қыз ашуланып кеткеннен соң,
Өлмекті ойға алып болдым қайран.

Ақылым қайран болды, ділім ләрзан¹,
Жалладтар² келеді деп қылса пәрман.
Енді өлімге отырдым басты байлап,
Келмеді ақшамғаша ешбір адам.

Еш адам келмеген соң күйіндім бек,
Тірліктен өлім маған жақсы едідеп.
Орныма қайтып бара жатқанымда,
Кісідей қалтыраймын бейне безгек.

Бір кішкене ұйықтап, бір түс көрдім,
Түсімнен қатты сасып қорқып тұрдым.
Таң атқан соң орнымнан түрегеліп,
Терезенің тұсына тағы жүрдім.

¹ Ләрзан /парсы/ — дірілдеген, қалтыраған.

² Жаллад /араб/ — жендет.

Жүріп келе жатырмын тәлтіректеп,
Тағы да үміт етіп көрінер деп.
Мендей ақымақ жаһанда жан бар ма екен?
Кәсібімді қылсамшы онан да ештеп.

Баяғы жерге тағы тұрдым келіп,
Терезеге қараймын көзім салып.
Қыз бір уақытта терезені ашты дағы,
Қорқытып сөз сөйледі ашуланып.

— Ей, байғұс, неге керек құр қараған?
Кет деп саған неше айттым бұл арадан.
Қанша аяп айтып ем, енді өлдің,
Іс қылдың өз басыңа жарамаған.

Хабар бердім, жалладтар келе жатыр,
Басыңа енді түсті заманақыр.
Бұл араға жабысып қалдың неге?
Ажалыңа асыққан байғұс пақыр!

— Бұл сөзің, — дедім, — әсер қылмас маған,
Бар Құдай ғашық қылды мені саған.
Сіз — бір жанған шамсыз, мен — пәруана¹,
Тез өлтір, енді мені қойма аман.

Жолыңда қайран болды ғазиз² басым,
Кеше-күндіз ағады көзден жасым.
Тамақ, киім таба алмай қаңғып жүріп,
Мендей әуре Құдайым еш қылмасын.

Ішіме түсті менің ғашық отың,
Қасіретте қайран қылды мені дертің.
Сіздің үшін жанымнан кештім бүгін,
Махбүбім, осы менің, аһ, сертім.

Қыз білді ғашық отымен күйгенімді,
Шын жұмсап бойым балқып игенімді.
Мархабатты көңілі, мейірі келіп,
Қыз да маған білдірді сүйгеніні.

— Ей! — деді, — қазір мұнан кеткін! — деді,
Бұрынғы ұрысқанымды ұққын, — деді.
Күзетші шықпай тұрып, ақшамнан соң
Тереземнің тұсына жеткін, — деді.

Мұны айтып қыз сонда ғайып болды,
Қыздың айтқан сөзіне көңілім толды.

¹ Пәруана /парсы/ — түнде жарықты айнала ұшатын көбелек; біреудің жолына құрбан болу.

² Ғазиз, әзиз /араб/ — ардақты, аяулы, қадірлі.

Махбүбтің ілтипатын көңіліме алып,
Пақырыңыз ол жерден жөнелді енді.

Әрбір ойды ойлаймын сонда өзім,
Бұл қызға жауаптассам келіп кезім.
Жапа көрдім демес ем онан кейін,
Естісем махбүбімнің шырын сөзін.

Моншаға кірдім сонда базар барып,
Шаш, мұртымды түзеттім тазаланып.
Жылдай болды батуы жарым күннің,
Күн батпай кейіп жүрмін назаланып.

Уақытында терезеге жетіп келдім,
Келдім де салбыраған бір жіп көрдім.
«Менің үшін әдейі қойған жіп» деп,
Жіптен ұстап өрмелеп үйге кірдім.

Жіп ұстап терезеден үйге кірдім,
Ол үйде еш адам жоқ, шамын көрдім.
Ар жағында бір есік көрінген соң,
Сол есікті ашпаққа тағы жүрдім.

Ол үйге кіріп келдім есік ашып,
Көрмекке махбүбімді болып ғашық.
Ол үйдің ар жағында екі есік тұр,
Қарасам, бірі — берік, бірі — ашық.

Ашық тұрған есікке кіріп бардым,
Жамалын көрдім сонда асыл жардың.
Күміс сәрир¹ үстінде отыр екен,
Жүзін көріп, ла йағқал² бола жаздым.

Қасына махбүбімнің жетіп келдім,
Зейнеті бір өзіңде тамам елдің.
Мағшұғымның³ жамалын көргеннен соң
Мың шүкірлік, әлхамдулла⁴ дедім.

Сонда екеуіміз көрістік құшақтасып,
Құшақтап біраз тұрдым мауқым басып.
Қасына күміс тақытқа отырғызып,
Мән-жайымды сұрады ақылдасып.

Сонда мен қызға айттым оқиғамды
Басымнан жақсы-жаман өткен күнді.

1 Сәрир /араб/ — төсек.

2 Ла йағқал /араб/ — ақылынан адасқан.

3 Мағшұқ /араб/ — ғашық, сүйікті.

4 Әлхамдулла /араб/ — Аллаға мадақ, Аллаға шүкір.

Асылы, нәсілім, һәммасын¹ баян қылдым,
Менің айтқан сөзімді құп тыңдады.

— Сенің ғашығың күйдірді, — дедім, — жаным,
Мағшұғым, көрдім жүзіңді, мейірбаным.
Арманым жоқ дүниеде, — дедім, — сонда,
Ұжудымнан² бұл сағат шықса жаным.

Қарасам, қыз сипаты бір бейне хор,
Жүзінен жәннат нұры төгіліп тұр.
Сипатын айтып тамам қыла алмаймын,
Лисан³ латафат⁴ рисани-дүр⁵.

Қыз естіп жылады менің сөзім,
Аһ деп басын шайқап, жұмды көзін.
— Ғашық оты әуел түсер мағшұққа, одан ғашыққа,
Шам көркі жайымнан жандарын пәруана болдың өзің.

Терезенің қанатын тұрдым ашып,
Сонда көріп сіз маған болдың ғашық.
Меніменен жұптанып жүре алмайсың,
Ғұмырың өтеді ғой бекер жасып.

Сіздің маған махаббатың қандай түсті,
Екі үлес менің ғашығым онан күшті.
Сізді көріп ақылым кетті менің,
Құдай басқа салмасын мұндай істі.

Сіз маған білдірдіңіз кім екенің,
Ата-жұрт, ұрық-туған, һәм мекенің.
Мен де жайымды айтайын, тыңдаңыз, — деп,
Баян қылды ол дағы сыры, халін.

— Біліңіз, Дүрдана-дүр — менің есімім,
Атам мүлкі көп жаннан болған үстін.
Шам Шариф-дүр — мен өзім туған жерім,
Құданың құдіретімен мұнда түстім.

Шам шаһының уәзірі еді атамыз,
Хош табиат⁶ уә⁷ назахат⁸ бехруз⁹.
Атам шаһтың сүйікті кісісі еді,
Бастан-аяқ баршасын айталық біз.

¹ Һәмма /парсы/ — барлық, бәрі.

² Ұжуд /араб/ — дене.

³ Лисан /араб/ — тіл.

⁴ Латафат /араб/ — қайырымдылық; ілтипат; жұмсақтық.

⁵ Риса, рисани /парсы/ — лайық, лайықты.

⁶ Хош табиат /араб/ — мінезі жақсы.

⁷ Уә /араб/ — және.

⁸ Назахат /араб/ — шынайылық, адалдық.

⁹ Бехруз /парсы/ — бақытты, құтты.

Атамды патша жақсы көруші еді,
Не тілегі болса да беруші еді.
«Патшаны осы билеп кетті ғой» деп,
Басқа жұрт күндей-күндей жүруші еді.

Патшаға шақты атамды көп жұрт күндеп,
Уәкилдік¹ айта берді күндіз-түндеп.
Уәзірліктен қалдырды атамды жұрт,
Бірталай ел жабылып қылып еңбек.

Онан шығып атамыз үйге келді,
Мені күтіп тәрбие, тахсил² қылды.
Мені өсіріп жете алмай мақсұдына,
Азим³ кешен-сарай — жәннат болды.

Жас күнімде пәдарым⁴ рихлат⁵ етті,
Мен өсіп мақсатына жетпей кетті.
Анам бір күн үй-жай, малын сатып,
Бір құл сатушыға жариям деп мені де елітті.

Жариям деп сатты мені жеті жаста,
Кетті анам мені құлдыққа атқылашта.
Өзі жолдас боп жүрген бір жігітпен
Үндістан тарапына кетті басқа.

Жас күнімде айырылдым ата-анамнан,
Жүрегім қайғыменен қапаланған.
Енді менің ғұмырыма ізгілік бер,
Тәуекел қылдым дедім Қадір, Маннан.

Құл сатушы мені алып түсті жолға,
Мені де бірге қосты көп жарияға.
Біздерді Мысыр, Қаһираға алып келіп,
Киіндіріп ап келді падишаға.

Патша алдынан өткізді бәрімізді,
Бәріміздің қарады әрімізді.
Ішінде мені көріп осы патша,
Артық беріп ап қалды жалғыз бізді.

Нәдіратул әмсәл⁶ екен мұның өзі,
Гауһардай жалтылдайды екі көзі:
«Бұл гөзәлге⁷ еш әйел тең келмес» деп,
Падиша бек ұнатты пендеңізді.

¹ Уәкилдік /араб/ — шағым, арыз.

² Тахсил /араб/ — ғылым үйрену.

³ Азим /араб/ — ұлы, мәртебе.

⁴ Пәдар /парсы/ — әке.

⁵ Рихлат ету /араб/ — сапарға шығу; дүние салу.

⁶ Нәдіратул әмсәл /араб/ — ерекше сұлу.

⁷ Гөзәл /түрік/ — көрікті, әдемі.

Патша мені көп пұлға сатып алды,
Бас ағаны жанына шақырып алды:
— Сақышжамал бұл гөзәл махбұбаны
Құрмет етіңіз! — деп жарлық салды.

Бас аға мені әкелді бір сарайға,
Маған қызмет қылады неше жариа.
Ләуте, скрипка, саздарменен,
Келіп күнде ойнады құзырыма.

— Бізді патша жіберді сізге, — дейді,
«Қызмет қылып тұрғын» деп сізге, — дейді.
Бес жыл болды бұл жерде мен тұрғалы,
Бір күні патша келіп: «Сөйле!» — дейді.

Падиша махаббаттық сөздер айтты,
Ұяддым падишадан бек қатты.
Төмен қарап патшаға жауап бердім:
«Мұны, тақсыр, айтпаңыз», — дедім тіпті.

Сонда ашулана жаздады патша маған:
«Тартынып сөз айтасың, — деді, — маған».
Сонан кейін осы үйге алып келді:
«Керек емес, — деп, — ол жерде тұру саған».

Патша маған ұрсуға қия алмады,
Көңілінің махаббатын тыя алмады.
Өзге жариа¹ һәммасы күншілік қып,
Патшадан мені, сірә, жоя алмады.

Жамандайды патшаға мені бөрі,
Еш сөзіне падиша сенбейді әлі.
Үш жылдан бері мені жамандасып,
Әбден енді шаршады баршалары.

Сонда дағы менің бұлыждаһатым,
Ықрар болып патшаны еш сүймедім.
Өз көңілім патшаны сүймеген соң,
Қылған қызмет һәммасын сүймедім.

Падиша маған үкім қыла алмады,
Үкіммен ықтиярсыз ала алмады.
Жариалар мені шақса қуанамын,
Сөзіне патша олардың ере алмады.

Бұлайша деп қыз маған айтты сырын:
«Еріккенімнен тигем жоқ, — деді, — бұрын».
Мәслихатпен екеуміз рақаттанып,
Төсекке құшақтасып жаттық қырын.

¹ Жариа /парсы/ — күн.

Төсекке жатып біздер қылдық сұхбат,
Көңілім қарар, жан-тәнім тапты рақат.
Мен байғұстың ашылған қайда бақытым,
Түннен аман шықпадым сау-саламат.

Жақсы ұлпат, сұхбат пен махаббатта,
Құшақтасып жаттық біз жан рақатта.
Бір машақат ұстамақ айласы екен,
Жатқаным мен байғұстың бұл ғишратта¹.

Екеуіміз құшақтасып жатыр едік,
Уайымсыз еш нәрседен ғапыл едік.
Есікті қатты-қатты ұрды біреу,
Сасқалақтап төсектен түрегелдік.

Ойладық: «Біреу бізді көрген екен,
Патшаға барып хабар берген екен.
Қас жарианың біреуі айтқаннан соң,
Көргелі патша өзі келген екен».

Дүрдана тітіреп кетті қорыққаннан,
Бейшара үміт үзіп ғаріп жаннан.
Шығайын деп қамдансам мен далаға,
Ұрып тұрған есігі — келген бөлмем.

Енді мен шыға алмадым, не-дүр шара?
Аяғын баса алмады қыз бейшара.
Күміс тақыт астына кіріп жаттым,
Жасырынар таба алмай ешбір пана.

Дүрдана тітіреп барып есік ашты,
Патша ашуланып қаһар шашты.
Неше панар² көтерген көп кісілер,
Үйге кіріп баршасы жабырласты.

Құдай біздің ақылды алған екен,
Басымызға машақат салған екен,
Ашылмаған бақытыма себеп болып,
Жіп салбырау күйінше қалған екен.

Патша айтты: «Ей, ақымақ, кім бар мұнда?
Іс бітір деп қойып па ем сені осында?
Терезеде бір жіп тұр салбыраған,
Тимеймін деп айтушы ең патша-ханға».

Дүрдана қорыққан соң сөйлемеді,
Патша: «Айт жөніңді, сөйле!» — деді.

¹ Ғишрат /араб/ — сауық-сайран.

² Панар — шам, шырақ.

Жасауыл ақтарып қарап жүріп,
Мені сәрир астынан сүйреп алды.

Мені көріп падиша ашуланды,
Ашуынан шыдамай оттай жанды.
— Екеуін екі шауып өлтірейін,
Үйден тысқа алып шық шапшаң! — деді.

Жігіттер бізді тысқа сүйреледі,
«Шешін, кел!» деп үстіме үймеледі.
Шешіндіріп жатқанда алып шығып,
Бір уәзір: «Тақсыр, тоқта, тиме», — деді.

Ешкімге опа қылмас дүние боқ,
Хан қаһары — күйдірет жайнаған шоқ.
Хан алдында отырдым тізем шөгіп,
Тырнақтай ғаріп жаннан үмітім жоқ.

Уәзір айтты: «Тақсыр хан, тыңда сөзім,
Бір істі ойлап тұрмын менің өзім.
Ақымақтың мүрдәр¹ қанын жер көрмесін,
Бұларды Нілге тастап жоғалт көзін.

Хан уәзірдің бұл сөзін мақұл көрді:
«Нілге ат!» деп жалладына әмір қылды.
Жалладтар қазір бізді алып келіп,
Ніл дарияның үстіне лақтырды.

Нілге атып жіберді бізді жаллад,
Басыма әлі салмаған ажал саяд².
Сүңгіп барып бір жерден бас көтеріп,
Дариямен аға бердім төмен қарап.

Дарияның шықтым барып ар жағына,
Есім жинап қарадым жан-жағыма.
Өзім өлер халімде ұмытып ем,
Есіме ғашық жарым түсті және.

Жарымды іздеп қарадым мойным созып,
Тастаған жерге келдім қайта жүзіп.
Кешке дейін дарияны қарап едім,
Түн болған соң жыладым күдер үзіп.

Дарияны жүзіп жүріп араладым,
Сүйегін бейшараның таба алмадым.
Ажалына мен себеп болғаннан соң
Мұнда қайдан келдімдеп зар жыладым.

¹ Мүрдәр /парсы/ — лас, былғаныш; арамдалған.

² Саяд /араб/ — ау; аңшылық.

Әуелі бұл шаһарға келмесемші,
Терезеден бұл қызды көрмесемші.
Ажалына мен себеп болдым-ау деп,
Көзімнен қан аралас ақты тамшы.

Қарарымды білмеймін қайсы жолды,
Сарғайып зағыпырандай¹ жүзім солды.
Жүсіп үшін жылаған Жақыптайын,
Пендеңіз қайғыменен іші толды.

Көзімнің тыя алмаймын аққан жасын,
Әркімнің айырмасын жар-жолдасын.
Үш күн бірге тұрмадым тым болмаса,
Мендей ғаріп Құдайым еш қылмасын.

Дүниенің бәрі маған болды қараң,
Күндіз-түні жылаймын қылмай ирам².
Бағдатқа барайын деп жүріп кеттім,
Бұл Мысыр енді маған дедім харам.

Бағдатқа жүріп кеттім жолға түсіп,
Дүрдана зар жылаймын еске түсіп.
Неше күндей жол жүріп ұйқы көрмей,
Он бес күнде жығылдым ұйқы қысып.

Бір ағын су жанына жаттым келіп,
Бір кішкене шаһарды тұрмын көріп.
Жақын жерде шыңғырған дауыс шықты,
Құлақ салып тыңдадым естіп тұрып.

Бір әйелдің дауысы — құлақ салсам,
Қайтеді деп ойладым бұған барсам.
Кетпенменен бір адам жер қазады,
Жақын келіп жанына абайласам.

Жақын келіп жанына бұғып тұрдым,
Жерді қазып жатқанын көріп тұрдым.
Қазып болып бір нәрсе көмді дағы,
Кетіп қалды жөніне, көріп тұрдым.

Ол кеткен соң тұрдым да қадам бастым,
Келдім де, көміп кеткен шұқырды аштым.
Қанды зәнбіл³ ішінде бір қыз жатыр,
Көргеннен соң ол қызды жаман састым.

Ол қыздың қып-қызыл қан тұла бойы,
Өлтіруге байқасам қылған ойы.

¹ Зағыпыран — сары түсті гүл.

² Ирам /араб/ — байсалдылық; тыным.

³ Зәнбіл /парсы/ — үлкен себет, кәрзеңке.

Мен кішкене кешіксем қыз байғұстың
Шығып қала жаздапты шыбын жаны.

Өкпесіне қол созсам соғып жатыр,
Шала-жансар өлімші болып жатыр.
Қарасам, нұсқасының бәрі жақсы,
Залымға түссіндедім заманақыр.

Ah ұрдым жаным ашып ол байғұсқа,
Қан аралас толады көзім жасқа:
«Жазасын бұл залымның Хақ берсін, — деп,
Осынша тауқымет қылған ғаріп басқа!».

Есін жиып сөйледі бейшара қыз,
Сөзімді құлақ салып естіңіз сіз.
Есін жиып, күрсініп айтты маған:
Ей, мұсылман, маған бір су беріңіз!

Өзеннен су әкелдім мәсім шешіп,
Сауап үшін жүгірдім жаннан кешіп.
Көзін ашып қарады ақырын ғана,
Жаны рақат тапқан соң суды ішіп.

Қыз: «Менің байла, — деді, — жараларым.
Көр, — деді, — Құдай үшін төналарым.
Бұл жерден өлмеспін деп ойлаймын,
Шын қаза жібермесе бір Құдайым.

Ей, жігіт, баққын, — деді, — мені таза,
Мұнан өлмен, жетпесе тура қаза.
Иншалла, жазылсам қайтарармын,
Сізді мен ренжітіп қылман наза».

Бұлай деген қызды мен баға бердім,
Жарасына дәрілер жаға бердім.
Үсті-басы сасын дегеннен соң,
Баққын деп бір дәрігерге алып келдім.

Ол дәрігер баға берді қызды емдеп,
Еш адам сұрамайды мұның кім деп.
Пышақпен алты жерден сұққан екен,
Бәрі де сахат¹ болды Құдай жөндеп.

Бір күн айтты қыз маған: «Мұнда кел», — деп,
Сұрады: «Қалам, қағаз тауып бер», — деп.
Алып келіп қолына беріп едім,
Алғыс берді: «Рақмет, жақсы ер», — деп.

¹ Сахат /араб/ — сау, саулық, амандық.

Хат берді маған: «Базарға енді барып кел, — деп,
Бұл базардың адамын танып кел, — деп. —
Маһияр атты кісіні тауып бер де,
Не берсе де сіз мұнда алып кел», — деп.

«Құп болар!» деп қағазды қолыма алдым,
Саудагерлер жиылған жерге бардым.
Маһияр атты кісіні тауып алып,
Айтқанындай қағазды оған бердім.

Қағазды әбден ашып оқып көрді,
Қағазды өбіп қойнына салып тұрды.
Жекмишенің¹ аузын ашты дағы,
Қазір маған жүз тілла² санап берді.

Қайтып келдім мен қызға тілланы алып,
Қыз санады тілланы қолына алып.
«Енді бір жақсы пәтер алғын», — деді,
Көшіп бардық бір жақсы пәтер алып.

Бір күн тағы хат берді, қолыма алдым,
Маһиярға ол хатты тағы бердім.
Төрт жүз тілла Маһияр берді бұл күн,
Оны дағы өзіне әкеп бердім.

Қыз айтты: «Бұл тілланы алғын тамам,
Өзімізге не керек, алғын һаман³».
Базардан керек нәрсе бәрін алдым,
Көрпе, жастық әкелдім, кілем, шапан.

Бір туған деп ойлайды бізді көрген,
Құдай маған осындай дәулет берген.
Хұсни жамал әлгі қыз ғаят⁴ көрікті,
Еш немедей көзіме көрінбеген.

Менің ақылым, пікірім сол Дұрдана,
Жолында қайран болған мен диуана.
Көңілімнен күндіз-түні бір кетпейді,
Құдайым бір ғайыпқа қылды әуре.

Тастап кеткім келеді осы қызды,
Жібергісі келмейді бұл қыз бізді.
Қыз мені жақсы көргеннен соң:
— Баян қылғын, — дедім мен, — өзіңізді.

Өтінді: «Сабыр қыл», — деп әлденеше,
Жолыңда жаным пида күндіз-кеше.

¹ Жекмише — ақша салатын қобди.

² Тілла /араб/ — алтын ақша.

³ Һаман /парсы/ — әрқашан, үнемі, әрдайым; барлығы.

⁴ Ғаят /араб/ — өте, аса, тым.

Мені айырып алдыңыз бір өлімнен,
Қызметіңнен құтылман өле-өлгенше».

Бір күні қыз айтады пендеңізге:
— Бір қызмет бұйырамын, — деді, — сізге.
Саудаласпай құмашар¹ алып келгін,
Намахрам деген сатушыны табыңыз да.

Дүкенінде Намахрамды іздеп таптым,
Келдім де сәлем беріп жауап қаттым.
Не айтса саудаласпай бердім дағы
Үш топ құмаш айырып алып қайттым.

Бір күні тағы да айтты Мәзбұра қыз:
— Намахрамға тағы бір іс қылыңыз.
Саудаласпай ақшасын бергін дағы,
Жаратқан бұлды, — деді, — ап келіңіз.

Осындай бір қиялды бастады қыз,
Қыздың айтқан сөзінен аспадық біз.
Тажірге² тағы барып құмаш алып,
Ақшаны карманымен³ тастадық біз.

Мақтадым: «Құмашыңыз жараттым бек,
Бағасын не болса да өзің ал», — деп.
Карманымды өзіме қайтып берді,
Керектісін өзінің алған соң тек.

Тажір менің ісіме қайран болды,
— Бекер жүрген жарамас енді, — деді.
Тамыр болып жүрелік біз екеуміз,
Біздің үйге қонақ болғын, — деді.

Пұлымды алып үйіме қайтып кеттім,
Ертең қонақ болам деп айтып кеттім.
Мәзбұраға келдім де пұлды беріп,
Тажірдің шақырғанын баян еттім.

Мәзбұра қыз бұл сөзді мақұл деді,
— Мен де сізге саламын ақыл, — деді.
Үй-жай көргеннен соң ұнатсаңыз,
Қонаққа өзін дағы шақыр, — деді.

Ертеңгі күн қонаққа бардым өзім,
Уағда қылып бар еді айтқан сөзім.
Көп зияпат әйлады⁴ тажір маған,
Қонақ бол деп шақырып қайттым өзін.

¹ Құмашар, құмаш — мата.

² Тажір /араб/ — көпес; сатушы, саудагер.

³ Карман /орыс/ — қалта; әмиян.

⁴ Әйла /түркі/ — жаса, істе.

Намахрам келіп маған қонақ болды,
Отырып дастарқанға ойнап-күлді.
— Намахрамды жібермей жатқызғын, — деп,
Мәзбұра маған келіп көп жалынды.

Намахрамға Мәзбұра көрінбейді,
Тыстан қызмет қылуға ерінбейді.
Қонып жат деп өтіндім, жатпақ болды,
Қуанып Мәзбұра қыз күлімдейді.

Төрт құты арақты даяр қылдық,
Түн ортасы болған соң мәжіліс құрдық.
Кезек-кезек нош¹ етіп күшті хамыр²,
Екеуіміз де әбден-ақ мас болдық.

Қонағымызды жатқыздық қонақ үйге,
Біз де барып онан соң жаттық үйге.
Тәтті ұйқыға барғанда Мәзбұра қыз:
— Қонағың кетті, — деді, — о дүниеге.

Қанды қанжар қолында Мәзбұраның,
Маған айтты: «Қонақты құп турадым».
Жүгіріп келіп қарасам Намахрамды,
Басы жатыр бөлініп бейшараның.

— Өшінді алмақ бар екен кегің, — дедім,
Себеп қылдың қанына мені, — дедім.
— Бұған себеп болдым деп кейіме, — деп,
Айтқан сөзі маған кеп Мәзбұраның:

— Бұған себеп болдым деп кейімеңіз,
Кесапатын залымның айталық біз.
Маған дұға қыларсыз рақмет айтып,
Егер оның қылғанын естісеңіз.

Мәзбұра сөз бастады бұлайша деп,
Көңілсіз тыңдап тұрдым айтыңыз деп.
— Бұл шаһардың ханының қызы едім,
Бұл тажір Намахрамда кесапат көп.

Моншаға бара жатып көрдім мұны,
Қарасам дүкенінде отыр еді.
Көңіліме махаббаты түсіп кетіп,
Суреті көз алдымнан кетпес болды.

Ғашықтық қасіреті болды ғалиб³,
Көңіліме алсам кетемін естен танып.

¹ Нош ету /парсы/ — ішу.

² Хамыр /араб/ — шарап.

³ Ғалиб /араб/ — жеңу, үстем болу.

Ішкен асым өтпейді тамағымнан,
Ғашықтық дертіменен ішім жанып.

Өлер халге ақыры жеттім өзім,
Дүниені көрмес болды екі көзім.
Көп дәрігереш дауа қыла алмады,
Зағыпырандай сарғайды қызыл жүзім.

Атамыз бір тәбиіпті¹ алып келді,
Ол тәбиіп ғашықтықты қазір білді.
Мен білсем, қызыңдікі ғашық оты,
Атамды бұл жауаппен сендіреді.

Онан соң менен жауап сұрады атам:
— Сырыңды баян қыл, — деп, — жаным, ботам.
Еш адамға білдірмей айт сырыңды,
Айтпасаң сенің үшін қайғы жұтам.

Сонан соң мен сөйледім білгенімді,
Ғашықтық дертіменен күйгенімді.
Намахрам тажірді айтып едім,
— Құп, балам, табам, — деді, — сүйгеніңді.

Атам мұны естіп, қалды кетіп,
Мен тұрдым бұл жауапқа көңілім бітіп.
«Қай күні ғаріп² атам табады?» — деп,
Екі көзім төрт болып жолын күтіп.

Әкелді хатын қылып бір күн түнде,
Жаным тәнге кіргендей тап сол күнде.
Есім мен түсім кіріп, қайғым кетіп,
Біраз күн ойынменен тұрдық бірге.

Жазылдым кеселімнен, қайғы кетіп,
Ара-тұра кеп жүрді тамаша етіп.
Екі көңіл ғашықтық жарасқан соң,
Өзім де барсамдедім ниет етіп.

Бір күні барайын деп келдім іздеп,
Қақпа қағып, сөйледім: «Жауап бер», — деп.
Бір жариасы келді де жауап берді:
— Қақпада есік қағып тұрған кім? — деп.

Мен айттым жариаға: «Ғаріп қызбың,
Ілесіп мен барамын өзіңізбен.
Намахрам достымды іздеп келдім,
Ғашықты мағшұқ³ тартар деген сөзбен».

¹ Тәбиіп /араб/ — дәрігер, емші.

² Ғаріп/араб/ — бейшара, мүсәпір, міскін.

³ Мағшұқ /араб/ — ғашық, сүйікті.

Жариа айтты: «Бүгін сіз қайтқын, — деді,
Тыныш барып үйіңізге жатқын, — деді.
Қасында Намахрамның бір досы бар,
Ертең келіп жұмысыңды айтқын», — деді.

Сол жерде мұны естіп күйдім оттай:
«Бір іс қылып кетсем, — деп, — үйге қайтпай».
Ашуым кеп қақпадан қарғып түстім,
Өлімнен үйге кірдім басым тартпай.

Келсем, отыр Намахрам күліп-ойнап,
Қасында біреу отыр гүл-гүл жайнап.
Ашуланып үстіне қарғып мініп,
Ол қызды ұрып-ұрып шықтым айдап.

Мен ұрған соң ол байғұс кетті қашып,
Намахрам сөйлемеді аузын ашып.
Өзін де біраз ұрдым Намахрамның,
Көп жалынып отырдым ашу басып.

Намахрам қол қусырып жалынды көп,
— Мұндай іс екеуімізге болмайды еп.
Ант етті: «Екіншідей үстіңізге
Патша қызы болса да сүймейін», — деп.

Сонан соң мен отырдым ашу басып,
Баяғыдай отырдық құшақтасып.
Байқаусызда қолына қанжар алып,
Қасыма кеп отырды түсі қашып.

Тұрды дағы қанжармен сұққылады,
Есі ауып пақырың тік құладым.
Арқалап алып барып, жерді қазып,
Өзің алған орынға тыққылады.

Көмейін деп жатқанда есім кірді,
Жалынып мен шақырдым шомбадты¹.
Ол хайуан дауысымды ести тұрып,
Шұқырға көміп тастап жүре берді.

Піркәшік² еді біздің алтын берген,
Хатымды менің жазған оқып көрген.
Ақшаның неге керек болғандығын,
Хатпенен бәрін тамам айтып бергем.

Ол сырымды айтпадым бұрын сізге,
Өшімді алғызбас деп айтсам бізге.

¹ Шомбад /парсы/ — жауыз, қанішер.

² Піркәшік, приказчик /орыс/ — қожайынның көмекшісі, сатушы.

Бастан кешкен сырымды айтып болдым,
Кейін айтам деп едім өзіңізге.

Атама апарамын енді сізді,
Махбүбім, қабыл көрсең, — деді, — бізді.
Осындай қызметіңді атама айтсам,
Қосады неке оқып екеумізді.

Ішімде бұл сөздерін қаламадым,
Бұл сөзінің ақырына қарамадым.
«Бұл қыздан ешбір опа таппаспын», — деп,
Үйінде сабыр қылып тұра алмадым.

Сол түнде қызды тастап жүріп кеттім,
Бағдатқа барайын деп ниет еттім.
Бара жатқан ілесіп бір керуенмен,
Бағдаттың шаһарына барып жеттім.

Шаһардың кірдім барып аяғынан,
Тиісті орын қарадым қай жағынан.
Он бес тіллам жағамда жүруші еді,
Бекітіп тігіп қойған баяғыдан.

Сауда қылып сонымды қылдым ермек,
Жарамас деп ойлаймын бекер жүрмек.
Кәрзеңкемен көтеріп миуа¹ саттым,
Құдайдан деп не болса алмақ-бермек.

Күндік ауқат айырдым өз басыма,
Бір адамды ертпеймін өз қасыма.
Күнде сатып бітіріп әдет қылдым,
Көп саудагер жиналған ортасына.

Әдетімше бір күні тағы келдім,
Алдына қойып көрсеттім әр адамның.
Шеткерек отыр еді кәрі кісі,
Сол айтты: «Маған неге ап келмедің?»

Қария: «Мұнда кел, — деді, — балам,
Күнде сенің миуаңнан құр қалам.
Тартып алар деймісің маған келсең?
Мен де, — деді, — пұл беріп сатып алам».

— Ұялдым дедім, баба, бұл сөзіңнен,
Ұялғаннан от шықты ақ жүзімнен.
Ұялған соң алғын деп айттым бәрін,
Бір тиын алман дедім енді өзіңнен».

¹ Миуа — мәуе, жеміс.

Бір тұтам жүзім алды қолын салып,
Мені де отырғызды қасына алып.
Қария менің жөнімді сұрап еді,
Мен мұңайдым көзіме жасым алып.

— Дүниеде мен бір ғаріп дертті болған,
Көзіме жас, көкірегіме қайғы толған.
Жөнімді сұрап дертімді қозғамаңыз,
Шермендемін Құдайым қайғы салған.

Бұл сөзді естіп ол баба тұра қалды,
Жанқалтаға бұрылып қолын салды.
Он тілла маған алып берді дағы,
Өзі тұрып орнынан кетіп қалды.

Он тілланы берген соң алып қалдым,
Бабаның бұл ісіне қайран қалдым.
Өзге байлар бір тілла берген емес,
Қызметі өтіп кетті мына шалдың.

Ол жерге екінші күн келдім тағы,
Орнында отыр екен шал баяғы.
Әуелі оның алдына қойдым ап кеп,
Өзге жанға бұрылмай келдім дағы.

Бір тұтам жүзім алды зәнбілімнен¹,
— Жайыңды айт? — деп сұрады баба менен.
Айтайын уақиғамды деп ойладым,
Енді сырды жасырып болмас мұнан.

Өзіме жақын көрдім ықтиярды,
Баян қылдым басымнан өткен халді.
Аты-жөнім, мекенім, бәрін айттым,
Баба менің сөзіме құлақ салды.

Шал айтты: «Ұқтым сөзің сенің, — деді,
Шаһарым Басыра-дүр менің, — деді.
Дүниеде мұқтаж едім бір перзентке,
Сіз менің жауабыма көнің, — деді.

Менің малым атаңнан артық, көп-ті,
Тыңда, — деді, — мен айтқан таза кепті.
Жасым тоқсан алтыда, перзентім жоқ,
Сізді перзент қылуға көрдім епті.

Қайғыңды ұмытарсыз көрсең мақұл,
Ей, балам, менің сөзім — бәрі ақыл.

¹ Зәнбіл /парсы/ — үлкен себет, кәрзеңке.

Байлығым өсірмейін, фәрауан¹-дүр,
Енді, балам, өлгенше мені баққын.

Пендеңіз бұл жауапты мақұл көрді,
Мұнда кел деп қасына ертіп жүрді.
Кәрзеңкемді ішінде миуасымен
Бір көшеге келген соң тастаттырды.

Ертіп келіп көрсетті пәтер үйін,
Кидірді түрлі алуан асыл киім.
Ата-анам өлмегендей болып қалды,
Естен кетіп бұрынғы жүрген күйім.

Үш күннен соң Бағдаттан көшіп кеттік,
Басыра шаһарына келіп жеттік.
Сау-саламат Басыраға келгеннен соң,
Құдайға мың мәртебе шүкір еттік.

Сарайға әкеп түсірдік малымызды²,
Тәңірі есен сақтады жанымызды.
Байқасам ол ықтияр ғаріп атам
Өз жанындай сүйеді пендеңізді.

Мен де разы атамның һиммәтіне³,
Күні-түні жүгірдім қызметіне.
Ғаріп атам бір күні хаста⁴ болып,
Алланың мойынсұнды сүннетіне.

Бір күні өз жанынан үміт үзді,
Қасына шақырып алды атам бізді.
Үйден жанның бәрін де айдап шығып,
Жанына жақынырақ отырғызды.

— Айтайын, — деді, — балам, бір насихат,
Тыңда, — деді, — сөзімді бек қабағат.
Жер астында менің бар қазынамның
Үшқынындай бұл тұрған мал мен мүлкәт⁵.

Өзім атам көрсеткен өлмес бұрын,
Сізге мен де айтайын үшбу сырым.
Өзімменен жеті ата ие болдық,
Білмеймін, — деді, — онан арғы жерін.

Жалғыз-ақ саған айтқан өсиетім,
Жомарттыққа өзіңнің бар ниетің.

¹ Фәрауан /араб/ — көп, мол, сансыз.

² Мал — байлық.

³ Һиммәт /араб/ — ниет.

⁴ Хаста /парсы/ — науқас, ауру.

⁵ Мүлкәт /араб/ — байлық, мүліктер.

Балалықпен қазынаңды білгізіп ап,
Көріп жүрме хандардың үкіметін.

Балам, менің сөзімді ұқсаң егер,
Қазынаңнан ешкімге берме хабар.
Хан, уәзірлер білген соң көндірер сені,
Машақатқа ұшырарсыз көріп зарар.

Мақұл көрдім атамның айтқан сөзін,
Құп тыңдап құлақ салдым менің өзім.
Қазынаның есігін, жолын айтып,
Және айтты өзінің қисапсызын.

Мұны айтып ғаріп атам етті рихлат,
Енді атам ісін маған қылды мехнат.
Артында мирасқоры болғаннан соң,
Һәммасын бижай¹ қылдым парыз, сүннет.

Онан кейін қазынаны көрдім барып,
Аралап кете бердім жерді жарып.
Қазынаның ішіне кіргеннен соң,
Қарадым жан-жағыма көзім салып.

Қисабы жоқ көрінді бұл қазайын,
Еш ада болар емес уа² дафайын³.
Оны егер тауысу керек болса,
Нұх пайғамбар ғұмырындай ғұмыр лазым⁴.

Көңіліме көргеннен соң бір іс кірді,
Пендеңіз жұртқа ақша үлестірді.
Пайдасын әркім көрсін деп ойладым,
Жерде бұрын жатқанмен не бітірді?

Мұны ойлап жомарттық аштым аузын,
Жұрт пайдасын көрсін деп бұл жиһазым.
Солай мені запы қылды бұл халайық,
Кедей қылар Қасым деп тағы да өзін.

Жұрт өсек қылды менің жомарттығым,
Тіптен ерсі болған соң бұл қылуым.
Ата малын түгесіп қаңғып еді,
Жігіттіктің қоймапты әлі буын.

«Тағы кедей болар» деп қылды өсек,
Онан әрі жұмсаймын кесек-кесек.

¹ Бижай қылу – жайлы ету, орындау.

² Уа /араб/ – және.

³ Дафайын /араб/ – қазына, кеніш.

⁴ Лазым, ләзім /араб/ – жөн, лайық.

«Малы мұның неткен көп? — десіпті жұрт,
Жап-жалаңаш бір күні қалар десек».

Жұрт кеңесіп айтыпты ханға бір күн:
«Қасым малды шығарды дүркін-дүркін,
Жерден бір қазына тауып алса керек,
Мұның жайын сұратып құп білдіргін».

Хан сонда жіберіпті бір жасауыл,
Жүрген жері жасауыл — бәрі дауыл.
«Маған шапшаң қазынаңды көрсет!» — дейді,
Басыма кеп орнатты менің зауал.

Қысылдым жасауылдан сонда қатты,
Жасауыл ашуланып жауап айтты.
Қинамай кетейін, не бересің деп,
Жасауыл бұлайша деп жүз жұмсапты.

Қуанғаннан мен айттым не аласың деп,
Ол айтты айға жүз сом саласың деп.
Бір айына жүз тілла алмақ болып,
Жасауыл қайтып кетті парасын жеп.

Мұнан соң бір жыл тұрдым есен-аман,
Тағы біреу бір күні келді маған:
— Ханның атқосшысы Абулфатах,
Алып кел деп бұйырды сені маған.

Мен бардым Абулфатах шақырған соң,
Барғаннан-ақ ол уәзір айтпады оң:
— Сенің қазына тапқаның мағлұм болды,
Бестен бірін қазынаға әкеп салың.

Бейтүлмәлға¹ сал, — деді, — бестен бірін,
Сен неге айтпай жүрсің, — деді, — сырың?
Бестен бірін қазынаға әкеліп сал,
Отырма, — деді маған, — шапшаң тұрғын.

— Малым жоқ деп өтірік тайсалмаймын,
Үкім қылсаң бетіңді қайтармаймын.
Құдайға ант етемін өлтірсең де,
Қазынамды мен сізге айта алмаймын.

Бұл сырымды айтпаймын өлтірсең де,
Басқа шауып, қанымды келтірсең де.
Мен өлсем, жалғыз тиын ала алмайсың,
Онан да ақша ал дедім осы күнде.

¹ Бейтүлмәл /араб/ — қазына үйі.

Онан да жүз алтын ал күнде дедім,
Бұған риза болайын мен де дедім.
Бір айда үш мың тілла аласыз ғой,
Разы болып тұрғын сен де дедім.

Бұл сөзге Абулфатах разы болды,
— Үш мың алтын тез бүгін жібер, — деді.
Бір кісісін ертіп үйге келіп,
Үш мың тілла жібердім оған енді.

Абулфатах мұны алып ойлайды ойды:
«Хан естісе бұл сырды ұят», — дейді.
Ханына Абулфатах айтқан екен,
«Мұнда қазір Қасымды шақыр», — дейді.

Хан: «Қасымды шақыр!» — деп әмір қылды,
Шақырғалы бір жігіт жетіп келді.
Қайыр беріп тұр едім ғаріптерге:
— Хан шақырды, ей, Қасым, жүргін! — деді.

Шақырған соң ханға мен жетіп келдім,
Иіліп тағзым етіп сәлем бердім.
Падиша айтты маған отырған соң:
— Неге тапқан қазынаңды айтпай жүрдің?

Сен маған қазынаңды көрсет, — деді,
Жасырып айтпағаның — фұрдат¹, — деді.
Тартып алар дейсің ғой көрсеткен соң,
Бір сөзге ақылыңды тоқтат, — деді.

— Көрсет деп бұған, тақсыр, қинамаңыз,
Көрсетпесем ашуды жинамаңыз.
Мұны жанға айтуға халім келмес,
Бұл туралы үкіміңе наразымыз.

Айтпаймын мұны, тақсыр, тілге сенсең,
Сүйегімнің қалғаны егер өлсем.
Тілла беріп тұрайын күнінде мың,
Бұл айтқан жауабымды мақұл көрсең.

Хан менің бұл сөзіме қарап тұрды,
Абулфатах уәзірден жауап сұрады.
— Бұл сөзге сіз не дейсіз, ей, уәзірім?
Әбілқасым бұлайша жауап берді.

Уәзір айтты: «Айтайын мен бір жауап,
Бұған да болсын дедім біраз сауап.
Өзі де ада болар соныменен,
Күніне мың алтыннан алсаң санап.

¹ Фұрдат /араб/ — салық.

Разы болса сізге, дұға қылар,
Зорлық көрсе бейшара зар-зар жылар».
Хан уәзірдің бұл сөзін мақұл көрді,
Менен сол ақшаларды алып тұрар.

Хан менен қайым мақам қапу¹ жаушы,
Осындай уағдаменен ақша алушы.
Үй-жай сізге берген, түздегі мал олар алған,
Қазынамның бес жүз мыңда бір үлесі.

Мейманым, осылайша менің жайым,
Бұл сырды сізден аяп не қылайын.
Падиша қайран болып мына сөзге,
Білмекке кетті көңілі мұның жайын.

Патша айтты: «Бұл сөзге сенсем екен,
Сіз де менің сөзіме көнсең екен.
Дүниеде бар болса бұл қазына,
Рас па екен, көзім білән көрсем екен».

Қасым айтты: «Қазынамды көргіземін,
Көрем десең сертіме көнгіземін».
Патша айтты: «Сертіңе разымын,
Ол уағдаңа қасаммен² сенгіземін».

Қасым айтты: «Мен жүрем қылыш алып,
Жеткенше сіздің көзді байлап алып.
Мен аш демей көзіңді ашар болсаң,
Өлтіремін қылышпен бір-ақ салып».

Падиша қасам беріп аһыд³ қылды,
Қасымды қасам беріп сендіреді.
— Көрсетпей жіберейін десем дағы,
Мейманым ренжісең қиын, — деді.

Түнде барып көрсетем, қонғын, — деді,
Асығатын пиғылдан кет, — деді.
Мейманхана үйіне алып келіп,
Неше түрлі қызметтер қылады енді.

Кешегіден асырды бүгінгісін,
Патша есінен шығарды ол күнгісін.
Падиша бүгін көрген зияпатқа,
Салыстырып ойлайды кешегісін.

Ел жатқан соң ер Қасым келді кіріп:
«Айтпасқа серт қыл», — дейді Қасым тұрып.

¹ Қапу /араб/ — есік, қақпа.

² Қасам /араб/ — ант.

³ Аһыд ету /араб/ — уәде ету, сөз беру.

Қасымды патша әбден сендіреді:
«Ешкімге айтпаймын!» – деп қасам беріп.

– Байқаймын, жақсы адамсыз, – дейді Қасым,
Дұшпаннан көп қорқамын байғұс басым.
Көрсетпесем тағы да ренжірсіз,
Сертіме разы бол, замандасым.

– Мұныға разымын, – деді патша,
Мен де тахсин¹ қыламын сізге қанша.
Өзіңнің сертіңменен іс қыла бер,
Хатирым² бұзылмайды менің аслан³.

Патшаның көзін байлап алып жүрді,
Басқышпен бір бақшаға келіп кірді.
Көрмеген жан дүниеде табар емес,
Қазынаның аузына келіп тұрды.

Енді тағы басқышпен төмен жүрді,
Жетелеп падишаны ілестірді.
Көп жерге енді тағы түзу жүріп,
Есік ашып бір үйге келіп кірді.

Падишаның ол үйде көзін шешті,
Патша көзін шешкен соң жаннан кешті.
Күндізгідей қылып тұр үйдің ішін,
Шөккен нардай көреді жақұт тасты.

Әлқисса, патшаның ошал⁴ қазынада көрген нәрселері:

Жақұт тас жанып тұрған шамдай болып,
Бұл жартас көрінеді таудай болып.
Тау дегені гауһар тас, алтын, күміс,
Падиша қарап тұрды қайран болып.

Оң жағында бір үй тұр жасыл жауһар,
Кірпіші лағыл, жақұт, үсті гауһар.
Іші толы үйілген өңкей тілла,
Айналасы алты жүз қадамдай бар.

Ақ мәрмәрдан жасалған бір дуал тұр,
Ішінде алтын терек, бес-алты құр.
Айналасы дуалдың бес жүз қадам,
Ішінде алтын-күміс лық толып тұр.

¹ Тахсин /араб/ – жарату, ұнату, жақсарту.

² Хатир /араб/ – ой, көңіл-қош.

³ Аслан /араб/ – негізінде, шын мәнінде.

⁴ Ошал – осы.

Қасым айтты патшаға: «Сөзімді ұқ,
Он төрт жыл дәурен сүрдім жомарттық қып.
Сонан бері жұмсауым осы дуал,
Әлі күнге бір елі кеміген жоқ».

Патша айтты: «Мұны сен көпсінесің,
Жұмсауың түрі бұзық — бітіресің.
— Мұны азсынсаң, мінеки, мұны көр, — деп,
Және бір үйге ертіп келді Қасым.

Ол үйдің кірпіші бар зүбәржаттан,
Үсті алтын, мәтшесі¹ шын жақұттан.
Інжу-жауһар, зүбәржат, алтын-күміс,
Әлгіден көрінді артық жүз қабаттан.

Іші жауһар, сырты алтын, ағла² сарай,
Патшаның көзі талды қарай-қарай.
Өзінен-өзі түңіліп айтты патша:
— Менде осылар болсашы, уа, дариға-ай!

Аралап ғажайыптар көрді патша,
Ақылы кетіп басынан тұрды патша.
— Иесін көр бұл малдың, — деді Қасым,
Көргелі оған таман жүрді патша.

Үстінде екеу жатыр алтын тақтың,
Падиша көрді мұның салтанатын.
Ол алтыннан жасаған екі сурет,
Қараса, бірі — еркек, бірі — қатын.

Тәжі бар бастарында жауһар, алмас,
Көргеннің көзі талып есі қалмас.
Олар жатқан үйдегі асылдарды
Ауызбен мыңнан бірін айтып болмас.

Тірі адам сипатты, жүзін көрсе,
Дүниесін ада болмас айта берсе.
Асыл тастан істелген бір лаух³ тұр,
Лаухта хат жазулы патша көрсе.

Ол хатта жазған екен: «Дүние фәни,
Кейінгі жан, ғибрат ал, көріп мұны.
Жанға ара түспеді ешбірісі,
Жинап едім қисапсыз көп дүниені.

Мен өзім патша едім тірі уақта,
Қанша жыл пәрмен қылдым алтын тақта.

¹ Мәтше — үйдің төбесін жабу үшін көлденеңінен салынатын мықты белағаш.

² Ағла /араб/ — өте биік.

³ Лаух /араб/ — тақта.

Дұшпанды қорқытып едім қаһарменен,
Қарамай әділ болдым жақын, жатқа.

Бізден соң бұл қазынаны көрген адам,
Бұл жерге Құдай айдап келген адам,
Қажетіңе жұмсай бер өлгеніңше,
Еш қорықпа алсаң дағы бәрін тамам.

Құлақ сал бұл сөзіме, әйуһа нас¹,
Бұл малды алудан еш тартпағын бас.
Бізден бұрын біреудің мүлкі еді,
Қанша сарп қылсаң да ада болмас».

Патша оқыды бұлайша жазған хатын,
Дүниенің көрдім деген сиясатын.
Падиша айтты: «Бірақ қылған тарлық,
Жазбапты кім екенін өзі атын.

Бір үйге тағы әкелді падишаны,
Ол үйде тағы көрді тамашаны.
Бұрынғы көргендерден он мың есе
Мұндағы артық көрді ашияны².

Падишаның өзіне берген ағаш,
Тоты илән³ сайраған хәм сандуғаш.
Неше мың, неше миллион әрқайсысынан,
Падиша көргеннен соң болды шықпас.

Қызыққа батты патша бәрін көріп,
Гауһардан, алма, анар, жүзім, өрік.
Көз көрген, естігендер, бәрі де тұр,
Қайсыбірін айтайын бәрін теріп.

Миуасы алтын, жапырағы гауһар, күміс дарақ⁴,
Неше сауыт толулы лағыл шарап.
Жел ескен райхан гүлдер жайқалып тұр,
Лүлі сауыт-сайман, қару-жарақ.

Патшаның қараймын деп талды көзі,
Адасып білмей тұрды өзін-өзі.
Падишаның шыққысы келер емес,
Қасымның сонда келіп айтқан сөзі.

— Ей, мейманым, шығалық, мақұл десең,
Таң атып ел оянар тұра берсең.
Көзіңізді байлайын, келгін бері,
Екі күнге бітпейді бәрін көрсең.

¹ Әйуһа нәс /араб/ — йә, халайық!

² Ашиян /парсы/ — ұя.

³ Илән, бірлә /түркі/ — мен, бен, пен.

⁴ Дарақ /парсы/ — ағаш.

Бұл сөзді айтып патшаның көзін таңды,
Өзі және қолына қылыш алды.
Босағаға қыстырып кеткен екен,
Шығарында қайтып кеп шамын алды.

Таңнан бұрын орнына келді қайтып,
Уағда әуелгідей сертін айтып.
Қайтып үйге келген соң көзін шешті,
Намаздарын оқыды азан айтып.

Мәслихатпен жарасты бұл сөздері,
Келген соң Құдай айдап бір кездері.
— Бізге берген сұлуға қарағанда,
Махбүбтің¹ сізде шығар абзалдары.

— Бізде толып жатыр мұнан да артық,
Дұрдана көз алдымнан кетпес қалқып.
Әлі күнге ғашығымнан мағшұғымның²,
Қараман ешбіріне мейілім тартып.

Ішімде Дұрдананың махаббаты,
Жандырап жүрегімді ғашық дерті.
Дүниеде енді тірі көрер ме екем?
Көңілімнің кетер еді қасіреті.

Ойласам Дұрдананы келмес күлкім,
Көзіме көрінбейді жиған мүлкім.
Дұрдана ғашық жарым қасіретінен,
Көзім жасты, қайғылы ғаріп көңілім.

Бұл қайғы өлгенімнен болды қиын,
Мұнша мал көрінбейді жиған бұйым.
Дұрдана махбүб жарым еске түссе,
Дүниеден өткім келер осы күйім.

Мұны айтып Қасым көзден төкті жасын,
«Аһ, мағшұғым» деп жастыққа қойды басын.
Падиша қайран қалып дұға қылды:
«Иләһи, нәсіп қыл, — деп, — махбүбасын».

Падиша көп насихат ақыл айтты:
— Өткенге өкінбеңіз, — деді, — қатты.
Нәсіп қылса тірлікте көрерсіз, — деп,
Падиша қош айтысып үйге қайтты.

Қасымға көп тамаша етті патша,
Малы тұрған сарайға жетті патша.

¹ Махбүб /араб/ — ғашық, сүйікті.

² Мағшұқ /араб/ — ғашық, сүйікті.

Өз мүлкіне парапар олжаменен,
Бағдатқа бек шаттанып кетті патша.

Білдірмей патша екенін еш адамға,
Жайылды Қасым ісі талай жанға.
Келген жанға осындай бергендерін,
Естігендер һәммасы қалды таңға.

Хан, уәзір, жасауыл тұр құлақ салып,
Күншілдігі қозғалды көп қызғанып.
Қазынасын көруге кеңес қылды,
Ай сайын тұрса дағы ақшаны алып.

Абулфатах уәзірдің бір қызы бар,
Өзі көркем бек, ғаят хұсни¹ жамал².
Абулфатах уәзірдің сол қызына
Не қылғанын, жігіттер, құлағың сал.

Абулфатах ханына сүйеу екен,
Ақылдас уәзірдің біреуі екен.
Ханының ағасының жалғыз ұлы —
Әлибек атты бекзада күйеу екен.

Абулфатах сол қызын киіндірді,
— Қасымға барып кел, — деп түйіндірді.
Қасымның қазынасын көріп кел, — деп,
Абулфатах уәзірді Құдай ұрды.

Мұны естіп Балқыс қыз қатты ұялды,
«Бұл не деген сұмдық?!» деп қайран қалды.
— Ей, ата, елге қайтіп көрінемін?
Бұл сөзді қойыңыз! — деп айтып салды.

Ей, ата, мақұл емес бұл ісіңіз,
Мұнан өзге жоқ па еді жұмысыңыз?
Бекзадаға айтасыз не деп жауап,
Кетпей ме өзіңіздің намысыңыз?

Балқыстың тыңдамады мына сөзін,
Хирс³, тамиг⁴ басқан соң екі көзін.
— Көп сөйлемей шапшаң бар! — деді атасы,
Бәдбахттың⁵ атқаннан соң Құдай өзін.

Жылады мұны естіп Балқыс ғаріп:
«Келемін жат үйге, — деп, — қайтіп барып?»

¹ Хұсни /араб/ — әдемі, сұлу.

² Жамал /араб/ — ажар, көрік.

³ Хирс /араб/ — сараңдық, іштарлық.

⁴ Тамиг /араб/ — ашкөздік, қызғаншақтық.

⁵ Бәдбақ /парсы/ — бақытсыз, сорлы.

Бейшара қатты ұялды ел-жұртынан,
Жалынды: «Қой, ата!» — деп қатты зар қып.

— Шапшаң бар! — деп қызына ашуланды,
Өзі жаһил¹ болған соң көңілі қалды.
«Көрмей келсең бауыздап өлтірем», — деп,
Қасымның көшесіне әкеп салды.

Не қылсын, жүре берді қыз бейшара,
Атасы үкім қылды жүзіқара.
Түнде келіп қақпаға есік қақты,
— Кімсің? — деп жетіп келді бір жариа.

Балқыс айтты: «Ісім бар байыңызда,
Тұрмаймын онан өзге жайыңызда.
Қасымға айтатұғын қажетім бар,
Басшы болып жүріңіз алдымызда».

Бұлай деген Балқысты ертіп жүрді,
Қасым жомарт отырған үйге кірді.
Асыл шәлі бүркенген бір сұлу қыз,
Қасым бұған қайран боп қарап тұрды.

Тамаша қылды Қасым сұлу қызды,
Бір кереует үстіне отырғызды.
«Өзі жас бұл сұлу қыз не мақсатқа, —
Ойлады, — іздеп түнде келді бізді?».

Сұрады Қасым қыздан: «Жөніңді айт, — деп,
Бар болса не қажетің алып қайт», — деп.
Балқыс айтты: «Сіздердей жомарт ермен
Қылғалы келдім, — деді, — әңгіме-кеп».

Бүркеншігін тастады, мұны айтып:
— Кетпеймін, — дейді, — үйіңнен қазір қайтып.
Қасым жомарт қызметін қыла берді,
Неше түрлі тағамын әзірлетіп.

Балқысты Қасым жомарт құрмет етті,
Махаббат жамалына ғашық кетті.
— Малы-басым һәммасы сіздікі, — деп,
Балқыстың Қасым жомарт қолын тұтты.

Балқыстың өзі бүгін тәуекел еді,
Көңіліне ұят пенен қорқу келді.
«Күйеуім Әлибекке не деймін?» — деп,
Түсі неше бұзылып жылай берді.

Қасым сонда ұялды Балқыс қыздан,
— Жылаған ұялдым, жаным, сізден.

¹ Жаһил /араб/ — надан, топас.

Жылауыңның мәнісін баян қылғын,
Бір қате іс көрдің бе, жаным, бізден?

Балқыс айтты: «Естідім бұрын сені,
Бір бекке уағда қылған атам мені.
Намысымды жоюға қатты қорқам,
Неке қылар уақыты жақын еді.

Мен мұнда өз еркіммен келгенім жоқ,
Зорға келдім, әйтеуір, өлгенім жоқ.
Өлтіремін деген соң жаннан қорықтым,
Көнбей-ақ тұрып едім келмеймін деп.

«Сіздің мүлікте қазына бар», — деді атам,
— Сол қазынаны көріп кел», — деді атам.
Екі жақтан ұялдым бірдей қорқып,
Ей, Қасым, көңілімдегі осы қапам.

Мінеки, Қасым, менің келген ісім,
Намыс үшін кетіп тұр есі-түсім.
Күйеуімнен қорыққаным болмаса егер,
Атамның бітірер ем бұл жұмысын».

Әбілқасым сөйледі сонда тұрып:
— Ғашық болдым, Балқысжан, сізді көріп.
Сіздің бұл әдепті ойлауыңа,
Бек қатты сабыр қылдым разы болып.

Балқысжан, үйге келіп мейман болдың,
Көңілім сүйінгендей жауап қылдың.
Сізге мен қазынамды көрсетемін,
Дүние, ахиретте қардаш¹ болдың.

Жіберсе мұндай іске атаң сенің,
Зәрредей қауіп қылма, ей, мейманым.
Түнде келдім, тиер деп ойламағын,
Күнәлі істен тыйылған көңілім менің.

Қасымның бұл сөзіне қуанды бек:
«Бір асқан кісі екен деп ақылы көп».
Балқысжан әдеппенен жауап берді:
— Ахиреттік қарындас боламын, — деп.

Тағамнан соң отырысты күліп-ойнап,
Ғаріп қыз шүкір қылды «йә, Құдайлап».
Патшаға қылған шарттың бәрін айтып,
Балқыстың жетеледі көзін байлап.

Көзін шешті сарайға кіргеннен соң:
«Міне, — деді, — қазынам, қарағын сен».

¹ Қардаш /түркі/ — туыс, бауыр.

Алтын, күміс, дүр, гауһар, жақұттарды
Балқыс қайран болады көргеннен соң.

Екі сурет тақытта жатыр еді,
Гауһар алқа қатында жатқан көрді.
Үлкендігі көгершін тұқымындай,
Балқыс қатын мойнына қарай берді.

Балқыс көрді не түрлі кереметті,
«Қыздың көзі қызылда» деген қане?
Жансыз қатын мойнынан шығарды да,
Балқыстың мойнына салды оны.

Жансыз тәннен алқаны алып берді:
«Қалаған нәрсең бар ма тағы?» — деді.
Асыл тастан азырақ тағы да алды,
Өзі көріп жақтырған нәрселерді.

Қайтадан алып шықты таңнан бұрын,
— Атаңа айтқын, — деді, — көрген сырың.
Күн шыққанша отырды Балқыс мұнда,
Қасымның көріп кетті барлық түрін.

«Қызымды жақтырды ма көріп Қасым?
Қызым жақса, көрсетер қазынасын»,
Бұлай деп Абулфатах ой ойлайды:
«Бекер келсе қор болды менің басым».

Мұны ойлап отырғанда Балқыс келді,
Жауһар алқа мойнына салып келді.
Атасының алдына қойып еді,
Абулфатах шаттанып қолына алды.

— Қазынаны көрдің бе, қызым? — деді,
Қызы айтты: «Мен көрдім өзім, — деді,
Өз қолыммен қазынадан бұларды алдым,
Рас, ата, бұл айтқан сөзім», — деді.

Қазынаның Балқыс айтты қисапсызын,
Қасымның һәм мақтады әр мінездерін.
Қазынаны Балқыс қыз көрсе дағы,
Жолының және айтты мағлұмсызын.

Жауһарлар әкелгенде бек сүйінді,
Балқыс қыз алып келді көп бұйымды.
Қызы ұят пердесін жыртса дағы,
Жолын білмей келгенге көп күйінді.

«Қиылса да болмап едім қызым парһиз¹,
Бекер кетті-ау көре алмай намысымыз»,

¹ Парһиз, парһизқар /парсы/ — ұстамды, салмақты, тәрбиелі.

Абулфатах қайғырды өзі ұялып,
«Жұрттан ұят болды-ау, — деп, — осы ісіміз».

Дүниеде жаннан асқан Қасым жомарт,
Абулфатах қор болды хирс, нәмәрт¹.
Ғарон Рашид патшадан сөз айтайын,
Құлақ салып тыңдаңыз, көп жамағат.

Бағдатқа Ғарон Рашид қайтып барды,
Көрген қызық қызметін айтып барды.
Патшалық тақытына отырған соң,
Шақыртып уәзірін қасына алды.

Уәзірді зынданнан алып келді,
Ғарип жаннан көңілі қалып келді.
«Тік сөзімнен зынданға салып еді,
Қаһары қатты патша, өлдім», — деді.

Патша тұрып уәзірге сәлем берді:
— Бір сөзіңнен мен көрдім талай жерді.
Бейкүнә сізді азапқа салыппын, — деп,
Кеш күнәм, — деп падиша ғұзыр қылды.

— Мен көрдім бұл дүниеде көп адамды,
Бұл дүниеде көрмедім ондай жанды.
Мал мен жанын мейманға пида қылған
Тең көрмеймін Қасымға патша, ханды.

Падишадан кем емес салтанаты,
Қасым емес, хас патша — оның аты.
Маған өзі көп нәрсе инғам² қылды,
Еш ақылым жетпеді, басым қатты.

Уәзірім, кеш күнәмді, разы бол,
Сіздің сөзбен көрдім мен бірталай жол.
Оны мақтап дүниеде бітіре алман,
Дүниеде шын жомартты көргенім сол.

— Сен де разы бола гөр, тақсыр, маған,
Мен де разы болайын, тақсыр, саған.
Өз көзіңмен көріпсіз оны, тақсыр,
Үйіңізге келіпсіз есен-аман.

Патша айтты: «Көп инғам қылды маған,
Оларды көрсетейін енді саған».
Уәзірді өз қасына ертіп келіп,
Әкелгенін көрсетті бәрін тамам.

¹ Нәмәрт /парсы/ — тексіз, жетесіз, сараң.

² Инғам /араб/ — садақа, сыйлық.

Уәзір бәрін аралап көрді дейді,
— Қасым маған осыны берді, — дейді.
Уәзірім, біз Қасымға не береміз?
Қасымдай мен көрмедім ерді, — дейді.

Қасымға біз де инғам қылалық та,
Қазынамнан бір нәрсе лайықта.
— Оған лайық инғамды таптым, тақсыр,
Мұнан артық инғам жоқ халайықта.

Ей, падиша, айтайын мен бір кепті,
Патшалыққа ол Қасым өзі епті.
Басыраның уәлиін түсіріңіз,
Онан артық инғам жоқ, сірә, тіпті.

Падиша бұл кеңесті мақұл деді,
— Уәзірім, бұлайтқаның ақыл, — деді.
Хат жазып, мөр басып жіберелік,
Қазыны, келсін мұнда, шақыр, — деді.

Хат жаздырып падиша мөр басты,
Падиша пәрмен қылса тоқтамас-ты.
«Өзің түсіп Қасымға орның бер!» — деп,
Патша қылмақ Қасымды болды қасты.

Бір жасауыл хатты алып жүріп кетті,
Бес күнде Басыраға барып жетті.
Хатты берді ханына алып барып,
Халифаның жарлығын арди¹ етті.

Жарлығын халифаның оқып тұрды,
Бір сұмдықтың болғанын енді білді.
Жасауылға ат пенен шапан беріп,
Жасауылды жөнелтіп жіберді енді.

Хан сонда мұны естіп қапа болды,
Сарғайып зағыпырандай жүзі солды.
Халифаның жарлығын бұза алмайды:
«Шарам не-дүр, әр істі Құдай салды!»

Абулфатах сол уақта кіріп келді,
Алдында уәлинің аттай желді:
— Не болды сізге, тақсыр, түсің қашып,
Тірлікте билеуші едің талай елді?

Уәзірінің сөзіне жауап берді,
— Халифадан хат білән кісі келді.
Хаңдығыңнан түс дағы Қасымға бер!
Халифа хан қылыпты Қасым ерді.

¹ Арди /араб/ — мәлім.

Уәзірім, соған қапа болып тұрмын,
Хандығымнан мен түсіп өліп тұрмын.
Хандығымнан айырылып қара болып,
Халифадан қорлықты көріп тұрмын.

— Бұл істі білдірмеңіз тірі жанға,
Басыра — кәпір, орыс, мұсылманға.
Қасымды бір айламен өлтіремін,
Дүниеде білдірмейін тірі жанға.

— Олай қылсаң тілегің бердім саған,
Бір жақсылық қыла гөр, уәзір, маған.
Бастан-аяқ берейін алтын киім,
Бір амал қыла көрші, жаным, соған.

Қасым жаққа ол уәзір жөнөп кетті,
Айласы мол ол уәзір тым-ақ епті.
Қонақпын деп Қасымға барды жетіп,
Естіңіз уәзірден қызық кепті.

Қонақ болып Қасымға қонды барып,
Атын ұстап кіргізді үйге алып.
— Хош келіпсіз, мейманым, ғазизім¹, — деп,
Төріне отырғызды көрпе салып.

Әртүрліден қонаққа ас жегізді,
Үстіне әртүрліден тон кигізді.
Дұшпандықты ойына алып отыр,
Қасымға уәзір залым у жегізді.

— Қасымжан, бір асаңыз, мінеки ас.
Қасымға берген асы у аралас.
Бір жұма есі кірмей жатады екен,
Сондай ұды беріпті ол мұндар қас.

Ісіп шықты үйіне Қасым батыр,
Өлген кісі сияқты сұлап жатыр.
Тамам жұрт улап-шулап жыласады,
— Мейманға көргізелік, шапшаң шақыр.

Шақырған соң ол уәзір жетіп келді,
— Жылама, — деп тоқтатты тамам елді.
Мен азырақ тамырды білуші едім деп,
Қасымның тамырын кеп ұстай алды.

Тамырын ұстап айтты: «Өткен екен,
Алладан тағдыр — ажал келген екен.
Өкпесі де соқпайды бейшараның,
Бір сұмдық бұл байғұсқа болған екен.

¹ Ғазиз/араб/ — ардақты, аяулы, қадірлі.

Бұл байғұс тағдыр жетіп өліп қалды,
Мұндай істі басына Құдай салды.
Тез арулап көміңіз мұны жерге,
Жаназаға шақыртып тірі жанды».

Жылап-еңіреп үй іші қалды бұлар,
Шын өлді деп сенді ол бейшаралар.
Тез арулап кебіндеп, тамам жұртқа
«Жаназаға келсін»деп берді хабар.

Жаназа оқып тамам жұрт көрге салды,
Көр ішінде бейшара жатып қалды.
Бір дұшпанның қас болған қастығымен,
Тастап кетті артына мал мен жанды.

Мұны естіп уәзірі ханға келді,
Қасымға қылған ісін баян қылды.
Хаңдығынан түсірмей қойғанына,
Уәзіріменен екеуі бек шаттанды.

Отырды бұл екеуі ойнап-күліп,
Уәзір қызмет қылады аттай желіп.
«Хан бола алмай Қасым ер өлді ғой», — деп,
Хат жазды халифаға сәлем қылып.

«Патшамның бұрмам¹ пәрманына,
Ер Қасым жетпей кетті арманына.
Қасым жомарт дүниеден көшіп кетті,
Лаж не-дүр Алланың салғанына?»

Бұйрық алып хат бірлән² келді кісі:
Қасымның артық еді мәртебесі.
Дүниеден сапар шекті Қасым жомарт,
Әй, тақсыр, мұндай болды Құдай ісі».

Мұны айтып хат жазды хан мен уәзір,
Жібермекке бір кісі қылды әзір.
Бірталай құлдық қылып тарту білән,
«Тақсыр-ау, осы, — деді, — бізден мәзір».

Бұларды алып бір кісі жүрді дейді,
Тартумен нама жазып берді дейді.
Алдынан бұл кісінің уәзір Жағышар
Ұшырап жауап сұрап тұрды дейді.

Уәзір айтты: «Жөніңді айтшы маған,
Хат-хабар тасушы едің бұл арадан?»

¹ Бұрмам — тосқауыл, кедергі.

² Бірлән /түркі/ — мен, бен, пен.

— Ханымыз халифаға қағаз берген,
Жазған хатын апарам, — деді, — соған.

— Хатыңды бере тұршы, мен көрейін,
Не деп жазған хат екен, мен білейін.
Онан басқа сөзіңді тағы да айт,
Жақсы жігіт екенсіз, естиін.

— Халифадан хат білән кісі келген:
«Қасым жомарт уәли болсын!» — деген.
Бұл хабарды естіп тұрған шақта,
Ер Қасым сапар қылды бұл дүниеден.

Ол Қасым ажал жетіп өлді, — дейді,
Дәулеті ер Қасымның мол-ды, — дейді.
Өлгенін мағлұм қылып нама жазған,
Халифаға апарам енді, — дейді.

Уәзір мұны есітіп қайғы тартты,
Қапа боп жылап тұрды жаман қатты.
Бекер енді не іске барамын деп,
Сол жерден уәзір Жағышар кейін қайтты.

«Хан бол» деген қағазды жазған өзі,
Жас ағып қарап тұрды екі көзі.
Патшалықтың рәсімін үйретуге,
Осы екен бұл Жағышардың шыққан кезі.

Сол жерде естіген соң қайтты дейді,
Өкініп атының басын тартты дейді.
Халифаға келді де уәзір Жағышар:
«Қасым ер өліпті», — деп айтты дейді.

Халифа хатты көрді қолына алып,
Есітіп, іші кетті оттай жанып.
«Өлді Қасым ер» деп естіген соң,
Падиша тақытынан түсті талып.

Хақимдер¹ тез тұрғызды дәру қылып,
Патша басын көтерді қайран болып.
Көзінен жасы ағып, «уа, дариға» деп,
Көңілін тыйып отырды ақылы келіп.

Хатты тағы оқыды көзі жайнап,
Ашуы халифаның келді қайнап.
Бір хикмет² бұл арада бар шығар деп,
Уәзірден басқа жұртты шықты айдап.

¹ Хақим /араб/ — ғалым, ғұлама; басқарушы.

² Хикмет /араб/ — білім, керемет, құпия.

Екеуі оңаша үйде қалды жалғыз,
 Қасымның өлгенінде бар шығар сөз.
 Қас еді уәзірі мен хан екеуі,
 Түбінде ақиқатын есітерміз.

— Уәлисі¹ біздің хатты көрген шығар,
 Залымдықпен қаса² қып жүрген шығар.
 Уәлисі уәзірімен дұшпан еді,
 Екеуінің қасадымен өлген шығар.

Жағыпар айтты: «Рас шығар осы сөзің,
 Бір істі естіп едім менің өзім.
 Менің айтқан сөзімді қабыл көрсең,
 Екеуін алып келсем сізге өзім».

Уәзір сөзін халифа мақұл көрді,
 Уәзірге бес жүз әскер қосып берді.
 Хан мен уәзір екеуін ап келмекке,
 Уәзір Жағыпар бас болып іздеп жүрді.

Ол уәзір Басыраға жүріп кетті,
 Хан, уәзірді ап келмекке ниет етті.
 Уәзір Жағыпар аттанып бара тұрсын,
 Ер Қасымнан сөйлелік енді кепті.

* * *

Сағана сарай қылған көрін оның,
 Құдай аман сақтаған жанын оның.
 Қырық қарақшы жол түсіп керуен тілеп,
 Жиып айдап келіпті барлық малын.

Малын алып қарақшы жөнep кетті,
 Сол моланың түбіне келіп жетті.
 «Бұл малдарды қай жерде бөлеміз?» — деп,
 Жиылып сол молада кеңес етті.

— Шам жағып бұл күмбезде болсақ не етті,
 Кісі көрмес жер екен өзі епті.
 Шам алып күмбезге кірген екен,
 Қасымнан естіңіз қызық кепті.

Сол жерде Қасым жатып есі кірді,
 Кебінін сүйретіп түрегелді.
 Қырық қарақшы сол жерде қайран қалып,
 Түрегелген Қасымды бәрі көрді.

Сол жерде ол Қасымнан жауап сұрады,
 Ер Қасым жігіттерге сәлем берді.

¹ Уәли /араб/ — басқарушы.

² Хасад /араб/ — өштік, қастық, жаман пиғыл.

Кебінін үстіндегі жұлып алып,
Қасымның қырық кісіні көзі көрді.

Қырық кісі қарап тұрды аң-таң қалып,
Кейбірі қорыққанынан талып қалып.
— Өлген кісі, тіріліп түрегелдің,
Өлгеннен соң тірілдің, жаным, неғып?

— Сірә, мен тағдыр жетіп өлгенім жоқ,
У беріпті бір қонақ, білгенім жоқ.
У бергенін қонақтың білген болсам,
Ол асты ішпес едім, дүние боқ.

Жата-жата өзіме есім кірді,
«Ал, құлым» деп Құдайым медет берді.
Қанша от, тататын дәм, қанша су бар,
Сіздерді патша Құдай кез келтірді.

Мені жолдас қылыңдар қасыңызға,
Құдайым қуат бергей басыңызға.
Бір өлімнен құтылдым Құдай оңдап,
Ұзақ ғұмыр бер, Алла, басымызға.

Құдайым ерге берсін таудай талап,
Қырық кісіні мен тұрмын мыңға балап.
Мені осы өлімнен құтқарсаңдар,
Не алсаң да беремін менен қалап.

Қырық жігіт оны алып жүрмек болды,
Алланың не салғанын көрмек болды.
Осы өлімнен құтқарса бұл байғұсты,
Не тілегі болса да бермек болды.

Қырық жігіт бұл Қасымды алып кетті,
Бір үлкен тау бар екен, оған жетті.
Бір тынығып бұл жерде алалық деп,
Сол тауда бір-екі күн сабыр етті.

Алты күнде уәзірі көрге келді,
Уәзір шіркін Қасымға қастық қылды.
Өлтірейін деп келсе, ол Қасым жоқ,
Қайтып келіп іздеді тамам елді.

Көр алдында қырық аттың ізі жатыр,
Не дерін білмейді уәзір батыр.
Осылармен тіріліп кеткен шығар,
Қай жаққа кетті екен деп іздеді ақыр.

Сол ізді көрді дағы қайтып келді,
Әңгімесін патшаға айтып келді.

– Тіріліп ол көрінен кеткен екен,
Ұстамасақ бүлдірер тамам елді.

Атқа мініп Қасымды қуалық біз,
Бірге мініп қуыңыз, ей, тақсыр, сіз.
Осыдан қолға түспей, кетіп қалса,
Жаныңыздан, ей, тақсыр, күдерінді үз.

Хан сонда мың кісімен іздеп кетті,
Үш күннен соң ол тауға барып жетті.
Шұңқыр қоймай, тінтіңіз сайдың бәрін,
Осы тауда жатпасын бұлар депті.

Жетіп келсе, бір сайда бәрі жатыр,
Ішінде бірге жатыр Қасым батыр.
Қырық кісімен Қасымды ұстап алып,
Шаһарға патша, уәзір келе жатыр.

– Бір арыз айта келдім, тақсыр, сізге,
Тілегімді бере көр, тақсыр, бізге.
Қасымды тамам жұрттың бәрі таныр,
Ұят болып жүрмесін өзіңізге.

Ей, тақсыр, Қасымды мен әкетейін,
Енді өлтірмей қоймасқа серт етейін.
Бақ-шарбаққа Қасымды алып барып,
Кісі көрмес бір жерге жөнелтейін.

Қырық жігітті, ей, тақсыр, сен байлап ал,
Алып барып оларды зынданға сал.
«Қасымды біз көрдік» деп жанға айтпасын,
Жігіттердің аузына тыю сал.

«Құп болар» деп Қасымды алып кетті,
Бір заманда шарбаққа барып жетті.
Бақ-шарбақта бар екен терең құдық,
Сол құдыққа салмаққа апарыпты.

Тоғыз құлаш бір құдық еш суы жоқ,
Құдыққа салар болды, дүние боқ.
«Бұл құдықта мен енді өлемін» деп,
Қасымның шыбын жаннан үміті жоқ.

Бар екен уәзір ұлы бақ-шарбақта,
Жетіп келді атасын көрген шақта.
Екеулеп ол құдыққа тастады,
Қасым айтты: «Құдай-а, өзің сақта!»

Қасым байғұс құдыққа түсіп кетті,
Бір заманда түбіне барып жетті.

Құдай өзі сақтаса еш пәле жоқ,
Сүйегі күл-күл болып өлсе неетті.

Баласына бұйырды: «Тас таста!» — деп,
Қас сағынған кісіге бола ма еп.
Таспен көміп тастады бұл зынданға,
«Дүниеге енді Қасым шықпасын», — деп.

Ол Қасым тас тиер деп қорғанады,
Үңгір қазып жатарға ой қылады.
Құдықтың кемерінде бір тас жатыр,
Ол тастың төңірегін тырналайды.

Тырнай-тырнай ол тасты қопарады,
Ол тастың орнынан су шығады.
Бейне дария суындай тасып кетіп,
Қасымды жоғарыға шығарады.

Су шығып тас орнынан тасып кетті,
Құдықтың аузына Қасым шықты.
Су көтеріп аузына келгеннен соң,
«Йә, Ахад» деп құдықтан шыға кетті.

Қасым шықса ұйықтап бала жатыр,
Тасты тастап ұйықтапты бала кәпір.
Таспен ұрып баланы өлтірді де,
Құдыққа салып кетті Қасым батыр.

Баланы өлтірді де қашып кетті,
Бір бұлақтың басына келіп жетті.
Біргалай керуен келді ол бұлаққа,
«Бұл керуенге тілдесем қайтер?» депті.

Керуен жаққа ол Қасым бір-бір басты,
Керуен де ол бұлаққа жақындасты.
Алдында келе жатқан керуенбасы
Келді де, ол Қасыммен амандасты.

— Жаяу жүрген бейшарасың неткен жан?
Жөніңді айта көрші, жарқын, маған.
Бейне азап көргендей түсің қашып,
Не болды мұнша жүдеп, жаным, саған?

— Мен бір жүрген бейшара ғаріп құлың,
Кедейліктен көңілімде бар-ды мұңым.
Мен бір байға қызметкер болар едім,
Жүрер ме едім мен жаяу болса пұлым.

— Олай болса қызметкер болшы маған,
Жүремісің бес тілла берсем саған?

Өзің жақсы мүләйім көрінесің,
Қызмет қылсаң бір жылға есен-аман.

Бес тіллаға ол Қасым жүрмек болды,
Әрне ойлап көңіліне қайғы толды.
Әр сөйлеген сөздері балдан тәтті,
Қызмет қыла біледі әрбір жолды.

Жүрсе-тұрса біледі бір-бір жолды,
Қызметіне ол байдың көңілі толды.
Қызметкерге жарымай жүрген екен,
Сол Қасымды алды да жолы болды.

Қасымды алып ол керуен жөнep кетті,
Әрне қылса Қасымның қолы епті.
Бір күннен соң ол керуен көшіп келіп,
Бір бақ-шарбақ жанына келіп жетті.

Қасымменен қас ханның шарбағы екен,
Ол шарбақты хан қызы қылған мекен.
Алыс көшіп талықсып сол керуен,
Ол шарбақтың тұсына қонған екен.

Ол шарбақта бар екен ханның қызы,
Қапалықтан дертті екен оның өзі.
Бақ-шарбақта сейіл қып жүрсе ол қыз,
Қонып жатқан керуенге түсті көзі.

— Біреуің сол керуенге барып келші,
Асыл бұйым бар болса, алып келші.
Бастан-аяқ аралап сол керуенді,
Қандай адам бар екен, біліп келші.

Айтқан соң бір-екі қыз жүріп кетті,
Бір уақта керуенге барып жетті.
— Асыл бұйым ханшамыз алмақ еді,
Сіздерде асыл киім бар ма? — депті.

— Бізде бар гауһар, жақұт, не асыл тас,
Маңлұқ, торғын, қазына тон аралас.
Жаратқанын пұл беріп ала берсін,
Ханшаға сәлем де, алдияр бас!

— Бағасын кім біледі асыл тастың,
Қайсыңыз барасыз? — деп көп қарасты. —
Бір білсе, Қасым білер бұл бағасын.
«Барғын»деп Қасымға бай ақылдасты.

— Бұйрық қылсаң барайын оған, — депті,
Мал бағасын біледі өзі епті.

Қасымды өзгесінен епті көріп:
«Қасым барып саудалап келсін», — депті.

Қасым бұлды арқалап жүріп кетті,
Бақта отырған ханшаға барып жетті.
Бұлды арқалап алдына келіп еді,
Қасымды көріп ханшаның есі кетті.

Көргеннен соң Қасымға болды ғашық,
Қасына жетіп келді бір-бір басып.
Алдына жетіп келіп қолын ұстап,
Қаныша Қасыммен тұр жауаптасып.

Қаныша ашып көрді бұлдың бәрін,
Аралап көрген болды бұйымдарын.
Бұйым алмақ есінен шығып кетті,
Білмей тұр сол Қасымға не қыларын.

Қасымдай жігіт болмас қыз қылықты,
Өзі сұлу ол Қасым, сөзге епті.
Қасымнан еш айырмас екі көзін:
— Сіз не қылған жігітсіз, жаным? — депті.

— Мен өзім бұл керуеннің қызметкері,
Келмейді керуенбасы, өзі кәрі.
Менен артық болмаған соң өзге жігіт:
«Барып сатып кел», — деді баршалары.

— Келмейді керуенбасы болса кәрі,
Біреудің сен болсаң да қызметкері,
Еш армансыз дүниеден өтер еді,
Сендей болса әр қыздың алған жары.

Мен жібермен біреуге ұл болсаң да,
Егерде сатып алған құл болсаң да.
Сірә, сенен айырылман, қалқа жарым,
Сіз осында тұрасыз не болсаң да.

— Ай жүзді, шырын сөзді, асыл тасым,
Мені бекер алып қалма, замандасым!
Сізге қарсы сөйлеуге халім бар ма?
Керек болса кесіңіз менің басым.

— Өзің көркем жігітсіз, қасың қара,
Ақ бетіңнен сүйдірші бірер пара.
Енді сізден айырылсам өлемін ғой,
Ғашық болған жүзіңе мен бейшара.

— Кедей жүрген дүниеде мен бейшара,
Маған ғашық сен болсаң, не-дүр шара?

Бір патшаның баласы айттырып алар,
Біразырақ сабырлық қылып қара.

— Жүзінді көргеннен соң болдым ғашық,
Жүре алман ғашықтықпен қадам басып.
Дертіне ғашықтықтың шыдай алмай,
Ішім толып өлермін жанталасып.

— Патшазада ақсүйек мен емеспін,
Сені алуға, Қаныша, тең емеспін.
Азар болса кедей жасып жүрген,
Ақылым еш адамнан кем емеспін.

— Еш патшадан сені мен кем көрмеймін,
Патшаларға сені мен тең көрмеймін.
Не болса да, ей, жігіт, жанымда тұр,
Мен сені керуенге жібермеймін.

— Жібермесең не лаж болар маған,
Ұят келіп жүрмесін, қалқам, саған.
Қолымнан бар бұйымын тапсырайын,
Амандасып келейін барып оған.

— Пәруана боп тұрамын мен басыңнан,
Жібермеймін сені мен өз қасымнан.
Бұйым үшін уайым жеме, қалқам,
Бұйымды жіберемін жолдасымнан.

— Жіберіңіз, жолдасқа мен кетейін,
Қайтып сізге келуге серт етейін.
Амандасып келейін ризаласып,
Керуенді өз қолымнан жөнелтейін.

— Жібермеймін, қылсаң да он қайта серт,
Болады сіз келгенше бір үлкен дерт.
Болмай-ақ кетемісің, қалқа, жарым,
Мені сен қылышпенен өлтіріп кет.

Қыз көріп ғашық болды қызыл жүзін,
Қасым да қимай отыр қыздың сөзін.
Бір қыздан бұйымдарын жіберді де,
Тоқтатып алып қалды мұнда өзін.

Тұрды да қыз Қасымға құлдық қылды,
Бір қызбен жөнелтеді келген бұлды.
Алуа, шекер, шай, палау, ет келтіріп,
Алдында ол Қасымның ойнап-күлді.

Қыз күлсе де күлмейді Қасым жігіт,
Қыздан, сірә, еш уақта қылмас үміт.

Бетін сүйіп, мойнына асылса да,
Үйден қашып кетеді тысқа шығып.

— Айналайын мен сенің келбетіңнен,
Бір сүйдіріп қауышсаң ақ бетіңнен.
Аманатың сақтаулы өзімде тұр,
Оны алып, сен құтқар бұл дертімнен.

Қыз бен жігіт екеуі ақылдасты,
Ақылдасып екеуі жақындасты.
Әкесінің қысасын қайырмаққа,
Лақтай бақыртып бір-ақ басты.

Бұл Қасым жігіт десең жігіт сынды,
Бойын алған ол қыздың көңілі тынды.
Неше түрлі тамаша қызықпенен
Екеуі ғишрат қылып жүреді енді.

Керуенбасына тапсырды қыздар бұлын.
— Қайда, — деді, — жіберген менің ұлым?
Қыздар айтты: «Қаныша алып қалды:
«Басшы қып тапсырам, — деп, — барлық бұлын».

Шама жоқ ол жігітті жоқтайтұғын,
Ашу қылып ханшаны боқтайтұғын.
Жүгін артып керуендер жөнep кетті,
Лаж жоқ Қасым үшін тоқтайтұғын.

Ертеде — ойын-тамаша, кеште — ойын,
Түн болғанда жатқаны — жылы қойын.
Ішкені — арақ-шарап, ойын-күлкі,
Қасымның қызметіне қойды мойын.

Ғейіш-ғишрат¹ қылдылар күндіз-кеште,
Күн өтгі бұл арада әлденеше.
Қасымға қыз болады бек мейірбан,
Жанын пида қылады Қасым десе.

Уәзірден біз айталық аз ғана сөз,
Сөзіме құлақ салып есітіңіз.
Уәзірдің соры қайнап ұлын көрсін,
Қызықта жата тұрсын Қасым мен қыз.

* * *

Уәзір келді құдыққа ұйықтап тұрып,
Жылады өліп қалған ұлын көріп.
Су толған аузы білән ол құдықта,
Кереді өлтіргенін ұрып-ұрып.

¹ Ғейіш-ғишрат /араб/ — сауық-сайран.

Ол баласын құдықтан тартып алды,
Аланың құдіретіне қайран қалды.
Баласын тез жуып көрге көміп,
Айтайын деп патшаға қайта салды.

Атқа мініп патшаға жүріп кетті,
Аз заманда патшаға барып жетті.
— Тағы айырылдық, әй, тақсыр, ол Қасымнан,
Екеуімізді Құдайым ұрды, — депті.

Іздеп тауып келелік елде болса,
Өзіміз тауып алар жерде болса.
Бір бүлік салар бізге осы Қасым,
Таптырмай бұл дүниеде тірі жүрсе.

Мың кісі атқа мініп жүріп кетті,
Тау-тасты қоймай оны іздетіпті.
Сол жүргенде мың кісі бір ай жүрді,
Таба алмай ол Қасымды есі кетті.

Таба алмай бір айдан соң қайтып келді,
Таппадықдеп падишаға айтып келді.
— Қайталық елімізге, тақсыр ханым,
Аралап әбден болдық тамам елді.

— Бұл Қасым пәле болды енді бізге,
Сіздер тарқап кетіңіз еліңізге.
Бақсарайда бір қызым ауру еді,
Амандасып келейін барып қызға.

Жалғыз кетті падиша бақ-шарбаққа,
Қызының көңілін барып сұрамаққа.
Анадайдан ол қыздар көріп тұрып,
Қарсы шықты патшаны көрген шақта.

Қызы менен әкесі амандасты,
Амандасып сөздерін тамамдасты.
Қараса, қызы тәуір болған екен,
Жазылғанын көрген соң көңілі тасты.

— Шырағым, оңалдың ба тәуір болып,
Жүрмісің көңілің шат ойнап-күліп?
Әдейі сенің үшін келіп едім,
Кетейін деп мен келдім халің біліп.

— Шүкір Алла, тәуірмін, көңілім жай,
Ішкенім күндіз-түні қант пен шай.
Кеселімнен жазылдым осы күнде,
Мұнда тұрып қайтамын енді бір ай.

Әкесіне жегізді түрлі асын,
Амандығын сұрады мал мен басын.
— Әке, сіз рұқсат берсең, қайтар едім,
Ұйқым келіп ауырды тағы басым.

Әкесі рұқсат берді көңілі еріп,
Төсегін әкесінің салып беріп,
Әкесінің рұқсатын алғаннан соң,
Өзінің ордасына келді кіріп.

Қаныша қайтып келді ордасына,
Қасым айтты: «Кел, отыр өз қасыма.
Сен кеткелі біргалай заман болды,
Ынтызар болып тұрмын дәл басыңа».

Қасым сонда тұрды да намаз қылды,
Қызын және көргелі патша келді.
Терезеден хан келіп сығаласа,
Намаз қылған Қасымды көзі көрді.

Намазын оқып тұрды Қасым батыр,
Сығалап көріп тұрды патша уа ақыр.
«Іздеп жүрген дұшпаным мұнда екен» деп,
Ойына талай ойды алып жатыр.

«Мұны кіріп ұстасам қашып кетер,
Жазаласам өзімді тек өлтірер.
Құлып салып кетейін есігіне,
Жіберсем жасауыңдар ұстап келер.

Ұстатып бұл Қасымды өлтірейін,
Үкімімді жеріне келтірейін.
Шапшаң барып, жіберіп палуандар,
Өлтіріп көз көрмеске жіберейін».

Есігіне құлыбын салып кетті,
Шапқылатып шаһарға барып жетті.
Күзетші кемпір мұның бәрін біліп:
— Сіздерді хан көрді, — деп хабар етті.

Сіздерді патша көріп үйге кетті,
Кідірмей қайтып келер сізге де енді.
Терезені бұз дағы далаға шық,
Қашпасақ біз көрерміз үлкен кепті.

Үшеумізді өлтірер ұстап алып,
Бір жерге біз жетелік қашып барып.
Өлтірмес деп ойлама қызды дағы,
Біздерді өлтірмегі тым-ақ анық.

Хан көрді дегеннен соң есі кеткен,
«Жалғыз жаным қалса» деп үміт еткен.
Аялдаса, хан келіп ұстайды деп,
Еш нәрсе ала алмастан қашып кеткен.

Әйнекті бұзды дағы қашып кетті,
Он күн, он түн жол жүріп тауға жетті.
Тау ішінде бар екен бір жалғыз үй,
Ол үйге бұл үшеуі қонам депті.

Бір кемпір бар екен: «Қон», — деп айтты,
Бұйрықты кемпір берген дәмін татты.
Үшеуі төсек салып жатып қалды,
Шаршапты бейшаралар жаман қатты.

— Біздерді қонақ қылдың, кемпірім, — дер,
Бұл таулар не деген тау, не деген жер?
Бұл жерде қандай шаһар, қай патша бар,
Кемпір шеше, біздерге жауабың бер?!

— Бұл жерде бір шаһар бар Бағдат атты,
Патшасы Һарон Рашид салтанатты.
Егін, тары — бәрі де болады арзан,
Барғандар пайда табар жаман қатты.

Бір арқа отын бірталай ұн болады,
Сатып алсаң екі пұт ұн болады.
Жаяуға ат, жарлыға тамақ болар,
Сол шаһарға барғаның жөн болады.

Ол жерден бұл үш пақыр жүріп кетті,
Екі күнде Бағдатқа барып жетті.
«Жақын жерде бар екен біраз қыстақ,
Бұл жартаста жаталық біздер», — депті.

Ешкімге көрсетпейді қыздың жүзін,
Пайда қып асырады өзі-өзін.
Жартаста бұл үшеуі жата тұрсын,
Сөйлелік қыз әкесі ханның сөзін.

Хан жүріп Басыраға барды жетіп,
Мың кісіні аттандырды жарлық етіп:
«Ұстап алып мұндарды өлтірелік,
Сыртынан кетіп едім тас бекітіп».

Келселер бау-шарбаққа Қасым, қыз жоқ,
Кемпір де бірге кеткен, дүние боқ.
Тау-тастан іздеп-іздеп таба алмады,
Еш хабарын білмейді, көргені жоқ.

Таба алмай мың кісілер елге қайтты,
Таба алмай ол Қасымды басы қатты.
«Бір сұмдық енді бізге болды ғой», — деп
Патшаменен ол уәзір көп жылапты.

Таба алмай іздеп-іздеп жата тұрсын,
Әуре болып бастары қата тұрсын.
Ер Қасым отын алып Бағдат барып,
Отынын ол базарда сата тұрсын.

Қасым барып даладан отын алды,
Кемпір мен қыз жартаста жатып қалды.
Шаршап, терлеп базарға барғаннан соң,
Отынын Қасым байғұс жерге салды.

Отынын ол базарға салады екен,
Пұлына екі пұт ұн алады екен.
Жарымын өздеріне ауқат қылып,
Жарымын «риза-и Ахад» қылады екен.

Өзім ішіп тамаққа тоймайын деп,
Әйтеуір кәсібімді жоймайын деп.
Жаныма ахиретте пайда болар,
Жомарттық әдетімді қоймайын деп.

Жаяулап отын сатып қылдым кәсіп,
Құдай-а, халалдықтан бергін нәсіп.
Отынға арқа сүйеп ой ойлайды:
«Алланың жазғанына шарам нешік?»

Байлық кетіп бейшара болды бір құл,
Отын сатпай табылмас бір жалғыз пұл.
Неше өлімнен құтылдың, байғұс Қасым?
Жаныңның қалғанына шүкірлік қыл.

Отын алып келгені бірталай жер,
Жаяу жүріп арқадан ағыпты тер.
Дәулетің Құдай оңдап тағы келер,
Жарымын тапқаныңның қайырға бер.

Отырды осылайша қиял ойлап,
Қарайды жан-жағына бойлап-бойлап.
«Басырада өзіме қонақ болған,
Кез қылғай сол кісіні Құдай айдап».

Отынын жерге қойып отыр неғып,
Ән салған қыз әйнектен көрді бағып.
«Осы отырған Қасымның тап өзі» деп,
Көзінен кетті жасы тыймай ағып.

Ол жарияны таныды Қасым көріп,
 Патшаның сарайына келді жүріп.
 «Мейманға инғам қылған жариям ба?» — деп,
 Қасым сонда қарады тоқтап тұрып.

Үйден шығып Қасымға ол қыз келді,
 Көрген соң бірін-бірі таныды енді.
 Қасымды анық өзі таныған соң,
 Жығылып аяғына басын қойды.

— Тұр, — деді Қасым қызға, — көтер басың,
 Сен патшаның сарайында неғып жүрсің?
 Шыдамай бірін-бірі таныған соң,
 Көзінің екеуі де төкті жасын.

— Көргелі барған екен патша сізді,
 Жомарт деп естіген соң өзіңізді.
 Сырын айтпай мейман боп қонғаннан соң,
 Хадие¹ қылып едің сонда бізді.

Жақсы көріп падиша кеткен қайтып,
 «Хан болсын» деген сізді бұйрық айтып.
 «Өлді» деп сізді патша естіген соң,
 Жаман қатты қайғырды қапа тартып.

Мен бұл жерде алданып тұрмайын көп,
 Сізді патшаға айтайын «тірі екен» деп.
 Сіздің тірі екеніңізді патша білсе,
 Жаман қатты шаттанып, қуанар бек.

Жүтіріп барып ханымға хабар берді:
 — Жүріп көрші, таныдым Қасым ерді.
 «Өлді» деген Қасым ер міне тұр деп,
 Өкіріп-өкіріп қыз байғұс жылай берді.

Ханымменен екеуі қарап тұрған,
 Қасымға бұл екеуі мойын бұрған.
 Патша артынан бұларға жетіп келіп,
 — Кімге қарап тұрсыз, — дер, — Құдай ұрған?

Патшаға құлдық қылды сонда бұл қыз:
 — Біздер қарап Қасымды танып тұрмыз.
 Өлген Қасым дәл бүгін тіріліпті,
 Сол ма екендеп көңілге алып тұрмыз.

— Қане? — деп ол падиша көзін салды,
 Көрді де ол Қасымды тани қалды.
 «Мен көрген Қасым жомарт осы ғой», — деп,
 Шақырып бір уәзірді қасына алды.

¹ Хадие /араб/ — сыйлық.

Бір жасауыл барды дағы алып келді,
Жетіп келіп ол Қасым сәлем берді.
Падиша түрегеліп құшақтасып,
Өзі сөзге келместен жылай берді.

Падишамен көрісті құшақтасып,
Көңілі ер Қасымның қалған жасып.
«Өлді деген Қасым ер сенбісің?» — деп,
Падиша көріседі амандасып.

Сонда Қасым таниды падишасын,
Өзіне қонақ болған замандасын.
Анықтап падишаны таныған соң,
Жығылып аяғына қойды басын.

Патша айтты: «Әрне іс бір Құдайдан,
Басың көтер, сөйлегін хал-жайдан.
«Өлді» деп, Қасым, сені естіген ем,
Мағынасын айт, тіріліп келдің қайдан?»

Патша айтты: «Сөйлеші, Қасым, сырын,
Дүниеде сайыпқыран жомарт ерім.
Саған жетер дәулетті жан жоқ еді,
Неғып тастап жүрсіңіз қазына жерің?»

Мен саған Басырада қонақ болдым,
Алдымда қызмет қылып аттай желдің.
Қанша көп зияпаттап¹ иқрам бірлән,
Қисапсыз көп малдарды инғам² қылдың.

Қасым ерім, бұл күйге түстің неғып?
Қазынаңды көріп ем таңғажайып.
Сонша мал-мүлкіңнің бәрін тастап,
Жүдеп жүрсіз неліктен қапаланып?»

Сонда Қасым патшаға сырын айтты,
Көргенінің қалдырмай бәрін айтты.
Ханы менен уәзірдің қас болғанын,
У беріп көрге көмген жерін айтты.

Сөйледі Қасым жомарт өткен халді,
Падиша таза тыңдап құлақ салды.
Бастан кешкен сөйледі уақиғасын,
Естіген барша жұрттар қайран қалды.

— Нәсіп қылды хан қызын Құдай маған,
Сол қызбен қасымда бар кемпір анам.

¹ Зияпат /араб/ — сыйлау, меймандостық.

² Инғам /араб/ — садақа, сыйлық.

Бір қыстақта қалған-ды ол екеуі,
Бірін қоймай сөйледім, тақсыр, саған!

Халифа тыңдап тұрды Қасым сөзін,
Отыртты алтын таққа патша өзін.
Халифа айтты: «Болысқан саған Құдай,
Қастық қылған алыпсыз ханның қызын.

Бұйрық жазып, сізді хан болсын деп ем,
Сізді уәли қылудың қамын жеп ем.
Сол себептен өлтірген хан мен уәзір,
Дұшпандығын олардың енді білдім.

Көп жақсылық көрерсіз енді бізден,
Өлгенше разымын, Қасым, сізден.
Сізді өлтірген Басыраның хан, уәзірі
Обалдан қорықпаған, діннен безген.

Ол Қасым кедей еді, байлық тапты,
Үстіне асыл жібек шапан жапты.
Қыз, кемпірді алдырып ол падиша,
Үшеуін сарайға ап кеп құп сыйлапты.

Үшеуіне әр түрлі тон кигізді,
Алуа, шекер, палау мен бал жегізді.
Бақ-шарбаққа Қасымды ертіп келіп,
Түрлі алуан тамаша іс көргізді.

Патша айтты: «Сөзімді есітіңіз,
Келеді асықпасаң дұшпаныңыз.
Сізді өлді дегенде-ақ бұрын ойлап,
Басыраға көп кісі жібердік біз».

Қасым мұны естіп шүкір қылды,
Патшаға қол қусырып тағзым қылды.
Падиша: «Тамашалар көргізем», — деп,
Қасымды бір жақсы үйге алып келді.

Ол үйде көрді қызық алуан-алуан,
Жаюлы тұр өңі алтын бір дастарқан.
Биқисап көп тағам тұр дастарқанда,
Ішіп-жеп тысқа шықты ол бөлмеден.

Зұбайдаға келеді онан шығып,
Көргелі тамашалар таққа отырып.
Қасым менен падиша таққа отырды,
Зұбайда жүгіреді мұны көріп.

Алтын таққа Қасым мен патша отырды,
Жариалардың патшаға бәрі жүрді.

Өзге қыздың бәрінен артық сұлу,
Шарқи¹ оқитын бір ақылды қыз бар еді.

Зүбайда айтты: «Естігін енді, қыздар,
Патша келді сарайға, тұрыңыздар.
Әдеп бірлән тауадұғ² тағзым қылып,
Патшаға жақсы ойын қылыңыздар.

Ішіндегі жырлаған ол сұлу қыз,
Ол қыздың тамашасын есітіңіз.
Сылқ жығылды Қасымды көрген жерде,
Есін білмей жатады болып хошсыз.

Қайран болып тұрады қыздар оған,
Жылады өзге қыздар қылып фаған³.
Зүбайда патшаменен бір-бір басып,
Бір-бір басып келеді қызға таман.

Жығылған қыз көтеріп алды басын,
Оны көріп сылқ түсті Әбілқасым.
Падиша сасқалақтап жетіп келіп,
Өзі сүйеп Қасымның тұрды басын.

Бір уақта Қасым айтты есін жиып:
— Қанша жыл ғашық отымен жүрдім күйіп.
Есіңізде бар ма екен, падишаһым,
Мен айтқан ғашық жарым жаннан сүйік?

Оның мен қасіретіне болғам душар,
Дидарын бір көруге болғам іңкәр.
Дүрдана махбұб жарым анау тұрған,
Жанатып қасіреттігін мәслүб⁴ қарар.

Нілге тастап жіберген екеумізді,
Сау-саламат сақтаған Тәңірім бізді.
Мағшұғымның уасафын⁵ баян қылып,
Көп қайран қылып едім өзіңізді.

Дүрдана халифаға қарсы жүрді,
Падиша: «Келме мұнда, тек тұр! — деді.
Нілден нағып саламат шықтыңыз? — деп,
Халифа Дүрданадан жауап сұрды.

Дүрдана падишаға берді жауап,
Еңкейіп басқан ізін қылды тәуап.

¹ Шарқи /араб/ — шаригат ережелері жинақталған кітап.

² Тауадұғ /араб/ — қарапайымдылық, кішіпейілдік.

³ Фаған /араб/ — зарлау, айғайлау; қасірет шегу.

⁴ Мәслүб /араб/ — тоналған; есі ауысқан.

⁵ Уасаф /араб/ — сипат, түр.

– Жалладтар Нілге атып жібергенде,
Тұншығып аға бердім суды сабап.

Бір уақта суға баттым халім кетіп,
Әбден ішім лық толды суды жұтып.
Тірліктен үмітім үзген шақта,
Тоқтадым бір нәрсеге іліне кетіп.

Ілінгенім қауғасы балықшының,
Айтайын, тақсыр, сізге барлық шыным.
Балық деп ол балықшы тартып алды,
Судан шығып бірқатар талықсыдым.

Ажалсыз адам әр кез өлмейді екен,
Біреудің дұшпандығы болмайды екен.
Тура ажал келмесе Құдіретінен,
Пендесін бір себеппен қорғайды екен.

Біраз жатып бір заман есім кірді,
Ес кірген соң үйіне алып жүрді.
Үйіне алып келген соң ол балықшы:
«Кімсіз?» – деп сонда менен жауап сұрды.

Көп құсып, есім жиып, көзімді аштым,
Сөйледім балықшыға сәргөзәштім¹.
Бастан-аяқ сырымды баян қылдым,
Зәресі кетті онан соң ол байғұстың.

Балықшы қорықты: «Патша өлтірер», – деп,
Мені сатып жіберді жариям деп.
Бағдатқа баратұғын бір құлшыға,
Мені ұстап тұруды көрмеді еп.

Ол құлшы мені сатып алып кетті,
Бағдатқа неше күнде келіп жетті.
Мені мұнда ол құлшы алып келіп,
Сеіда Зүбайдаға каби² етті.

Ажалдан қалдым сөйтіп, шаһым³, – деді,
Көңілімде көп-дүр менің аһым⁴, – деді.
Көрмеген екен бұрын патша мұны,
– Рас екен сұлулығы, Қасым, – деді.

Дүрдананы падиша көрді қарап,
Бәйгі атындай бауырынан тұрған жарап.
Өзге қыздың бәрінен он есе артық,
Еш пендең тең келмейді оған тарап.

¹ Сәргөзәшт /араб/ – оқиға.

² Каби /араб/ – ұсынылған, сыйлық ретінде берілген.

³ Шаһ /парсы/ – патша, хан.

⁴ Аһы – аһ ұру, өкіну.

— Рас екен, — деді патша, — Қасым, сөзің,
Еш мұны көрмегенмін бұрын өзін.
Құлдықтан Дұрдананы азат қылдым,
Патша айтты Зүбайдаға: «Тыңда сөзім!

Бір-бірін бұл екеуі сүйген екен,
Наренің¹ фирақында² күйген екен.
Ғашықты мағшұғына қауыштырсақ,
Біздерге бір сауап болар ма екен?!»

Екеуін қосты сонда неке қиып,
Патша үш күн той қылды жұртын жиып.
Жетеді мұратына екі ғашық,
Жылап жүрген көзінің жасын тыйып.

Қосылды мағшұғына жомарт Қасым,
Патшаның аяғына қойды басын.
Қасым сонда патшаға арыз қылды:
— Мен сізге тапсырдым, — деп қазынасын.

Патша айтты: «Бұл сөзді қылман қабыл,
Өзің тасрафында³ жомарттық қыл.
Қуанышпен кешіріп ғұмырыңды,
Үлкен-кіші өзіңіз рақат көргін».

Қасымға патша бұлай жауап берді,
Халифа құрмет етіп Қасым ерді.
Басыраға жіберген Жағыпар фазыл⁴,
Қасымды ол да келіп көзі көрді.

Ол Жағыпар Басыраға барып келді,
Ханы менен уәзірін алып келді.
«Енді бізді халифа өлтірер» деп,
Жандарынан көңілі қалып келді.

Кілем салды Басыраның хандарына,
Халифа бірге отырды жандарына.
Халифа енді ханды тергей берді,
Машақат қайғы салып халдеріне.

— Мен хат жаздым: «Қасымды хан болсын», — деп.
Хан қылмаған сіздерге бола ма еп?
Менің айтқан әмірімді тыңдамаған,
Не деген іс бұл өзі, не деген кеп?!

— Жазған хатың біздерге, тақсыр, барды,
Ғаріп құлың ол хатты қабыл алды.

¹ Наре /араб/ — от.

² Фирақ /араб/ — айырылысу.

³ Тасраф /араб/ — билеу; өз еркімен, ықтиярымен.

⁴ Фазыл /араб/ — қайырым, шапағат, қайырымдылық.

Жарлығыңды біз қабыл алып едік,
Хан болғанша Қасым ер өліп қалды.

Халифа: «Қасымды алып келші!» — депті,
Шақырғалы Қасымға бір құл кетті.
Сәлем беріп ол Қасым кірген екен,
Бұлардың көргеннен соң есі кетті.

Есі ауып ол ханы жығылыпты,
Қарап отыр ол уәзір тым-ақ мықты.
— Өлді деп тірі адамды, әй, залымдар,
Өлген кісі бұл жерде тірі шықты.

Ұялмай не деп айттың жалған кепті?
Тірі адамды өлді деп айттың, — депті.
Сондай қызық мен саған көрсетейін,
Өлтірмей мен қоймаспын сізді, — депті.

Ұялмай маған айттың жалған сөзді,
Буыңа теңгермедің, сірә, бізді.
Бетіңе күйе жағып, ел кездіріп,
Жүзіқара шерменде қылсам сізді.

У бергендей не қылды Қасым саған?
Не мүшкіл қылып еді, айтшы маған?
Көп азапты екеуің көрсетіпсің,
Қызыңды бұйрық қылды Құдай оған.

Хан айтты: «Бұйрығыңды бұзғаным жоқ,
Орнымды бермек едім, дүние боқ.
Абулфатах азғырды шайтан болып,
Бұл сөзім сізге күмән, Құдайға анық.

Өлтірмек боп у берді уәзір оған,
Өлтіремдеп серт қылды, тақсыр, маған.
«Ісі аққа Құдай жақ» дегендейін,
Қызымды алып келіпті Қасым саған.

Неше жылдай хан болып, ойнап-күлдім,
Өлерімді, ей, тақсыр, енді білдім.
Уәзірдің тіліменен жолдан шығып,
Бұл күні алдыңа кеп пенде болдым».

Патша айтты: «Теріңді тілдірейін,
Иегіңнен істікке ілдірейін.
Өзімнен кейінгіге болсын сәнат,
Өзімнің патшалығым білдірейін.

Бұйырған соң жалладтар ұстап алды,
Аяқ-қолын екеуін байлап салды.

Екеуінің қылғанын жұрт есітіп,
Естіген жұрт һәммасы қайран қалды.

Қасым айтты: «Жаһанға халифасың,
Мен тіледім, бұлардың кеш күнәсін.
Абулфатахты өлтірсең кегім бітер,
Атам болған уәлиді не қыласың?»

Мен тіледім, ей, тақсыр, атамды бер,
Ол өлгенмен еш тоймас бұл қара жер.
Уәзірдің тіліменен азған екен,
Өз көңіліммен ол атам қылмадым дер».

Патша айтты: «Бұл ханның байлауын шеш,
Мұнан былай арамдық қылмасын еш.
Қызын алып Қасымның кегі бітті,
Уәзірді дарға асып, басын кес.

Тәубе қылсын, кешейін күнәсін мен,
Тілімді алса нанайын о басынан.
Уәзірді дарға асып кескілеңіз,
Басын жүдә қылыңыз денесінен».

Сонда хан халифаға қылды құлдық:
— Ей, тақсыр, қадіріңді жаңа білдік.
Қасымға құл қылыңыз, тақсыр шаһым,
Не бұйырсаң ісіңе разы болдық.

— Қасым болсын Басыраға бір үлкен хан,
Тыңдап тұр бұл сөзімді, жиылған жан.
Олай-бұлай Қасымға қас қылғаның,
Тұқымыңмен құрырсың, сөзге илан.

Уәзірді шапқылатып дарға асты,
Дұшпаны өліп Қасымның көңілі тасты.
Уәзірді шапқылатып өлтірген соң,
Қорыққаннан уәлидің түсі қашты.

Халифа айтты: «Қасымжан, рақат жетті,
Рақат жетіп, басыңнан мехнат кетті.
Ханың байғұс өзіңе ата болды,
Атаңды уәзір қылып тұрсаң», — депті.

Ол Қасымға атасы уәзір болды,
Баяғы ауыр дәулет қайта қонды.
Басыраға уәли болды Қасым,
Дұшпанынан кек алып, көңілі толды.

Жаннан қорқып басында елден қашты,
Жаяу жүріп, зар жылап, қарны ашты.

Дүрдана мен хан қызын қабат алып,
Бақ-дәулеттің Құдайым есік ашты.

Мехнаттан құтылып, рақат тапты,
Халифа күтіп тұрды жаман қатты.
Он түйеге әртүрлі қазына артып,
Қасымға мінгізіпті арғымақты.

Амандасып ол Қасым жүріп кетті,
Он күнде Басыраға барып жетті.
Үш күн бұрын еліне хабар беріп:
«Алдымнан тамам жұртым шықсын», — депті.

Алдынан жұрты шықты атты-жаяу,
Хан атасы уәзір боп келді таяу.
Екі жағында келеді екі жұфұты¹,
Көңілінде жоқ Қасымның біттей қаяу.

Жұртыменен ол Қасым амандасты,
Шаттандырды бай-пақыр, кәрі-жасты.
Бастан кешкен сөйледі бар көргенін,
Аяғында барша жұрт көп жыласты.

Ол Қасым Басыраның ханы болды,
Дәулетке бақытпенен бірдей толды.
Пендеге Құдай берсе қиын емес,
Хан атасы өзіне уәзір болды.

Ажалсыз адам әр кез өлмейді екен,
Ажалсызды Құдайым қорғайды екен.
Тура ажал келмесе тағдыр жетіп,
Кісі өлтірем десе де, болмайды екен.

Ол Қасым хан болыпты көп жыл әділ,
Таһир мұның перзенті, мұны да біл.
Сол орнына ер Таһир ие болды,
Олардың рухына бір дұға қыл.

Қасым хан боп биледі тамам елді,
Баяғы қырық қарақшыны алып келді.
Қырқына ат мінгізіп, шапан жауып,
Ол қырқын жақсы сыйлап қоя берді.

Ақыры бұл дүниеден олар да өтті,
Бір-бірлеп кейінгіге нәубет жетті.
Арасында көп жұмыс қабат болып,
Шүкір Алла, бұл Қасым енді бітті.

¹ Жұфұт /парсы/ — жұп, зайып, қосақ, жұбай.

Бірінші мақам

Орындаған: Қуаңбаев Әділхан
 Нотаға түсірген: Тыныбеков Ерасыл

асықпай

2
 3
 4
 5
 6
 7
 8
 10

Екінші мақам

орташа әндете

11

2

13

Қа-сым-ның үйін-де-гі ө-зі көр-ген, Та-ма-ша-лы іс-тер-дің ей -

15

қайыру

Бә - рін көр - ді. жа - уап қа т(ы)еп ей!

10

Үшінші мақам

орташа

Ей! Жо - ға - ры ал - тын әй - нек - тен, Қыз жан-жақ - қа қа - ра - ды.

Нә-зік бе-лі бұ-ра-лып, Ақ-қу-дай мой-ның та-ра-ды. Е-кі кө-зі жал-тыл-дап,

Нар-кес-кен а - сыл қан-жар-дай, І - шім - ді жа-рып ба - ра - ды.

Ақ жү - зі - не қа - рап ем, Көң - ді - ме сал - ды жа - ра - ны.

Төртінші мақам

орташа, қайғымен

Ей! Сол қыз - ға қа - рап тұр - дым қай - ран бо - лып,

Ға - шық - тық дер - ті кет - ті іш - те то - лып.

Мен бе - ті - не қа - да - лып қа - ра - ған соң,

Те - ре - зе - ден кет - т(і)әр - мен қыз тар - ты - лып.
 Па - қы - рың қыз - ды кө - ріп дерт - ті бол - ды,
 Бұ - рын - ғы дерт - тен бұл дерт ар - тық бол - ды.
 Ақ - шам - ға - ша о - ты - рып сол а - ра - да,
 О - тыр - сам да кө - рін - бес уа - қыт бол - ды.
 қайыру
 Ей!





Құлқаныс-Зеберше
Суретші Е. Қожабеков

ҚҰЛҚАНЫС—ЗЕБЕРШЕ

Туындыға арқау болған архаикалық сарындар «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» жырындағы оқиғаларды елестетеді. Екі шығарманың да негізгі өзегі өте көне замандарда қалыптасқан «бел құда болу» сарыны болғанымен, «Құлқаныс—Зеберше» дастанының сюжеттік желісі өзгеше бағытта өрбиді. Біріншіден, оқиға Шығыс елдерінің біріндегі отырықшыл, қалалы жұрттардың аумағында өтеді. Жайсан шаһарының ханы Қауас Құлқаныс сұлуды баласы Төленге қоспақ болып, Зебершені жаманғап Өтеншеге хат жазады. Соның нәтижесінде екі арадағы құдалық бұзылып, қыз әкесі уәдесінен таяды. Бұл — қазақтың эпикалық дәстүрінен сырт үрдіс. Екіншіден, жігіт қалыңдық іздеуге жалғыз шықпайды. Оған ақылды уәзір кедергілерді жеңуге көмектеседі. Дастанның екінші бөлігінде кейіпкерлердің іс-әрекеттері, мінез-құлықтары, айла-тәсілдері, ақылды қалыңдық пен парасатты уәзір бейнелері көркем баяндалады. Солардың арқасында екі жас бас қосып, арман-мұраттарына жетеді.

Еліміздің қолжазбалар қорында дастанды алғаш жырлап, халық арасына таратқан ақын-жыршы Нұралы Нысанбайұлының бірнеше нұсқасы сақталған. Сондай-ақ Белгібай Бектұрғанов, Жақсыбай Жантөбетов, Бегіман Мұратбекұлы, Болат Сафиев, Болат Әлмаханұлы, тағы басқа белгісіз жыршылар жеткізген бірнеше нұсқа жинақталған. Б. Бектұрғанов нұсқасы «Қазақ халық әдебиеті» көптомдығының «Дастандар» құрамында (1990, 1-т.), «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (2004, 3-том) жарық көргі. Дастан жөнінде Ә. Оспанұлы, Ө. Күмісбаев, Б. Әзібаева, А. Қыраубаева, Қ. Маханов секілді ғалымдар зерттеулер жазды. Томды баспаға дайындау барысында оның барлық нұсқалары сараланып, Нұралы ақынның шәкірті, халық ақыны Б. Бектұрғанов нұсқасы таңдалды. Түпнұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған (309-бума).



Бисмилла, сөзді бастадым,
Әр мақұлық ойлар бас қамын.
Қауіп-қатері көп болар
Бір Құдайдан басқаның.
Әзиз қып Алла жаратқан
Әртүрлі жанның бастарын.
Қадірі бірдей жанының
Маса мен тышқан, арыстанның,
Әр мақұлықты көресіз,
Өлімнен білсе қашқанын.
Біреуді алып жасынан,
Біреуді етек астынан,
Біреудің өмірін ұзақ қып,
Асырып жүзден жастарын.
Уақытымен күнді шығарып,
Әлемге нұрын шашқанын.
Шапшытып бұлақ ағызып,
Қақ жарып таудың тастарын,
Қаласа жазды қыс қылып,
Таңғаларлық іс қылып,
Қолынан бұл іс келе ме
Құдайдан жалғыз басқаның!
Қарында жатқан балаға,
Тұрғанда шықпай далаға,
Есебін тауып дем беріп,
Жеткізген ауқат-астарын.
Жауынды бұлттан жауғызып,
Сүт қылып қаннан сауғызып,
Ризығын берген баршаның
Құдіреттің көргін данышпанын,
Қамқоры жалғыз Құдайды
Халқының, жер мен аспанның.
Ұлық аты — бисмилла
Жаратқан жалғыз Патшаның,
Бейбисмилла аузымды
Сол себептен ашпадым.
Жақсылар, егер ұнатсаң,
Көңіл қойып тыңдасаң,
Аз хикая қылайын
«Құлқаныс — Зебер» дастанын.

Құбыл деген шаһарда
Бір падиша бар еді,
Әділ еді артықша,
Өтенше атын дер еді.
Ордалы деген бір шаһар
Апталық бұған жол еді,

Падишасы Әппақша
Әділеті мол еді.
Өтен мен Әппақ бір-бірін
Жанындай жақсы көреді,
Тату өскен тең еді,
Еш перзенті жоқ еді.
Бір перзенттің зарпынан¹
Көңілінде қайғы көп еді,
«Перзент көрер күн болса,
Болайық құда» дер еді.

Жасы елуден асқанда,
Қайғымен жүдеп сасқанда,
Қабыл болып тілегі,
Екеуінің бір жылда
Болыпты жүкті әйелі.
Сүйініп күнін санады,
Тоғыз ай, тоғыз күн өтіп
Әйелдері туады.
Әппақшаның әйелі
Туыпты еркек баланы,
Қырық күн ұдай той беріп,
Зеберше атын қояды.
Әйелінің Өтеннің
Қыз болыпты туғаны,
Өзгеше сұлу жамалы.
Атын қойды Құлқаныс,
Той беріп қырық күн бұл дағы.
Көдектердің күн сайын
Құлпырды гүлдей шырайы.
Әлпештеп өте бағады,
Бір жыл өтіп арадан,
Екі жасқа шығады.
Бір күндері Әппақша
Өтенге жаушы салады
Қызына құда болғалы,
Өтен де мұны ұнады.
Сән-салтанат, сыйлықпен
Құда болды екеуі,
Сертімен айтқан баяғы,
Барша халық біледі.

Жері шалғай жол еді,
Қатынасы кем еді.
Арада неше жыл өтіп,
Еңбектеуден ер жегіп,

¹ Зарпы – қайғы, мұң.

Құлқаныс пен Зебердің
Он үшке жасы келеді.
Сұлу болды артықша,
Тандырып естен көргенді.
Алыстағы жерінің,
Қатынасы болмай елінің,
Құлқаныс, Зебер бір-бірін
Естіп ешбір білмеді.

Жайсан дейтін шаһардың
Падишасы Қауас дер еді,
Бір мақтаншақ неме еді.
Төлен дейтін оның да
Жалғыз ұлы бар еді.
Өтен мен Әппақ патшаның
Естіп жайын біледі.
Бір күні қызды көреді,
Құлқанысқа таңданды,
Байқамай бұрын жүр еді.
«Осы қызды әперіп,
Үйлентсем, — деп, — Төленді»,
Қауас ханның бір күні
Көңіліне қиял келеді.
Әппақшаны жамандап,
«Айнытсам, — деп, — Өтенді»,
Құлқанысқа жаушы ғып
Жіберді Қауас біреуді.
Сөзге шешен неме еді,
Өтеншеге Қауастың
Сонда жазған сәлемі:

«Өтенше, аман жүрмісің,
Жайлы ма, қалай тұрмысың?
Саулығыңа Құдайдан
Тілеймін тілек сіз үшін.
Һарон Рашид патшадай,
Әділ ердің бірісің.
Сырттан тату болсақ та,
Түспеп еді жұмысым.
Қайт қылмас деп ойлаймын,
Түсіп тұр сізге бір ісім.
Қымбатты патша Өтенім,
Қадіріңе жетемін!
Шырағы дейді перзентті
Әке менен шешенің.
Бағасына жетпейді
Татпаған дәмін шекердің.

Бастамай тұрып әр істі,
Ойлаған жақсы не екенін.
Жазым қылар ақыры,
Алмасаң алдын жөтелдің.
Зерек ерлер табады
Әр істің ойлап есебін.
Әппақшаның ұлына
Қызыңның білдім кетерін.
Ақылдың диқан кені едің,
Білетін парқын нешенің.
Қылмақшы күйеу болыпсың
Әппақшаның тентегін.
Ойлағын, оған қыз берсең,
Жылаумен күні өтерін.

Жаным ашып айтамын,
Деп ойлама әзілі.
«Жарамас аңға, — деуші еді,
Жетектеп жүрген тазыны».
Әппақтың ұлы нақұрыс,
Жаман еді тәрізі.
Ұлдан зият қызың бар,
Өтеннің дейтін жалғызы,
Бір жаманға таңатын
Бар еді қандай жазығы?!
Кедейлерше үнемсіз
Таусылып тұрған азығы,
Қыз бермесең болмайтын
Бар ма еді сізде қарызы.
Зебершеге баруға
Қызың да өте наразы.
Ұялғаннан әрең жүр,
Айта алмай сізге арызды.
Көре тұра жылатсаң,
Қыздың да ұрар жазыры¹.

Ойлағын өзің пайымдап,
Мақсатым емес айырмақ.
Әппақша жегжат болмайды,
Қойғанмен сізге шайырлап.
Атасы да ұры еді,
Қай істен өзі тайынбақ!
Өзің біл бірақ, Өтенім,
Сүймеуші ем өзін жайында-ақ.

Туысқаннан артықша
Көруші ем жақсы өзіңді.

¹ Жазыр — наза.

Болуға құда ынтық боп,
Өссін деп жүр ем қызыңды.
Қызыңа Төлен лайық
Ақылмен ойла сезімді,
Жібердім жаушы, жаманға
Килігіп қалған кезінде.
Зеберді қызың қаламай,
Жүргені жылап сезілді.
Ұялып бірақ айтпайды,
Қыла алмай төмен жүзінді.
Әділетті патша едің,
Жайылған атың бүгінде.
Теңіне бермей қызыңды,
Жылатқаның өлім-ді!
Төлен мен қызың бір-бірін
Сүйетұғын көрінді.
Құдалықтың кәдесін
Істелік жылдам тезінде.
Жаушымнан барған хабар бер,
Жөн көрсең осы сөзімді».

Қағазын алып Қауастың
Елшісі жүріп кетеді,
Өтеншенің еліне
Аман-есен жетеді.
Сәлемін беріп Қауастың
Мән-жайын баян етеді.
Өтенше бұған нанады,
Жаушыны күтіп алады.
«Болайын құда, мақұл», – деп,
Қауасқа қағаз жазады,
«Өтірік патша айтпас», – деп,
Қызына ақыл салмады.
Тездеп жүріп жаушысы
Еліне қайтып барады.
Өтеншенің қағазын
Қауасқа келіп береді.
Тоғыз үйір жылқымен,
Таралғы-тарту мүлкімен,
Тамаша ойын-күлкімен,
Көшкендей елі-жұртымен
Іздеп келіп Қауас хан,
Өтенге құда болады.
Екі құда сүйісіп,
Біріне-бірі ұнады.
Тұлпар мен зерден киіг қып,

Мәртебесін биік қып,
Ізетін жұрттан асырып,
Қайтарды Өтен құданы.
Білсе де Әппақ есітіп,
Болмады дұшпан өшігіп,
Зеберге де, елге де
Білдірмеді бұларды.
«Аман болса Зебершем,
Алар, — деп, — ақыр біреуді», —
Көңіліне қастық алмады.
Құлқаныстың сол кезде
Он төртке жасы шығады.
Ашылған гүлдей жайнаған,
Көргеннің ауды құмары.
Оймақ ауыз, күлім көз,
Нәзік белді, шырын сөз,
Пісте мұрын, қалам қас,
Ақ тамақ балғын, сүмбіл шаш,
Тотықұстай сыланған,
Қылығына жан тоймас.
Әйелде ондай сұлу жоқ
Естіген жерде шамалы.
Ақыл, өнер, есіне
Көрген жан қайран қалады.
Іштегісін адамның
Айттырмай оймен табады.

Сол уақытта Құлқаныс
Он төртінші айдай толады,
Дәулетімен атаның
Көңілінде қаяу болмады.
Зеберді бұрын естіген,
Естіді және Төленді,
Зебер менен Төленнің
Білдірмей жайын сұрады.
Бәрін де білді анықтап,
Астыртын жұмсап адамды,
Қарсы болды Төленге,
Зеберше өте ұнады.
Қырық қызға тегіс бұйырып,
Еркек порма¹ киініп,
Тұлпардан таңдап ат мініп,
Жол жабдығын шақ қылып,
Зебершені көруге
Бір күні аңға шығады.

¹ Порма /орыс/ — түр, қалып.

Құлқаныс ертіп нөкерін,
 Зебердің кетті еліне.
 Келіп жетті Әппақтың
 Киікті деген көліне.
 Зебершедей шаһзаттың¹
 Аң аулап шығар жеріне,
 Шығатын аңға Зебердің
 Келген екен кезінде.

«Жолықсам, — деп, — Зеберге,
 Аң аулап жүрген жерінде»,
 Қарауылдап көл жақты
 Алыстан қыздар жүр еді.
 Бір уәзірін Әппақтың
 Атын Кәміл дер еді.
 Патшадан артық ақылы,
 Парасатты ер еді.
 Ойға жетік, сөзге ұста,
 Әр өнері көп еді.
 Аң аулауға ұқыпты,
 Қолынан әр іс келеді.
 Аңға шықса Зеберше,
 Басшы ғып соған ереді.
 Қырық нөкері қасында,
 Өңкей тұлпар астында,
 Басшы қылып Кәмілді,
 Зеберше аңға кеп еді.

Алыстан келген бұларды
 Қыздардың көзі көреді.
 Зебершені Құлқаныс
 Ақылмен танып біледі.
 Бәрі де қыз боп киініп,
 Пормасына енеді.
 Жақындап келіп оларға,
 Иіліп сәлем береді.
 Құлқаныстың Зеберге
 Сондағы айтқан өлеңі:

— Шаһзада, жүрсіз бе аман, сәлем бердік,
 Естуші ек атағыңды, бүгін көрдік.
 «Түңілме түсі игіден» дегендей-ақ,
 Шаттандық бір қуаныш көңілге еніп.

Зәрурат² бір жұмыспен келіп едік,
 Сізге бір қайту үшін белгі беріп.

¹ Шаһзат /парсы/ — шаһзада, шаһизат.

² Зәрурат /араб/ — қиын жағдай.

Түнеріп тілсіз жандай жүрген жөн бе,
Тұрғанда дәурен баста, қолда ерік!

Қызығы дүниенің бар ма, сірә,
Тең тауып қосылғаннан өмір серік.
Сыртыңнан атағыңды естуші едік,
Әрдайым жүрмесек те бұрын көріп.

Өтенше – атам аты, шаһарым – Құбыл,
Болғалы атам патша бірнеше жыл.
Құлқаныс – өзім атым, атамызда
Болмапты менен басқа қыз бенен ұл.
Не пайда хан мен патша болғанменен,
Көңілге қаяу түсіп, шалынса кір.
Ілгергі жас кездегі болған істен
Бір нәрсе құлағыма шалынып жүр.
«Періште әуелгі істі бастар» деген,
Келіп ем алдыңыздан өтуге бір,
Бұл жерде сөйлесудің реті жоқ,
Арада бар болса да бір терең сыр.
Мәрт адам сүйгені үшін отқа түсер,
Сөзімде қате болса кешірім қыл.
Дүниеде жақсы да көп, жаман да көп,
Не демес көз көргенше бұл қызыл тіл.
«Тістіге шайнап берген ас болмайды»,
Шаһзада, ендігісін өзіңіз біл.

Ғашықтық бар мен жоққа қарата ма,
Білінбей саналы адам тек жата ма!
Арғымақ қашан болса бір қалыпта,
Семірсе жабы жанды жолата ма?
Сайрайды бұлбұл құс та гүлге қонып,
Сасыр мен тікенекке тіл қата ма?
Қырымнан қанат қағып қыран шабар,
Жапалақ жардан шықпас бұратала.
Түсінер есті кісі ишаратқа,
Жөн сөзді жаман адам жарата ма!
Жақсының жалғыз сөзі дертке дауа,
Жаманмен жолдас болып таң атар ма?!

Осыны айтып Құлқаныс,
Атының басын тартады.
«Қайыр, қош», — деп айтады,
Бөлініп кейін қайтады.
Бұл сөзді Зебер байқады,
Кәмілге Зебер сөйлейді:
— Осы қыздың мәнісін
Білесіз, көке, сіз, — дейді.

Әлгі айтқан сөзінің
Мәнісін айтып бер, — дейді.

Кәміл айтты: «Қарағым,
Қатардан артық талабың,
Ғашық боп іздеп келгені,
Көрсеткелі жамалын.
Соңына сені ертпекші,
Байқадым қыздың амалын.
Балауса өскен манабым,
Алды-артыңа қарағын.
Сол қыздың айтқан сөзінен
Қалмады сабыр-қарарың,
Бейтәртіп болар осындай
Қыздары Дәшті даланың,
Өнері қыздың көп еді,
Шынымен айтқан жоқ еді.
Аңғырттар сөзге ереді,
Айтқанды рас көреді.
Тәртібінің жоқтығы —
Өзінің іздеп келмегі».

Кәмілдің айтқан бұл сөзін
Зеберше ауыр көреді.
Қамшы ұрып атқа жөнелді,
Қыздарға жақын келеді.
Құлқанысқа жақындап
Сондағы айтқан өлеңі:

— Екі ғашық бірін-бірі сұрайтұғын,
Болса да қандай жұмыс ұнайтұғын.
Бір ауыз жүрегіме от тастадың,
Қалмады сабыр-тағат шыдайтұғын.

Құлқаныс, арызым бар, тоқтағын тез,
Кәмілге бір-екі ауыз сөйлеңіз сөз.
Сөйлесіп, ақылдасып ажыралық,
Қаңбақтай жел аударған келгенде кез.
Арбамен асықпаған қоян алар,
Не демес ауыз батыр, көргенше көз.

Киініп өңкей порма топтанған қыз,
Күміске, алтынменен шоқтанған қыз.
Сырыңның бастан-аяқ мәнісін айт,
Көңілге келеді деп ап қалмаңыз.

Қашық жер шаһар Құбыл оқпаңдыңыз,
Пікірмен қандай жедел аттаңдыңыз?
Сөзіңді әлгі айтқан анықтап айт,

Ауызға [келген] сөзді қайтармаңыз.
Қылмайды ақты қара Жаппар Кәрім,
Бірақ та жалған айтып мақтанбаңыз.

Не жайлы сонша жерден сапар шегіп,
Жұмысқа қайсы түрлі қайттың келіп?
Жұмысың менде болса сұрап қалғын,
Кетейін керек болсам соңыңа еріп.
Әуелі ғашық болып іздеп келсең,
Ақыры не себептен қайттың жеріп!
Сұрайтын өзіңізден сұрауым сол,
Көңілдің пәрін ашқын жауап беріп.

Зеберше солай деп еді,
Сөйледі сонда Құлқаныс:
— Сөзімде жоқ-ты бұлтарыс,
Мұратқа жанды жеткізер
Сабырменен қылған іс.
Сабыр қылмай асығып,
Біткенге қайрат тасынып,
Сындырған екен аяғын,
Айға шауып жолбарыс.
Бір зәрурат ісім бар,
Болмаймын бекер құр таныс.
Мақсатты кейін шешерміз,
Жас болсақ толып өсерміз,
Болайық әзір бір таныс.
Жақсылықтың белгісі —
Сөзінің айтқан жөндісі.
Тұлпар да түбін табады,
Иесі күдер үзбесе.
Бейхабар мейлің жата бер,
Сіз үшін біреу издесе.
Әкеңнің қылғын өрнегін,
Сөзімді айып көрмегін,
Танысқалы сіздермен
Қиял етіп келгенім.
Тұрайын мұнда несіне,
Алмасаң өзің есіңе.
Жақсыларға қарыз деп,
Издедім бірақ кешіге,
Болатұғын жұмыстың
Ертесі не, кеші не?!
Жүгіргенмен болмайды,
Қылмаса Құдай несібе.

Құлқаныс солай деп еді,
Жақындап Зебер келеді.

Танысудың алды деп,
 Қолының ұшын береді.
 Дидарласып екі ғашық,
 Бірін-бірі көреді.
 «Жүрейік, қайыр, мырза, — деп,
 Қош боп тұр енді ырза», — деп,
 Сөйлесе алмай күрделі,
 Енді қыздар жөнеді.
 Зеберге қайта бұрылып,
 Құлқаныс сонда сөйлейді:
 — Издеген адам табады,
 Шыққанды қуса дерегі.
 Бейнетсіз қайда рақат?
 Көп сөздің не, — деп, — керегі?
 Шетке шығып Қаныстың
 Зеберге айтқан өлеңі:

— Басқаның бәрі жұп-ай, Құдай сыңар,
 Ақылмен ойлағанға солай шығар.
 Атамыз әзірет Адам салған жолы —
 Әр уақыт еркек іздеп әйелді алар.
 Кемесіз дарияны кешкенменен,
 Жаманға өнерлі деп болма құмар.
 Азаптан ат жақсысы ап қалады,
 Кісіні ат жаманы жарға жығар.
 Баққанмен тәрбиелеп ат бола ма,
 Есекке тағып қойып алтын тұмар.

Талпынып нұсқа көрер кезген адам,
 Табады деректіні сезген адам.
 Түбінде дарияның гауһар шам бар,
 Жанынан оны да алар безген адам.

Сөзімде осы айтқан жалған бар ма?
 Бейнетсіз рақатты алған бар ма?!
 Түсінер есті кісі ишаратқа,
 Сезбейді қанша айтсаң да надандарға!
 Патшаның қыдырғанмен қазынасын,
 Керегін ессіз кісі таба алар ма?
 Соңына лашын құстың түскенменен,
 Жемтігін қара қарға ала алар ма?
 Алыстан дәме қылып жүрген түлкі
 Шерінің жемтігіне бара алар ма?
 Көңілде қаяу болса хан болғанмен,
 Мұратқа жеткен болып саналар ма?!
 Бермейді жыламаса анасы емшек
 Қарны ашқан құндақтағы балаға да.

Айырылған төл атынан ерге намыс,
Болмайды бит шыққандай жамандарға.

Дүниенің қызығының бір белгісі,
Білмейді өз пайдасын жаман кісі.
Жол тауып жаман адам ала алмайды,
Біреуге зап-зайыр боп кетсе ақысы.

Әр уақта бейқам ұйқы, арсыз тамақ,
Жаманның бар өнері болар сол-ақ!
Сырыңды түсіне алмай көпке жаяр,
Сөйлесіп бір-екі ауыз кетсең жолап.

Түсінген дұрыс сөзді жала дей ме,
Асығып ер тамағын шала жей ме?
«Жабының жалы бар деп жауға мінбес»,
Қоғаны тоғайдағы пана дей ме?
Ақылды өзі ойлар мінә сарын,
Жамандар үлгі сөзді сана дей ме?

Көреді оғын қымбат жаман мерген,
Алдына аңды ата алмас қарсы келген.
Жаманға оттың басы үш айлық жол,
Табады Меккені де іздей берген.

Зәрурат бір жұмыспен шығып едім,
Ерігіп жүргенім жоқ құрып серуен.
Күндерше бұта түбі сөйлеспеймін
Құлменен кездескендей тезек терген.
Ордама іздеп бар да, сонда сөйлес,
Шынымен шаһзат болсаң үлгі көрген.

Осыны айтып Құлқаныс:
«Қайыр, қош!» – деп жөнеді.
Қапа болып Зеберше
Нөкеріне келеді.
Тағат қылып тұра алмай,
Келе сөйлей береді:

– Айтқан тілді алмаса,
Нөкерді ертіп не керек!
Сілтеген аңды алмаса,
Тұйғынды салып не керек?!
Жабыдан озып шықпаса,
Арғымақ мініп не керек!
Болғанда жігіт желігіп,
Қыз сөзінен жеңіліп,
Көңілге қаяу түсіріп,
Тірі боп жүру не керек!

Қыз сөзі кетті қыздырып,
Дүниеден үміт үздіріп.
Қырық жігіт, қалай көресің,
Іздесек соны біз жүріп?!

Қиын-қыстау тар жерде
Көрсетер ерлер өнерін.
Тағдырда жазған жұмыстың
Көрмейді пенде нелерін!
Ойда жоқ жерде кез қылып,
Таңғаларлық сөз қылып,
Түс көргендей қып қойды,
Құдіреттің көргін шеберін!
Болсам да жалғыз кетемін,
Барасың қайда демегін,
Құлқанысты іздеймін
Естіген бүгін дерегін.

Атасы дұшпан болса да,
Сөйлесіп қызбен көремін.
Таусылған болса несібем,
Жатсам да үйде өлемін!
Күтпеймін жаннан жақсылық,
Құдайға жалғыз сенемін.

Адамға қиын жалғыздық,
Өзіне лайық Егенің.
Жолдас қылсам деп едім,
Тимесе де көмегің.
Не болса [да] ашып айт,
Қалады көңілі демегін!
Қинамаймын ешкімді,
Болмаса өзім жөнейін!

Зебер солай деп еді,
Ешбірі пәлен демеді.
Жалғыздық түсіп Зебердің
Көңіліне әр ой келеді.
Кететін болды бір өзі,
Әппақтың жалғыз көдегі.
Сүйеу болған туысқан,
Аға-інісі жоқ еді.
Нөкерімен қоштасып,
Сондағы айтқан өлеңі:

— Аман бол көргенімше, іні-аға,
Сіздерді дос көруші ем ішінара.
Күн жақсы көріскенше, құрбыларым,

Сақтасын панасында Алла Тағала.
Достықтың ешкім жетпес қадіріне,
Іс болды опасыздай, әттегене!

Бастасаң егер бірің ерер едім,
Болса да қандай іске көнер едім.
Себептен жолдас болған жастайымнан,
Жолыңда басымды да берер едім.
Көрмесем ата-анама қиын болды,
Ерке өскен жалғыз ғана көдегі едім.
Сұранып осыншама өтінсем де,
Ешбірің пәлен-түген демегенің,
Соғыссам әскер жиып Өтеншемен,
Жазықсыз көптің қанын төгер едім.
Сауапты обал менен білу керек,
Қылмаймын арсыз ісін өлерменнің.
Өмірі әрбір жанның өзіміздей,
Деп жүрмін: «Мен де үміт қып көгерермін».
Жазықсыз бекер төксем көптің қанын,
Пендемін мен де ақыры не көремін.
Айтып ем зорлық емес, жолдастықпен,
Құрбылар, үлкен аға, елемедің!
Артынан Құлқаныстың көп кешікпей,
Дұрысы енді менің жөнелмегім.

Ешкімге айтпаңыздар кеткенімді,
Көремін аман келсем беттеріңді.
Атамның көңілін ашып қызметін қып,
Басқаға аудармаңдар ниеттеріңді.

Балаңның шығып кетіп қолдан құсы,
Сұраса, қудықдеңдербарлық кісі.
Болған соң аты жүйрік кетті озып,
Біз қалдық көріне алмай бір белгісі.
Үш күндей көп іздедік, дерегі жоқ,
Лажсыз келгеніміз деңдер, осы!»

Ай күтер атам мені, апта күтер,
Жар салып барлық жаққа хабар етер.
Оңдаса барған жерден Құдай істі,
Менің де қайтып келер уақытым жетер.
Алдына аман-есен келсем қайтып,
Күнәмнің бейәдептік бәрін де өтер.
Осындай амалменен бармасаңдар,
Падишадан бәріңе де зиян жетер.

Осыны айтып Зеберше,
Мықтап тартып тартпасын,

Тәуекел деп Құдайға,
Сапарға бұрды ат басын.
Бір ердің жалғыз көдегі,
Патша Құдай сақтасын!

Ғашық болды Зеберше,
Құлқанысқа қайғырып.
Барсам деп қызға ертерек,
Бөлінді топтан айырылып.
Дұшпаннан зиян жетер деп,
Қайтпады серттен қаймығып.
Қия алмай қатар құрбысын,
Тоқтады және жай жүріп.
Тағы да айтқан өлеңі,
Артына қарап қайырылып:

— Сіздерден білдім жалғыз кетерімді-ай,
Сау болсам Құлқанысқа жетерімді-ай!
Болып ек жастан жолдас, ажырастық,
Тұз-дәмді патша Құдай көтеріп-ай!
Үлкенді аға, кішіңді іні деуші ем,
Дариға-ай, бүгін білдім бөтеніңді-ай!
Бір туған бауыр болса өстер ме еді,
Ұрысып кектескенмен неше бір-ай!

Қуанар әркім жолдас табылғанда,
Жолдас табар ердің ері жаңылғанда.
Сөзімді бірің қабыл етпедіңдер,
Сіздерге жазып едім не қылғанда?!
Кешіңдер жақсы-жаман қатем болса,
Кетпесін арман іште сағынғанда!

Осыны айтып Зеберше,
Атына қамшы басады.
Артынан ешкім ермеді,
Бір кезеңнен асады.
Зеберді кетпес деп еді,
Енді Кәміл сасады.
Нөкерлерін жиып ап,
Тез мәслихат жасады.
Ақыл айтып оларға,
Былай деп сөзді бастады:
— Жалғыз кетгі жас бала,
Қайтпайтынға ұқсады.
Зеберге мен ерейін,
Салғанын Хақтың көрейін.
Шаһзададан айырылып,
Патшаға барып не дейін?

Бәрімізге әбүйір
Болар еді өте бір,
Сол қызды алып Зеберше,
Үстем қылса мерейін.
Қырық жігіт, маған рұқсат бер,
Соңынан мен де жетейін!
Тілектес болып тұрыңдар,
Ермедің сендер демейін.

Естеріңнен шығармай,
Сақтаңдар бірақ сөзімді.
Ауызыңа бәрің ие боп,
Ұстандар бекем өзіңді.
Мұны білсе падиша,
Сағынған бізді кезінде,
Ермепсің деп соңынан,
Бәріңнің ояр көзіңді.
Патша Құдай сақтаса,
Келерміз үш ай кезінде,
Сақтықпен істе ісіңді,
Қылмандар төмен түсіңді.
Сейіл қып жүр дегейсің,
Білмесін патша бұл сырды.
Әскер жиып аттанып,
Жердің жүзін ақтарып,
Қаһарланса падиша,
Көрсетер елге қысымды.
Ауызыңа ие бол,
Өлерсің найза ұшында.
Осылай Кәміл деп еді,
«Мақұл», — деді нөкері.
— Сізден хабар болғанша,
Басқаға айтып нетеді!
Қол алысып қоштасып,
Шаһарға бұлар кетеді.

Кәлендерлік¹ киімнен
Артына Кәміл бөктерді.
Бір тұлпарды жетелеп,
Зеберге қуып жетеді.
Қасына жақын келеді,
Келе сөйлей береді:
— Бұйрық берсең, біз түгіл,
Соңыңнан жұртың ереді.
Қысылған жерде жігіттің
Бір Құдай болсын көмегі!

¹ Кәлендер /парсы/ — дәруіш, диуана.

Ел-жұртың мен атаңның
Күш-қуаты сен еді.
Алдына барып атаңның,
Алғаның рұқсат жөн еді.
Бір өзі түзден кетпесдеп,
Ермегенім сол еді.
Не де болса өзің біл,
Ақылың терең мол еді.
Талап қылдың бір іске,
Тәуекел, енді жөнелі!

Сіздерменен қосылып,
Үш атаға келіп ем.
Жастайымнан патшаға
Ар-намысқа серік ем!
Ұмытайын қандай ғып,
Көп жақсылық көріп ем.
Патшаны қайтіп көрейін,
Жіберіп жалғыз сені мен!
Бұл күнде атаң жау еді
Өтеншенің елімен.

Әуелде атаң құда боп,
Сол қызды саған теліген.
Қауаспен де өштестік,
Таласқан қызға жөнінен.
Зерек екен Құлқаныс
Қатар-құрбы, теңінен.
Көруге сені келгені,
Күдерін үзбей өзіңнен.

Осылай еді баяны,
Ол қыздың келген сияғы.
Бұрын айтпай жүр едім,
Көңілге осы аяны.
Ишаратпен айтпаса,
Қыз сырын қайтіп жаяды?
«Байқасам, — деген, — сырласып»,
Сол шығар қыздың қиялы.
Әдейі іздеп келгені
Даңқымен ата баяғы.

Тәуекел, енді жөнейік,
Бір Құдайдан тілелік!
Еш адамға білдірмей,
Қыздың сырын білелік,
Өзіміз жатып аулақта,
Астыртын адам жіберіп.

Осылай деп екеуі,
 Атының басын төгеді.
 Ынтызары – Құлқаныс,
 Күн-түн қатып жөнеді.
 Аспанменен таласқан
 Неше күдер бел еді,
 Бірнеше күн жол жүріп,
 Көп бейнетті көреді.
 Шаһар Құбыл қалаға
 Бір күн жақын келеді.
 Осы Кәміл уәзір
 Ақылдың диқан кені еді.
 «Шырағым Зебер, тыңда», – деп,
 Сондағы айтқан өлеңі:

– Зебержан, сабыр қылып ақыл ойла,
 Ел қалды қанша жерде, келдік қайда?
 Иншалла, нәсіп болса, жолығармыз
 Құлқаныс Өтен қызы осы жайда.
 Әбүйір берсе Құдай, түсер қолға,
 Жем болған бөденедей тұрымтайға.
 Амалмен артын ойлап іс қылмасақ,
 Жанашыр бізге адам жоқ бұл маңайда.

Ел кезіп, бір қыз үшін пенде болдық,
 Жан едік шалқып жүрген кең сарайда.
 Бір үйге саудагер боп біздер түсіп,
 Қылалық тәуекелді бір Құдайға.

Сонда Зебердің айтқаны:

– Қамқорым, сүйенішім, жаным аға,
 Қош көрдім айтқаныңды сенің, аға.
 Бұл жерде не қылсаң да ерік өзінде,
 Ерікті сізге бердім сеніп, аға.
 Жүргенде арып-ашып біз ғаріпті
 Бастағай оң жолына Алла Тағала!
 Қанысты тым болмаса бір көрсетші,
 Көңілім осы күнде бітеу жара.
 Осынша жау ішінде келдік қаңғып,
 Болғай да біз ғаріпке Құдай пана!
 Әрқалай сізде ерік, бізде сөз жоқ,
 Ерікті сізге бердім сеніп, аға!

Осы сөзді айтысып,
 Шаһарға бұлар келеді,
 Бұрын келіп көрмеген,
 Бір шетіне енеді.
 Сол уақта Зебердің

Дүрсілдеп кетті жүрегі,
 Шаһардың халқы көп еді,
 Күнде базар жер еді.
 Әкелген аты сатылып,
 Дайындалды керегі.
 Бір үйге кешке келеді,
 «Сөйлес!» деп дауыс береді.
 Бір кемпір шықты далаға,
 Аз күтіп сабыр қып еді.
 – Түсіңдер, – деді, – шырағым.
 – Қонақпыз, шеше! – деп еді.

Сөздерін кемпір ұғады,
 Мейман қылды бұларды.
 – Жүрсіңдер қайдан, балам? – деп,
 Мәні-жайын сұрады.
 – Келдік, – деп, – Әппақ елінен,
 Саудагерлік жөнімен.
 Осылай деп жай ғана
 Сонда Кәміл жай бәзір¹
 Кемпірге баян қылады.
 Еркін жатып демалып,
 Сахармен ерте тұрады.

Кәміл айтты: «Жан шеше-ау,
 Бір сұрауым бар, шеше!
 Құлқаныс қыздың ордасы
 Қайсы шенде болады?»
 Кемпір айтты: «Шырағым,
 Не үшін оны сұрадың?
 Қандай ісің бар еді,
 Ордасы жақын шамалы».

Кәміл айтты: «Жан шеше!
 Сөзіме құлақ сал, шеше.
 Бір әжетті шығарып,
 Құлқанысқа бар, шеше!
 Алты тіллә берейін,
 Оны өзің ал, шеше.
 Көп кешігіп жүрмеңіз,
 Жауабын алып қайтып кел.
 Әрқилы асыл бұйым бар,
 Аламын десе айтып кел.
 Әппақшаның елінен
 Келді де екі саудагер.
 Ерттеп жатыр аттарын,
 Асығыс деп хабар бер.

¹ Бәзір – жағдай.

Сонда кемпір қуанды,
Алты тіллә пұл алды.
Ордаға қарай жөнелді,
Қалдырып үйде бұларды.
Жүгіре басып жөнелді,
Ордаға жетіп келеді.
Анадайдан кемпірді
Қыздардың көзі көреді.
Кемпірге қыздар қарады,
Жауапқа алды маманы.
Қалжыңдап қыздар күледі:
– Құлпыруын қара! – деп,
Көргендей жортпаш баланы.

Кемпір айтты: «Қыздарым,
Ендіктім шаршап шамалы.
Саудагердің сәлемін
Келіп ем баяндағалы.
Әкелген екен саудагер
Торғын мен мақпал, алтын зер,
Сұрап едім, нәсілі –
Әппақшаның адамы.
Қамқа мен зер – кигені,
Алтыннан қару-жарағы,
Тазадан өңкей киімі,
Патша мен ханның қалауы,
Сымбалдап¹ атқа артқаны
Өңкей қымбат бағалы.
Бөлекше жұрттан түрлері,
Көрмедім ондай пендені.
«Саудасы бар ма қыздардың,
Хабар бергін» деп еді.
Патша мен бектер болмаса,
Басқаның әлі келмейді.
Өмірімше көрмеп ем,
Көрнекті екен түрлері.
Алтын мен жақұт, асыл тек,
Дүрі, гауһар, меруерт,
Сипаттау қиын сөзбенен,
«Өзің барып көр, – деді.
Жылдам бар – деді, – кешікпей»,
Жүргелі атын ерледі.
Асығып жылдам барсын деп,
Тағы да кемпір сөйледі:
– Гауһар шамнан орнатқан

1 Сымбал – тығызданған жүк.

Алтын мен күміс білезік.
Лағыл-жақұт көздері
Сақина мен көп жүзік.
Бағасы да арзан,
Тұрған жоқ сарттай сіресіп.
Керегіңді, Құлқаныс,
Алып қал сатып үлесіп.
Тез асығып бармасаң,
Менсінбей затын жүргенсіп,
Кетеді жүріп саудагер,
Бармасаң маған ілесіп.

Осылай кемпір деп еді,
Құлқаныс пәлен демеді.
Сиясатпен¹ бұйырып,
Нөкеріне сөйледі:
— Намыс болды кемпірдің
Үстімді басып келгені.
Жамандардың осындай
Болдық па, қыздар, ермегі?
Дарбазаның аузына
Бекітіп, байлап кел, — деді,
Таң атқанша босатпа,
Өлігін өлсе көм, — деді,
Қоя берсек зиянсыз,
Күлкі қылар ел, — деді.

Бұйрықты қыздар ұғады,
Орнынан бәрі тұрады.
Ерігіп тұрған қырық қыз
Кемпірді тұра қуады.
Қыздар қуды жүгіріп,
Жөнелді кемпір түрініп,
Есі-түсі қалмады,
Жанынан кемпір түңіліп.
Түсіп кетті дамбалы,
Әбүйірі көрініп.
Киюге қайта шама жоқ,
Құлады кемпір сүрініп.
Есінен кемпір танған соң,
Тоңқайып ... қалған соң,
Баруға қыздар ұялып,
Тоқтады кейін шегініп.
Кейігенсіп Құлқаныс,
Шошыды жаны түршігіп.
Тыпырлап құлап жатқанда,

¹ Сиясат — қулық, өнер.

Көйлек те кетті жыртылып,
Шегініп қыздар қалғанда,
Жөнелді кемпір ыршынып.

«Ал, ұста!» — деп қырық қыз,
Тағы да түсті соңына.
Сасқаннан кемпір көйлегін
Жұлып алды қолына,
Әбүйірін басуға
Пана қылды оны да.
Таңданды қыздар кемпірдің
Ұятының жоғына,
Шапақтап кетіп барады
Қолымен екі қоңына.
Ұялғаннан қырық қыз
Қуғанды қойды соңында.

Қашып шықты сытылып,
Қала жаздап тұтылып.
Қатты қуды кемпірді,
Еріккен қыздар құтырып.
Әрең жетті үйіне,
Ентігіп зорға жұтынып.
Киімін әлі киген жоқ,
Алғандай біреу сыпырып.
Есі шығып кетіпті,
Қарайып өңі түтігіп.
Әрең жетті үйіне,
Өліп-талып құтылып,
Аузынан көбік шашылып,
Әбүйірі ашылып.
— Жаман екен қу қыздар,
Қорлады, — деді, — басынып.

Зебер мен айтты Кәмілге:
— Барып келдім қыздарға,
Көкпар бола жаздадым,
Құтырған өңкей қу қарға!
Мас болған өңкей шұнақ қар,
Айтқанымды тыңдар ма!
Айтып едім, ұмтылды.
«Саудагерің қайда?» деп,
Бұйрық берді Құлқаныс:
— Қарамандар жайға, — деп,
Дарбазаның аузына
Ұрып-соғып байла, — деп.
Байлаулы жатсын түнімен,
Сырыңды халыққа жайма деп.

Таң атқан соң кемпірді
Ордаға қарай айда, — деп.

Тұра қашып замғадым,
Түршікті қорқып жандарым.
Дос адамнан біреу жоқ,
Қарасам, дұшпан жан-жағым.
Пәрменімше жүгіріп,
Түсіп кетті дамбалым.
Келмеді шамам жиюға,
Өлдім ғой деп ойладым.
Аяғыма оралып,
Етпетімнен құладым.
Ары-бері тырмысып,
Тұрайын деп қамдандым.
Домалап жүріп байқадым
Көйлектің боршаланғанын,
Ауыр көрдім денемде
Көйлектің де салмағын.
Жеңілденіп қашуға
Оны да қолға алғаным.
Киімі құрысын, құдайы,
Айтсаңшы жанның қалғанын!

Мас болған өңшең шұнақ қар,
Әй-шайыңа қарамас.
Қыздардың түссем қолына,
Айырып ешкім ала алмас!
Тәтті екен қу жан бәрінен,
Құтылдым қашып жалаңаш!
Жан қысылған кезінде
Ойыма түсті әрнеме.
Өліп қала жаздадым,
Екінші оған бар деме.
Бір мүсәпір кісімін,
Қыздарға мені теңеме!
Оларды алма аузыңа,
Барайын айтсаң өңгеңе.

Кемпірдің сөзін есітіп,
Зеберше қатты тарықты.
Айласын қыздың есітіп,
Қуанып Кәміл қалыпты.
«Бүгінше мейман болсақ» деп,
Кемпірге қолқа салыпты.

Кемпір айтты: «Шырағым,
Қайт болмасын сұрағың.

Желіккен қыздар сезбесін,
Даусыңды бәсең шығарғын.
Тас жарады үкімі
Құтырған шұнақ қу қардың».

Зеберше қалды аңырып,
Ақылынан жаңылып.
Кемпірден мұны есітіп,
Келгеніне налынып:
«Алдаған екен Құлқаныс,
Келіппіз босқа сабылып.
Болармыз күлкі, — деп,
Бір жаман ат тағылып».
Кәмілге қарап айтқаны,
«Қайтсақ, — деп, — елге», жалынып.

— Қыздардан қорқып қашып мама келді,
Пейілі Құлқаныстың жаман келді.
Тұрмайық енді мұнда, Кәміл аға,
Бір қиял қайтсақ деген маған келді.

Сонда Кәмілдің айтқаны:

— Бересің не сүйінші, Зебер, маған?
Ақылмен данышпан қыз хабарлаған.
«Кемпірді дарбазаға байла», — депті,
«Ақылмен түсінер, — деп, — шаһизадам».
Қарағым, ел жатқан соң сонда барғын,
Айтқаным келмейдідеп болма алаң!
Айтқаны дарбазаны ишарат қып,
«Нөкерім сезбесін», — деп амалдаған.
Алдында дарбазаның күтіп тұрсаң,
Құлқаныс жолығады шығып саған!

Кәміл дана Зебердің
Осылай деп көңілін жұбатты.
Ас-су ішіп ел жатты,
Уәденің болды уақыты.
Енді Зебер жөнелді,
Кәмілден сұрап жауапты.
Кемпір де ұйықтап қап еді,
Білмеді ешкім бұл кәпті¹.
Іс бітпей күрделі,
Жатса да ұйқы келмеді.
Құлқаныстың ордасын
Туралап Зебер жөнелді.
Кемпірден сұрап сыртынан,

¹ Кәп, кеп /парсы/ — сөз, сыр, әңгіме.

Бұрыннан көрген жер еді,
 Дарбазаның аузына
 Жасырынып келеді.
 Қыбырлаған еш жан жоқ,
 Шеніне ешкім келмеді.
 Ары-бері отырды,
 Болмады қыздың дерегі.
 Қисайып енді Зебердің
 Көздерін ұйқы жеңеді.
 Ұйықтап кетті бейхабар,
 Балалығы көп еді.
 Ұйықтап жатыр Зеберше,
 Құлқаныс тұрып кеп еді.
 «Әзілменен оятсам,
 Әлде деп қандай көреді.
 Тимейін өзі тұрмаса,
 Мінезі қандай неме еді?»
 Көпке дейін ойланып,
 Қиялын осы ой жеңеді.
 Оянар деп үміт қып,
 Күдерін үзген жоқ еді.
 Таңға жақын боп қалды,
 Жарым түнде кеп еді.
 Шыдатпады ғашықтық,
 Сыр бермейін деп еді.
 Жан-жағына жалтақтап,
 Үстіне жақын төнеді.
 Зебершенің бетінен
 Үш қайтара өбеді.
 Құлқаныстың сүйгенін
 Шақты ма маса демеді.
 Қапа болып Қаныстың
 Сондағы айтқан өлеңі:

– Жаманға ұйқы – жолдас, тамақ – тамыр,
 Көріп ем бір көргеннен сізді тәуір.
 «Сәулетін сыпайының түзде көр» деп,
 Шынымен болғаның ба бір оңбағыр?!
 Деуші еді: «Адамзатқа ұйқы – дұшпан»,
 Сүйгенім, кеттің бе екен жаңылып бір.
 «Жазық жоқ жаңылғанда» деген сөз бар,
 Талайлар асығыстан тартқан зәбір.
 Көрейін не де болса сабыр қылып,
 Ақиқат шыққанынша бір терең сыр.
 «Арбамен асықпаған қоян алар»,
 Құдайдың мың бір аты, бірі – сабыр.

Жаманға ұйқы жолдас басқадан да,
Ақылы өз басынан аспағанға.
Ойланбай қылған істің түбі ойран,
«Сары алтын — сабыр түбі» саспағанға.

«Әр істің артын ойлап байқа» депті,
«Асыққан бақ-дәулетін шайқар» депті.
Бірінші пәтуалы кітаптарда
«Бастайды асығысты шайтан» депті.
«Ұстаған екі кеме суға кетер,
Көңілді әр тарапқа қойсаң» депті.

Осыны айтып Құлқаныс
Жайына қайтып жөнеді.
Балалығың бар екен,
Әттеген-ай дер еді.
Еш адам мұны сезбеді,
Қыз жайына келеді.
Денесі мұздап Зебердің
Бір кезде басын көтерді.
Жан-жағына қарады.
Қасында ешкім жоқ еді.
Асығып қайтып жөнеді,
Таңға жақын кезі еді.
Ашуы келіп Зебердің
Кәмілге айтқан сөзі еді:

— Бекер екен, жан көке,
Кешегі айтқан тілдерің.
Айтқаныңды істедім,
Еш нәрсені білмедім.
Орынсыз жұмсап аранға,
Өлтіргелі жүр ме едің?
Қыз түгіл, онда шайтан жоқ,
Бәрін де тінттім іргенің.
Жаурадым өте қалтырап,
Есімнен шықпас түндегім!
Бізге де қылар Құлқаныс
Кемпірге істеп жүргенін.
Дарбазаны баққандай,
Бар ма еді жазам бір менің?
Ашық боп едім әуелде
Көрген соң қыздың түрлерін,
Мекерлікпен жүр екен,
Байқадым қыздың бұл жерін.
Алдаған екен Құлқаныс,
Сөзіне енді кірмегін.
Есігін қыздың бақпайық,

Қор болып күтіп жатпайық,
Қайтайық енді, жан аға,
Берсе де қызын дүниенің.

Кәміл айтты: «Шырағым,
Бір атадан сыңарсың,
Сол қызға өте құмарсың,
Баланың ісін қыларсың,
Құлқаныс саған келгенде,
Ұйықтап қалған шығарсың,
Бүгін тағы қоналық,
Қош көріп кемпір құп алса.
Жалынып қызға жұмсалық,
Егер де кемпір тіл алса!
Қанша да болса берейік,
Баратын болып пұл алса.
Алдамайды Құлқаныс,
Арада кемпір жүре алса.
Ол қыздай ешкім болмайды,
Басқаға көңілім толмайды,
Өкініші жоқ еңбектің,
Есесін Құдай шығарса!

Ойына түсіп қылығы,
Білдірмей Зебер жылады.
Ғашықтығы тағы бар,
Естіді және мынаны.
Еш нәрседен белгі жоқ,
Көңілі қашан тынады?!

Ойланып бұлар жатқанда
Намаздың болды уағы.
Асығып Кәміл киініп,
Орынынан тұрады.
Неше түрлі дәм беріп,
Сыйлайды кемпір бұларды.
«Арызым бар, шеше, — деп,
Ырзамыз сізге өте», — деп,
Ат үстінде отырып,
Сөз басын Кәміл шығарды.

— Нәсіп айдап бұл жерге,
Келіп едік алыстан.
Ойда жоқ жерде кездесіп,
Жолымыз осы танысқан.
Артық болды қызметің
Құда-жегжат, таныстан.
Артықша болды мұныңыз,

Үлкен болсын ұлыңыз!
 Қолыңыздан жамғарып¹,
 Қайырды бүтін қылыңыз!
 Ісіміз сізсіз бітпейді,
 Ақиқат осы шынымыз.
 Дүниеде түгіл, пайдалы
 Ақыретке мұныңыз.
 Әртүрлі асыл бұйымнан
 Келіп ек артып мұны біз.
 Құлқанысқа біз үшін
 Және бір барып келіңіз!
 Келмесе айтар бір жауап,
 Есітелік соны біз.
 Ұқсамайды жаманға
 Қарағанға түріңіз.
 Хақ Мұстафа пайғамбар
 Әлиге айтқан сөзі бар,
 Бес-алты ауыз айтайын,
 Ойланып пайым қылыңыз.

Отырып бір күн айтып өсиетті,
 Әлиге Расул Алла былай депті:
 – Ізетпен құрмет қылып атын байлап,
 Тоқтаусыз мейман келсе қондыр депті.
 Азардан әр уақта Тәңірім безер,
 Мейманның мұддағасын қылғын депті.
 Орындап қолдан келсе айтқандарын,
 Қайым боп қызметінде тұрғын депті.
 Болғанға мейман ырза, Құдай ырза,
 Аянбай қызметінде жүргін депті.
 Мейманның қызметінде бір күн тұру
 Тең болар ғибадатпен мың күн депті.

Дәм айдап үйіңізге болдық қонақ,
 Әуелден нәсіп екен мейман болмақ.
 Келтіріп айтқан сөзді орынына,
 Әртүрлі беріп тұрсыз тәтті тамақ.
 Ыбыраһым пайғамбардан қалған мирас —
 Мейманның не десе де тілін алмақ.
 Он екі қызыл тіллә пұл берейін,
 Жан шеше, көңілім үшін алғын санап.
 Саудагер атқа мінді, жүреді деп,
 Ол жерден айғайлап айт қашығырақ.
 Өзіне Құлқаныстың есітгіріп,
 Қайтадан жүре бергін бермен қарап.
 Сөздерін Құлқаныстың анық тыңдап,

¹ Жамғару — басқару, билеу.

Бұйырса айтып келгін бізге бір-ақ,
Бұл жерге бір кеткен соң қайтып келмес,
Бар деңіз, інжу айна, гауһар тарақ.

Қашқан соң өзің қорқып, қуалайды,
Еш нәрсе оныменен қыла алмайды.
Көңілінің Құлқаныстың шаттығы үшін
Қырық қыз оған қарсы тұра алмайды.
Қуып жүр тамашаға ермек үшін,
Бейжауап падишадан ұра алмайды.
Күнәңіз қыздар қуса төгіледі,
Ешнәрсең оныменен қурамайды.

Осылай деп ер Кәміл,
Шаттандырды маманы.
Сонда кемпір нанады,
Он екі тіллә алады.
Жүгіре басып жөнөді,
Сарайға жетіп барады.
«Бөтен адам жоқ па» деп,
Жан-жағына қарады.
Дауысын бәсең шығарып,
Былайша жауап қылады:

— Біздің үйде саудагер
Жүрейін деп қамданды.
Қымбат баға артып жүр,
Патшаға лайық малдары.
Көріп қалғын, Құлқаныс,
Кеткен соң қылма арманды.
Өмірімде көрмеп ем
Меруерт, таза маржанды.
Алтыннан екен инесі,
Жақұттан екен түймесі.
Бір қоржынның ішінде
Мемлекеттің дүниесі.
Қымбат баға гауһары,
Көргеннің болмас сүймесі.
Әкелген заты өте көп,
Болмаса да түйесі.
Тас моншақты таққанша,
Күмісті саудырлатқанша,
Дәулетінде әкеңнің
Гауһар мен жақұт тақсаңшы!
Гауһардан қылған тарақ бар,
Алмасаң да қарап қал!
Лағыл, жақұт көздері
Алтын мен күміс шолпылар,

Гауһар шамнан орнатқан
Әртүрлі сәнді сырғалар,
Гауһар кесе, інжу айна,
Жақұт қасық тағы бар!
Дүниеде жоқ заттардың
Олардан бәрі табылар!
Бір қоржынның ішінде
Мемлекеттің малы бар.
Жылдам барып, Құлқаныс,
Керегіңді алып қал!
Тез асығып бармасаң,
Кетеді жүріп саудагер!
Мейманым жүдә асығыс,
Ертерек, қыздар, хабар сал!

Осылай кемпір деп еді,
Құлқаныс бұған ермеді.
Ашуланып айқайлап,
Қыздарға бұйрық берді енді:
– Мұндай кемпір көрмедім,
Осынша жасқа келгелі!
Күн сайын тынбай келеді,
Болдық па біздер ермегі?!
Жай айтқанды білмейді,
Жүрмесе келіп өлгелі.
Бағы майдан ішінде
Бір зор райхан бар, – деді.
Түбіне соның апарып,
Кемпірді таңып кел! – деді.
Көрсетіңдер кемпірге
Өлімнен бергі өңгені.
Таңулы тұрсын түнімен,
Үйренсін әдеп-жөндерді.
Ыбрат¹ алсын осыдан,
Әдепсіз болса шендегі.
Тірі қалса келмесін,
Бұл жерді қайтып көргелі!

Қырық қыз сонда жүгірді,
Жанынан кемпір түңілді.
Буындары бұлтылдап,
Бастады кемпір қимылды.
Жөнелді кемпір ағылып,
Қыздар да қуды жабылып,
Бір кезде кемпір жығылды,
Аяғы тасқа қағылып.

¹ Ыбрат, гибрат /араб/ – өнеге, үлгі.

Домалап кетті жығылып,
 Кеп қалды қыздар жүгіріп.
 «Ұстаңдар» деп айғайлап,
 Құлқаныс тұрды бұйырып.
 Тулады кемпір секіріп,
 Аузынан көбік көпіріп.
 Қолына түссем қыздардың,
 Тастайды-ау деп өлтіріп.
 Қалмады үрей кемпірде,
 Көрмегенге өтірік.
 Көйлек пенен дамбалын
 Қолына алды шешініп.
 Түрін көріп кемпірдің,
 Ұстауға қыздар батпады.
 Қандай шырын шыбын жан,
 Кемпір де қарап жатпады!
 Қарғып тұрып орнынан,
 Жүгіріп жылдам аттады.
 Жауырыны құрысып,
 Борбайлары тырысып,
 Топталып қыздар қалғанда,
 Жөнөді кемпір жылысып,
 Құтылып кетті мамаңыз,
 Қыздар да қалды күлісіп.

Енді кемпір жөнөді,
 Үйіне жетіп келеді.
 Киімдерін киеді,
 Келе сөйлей береді.
 Зебер мен Кәміл жолығып:
 – Не болды, шеше? – деп еді,
 – Кездесіп өңкей жойқанға,
 Жолықтым үлкен сойқанға,
 Айтқаныңды айтып ем
 Құтырған өңкей шайтанға.
 Ашуланса хан қызы,
 Айтқанынан қайтар ма?!
 Бұйрық берді Құлқаныс
 Қияңқы өңкей байталға.
 Бар ғой деп үлкен райхан,
 Кәдімгі бағы майданда.
 Кемпірді соған байлаңдар,
 Апарып бағы майданға.
 Жеткенше ұрып, сабаңдар,
 Келмесін тілі ойбайға!
 Су құйыңдар үстіне,
 Өледі деп ойланба!

Көрмесін деді басқа адам,
Түнімен тұрсын байлауда!
Естіп жаным шошынып,
Әр нәрсе түсті ойларға.
Мастардың өңкей үстіне
Мені Құдай айдар ма!
Еріккен қыздар өлтірмей,
Қолына түсsem ойнар ма?!
Қыздардың естіп дүбірін,
Ентігіп қаша жүгірдім!
Аяғым тасқа қағылып,
Үш домалап жығылдым.
Ұстайды-ау қыздар енді деп,
Шыбын жаннан түңілдім.
Оңай ма қолдан жан беру,
Шешіппін бәрін киімнің.
Білмеймін сонда өзім де,
Болғанын қандай түрімнің.
Құтылыппын, әйтеуір,
Үйге келіп киіндім.
Сіздер үшін, жан қонақ,
Бәлеге сондай іліндім.
Есімнен кетпес белгісі
Қыздардан алған сыйымның.
Сөзіңе енді ермеймін,
Құлқанысты көрмеймін!
Күміс түгіл, алтынмен
Берсең де мыңын сайрдың¹.

Кәміл айтты: «Жан шеше,
Жақсының тиер пайдасы.
Қорқытқалы өзіңді,
Қыздардың қылған айласы.
Шындап қуса сөйте ме,
Ақылмен өзің ойлашы!
Барсаң қашып келесің,
Қуғанын қыздар қоймайды.
Бар шығар, мүмкін, олардың
Сұрайтын ісі ойдағы?
Қашып жүрген шығарсыз
Жанасса жауап алғалы.
Одан зиян көрмейсіз,
Таппасаң қайта пайданы!
Екі рет бардың осымен,
Келесіз өңкей шошумен.

¹ Сайр /араб/ – ақша.

Шынымен қыздар өшіксе,
 Кәнеки жұртқа жайғаны?
 Балаларша ойлайсыз
 Болмайтын істі қайдағы!
 Көрсетші бізге, жан шеше,
 Қай жерде бағы майданы?
 Шошыпты жаман жаныңыз,
 Кетіпті ұят-арыңыз,
 Жақсы-жаман болса да,
 Бір көрерміз бәріміз!
 Сұрайтын сізден сөзім бар,
 Құлағыңды салыңыз.
 Қай жерде бағы майданы,
 Бізді ертіп барыңыз.
 Сыртынан бізге нұсқаңыз,
 Шаппаса егер тәбіңіз¹.

Сонда кемпір ұнады,
 Екеуін ертіп шығады.
 Анау тұр бағы майдан деп,
 Қолымен ым қылады.
 Кемпір қайтты үйіне,
 Қалдырып сонда бұларды.
 Бағы майдан қасына
 Жақындап бұлар келді енді.
 «Ұмытпа, — деп, — қарағым»,
 Зеберге Кәміл сөйлейді:
 — Анау тұрған қызыл гүл,
 Райхан деген сол, — дейді.
 Анықтап, байқап, белгілеп,
 Адаспайтын бол, — дейді.
 Ел жата келіп түбіне,
 Ұйықтамай күтіп тұр, — дейді.
 Артықша екен өнері,
 Құлқаныс анық келеді.
 Қасыңа өзі келгенше,
 Сөйлесіп дидар көргенше,
 Уәдесін анық бергенше,
 Ұмытқын ұйқы дегенді!
 «Мақұл!» — деді Зеберше,
 Осылай Кәміл деп еді.
 Кемпірдің келді үйіне,
 Демалып, ауқат жегелі.
 Ел жатар уақыт болғанда
 Зеберше тағы жөнеді,

¹ Тәб — ықылас, көңіл

Зеберше келді бір өзі
Бағы майдан ішіне.
Көрген жерге орнықты,
Көрінбей ешбір кісіге.
Қарамайды ғашықтық
Үлкен менен кішіге.
Қалағаны Құлқаныс,
Басқаменен ісі не?!
Қарайғанның бәріне
Қарайды қыз деп тесіле.
Зебершенің бір кезде
Бұл қиял келді есіне.
«Қарап-ақ кеше безіп ем,
Кемпірге қылған ісіне.
Құлқаныс мұнда келмейді,
Кірмесе егер түсіме.
Таңға жақын боп қалды,
Отырмын енді несіне?!
Телміргенмен болмайды,
Қылмаса Құдай несібе!
Барғанмен әзір Кәмілге,
Көрмес-ті мақұл мұнымды.
Қорқақ екен дегізіп,
Алдырмайын сырымды.
Таңға жақын барармын,
Алайын біраз тынымды».
Осыны айтып Зебердің
Ұйқыға көзі ілінді.

Түн жарымы кезінде
Құлқаныс тұрды орнынан.
Тұрмаған бұрын себебі —
Нөкерінен қорынған.
Қорықпағанмен ойлады:
«Ерер, — деп, — өсек соңымнан».
Бағы майданға жөнелді,
Ешкімді ертпей соңынан.
Айтқан жерге келеді,
Келтір деп істі оңынан.
Түбіне райхан келеді,
Зебершені көреді.
Ұйықтап жатыр сүйгені,
Еш нәрсені сезбейді.
Оятуға жұлмалап,
Тағы да жөні келмеді.
Құлқаныстың өлеңмен
Сондағы айтқан тілі еді:

– Қалыпсың тағы да ұйықтап, не қылайын?
 Осы ма, Зебер шырақ, әлі-жайың?
 Өртүрлі адам ұлы қиял ойлар,
 Басына дәулет пен бақ қонған сайын.
 Болады адамдықтың бір белгісі,
 Тақ тұрып уәдеге болса дайын!
 Туылған қаршығадан тұйғын деп ем,
 Болдың ба сен де осындай, қалқатайым?!
 Ұйқымен есті кісі қас болады,
 Шыдайды бір күн түгіл, әр түн сайын.
 Мәртебе жақсыменен бір күн түнеу,
 Жаманмен жүргеніңше мың күн дайым¹.
 Сүйгенім, өз білгенің осы болса,
 Ұйқыңды мен де бөліп қозғамайын!

Бейғамның жан жолдасы — ұйқы, тамақ,
 Болмайды көңілінде басқа талап.
 Деген бар: «Жаман достан зерек дұшпан»,
 Болмайды жамандарды еске санап.
 Баласы қазанаттың жабы туып,
 Көңілім болар ма екен алап-жалап.
 Масқара екі мәрте болып қайттым,
 Келгенде тұрмаған соң алдымды орап!
 Бұл болса бейшараның әлі-жайы,
 Келіп жүр неғып іздеп далбасалап!

Ұйқысы неткен мырза ашылмаған,
 Балалық, еркелігі басылмаған.
 «Сабырсыз, — Расул Алла, — шайтан» депті.
 Әр істі бір нәубеттен асырмаған.
 Бұл істі Алла білсін, мен білейін,
 Іс еді әшкере боп шашылмаған.
 Шеніне сыпайының келіспейді,
 Әрқалай дос айыбын жасырмаған.
 Бәйгеден суымаған ат келмейді,
 Бапталып тұлпар едің қосылмаған.
 Мырзаға бүгін тағы білінбейін,
 Ояуда өзі душар болсын маған.

Қайыр қош, осыменен екі келдім,
 Ойыңа бір алмастай не етіп едім?!
 Сағынып келгенімде ұйықтап қапсың,
 Азғана сол жеріңе өкінемін!
 Жолыңда өз басымды берсем деп ем,
 Таймауға айтқан серттен бекінемін.
 Өзіңді әдейі арнап іздеп барып,

¹ Дайым, дәйім — ұдайы, үнемі.

Бой тастап келер-ау деп кетіп едім.
Өмірін Зебершемнің ұзақ қыл деп,
Құдайдан ертеңгі-кеш өтінемін.
Ойымнан келер деген тура шығып,
Ер болып, уәдеге де жетіп едің,
Шақырсам қаршыға деп, қарға шығып,
Қолыма қона алмастай не етіп едім?!
Үзбейін күдерімді бір сөйлетпей,
Тайғаны судан ұят шешінгеннің.

Осылай деп Құлқаныс,
Бұзылды көңілі қамығып,
Қапа болып тарығып,
Жылады өте налынып.
– Зебержан, – деді Құлқаныс,
Жұбайым едің теліген.
Даңқынды естіп аттанып,
Іздеп барып көріп ем.
Ғашық боп ем өзіңе
Көрген жерден сені мен.
Шамалап ем артық деп,
Қатар-құрбы, теңіңнен.
Риза боп ем және де
Іздеп келген жөніңнен.
Екі мәрте жолығып,
Отырдым күтіп түнімен.
Ұйқы дұшпан кесір ғып,
Татпадым шекер тіліңнен!
Қиын екен ғашықтық,
Жабығып көңілім бүлінген.
Жатырмысың сынауға,
Болмаса ұйықтап шынымен.
Құтыламын қандай ғып,
Қайғылы осы күнімнен?

Ғашықтық ісі қиын-ды,
Әркімді қылар есірік!
Қапа болды Құлқаныс,
Сөйлесе алмай шешіліп!
Оянбайтын көрінді,
Отырғанмен кешігіп.
Өтемін бе дүние-ай деп,
Сүре алмай дәурен қосылып.
Қайтып кетті лажсыз,
Ары-бері отырып.
Біраздан соң керіліп,
Зеберше басын көтерді.

Жан-жағына қарады,
 Көрмеді басқа бөтенді.
 Ұрыларша қаймығып,
 Шығармай даусын жөтелді.
 «Кәміл мені алдапты,
 Келмегі қыздың бекер-ді!» –
 Деді де тұра жөнөді,
 Жайына қайтып келеді.
 Таң білінген кезі еді,
 Ашуы қатты кеп еді,
 Құлқанысты көрмеді,
 Екі мәрте түнеді.
 Жетіп келді Кәмілге,
 Сондағы айтқан сөзі еді:

– Шошыдым сенен, Кәмілім,
 Кім білер Хақтың өмірін!
 Қызметінде атамның
 Өтіп еді өмірің.
 Өлтіріп құнымды алмаққа
 Ауған екен көңілің.
 Өлімге қайтіп қиясың
 Әппақтың жалғыз құлынын?
 Екі түн ұйқы көрмедім,
 Кетпесе көзім ілініп.
 Өлтіртпей патша қояр ма,
 Біреуге қалсам білініп?
 Бағы майдан бұрышының
 Қарадым бәрін түрініп.
 Қыз түгіл, онда шайтан жоқ,
 Жүріппін босқа бүлініп!
 Достығыңды көре алмай,
 Сізден де қалдым түңіліп!

Кәміл айтты: «Саспағын,
 Сабыр қылғын, арыстаным!
 Өмірімді өткіздім
 Қызметінде патшаның.
 Өзіңнен кінә болған-ды,
 Ұйықтап қалып, данышпаным.
 Не деп айттың бұл сөзді,
 Жолыңа құрбан бастарым.
 Өтірік айтар қыз емес,
 Мінезін сынап ашқанмын.
 Тағы да жауап алайын,
 Өзім ертіп барайын.
 Құлқаныс егер келмесе,

Өлтіріп мені тастағын.
Ерегісте ер өлер,
Ойлайды жаман бас қамын.
Ақылыңды тауыспа,
Сөзіне еріп басқаның.
Өнерліден құтылмас
Құсы да ұшқан аспанның.
Әбүйірмен қайталық,
Бір істі өзің бастадың.

Бұл істің өзі сын болды
Данышпан Кәміл данаға.
Жолыққанша Құлқаныс
Пәруана болды арада,
Басшы болды достық қып,
Жол көрмеген балаға.
Жақсының тиер пайдасы,
Жаманнан көмек бола ма?
Қыздан жауап алуды
Ойлады Кәміл және де.
Кәмілдің сонда айтқаны
Ертемен тұрып мамаға:

– Құлақ сап, шеше, тыңдаңыз,
Сөзімді айып қылмаңыз!
Үлкен де болсаң, көп көрдік
Қызметіңді, ырзамыз.
Нәсіп айдап кеп қалдық,
Келмеуші едік жылда біз.
Сізге айтар зарымыз —
Құлқанысқа барыңыз!
Менің айтқан сөзімді
Құлағына салыңыз.
Көңілімізді қайтармай,
Және бір олжа алыңыз.
Он алты тіллә берейін,
Пұл алдың, сірә, демейін.
Шаттанып мейман аттанса,
О да сенің мерейің!
Сонша жерден келген соң,
Патшаның қызын көрейін.
Сауда-саттық іс болса,
Ақыңды тағы жемейін!
Саудагерлер жүрді де,
Атына әзір мінді де,
Арманда боп қаласың,
Заттары көп түрлі де.

Кемпір айтты: «Барайын,
Қорлықтың көрдім талайын.
Бейнетсіз қайда рақат,
Тілләңізді алайын.
Сақтанып тұрып қыздарға
Алыстан айғай салайын».

Осылай деп кемпір көнеді,
«Барайын, мақұл» деп еді.
Он алты қызыл тілләні
Кемпірге Кәміл береді.
Қандай ыстық дүние,
Бүкшеңдеп кемпір жөнөді.
Әне-міне дегенше,
Сарайға жетіп келеді.
Шамалы жерге жақындап,
Құлқанысты көреді.
Баруға тура бата алмай,
Айқай сала береді:

– Саудагерлер аттанып,
Жүруге әзір кезенді.
Саудасы бар ма қыздардың,
Хабарын бергін деп еді.
Табылады олардан
Адамзаттың керегі.
Бармасаң құр қаласың,
Асыл бұйым көп еді.
Саудагерім табады,
Қаласа нені көңіліңіз.
Жақұттан қабын ойыпты,
Алтыннан істеп шаңқобыз,
Гауһарға қиып саптаған.
Алмастан істеп кесте біз,
Инжу, гауһар, меруерттен,
Моншақтан түйме неше жүз.
Қандай шебер істеген,
Тамаша өте көрсеңіз!
Иисабын, әтірін
Мақтауға жетпес айтып сөз.
Басқа да бұйым өте көп,
Атауға аты белгісіз.
Арманда қалма, Құлқаныс,
Көріп қал, жылдам барып тез!

Осы сөзді айтты да,
Сақтанды кемпір тезіне.
Ашуланды Құлқаныс

Кемпірдің айтқан сөзіне.
Нөкеріне бұйырды:
– Көрсет, – деп, – жанын көзіне,
Осыменен үш келді,
Обалы енді өзіне!
Ұстаңдар қоймай қамалап,
Аямай жасын бағалап.
Тандырыңдар есінен,
Таяқпен ұрып сабалап.
Келеке-мазақ қылатын
Кім деп жүр бізді шамалап?
Халыққа теріс болмаймыз,
Өлтірсек те жазалап.
Жасының қайтқан кезінде
Айдаған оны қай азап?!
Несін алған жеңгелік,
Жүрген ғой айдап ажалы-ақ!
Тыңдамаңдар қашқанын,
Қылса да кемпір бас қамын!
Қуыршақ деп ойлай ма
Жалғыз қызын патшаның.
Ұрып-соғып апарып,
Ішіне майдан бақшаның,
Жағасына хауыздың
Бекітіп байлап тастағын!
Тірі қалса көрейік,
Бұл жерді қайтып басқанын.

Сонда қырық қыз ұмтылды,
Бүкшендеп кемпір сытылды.
Қашып кетіп барады,
Бұлтаңдап екі мықыны.
Пәрменінше жүгіріп,
Мамаңның таңы жыртылды.
Алыстан қашып бұл жолы
Құтылып кеткен сықылды.

Қашып келіп Кәмілге
Кемпірдің айтқан кеңесі:
– Түрі жаман қыздардың,
Енді барғын демеші!
Күніге болып зор талап,
Өзім де болдым өлесі.
Қош келіпсіз, мейманым,
Бергенім жауап: жөнеші!
Құдай деген кәріп ем,
Құлқанысқа барып ем,

Сіздің айтқан сөзіңді,
Құлағына салып ем.
Құлқаныс қатты кейіді,
Шошыдым өте кәрінен.
Бұйрық берді қыздарға
Талдыр деп ұрып әлінен,
Бақ майданда хауызға,
Қойыңдар байлап түнімен.
«Терісін ертең ал, — деді, —
Тірідей тұрған жерінен».
Шошыды жаным түршігіп,
Өлдім деп енді шынымен.
Қырық қыз құды жабылып,
Жөнелдім мен де ағылып,
Ажалымның жоғынан
Сытылып шықтым мен әрең.

Кәміл айтты: «Жан мама,
Бұл сөзіңе наналық,
Біз үшін тарттың көп бейнет,
Кетпейміз сізді нала қып.
Егер де мақұл көрсеңіз,
Бүгінше мейман болалық.
Құлқанысқа барғын деп,
Аузымызға алмалық».

Кемпір айтты: «Әйтеуір,
Сақтады Құдай саламат.
Жасымның қайтқан кезінде
Естіген жұрттан жүдә ұят.
«Құлқанысқа барғын» деп,
Айтпағын енді, жан қонақ.
Өзгеде болса жұмысың,
Тұрайын бәрін орындап.
Қызғанбайын үйімді,
Маған десең он күн жат».
Кемпірдің айтқан бұл сөзі
Кәмілді қатты қуантты.
Бір мезгілде күн батып,
Ас-су ішіп ел жатты.
Зеберді Кәміл ертіп ап:
Болды деп енді уақыты,
Бағы майдан хауызға
Көруге қызды жол тартты.

Қасына келді хауыздың,
Сөзімен айтқан бір қыздың.
Патшалы жұртта екеу-ақ,

Панасы Құдай жалғыздың,
Зеберге Кәміл білдірді
Жобасын айтып әр сөздің,
Көп отырды екеуі,
Көрмеді басқа бөтенді.
Қисайып еді, Зебердің
Көзі ұйқыға кетеді.
Жан-жаққа Кәміл қарады,
Көреді жалғыз қараны.
«Басыңды көтер жылдам» деп,
Оятты Зебер баланы.
Көзін ашып манаурап,
Көтеріп басын алады.

Кәміл айтты: «Зеберім,
Келе жатыр керегің,
Сөзге сынық болмағын,
Қасыңнан енді жөнейін.
Құлқаныс сенен әр жерде
Асырмақ болар өнерін,
Артын ойлап сөз сөйле,
Аузыңа айтпай келгенін.
Мені көріп сескенсе,
Ұят болар келіннен.
Күдік келер көңіліне,
Үйреткендей сені мен.
«Әттеген-ай» деген сөз
Ауыр тиер өлімнен.
Тілекті берсе бір Құдай,
Қосыларсың теңіңмен.
Уәдені бекітіп,
Барарсың өзің кейіннен.
Егер де білсе мініңді,
Әзілден тілің қысқарар.
«Ұят күшті өлімнен»,
Басыңа қиын іс болар.
Ішінен қыздар сүйсе де,
Әзілмен ерге өш болар.
Алдырма қызға сырыңды,
Шығарма естен мұнымды.
Үш күн ұйықтамай,
Көп күттім дегін жолыңды.
Риза боп кеп ем жолыңда,
Алса да ат пен тонымды.
Ордаңды неше айналып,
Әл-дәрменім құрыды.
Ғашық деп сені кім айтар,

Алмадың еске сонымды.
Сендікпін егер келсең деп,
Алғаның қайда қолымды?
Уәдеңмен келіп ем,
Көрмедім рақат орынды.
Жарқыным, аман жүрмісің?
Сергелдең болдым сен үшін,
Шықпаған соң дерегің,
Өлді ме деп ем өзіңді!
Қайтып келдің ұялмай
Көрсеттің дегін жүзіңді.
Ол қыздың артық амалы,
Сынайды сені шамалы.
Келген жерден сөзбенен
Алды-артыңды шалады.
Өзінен бұрын тіл қатып,
Сөйлегін сөзді жоғары.
Сыпайылықтың нышаны
Осылайша болады.
Осыны айтып Зеберге
Енді Кәміл жөнеді.

Сол жерде Зебер қалады,
Жан-жағына қарады.
«Қыз емес басқа адам» деп
Көңіліне күдік алады.
Тұла бойы дірілдеп,
Қалтырап кетіп барады.
Майдалап басып Құлқаныс
Жақындап еді шамалы.
Жүре берді Зеберше,
Қалмады сабыр-қарары.
Баланың қорыққан жайынан
Құлқаныс хабарланады.
Қасына жақын кеп еді,
Тоқтамай қашып жөнеді.
Балалығы бар екен,
Әттеген-айдер еді.
Тоқтайтұғын болмады,
Ойланар тоқтап деп еді.
Қуалап ұстап алудың
Реті және келмеді.
Дыбыс беріп Зеберге,
Сондағы айтқан өлеңі:

— Тоқтағын сабыр қылып, саспа, мырза,
Көргеннен жан сауғалап қашпа, мырза.

Баласы адамзаттың мен де өзіндей,
Аң емес, аю емес басқа, мырза.
Сақтанып қызды көрсең қаймыққандай,
Маңдайың тиіп пе еді тасқа, мырза?
Бойыңнан балалығың кетпепті әлі,
Келсең де осыншама жасқа, мырза.
Бірнеше бізден бұрын ғашық өткен,
Болатын мағшұғы үшін жаннан ырза.

Не түспес ер басына шайқасуда,
Белгісі зеректіктің байқасуда.
Белгісі батырлықтың тәуекелшіл,
Ер болсаң берген серттен қайтасың ба?
Жөн емес уәде беру байқамастан,
Жұмыстың боларын да, болмасын да.
Табады зерек кісі амалменен,
Ісінің істеп жүрген жобасын да.
Ойласаң уәдеге жетпесіңді,
Келіп ең неғып іздеп о басында?
Айғырын таңдап салсаң ат туады,
Болмаса оқыс жері анасында.
Жаманға жазатайым ісің түссе,
Қаларсың ар-намыстың жаласына.

Бұл жерге не жұмыспен келген едің?
Мен сені асқар тауға теңгеремін.
Әрқалай ишарат қып айтсам дағы,
Түсініп жалғыз ауыз сөйлемедің.
Аузында дарбазаның бірінші түн
Бойыңа ұйықтап қалып теңгермедің.
Ішінде бағы майдан екінші түн
Ұйықтап қалған жеріңде келген едім.
Төрт бөліп түн ұйқымды бір сен үшін,
Құдайдан не тілесем сен деп едім!
Кез кеп ем ояуыңда, тұра қаштың,
Көңілімді қапа қылды сенбегенің.
Падиша сенің де атаң, менің де атам,
Өзіме әсілі-нәсілің тең деп едім.

Тоқтағын, сөйлеселік, қорықпағын,
Борсықтай іннен қашқан жорытпағын,
Бірінші, екінші түн қамсыз едің,
Қалайша бүгін пысық болып қалдың?

Көрмесін менен басқа қашқаныңды,
Жортақтап шыр айналып сасқаныңды.
Алады жаннан безген гауһар шамды,
Ойласаң неге келдің бас қамыңды?!

Шырағым, балалығың әлі бар ма,
 Бейнетсіз еш рақат табылар ма?!
 Ер жігіт намысы үшін өлімге ырза,
 Қамы үшін бір басының тарынар ма?
 Жақсы адам өзі ойлап іс қылады,
 Жаманға жәрдем бердеп жалынар ма!
 Әркімнің сүйгені бар өзіне ыстық,
 Есінен шықпайтұғын жаны барда.
 Жүреді серіктерін мият қылып,
 Құрт-қоңыз, бақа-шаян, жануар да.

Осылай деп Құлқаныс,
 Зеберге жетіп барады.
 Қыз екенін білген соң,
 Ұялды Зебер шамалы.
 Баладан жауап болмады,
 Төмен қарап тұрады.
 Қалды ма деп көңілі,
 Кетеді қыздың шыдамы.
 Келдің бе деп саламат,
 Әппақшаның ұланы,
 Өтінсе де Құлқаныс,
 Зеберше жауап қылмады.
 Қылығынан ұялып,
 Төмен қарап тұрады.
 Әрі-бері ойланып,
 Таппады Зебер айланы.
 Кәмілдің айтқан сөздерін
 Айтайын деп ойланды.

– Пайда деп таптым зиянды,
 Ойлап па ем мұндай қиялды.
 Осыменен үш келдім,
 Еш дерегің болмады.
 Күтемін келсең деп едің,
 Осы ма сертің сондағы?!
 Осыны айтып Зеберше,
 Теріс қарап тұрады.
 Құшақтап алып Құлқаныс,
 Өксіп-өксіп жылады.
 Шыдатпады ғашықтық,
 Сөйледі сонда мынаны:

– Тыңдағын, Зебер, шырағым,
 Қалмады сабыр-шыдамым,
 Көңіліңе қатты тиді ме,
 Еркелеп әзіл қылғаным?!
 Не жазығым бар еді,

Жылы жауап қылмадың?!
 Жатсам-тұрсам Құдайдан
 Сұрауыңды сұрадым.
 Лаулап жанған шырағым,
 Болайын құрбан лағың.
 Аман-есен келдің бе,
 Негізі тұлпар жабағым,
 Ешкімге назар салмадым,
 Бір өзіңе қарадым.
 Мені қайтіп ұмыттың,
 Айдан аппақ жамалым!
 Сынамаққа айтып ем,
 Өкпелеме, қарағым.
 Ақылыңмен ойлашы,
 Сүттен таза алалым¹.
 Әзіл сөзге араз боп,
 Қылмағын ісін баланың.
 Бізден өтсе мәәзүр²,
 Қылығын қылма жаманның.
 Келдің бе аман-саламат,
 Жаннан асқан манабым?
 Мың айналсам өзіңнен,
 Табылар ма амалың?!
 Бір өзіңдей көрмеймін
 Дүниенің барша адамын.
 Ғашық оты ішімде,
 Күйіп-жанып барамын.
 Сөйлеші, қалқам, шыныңды,
 Болмаса өліп қаламын!
 Осыны айтып Құлқаныс
 Құшақтай алды баланы.
 Ашуланды Зеберше,
 Көңілінің болмай қалауы,
 Итеріп қызды тастады.

– Сөзіңнің жоқ, – деп, – керегі,
 Аулақ жүр, – деп жекірді,
 Көрмеймін енді бетіңді!
 Масқаралап қуыпсың,
 Жіберсем саған кемпірді.
 Уәдесі жоқ екен деп,
 Байқап ем сонда-ақ ниетіңді.
 Келмей жатып кекетіп,
 Көрсеттің және өкімді.
 Балалықпен келіппін,

¹ Алал, халал /араб/ – некелеп алған; заңды; адал.

² Мәәзүр /араб/ – кемшілік; қателік.

Жинадым жаңа есімді.
Үйреніп қалған ұқсайсың
Жекіріп жетім-жесірді.
Қош боп тұр, қорықтым, қайтайын,
Жармасаң егер өтімді.
Ішінен жақсы көрсе де,
Қызға сырын бермеді.
Жоғары сөйле қыздан деп,
Кәмілдің айтқан тілі еді.
Айтып еді сондықтан,
Ниетін қыздың білгелі.

Қаныстың кетгі шыдамы,
Егіліп қатты жылады.
Ойына түскен сөздерін
Айтуға шама келмеді,
Аяғынан сүйіп, өбеді.
Босап кетгі Зебер де,
Сыр бермейін деп еді.
Құшақтап алып бір-бірін,
Аймаласа береді.
Жатыр екен сүйісіп,
Жақындап Кәміл кеп еді:
«Ұялар, – деп, – көрінсем»,
Баспалап үйге жөнеді.
Екі ғашық қосылып,
Бір-біріне сенеді.
Жасырайық несіне,
Бұрынғының жолы еді.
Соларды айтқын сүйген деп,
Сағынып ойлап-күйген деп,
Бір мезгілдер болғанда,
Құлқаныс жатыр күлмеңдеп,
Жиік алған сұңқардай,
Зеберше жатыр имеңдеп.
Құлқаныс айтты Зеберге:
«Ар жағына тиме» деп,
Оған Зебер болмады,
Жіберді бәрін түйрелеп.
Ышқынып сұлу ыршышты.
Өлдім деп дауысы бір шықты.
Ғашықтығы құрысын,
Жолықтым қандай күйге деп.
Сол бір кез баста тұрсайшы,
Опасыз жалған, дүние боқ.
Бір-біріне зар еді,
Кездесіп бүгін жолықты,

Екі ғашық қосылып,
Көңілдері толыпты.
Ақылменен ойланып,
Жан-жағын тегіс шолыпты.
Сай қосылып екі жас,
Дегеніне жетіпті,
Аймаласып, сүйісіп,
Көп тамаша өтіпті.
Келер күн түнде келуге
Уәдені берік бекітті.
Көп отырды сырласып,
Бөліне алмай бір басып,
Бір мезгілдер болғанда
Көзі ілініп кетіпті.

Бұл сөз тұрсын мұнымен,
Қасым деген бар еді,
Өтеннен бұрын хан еді.
Өзі өліп басында,
Панасы болмай басында,
Кәлен деген палуан
Жалғыз ұлы бар еді,
Жігіт еді еркөңіл,
Бір атадан тақ еді.
Жастайынан патшаның
Қызметін қылған бала еді,
Әскербасы сардар боп,
Өтеннен орын ап еді.
Хан қызына жасынан
Кәлен де ғашық боп еді,
Көнбеп еді Құлқаныс,
Бес рет жаушы сап еді.
Жүруші еді айналып
Сол қыздың алды-артында.
Қаламап еді Құлқаныс,
Шықса да аты халқында.
Қаланы кезек күзету
Міндет болған жалпыға.
Күзетте Кәлен жүр еді,
Нөкерін ертіп қасына.
Бақ майданға кеп еді,
Ат мінбей жаяу астына.
Басқа елден келген зәреде
Жоқ па деп кісі осында.
Құлқаныс, Зебер кез болды
Ұйықтап жатқан қалпында.
Құлқанысты таныды,

Кәлен аң-таң қалады.
Бұрыннан қызда өші бар,
Бас салып байлап алады,
Қол-аяғын бекітіп,
Зынданға әкеп салады.
Қарауыл қойды: «Сақ бол!» – деп,
Сенімді үш-төрт адамды.
Жайына кетті ер Кәлен:
«Келемін, – деп, – ертемен».

Енді баян қылалық
Құлқаныс, Зебер баланы.
Ендігі сөзді айтайын
Әппақшаның ұлынан,
Өтеншенің қызынан.
Қосыла алмай зар болып,
Ынтық боп жүрген бұрыннан
Екі ғашық кездесіп,
Қосылдық деген шынымен.
Салыққан екен Құлқаныс,
Ұйықтамай үш күн-түнімен,
Зеберше болса бұрыннан
Ұйқыға диқан тығылған.
Көптен ынтық екі жас,
Кезінде көңіл тынылған,
Ұйқы дұшпан оларды
Шығарды ақыр жолынан.
Бір бәлеге кез болды
Ойда жоқ жерде қырымнан.
Өкініш жоқ өткенге,
Бермейді пайда жұлынған.
Ақырын Құдай оңдасын,
Еңбегі зая болмасын!
Құлқаныс, Зебер екі жас
Зынданда қалды сонымен.

Түбіне зындан жеткен соң,
Адамның бәрі кеткен соң,
Құлқаныс пен Зеберше
Жинады есін көптен соң.
Құлқаныс сонда сөйлейді:
– Жаңылмай естен асығып,
Бермеді деп тілекті,
Қылмайық Хаққа қарсылық.
Екі-үш сағат болса да,
Өмір сүрдік қосылып.
Тағдыр жетсе өлерміз,

Ертең дарға асылып,
Оңдаса Құдай шығармыз,
Қойғанмен тасқа бастырып.
Босат деп енді Кәленге,
Болмайық құлдық бас ұрып!
Құдай әділ Падиша,
Қыла алмас ешкім қарсылық,
Көрмейтін Хақтың жері жоқ,
Қойғанмен пенде жасырып.
Рақымы жоқ ит екен,
Кәленнен өзім жерідім,
Не жақсылық күтеді
Қолынан адам бөрінің.
Бір тиындай көрмеді
Екі жастың өмірін,
Бүлдірер жаман іс болды
Атамның менің көңілін.
Атаңа сенің айтуға
Қашықтығы жеріңнің.
Жапа-жалғыз келіпсің
Баласыңдай перінің.
Естісе іздеп келетін,
Қолының ұшын беретін,
Бұл шаһардың ішінде
Жоқ па еді таныс серігің?

Зеберше сонда сөйлейді,
Құлқаныс солай деп еді:
– Бірді-екілі бұл жерге
Келгенім бұрын жоқ еді,
Өзің қуған кемпірдің
Әзипа атын дер еді.
Үйінде соның жолдасым
Кәміл деген ер еді,
Жол бастап ертіп кеп еді.
Хабар айтар жан болса,
Біздерді келіп көреді.
Уәзірі еді атамның,
Ақылдың диқан кені еді.
Жолығар түні өзіңмен
«Сақ болғын өте» деп еді.
Айтпай-ақ өзі білетін,
Бір істің шықса дерегі.
Осы күйде жатқанда,
Кім оған хабар береді?
Болса да жалғыз жан қиып,
Біз үшін қайғы жер еді.

Уаллаһу әләм¹, құтқару
Қолынан соның келеді.

Құлқаныс мұны естіп,
Артықша қатты қуанды.
— Қарауыл! — деп зынданнан,
Айғайлап дауысын шығарды.
Қарауыл келіп тыңдады,
Ер еді ол да шыдамды.
Құлқаныс сонда сөйлейді:
— Тыңдағын, — деп, — жан аға,
Бұйрық болса Құдайдан,
Қашқанмен пенде қала ма?!
Ойлаймыз болсақ бала да,
Іс қылмай-ақ күнәлі,
Барамыз күйіп жалаға.
Біз де адамның баласы,
Туды деп аңнан санама.
Әзипа деген кемпір бар
Тұратын осы қалада.
Көрініп тұр үйі де,
Қашық емес және де.
Амалдап, көке, хабар айт
Сондағы өкіл ағама:
«Құлады Ай мен Күніңіз,
Жер жарылып бағана».
Осыны айтып жүре бер,
Алды-артыңа қарама!
Орамалға түйіп бес тіллә,
Лақтырды деп: «Ал, аға!
Аз да болса несібе,
Ауқат қыл қатын-балаңа.
Әзірге осы барымыз,
Жолыңда басым садаға».

Қарауыл сонда көнеді,
Қызыққан пұлға жоқ еді,
Уыздай екі балаға
Рақымы келеді.
Таңға жақын кезі еді,
Тығызын істің сезеді,
Үйін сұрап кемпірдің,
Жүгіре басып жөнөді.
Кемпірдің үйін көреді,
Асығып жылдам кіреді,
Төр алдында бейхабар

¹ Уаллаһу әләм /араб/ — Аллаға аян.

Кәмілді жатқан көреді.
Қарауылдың Кәмілге
Сондағы айтқан сөзі еді:
– Жақсы жігіт, тұрыңыз,
Сөзімді бабар¹ қылыңыз!
Қақ жарылып қара жер,
Құлады Ай мен Күніңіз!
Орнады түнек басыңа,
Дауасын ойлап біліңіз.
Айтуға келем әдейі,
Қош болып, қайыр тұрыңыз!
Айтқан сөзі бұл еді,
Басқаға тілі келмеді.
Кәміл қалды орнында,
Қарауыл қайтып жөнелді,
Өзінің келді орнына,
Бұл сырды ешкім білмеді.

Боп қалды таңның уақыты,
Байқады Кәміл бұл көпті.
«Тұрыңыз, – деп, – шешеке!»
Кемпірді Кәміл оятты.
Жіберді Кәміл маманы,
Бір есекті табады.
Керек затты даярлап,
Қоржынына салады.
Ақ киімді киеді,
Басына сәлде орады.
Мойнына тағып тәспісін,
Қолына аса алады.
Кәрі кісі десін деп,
Шайырлап сақал жамады.
Қараңғыдан қардай ғып,
Ағартып борды жағады.
Танымайтын боп қалды,
Көрсен де кісі жаңағы.
Осылайша Кәміл ер
Зынданға жетіп барады.
Қарауылдың сол кезде
Кәмілді көзі шалады.
«Адам ба, – деп, – зиянды?»
Қасына келді шамалы.
Түрін көріп Кәмілдің,
Тамаша қайран қалады.
«Бір әулие екен» деп,

¹ Бабар қылу – тыңдау, ескеру.

Көңіліне күдік алмады.
Сонда Кәміл «Алла» деді,
Зынданға келді тура енді,
Қарауылдар тік тұрды,
Сонда Кәміл сөйлейді:

— Аман-есен, балларым,
Жүрсің бе тегіс саламат!
Мал-бастарың аман-сау,
Денің сахат, көңілің шат.
Ғаріпке қылса жақсылық,
Кем болмас деген адамзат.
Келіп ем мұнда жақындап,
Ибадат¹ қып ел ақтап.
Себеп болып бір жұмыс,
Кеп қалдым көріп керемет.
Дені сау болса адамның,
Тірлікте қызық көргені.
Бала-шаға менде жоқ,
Қыдырғаным ел, — деді.
Мүсәпір екі бар екен
Зынданда сіздің ер, — деді.
Жақын жерге қонып ем,
Түнімен маза бермеді.
Жылағанда егіліп,
Түнімен ұйқым келмеді.
Келіп едім соларға,
Қолымнан қайыр бергелі,
Рас па екен түсім деп,
Көзіммен және көргелі.
Іздегенім — шапағат,
Ойламаймын өңгені.
Зынданға түсіп шығуға
Маған рұқсат бер, — деді.
Алты тіллә берейін,
Қоймайын құр сендерді.

Қарауылдар ойлады:
«Бір дуана кісі», — деп.
Түссе түссін, қайтеді,
Кімде бар мұның ісі, — деп.
Қас болғанмен не етеді?!
Жетеді кімге күші?» — деп.
Санап алды алты тіллә,
«Олжамыз әзір осы», — деп.
Дуананың сөзіне

¹ Ибадат /араб/ — иба, ізет, тағзым.

Қарауылдар таңғалды.
«Кім еді, – деп, – нәсілің?»
Ешбір жауап алмады.
Сөйлесуге уақыт жоқ,
Таң атуға айналды,
Оңай түскен олжа деп,
Тілләға көңілі алданды.
Көңілдері қош болып,
«Құп, тақсыр!» – деп ұнады.
– Дереву түсіп шығыңыз,
Біз осында тұралы.
Падиша көрсе өлтірер,
Болмаса басың күнәлі.
Қарауылдар үш-үштен
Кезектесіп тұрады.
Ауысатұғын кезектің
Жақындап қалды уағы.
Сыбырласып өзді-өзі
Сөйлеген сөзі сондағы:
– Үшеуміз де өлеміз,
Білдірсе біреу мынаны.
«Сұраусыз дарға асқын» деп
Падиша өкім қылады,
Дегенді айтып сырласып
Сабыр-тағат қылады.

Бұл қарауыл үш еді,
Зәресі сөйтіп ұшады.
Арқан байлап Кәмілді
Зынданға салды үшеуі.
Есекті қойып далаға,
Зынданға Кәміл түседі.
«Шығыңыз, – деді, – ертерек,
Жауапты сізден күтеді».
Бір мезгілде зынданның
Түбіне Кәміл жетеді.
Ақыл айтып балалармен
Аз әңгімелеседі.
Ойланбай тапты амалды,
Айласы көп кісі еді.
Аяқ-қолын босатып,
Киімдерін шешеді.
Кигізді қызға киімін.
Ойлағаны осы еді.
Құлқанысты шайхы ғып
Өнері жұрттан асады.
Құлқаныс, Зебер Кәмілмен

Үшеуі ақылдасады.
Істейтін істің жағдайын
Бұларға Кәміл нұсқады.
«Қайт, — деді, — жылдам, келінжан,
Есекке мініп тыстағы».
«Қайыр қош» деп Құлқаныс,
Арқаннан енді ұстады.
Арқанды сілкіп ер Кәміл,
Тартқын деп белгі жасады,
Қарауыл қызды шығарып,
Есегін даяр тосады.
Айтуымен Кәмілдің
Құлқаныс мінді есекке.
Қиын-қыстау тар жерде
Ұят деген есеп пе?!
Ақылымен Кәмілдің
Ілінбеді өсекке.
Ордаға келіп қауіпсіз,
Жатады кіріп төсекке.
Зеберге Кәміл кигізді
Құлқаныстың киімін,
Өзі алып киінді
Зебердің барша бұйымын.
Бір өзі шешті ақылмен
Барлық істің түйінін,
Өткізген қайсар ер еді
Тұрмыстың талай қиынын.
Барша жұрты ертең жиылар,
Падиша нені бұйырар,
Көрейік түрін Кәленнің
Патшадан алған сыйының.

Бұл сөз тұрсын мұнымен,
Берді деп Құдай шынымен,
Қуанғаннан ер Кәлен
Алмады дамыл түнімен.
Бір мезгілде таң атып,
Сүбхі садық білінген.
Ертеңменен ертелеп,
Баладай жүрген еркелеп,
Патшаға Кәлен барады,
Елден бұрын ертерек.
Нан піседі деміне
Тапқандай алтын ентелеп.
Падишаға айтқаны
Асығып сөзді келтелеп.

– Тәжідар¹ әділ падишам,
Келіп ем хабар бергелі.
Ақтұйғынға тиіпті
Балықшы құстың шеңгелі.
Қожа менен құл тең бе,
Бақа мен аққу көлдегі?!
Мүсәпір екен қаңғырған
Құлқаныстың әңгелі².
Сүйгенін қара қызыңның,
Қаламаушы еді өңгені.
Бағы майдан іші екен
Ойнайтұғын жерлері,
Құшақтасып жатқанда,
Кезімнің тура келгені.
Әлемге мағлұм падишам,
Білмейтін жан жоқ шеңдегі.
Жүзіңді төмен қылғаннан,
Жақсы еді оның өлгені.
Әбүйірің бар екен,
Дұшпаның басқа көрмеді.
Көрсін дедім көзіңіз,
Қиын деп айтсам сенбегі.
Шаһзадаларды сүймейтін
Сүйгені соны жөн бе еді!
Мұны қалай көресіз,
Зынданға салдым мен, – деді.

Мұны естіп патшаның
Сөйлеуге тілі келмеді,
Жай соққандай төбеден,
Қысылып жаны терледі,
Күйінбеген кісідей
Кәленге сырын бермеді.
Сабыр қылып сөз бастап:
– Бәрекелді, ер! – деді,
Бүгін хабар шашайын,
Жиылсын барша ел, – деді.
Ертең осы мезгілде
Алдыма өзің кел! – деді.
Әшкерә қылма ешкімге,
Уағында көр, – деді.
Ыбрат болсын өңгеге,
Ырзамын саған мен, – деді.
Жіберемін өзіңді,
Байлап алып кел, – деді.

¹ Тәжідар /парсы/ – тәж иесі.

² Әңгел – сүйгені; көңілдес.

Патша болмай кетсем де,
Өлтірткенім жөн, — деді.
Жұрт жиналып келгенше,
Ешкімге айтпа, Кәленім.
Бір-ақ білсін халайық
Қандай жұмыс екенін.
Ақылыңа тәнтімін,
Болады сенің дегенің.
Түрінен мынау хабардың
Құрыды, — деп, — амалым.
Ішінен патша тынады,
«Болды, — деп, — қандай заманым.
Бір қырсыққан іс екен,
Жаратқан артын оңғарсын!»
Осыны айтып патшаның
Құбылып түсі түнерді.
Естіген соң бұл сөзді,
Қызынан үзді күдерді.
Ертең кел деп Кәленге,
Жауап беріп жіберді.
Сонда Кәлен қуанып:
«Құп, тақсыр!» — деп жөнелді.

Үйіне патша келеді,
Демалып ауқат жемеді.
Тез шақыртып айымын,
Бір адамды жіберді.
Әйелі жетіп кеп еді,
Падиша сөйлей береді.
Екеуі-ақ еді оңаша,
Бөтен адам жоқ еді.
«Жалғыз қызың қайда?» — деп,
Падиша жасын төгеді.
Түсіне алмай бұл іске
Әйелі пәлен демеді.
Бір сұмдық болған екен деп,
Оның да кетті реңі,
Талып қалды падиша,
Әйелі қызға жөнелді.

«Түсті, — деп, — не іс басыма,
Қор болды деген осы ма?!»
Омырауы сел болды
Көзінен аққан жасына.
Жетіп келсе ордаға,
Сүрініп-құлап асыға,
Сейіл қып жүр Құлқаныс,

Қырық нөкері қасында.
Шешесі қайта жүгірді,
Қыздардан бойын жасыра.

Есінен танып падиша,
Жатыр еді жығылып.
Кіріп келді қатыны,
Көзінен жасы шұбырып.
Басын сүйеп отырды,
Падишаға үңіліп.
Қатыны сонда сөйлейді,
Ерінен көңілі түңіліп:
— Басыңды көтер, байым, — деп,
Кетіп қапты-ау жайың, — деп,
Осынша неге қысылдың,
Көңілінде бар ма уайым? — деп.

Бір кезде патша тұрады,
Ашып жауап қылмады.
— Қызың! ... қызың... — деді де,
Айта алмай тағы жылады.
Сабыр қылып қатыны,
Мән-жайын сұрады.
Қатынына патшаның
Сондағы айтқан жауабы:
— Қызың бір іс бастапты,
Басымды топқа қоспапты.
Бір жігітпен жатқанын,
Зынданға Кәлен тастапты.
Рас шығар айтқаны,
Неғып айтсын қоспақты.
Лаулап жанған бір өртті
Ордаға Құдай нұсқапты.
Өмірімде өзімнің
Көрмеп ем мұндай қыспақты!
Перзентім — жалғыз қызым-ды
Қылыпты төмен жүзімді.
Жасымның қайтқан шағында
Дұшпандар басты ізімді.
Осындай сөзді есітіп,
Көңілім жаман бұзылды.
Жан айтса да нанбас ем,
Татқандар айтты тұзымды.

Қатыны айтты патшаға:
— Дұшпанның сөзі немене,
Алдағанға азғырып,
Жақсы адам тілге ере ме?!

Қыз да болса, жалғызым,
Ондай атқа теңеме!
Осы сөзім рас деп,
Айтқандар жанын бере ме?!
Ордада жүр Құлқаныс,
Көрсетем, көңілің сене ме?
Сонда патша жылады:
— Ондай заман кәне! — деп.
Қыз да болса, жалғызым,
Пешенемде бары, — деп.
Дұшпандықпен көре алмай,
Жүрген болса әлі деп,
Өлтірер ем Кәленді,
Қырық та болса жаны, — деп.

Сабыр-тағат қылмады,
Орнынан тұрады.
Қалтыратты патшаны
Қатынының жауабы.
Жан-жағына жалтылдап,
Денелері қалтылдап,
Қорыққанмен бірдей қуанған,
Көзінің жасы тамшылап.
Әл-дәрмені құрыды,
Үш сүрініп жығылды.
Қатынына сүйеніп
Ордаға қарай жүгірді.
Деп еді қатын алдамыш,
Өзгерілмес болған іс.
Жетіп келсе ордаға,
Жүр екен қамсыз Құлқаныс.
Қуанғаннан жылады,
Етпетінен құлады.
— Түсім бе бұл іс, өң бе?! — деп,
Ешбір тағат қылмады.

Күлімдеп, жайнап, құлпырып,
Көргеннің көңілін толтырып
Жүр екен бауда Құлқаныс,
Қасында қырық қыз қосылып.
Көрген соң көңілі орнықты,
Уһ деп патша отырып.
Күлімдеп назбен керіліп,
Еркелеп сәнмен ерігіп,
Құдай берген екі аяқ
Бір басуға ерініп.
Патшаға келді Құлқаныс,

Қалған соң көзге көрініп,
Не дерін патша біле алмай,
Қарап тұрды телміріп.

Патшаның жетпей шыдамы,
Бұзылып көңілі жылады.
Ақылменен Құлқаныс
Болған істі сынады.
– Айналайын ата, – деп,
Неге болдың қапа? – деп,
Осынша неге қамықтың,
Қылды ма біреу жапа? – деп,
Өтініп қызы сұрады,
О да бірге жылады.
Патшаның сонда бұлтарып,
Қызына айтқан жауабы:
– Сағындым сені, шырақ! – деп,
Маңдайынан сипады.
Бармады аузы айтуға,
Ішінен қатты қуанды.
Кейін бе ұлдан бұл дағы,
Өмірде көрген шырағы!
Кәленнің сөзін ойласа,
Көзінен жасы шығады.
Ызаланып патшаның
Қалмады сабыр-шыдамы.
Падиша қайтты үйіне,
Артынан қыздар шұбады.
Атқа мініп падиша,
Әдетіменен тұрады.
«Жиылсын ертең тегіс» деп,
Халқына хабар қылады.
Жар шақыртып әр жерге,
Есепсіз адам жияды.
Кәлен де келді уәдемен,
Уәзір мен сәркар¹ бұл дағы.

Жиналды Құбыл қаласы,
Халқының асыл данасы.
Ашылар екен қандай боп
Өтірік-шынның арасы.
Падишаның сол уақта
Жұртқа айтқан намасы:
– Ойласып қылған жұмыстың
Болмайды кемдік-шаласы.
Ақиқат қылса әр істі,

¹ Сәркар /парсы/ – қолбасшы.

Білінер ақ пен қарасы.
Бір істің басын ұстап тұр
Қасым ханның баласы.
Өзгеде емес, Кәленнің
Бір өзімде жаласы.
Құлақ сап, халқым, тыңдаңыз,
Келер ме екен жобасы?
Ер Кәлен татқан тұзымды,
Бір іске көңілі бұзылды.
Аяқтан өрге тырмысып,
Зынданға сапты қызымды.
Рас болса айтқаны,
Күнәсі қыздың тізілді,
Өлтірейін дарға асып,
Қылыпты төмен жүзімді.
Әкелгін қызды, Кәленім,
Жаңа талап ер едің.
Рас болса айтқаның,
Өзіңнің болсын дегенің!
Орындайын мүддеңді,
Дүние болса керегің,
Дүние түгіл, қолымнан
Тағымды да берейін!
Таққа мініп тәж киіп,
Атаңның қылғын өрнегін.

Сонда Кәлен жөнөді,
Қасына ертіп нөкерін.
Қайырылып айтты патшаға:
– Сөзіңді сынап көрермін,
Ойнасымен қосақтап,
Қызыңды алып келермін!
Куә болсын көп халық,
Тәж-тағың болса берерің.
Ер Кәлен түсті жолына,
Нөкерін ертіп соңына.
Халық сұраған патшаны
Қор қылдым деп ойында.
Бір олжаға батуға,
Ел сұрап еркін жатуға,
Тарттырған дәм-тұз патшаның
Бәлеге басын шатуға,
Сәулетпенен ер Кәлен
Зынданның келді қасына.

Қарауылдар алдынан
Қол қусырып шығады.

«Түгел ме еді пенделер?» –
Олардан Кәлен сұрады.
Қарауылдың сондағы
Оларға айтқан жауабы:
– Құтылсын қайда бұларың,
Не себепті сұрадың?
Сенбейтіндей көңіліңіз
Бар ма еді бізде күмәнің?
Жан жолатпай зынданға,
Сақтықпенен тұрамын.
Беймезгіл жүрген жан болса,
Патша да болса ұрамын.
Қателік бізден болар деп,
Кетпесін, батыр, шыдамың.
Бұдан былай болмаса,
Әзірше аман, шырағым.

Нөкерімен зынданға
Жиылды Кәлен үймелеп,
Бір адамды түсірді,
Киімдерін түймелеп.
Шығарып алды пендені,
Арқанмен тартып сүйрелеп.
Кәміл менен Зеберді
Патшаға алып жөнелді,
Қолдарын байлап артына,
«Жүргін, – деп, – жылдам» кимелеп.
Ұрып-соғып келеді,
Көп азапты тартқызып,
Болсын деп күлкі халыққа,
Бетіне күйе жаққызып.
Қарамады анықтап,
Сенімді жерге баққызып.
Сөйлетпеді ешкімге,
Бір ауыз сөз қатқызып.
Халықтың жоқ деп озары,
Кәленнің көңілі жоғары.
Төбесі көкке жеткендей,
Теңселіп кетіп барады.
«Өзге түгіл, еттім, – деп,
Патшаны да жазалы»,
Өлең айтып ерігіп,
Әртүрлі әнге салады.
Бетіне келер адам жоқ,
Барша жұрт шошып ығады.
Келе жатып Кәленнің
Сондағы айтқан өлеңі:

– Дүниені ой шолғанда шағымданып,
 Өзіме тең табуға құмарланып,
 Болғанға бетің жылтыр саған арнап,
 Жібердім неше жаушы жүзім салып.
 Өз теңің үлкен орын нәсіп болмай,
 Бермеп ең жылы жауап ырзаланып.
 Қолыма бір себептен түссе деуші ем,
 Көңілімді қайтарғанға қатты налып.

Келтірдім кезегіңді пенде қылып,
 Мінеки, дегеніме жеттім анық,
 Алуға енді сені арланамын,
 Қылмасам қызметкер сұрап алып.
 Желкеңді бидайықтай қидым, міне,
 Дегенде жаңа жеттім өліп-талып.
 Кетсем де бүгін өліп арманым жоқ,
 Еркесін падишаның қылдым ғаріп.

Осылай деді ер Кәлен,
 Көңілі өсіп шаттанып.
 Ісіп-кеуіп мақтанып,
 Іштегісін ақтарып,
 Жалғызына патшаның
 Қор қылдым деп дақ салып.
 Сөйлеген сөзі сондағы
 Өтеншеге ап барып:
 – Алдияр тақсыр, падишам,
 Алып келдім пендені,
 Айтқаныма нанбас ең,
 Көзіңнің жақсы көргені.
 Ақсұңқарға тиіпті
 Балықшы құстың шеңгелі,
 Қаршығаның түйғыны
 Қарғаның бопты жемдері.
 Дейтұғын болды ұры-қар
 Падишаның өрнегі.
 Өтірік-өсек демесін,
 Халықтың жақсы көргені!
 Ендігісін өзің біл,
 Ұстыны¹ ең, халықтың тірегі.
 Әлпештеген қызыңның
 Қолынан осы келгені.
 Реңі қызыл болғанға,
 Мен де бұрын жөн көрдім.
 Жаушы салдым неше рет,
 Жылы жауап көрмедім.

¹ Ұстын /түркі/ – тіреу.

Тұлпардан туған жабы екен,
Тауыпты ақыр теңдерін.
Обалы, патшам, өзіңе,
Теңі келсе бермедің!
Жақсыменен қосылса,
Үйретер еді жөндерін.
«Хан қызы» деген аты бар,
Қызы да емес өңгенің,
Қисынсыз сақтап қызыңды,
Сорыңның қара жеңгенін!
Әртүрлі салдың өнерге,
Бермекші ең әуел Зеберге,
Одан айнып ажырап,
Бермек болдың Төленге.
Дәулеті халықтың бұйырмай,
Жұғысты болды төменге.
Әлпештеген жалғызың
Әбүйірді төгер ме!
Өзіңнен десем бұл жұмыс,
Көңіліңе, патшам, келер ме!
Қандай өкім қылар ең,
Басқа адам болса егер де.
Патша едің әділ, өзің біл,
Атағың шыққан көп елге.

Сонда патша сөйлейді,
Кәленнің тыңдап сөздерін:
– Жамағат, әуел қараңдар,
Кім екен байқап өздерің.
Ордада жүр Құлқаныс,
Болмаса қызы өңгенің.
«Осылай» деген халыққа
Патшаның болды жауабы.
Ортаға алып пендені,
Барша халық тұрады.
Ақиқатын білгенше,
Қалмады жұрттың шыдамы.
Сонда халық Кәмілден:
«Нәсілің кім?» – деп сұрады.
Не айтар деп ентелеп,
Сонда Кәміл былай деп,
Әл-жайын баян қылғаны:
– Айнала халық торлады,
Айтпасам сырды болмады.
Елімнің аты – Ноғайлы,
Шаһарымыз – Ордалы.
Көрмедім рақат, жақсылық,

Ержетіп адам болғалы.
Осы да естен шыға ма,
Маңдайдың бітіп сорлары.
Еліміздің патшасы
Әппақша деген хан еді.
Маңдайымда перзентім,
Жалғыз қызым бар еді.
Бұл қызымның күйеуі
Мүсәпір жетім бала еді.
Жоқ еді ата-анасы,
Алуға келмей шамасы,
Аламын деп қызымды,
Талайдың болды таласы.
Ол да маза бермеді
Әппақшаның баласы.
Қызыма сырттан таласып,
Жауласты халықтың арасы.
Басқаға берсем қызымды,
Жетімнің ұрар наласы.
Осында қашып келіп ем,
Басымның болмай панасы.
Әділ деп сізді естіп,
Артық деп ақыл-санасы.
Айтайын деп ем жайымды,
Қорғауға келсе шамасы.
Әділдігі артық деп,
Әр жерден шықты дерегің,
Алып қашып қызымды,
Сол себептен кеп едім.
Деп ойлап ем саяңда,
Жетімнің ақысын берейін.
Бейшара сондай ғаріппін,
Арып-ашып талыппын.
Неше күндей жол жүріп,
Әбден шаршап жалықтым.
Ордаңа жетпей түн болып,
Бір шарбаққа жолықтым.
Ұйықтап кетсем қисайып,
Зынданға түсіп қалыппын.
Ұрып-соғып айдалып,
Алдына келдім халықтың.
Осынша бізді қысқандай,
Біреудің несін алыппын?
Еңбегім келген еш болды,
Панасы деп ем ғаріптің.
Әділдігің осы ма,
Бейкүнә бізді налыттың!

Осылай Кәміл деп еді,
Бүлінді Кәлен сасқалы.
Жүрегі қорқып суылдап,
Ойлады қулық қашқалы.
Ебін тауып қашуға,
Былай деп сөзді бастады:
– Мүсәпірмін дегені,
Айтып тұрған бас қамы.
Ұстағаным – Құлқаныс,
Білмеймін бе басқаны?!
Танымасын дегені,
Именіп бетін басқаны.
Осының өзі Құлқаныс,
Іздеме бау мен бақшаны.
Ықтият боп тұрмасақ,
Қит етсе, ләзім¹ қашпағы!
Анықтап тексер, халайық,
Орасан бір іс басталды.
Ордада жүр деп Құлқаныс,
Өтірік патша қасқарды².
Әкеліп қызын көрсетсін,
Десе де әділ патшаны,
Іс бір жақта болғанша,
Асығып енді саспалы.

Кәлен солай деп еді,
Патша мақұл көреді,
Көңіліне қулық кірмеді,
Сонда патша сөйлейді:
– Құлқаныс есін білгелі,
Жиынға кірген жоқ еді.
Сол себептен ұялып,
Бұл жерге қиын келмегі.
Сыртынан топтың көрінсін
Біреуің ертіп кел! – деді.
Сенбесең егер, Кәленім,
Өзің де барып көр! – деді.

Бұл сөзге Кәлен қуанды,
Ойлағаны сол еді.
Бір жігіт ертіп соңына,
Ордаға Кәлен жөнеді.
Орда мен жиын арасы
Үш шақырым жер еді,
Адыр-өзен, сайы көп,

¹ Ләзім /араб/ – жөн, дұрыс.

² Қасқару – бірбеткейлену, қасарысу.

Ағашы да мол еді.
Басын бұрып атының,
Бір сайға Кәлен енеді.
Жолдасына: «Жүре тұр,
Жетемін қуып мен!» — деді.
Кете берді жолдасы,
Ойламай бөтен-өңгені.
Жасауыл ұзап кеткен соң,
Кәлен де қашып жөнеді.
Көп күтті қарап жасауыл,
Артынан Кәлен келмеді.
Қайырылып қайта кеп еді,
Қарасын анық көрмеді.
«Кәлен қашып кетті» деп,
Ханға хабар берді енді.
Қуғыншы шығып артынан
Қарады талай жерлерді.
Таба алмады еш адам,
Білінбей кетті дерегі.

Өтеннен енді сөйлейін,
Бара тұрсын ер Кәлен.
Таба алмады Кәленді,
Кеш болды қарап ертеден.
Құлығын білмей Кәленнің,
Ойлаған екен келтеден.
Құлқанысты шақыртып,
Келтірді патша жиынға.
Көрген жанды таңдантты,
Міні жоқ титтей бойында.
Падиша айтты жұртына,
Шығарып дертін сыртына:
— Кәленнің салған жаласы,
Ойпырым-ау, соқты-ау қиынға.
Ыза боп қатты жыладым,
Естіп тағат қылмадым,
Көзіңмен, жұртым, көріңдер
Кәленнің салған лаңын.
Дарға астырып өлтіріп
Тарқамады құмарым.

Уәзірлер айтты патшаға:
— Алдияр, тақсыр, ханымыз,
Бір бұзықтың зарынан,
Қысылды-ау жаман жаныңыз.
Ақтай күйіп жалаға,
Шайқалды-ау ұят-арыңыз.

Қандай сұмдық болды деп,
 Күйзелдік біз де бәріміз.
 Түзеуге келмей әліміз,
 Қалмады сәулет-сәніміз.
 Жазасын мықтап бере алмай,
 Алданып бір-ақ қалдыңыз.
 Көптен қоян құтылмас,
 Ұстармыз әлі-ақ оны біз.
 Падишалардан кем емес,
 Зерек екен қызыңыз.
 Аман болса мұныңыз,
 Болмас-ты төмен жүзіңіз.
 Кәлен айтып тұрғанда-ақ
 Дегенбіз бекер мұны біз.
 «Бір жаман ит үрді» деп,
 Болмасын қапа көңіліңіз.

Істің жөнін айырды,
 Патша жұртын қайырды.
 Билер мен бегін шақыртып,
 Қонақ қылды Кәмілді.
 Жұрт алдында ер Кәміл
 Патшаға қылды арызды:
 – Тәжідар әділ падишам,
 Келіп ем естіп намыңды¹.
 Қызымды қойып қолыңа,
 Іздеп барып аулымды,
 Күйеуімді ертіп кеп,
 Өтесем деп ем қарызымды.
 Басқаның сізден бұл жұмыс
 Қолынан келмес тәрізді.
 Сөйтіп бір жәрдем етпесең,
 Аяйтын жан жоқ жалғызды.
 Паналар торғай бұтаны,
 Отырмын айтып зарымды.
 Кәміл солай деп еді,
 Падиша мақұл көреді.
 «Құлқаныс не дер екен?» – деп,
 Қызына адам жіберді.
 Алдына қызы келеді:
 – Не айтасыз, ата? – деп еді.
 Құлқанысқа патшаның
 Сондағы айтқан сөзі еді:
 – Көзімнің нұры, қарағым,
 Белдегі қару-жарағым,

¹ Нам /парсы/ – ат, есім; дәңқ, атақ.

Айтып отыр бір арыз,
Құлыным, құтты қонағың,
«Аз күнге, — дейді, — аманат,
Қызымды сізге қоямын».
Бұл сөзін өзім ұнаттым,
Көреді қалай қиялың?
Лайық көрдім ойымша
Өзіңмен бірге тұрарын.
Нөкерің емес, бұл мейман,
Қабағына қарағын,
Басқа қыздың бәрінен
Жоғары мұны санағын.
Ілінбесін өсекке,
Зияны тиіп даланың.
Қатты тиіп көңіліне,
Қылмағын ісін баланың.
Айтайын деп ем осыны,
Шақырған сені себебім.

Қыз айтты: «Ата, әміріңді
Жан-ділмен қабыл аламын.
Ешкімнен зиян тигізбей,
Қадірлеп өзім бағамын.
Бейғам болсын қонағың,
Қылмаймын ісін жаманның».
Осыны айтып Құлқаныс,
Ертіп кетті Зеберді.
Қош айтысып патшамен
Кәміл де енді жөнелді.
Өзі көрген кемпірдің
Үйіне жетіп келеді.
Жата берді «Құдай» деп,
Ойламай қайғы көп енді.

Кәміл жатсын осымен,
Кәленнен болсын сөз енді.
Неше күн-түн жүреді,
Қауас ханның аулына
Аман-есен келеді.
Қауас хан да зор патша,
Салтанаты мол еді.
Өтеннің Қауас құдасын
Данышпан өте дер еді.
Қауас ханның баласы
Төлен деген ер еді,
Едіреңдеген неме еді.
Қарсы боп Кәлен Өтенге,

Қолынан түк те келмеді.
Азғыруға Қауасты
Әдейі Кәлен кеп еді.
Жақсылары ол елдің
Кәленді тегіс біледі.
Алдына келіп Кәленнің
Қол алып сәлем береді.
Жамандықпен келді деп,
Ойлаған ешкім жоқ еді.
Сөйледі сонда ер Кәлен,
«Құдалар қалай?» – деп еді.

– Сұрама, Қауас, құданды,
Бір сұмдық құдаң қылған-ды,
Бауырына тартты Құлқаныс
Қойнына кірген жыланды.
Зынданға салдым ұстап ап,
Ете алмай бұған шыдамды.
Халықты тегіс шақыртып,
Айтып едім бұларды.
Өтірік деп сөзімді,
Өзіме жапты күмәнді.
Ар-намысқа шыдамай,
Ішім толған тұман-ды.
Масқара қып халыққа,
Көңілінен сені шығарды.
Таңдап болған құдаңыз
Сөйтіп салды лаңды.
Өтенше, сені кемітіп,
Бермеуге теңдік сыбанды.
Бір жалғызды қаңғыртып
Етуге күйеу ойланды.
Тірі боп көніп қорлыққа,
Сақтайсыз қайда бұл жанды!

Мұны естіп Қауас хан,
Ашуланып түнерді,
Құдадан үзді күдерді.
«Жиналсын, – деп, – көп қосын»,
Халқына хабар жіберді.
Ашуланып, шаңқылдап,
Денелері қалтылдап,
Дірілдеп кетті жүрегі.
– Қылайын, – деді, – бір сойқан,
Өтенше кімге күледі?
Обалы енді өзіне,
Танымай мені жүр ме еді.

Құрал сайлап, күш қосып,
 Жиыла берсін ел, — деді.
 Елеусіз, Төлен, бір өзің,
 Жалғыз барып біл, — деді.
 Рас болса бұл жұмыс,
 Жылдам қайтып кел, — деді.
 Анығын білмей, қосынмен
 Барғаным болмас жөн, — деді.

Атасы солай деген соң,
 Ойланбай Төлен көп енді,
 Жүріп кетті бір өзі.
 Басқаға көңілі сенбеді,
 Бірнеше күн жол жүріп,
 Құбылға жетіп келеді.
 Жалғыз келген күйеуді
 Жеңгелері көреді.
 Атын ұстап түсіріп,
 Қыздарға хабар береді.
 Мейман қызбен қырық бір боп,
 Құлқаныс та кеп еді.
 Алып барды қоршалап
 Ортаға бәрі Төленді.
 Әртүрлі дәмнен даярлап,
 Төленге ауқат береді.
 Ойын-күлкі тамаша,
 Әртүрлі қызық көп еді.
 Мұны көріп Төленнің
 Көңіліне күдік келмеді.
 Жамандыққа келгенін
 Ақылмен Қаныс біледі.
 Еткенсіп әзіл кекетіп,
 Төленге айтқан өлеңі:

— Сүйген жар, ғашық болған айға теңеп,
 Жоқ еді жуысқалы сізден дерек.
 Жүрмісіз аман-есен, молда Төлен?
 Келіпсіз шақырусыз өзің елеп.
 Сұраған бір шаһарды хан баласы,
 Жетелеп бес-он жылқы келер деп ек.
 Жұмысың, шаһизада, қанша асығыс,
 Қасыңа, жалғыз кепсің, ертпей көмек.
 Күтініп жолың тосып тұрар едік,
 Кез болдың қамсыз жерде елден ерек.
 Болғалы сіз азамат талай болды,
 Болдық па, шаһизада, бүгін керек?
 Біреуі қырық қыздың — қалыңдығың,

Танып ал, дана болсаң, ақылың зерек.
Шын ашық мағшұғын танып алар,
Өзінің боп жүрмесе көңілі бөлек.

Құлқаныс солай деп еді,
Ер Төлен пәлен демеді.
Қызылгүл деген жеңгесі
Қасына жақын келеді.
Төленді көңілі ұнатып,
Сыбырлап айтты тіл қатып:
– Не қыласың, бикешжан,
Күйеудің көңілін қабартып.
Түн жарымы боп қалды,
Дембе-дем қалар таң атып.
Жұмыс қылғын, қарағым,
Тегіңе ата мінәсіп¹.

Құлқаныс айтты: «Жеңеше,
Мінезің еді өзгеше.
Әл тастап әзіл қыламын,
Пәлен-түген демеші!
Өліп кетпес бір түнге,
Күндегі күні көресі.
Қандай екен деп тұрмын
Қауас ханның төресі.
Мен де тәуір көремін,
Болмаса сенен он есе.
Әзіл қылып отырмын
Ақыл-есін байқарға.
Бар ма екен сана-сезімі,
Қайырып жауап айтар ма?!
Артық болса теңінен,
Халыққа жақсы айтарға.
Баласы жылап бара ма,
Төрт-бес күн жатып қайтар да.

– Мақұл! – деді Қызылгүл,
Олай десең, өзің біл!
Қауастың бұл да жалғызы,
Көңіліне тимес жұмыс қыл.
Сүйдіретін, бұзатын
Жігіт пен қызды – қызыл тіл.
Қылма деп қапа болған соң,
Барар жерің ақыр бір!
Үйіне қайтты жеңгесі,
Үйретіп қызға көп ақыл.

¹ Мінәсіп /араб/ – жарасымды, лайық.

Ұялып қыздан ер Төлен,
Ешбір жауап қылмады.
Отырды Қаныс асыла,
Мейман қыз шайды құяды.
Төленге Қаныс білдірмей
У қосып шайға қояды.
Шайды ішіп болған соң,
Бәрі де төсек салады.
Құлқаныс, Зебер, Төленмен
Оңаша үйге шығады.
Біраздан соң есі ауып,
Төлен талып құлады.
Асығып ешбір саспады,
Қыздарды басқа қоспады,
Ақылменен Құлқаныс
Осындай бір іс бастады.
Қара ниет залымды
Ебін тауып ұстады.
Құлқаныс пен Зеберше
Шақырмай ешбір басқаны,
Алып шығып Төленді,
Боқханаға тастады.
Салмақпен Төлен гүмп етіп,
Көрінбей кетті бастары,
Асырды сөйтіп өнерді,
Өткізбей уақыт көп енді.
Еркектің киіп киімін,
Кәмілге Зебер жөнелді,
Бастан-аяқ сөйлейді
Өлтіргенін Төленді.
Мұны естіп Кәмілдің
Шаттыққа көңілі бөленді.
Ендігі сөзді тыңдаңыз
Құлқаныстан ал енді.

Бір мезгілдер болғанда,
Таң бозарып білінді.
Жеңгесіне Құлқаныс
Нөкерін ерте жүгірді.
Құлқаныс сонда сөйледі,
Келтіріп әрең тілін де:
— Жеңеше, болдық масқара,
Шынымен жұмыс бүлінді.
Қатты ұйқымнан шошынып,
Түн жарымы шенінде,
Мейман қыз бен Төлен жоқ,
Оянып ашсам көзімді.

Мейман қызды Төленнің
Қашқаны алып сезілді.
Мақтап болған Төленің
Қып кетті төмен жүзімді.
Жетім қыздан жаман боп,
Көріндім жұрттың көзіне.
Көп ұзаған жоқ шығар,
Атама білдір тезінде.

Сасып қалды жеңгесі,
Құлқаныс солай деп еді.
Тез асығып киініп,
Ордаға жетіп келеді.
Қызылгүлдің патшаға
Сондағы айтқан тілі еді:
– Алдияр, тақсыр, ханымыз,
Құлағыңды салыңыз!
Күйеуіңіз кеп еді,
Пида болды жанымыз.
Қызметін қып тік тұрып,
Алдында болдық бәріміз.
Таңға жақын ұйықтап ек,
Мейман қыз бен күйеу жоқ,
Бұл не деген болды кәп,
Болады қандай халіміз?
Күйеуіңіз алдапты,
Мейманды алып замғапты.
Жақын жерде дерек жоқ,
Қарадық тегіс жан-жақты.
Айтар сөзге сынық қып,
Бикешті жаман зарлатты.
Шөптей болып Бикештің
Реңі тіпті қалмапты!
Сүйіп болған күйеуің
Жетім қызды таңдапты.
Пенденікі – далбаса,
Құдай қылар әр гәпті.
Бойдақ екен ол қыз да,
Біреудің екен жесірі.
Өзі кетсе, еш гәп жоқ,
Тимесе елге кесірі.
Әдейі сізге келіп ем,
Айтайын деп осыны.

Мына сөзді есітіп,
Патша жаман шошыды,
Қырық жігітін жинап ап,

Сөйледі тегіс бұл сырды.
Төленді іздеп жан-жаққа
Қуғыншылар жосылды.
Қайтып келді бәрі де,
Білінбей ешбір жосыны.
Лажын таппай патшаның
Қалмады сабыр-шыдамы.
Алтын тақтан құлады,
Маңдайына ұрады.
«Қойып едім аманат,
Қайтеміз? – деп жылады.
Күйеуім еді бұрынғы
Әппақшаның ұланы.
Әзәзіл боп араға,
Қауастың тиді лаңы.
Ақ батаға ұрындым,
Кесірі соның бұл дағы.
Аманатқа қиянат
Қылғандай болдым мен тағы.
Оңдамаса бір Құдай,
Ақыры немен тынады?»
Тездеп қуып таппаса,
Салды ғой деп лаңды,
Жіберді жаушы жан-жаққа,
Еш хабары болмады.
Шын масқара болдық деп,
Көзінің жасын төгеді.

Осылайша падиша
Есін жиған жоқ еді.
Қасына ертіп Зеберді,
Ордаға Кәміл кіреді.
Қол қусырып әдеппен
Падишаға келеді.
Әдеппен Кәміл тағзым қып,
Патшаға сәлем береді.
Амандасып арыз ғып,
Сондағы айтқан сөзі еді:
– Жүрсіз бе, патшам, саламат,
Өте сізге көңілім шат!
Қолыңызда аман-сау
Отыр ма қойған аманат?!
Тағыңда ағар, падишам,
Шығардың үлкен бір әжет!
Күйеуім осы бала еді,
Өсіп-өнген жан еді.

Пәтіре¹ тауып өзгесі,
Жалғыз өзі қап еді.
Ағайынның ішінде
Бір атадан тақ еді.
Өзі сағыр жетімше,
Жанашыры жоқ еді.
Мен бердім ауқат, киімді,
Өлер жерге кеп еді.
Сонда патша сөйлейді,
Осылай Кәміл деп еді.

– Көрмеймісің, мейманым,
Құдайдың бізді атқанын!
Мақтанып алып мерт болып,
Ұятты сізге боп қалдым.
Талай жерді ақтардым,
Еш дерегін таппадым.
Мен сорлыға көп екен
Сақтағаны Жаппардың.
Пешенемде ұлым жоқ,
Жалғыз қызым бар еді,
Сол қызыма әуелден
Әппақша құда боп еді.
Суық сөз түсті араға,
Ажырағым жоқ еді.
Жайсаң дейтін шаһарда
Қауас деген хан еді.
Әппақтан күдер үзген соң,
Құда болған сол еді,
Қауас ханның баласы
Төлен деген ер еді.
Болғаным сырлас жоқ еді,
Едіреңдеген неме еді,
Қызыңды алып кетіпті,
Сол неме түнде кеп еді.
Аманатқа қиянат,
Қайтейін, бір іс болды енді.
Талай жерді қарадым,
Білінбейді дерегі.
Ақылымнан жаңылдым,
Осынша Хаққа не қылдым?!
Назасына қалдым-ау
Ақы иесі сағырдың.
Дос-дұшпанға мат² болып,
Бір өсекке таңылдым.

¹ Пәтіре – айла, амал.

² Мат /парсы/ – жеңіліс, ұтылыс.

Не керек ханның мырзасы,
Сау болса егер бір басы,
Осы жетім баланың
Оңдырмас мені көз жасы.
Қызымды алса, берейін,
Жетім екен демейін!
Құтты болсын бойына
Төленнен алған олжасы!

Осылай патша деп еді,
Кәміл де мақұл көреді.
«Тез келсін», — деп падиша,
Қызына адам жіберді.
Құлқаныс сонда келеді,
Өте солғын реңі.
Тұлымын сипап қызының,
Патшаның айтқан сөзі еді:
— Көзімнің нұры, қарағым,
Байқадым солғын түсің де.
Кіріптар қылып өсекке,
Оңғармапты ісіңді.
Таңдапты Төлен сол қызды
Осынша қыздың ішінде.
Жүзіңді төмен қылғанға
Көрсетсін Құдай қысымды!
Бұл не деген алапат,
Естіген жұртқа жаманат.
Істегендей боп қалдым
Аманатқа қиянат.
Әбүйір еді бізге де,
Мейманның болса көңілі шат.
Шақыртып ем өзіңді,
Көңілімде болып бір мақсат.
Залым патша екен деп,
Күлмесін дұшпан жамандап.
Әділеттік жұмыста
Болмайды ешбір ар-ұят.
Көрдім деп қорлық кетпесін,
Нала боп мейман жабырқап.
Самалын Құдай оңғарса,
Бітпейді кімге мал мен бақ!
Қатесіз-кемсіз бір Құдай,
Айыпсыз болмас адамзат.
«Жақсы әйел құлды хан қылар»,
Өткеннен қалған нақылият¹.

¹ Нақлият /араб/ — нақыл сөз, ақыл сөз.

Бар еді сана-сезімің,
 Ойлайтын істі пайымдап.
 Дос-дұшпанға мат қылма,
 Айтқанымды орындат.
 Қосайын деп ем жетімге,
 Қош көрсең, қалқам, сен ұнап.

Патша солай деп еді,
 Көнбесін қызы неге енді.
 Уәзірлері, сәркары,
 Бөтен адам жоқ еді.
 Құлқаныстың патшаға
 Сондағы айтқан өлеңі:

– Жан ата, жастайымнан асырадың,
 Басым сипап, арқамды қасыладың.
 Бұйырсаң қандай іске, жоқ демеймін.
 Орнына келтіргенше асығамын.
 Басымды бір өлімге берсең дағы,
 Жоқ демей, ырза болып қосыламын.
 Берсең де білімі жоқ құлға қиып,
 Әркімнен мәртебесін асырамын.
 Орнына бір жайлы боп іс келгенше,
 Жамандар қылар күлкі, жасырамын.
 Тірлікте адам басы не көрмейді,
 Іс болды қиын-қыстау, шошынамын.
 Шерінің¹ жемтігіне түлкі бармас,
 Алғанын қарға ала ма қаршығаның.
 Мақтаншақ әулекіні² көңілім сүймес,
 Қолынан іс келермен ашынамын.
 Дембе-дем Қауас ханмен жауласарсыз,
 Әппақты елші салып қосып алғын.

Құлқаныс солай деп еді,
 Атасы ырза болады.
 Теңеліп көкке талабы,
 Еліне хабар салады.
 Жетім демей, күйеу деп
 Әлпештеді баланы.
 Есепсіз халықты шақыртып,
 Жинады сансыз адамды.
 Қырық [күн] ұдай думан ғып,
 Даңғыра, дабыл қағады.
 Жердің жүзін күңіrentіп,
 Жаңғыртты Құбыл қаланы.

¹ Шері /парсы/ – арыстан.

² Әулекі – әумесер, есерсоқ.

Несібесі жетімнің,
Бұл да деп халықтың қалауы.
Құдайдың қылған ісіне,
Пенденің бар ма амалы?
Халқына сонда Өтенше
Сөйледі айтып мынаны:
– Сыйлаңдар, халқым, қадірлеп,
Күйеуді келген жаңағы.
Жетім де болса перзентім,
Хан ұлынан бағалы.
Қатарының алды боп,
Ілгері болсын талабы.
Бұйрығы Хақтың осы екен,
Әркімнің бары – базары.

Молдаларды шақыртып,
Қызына неке қияды.
Араға адам жүргізіп,
Күйеуден Өтен сұрады.
– Тәж-тақытымды берейін,
Өз ұлымдай көрейін.
Ырза боп күйеу ордамда
Болатын болса тұрағы.
Жат жұрттық, рас, қыз бала,
Халықтың салты бұл дағы.
Қайтамын десе еліне,
Көңілінің болсын ұнауы.
«Сұрандар, – деді, – күйеуден,
Қайсысын талап қылады?»

Мұны естіп жетімше,
Қайтуды елге сұранды.
Мақұл көріп Өтенше,
Саранжамын шақ қылды.
Торғын мен мәуіт, барқыттан
Сексен түйе арттырды.
Аруана түйеге
Алтыннан қоңырау тақтырды.
Шаң болар деп жүргенде,
Бұқар кілем жаптырды.
Сәулетін жұрттан асырып,
Жібектен арқан тақтырды.
Жетпіс құл, жетпіс күң қосып,
Қызына мұны нәп¹ қылды.
«Жау-жарағын түзетіп,
Шығарып сал, – деп, – күзетіп»,

¹ Нәп – пайда, олжа.

Басшы қылып уәзірін,
Бес жүз әскер шақ қылды.
Осындай сәнді-сәулетпен
Зебердің көші шығады.
Шығарып салды бұларды
Шаһардың барша адамы.
Екеу еді келгенде,
Рулы ел қосып шығарды.
Алған жоқ жеңіп күшпенен,
Істерін Құдай оңғарды.
Бірді жығар білекті,
Білімді мыңды жығады.
Ақылмен ойлап іс қылып,
Кәмілдің болды себебі.
Қауастан енді сөйлейін,
Шығарып жолға бұларды.
Хабар салып халқына,
Үш мың әскер жияды.
Келуіне шақ болып,
Төленді күтіп тұрады.
«Жоғалыпты Төлен» деп,
Естіді бір күн құлағы.
«Қастықпен қылған Өтеннің, —
деп айтты Кәлен, — лаңы.
Қамданбасаң ертерек,
Басыңа тиер зияны».
Шағыммен Қауас асығып,
Жөнелсе деп қиялы,
Қауастан бұрын Кәленнің
Өзінің кетті шыдамы.
«Шығыңыз, — деп, — ертерек»,
Әппаққа Кәлен жөнеді.
«Бергін, — деп, — жәрдем соғысқа»,
Оған да хабар қылғалы.

Бұл сөз тұрсын мұнымен,
Күтінді Қауас жиналып.
«Төлен менен жоғалған
Жетім қыз бірге ұрланып,
Құлқанысты Өтенше
Жетімге берді ырза ғып,
Бес жүз әскер қасында,
Ұзатты қызын шығарып», —
Деген сөзді Қауас хан
Естіді бір күн тіл барып.
Мұны естіп Қауастың
Ашуы келді долданып.

«Қылайын, — деді, — бір сойқан,
Келетін көшіп жолды алып.
Ертерек алдын орайық,
Дұшпаннан ғапыл қалмалық!
Алайық, — деп, — пенде ғып,
Тас-талқанын шығарып».
Әскерін ертіп жөнеді,
Ұрғандай пері жынданып.
Үш мың әскер соңында,
Асығып Қауас жөнеді,
Кездесіп жапан далада,
Көрсетпек болды өнерді.
Келе тұрсын Қауас хан,
Зұлымдыққа әуес хан.
Жақсылар, енді айтайын
Құлқаныс, Кәміл, Зеберді.
Өнерпаздар көп еді,
Ойнап-күліп келеді.
Жолығар дұшпан жолда деп,
Көңілінде қиял жоқ еді.
Құбылдан бұлар шыққалы
Төрт-бес күндей боп еді.
Түс мезгілі болғанда,
Жазыққа көзді салғанда,
Елсіз жапан далада
Шұбалған шаңды көреді.
Зеректікпен Құлқаныс
Жау екенін біледі.
Құлқаныстың қосынға
Сондағы айтқан өлеңі:

— Алыстан шұбатылған шаң көрінді,
Түзетіп сіздер жүрсің сәндеріңді.
Бұл жерге жау болмаса ел келмейді,
Шақ болып шамалаңдар әлдеріңді.
Батырлар, жау санасып ұрыспайды,
Әзірле белдесетін жерлеріңді.
Адамның отбасында бәрі батыр,
Сынармыз осындайда ерлеріңді.
Күн туып ер басына екіталай,
Дұшпанмен ат құлағы теңгерілді.
«Талапты тауды бұзар» дегендей-ақ,
Жол табар қиын күнде ер көңілді.
Тайынбай ебін тауып ұрыс қылса,
Қиратар жалғыз адам неше мыңды.
Жорғалап қашқанменен жан қалмайды,
Бітірсе егер Құдай түз-дәмінді.

Болғанда досқа күлкі, дұшпанға мат,
Сақтайсың қайда барып бұл жаныңды?
Сіздердей жігіт болсам өстер ме едім,
Дарига-ай, кімге айтайын арманымды!

Құлқаныс солай деп еді,
Ешбірі пәлен демеді.
«Жау жағы көп, біз аз»деп,
Әскердің қашты реңі.
Зеберше де ішінде
Шамалап бәрін жүр еді.
Айдағанмен еріксіз,
Тимейтін болды көмегі.
Мінген атын Зебердің
«Аққұс тұлпар» дер еді.
Бекітіп мініп тартпасын,
Кәмілге Зебер келеді:
— Біз де адамның баласы,
Қарсыласып көрелік,
Қайратымды сынайын,
Рұқсат бер, көке, — деп еді.
Баланы қимай Кәмілдің
Сөйлеуге тілі келмеді.
Дұшпан жағы көп еді,
Қашуға лажы жоқ еді.
— Барсаң барғын, шырақ! — деп,
Бір ерден едің жұрат, — деп,
Жылаймын Хақтан сұрап, — деп,
Ер Кәміл бата береді.

Жақындап дұшпан келеді,
Жер қайысқан қол еді,
Қауастың үш мың әскерін
Ақиқат танып көреді.
Араласты Зеберше,
Мылтықтан шыққан оқтай боп.
Жапырып кетіп барады,
Қамысқа тиген шоқтай боп.
Бір аралап өткенде,
Қырылып қалды топтай боп.
О жағынан бір шықты,
Бұ жағынан бір шықты,
Шапқан шөптей жапырды,
Көргеннің жаны түршікті.
Қалмады өлмей шапқаны,
Есепсіз қырғын тапқаны.

Сол уақта Қауас хан
 Алды-артын жинап тоқтады.
 Кейін қайтты шегініп,
 Ұрысуға батпады.
 Ешбір жара түспеді,
 Зеберді Құдай сақтады.
 Зебер де қайтты қосына,
 Әбүйір беріп Жаппары.
 Құдайға Кәміл шүкір ғып,
 Көңілі құрсант¹ боп қалды.
 Құлқаныс та қуанып,
 Артықша өте шаттанды.
 Алдынан шығып келеді,
 Батырға сауға дегелі.
 Күндей жайнап күледі,
 Зеберге айтқан тілі еді:

— Зерек екен пайымың,
 Дұшпанның аштың айыбын.
 Қолыңнан әр іс келерін
 Шамалап мен де айырдым.
 Сансыз қолмен алысып,
 Дұшпанның бетін қайырдың.
 Басқа жерден мінің жоқ,
 Ұйқың қатты — айыбың
 Болмаса алтын тегің, — деп,
 Шаттанды өте көңілім, — деп,
 Атаңның қылдың өрнегін,
 Енді келді жөнің, — деп,
 Іс бітірмес көп жаман,
 Мақтанып босқа семірмек.
 Ерлерше болды бұл ісің,
 Істедің мұны біз үшін!
 Естен шықты, қарағым,
 Бұрынғы мүлтік жұмысың.
 Арыстандай айбатың,
 Үрістемдей ірісің,
 Енді анық сенемін,
 Әппақтың жалғыз ұлысың.
 Қайғыңда қатты жүдедім,
 Тілегіңді тіледім.
 Сыныңа сырттан тойсам да,
 Сырыңа қанбай жүр едім.
 Қуанып бүгін мұныңа,
 Жарыла жазды жүрегім.

¹ Құрсант /парсы/ — шат-шадыман.

Артықша екен өнерің,
Мұныға енді сенемін.
Аяққа бастың кеудесін
Зорсынған талай неменің.
Сұлтаным, сауға сұраймын,
Не нәрсе, қалқам, берерің?

Үндемеді Зеберше,
Түнеріп түсі өзгеше.
Ұйқың қатты дегенге
Ыза боп қалған білемін.
Екі иығын қомданып,
Араз болып томсарып,
Құлқанысқа пәлен деп,
Сөйлемеді тіл қатып.
Зебердің қапа болғанын
Ақылмен Қаныс білді анық.
Ашуы келді батырдың,
Қылар деп бір іс ұялтып,
Сондағы айтқан өлеңі,
Зебердің көңілін жұбатып:

– Бәйгеге көкпар аты жарамайды,
Шын жүйрік шапса басын бұра алмайды.
Алыстан жолбарысқа ат қойғанмен,
Үстіне ешкім басып бара алмайды.
Әзілмен айтқан сөзге ашуланбас,
Көңілі шын жақсының баладай-ды.
Болмаса сүйген жардың көңілі бөтен,
Жасырып іштегісін қала алмайды.
Күлкі үшін ашық жардың айтқан сөзі
Көңілге кекті болып саналмайды.
Зебержан, бұл сөзімнің бәрі сүйіс,
Көңіліңді қандай қылып жаралайды?!
«Жабыны қанша жүйрік дегенменен,
Айғырын таңдап салсаң ат туады»,
Солай деп бұрынғылар жобалайды.

Құлқаныс солай деп еді,
Гүлдей жайнап реңі,
«Оны қайдан білдің?» деп,
Зеберше күліп жіберді.
Ақылдасып, сырласып,
Кәмілге бұлар келеді.
Жақын жерде жаулардан
Ешбірі қалған жоқ еді.
Шығарып салған бес жүзге
Қайтуға рұқсат береді.

Бес жүз әскер бөлініп,
Қайтуға даяр боп еді.
Айтайын деп сырымды,
Қанысқа қиял келеді.
Уәзіріне Өтеннің
Қаныстың айтқан сөзі еді:

— Бізден жауап ал, көке,
Елге аман бар, көке!
Біз барар жер әлі ұзақ,
Сіздерге жақын жол төте.
Күйеуіңіз қазанат,
Сіздер көпсіз, біз жеке.
Ата-анама сәлем де,
Қылмасын қайғы өте көп.
Шықпасын ұзап далаға,
Қауас хан қояр жалаға,
Қауас хан қылса зорлықты,
Жіберсін елші араға.
Жетімше емес тигенім,
Өзімнің орным, жан аға.
Ата-анам қайғы жемесін,
Көрдің бе күшті бағана?
Қауас хандай жауларың,
Шеніне шыдап бара ма!
Сүйегі болса кірленді,
Шылығып ісі және де
Болып қалар бір қатер
Жақында Құбыл қалаға.
Қауас хан қылар ұрысты
Ашынып Төлен балаға.
Тездетіп жетсін елшісі,
Қауас хан келсе зәреде.
Жетімше емес тигенім,
Өзімнің бардым орныма,
Төленнен бұрын атамның
Атастырған жолына.
Ата-анама сәлем де,
Әппақтың бардым қолына.
Біздің елмен жауласса,
Қауас ханның соры да.
Бұзықтық жетіп түбіне,
Ойланар ақыр соңында.
Жан атама сәлем де,
Бейхабар бізден болмасын,
Патша Құдай оңласа,
Бастадым бір іс саласын.

Абат қылып беремін
Ноғайлының қаласын.
Асырамын беделін,
Қауастың жойып жаласын.
Қапияда сөз салмай,
Жан атам қапы қалмасын!

Құлқаныс солай деп еді,
Шаттанды жұрттың көбі енді.
«Қайыр қош!» деп қоштасып,
Бес жүз әскер жөнелді.
Ертерек елге жетсек деп,
Зор беріп жүріп келеді.
Күндік жерге келгенде,
Құтылдық деп сенгенде,
Қауас ханның әскерін
Бұлардың көзі көреді.
Қыздың көшін жеңе алмай,
Қауаста қайғы көп еді.
Әскердің елге қайтатын
Жолдарын тосып жүр еді.

Ат қойып айқай салады,
Ортаға қамап алады.
Қарсыласу, қашуға
Келтірмеді шаманы.
Пенде қылды барлығын,
Өтенге хабар бармады.
Бұларды Қауас еліне
Жаяу айдап барады.
Жан-жаққа адам шапқызып,
Халқына хабар айтқызып,
Керней-сырнай тартқызып,
Қызыққа жұртты батқызып,
Пенделерін қинады,
Көп азапты тартқызып.
Көп азап көрді бастары,
Зынданға бәрін тастады.
Жинады Қауас бар халқын,
Қатындардан басқаны.
Іріктеп алды ерлерді
Жиырма мен қырық бес жастағы.
Қауас хан ертіп жөнелді
Жүз жиырма төрт мың әскерді,
Осынша қолмен Қауас хан
Қамады Өтен патшаны.
Көп күндер жатты қамалып,

Дарбазасын ашпады.
Өтен де жиды әскерін,
Қорқып ол да саспады.

Бұлар тұрсын мұнымен,
Кәленнен енді басталы.
Неше күн жүріп салықты,
Әппаққа бір күн барыпты.
Осындай бір іс болды деп,
Құлағына салыпты.
– Өтеннің әуел сізбенен
Болғаны құда анық-ты.
Дұшпанның қылған табасы,
Момынға салған жаласы.
Зеберден соңғы күйеуі –
Қауас ханның баласы.
Бір түнде оны өлтіріп,
Келген соң жетім падашы,
Құлқаныс соны сүйді деп,
Білемін, берген, шамасы.
Күлкі қылып сіздерді,
Қылған ісін қарашы!
Құбыл қала әуелі
Орны еді Қасым патшаның,
Ажалы жетіп ол өліп,
Мен атадан жас қалдым,
Қызметін қылдым Өтеннің,
Аузымды қарсы ашпадым.
Өтенше маған қарсы боп,
Істеді ісін дұшпанның!
Патшамыз залым болған соң,
Істедім мен де бас қамын,
Қауас пен сізді мият қып,
Бері қарай қашқаным.
Менің қылған бар күнәм –
Айыптыны баспағым,
Ойнасын ұстап қызының,
Әбүйірін ашқаным.
Ұрысқалы жөнелді
Қауас хан ертіп әскерін.
Намысын ойлап халықтың,
Ар-намыспен тарықтым.
Өлтіремін десе де,
Өз басым қорқып саспадым.
Әппақша, қалай көресің,
Осы еді менің дастаным.

Атыңыз шыққан арыстан,
Қалмаңыз құр намыстан.
Сүйекке таңба іс болар,
Ап кетсе біреу қалыстан.
Келінің еді Құлқаныс,
Бұйрық боп әуел шалысқан.
Тым болмаса күң қылғын,
Дұшпанды нықтап қағысқан.
Барсаңыз жесір аласыз,
«Сәлем де», – деді Қауас хан.
Намысты қолдан бермеңіз,
Падиша едің данышпан!
Соғысып Қауас жатқанда
Ат қойғын сен де алыстан.
Сонда патша сөйледі,
Тұруға әлі келмеді.
– Кәміл менен Зеберді
Жылдам ертіп кел, – деді,
Кешікпей біз де шығамыз,
Жиылсын барша ел, – деді.
Бір уәзірі келеді,
Былайша жауап береді:
– Зеберше мен Кәміл аң аулап,
Кеткелі екі ай боп еді,
Қайғырар деп естісе,
Айтқанымыз жоқ еді.
Талай жерді қарадық,
Білінбейді дерегі.
Мұны естіп патшаның,
Қалмады қорқып реңі.
Мұндай сөзді ешкімнен
Естіген бұрын жоқ еді.
Жалғыздың ісі қиын-ды,
Не болар күнім дер еді.

Сабыр-тағат қылмады,
Патшаның кетті шыдамы.
Патшаға тұрып айтқаны
Кәленнің тұрып мынаны:
– Көп тиіп тұр, падишам,
Өтеннің елге лаңы.
Ойда жоқ жерде ғайып боп,
Қауастың өшті шырағы.
Сау болса Кәміл, Зебердің
Келетін бопты уағы.
Ойламауға бола ма,
Ақыры немен тынады?!

Оңаша жерде жүргенін,
 Естіп Өтен бұларды,
 Жәллеттерін¹ жіберіп,
 Істеген шығар зиянды.
 Ендеше, қайда кетеді,
 Осындай бір іс болған-ды.
 Жаралған екен Өтенше
 Жер жүзін ойран қылғалы.
 Бүйте берсе біртіндеп
 Бәрімізді қырады.
 Үш патшаның елдерін
 Мақсаты оның сұрауы.
 Келіп едім әдейі
 Айтайын деп соларды.
 Ақылдасып күш қосып,
 Бір ынтымақ қылалық.
 Әскерін жиып келсін деп,
 Қауас хан сізден сұранды.
 Барып қалды Қауас хан,
 Ертерек біз де шығалық.

Бұл сөзге енді нанады,
 Ақылынан танады.
 Ашуланып Әппақтың
 Қалмады сабыр-қарары.
 «Жиылсын, — деп, — көп қосын»,
 Халқына хабар салады.
 Екі күннің ішінде
 Сексен мың әскер жияды.
 Тұлпардан сайлап ат мініп,
 Жау-жарағын шақ қылып,
 Керней-сырнай тарттырып,
 Сапарға бұлар шығады.

Қауастан енді айтайын,
 Шығарып жолға бұларды.
 Неше күн-түн қамады,
 Ала алмады қаланы.
 Қапа болып Қауастың
 Қалмады сабыр-қарары.
 «Келеді, — деп, — Әппақша»
 Естіді бір күн құлағы.
 Артықша қатты қуанды,
 Алдынан қарсы шығады.
 Амандасып, көрісіп,
 Хал-жайын баян қылады.

¹ Жәллет, жалад /араб/ — жеңдет.

Әппақшаға Қауастың
Сондағы айтқан жауабы:
– Амансың ба, Әппақша,
Көрмегелі көп болды.
Мият қып адам жібердім,
Бір түнде балам жоқ болды.
Келер-ау деп кешікпей,
Жолыңда көзім төрт болды.
Сіздің де балаң жоқ екен,
Бұ не деген кеп болды?!
Өтеннің қылған қылығы
Жүрекке түскен өрт болды.
Сізге қылған жаласы
Маған да бүгін тап болды.
Сүйісіп болған құданың
Біздерге сыйы оқ болды.
Бұдан бұзық еш адам
Жер жүзінде жоқ болды.
Сырын білмей жұғысып,
Дұшпанға басым мат болды.
Біздерді қорлап Өтенше,
Бір жетімге жақ болды.
Бірігіп іс қылмасақ,
Қылуы мазақ ақ болды.

Ашуланды Әппақша,
Естіп мына хабарды.
– Менің де балам жоғалды,
Осындай бір іс боған-ды.
Бастайық қырғын ұрысты,
Бермейік бұған аманды.
Алдауменен жеңетін
Тапқан екен жаманды.
«Тағы да әскер келсін» деп,
Шаптырды елге адамды.

Қауас пен Әппақ қосылып,
Бастай тұрсын ұрысты.
Зеберден баян қылалық,
Айтармыз кейін бұл істі.
Жауларын жеңіп қашырып,
Көңілдері тынысты.
Жолдастарын жөнелтіп,
Еліне қарай жылысты.
Кәміл дана бас болып,
Жосылып көші жөнелді.
Өздеріне берілген
Қызметкер де көп еді.

Ойын-күлкі тамаша,
Неше күн жолда түнеді.
Бір күндері болғанда
Сәулетпен елге келеді.
Падишаның орнында
Бір уәзірі қап еді.
Ауылда қалған кәрі-жас
Ер-азамат жоқ еді.
Бұларды күтіп түсіріп,
Әртүрлі дәмнен береді.
Елінің көріп жағдайын,
Жайласып тағам жемеді.
Сөйледі сонда хан, уәзір:
«Бұл қалай, Кәміл?» – деп еді.

– Амансың ба, Кәмілім,
Сау-саламат келдің бе?!
Зебержан, сен де, бауырым,
Сендерді іздеп сандалып,
Дұшпандарға алданып,
Сарсаңға түсті ауылың.
Келдің бе аман, қарағым,
Өмірің, қалқам, ұзақ боп,
Құтты болсын алғаның!
Жоғалды деп сендерді,
Жердің жүзін қарадым.
Болмайды екен көрмеуге
Пендесі Хақтың салғанын.
Қайғырар деп естісе,
Атаңа хабар салмадым.
Кәлен деген сұм келді,
Табармын деп ем амалын.
Падишаны қорқытып,
Бастады басын жаланың,
Әр істің берсін барарын.
Әппақша кетті аттанып,
Шаһардың жинап адамын.
Кеше келіп бір адам
Әкетті жинап қалғанын.
Өтенмен соғыс бастапты,
Сөзінің көрсем ажарын.
Орасан қате іс болды,
Ықпалын білмей жазаның.
Өтенге қауіп төніпті,
Бермесін Құдай ажалын!

Мұны естіп Құлқаныс,
Қайғырып қатты жылады.

Зебер менен Кәмілге
Шығарып ақыл салады.
Жау-жарағын асынып
Кәміл мен Зебер шығады.
«Жетіңіздер жылдам» деп,
Аттандырды бұларды.
Шаһардан түнде шығады,
Демалып дамыл қылмады.

Құлқаныстан айтайын,
Бара тұрсын бұл дағы.
Атасын ойлап Құлқаныс,
Қалмады сабыр-шыдамы.
Анасынан Зебердің
Әдеппен рұқсат сұрады.
Қолын қойып көксіне¹,
Сондағы арыз қылғаны:
— Арызымды тыңда, жан ана,
Күйіпті атам жалаға.
Атастырған жасымнан
Қосылып ем балаңа.
Ол Айың болса, мен — Шолпан,
Мені де бөтен санама.
Кәлен деген бір бұзық
Әзәзіл бопты араға.
Кегімді содан алмасам,
Құмарым, ана, қанар ма?!
Екіталай іс бопты
Атама менің және де
Көңілімнен кетпес бұл арман,
Көре алмай қалсам зәреде.
Қанша пысық болғанмен,
Бұйрықты адам қала ма?
Шынымды анық айта алмай,
Кетіп ем қамсыз далаға.
Еш жазығы жоқ еді,
Айналды ағы қараға.
Атамды барып көрейін,
Жазасын жаудың берейін.
Сізден рұқсат ала алмай,
Қалып ем ермей бағана.

Анасы сонда сөйлейді:
— Айналайын келін! — деп,
Пешенемде жалғызым,
Сүйіп тиген теңің, — деп,

¹ Көксі /түркі/ — кеуде, көкірек.

Менің де кетті шыдамым,
 Естіп істің жөнін, — деп,
 Ақты қара қылмас-ты,
 Келтірер Құдай ебін, — деп,
 Жалғыз қайтіп барасың,
 Алыс екен елің, — деп,
 Қаламаймын жаманның
 Жолдастыққа көбін, — деп,
 Рұқсат берді енесі:
 «Шырағым, қалар көңілің!» — деп.

Енесі рұқсат берген соң,
 Құлқаныс мінді атына.
 Еркек порма киінді,
 Алмады жолдас қасына.
 Әкесі берген тұлпарды
 Жабдықтап мінді астына,
 Қару-жарақ асынып,
 Дулыға қойды басына.
 Анасынан бата алып,
 Жөнелді таңға жақында.
 Өтеннен енді айтайын,
 Құлқаныс келсін асыға.

Дұшпанның көңілі бұзылды,
 Қоршады шаһар Құбылды,
 Қамсыз жерде кездесіп,
 Шаһарға Өтен тығылды.
 Күзетші қойды көп әскер
 Дарбазаның түбінде.
 Бірнеше күн қамалып,
 Әскерден ауқат үзілді.
 Қамалып құр жатқанмен,
 Бітпеуі істің білінді.
 — Тәуекел! — деді Өтенше,
 Бір бөле басқа ілінді.
 Ұрысқа мен де шығайын,
 Әскерім алса тілімді.
 Ақылдасып көрейін,
 Ұнатса халқым мұнымды.
 Іс бір жақты болғанша,
 Алдырмайын сырымды.
 Ашығып халқым қиналар,
 Өткізсем бекер күнімді.
 Осыны ойлап Өтенше,
 Халқына ақыл салады.
 «Құлыңбыз, — деп, — падишам»,

Аузына халқы қарады.
Қамқоры әділ патшадан
Кім аяп жанын қалады?!
Даңғыра-дабыл қақтырып,
Керней-сырнай шалады.
Таң бозарған кезінде
Шаһардан тысқа шығады.
Он бес күндей боп еді,
Қоршауда бұлар қалғалы.
Мұны көріп Қауас хан,
Көңіліне қиял алады.
– Әскерім көп, қару сай,
Дабысым жерді жарады.
Қолымнан дұшпан құтылмас,
Қашқанда қайда барады?!
Ақиқат түгіл, еркім бар,
Жапсам да егер жаланы.
Өтен де келіп, мінеки,
Пенде боп қолға қарады.
Ықтиярым өзімде,
Қылсам да қандай жазалы!
Осыны айтып Қауас хан,
Әскеріне мақтанды.
Келеді деп пенде боп,
Саясатпен баптанды.
Елу мың кісі Өтенше,
Шаһардан ол да аттанды.
Жарық боп дүние сол кезде,
Күн шығар мезгіл боп қалды.
«Қылған ісің жала, – деп,
Анығына қара, – деп,
Ақылды едің дана», – деп,
Қауасқа Өтен хат жазды.
«Болдыңдар ма жыңды, – деп,
Алдайсыңдар кімді, – деп,
Айтқызармын шынды», – деп,
Елшіні Қауас боқтады.

Мұны естіп Өтенше,
Жақынға келіп топтанды.
Әділдікте бас құрбан,
Қауастан қорқып бұқпады.
– Шығындар! – деп, – ұрысқа,
Түзеді Өтен сапарды.
Қабатын иттей Қауас хан
Өтенге мұрынын шүйіріп,
Айқайлады ашумен

Әскеріне бұйырып.
– Жалаң аяқ жарлының
Тұрғанын қара жиылып!
Ерініп тұр келуге,
Ұсқыны жаман қиылып.
Астырайын шәңгекке¹,
Айдап кел бері иіріп.
Қауастың барлық әскері
Соғысқа шықты жөңкіліп.
Елу мың кісі Өтеннен
Килікті ол да бекініп.
Қырғын соғыс басталды,
Барлық әскер қосылып.
Жердің бетін жасырып,
Қызыл қан ақты жосылып.
Ұрысқа ұрыс жалғасты,
Жер мен көкті шаң басты,
Күңіреніп кетті жер беті,
Үріккендей денең шошынып.
Қазасы жетіп не ерлер,
Құлады аттан өкіріп.
Үсті босап талай ат,
Кетіп жатты секіріп.
Қылышқа қылыш қағысып,
Талайы қалды кетіліп.
Тірі жан естен жаңылды,
Көз көрмесе өтірік.
Түс қайтқанша ұрысты,
Қайтпады бірі серпіліп.

Мұны көріп Қауас хан,
Шошыды қорқып шамалы.
Әскерімен Әппақша
Сыртынан басқан қаланы.
Әппақтан жәрдем сұранып,
Қауас хан жазды қағазды.
Тығызын істің түсініп,
Олар да тұра шабады.
Екі қосын қосылып,
Өтенді қысып қамады.
Жау жағы көп, бұлар аз,
Келтірмеді шаманы.
Үш жүз батыр жабылып,
Өтенді ұстап алады.
Ұсталған соң Өтенше,

¹ Шәңгек – дар.

Әскері қалған тарады.
Ұрып-соғып Өтенді,
Көп азапқа салады.
Кәлен менен Әппақша
Үстіне келіп қалады.
Ақырып Кәлен Өтенді
Қамшымен ол да сабады.

Әппақ айтты: «Сұрайық,
Айырып ақ пен қараны.
Ақиқатын білгенше,
Етпеңдер, — деді, — залады».
Қауас пен Әппақ Өтеннен:
«Шыныңды айт», — деп сұрады.
Өтеншенің сондағы
Бұларға берген жауабы:

— Сабыр қылғын, Кәленім,
Ақтай шықты әлегім.
Татулықтан әуелі
Әппақпен құда боп едім.
Уәдеден Әппақ тайған соң,
Одан көңілім қалған соң,
Қауас хан жаушы салған соң,
Оған да мақұл деп едім.
Құдай қылды, қайтейін,
Қиянат қылған жоқ едім.
Бір жетімше кез болды,
Білмеймін әлі дерегін.
Бір күні келіп қоныпты,
Қауас хан, сенің Төленің.
Айтайын сөзді төтелеп,
Қондырды күтіп мәпелеп.
Уақытынша біреу қыз қойып,
Қарызын еді өтемек.
Алып қашып кетіпті
Сол қызды Төлен жетелеп.
Аманат қызды жоғалтып,
Ұялдым жұрттан өте көп.
Күйеуі оның кеп еді,
Қызымды бердім некелеп.
Менің көңілім ақ еді.
Еш жазығым жоқ еді,
Елімді қырып Қауас хан,
Үйімді болды өртемек.
Халық алдында қамшы ұрып,
Қоймайды Кәлен ентелеп.

Жазықсыз жәбір қылғанша,
Одан да өлтір ертерек.
Омыраулап отыр Қауас хан,
Тартқалы дарға кимелеп.
«Куәлерін тапқанша, —
Әппақша отыр: Тиме!» — деп.
«Қалайсың, — деп, — қожекем?»
Жұлқиды Кәлен сүйрелеп.
Төңіректен қарап тұр,
Барша халық үймелеп.

Ел жатқаннан басталып,
Таң атқанша сотталды.
Қалың топты қақ жарып,
Кәміл мен Зебер кеп қалды.
Ойда жоқ жағдай кез келіп,
Бір тамаша боп қалды.
Ұстайын деп Кәленді,
Қалыңға Зебер оқталды.
Ұмтылды Зебер ілгері
Жүрегін жаудың тілгелі.
Еркек порма киініп
Құлқаныс та кеп еді,
Қалыңға олда кірді енді.
Кәміл мен Зебер білмеді,
Зеберден бұрын Құлқаныс
Кәленге қылыш сермеді.
Заты әйел болса да,
Намысты қолдан бермеді.
Қылышпенен қақ жарып,
Кәленді құртып жерледі.
Шешілді істің түйіні,
Әскердің сансыз жиыны,
Әскерінің Қауастың
Көк екен өңкей киімі.
Барша жұрт қайран қалады,
Арыстандай көріп баланы.
Сол уақта Құлқаныс
Жан-жағына қарады.

Көзіне түсті көк-жасыл
Қауастың жиған адамы.
Ар-намысы тұтанып,
Көзі оттай жанады.
«Мат қылма, — деп, — дұшпанға»,
Құдайға қылып наланы.
«Қолдай көргін, пірім!» — деп,

Жад¹ етіп Алла Тағаланы.
Тұтасқан қалың әскерге
Жақындап келіп шамалы,
Суыра алмас қылышын,
Қамшыдай жауды сабады.
Оңды-солды сермеді,
Жапырып кетіп барады.

Сол уақытта Зеберше,
Ол да атына қонады.
Екі бөрі қосылып,
Қырғынды қатты салады.
Екі шердің істері
Біріне-бірі ұнады.
Бір-бірін сырттан сүйсе де,
Сөйлесіп жауап қылмады.
Жапырылды қоғадай
Қауас ханның адамы,
Быт-шыт қылып қырады,
Топталып болса қалғаны.
Көзін ашса Өтенше,
Қасында адам қалмапты.
Қауас ханның әскерін
Қырып кетіп барады.
Қауас та кетті аттанып,
Өзінің шығып әлегі.
Намыстанып Әппақша
Әскерін жиып құрады.
Қауасқа жәрдем беруге
Майданға ол да шығады.
Осы қырғын ішінде
Кәміл уәзір кездесіп,
Әппақтың қолын алады.
Әппақша естен танады.

Әппақ айтты: «Кәмілім,
Қай жақтан қалдың қосылып?!
Зебер мен сені жоғалтып,
Қалып едік шошынып.
Шырағым аман келді ме,
Көруге тұрмын асығып.
Қауасты қырып барады
Екі бала басынып,
Набыт² болды көп адам,
Қызыл қан ағып жосылып.

¹ Жад ету /араб/ — есіне алу, жалбарыну.

² Набыт /парсы/ — апат, қырғын.

Екі бала шері екен,
Көрсетті қайрат асырып!
Әбүйір ешкім таба алмас,
Оларға қылып қарсылық».
Кәміл айтты: «Сүйінші,

Біреуі – сіздің Зеберің!
Екіншісін білмеймін,
Қай тараптан келгенін.
Кім де болса ер екен,
Асырды қайрат өнерін!
Дос адам деп ойлаймын,
Көрген соң берген көмегін.
Бейтаныс батыр, әйтеуір,
Жоқ еді бұрын көргенім!
Қыла ма деп бір зиян,
Бетіне тіке келмедім.
Алдияр, тақсыр, тыңдағын,
Сөзімнің байқап ырғағын.
Алып бардық ауылға
Өтеннің жалғыз қыздарын,
Соны алды Зеберің,
Құлқаныс сұлу дегенін.
Барған соң сізді сұрап ек,
Бұ жақтан шықты дерегің.
Өтенді жазым қылар деп,
Асығыстап жөнелдім.
Сүйінші, патшам, сұраймын,
Айтқалы соны кеп едім.
Көңіліңіз, патшам, жайлансын,

Ұсталып Қауас байлансын!
Бүлікті салған сол аяр,
Білмеппіз сұмдық айласын.
Өтенше анық ер екен,
Басынан бағы таймасын!
Әділ екен артықша,
Көп көрдік өте пайдасын.
Ауылға барды келінің
Сексен түйе зерімен,
Жетпіс құл, жетпіс шорымен,
Көшкендей жұрты елімен.
Құтты болсын, падишам,
Қоңсылы болдың сонымен».

Әппақша сонда жылады,
Атынан түсе қалады.
Ақыл-естен танады,

Үш түрегеп құлады.
 «Рас па, — деп, — айтқаның?»
 Қайта-қайта сұрады.
 Қорқыныш пен қуаныш
 Есірік қылар адамды.
 Шыр айнала береді.
 Селкілдеп кетіп барады.
 Есін жиып алады,
 Жан-жағына қарады,
 Уһ деп демін алады,
 Буыны бекіп шамалы.
 «Қуанттың, — деп, — Кәміл ер,
 Не қаласаң, ала бер!»
 Шешіп берді белінен,
 Бар еді гауһар кәмары¹.
 «Аларсың, — деп, — ордадан,
 Қалауың болса тағы әлі».
 Зебершені сағынып,
 Қалмады сабыр-қарары.
 Кәмілге ақыл салады:
 — Қасындағы Зебердің
 Біліп кел, — деп, — баланы.
 Дұшпандардың бірі боп,
 Жүрмесін тиіп залалы.

Бұл сөзді Кәміл ұғады,
 Майданға кетіп қалады.
 Кеткен соң Кәміл, Әппақша
 Өтенге өзі барады,
 Қабынып оттай жүрегі.
 Кешіңіз деп күнәмді,
 Өтеншеге сондағы
 Әппақтың айтқан сөзі еді:
 — Кезімде жаннан түңілген,
 Естідім жаңа бүгін мен.
 Құдам едің, Өтенше,
 Құдай десіп ілінген,
 Жамандық сенен шығар деп,
 Ойламаушы ем тірі мен.
 Адам қылмас іс қылдым
 Өзәзілдің тілімен.
 Айыптымын, Өтенше,
 Масқара болдым шынымен!
 Есімді жаңа жинадым
 Кәмілдің айтқан сырымен.

¹ Кәмәр /парсы/ — белдік, белбеу.

Өлгенім менің жақсы еді,
Бүйтіп жүрген түрімнен.

Өтенше айтты: «Әппақша,
Жемегін қайғы ұялып.
Шүкір қып жасты тыялық!
Ер қадірін ер білер.
Осындайда сыналып.
Мен де болдым масқара,
Қауаспен жасап құдалық.
Адам қылмас іс қылдым,
Өтірікке иланып.
Солардың тартып тәзірін¹,
Сау қалдым өлмей қиналып.
Жазылған шығар бұл жұмыс,
Туғаннан әуел жаралып.
Адамды шайтан азғырса,
Қоймауы бұзбай жүдә анық.
Аман-есен табыстық,
Басымыз жаңа құралып.
Жасытпаңыз сүйекті,
Өткен істі ойланып».

Бұлар тұрсын мұнымен,
Майданға Кәміл барады.
Екі шерге таңырқап,
Көз салып сырттан тұрады.
Құлқаныс бәрін танып жүр,
Аянбай соғыс салып жүр.
Бетіне қарсы келе алмай,
Дұшпаны жылап налып жүр.
«Қайдан келген батыр?» деп,
Көрген жан қайран қалып жүр.
Танысым екен дегендей,
Жаны ашып Зебер барып жүр.
«Бір патшаның ұлы-ау» деп,
Көңіліне қиял алып жүр.
Танысы жоқ бұл жерде,
Боялып қанға неғып жүр?!
Өліктер болды қырмандай,
Қауынды қазан ұрғандай,
Дұшпандар танды есінен,
Жер тітіреп тұрғандай!
Бет-бетімен қашып жүр,
Қойларды қасқыр қырғандай!
Қырғынды қатты салады,

¹ Тәзір /араб/ — қорлық, жаза.

Дұшпандар қылды наланы.
Тиген жерін екі шер
Жапырып кетіп барады.
Қызыр Ілияс жар болып,
Болған жоқ әлі жаралы.
Екеуінен ешкімнің
Аспады қайрат, амалы.
Екі батыр бір-бірін
Дос көріп жүр шамалы.

Сынасқан жоқ сабасып,
Еш нәрсеге таласып.
Құлқанысқа бір кезде
Кеп қалды Кәміл жанасып.
Сонда Кәміл сөйлейді:
– Жан сауға, батыр шырағым,
Сүйсінтті бізді артықша,
Асырып қайрат қылғаның.
Тілектес боп сыртыңнан,
Сұрауыңды сұрадым.
Алсаңыз, міне, басым деп,
Дұшпан деп қиял қылмағын.
Ат-жөніңді білгенше,
Қалмады сабыр-шыдамым.
Нәсіліңді, қалқам, білдірші,
деп еді патшам сұрағын!
Осылай Кәміл деп еді,
Құлқаныс жауап бермеді.
Төмен ұстап қылышын,
Бетіне тұтты пердені.
Қолын қойып көксіне,
Бір ауыз пәлен демеді.
Аз кідіріп тұрды да,
Соғысқа тағы жөнеді.
Көрмеді жүйе тұрысын,
Қыла берді ұрысын.
Кейін қайтты ізінше,
Түсініп Кәміл мұнысын.

Әппаққа Кәміл келеді,
Былайша жауап береді.
– Сұрап ем жөнін батырдың,
Ешбір жауап бермеді.
Төмен ұстап қылышын,
Бетіне тұтып пердені,
Қолын қойып көксіне,
Бір ауыз пәлен демеді.
Аз кідіріп тұрды да,

Соғысқа тағы жөнөді.
 Келініңіз білемін,
 Ақылы ойды бөгеді.
 Артықша қатты қуандым,
 Көңілім енді сенеді!
 Қылышын төмен тұтқаны —
 «Келініңмін» дегені.
 Көксіне қолын қойғаны —
 Әдеппен берген сәлемі.
 Перделеп бетін басқаны —
 Ұялғанның жөні еді.
 Еркек порма киініп,
 Артымыздан келген-ді.
 Кетіп еді шыдамы,
 Шыққан соң жаудың дерегі.
 Құлқаныстан басқада
 Мұндай талап жоқ еді.
 Уаллаһи ағлам¹, сол шығар,
 Көп еді ақыл-өнері!»

Мұны естіп Кәмілден,
 Әппақша қатты қуанды,
 Қайғыдан көңілі жуанды.
 Құлқанысты дұшпан деп,
 Қылып еді күмәнді.
 Кәмілдің айтқан бұл сөзі
 Қайғысын іштен шығарды.
 Екі бала бас қосып,
 Салып жүр жауға ұранды,
 Ешкім қарсы шықпады
 Тоқтатуға бұларды.
 Қауастың қырып әскерін,
 Тас-талқанын шығарды.
 Әппақша мен Өтеннің
 Әскері бөтен жиналды.
 Айбаты қатты екі шер
 Оларға зиян қылмады.
 Әппақша мен Өтенге
 Қауас хан келіп жылады.
 Жәрдем бер деп жалынып,
 Сөйледі сонда мынаны:
 — Палуан екі жас бала
 Бізді қылды масқара!
 Екеуінен еш адам
 Құтылар емес қашса да.

¹ Уаллаһи ағлам /араб/ — Алла жақсы біледі.

Бір өзіме өшікті,
Тимейді, сірә, басқаға!
Арыстандай екі баланы
Суғарған қанмен даланы.
Ұйғармаймын қараға,
Болмаса хан мен патшаға.
Айналайын Әппақша,
Мені оқшау тастама!
Өзімді аман алып қал,
Елімді түгел шапса да.
Айныды заман сияғы,
Бір ердің еді тұяғы.
Жазықсыз жаза көрсетіп,
Кәленді де қоймады.
Жиырма бес мың әскерді
Қырса да көңілі тоймады.
Шаршайды десек, зорлайды,
Біздер — тышқан, ол — мысық,
Лақтырып ойнайды.
Қалтырап бүйтіп қорықпас
Қасқырдан қашқан қой дағы,
Қаһарымен қалтырап,
Қалмады қайрат бойдағы.

Қандай болды бұл заман,
Біз қырылдық, сіз аман!
Құса болып жарылып,
Өлер болдым ызадан.
Үшеуіміз тату ек,
Бір туғандай анадан.
Досы отқа күйгенде,
Жақсыға жөн бе шыдаған?
Көздерің қайтіп қияды,
Көрдім ғой қорлық мынадан.
Жәрдемге маған берсеңші,
Тым болмаса жүз адам!

Ұят жаман өлімнен,
Семірмек азып көңілден.
Өлтіріп Өтен Төленді,
Шекістім соның жөнінен.
Досым деп қимас, Әппақша,
Шақырдым сізді сеніммен.
Бір жетімше бар екен,
Өзіңнің шыққан еліңнен.
Дәл осындай бір зорлық
Жақында содан көріп ем.

Мықты екен деп ойлап ем,
Қатар-құрбы, теңінен.
Біреуі мұның сол-ау деп,
Кетпейді күдік көңілімнен.
Біреу емес, бұл екеу,
Қосылыпты теңімен.
Екеуінің зияны
Саған да тиер кейіннен.
Күшпенен басып ордаңды
Сені де қуар жеріңнен.
Әскер жұмсап ертерек,
Түсірмесең демінен.

Әппақ айтты: «Қауасхан,
Бөтен екен көңілің!
Дос деп жүрсем өзіңді,
Жүр екен тиіп бүлігің.
Ойлашы қылған ісіңді,
Басылар ма екен желігің?
Екі бала біздікі,
Отырмыз сұрап өмірін.
Зебержаным — біреуі,
Құлқаныс бірі — келінім.
Өзіңнен көңілім торықты,
Оларға күшті сенімім!»

Басқа жауап айтпады,
Қорыққанынан Қауас хан,
Тұруға қарсы батпады,
Ауытқып есі тоқтады.
Жан-жағына жалтылдап,
Денелері қалтылдап,
Түрін көріп бұл істің,
Қашайын деп оқталды.

Әппақша айтты: «Қауасхан,
Көрмедім сендей сотқарды,
Жүрісі жоқ айғырдан
Байталдың жақсы жортқаны,
Жөнге жүрмес жаманнан
Есек жақсы ноқталы.
Қажыры жоқ еркектен
Әйелдер жақсы топтағы.
Лаңың сенің шығарды
Қайдағы ойда жоқтарды.
Қырдырып қанын жүктедің
Жазықсыз жатқан халықтарды.
Барша жұрт саған ашулы,

Ойлама енді қашуды,
Көп алдында солардың
Жазасын тұрсың тартқалы!»

Сол уақта дүние қызарып,
Күн батар мезгіл боп қалды.
Иегін қақты Әппақша,
Қырық жігіт тегіс аттанды.
Қауас ханның лезде
Алды-артын қоршап ап қалды.
Бас бұрғызбай батырлар
Мойнына тұзақ сап қалды.
Ат үстінен аударып
Сол зәлім Қауас патшаны,
Соятұғын тоқтыдай
Бекітіп, байлап тастады.
Жауды жеңіп, қашырып,
Тірісін таудан асырып,
Басын бұрып атының
Ойлаңды Зебер қайтқалы.
Көмек берген батырдың
Ісінен оқыс таппады,
Таныса алмай соғыста,
Жүр еді сыры сақтаулы.
Дос болсам деп Зеберше,
Ер екен деп мақтаулы,
Жақын барды қасына,
Болғын деп қонақ айтқалы.
Құлқанысқа Зебердің
Сондағы тұрып айтқаны:

– Ассалаумағалейкум,
Амансың ба, батырым!
Ақылынан тандырып,
Самсаған жауды жапырдың.
Үрістем, Дастан сияқты,
Бір өзің мыңға татыдың.
Жәрдемін сіздей көрмеп ем,
Жат түгіл, туыс-жақынның.
Танысуға өзіңмен
Соғыстың күтгім ақырын.
Шүкір қылдым Құдайға,
Жеткіздің деп ата ұлын.
Мұсылманнан ұқсайсың,
Нәсілінен емес кәпірдің.
Етпесең айып, сұраймын,
Болады қайдан нәсілің?
Баһадүрлік болмаса,

Жай емес шығар кәсібің,
Үш патшаның халқынан
Өнеріңді асырдың,
Әппақтың мен де ұлымын,
Сырым жоқ сізге жасырын.
Дос болайын өзіңмен,
Қызметіңе бас ұрдым.
Мархабат қып қосқа жүр,
Мейманға сізді шақырдым!

Сөйлейді сонда Құлқаныс,
Осылай Зебер деп еді:
— Адамға қиын жалғыздық,
Өзіне Хақтың жөн еді.
Бір ердің сіз де жалғызы ең,
Дұшпаның өте көп еді.
Жалғыз ем мен де атадан,
Туысқан, бауыр жоқ еді.
«Жоқтың жайын әр кезде
Жоқ біледі» дер еді.
Қауас ханның әркімге
Қиянаты көп еді.
Сіз бен біз жауласқан,
Білінген соң дерегі,
Асығып келіп мен сізге
Бергенім көмек сол еді.
Осы шаһар өзіме
Туып-өскен жер еді.
Әкемнің аты — Өтенше,
Патшаның әділ бірі еді.
Қауас хан салды бүлікті,
Қиянаты жоқ еді.
Сіздің ауыл бұл жерден,
Едәуір алыс жер еді.
Танырсыз, төрем, жарыңды,
Сүйсеңіз анық егер де,
Өзіңіз бұрын келгенде,
Жетім деп барша қап еді,
Дұшпаннан кекті қайырдық,
Құдайдың болып көмегі.
Танытып елге қайтыңыз,
Өзіңіз мейман боп енді.

Мұны естіп батырдан,
Ұялып Зебер тоқтады.
Құлқаныстың жүзіне
Таңырқап назар сап қалды.

Жары екенін таныды,
Көңілі өте шаттанды.
Бірін-бірі білісіп,
Әзілдесіп, күлісіп,
Патшалардың алдына
Құлқаныс, Зебер кеп қалды.
Зебер айтты иіліп:
– Кешіңіздер, аталар,
Ғашықтықтың жөнімен
Осындай бір іс боп қалды!

Аттан түсіп Құлқаныс,
Иіліп сәлем береді.
Әппақ пен Өтен перзентін
Аман-есен көреді.
Күнәларын кешіріп,
Беттерінен өбеді.
Шүкір қылып Құдайға,
Шаттықпен сонда түнеді.
Ақ жалау тігіп азаңда,
Бейбіттік белгі береді.
Қырылып қашқан қосынға
Қайтсын деп елші жіберді,
Жиылып барша келеді.
«Бастаған осы қырғынды,
Сұмның, – деп, – мынау бүлігі»,
Қауас ханды көрсетіп,
Жиылған барша көп елге,
Болған істің бәрін де
Сөйлейді Өтен сол жерде.
Өліктерді жидырып,
Санатып бәрін көмеді.
Отыз мың кісі өліпті,
Жаралы да көп еді.
Қауасты барша қарғады,
Шаһарға қарай айдады.
«Босанып қашып, – жұрт қорықты,
Жүрмесін, – деп, – бұл тағы».
Зынданға салып апарып,
Бекітілді жан-жағы.

Өзгесі аман табысып,
Көңілдері жайланды,
Ордасына түсіріп
Құда-жегжат, мейманды.
Өтенше халыққа қырық күндей
Той беруді ойланды.
Шақырды барша әлемді,

Өтеннен бұйрық таралды.
 Әр жерден келді көп халық,
 Естіп мына хабарды,
 Талай би, бек пен датқалар,
 Төре мен сұлтан жарамды.
 Кісіні бес жүз уәзірімен
 Зынданға Қауас салған-ды.
 Қырық жігітін жіберіп,
 Шығартып тойға оны алды.
 Төрт түліктің бәрінен
 Сансыз мал тойға жаралды.
 Халықты бөгеп төрт күндей,
 Тартқызып тұрды палауды.
 Керней-сырнай тартқызып,
 Бәйге мен көкпар шапқызып,
 Ақынға өлең айтқызып,
 Салтанатын асырып,
 Күңіrentіп барша әлемді.
 Алтынмен Зебер бөледі
 Қонақ қылған маманы.

Той тарқаған кезінде
 Қауастан жауап сұралды.
 Мойнына ісі қойылып,
 Күнәлі басы саналды.
 Сол екені білінді,
 Бастаған барша лаңды.
 Қауас ханды көп халық
 Дарға асуын сұрады.
 Қауастың сөйтіп ақыры
 Арқанда басы бұралды.
 «Ақты нақақ қылмаймын»,
 Деген ғой Алла Құранда,
 Қауас ханнан құтылып,
 Қалған халқы қуанды.
 — Падишамыз енді сіз бол, — деп,
 Сайлады патша Зеберді,
 Татуласып, табысып,
 Шаттықпен барша тарады,
 Өткенге айтып салауат,
 Қалғанға айтып ұранды.
 Сый-сауқатпен Өтенше
 Құдасын жолға шығарды,
 Еліне барып шаттықпен,
 Әппақтың көңілі жайланды.

Айтпаса да ер Кәміл
 Сұрауды дүние жек көріп,

Көңілін тапты Әппақша,
Алтын мен гауһар зат беріп.
Көрген жан қайран қалатын
Бір ғимарат сап беріп,
Тағдырын өзің шешкін деп,
Қолына сеніп халық беріп.
Әлемге жарлық таратып,
Мөр басып бұйрық хат беріп,
Кәміл дана болсын деп,
Кәмілге қоса ат беріп.

Өтеншені шақыртып,
Әппақ та қатты сыйлады,
Той қылып қырық күн бұл дағы,
Жердің жүзін жинады.
Әппақша мен Өтенді
Білмеген патша қалмады,
Атағы шығып кезінде,
Шошытты жауды намдары.
Үш шаһарда үшеуі
Әділдік үкім қылады.
Ақ еді ісі, мұратқа
Жеткізді Құдай бұларды.

Осындай қып қуантсын
Жаратқан Құдай әр жанды.
Бүлікті салған сол еді,
Қауастың өшті шырағы.
Біреуді біреу қорласа,
Өзінің сағы сынады.
Біреуге біреу ор қазса,
Өзін жарға жығады.
Біреуге біреу құм шашса,
Өзінің көзі шығады.
Құдай әділ Падиша,
Ақты нақақ қылмайды.
Ілгеріден қалынған,
Жақсылар, нұсқа бұл дағы,
Ұзарта беріп не етеді,
Осыменен тамам қылалық.

Бірінші мақам

Орындаған: Шолпан Бимбетова
Нотаға түсірген: Төлепберген Токжанов

жүрдек

3 Бис-мил-ла, сөз-ді бас-та- дым, Әр ма-құ-лық ой-лар бас қа-мын.

6 Қау-іп-қа-те-рі көп бо-лар, Бір Құ-дай-дан бас-қа-ның. Ә-зиз қып Ал-ла жа-рат-қан,

8 Әр түр - лі жан-ның бас - та - рын. Қа - ді - рі бір - дей жа - ны - ның,

10 Ма - са мен тыш-қан а-рыс-тан-ның. Әр ма - құ - лық-ты кө - ре - сіз,

12 Ә - лім - нен, біл - се қаш - қа - нын. Бі - реу - ді е - тек ас - ты - нан,

14 Бі - реу - дің өм(i)-рін ұ - зақ қып, А - сы - рып жүз-ден жас - та - рын.

17 Уақ(ы) ты-мен күн-ді шы-ға-рып, Ә-лем-ге нұ-рын шаш-қа-ның. Аз хи-ка-я қы-лай-ын,

"Құл-қа-ныс-Зе-бер" дас-та- нын. А _____ ей.

Екінші мақам

21

24 Құ-был де-ген ша-һар-да, Бір па-ди-ша бар е - ді, Ә-діл е - ді ар-тық-ша,

27 Ә-тен-ше а-тын дер е-ді. Ор-да-лы де-ген бір ша-һар, Ап-та-лық бұ-ған жол е-ді,

30 Па-ди-ша сы Әп-пақ-ша, Ә - ді - ле - ті мол е - ді. Ә-тен мен Әп-пақ бір-бі-рін,

Жа-нын-дай жақ-сы кө-ре-ді, Та-ту өс кен тең е - ді, Еш пер-зен-ті жоқ е - ді.

2


33

35 Бір пер-зент - тің зар - пы - нан, Көң(і) лін - де қай - ғы көп е - ді,

"Пер-зент кө - рер күн бол - са, Бо - лай - ық құ - да дер е - ді.

The image shows a musical score for a piece titled 'Құлқаныс – Зеберше'. It consists of two staves of music. The first staff starts at measure 33 and the second at measure 35. The lyrics are in Kazakh and Russian. The music is written in a key with one flat (B-flat) and a 9/8 time signature. The score includes various musical notations such as notes, rests, and bar lines.






М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
 қолжазбалар қоры (309-бума).



Бектұрғанов Белгібай (1894-1967) — халық ақыны, жыршы. Он бес жасынан ақындық жолға түсіп, атақты ақын-жыршылар Нұралы Нысанбай ұлы мен Орынбай Тайманұлын ұстаз тұтқан. Қазіргі Түркістан облысының Түлкібас ауданына қарасты Майлықент аулының аумағында дүниеге келген. Ол 1934 жылы Алматыда ұйымдастырылған республикалық көркемөнерпаздардың тұңғыш слетіне қатысып, ән-жыр айтып, халыққа танылады. Ұлы Отан соғысы жылдарында үгіт бригадасының құрамында ауыл-ауылды аралап, концерттер ұйымдастырған. Ұлы Жамбыл қайтыс болғанда Алматыға арнайы келіп жоқтау айтқан халық ақындарының бірі болды. Аудандық, облыстық, республикалық айтыстарға, жыр сайыстарына түсіп, алдыңғы орындарды иеленді. Оның жыр қоржынында «Қарқабат», «Сыршы молда», «Болат, Жанат», «Жетім Құбыл» т.б. дастандар бар.



Дарига қыз. Қазан, 1897.

ДАРИҒА ҚЫЗ

Шығарманың сюжеттік желісін Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы, төртінші әділетті халиф Хазірет Әлидің (Али ибн Абу Талиптің) ерлігі мен он екінші «жасырын имам» Мұхаммед әл-Мәһди жөніндегі аңыздар құрайды. Дастанның алғашқы бөлігі жар іздеу, ат таңдау, белгісіз жат елге аттану, ерлік көрсету жолымен үйлену сияқты көне сарындардың негізінде өрбиді. Соңғы бөлімінде әкесіз өскен Мәдигің (Мәһдигің) өмірімен байланысты оқиғалар баяндалады. Әкесін іздеп жолға шығып, онымен кездейсоқ кездескенде жағасына қолы тиеді. Кейін әкесі екенін білген Мәди ұялғаннан жергің астына кіріп кетеді. Әке мен баланың соғысу сарыны әлем фольклорында көп кездеседі. Жыршының он екінші «жасырын имамды» Әлидің баласы етіп көрсету, оның жер астына кіру оқиғаларын қосуы мұсылмандық сарын әсерінен туындаған.

XIX ғасырдың аяғында дастанды алғаш Мәулекей Жұмашұлы хатқа түсіріп, Қазанда жеке кітап етіп жариялады және ол кейін қайта басылды (1897, 1901, 1902, 1913). Бұл шығарманы Жүсіпбек Шайхысламұлы да өзінше жырлап, аталған қалада жеке кітап түрінде бастырды (1898). Ел тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары туынды «Дариға қыз бен Әзірет Әлінің күресі» деген атаумен кітап болып шықты (1995) және «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (2004, 10-т.), «Хазірет Әли» жинағында (2015) басылым көргі. Дастан жөнінде С. Қасқабасов, Б. Әзібаева, А. Қыраубаева, М. Әбдуов, Д. Сәтемірова сынды ғалымдар зерттеулер жазды. Қазақстанның қолжазба қорларында Е. Көлдейбекұлы, С. Дайрабаев, О. Дүйсембаев, Ш. Еспанов, Б. Есенғараев, Ж. Төленов, С. Түсіпұлы, Е. Сембеков, Н. Ниязов, С. Сауытбеков, К. Керімбекұлы, Ә. Ахметов пен Қ. Самтаров жеткізген нұсқалары сақталған. Томды баспаға дайындау барысында оның барлық нұсқалары сараланып, Қазан (1897) басылымы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорынан алынды (1131-бума).



Әуелі сөз сөйлейін бисмилладан,
 Өлмей қалмас анадан туған адам.
 Өлмей тұрып сөйлейін мен бір қисса,
 Туған жан бәрі де өлер ата-анадан.

Құлдық, тағат қылсаңыз бұл дүниеде,
 Өлсең иман табарсың о дүниеде.
 Тәңірі досты Пайғамбар төрт жарменен
 Бір күні кеңес қылды Мәдинеде.

Қатыран шаһарында бір қыз болған,
 Жақын жерде шаһардың бәрін жиған.
 Балуан қыз Қатыранда бар деген соң
 Ер Әли Арысланға есітілген.

Бір күні қыз Дариға сөз сөйлейді,
 Отырып сарайында көп сөйлейді.
 «Көп қуат маған берді Жаппар Құдай,
 Жалғанда кім жығады мені?» — дейді.

Бұл сөзден Әли Арыслан хабар білді,
 Орнынан намыс етіп түрегелді.
 Бұл қызбенен күресуге тілек қылып,
 Пайғамбарға рұқсат ала келді дейді.

— Ассалаумағалейкүм, Пайғамбарым,
 Қатыранда бір қыз жықты жанның бәрін.
 Сол қызбенен күресуге барар едім,
 Біздерге берер болсаң дағуаларың¹.

Жаратқан баршамызды бір Құдайым,
 Қиямет күні көрерміз жердің тарын.
 Бұл сөзді Дариғадан естіген соң,
 Тағат қылып Мәдинеде тұра алмадым.

— Басайын аяғымды қадам-қадам,
 Естідім анау қызды жүһүд² надан.
 Өлгенше сүйегіңде таңба болар,
 Жығылсаң іздеп барып бір әйелден.

— Алладан Дүлдүл³ деген ат алғанмын,
 Өзіңнен жеті жаста бата алғанмын.
 Құдайдың маған берген уағдасы бар,
 «Алланың Арысланы» деп аталғанмын.

Алланың қыл тамаша әр ісіне,
 Әркім жаза тартады қылмысына.

¹ Дағуа /араб/ — үгіт, насихат.

² Жүһүд — еврей, яхуди.

³ Дүлдүл — сәйгүлік, пырақ.

Бата бер, тақсыр баба, мен ғаріпке,
Мен түстім тәуекелдің дариясына.

Пайғамбар қолын жайып бата берді,
Арыслан «йә, Алла» деп түрегелді.
Ғабдулахаб Қанбарды қасына алып,
Аяндап құбыла жаққа жөнеледі.

Қасында жолдасы бар Қанбар баба,
Жандарын тапсырады бір Құдайға.
Дүлдүлге сауыт-сайман артып алып,
Жөнелді бетін түзеп құбылаға.

Тоқсан күн құбыла жаққа сапар қылды,
Қатыран шаһарына жақын келді.
Ел шетіне жақындап келіп еді,
Қарап тұрған қарауылшы оны көрді.

Көрген соң қарауылшы жетіп келді,
Әлиге қол қусырып сәлем берді.
Сәлем беріп қасына келгеннен соң,
Сәлемін Әли батыр әлік алды.

— Дүниеде жиһан кезген мен бір адам,
Кез болдық бұл арада, жаным, саған.
Біз шыққалы үш айдың жүзі болды,
Қай шаһар бұл шаһарың, айтшы маған?

— Әр түрлі жан жаратқан бір Құдайым,
Жарлық қылып жаратты күн мен айын.
Дүниеде жұрттан асқан дәулеті бар
Бұл Қатыран шаһары-дүр, білсең жайын.

— Кез болдым Құдай айдап сендей ерге,
Шаһарым үш айшылық қалды жерде.
Мен іздеп шаһарымнан шығып едім,
Қыз бар ма Дариға атты шаһарыңда?

— Әй, жігіт, мен сұраймын жөніңізді,
Мен көрдім Дариғаны қызыл жүзді.
Қыз болса да еш адам пар келмеген,
Дариға атты патшаның жалғыз қызы.

Қыз қылып Дариғаны Құдай қылған,
Қыз болса да еркектен артық болған.
Бұл жерде шаһарлардың адамдары
Тұрады Дариғаның әмірі бірлән.

Сөз айтты сол жігітке Әли батыр,
Қасында бірге еді Қанбар пақыр.

– Әдейі күресуге іздеп келдім,
Бар болса, Дариғаны мұнда шақыр.

– Сіз бізге кез болдыңыз жапан түзде,
Жапанда еш адам жоқ сізден өзге.
Хабарын Дариғаға біз берелік,
Кім дейміз атыңызды, айтшы бізге?

– Айта бар, менің атым – хазірет Әли,
Бабам аты – Мұхаммед Хақ Расулы.
Сәлем айт Дариғаға, келсін мұнда,
Менімен күресуге болса жайы.

Елшілер Әли екенін білді дейді,
Хабарын Дариғаға берді дейді.
– Жасыл киім, қара көк мінген аты,
Әли атты бір балуан келді, – дейді.

Дариға отыр екен шашын тарап,
Қойыпты бақыт беріп Құдай қалап.
Қаранып жан-жағына шыға келді,
Шаншулы шекесінде алтын тарақ.

Далада Әли тұрды хабар беріп,
Үш айлық Мәдинеден іздеп келіп.
«Тәуекел, – деп, – Алланың құдіретіне»,
Тұрыпты майдан жерде сабыр қылып.

Жаратқан барша жанды Жаппар Құдай,
Дүниеде сұлу болмас, сірә, мұндай.
Көрген соң Дариғаны қаһарланып
Қасына Әли келді шыдай алмай.

– Мен келдім, келбетімді көрсең, – дейді,
Жүрегі Дариғаның дүрсілдейді.
– Рұқсатсыз көшені аралапсың,
Әй, жігіт, атыңды айтшы, кімсің? – дейді.

– Сұрасаң, менің атым – Әли Арыслан,
Қорқады қаһар қылсам талай дұшпан.
Қыз Дариға сен болсаң, тіл тигізбе,
Қор болып сен де өлерсің ашулансам.

Тіліңді көп тигізбе мендей ерге,
Өлген соң кіреміз ғой қара жерге.
Әдейі күресуге талап қылсаң,
Белгілі далаға шық, майдан жерге.

Үш айлық жерде қалды менің жерім,
Бұл шаһар, қыз Дариға, сенің жерің.

Армансыз түзеліп кел, бек тебіреніп,
Көрейін қуатыңды енді сенің.

Сарайдан Дариғаның жүзін көрді,
Майысып сарайына Дариға енді.
Аладан, Пайғамбардан медет сұрап,
Арыслан майдан жерге қайтып келді.

Бұларға да естілген Әли аты,
Әлидің Құдай берген көп қуаты.
Әли деген хабарын білгеннен соң,
Жиылды Дариғаның тамам жұрты.

Сол жерде шаһар халқы бәрі келді,
Әлиді майдандағы көзі көрді.
Үстіне алтын кілем отырғызып
Қырық жігіт Дариғаны алып келді.

Кигені Дариғаның алтын кебіс,
Жиып келді майдан жерге түрлі жеміс.
Үстіне кигенінің бәрі жібек,
Қылады Әлименен үлкен күрес.

Әлиді тамам халық бәрі көрді,
Шаһимардан Арыслан Әли ерді.
Дүлдүлді Қанбар құлға бере тастап,
Қасқайып майдан жерге жетіп келді.

Көргелі қыз атасы өзі келген,
Жаяды майдан жерге жібек кілем.
«Берсін, — деп, — осы жолды Дариғаға»,
Шашады алтын-күміс келген жерден.

Күреске майдан жерге Әли барды,
Бір миллиондап жүһүдтер жиылады.
Алтын тақ үстіне қызды отырғызып
Майданға қырық балуан алып келді.

Далада бәйгеге қылды алтын діңгек,
Күрескенде жұрт тұрды дөп-дөңгелек.
Бұлардың тамашасын көреміз деп,
Жүһүдтер жиылып тұр бөлек-бөлек.

Босатып Дариғаны қоя берді,
Әлиге маң-маң басып қыз да келді.
«Көңілі Дариғаның тоқтасын», — деп,
Ер Әли зәрін шашып көз жіберді.

Қыз қарсы келе жатыр қадам басып,
Белінен құшақтайды қатты қысып.

«Йә, Алла» деп ұстады Әли Арыслан,
Келеді Дариғаға зәрін шашып.

Көтеріп бұрынғыдай ала алмады,
Бір-бірін кезек-кезек үйіреді.
Қуатын Дариғаның көргеннен соң,
Арыслан бір Аллаға сиынады.

Арыслан бір Құдайға сиынады,
Шаңдары екеуінің бұрқырайды.
«Осы қызды күресіп жығып кетсем,
Бұл жерге келгенімменен немқұрайды».

Жаратқан жұмлә¹ жанды Жаппар Құдай,
Дүниеде күрес болмас, сірә, мұндай.
Дүние жүзін топырақ пен шаңдақ басып,
Екеуі күресіпті он төрт күндей.

Жаратқан жұмлә жанды Құдірет-ті,
Әли көрді бұл қыздан көп бейнетті.
Он төрт күн таң сарғайып ата берді,
Сол уақытта Әлиден қуат кетті.

Сол уақытта Әли Арыслан болды наза,
Қабірде жамандар тартар жаза.
Алаңдай жан-жағына ойлап тұрса,
Намазы он төрт күнгі бәрі қаза.

Әлиден қиналғаннан ағады тер:
«Мұнан да мені жұтсын сол қара жер».
– Намазым он төрт күндей бәрі қаза,
Өтейін намазымды, рұқсат бер.

Жаппар Құдай, жәрдем бер тіл-жағыма,
Кім таласар, жігіттер, ер бағына.
– Қазаңды он төрт күнгі оқығанша,
Келейін мен де барып тамағыма.

Босатып Әли Арыслан қоя берді,
Майысып аққу құстай қыз жөнелді.
Босанып Дариғадан шыққаннан соң,
Хазірет Әли бір биік тауға келді.

Арыслан Дариғаны қоя берді,
Аққу құстай шаһарына қыз жөнелді.
Қызметкерлер даярлап қойған екен,
Бір жегенде жүз қойды, нанды жеді.

¹ Жұмлә /араб/ – бәрі, барлығы, түгел.

Хазірет Әли бір биік тауға келді,
Келді де, бір бұлақтан дәрет алды.
Он төрт күнгі намазын тамам оқып,
Құдайға мінәжат қылып жылайды енді.

«Сыйындым, Пәруардигар¹, жалғыз саған,
Отырмын өзім жалғыз жапан түзде.
Дүниеде Арыслан деп атап едің,
Қор қылма, Жаппар Ие, осы қызға.

Әкелдің үшбу жерге, Зұлжалалым²,
Қылыпсың менен артық қыздың халін.
Қайтқанда Мәдинеге не деп барам,
Барма деп айтып еді Пайғамбарым.

Барма деп айтып еді ол Мұхаммед,
Күресу Дариғамен болды міндет.
Жалғанда Арыслан деп ат беріпсің,
Бере көр өзің медет, йә, Құдірет.

Арыслан сыйынады бір Аллаға:
«Омар, Оспан не деймін шаһариарға,
Мен енді Мәдинеге бара қалсам,
Не деймін отыз мыңдай сахабаға³?»

Құдайға Әли Арыслан дұға қылды,
Дұғасы Хақ қасында қабыл болды.
«Ренжімей күресе бер бұл қызбенен»,
Деп аспаннан құдіретпенен хабар берді.

Аспаннан Жәбірейіл жерге келді,
Келді де қырық қадам жерде тұрды.
Хабарын Жәбірейілден естіген соң,
Арыслан: «йә, Алла!»деп түрегелді.

«Йә, Алла!»деп орнынан түрегелді,
Аяңдап майдан жерге және келді.
Үстіне майдан тастың барғанында,
Өне бойы қуаттанып күреседі.

Жалғыз келіп майданда Әли тұрды,
Шаһарынан аққудай боп қыз да келді.
Ұйқы ұйықтап, тынығып, ажарланып,
Әлимен алысқалы қыз да келді.

Басады Әли аяғын кердең-кердең,
Жалғанда кім құтылар біздей ерден.

¹ Пәруардигар /парсы/ – Құдай.

² Зұлжалал /араб/ – жоғары мәртебелі.

³ Сахаба /араб/ – Мұхаммед пайғамбардың жанына ерген серіктері.

Арыслан «йә, Алла» деп алып кетті,
Көтеріп Дариғаны көрген жерден.

Жарандар, тыңдасаңыз мінекей кеп,
Қарап тұрған тамаша жиылған көп.
Әрі-бері басынан айналдырып,
Бір уақытта алып ұрды «йә, Алла» деп.

Әлиге қуат берген бір Құдай-ды,
Тамам жұрт мұны көріп қайран қалды.
Арыслан кеудесінде отырғанда,
Астында қыз Дариға сөз сөйлейді.

— Әли, менен артық емес тіпті күшің,
Аллаға жаққан екен қылған ісің.
Біздерді бұл майданда жығып салдың,
Жоқ екен бұл ғаламда сенің [теңің].

Хазірет Әли Дариғаны жығып алды,
Тамам жұрт тамаша қылып көзін салды.
Саны жоқ көп жүһүдтер дінге кірді,
Мешіт пенен медресе және салды.

Қырық күн бұл шаһарда дін үйретті,
Иманын көп жүһүдтер таза күтті.
Неке қылып Дариғаға қосылған соң,
Әлидің қайтар уақыты жуық жетті.

— Айтайын, қыз Дариға, саған бір сөз,
Ішінде жүкті болсаң бір ұғлан¹, қыз.
Қыз болса өзің біліп ат қоярсың,
Ер болса «имам Маһди» деп қойыңыз.

Ер Әли Мәдинеге қайтып кетті,
Баланың енді туар уақыты жетті.
Айы толып Дариға толғатқанда,
Ай менен күндей болып бір ұл туды.

Маһди деп балаға қойды атты,
Бұл бала барша жаннан салтанатты.

— Енді мен бұл баланы оқытайын,
Бұл бала оқу оқыр жасқа жетті.

«Қыл көпір қиямет күн тар ма, — деді,
Қыдырмай бес намазды оқы», — деді.
Қолынан баласының ұстап алып,
Жетелеп медресеге алып келді.

¹ Ұғлан — ұл.

Беріпті алып барып молдасына,
Сыйынды оқимын деп Алласына.
Біраз жыл оқу оқып, молда болды,
Үйіне келді бала анасына.

Маһди сонда үйіне қайтып келді,
Дүниенің қызығына батып келді.
Жақ атып, ойын қылып келе жатса,
Кемпірге нан илеген жетіп келді.

Маһди келеді енді ойын қылып,
Кемпір тұр бір тандырда нан пісіріп.
Қасына ол кемпірдің жетіп келіп,
Маһди шықты кемпірді мазақ қылып.

Қалтаңдап сонда кемпір түрегелді,
Қасынан бала кетпей және тұрды.
— Әкесі тірі кеткен сұмырай жетім,
Не жаздым, мұнша мазақ қылдың? — деді.

Бұл сөзді Маһди бала тыңдап тұрды:
— Кім еді менің атам, айтшы, — деді,
Әй, кемпір, бұл сөзіңді жақсы көрдім,
Тауып бер, менің атам кім еді? — деді.

— Бәрімізді жаратқан Жаппар Құдай,
Мен айтайын, әй, бала, жақсы тыңда-ай.
Ішінде Дариғаның сен қалған соң,
Атаң кеткен сапар қылып Мәдинеге-ай.

Бұл сөзді естіген соң жүре берді,
Жай тартып көшеменен келеді енді.
Аяңдап өз үйіне келе жатса,
Ойнап жатқан көп балаға кез болады.

Келді де көп баламен ойын салды,
Көп бала ойынына қайран қалды.
Балалардың біріне-бірін соғып,
Келді де көп балаға ойран салды.

Бір бала естіген соң сөз айтады,
Жаман сөз сол арада көп айтады.
— Атасы да осындай тентек еді,
Келген соң тек жүрмейді, — деп айтады.

Енді Маһди сыйынады бір Құдайға,
Пенденің көңілі тоймас бұл дүниеге.
— Анам бар, атам өлген, мен бір жетім,
Тауып бер, білсең, менің атам қайда?

Бала айтты: «Мені қыспа бұл арадан,
Үздірме үмітімді ғаріп жаннан.
Атаңды тірі кетгі деп естідім,
Бар, білмесең барып сұра Дариғадан».

Маһди енді естіп жүре берді,
Үйіне бек қайғырып жылап келді.
Анасы жылағанын көргеннен соң:
— Неге мұнша жыладың, балам? — деді.

Бала айтады: «Рақым әйла, анам, бізге,
Бір сапар қылғым келді жапан түзге.
Атамды тірі кетгі деп естідім,
Жөнін айт сол атамның, қайсы жерде?»

Біздердей бала бар ма ғаріп болған,
Дариға мұны естіп қайғыланған.
«Япырым-ай, қандай дұшпан айтты екен?» — деп,
Дариға үйде отырып зар еңіреді.

— Енді ойнап балалармен күле алмаймын,
Мен енді бұл шаһарда жүре алмаймын.
Қоя бер жөнімді айтып енді менің,
Не қылсам да бұл жерде тұра алмаймын.

Бастады бұл сапарға Жаппар Құдай,
Маһди сөз сөйлейді көңілі тынбай.
Тұрмасын бұл баланың білгеннен соң,
Дариға жолын айтты жылай-жылай.

Дариға бұл арада болды бейхал¹,
— Әй, балам, бұл сөзіме құлағың сал
Бастасын оң жолына Жаппар Құдай,
Әуелгі ұлық атаң — Хақ Пайғамбар.

Әуелгі ұлық бабаң Мұхаммед-ді,
Арыслан ол Мұртаза — атаң, — дейді.
Сәлем ет Мәдинеге бара қалсаң,
Біз ғаріптен атаңа сәлем, — дейді.

Бабаң сенің Құдай досты Хақ Пайғамбар,
Құдай сүйген отыз мыңдап сахабалар.
Әбубәкір Сыдық пенен Омар, Оспан —
Атаңның жан жолдасы шаһариар.

Ұлық анаң әуелгі ол Фатима,
Хасен, Хұсайын екеуі сізге аға,

¹ Бейхал /парсы, араб/ — көңіл-күйсіз.

Пайғамбардың зағифы¹ Бибі Хадиша,
Баршасы Мәдиненің шаһарында.

— Белгісіз не болармын бұл сапарда,
Қылмадым қызмет енді қасыңызда.
Егерде бұл сапардан келе алмасам,
Кешіңіз хақыңызды бейшараға.

Естіді баласының сөзін-кебін,
Дариға жидырады тамам жұртын.
«Құдайға, балам, сені тапсырдым», — деп,
Ұлына емізеді екі емшегін.

Дариға зар-зар жылап қоя берді,
Құданың бергеніне шүкір қылды.
Қызыр берген таяғын қолына алып,
Аяңдап сахараға жүре берді.

Біраз күн сахарада жол жүреді,
Болған соң өзі жалғыз, көп жүреді.
Жапанда өзі жалғыз келе жатса,
Керуен он түйелі кез болады.

Керуен он түйелі жақын келді,
Бала да ол керуенге қарсы жүрді.
Қолында таяғы бар, өзі жаяу,
Келді де, керуенге сәлем берді:

— Ассалаумағалейкүм, әй, ағалар!
Сәлемін әлік алды керуендер.
— Қасыңда жолдасың жоқ, өзің жаяу,
Неғып жүрген баласың? — дейді бұлар.

— Бермесін Құдай қайғы басыңызға,
Жар болсын қожа Қызыр қасыңызға.
Атам жоқ, анам қалды, өзім — жетім,
Барамын Мәдиненің шаһарына.

Керуен он түйелі кез болады,
Балаға сол арада шапағат қылды.
«Адасқан бір даланың баласы» деп,
Мінгізіп бір түйеге алып жүрді.

Бала айтады: «Сіз барасыз қай сапарға?
Мінгіздіңіз, әй, ағалар, түйеңізге».
Керуен айтты: «Әй, балам, жолымыз бір,
Біз барамыз, әй, бала, Шам шәріне».

¹ Зағиф /араб/ — зайып, жұбай.

Бұл керуендер алпыс күн сапар қылды,
Бір үлкен тау секілді жылан келді.
Қасына бұл керуеннің жетіп келіп,
Баршасын құйрығыменен орап алды.

Имам Маһди қайран болып қарап тұрды,
Шуласып керуендер жылап тұрды.
Мал айтып көп керуен Құдай үшін,
Бек қатты бір Аллаға сыйынады.

Маһди айтты: «Жылама, ағаларым,
Құдайдың құдіретімен болған керім.
Сабыр қылың, ол жыланға мен барайын,
Біздерге қабыл болсын дұғаларың».

Имам Маһди сол жыланға жетіп барды,
Таяғын Қызыр берген қолына алды.
«Йә, Алла» деп таяғын салып еді,
Ол жылан жетпіс бөлек болып қалды.

Жыланнан аман болып керуен өтті,
Бір уақта Шам шаһарына жақын жетті.
Бектердің шаһардағы балалары
Ойнатып Маһдиді енді алып кетті.

Имам Маһди сол шаһарда біраз жүрді,
Шаһарда балалармен ойнап-күлді.
Қасында жолдасы жоқ, өзі жаяу
Тағы да Шам шаһарынан жөнеледі.

Тағы да жөнеледі жалғыз өзі,
Жалғызға көп көрінбес дүниежүзі.
Алпыс күн жаяу жүріп келе жатса,
Бір шаһарды бұлдыраған көзі көрді.

Имам Маһди сол шаһарға жақын келді,
Әбден-ақ қарны ашып қалжырады.
«Жейтұғын аузыма тамағым жоқ,
Қуат бер мен ғаріпке, Алла», — деді.

Бұлдырап ол көрінген Мысыр шаһар,
Имам Маһди оған таман және жүрген.
Қалжырап екі көзі қарайған соң,
Имам Маһди бұл шаһарға жетіп келер.

Имам Маһди бұл шаһарға және келді,
Көп бала ойнап тұрған оны көрді.
Келе жатқан Маһдиді бұлар көріп,
Шуласып тамам бала бәрі келді.

Сақтады есен-аман Алла Тағала,
Келіпті Құдай сақтап бұл шаһарға.
Қасына тамам бала келгеннен соң,
Имам Маһди сәлем берді балаларға.

Көп балалар Маһдиге жетіп келді,
Бұл шаһарға бала өзер келіп жетті.
Бектер менен төренің балалары
Маһдиді үйге таман алып келді.

Көп қылды мейірбандық ол Маһдиге,
Ойнайды балалармен күнде-күнде.
Бір күні балалармен амандасып,
Мәдиненің жүрмек болды шаһарына.

Мысырдан тағы шығып және жүрді,
Көп бала амандасып қоя берді.
Балалар амандасып жіберді енді:
«Бір Құдайға тапсырдық сені», – деді.

Имам Маһди екі ай жүрді ен далада,
Қызыр берген таяғы оң қолында.
Тапсырып бір Аллаға аманатын,
Келіпті алпыс күнде Мәдинеге.

Білмейді еш адамды Маһди бала,
Білінбей аз күн жүрді Мәдинеде.
Түн болса бір шеткі үйге мекен қылып,
Шығады таң атқан соң дарбазаға.

Көшеге шықты бір күн Маһди батыр,
Жасында жиһан кезген бұл бір пақыр.
«Атамды енді іздеп табамын» деп,
Аралап Мәдинені келе жатыр.

Пайғамбар таһарат¹ алып отыр екен,
Имам Маһди қол қусырып сәлем берді.
Имам Маһди сәлем беріп өте берді,
Пайғамбар көзін салып оны көрді.
«Бек нұрлы, асыл туған бала екен» деп,
Артынан Пайғамбарым қарап қалды.

Көшенің ортасынан келіп кірді,
Бір жерде көп жиылған адам көрді.
Не екенін білмейді ол жиынның,
Ішіне көп халықтың бұл да келді.

¹ Таһарат /араб/ – дәрет алу, тазалану.

Шығарды көкіректен сәналарын¹,
 Құдайым кез келтірді ағаларын.
 Сол жерде күрестіріп отыр екен
 Әли Арыслан он жеті балаларын.

Он сегізінші болды да бұл да тұрды,
 Балалар күрескенін қарап тұрды.
 Бір-бірін жыққанына қайраттанып,
 Имам Маһди оңтайланып қымсынады.

Баланың қымсынғанын Әли білді,
 Бұл неге қымсынады деп байқап қалды.
 – Әй, балам, қарап тұрып қымсынасың,
 Ойыңыз күресуге бар ма? – деді.

Имам Маһди күресуге түрегелді,
 – Күресейін, тақсыр, бер рұқсат, – деді.
 Білмейді Әли екенін бала сонда,
 Сыбанып екі қолын жүгіреді.

Сол жерде Хасен батыр түрегелді,
 Маһди бұған қарсы жүгірді енді.
 Сыбанып Маһди бала жетіп келіп,
 Хасенді «йә, Алла» деп алып ұрды.

Балаға бұлар тұрды қайран қалып,
 Хұсайын тұрды тағы да қайраттанып.
 Жүгіріп келіп белінен ұстай алып,
 Имам Маһди тағы жықты бұрап-бұрап.

Сол жерде бала Мұса назаланды,
 Жықты деп екі ағамды ыза болды.
 Қуатты бәрінен де туған екен,
 Көтеріп ол Мұсаны алып ұрды.

Жығыпты он алты балаларын,
 Сап болды балалары Мұртазаның.
 Сонда тұрды Мұхаммед-Ханафия
 «Қылайын ол баланың өзім жайын».

Күресті Ханафия менен Маһди бала,
 Бәрін де ыза қылды Хақ Тағала.
 Жығарға Ханафияны таянғанда,
 Арыслан ұстай алды келе сала.

Ханафияны айырып қоя берді,
 Көп бала қайран болып қарап тұрды.
 Айырып Ханафияны қойғаннан соң,
 Ер Әли Маһдименен күреседі.

¹ Сәна /араб/ – қайғы.

Үш тартып Маһиді ала алмайды,
Не қылса да жас бала қозғалмайды.
Арыслан үш тартқанда болмаған соң,
Сол жерде Маһдиге енді кезек берді.

Арыслан нәубет берді сол арада,
Жас бала қозғалмады ер Әлиге.
Кезек нәубет берген соң ол балаға,
Тілейді жәрдем бер деп бір Аллаға.

— Әуелі ұлық бабам Мұхаммед-ді,
Ол Фатима, медет бер, анам, — дейді.
Тілегенде медеггі беруші едің,
Жәрдем бер, хазірет Әли, атам, — дейді.

Бұл сөзді Әли Арыслан естіді енді,
Бұл сөзді естіген соң қайран болды.
Белінен қатты ұстап хазірет Әли:
— Жад еткен Пайғамбарды кімсің? — дейді.

— Туғанмын, атым — Маһди, Дариғадан,
Арыслан атам Әли жиһан кезген.
Бұлардың бәрін айтқан Дариға анам,
Шығып едім атамды іздеп шаһарымнан.

Құдайдың құдіретіменен жаралғанмын,
Бұл сөздің бәрін айтқан Дариға анам.
— Бұл сөзді шын Дариға айтқан болса,
Іздеген Шер Әли атаң менмін.

Баладан қысылғаннан ағады тер,
— Мұнан да мені жұтсын бұл қара жер,
Іздеген өз атама қолым тиді,
Тілейін — жерге жұтсын Пәруардигар.

Жүгіріп қара тасқа бала жетті,
Әли Арыслан артынан ере кепті.
Әлиден бала бұрын тасқа жетіп,
Көтеріп қара тасқа еніп кетті.

Бәрі де осы жалған сұм жаралған,
Жалғанда не бар дейсің мұнан жаман.
Хазірет Әли көтеріп қара тасты,
Сол тасты жерге ұрып талқан қылған.

Көтеріп қара тасты Әли ұрған,
Орнында шақпақтай тас еш қалмаған.
«Имам Маһди тірі кетті, әй, баба» деп,
Арыслан Пайғамбарға жылап барған.

«Баламды қара тастан шығар», — деді,
Әлидің жылағанын Құдай білді.
Хабар берді Жәбірейілге: «Барып айт, — деп,
Махшар күні баласын көрер», — деді.
— Әлиге айт, наза болып жыламасын,
Жәбірейіл Пайғамбарға хабар берді.

— Йә, Әли, Құдайымнан хабар білдім,
Үшбу сөзді естіп бек қуандым.
Имам Маһди Әлидің баласы деп,
Қуаныш қылып сол жерде хабар бердім.

Арыслан тақсыр Әли бұл бір шері,
Жүреді ерлікпенен күні-түні.
Тажалға дұшпан болып шығар дейді,
Сол екен Маһидің тұрған жері.

Ол Әли — бұл дүниеде ердің ері,
Дариғаға күресуге барған жері.
Дариғадан Маһидің туған жері,
Әлидің баласынан айырылып қалған жері.





Бірінші мақам


Орындаған: Майра Сәрсенбаева

Ноғаға түсірген: Қуаныш Жұмағали

Орташа



2



Жал-ған-да кім жы-ға-ды ме- ні?"дей-ді. "Жал-ған-да кім жы-ға-ды ме ні?" дей-ді



Бұл сөз - ден Ә - ли Ар - ыс - лан ха - бар біл - ді.



Қайтырымы

Сә - ле мін Ә - ли ба - тыр әл - ік ал - ды.



А - е - - е - е - - е - е - - е - е - - е - е - - ей.

Екінші мақам



Дү - ни - е - де Жи - ған кез - ген мен бір а - дам,



Кез бол-дық бұл а-ра да, жа-ным, са-ған, Біз шық-қа-лы үш ай-дың жү-зі бол-ды,



Қай - ша - Һар бұл ша - Һа - рың, айт - шы ма - ған?



Әр - түр - лі жан жа - рат - қан бір Құ - дай - ым,



Жар - лық қы - лып жа - рат - ты күн мен ай - ын.



Дү - ни - е - де жұрт - тан ас - қан дәу - ле - ті бар



Бұл Қа - ты - ран ша - Һа - ры - дүр, біл - сең жай - ын.



Кез бол - дым Құ - дай ай - дап сен - дей ер - ге,



Ша - һа - рым үш ай - шы - лық қал - ды жер - де.




Мен із - деп ша - һа - рым - нан шы - ғып е - дім,



қыз бар ма Да - ри - ға ат - ты ша - һа - рың - да?

Үшінші мақам



А - е - е - е - ей - ай - й - ым



Мен кел - дім, кел - бе - тім - ді көр - сен, -дей - ді,



Жү - ре - гі Да - ри - ға - ның дүр - сіл - дей - ді.



Рұқ - сат - сыз кө - ше - ні ара - лап - сың,



Әй, жі - гіт, а - тың - ды айт - шы, кім - сің? дей - ді.





Сұ - ра - саң, ме - нің а - тым Ә - ли, Ар - ыс - лан,



Қор - қа - ды қа - һар қыл - сам та - лай дұш - пан.

4



- ۱۵ -

كيدادر شول اوغرىنى توتوب بىرساڭك اولوغ مرھمتكزدان اولورايدى امام مھدى
 قوب بولور دىدى حالدان كېلسە كورالك دىدى من بعد كىمىر حضرت على كا
 تخيدە يغلاب كېلدى كە ايدى اى الله تىك ارسلاڭى منم باغم دە بر آلما
 غاچم بارايدى هر طانك اولندە بر اوغرى الماسين اوغرىلاب كيتادر شول
 وغرىنى توتوب بىرسنك اولوغ مرھمتكزدان اولورايدى دىدى حضرت على
 دىدى يغلامە ماما كىشى انشاء الله مالدان كېلسە توتوب بىراين
 دىدى من بعد صباح اولندە حضرت على كىمىر نىك باغنه اوغرى توتارغە
 قىرىن غنە كىلاياتر ايكىچى طرفدان امام مھدى اوغرى توتام دىب
 قىرىن آقرىن كىلاياتسە هر ايكىسى بر بىرىن كوروب اوغرى
 مانوب بر بىرىنە يابشديلار سنكەرە كوراشوب كىتديلار
 حضرت على نىك بالالارى هم صحابەلار خېردار بولوب تورغانلار
 مھىسى تماشەنى كوردىلار تانك آتوب صباح بولدى ايرسە هم
 خلق بر بىرىن تانوب بلكانداى بولدى ايرسە شول جردە امام
 مھدى يا الله يا رسول الله يا حضرت على مەددىب كوتاروب
 لوب اورماچى بولوب ايدى حضرت على آتانك على من من دىدى
 راضى من اويالمە دېسە دە بولمادى اويالوب قاجدى حضرت على ارتوندىن
 بوى مھدى بر تاشقە يتدى بر بوتارغە الله تعالى دان تلادى تلادى
 بول بولدى اول طاشنى كوتاروب طاشنىك استنە غاىب اولدى
 حضرت على اول طاشنى بارچە بارچە قىلدى مھدىنى تابمادى حضرت
 على حضرت رسولكا يغلاب كلىدى مھدىدان ايرلوب قالدىق دىدى
 بىرسە درحال جبر ائىل عليه السلام خبر كىتوردى الله تعالى طرفندن يغلاماسين
 مېرايتسون قىامت كون كورار بر وقت آخر زمان اولور شول
 قتدە ياء جوج ماء جوج چقار هم شول دجال چقار هم شول وقتدە كوكدان عىشى

Дариға қыз. Қазан, 1897, 15-бет.

НАРЪЧІЯ
 ТЮРКСКИХЪ ПЛЕМЕНЪ,
 ЖИВУЩИХЪ ВЪ ЮЖНОЙ СИБИРИ И ДЗУНГАРСКОЙ СТЕПИ.

—
 I ОТДѢЛЕНІЕ.

ОБРАЗЦЫ НАРОДНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ.

ЧАСТЬ III.

—
 DIE SPRACHEN
 DER
 TÜRKISCHEN STÄMME SÜD-SIBIRIENS
 UND DER
 DSUNGARISCHEN STEPPE,
 VON
 Dr. W. Radloff.
 —
 I. Abtheilung.
 PROBEN DER VOLKSLITTERATUR.
 III. Theil.

—
 САНКТПЕТЕРБУРГЪ, 1870.

Типографія Императорской Академіи Наукъ.
 (Вас. Остр., 3 лп., № 12.)

Киік // В.В. Радлов. «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары...» СПб., 1870, 3 том.

КИІК

«Киік» дастанына барша мұсылманның қамқоршысы Мұхаммед пайғамбардың кәпір аңшының тұзағына түскен киікке араша түсіп, оның екі лағын емізіп келуіне кепіл болғаны, мерзімгі уақытта айтқан жерге екі лағын ертіп киіктің қайта келуі, одан ғибрат алған кәпірдің мұсылман дініне кіруі сияқты оқиғалар арқау болады. Халық фольклорындағы ертегілерде, аңыздарда, жыр-дастандарда киік түрлі сипаттарда көрініс береді. Ғашықтық жырларда елес болып көрініп, кейіпкердің сезімін оятып, алыс сапарға аттануына себепкер болады. Батырлық эпостарда панасыз балаға қамқор ананың қызметін атқарып, сүтімен асырап, оның аман қалуына әсерін тигізеді. «Киік» дастанының сюжетіндегі аңыздарда ел ішіне кең тарағандығын әлі күнге дейін айтылып жүрген «киікті атпа, киесі ұрады», «киікке пайғамбар араша болған», «киік үшін пайғамбар жанын қиған» деген ғибратты сөздер айқын аңғартады. Әу баста осы сияқты фольклорлық мұралардан хабардар болған жыршы олардың басын біріктіріп, біртұтас көркем туындыға айналдырғандығын көреміз. Шығарманың басты идеясы – Мұхаммед пайғамбар тек адамдарға ғана емес, барлық тіршілік иелеріне қамқоршы, көмек беруші, асыл қасиеттердің иесі екенін көркем бейнелеп көрсету.

«Киік» дастанын алғаш В.В. Раглов жазып алып, «Сібір тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары...» (1870, 3-т.) еңбегінде жариялаған. Еліміздің қолжазбалар қорында туындының Жарылғап Қосқұлақұлы жырлаған «Қақпанға түскен киіктің хикаясы» атты нұсқасы сақталған. Алдыңғы нұсқа «Ел қазынасы – ескі сөз» (1994) жинағында, «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында (2004, 10-т.) жарық көргі. Дастан туралы Б. Әзібаева, А. Сейдімбек, Е. Тұрсынов, А. Қыраубаева, М. Әбдуов т.б. ғалымдар зерттеулер жазды. Томды баспаға дайындау барысында оның екі нұсқасы мен жарық көрген басылым үлгілері сараланып, 1870 жылы В.В. Раглов жариялаған нұсқа таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа Орталық ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан алынды (ФК 576).



О заманда бар екен жалғыз киік,
Тамам кәуір¹ аттанды тұзақ жиып.
Тұзағына кәуірдің киік түсіп,
Кете алмады бұл киік тартып үзіп.

Құдайым, жеткізбейсің бізді дүзге,
Естімеген сөз кетер құла дүзге.
«Киік» деген азғантай өлеңім бар,
Тыңдасаңыз, айтайын оны сізге.

Киікті алды ол кәуір торын құрып,
Аққа жығылды ол киік мойын қойып.
«Киік» деген азғантай өлеңім бар,
Тыңдағанға айтамын құлақ қойып.

Торын құрып ол кәуір киікті алды,
Киікті алып тұзағын жерге салды.
Бауыздауға киікті жатқызғанда,
Мұстапа Мұхамбетім жетіп барды.

Кәуірге Мұхамбетім сәлем берді:
— Мұның жанын маған бер, кәуір, — деді.
Әжетіңе жарамас арық киік,
Екі лақты бейшара мұңлық еді.

Мұхамбет:

— Көңілі бұл киіктің лағында,
Қалды лағы бір таудың бұлағында.
Анасына азынап жылағаны,
Аян болды Алланың құлағына.

Кәуір:

— Тас алтын шыққан таудан теремісің,
Менің айтқан сөзіме еремісің?
Сол киік барғаннан келмей кетсе,
Жаныңнан киігіңді беремісің?

Мұхамбет:

— Тас алтын шыққан тауға тереді-ақпын,
Сенің айтқан сөзіңе ереді-ақпын.
Сол киік барғаннан келмей кетсе,
Жанымнан, жазған құл, төлер-ақпын.

Айтады айт дегенін хан тағына,
Ақының шек келтірмей тіл-жағына.
Кепіл боп Мұхамбет жіберген соң,
Зырылдап кетті киік лағына.

¹ Кәуір /араб/ — кәпір; дұшпан.

Киик баласы айтты:

— Пайғамбар бізден бұрын өтті дейді,
Пендесіне жол салып кетті дейді.
Алақай, анам салды да жетіп келді,
Не болды саған, ана, — депті дейді.

Киик:

— Бар еді кішкентайдан көп күнайым¹,
Көп дауысым шығармай бір жылайын.
Жабаның отына жүргенімде
Түсірді тұзағына бір Құдайым.

Киик баласы:

— Біз ақылы жоқпыз, кәріп анам,
Бір сен емес, бәріміз өлдік тамам.
Кәуірдің тұзағына ілініпсің,
Сол кәуір жіберерде не айтты саған?

Киик:

— Сол кәуір жіберерде үндемеді.
Мұхамбет кепіл болған Мұстапа еді.
Жерінде мезгіл айтқан бармай кетсек,
Сол кәуір Мұстапаны ұстайды енді.

Кәуір Мұхамбетке айтады:

— Мінгені Пайғамбардың арғымақ сұр,
Шытырманды аралай ұшады құр.
Алдың ба азап іздеп, Мұхамбет,
Кәне киик келгені, кешігіп тұр.

Мұхамбет:

— Мінгені Пайғамбардың арғымақ сұр,
Шытырманды аралай ұшады құр.
Ақшам мен намаздігер арасында
Киик енді келеді, аялдай тұр.

Киик баласы шешесіне:

— Е, шеше, сен барғанға мен барармын,
Артынан бір күн қалмай тез барармын.
Кәуірдің ол қайраулы қара пышақ,
Сенен бұрын мен барып ілінермін.

Шеше:

— Е, балам, барма деймін, сен өлерсің,
Шөп жесең, тісің шыққан күн көрерсің.
Анаң жоқ, сүйенерге атаң да жоқ,
Үшбу уақта зар қылып күңіренерсің.

¹ Күнай /парсы/ — кінә.

Кәуір айтты:

– Жығылды Аққа киік мойын қойып,
Сені жесем кетер ем бір-ақ тойып.
Кепілдігіңнен құтылдың-ау, Мұхамбет,
Бір киігім келеді үшеу болып.

Мұхамбет:

– Тас алтын тауға шықсам теремін бе,
Сенің айтқан сөзіңе еремін бе?
Үш киік келеді деп қуанасың,
Мен саған ол үшеуін беремін бе?

Киік:

– Айтамын айт дегенің, Мұхамбетім,
Екі лағым, мен өлсем, қалар жетім.
Жетімшілік басыңнан кешкен жоқ па,
Хабар бола жүре көр, Мұхамбетім.

Мұхамбет:

– Біз хабаршы болайық, сіз барыңыз,
Тоқтау салмай кәуірге тез барыңыз.
Жылай-сықтай бара көр, байғұс киік,
Жетер ме екен Аллаға тілегіңіз.

Киікті кәуір қуанғаннан қамап алды,
Қамап алып мойнына белбеу салды.
Киікті бауыздағалы жатқанда
Мұстапа Мұхамбетім тағы барды.

– Мінгені Пайғамбардың арғымақ сұр,
Аралай шытырманды ұшады құр.
Жіберші бұл киікті, кәуір, деймін,
Сен өзің намаз оқып, мұсылман бол.

– Құс ұшып, бұлбұл деген қонар құмға,
Құдай жеткіз деуші едім осы жолға.
Киігімді жіберсем, ау, Мұхамбет,
Мен де өзіңдей болармын мұсылман[ға].

Бұлбұл деген құс ұшып қонады,
Саясынан сарқырап от жанады.
Осындай мұсылман болған адам
Біздерден әжептәуір сол болады.

– Құс ұшып, бұлбұл деген қонар құмға,
Құдай жеткіз деуші едім осы жолға.
Киігіңді жібердім, ау, Мұхамбет,
Мен мұсылман болдым, әлхамдулилла.

Пайғамбар бізден бұрын өтті, – дейді,
Пендесіне жол салып кетті, – дейді.
Киігіңді жібердім, ау, Мұхамбет,
Барша мұрат басына жетті, – дейді.

Бірінші мақам

Орындаған: Темірбек Асқанбаев
 Нотаға түсірген: Махаббат Жекен

желдірте

3 Оу, о за-ман-да бар е-кен жал-ғыз ки-ік,
 5 Та-мам кәу-ір ат-тан-ды, тұ-зақ жи-ып. Тұ-за-ғы-на кәу-ір-дің ки-ік тү-сіп,
 7 Кет(е) ал-ма-ды бұл ки-ік тар-тып ү-зіп. Құ-дай-ым, жет-кіз-бей-сің біз-ді дүз-ге,
 9 Ес-ті-ме-ген сөз ке-тер құ-ла дүз-ге. Ки-ік де-ген аз-ған-тай ө-лең-ім бар,
 11 Тың-да-саң-ыз, ай-тай-ын о-ны сіз-ге. Ки-ік ал-ды ол кәу-ір то-рын құ-рып,
 13 Ақ-қа жы-ғыл-ды ол ки-ік мо-йын қо-йып. Ки-ік де-ген аз-ған-тай ө-лең-ім бар,
 15 Тың-да-ған-ға ай-та-мын құ-лақ қой-ып. То-рын құ-рып ол кәу-ір ки-ік-т(і)ал-ды,
 17 Ки-ік-т(і)ал-ып тұ-за-ғын жер-ге сал-ды. Бау-ыз-дау-ға ки-ік-ті жағ-қыз-ған-да,
 19 Мұс-та-па Мұ-хам-бе-тім же-тіп бар-ды. Кәу-ір-ге Мұ-хам-бе-тім сә-лем бер-ді:
 21 Мұ-ның жа-нын ма-ған бер, кәу-ір,-де-ді. Ә-же-ті-ңе жа-ра мас а-рық ки-ік,
 Е-кі лақ-ты бей-ша-ра мұң-лық е-ді. е ей.

24 **жүрдек**

Екінші мақам

Кө-ңі-лі бұл ки-ік-тің ы-ла-ғын-да, Қал-ды ла-ғы бір тау-дың бұ-ла-ғын-да.

2

26

А - на - сы - на а - зы - нап жы - ла - ға - ны, А - ян бол - ды Ал - ла - ның құ - ла - ғы - на.

Үшінші мақам

28

29

Ей, сол кәу - ір жі - бер - ген - де үн - де - ме - ді,

30

Мұ - хам - бег ке - піл бол - ған Мұс - та - п(а)е - ді.

31

Же - рін - де мез - гіл айт - қан бар - май кет - сек,

32

Ей, сол кәу - ір Мұс - та - па - ны ұс - тай - д(ы)ен - ді.


е _____ ей.





Василий Васильевич Радлов (Фридрих Вильгельм) (1837-1918) – шығыстанушы, этнограф, Ресей Ғылым академиясының академигі. Берлин университетін бітіргеннен кейін жас ғалым Ресейге қоныс аударып, тіл үйрену мақсатымен Алтай өңірінде оқытушылық қызмет атқарады. Осы кезден бастап түркі халықтарының әдеби мұраларын жинап, зерттеумен шұғылданады. Ол Еуразия аумағында бірнеше ғылыми экспедициялар ұйымдастырып, түркі және Сібір халықтарының мол фольклорлық мұраларын жинақтады. Соның негізінде 1870 жылы жарыққа шығарған «Түркі тайпалары халық әдебиетінің нұсқалары...» атты көптомдық еңбегінің 3-томында қазақ ауыз әдебиетінің мол үлгілерін жариялады. Олардың арасында ғашықтық, батырлық, тарихи жырлар, аңыз-әңгімелер, қисса-дастандар, айтыс үлгілері мен ақын-жыраулар мұрасы да қамтылды. Ғалым тарихи-салыстырмалы зерттеулерінің нәтижесінде Орта Азия, Қазақстан және Сібірдегі түркі халықтары фольклорының түптөркіні ортақ екенін дәлелдеді.





Қисса Анхазирет Расулдың Миҗраҗға қонақ болғаны.
Қазан, 1896.

МИҒРАЖ

Шығармаға Алланың өмірімен Мұхаммед пайғамбардың Пыраққа мініп, Жәбірейіл періштенің бастауымен Меккедегі әл-Харам мешітінен Иерусалимдегі әл-Ақса мешітіне дейінгі Исра (түнгі серуен) сапары және сол жерден жеті қат көкке көтерілгені (миғраж) жайындағы сюжет арқау болған.

Мұсылман дүниесіндегі ғажайып сырға толы оқиға – Мұхаммед пайғамбардың Алла Тағаланың дәргейіне сапар шеккені, дүниедегі өткен барша пайғамбарлармен кездескені, бес уақыт намаз мұсылманға миғраж күні парыз етілгені Құран Кәрімнің «Исра» және «Нәжім» сүресінде, түрлі діни хадистерде баяндалған. Сондай-ақ көптеген ақын-жыршылардың шығармаларында, солардың бірі ақын Шәді Жәңгірұлының «Назым сияр Шәриф» атты дастанында Мұхаммед пайғамбардың туғанынан өлгеніне дейінгі өмір жолы суреттелген.

Батырлық жырларда тұлпар болашақ батырды күтіп жылқы ішінде бойын жасырып жүрсе, осы дастанда пейіш бақтарында жүрген жүз мың пырақ ішінен Алланың қалауымен таңдау түскен найзағайдай жарқыраған Пырақ өз иесін 40 мың жыл күтеді. Фольклордағы киелі төрт саны шығармада бірнеше рет қайталанады. Мұхаммед пайғамбарға 4 періште: Жәбірейіл, Мекайыл, Ысрапыл, Әзірейіл періште қызмет етеді. Оған шөлдегенде 4 түрлі сусын ұсынылады, оның қалауы сүт пен шекерге түседі. Сондай-ақ Мұхаммед пайғамбарға сыйға берілген 4 түрлі тонның ішінен мұсылман дүниесі үшін қастерлі саналатын ақ және жасыл түсті тонды таңдайды.

Еліміздің сирек қолжазбалар қорында бұл дастанның Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Т. Көшенов, М. Тұрмаханов, М. Байбатыров, Қ. Исабаев жеткізген нұсқалары сақталған. Ж. Шайхысламұлы баспаға дайындаған мәтін Кеңес дәуіріне дейін Қазан қаласында әлденеше рет (1896, 1899, 1904, 1908, 1912, 1917) басылды. «Бабалар сөзі» жүзтомдығында (2005, 11-том) жарық көрген. Дастан жөнінде С. Қасқабасов, Б. Әзібаева, А. Қыраубаева, Қ. Саттаров, М. Әбдуов, Г. Жүсіпова сынды ғалымдар зерттеу еңбектерін жазды. Томды баспаға дайындау барысында оның барлық қолжазбалары мен басылым көрген үлгілері салыстырылып, Ж. Шайхысламұлы жариялаған Қазан басылымы (1896) таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған (1193-бума).



Бисмилла, сөз бастаймын, йә, Рахман,
Нұр болып ай менен күн толықсыған.
Айтайын бір қисса — артық сөзден,
Тыңдаңыз құлақ салып, дін мұсылман.

Қиссаның сөз айтайын сарасынан,
Мұхаммед екі дүние панасынан.
Жазайын Миғражды қисса қылып,
Мәулид пен Бақырғанның арасынан.

Бисмилла — тамам сөздің басы дейді,
Бұл сөзім шарифаттың қасы дейді.
Тыңдасаң құлақ салып, мұсылмандар,
Миғражы хазіреттің осы дейді.

Жүреді имандылар әдеп сақтап,
Имандыны періште тұрар мақтап.
Бұл қиссаны шығардым ғибрат үшін,
Мәулид пен Бақырғаннан мұны баптап.

Досын өзге жаннан артық қыпты,
Тапсырған шапағатқа көп үмбетті.
Шақырып Хабибісін¹ Миғражына,
Құдайым көрсетемін нұрым депті.

Тыңдаңыз Расулдың Миғражын,
Пейіштен киген екен ләулік² тәжін.
Миғражға қонақ болып барған жолы,
Досына көп айтыпты үмбет назын.

Періште хабар алған бір Құдайдан,
Нұры артық Мұхаммедтің күн мен айдан.
Көрем деп Мұхаммедтің салтанатын,
Жиылды періштелер әлдеқайдан.

Дін ислам Мұхаммедке бас ұрып тұр,
Бейнамаздан³ дидарын жасырып тұр.
Мұхаммед Мұстафаның шарапатын
Ғаламнан он сегіз мың асырып тұр.

Дос қылған Алла Тағала Мұхаммедті,
Тілепті қыспақ жолда көп үмбетті.
Бір күні өз үйінде Расул Алла
Дүйсенбі күн кешінде ұйықтап жатты.

Әр жерде үмбеттерін аяп еді,
Көз жасын үмбет үшін бояп еді.

¹ Хабиб /араб/ — сүйікті.

² Ләулік тәж — асыл тасты тәж.

³ Бейнамаз — намаз оқымайтын.

Нұр төсекте жатқанда шынашақтап,
Көзі ұйқыда, көкірегі ояу еді.

Көріңдер бір Алланың құдіретін,
Қондырды Мұстафаға нұр нәубетін.
«Шақыр! – деп Жәбірейілге әмір қылды,
Дидарым көрсетем, – деп, – Мұхаммедін».

Жәбірейіл бұл әмірді естіп білді,
Естіп қол қусырып түрегелді.
«Досы досының дидарын көреді» деп,
Райханда Ризуанға¹ хабар берді.

Расул Алла – ғаламға гауһар шырақ,
Осы сөз өзге сөзден артығырақ.
Періште Жәбірейіл келіп көрді,
Оттап жүр Райханда жүз мың пырақ.

Бір пырақ арасында зарлар қатты,
Өзі адам көрікті, нұр сипатты.
Өзге пырақ оттаса, оттамайды,
Басын жерге салмастан зар жылапты.

Көзінен аққан жасы бір тыйылмас,
Шөбіне Райханның көзін салмас.
Биттей тағат қыла алмай, зар еңіреді,
Көзінен тыйылмайды төгілген жас.

Жануар неден бүйтіп зарлар енді,
Қасына Жәбірейіл жетіп келді.
– Не себептен, жануар, қайғырдың? – деп,
Пырақтан Жәбірейіл сұрайды енді.

– Ішінді қайғы отымен жандырасың,
Неліктен жүрегіңді қан қыласың?
Қасыңдағы жолдасың, бәрі оттап жүр,
Не себептен шөп жемей, зар қыласың?

Сол пырақ Жәбірейілге берді жауап,
Еңкейіп басқан ізін қылды тәуап.
– Мұңымды мен айтайын, әй, періште,
Қылығыз, шамаң келсе, маған сауап.

Ішінде періштенің мұқаррабсыз²,
Сөзіме құлағың сал бір қарап сіз.
Қырық мың жылдай Құдайға арыз қылдым,
Бүгін сізді Құдайым келтірді-ай кез.

¹ Ризуан /араб/ – діни аңыздар бойынша, пейіштің есігін күзетуші періште.

² Мұқарраб /араб/ – жақын.

Қырық мыңдай маған жыл болды,
Естідім бір жақсы есім-үнді.
«Мұхаммед!» деп шақырды айғай салып,
Қарасам екі жаһан нұрға толды.

Естідім сол дауысты құлақ салып,
Бойым балқып көп тұрдым, есім танып.
Құдайым ғашық қылды сол дауысқа,
Күні-түні жылаймын көп зарланып.

Құдайым Мұхаммедке ғашық қылды,
Өткердім жылауменен талай жылды.
Армансыз барар едім ғарасатқа¹,
Үстіме бір міндірсем Хақ Расулды.

Ғашықтық жүрегіме кетті өтіп,
Ғарышта және көрдім атты пітік.
Жаппар Ием қабыл қып көзім жасын,
Сүйінер күн бар ма екен соған жетіп?

Жылаймын Аллаға сонан бері,
Хақ Расул екі жаһан кемеңгері.
Қайта-қайта сөйлесем, әй, періште,
Мұңымның осы тамам болған жері.

Жәбірейіл айтты сонда: «Әй, нұр пырақ!
Қайғыңды ішіңдегі білдім, — дейді. —
Тілегің берді бүгін Алла Тағала,
Қырық мың жылдай пейіште жүрсің жылап.

Беріпті тілегіңді сенің Қадір Алла,
Тарқайды мен сөйлесем ішіңнен дерт.
Ерттеп қызыл жақұт апарамын,
Үстіңе мінбек болды Нұр Мұхаммед.

Үмбеттің тілегені күнәлары,
Жылайды шапағатқа жанның бәрі.
Үстіңе бүгінгі күн мінбек болды
Он сегіз мың ғаламның Хақ сәруары².

Көңіліңнің тарқар енді көп қапасы,
Әркімнің рақат болсын көп жапасы.
Үстіңе бүгін түнде мінбек болды
Он сегіз мың ғаламның падишасы».

Пырақтың қабыл болды тілегі енді,
Қырық мың жылдай тақсырды тіледі енді.

¹ Ғарасат — о дүниеде адамдарды жазалайтын күні жиналатын орын.

² Сәруар /араб/ — басшы, көсем (Мұхаммед пайғамбардың атына байланысты қолданылады).

Сол пырақ Мұстафаға сонша зарлап,
Тақсырдың абзалдығын біледі енді.

Жаһанда Мұстафаның артық сәні,
Екі дүние шырағы, ол сұлтаны.
Пейіште пырақ ғашық Мұхаммедке,
Қалайша шыдар бұған үмбет жаны.

Пырақты алып жүрді мінеді деп,
Тәж ләулік алып жүрді киеді деп.
Пырақты алып жүрді жарқылдатып,
Бұларды киіп, мініп келеді деп.

Пыраққа ер ерттеді қызыл жақұт,
Тізгіні — зүбәржаттан, жүгені — ақық,
Періште Жәбірейіл алып жүрді,
Жетелеп ап келеді жарқылдатып.

Бар Құдай Мұхаммедке нұрын құйды,
Ғаламнан он сегіз мың артық сүйді.
Есікте әдеп сақтап пырақ тұрды,
Періште Жәбірейіл үйге кірді.

Толықсып пырақ тұрды нұрға батып,
Гауһардан тізген жалын жаудыратып.
Жәбірейіл періште үйге кіріп,
Сөйлейді Мұстафаны енді оятып.

— Досыңыз сәлем деді, әй, Мұстафа,
Екі дүние шырағы, әй, Нұр сафа¹.
Досыңыз «қонаққа бүгін келсін», — дейді,
Он сегіз мың ғаламға, әй, Басафа.

Досыңыз «қонаққа бүгін келсін, — дейді, —
Хале тонын үстіне кисін, — дейді. —
Лаухул Махфұз, Садратул Мұнтаһи
Хабибім сайран қылып көрсін», — дейді.

Досыңыз қонаққа бүгін келсін, — дейді,
Нұр пырақты астына мінсін, дейді.
Ғаршы Күрсі², Лаухул Қаламды³ тамаша қып,
Хабибім дидарымды көрсін, — дейді.

Жарлықпен періштелер жиылды көп,
Дидарын Мұстафаның көремін деп.
Лаухул Қалам, Садратул Мұнтаһи, Ғаршы Күрсі,
Көруге ынтық болды жер менен көк.

¹ Саф, сафа /араб/ — жақсы, таза.

² Ғаршы Күрсі /араб/ — жеті қат көк.

³ Лаухул Қалам [лаух /араб/ — тақта] — тағдыр жазылған тақта, жазмыш.

Бар Құдай Хабибінің сүйер өзін,
Сүйікті қылған жұртқа айтқан сөзін.
Сегіз пейіш есігін ашып қойды,
Қызметкерге шығарып хордың қызын.

Осындай әмір қылды Құдауанда¹,
Пейіштен пырақ алып келдім мұнда.
Жүріңіз, пырақ мініп досыңызға,
Сізге дидар көрсетер осы түнде.

Хазірет естіп білді бұл әмірді,
Алланың бұйрығына мойын бұрды.
«Алладан әмір болса барайын»деп,
Төсектен Расул Алла түрегелді.

Хақ Расул түрегелді орынынан,
Тақсырдың нұр төгілді қойнынан.
«Бисмилла» деп Хақ Расул тысқа шықты,
Пырақтың күн түсіп тұр мойнынан.

Пырақтың ноқтасына көзін салды,
Қасына Расул Алла жақын барды.
Пырақтың сипатын көргеннен соң,
Құданың құдірегіне қайран қалды.

Әй, мұсылман, жараңдар,
Алып келген пырақтың
Енді жайын айтайын,
Сипатына қараңдар.
Ерні қызыл гауһардан,
Нұрдан біткен иегі,
Сом алтыннан сүйегі,
Жауһардан біткен аяғы,
Алтыннан біткен тұяғы.
Жұмақтан келді жаралып,
Дүниеде болмас тұрағы,
Зағыпыраннан еті бар,
Анық нұрдан ұқсасы.
Қызыл күрең сипаты,
Нұр зағыпыраннан жаралған,
Мұқым сүйек мүшесі
Жаралған емші Қанбардан.
Көрген адам таң қалған,
Анхазірет Расулым
Оны көріп аңғарған.
Райханнан жаралған
Құйрығы мен жалы бар.

¹ Құдауанда – Құдай.

Сондай сұлу жануар,
Бес жүз жылдық жол аттар
Аяғының әлі бар.
Сондай еді жүрісі,
Жұпардан еді иісі,
Өне бойы бәрі абзал,
Бәрі хордың кірісі.
Аттан еді зорырақ,
Әр нәрсесі молырақ,
Екі көзін қарасаң,
Нұрдан жанған шамшырақ,
Толықсиды мол пырақ,
Түйеден еді аласа,
Өне бойы тамаша,
Көзі тоймас пенденің,
Келбетіне қараса.

Өне бойы нұр еді,
Әдеп сақтап тұр еді.
Пайғамбарды көрген соң,
Әлгі пырақ, жарандар,
Иіліп сәлем береді.
Сәлемін алды Мұхаммед,
Пырақты жақсы көреді.
Айдай нұры ашылып,
Аузынан дүрлер шашылып,
Құдай досты Пайғамбар
Пыраққа жақын келеді.
Қашты пырақ шегініп,
Жәбірейіл ұрысты зекіріп.
Пырақ зарлап жылайды:
«Тілегім бар» деп бас ұрып.
Расул айтты: «Әй, пырақ,
айт», – дейді арызын құп сұрап.

— Алланың досты Хақ Расул,
Бүгін көрдім түсіңді,
Сізге айтайын ісімді.
Сансыз пырақ құрметтеп,
Бәрі сізге қарайды.
Жұмақтың тұрар ішінде,
Нұрдан кежім¹ жабылып,
Зүбәржат тізгін тағынып,
Бәрі сізге қарайды.
Ғарасат қашан болар деп,
Мінерге сізді сағынып,

¹ Кежім /парсы/ — жібектің бір түрі.

Естуге ынтық сөзіңді,
 Көруге ынтық жүзіңді.
 Сол пырақтың бәрінен
 Бұрын көрдім өзіңді,
 Сізге айтайын мұңымды.
 Бүгін мені мінсеңіз,
 Ғарасаттың күнінде
 Тағы мені мініңіз.
 Сізге айтқан арызым,
 Көңілімдегі сол еді.

Мұхаммед келеді қасына енді,
 Көзінің рақым қылып жасына енді.
 Ғарасатта мінбекке уағда қылып,
 Пырақтың білек салды басына енді.

Бар Құдай артық қылды Мұхаммедті,
 Тақсырға періштелер қызмет етті.
 Пырақ мініп досына жүрмек болды,
 Періште Жәбірейіл тізгін тұтты.

Жәбірейіл тізгін тұтып қызмет қылды,
 Мекайыл үзеңгісін басып тұрды.
 Әзірейіл қолтығынан махкам¹ ұстап,
 Ысрапыл аяғынан аттандырды.

Хақ Расул мініп алды пырақты енді,
 Пырақтың әр тұлғасын сынапты енді.
 Басқан сайын жүрісі жүз жылдық жол,
 Жүрісін жақсы қылып ұнатты енді.

Хақ Расул енді көкке өрлей жүрді,
 Періштелер қызметін қыла берді.
 Оң жағынан үн келді «тоқта» деген,
 Пайғамбар бұрылмады, жүре берді.

Жеті түрлі ғаламнан өтіп еді,
 Періштелер қызметін етіп еді.
 Сол жағынан үн келді «тоқта» деген,
 Пайғамбар бұрылмады, кете берді.

Жәбірейіл жүрген екен оң жағынан,
 Мекайыл жүрген екен сол жағынан.
 Алдында Ысрапыл бастап отыр,
 Әзірейіл қызмет қылды арт жағынан.

Төрт мұқарраб періште қызмет қылды,
 Құрметтеп Пайғамбарды алып жүрді.

¹ Махкам /араб/ – берік, бекем.

Сол сағатта Мұстафа шөлдеп еді,
Төрт қадақпен төрт түрлі шарап келді.

Шараптың бірі хамыр¹ көрінеді,
Біреуі анкабиндай² білінеді.
Төрт шарап: біреуі оның сүттен,
Біреуі шаһд³ шекер көрінеді.

Хақ Расул төрт шарапты аралады,
Көңіліне екі шарап жарамады.
Сүт пенен шекерді алып ішті,
Хамыр мен анкабинге қарамады.

Сол уақытта төрт тон көрді Хақ Расулы,
Жасыл, ақ, қызыл, сары – әрбір түрлі.
Құдайым төрт түрлі тон жіберіпті,
Ғаламнан пешенесі артық түрлі.

Бар Құдай Мұхаммедке нұрын құйды,
Ғаламнан он сегіз мың артық сүйді.
Қызыл тон мен сары тонға қарамады,
Жасыл тон мен ақ тонды алып киді.

Сол тонның өне бойы нұрдан еді,
Хабибі Хақ Расулы нұрдан болды.
– Оңды-солды шақырған кім еді? – деп,
Пайғамбар Жәбірейілден сұрайды енді.

– Сіздерді тоқтатайын мұнда деді,
Үмбетің тозақ көрсін, таңда деді.
Йә, тақсыр, бұрылмадың, жақсы қылдың,
Шақырған оң жағыңнан дүние еді.

Бұл малғұн алдайын деп отыр еді,
Алдыңа жас қатын боп келіп еді.
Йә, тақсыр, бұрылмадың, жақсы қылдың,
Шақырған сол жағыңнан жүһүд еді.

Мұхаммед естіп білді бұл әмірді,
Алланың бұйрығына мойынсұнды.
Расул Алла пырақты мініп алып,
Мұнда мәсжід Ақсаға⁴ барып кірді.

Сонда мәсжід Ақсаға барып кірді,
Жиылған пайғамбардың бәрін көрді.
Бәріне пайғамбардың Расул Алла
Иіліп тағзымменен сәлем берді.

¹ Хамыр /араб/ – шарап.

² Анкабин /парсы/ – бал

³ Шаһд /араб/ – бал.

⁴ Мәсжід Ақса – Иерусалимдегі мешіт. «Алыстағы мешіт» деген сөз.

Пайғамбар сәлем беріп көріс қылды,
Жиылған пайғамбарды көзі көрді.
Бәрінен туған айдай Хақ Пайғамбар,
Ішінде оның нұрдай жарып тұрды.

Жүз жиырма төрт мың пайғамбарлар,
Әзір болды соңғы барған әулиелер.
Бәрі намаз оқуға жамағат боп,
Құрметтеп Пайғамбардан рұқсат тілер.

Жәбірейіл айтты сонда: «Йә, Мұхаммед,
Сол сенсің Хамид уа Махмұд уа Ахмед.
Сізден өзге ешкімге лайық емес,
Жарасар әрне қылсаң, қыл имамат¹».

Мұса айтты: «Йә, тақсыр, Адам ата,
Осыншаның бәрі де сізге бота.
Сіз оқыңыз бұл намазды имам болып,
Бізге имам болмаққа болар қата.

Адам айтты: «Әй, Мұса Кәлим, — дейді,
Көңіліме бір іс келді менің, — дейді.
Мұстафаның қасында имам болмақ
Бізге лайық емес қой, жаным», — дейді.

Мұстафа имам болып азан айтар,
Сап тұрды періштелер қатар-қатар.
Екі ракағат² намазға имам болып,
Дұғаға қол көтерді Хақ Пайғамбар.

Хақ Расул жарық қылды нұр сарайды,
Нұрына ғашық қылды күн мен айды.
Хақ Расул дұғаға қол көтерді,
«Әумин» деп күллі жаһан қолын жайды.

Нұр пырақ³ келіп тұрды қасына енді,
Пайғамбар тағы мінді үстіне енді.
Жүрген сайын оралды нұрдан-нұрға,
Көңілі дариядайын тасыды енді.

Онан соң әуелінше көкке шықты,
Бір кідірмей жүреді пырақ тіпті.
«Жамалын Хақ Расулдың көреміз» деп,
Жол тосып періштелер көрісіпті.

Болып тұр ер кейіп нұрдан өткірірек,
Тақсырдың абзалдығын айту керек.

¹ Имамат /араб/ — имамдық.

² Ракағат /араб/ — намаздың бөлігі.

³ Пырақ — қанатты тұлпар, сәйгүлік.

Екінші аспанға шығып еді,
Көрісті періштелер кезек-кезек.

Үшінші қат аспанға шығып барып,
Қарайды жан-жағына көзін салып.
Ғарыш ағланың сипатын көргеннен соң,
Сұрайды Жәбірейілден мұны танып.

Періште айтты: «Бұл тұрған Ғарыш, — дейді,
Мұнымен жаңа болдың таныс, — дейді.
Құданың құдіретімен мұнда тұрған,
Тұрады уағдалы әр іс», — дейді.

Хақ Расул бұл хабарды естіп ұқты,
Төртінші қат аспанға барып шықты.
Төртінші қат аспанға жетіп еді,
Жақия, Иса екеуі көріс қыпты.

Иса айтты: «Мұхаммед, айналайын,
Сұрай гөр досыңыздан үмбет жайын.
Жеті түрлі дозақтан азат қылып,
Пейіштің көрсетіңіз кең сарайын».

Бұлармен амандасып айырылыпты,
Бесінші қат аспанға барып шықты.
Алдынан Адам ата, Жүсіппенен
Көрмекке Мұхаммедті Ыдырыс кепті.

Жақсы сөз өзге сөзден осы қисса,
Тақсырдың сауап болар, сөзін ұқса.
Алтыншы қат аспанға шығып еді,
Көрісті сәлем беріп хазірет Мұса.

Мұса айтты: «Мұхаммед, әй, перзентім,
Дозақтан аман болсын көп үмбетің.
Он сегіз мың ғаламның падишаһы,
Құтты болсын Миғражы бұл дәулетің».

Айырылды амандасып екі нұр зат,
Аспанға шығып тұрды алтыншы қат.
Кеудесінде басы жоқ періштелер
Көрген соң қайран қалды Нұр Мұхаммед.

Жетінші көкке шықты нұр аспанға,
Көрісті періштелер сол аспанда.
Бәрі де намаз оқып, сәждеде тұр,
Босанбай тұр жөндерін сұрасқанға.

Бір пәресі¹ намазда тұр қатар-қатар,
Жаратқан неше түрлі жан Құдірет Жаппар.

¹ Пәре /татар/ — бөлік, бөлшек.

Бір пәре тізе басып рүкүҥде¹ тұр,
Бәрі де тәсбихпенен зікір айтар.

Пайғамбар бұған қайран қалды дейді,
Тамаша қып ғарышқа қарайды енді.
Жетінші қат аспанға тамаша қып,
Бойы балқып қызығына тоймайды енді.

Пайғамбар бұны көріп қайран қалды,
Нұрына қайран қылды тамам жанды.
Бойы балқып Ғарышқа қарап тұрса,
Бір нәрсе аузына келіп тамды.

Ол нәрсе келіп тамды шарапатты,
Қардан сұйық, сүттен ақ, балдан тәтті.
Үш жүз алпыс тамырын жарып тұрды,
Шыққан жерін сұрасаң нұр сипатты.

Жаратқан бір Алладан әмір келді,
«Ғарышқа жылдам жүр» деп әмір қылды.
Құдіретінен хабарды естіген соң,
Көңілі қуаныштан шүкір қылды.

Мұстафа бұл әмірді естіп білді,
Ғажайып, ғарайыптың² бәрін көрді.
Садратул Мұнтаһидан ары өтіп,
Афақ³ деген орынға барып кірді.

Мұнтаһидан көріпті ол Афақты,
Рафраф⁴ ахдар⁵ төсеп ахат⁶ етті.
Аяғының астына Анхазіреттің
Алтын төсеп, бір Алла құрмет етті.

Жәбірейіл жайды сонда шын сипатын,
Үш жүз алпыс жазыпты һәм қанатын.
Бұл сипатын Пайғамбар екі көрді,
Адам болып келуші еді заһир-батин⁷.

Құданың досына қылған сәні,
Бұл жолда берді артық бес нәрсені.
Бірі – пырақ, бірі – Миғраж, бірі – Рафраф,
Және һәм мініп барды періштені.

¹ Рүкүғ /араб/ – намаз оқығанда тізеге қолды қойып еңкею, тәжім ету, сәлем беру, бас ию.

² Ғарайып /араб/ – таңғажайып.

³ Афақ /араб/ – көкжиек.

⁴ Рафраф /араб/ – қанат қағу, ұшу.

⁵ Ахдар /араб/ – жасыл.

⁶ Ахат /араб/ – қоршау.

⁷ Заһир-батин /араб/ – ішкі-сыртқы; айқын және жасырын.

Садратул Мұнтаһидан ары өтті,
«Афақ» деген орынға барып жетті.
«Мұнан ары баратын бұйрық жоқ», — деп,
Жәбірейіл сол арада тұрып қапты.

— Бұл Афақ — менің орным өзім кірер,
Мұнан ары орын жоқ маған көрер.
Мұнан ары мен барсам Дәргейіне,
Йә, Расул, қанатымның ұшы күйер.

Ол жерге нұр пырақ тағы келіп түсті,
Хазірет оған мініп тағы да ұшты.
Ғарыш ағла үстіне шығып тұрып,
Қаб қаусайн¹ ауадқа² барып түсті.

Жәбірейіл кейін тұрып қылды ишарат:
«Досыңа сәлем бергін, йә, Мұхаммед».
Пайғамбар бір Аллаға сәлем берді,
Сол үшін сәлем бізге болды сүннет.

Көріңдер бір Алланың құдіретін,
Қондырды Мұстафаға нұр нәубетін.
«Аттахийату ли-Лаһи уассалауату уат
тайибату³», — деді Расул,
Сол жерде қонақ қылды Мұхаммедін.

Сәлемін достысының әлік⁴ алды,
Хақ Расул қол қусырып, шүкір қылды.
Алла Тағала дидарын көрсеткен соң,
Бойы балқып, денесі нұрға толды.

Не қылса Жаппар Алла құдіреті көп,
Тыңдасаң осы сөздің сауабы көп.
— Досы досқа келгенде құр келмес,
Сұрайды: «Достым, маған не ап келдің?» — деп.

Анхазірет бұл хабарды естіп білді,
Досына сәжде қылып, арыз қылды.
— Төрт нәрсені ап келдім Дәрғаһыңа,
Рузе⁵, намаз, бірі — хажы, зекет, — деді.

Көрсетті достысына Хақ дидарын,
Сондай қылса көрмей ме жанның бәрін.

¹ Қаб қаусайн /араб/ — өте жақын.

² Ауад /араб/ — жазық дала.

³ Аттахийату ли лаһи уассалауату уат тайибату /араб/ — Сәлемдер, салауаттар және барлық жақсылықтар Аллаһқа тән.

⁴ Әлік /араб/ — сізге, сізге де (сәлемдесуде қосылып айтылатын сөз).

⁵ Рузе /парсы/ — Ораза.

Дидарын көрсеткені Расулына,
Көр Құранда «Тәнзила»¹ аяттарын.

– Құдіретіңнен, йә, Алла,
Мен жылаймын зар қылып,
Он сегіз мың ғаламның
Падишасы сен едің,
Өз нұрыңнан жаратқан
Жалғыз достың мен едім.
Дәргейіңе зар қылып,
Мен жылаймын, йә, Алла,
Миғраждың түнінде
Бір тілекті тіледім,
Сөзімді қабыл қылсаңыз.
Көп үмбетім күнәсін
Енді маған берсеңіз.
Фазылың² бірлә, йә, Алла,
Көп үмбетім күнәсін
Кешіре гөр, Иләһим³.
Нұрға батты сүйегім,
Қызыққа батты жүрегім.
Оң қолымда ниязым,
Сол қолымда тілегім.
Көп үмбетім күнәсін
Ғафу қылғын, панаһ⁴ым.
Көп үмбетім тілермін,
Жарылқа деп жылармын.
Дәрғаһыңа зарланып,
Көзімнің жасын бұлармын,
Үмбетімнің күнәсін
Кешіргін деп сұрармын.

– Тілей бер тілегіңді, йә, Расулым,
Тілейтұғын уағдалы күнің сенің.
Он сегіз мың ғаламның падишасы,
Не тілесең, тілегің қабыл қылдым.

Жараттым досты қылып өз нұрымнан,
Не тілегіңді аяп ем бұрын сенен.
Күнәһар үмбеттерің, йә, Мұхаммед,
Дозақтың отынан болсын аман.

– Жаратқан Пәруардигар, йә, Құдайым,
Күнәсін үмбетімнің мен сұрайын.

¹ Тәнзила /араб/ – көктен түсірілген; Құран Кәрімнің аяты.

² Фазыл /араб/ – қайырым, шапағат.

³ Иләһ, иләһи /араб/ – Алла, Жаратушы.

⁴ Панаһы /парсы/ – пана, көмекші.

Күнәсін үмбетімнің бағыштасаң¹,
Өзге нәрсе тілеп мен не қылайын.

Безгенмін үмбет үшін ата-анадан,
Көп болар үмбетімде жәһіл²-надан.
Тілегім, йә, Иләһи Зұлжалалым³,
Дозақтан үмбетімді қылғын аман.

Хақ Расул бір Аллаға көп зарланды,
Айтады көңілінде бар арманды.
Басын қойып сәждеде жатып алды,
«Үмбетсіз не қылам, — деп, — бұл жалғанды».

Құданың дәргейінен уахи⁴ келді,
Құданың досына мейірі келді.
— Үмбетіңнің күнәсін бағыштадым,
Хабибім, енді басың көтер, — деді.

Күнәсін бағыштадым үмбетіңнің,
Тілегіңді беретін күнім менің.
Дәрғаһыма қонаққа шақырған соң,
Құрметіңе үмбетің бердім сенің.

Осындай әмір қылды Құдауанда,
Бес намаз дін исламға берді сонда.
«Сегіз пейіш қызығын көрер, — деді,
Бес намаз қаза қылмай келген пенде».

Мұхаммед рақат тәжін киініпті,
Басына ләулік тәжін ораныпты.
«Әй, Хабибім, сол жағыңа қара!» — деп,
Жеті тамұқ баршасы көрініпті.

Қараса, от жанады дүр-дүр етіп,
Шалқиды мың жылшылық жерге жетіп.
Оты жайнап, түтіні бықсып жатыр,
Қорқады Пайғамбардың есі кетіп.

Қараса, әр дозаққа қан қылып тұр,
Оттан күрзі⁵ қолға алып, жандырып тұр.
Бейшара күнәсі көп пенделерді
Көрмеген азаптарға көндіріп тұр.

Бір түрлі адамдарды малғұн десіп,
Еңіретіп азап қылып тұр ернін тесіп.

¹ Бағышлау /түркі/ — кешіру, ғафу ету.

² Жәһіл /араб/ — білімсіз, қараңғы.

³ Зұлжалал /араб/ — жоғары мәртебелі.

⁴ Уахи /араб, парсы/ — сыр ашу; Алладан келген аян.

⁵ Күрзі /көне/ — салмақты болу үшін бір басына қорғасын құйып жасалған сабы қысқа шоқпар.

Кей жанның желкесінен тілін тартып,
Кей жанды шыңғыртып тұр отқа басып.

Иманды мұсылмандар «Алла» дейді,
«Имансыздың қасына барма» дейді.
Бір дозақта ата мен анасы тұр,
Таныған соң баласын зар еңіреді.

«Әй, перзентім, ата-анаң мұнда жатқан,
Еңіретпей, шығарып кет бізді оттан».
Ата-анасын Хақ Расул көргеннен соң,
Көңілі шаттықтан ренжу тартқан.

– Жараттым өз нұрымнан, Мұхаммедім,
Анаңнан үш күннен соң қалдың жетім.
Екі тілек сыймайды бір көңілге,
Хақ досым, бір тілекпен болғын дедім.

– Құдай-а, көп үмбетім тілегін бер,
Күн сайын жақсылығын асыра гөр.
Ата-анамның күнәсін тілемеймін,
Көп үмбетім күнәсін кешіре гөр.

Жылаңыз осы сөзге көңіл бұзып,
Бұрылды оң жағына мойын созып.
Сегіз жұмақ сарайы көрініпті,
Көз айырмай тұрғандай бәрі қызық.

Келеді Расул Аллаға нұры тасып,
Сап тұрды хор қыздары есік ашып.
Қатар-қатар келеді хор қыздары,
Басына дүр уа маржан, інжу шашып.

Құдайым пырақты қылған күшті,
Анхазірет оған мініп тағы да ұшты.
Төрт мұқарраб періште құрмет қылып,
Мешіт Харам жанына келіп түсті.

Атың жақсы, Мұхаммед,
Айналайын атыңнан,
Нұрдан болған затыңнан.
Ғарасаттың күнінде
Үмбетің ерер артыңнан.
Қиямет күн болғанда,
Жан жиылып толғанда,
Сиратқа¹ айдап барғанда,
Көп үмбетің не болар?
Періштелер ергенде,

¹ Сират /араб/ – қиямет-қайымның қыл көпірі.

Кей адамдар өтеді,
 Кей адамдар кетеді.
 Күнәсі ауыр пенделер
 Қияметте не етеді?
 Өз нұрынан жаратып,
 Хабибім деп ат қойды,
 Аузына жанды қаратып,
 Ол Мұхаммед Мұстафа
 Қонақ болған досына.
 Сегіз қат көктен ары өтіп,
 Досынан тілепті
 Көп үмбеттің күнәсін.
 Неше мың мәртебе зар етіп,
 Ата менен анасын,
 Тілемеді баласын,
 Кеше гөр деп тілепті
 Көп үмбеттің күнәсін.

Сұбхана әлләзи асра би ғабдиһи лайлан мин әл-масжидил Ақса¹.

Расулды мейман қылған Аллаға аян,
 «Аш, — деді, — сегіз пейіш нұр сарайдан».
 Таң атып бамдат² намаз оқыған соң,
 Миғражын жұртына қылды баян.

Қаратты тамашаға дін сабазын,
 Оқып болғаннан соң таң намазын.
 Әбужәһілге айтыпты елден бұрын
 Анхазірет Расул Алла Миғражын.

Тыңдады құлақ салып Әбужәһіл,
 Ол өзі кәпір еді діннен ғапыл.
 — Әй, Мұхаммед, тек отыр көп сөйлемей,
 Мұнша өтірік айтқаның емес мақұл.

Көріңдер, әй, жарандар, Мұхаммедті,
 Айта ма ұялмай-ақ насихатты.
 Өтірікші мұндай жан болар ма? — деп
 Айғайлап, тысқа шығып күлді қатты.

— Жарандар, Мұхаммедтің тыңда сөзін,
 Пайғамбармын деп жүр ғой елге өзін.
 Сиқыршы, жалғаншыны ел бұзғызбай,
 Онан да жоғалтсайшы мұның көзін.

¹ Сұбхана әлләзи асра би ғабдиһи лайлан мин әл-масжидил Харам илал масжидил Ақса /араб/ — бір түнде құлын мәсжид әл-Харамнан мәсжид әл-Ақсаға апарған Аллаға мадақ [«Исра», 1-аят].

² Бамдат /парсы/ — таңғы уақыт; таң намазы.

Аспанға шықтым дейді атқа мініп,
 Бұған да ел шынымен жүр ме сеніп?
 Ғаршы Күрсі бәрінен қабат өтіп,
 Миғражға келдім дейді қонақ болып.

Мұсылман міне қашып, жасыған ба,
 Шынымен нана ма екен осыған да.
 Осыған ерген адам оңбайсың деп,
 Әбужәһіл айтады барша жанға.
 Мұсылмандық діндері жарық болды
 Расулдың Миғражына нанған адам.

Кей пасық Әбужәһіл тіліне ерді,
 Хақ Расул мұсылманға үгіт берді.
 Көп адамның көңілі айныған соң,
 Құдайдан пәрменменен аят келді.

Әбубәкір айтады: «Әй, жарандар!
 Бекер тұрған аспанға бір қараңдар.
 Мұғаллақ¹ бұл аспанды қылған Құдай,
 Олай болса еш нәрсе ойламаңдар».

Пайғамбар, шаһариардың келді кәрі,
 Ойпаң-тойпаң болған соң жанның бәрі.
 Шаһариар «йә, Алла» деп атқа мінді,
 «Қырамыз, — деп, — нанбаған адамдарды».

Төрт жар, сахабалар атқа мінді,
 «Қырамыз, — деп, — нанбаған адамдарды».
 Алланың өз құдіреті айтқаннан соң,
 Күмән қылмай мұсылман бәрі нанды.

Мұсылманды Құдайым жарылқады,
 Күмән қылған бір адам еш қалмады.
 Дін исламға Құдайым қуат беріп,
 Сөзі өтпей Әбужәһіл назалаңды.

Қор болды Әбужәһіл сөзі өтпей,
 Ешкімді жаратқан жоқ Мұхаммедтей.
 «Мұсылманды азғырам» деген кәпір
 Тыныш жүрді онан кейін үміт етпей.

Қор болды кәпір болып күлген адам,
 Расулға үмбет болды білген адам.
 Жамағат, қол көтеріп бір дұға қыл,
 Бұл қисса осылайша болды тамам.

Пенде жоқ бұл дүниеде мендей болған,
 Жақсыдан жаман туып әуре болған.

¹ Мұғаллақ — мекенсіз, құпия.

Ақылдан бос шайтанға досы болып,
Есепсіз күнә қылып ғаріп болған.

Бір күні ғарасат деп жар шақырса,
Адамнан туған жанның бәрі барса.
Жақсы-жаман баршадан жауап алып,
«Күнәһар, қайдасың?» деп мені апарса.

Қорқамын көзімнен қан аға ма деп,
Жылаймын жалбарынып: «Йә, Алла! — деп,
Рахмат¹ дарияң жетеді бұл ғаламға,
Үмітім — бір тамшысы тама ма деп».

Мұхаммед — Тәңірі досы, хақ Мұстафа,
Таңда шапағат қыласың үмбетіңе.
Жан біткеннің ішінде мен күнәһар,
Жылатып сонда мені құр тастама.

«Құдайым — досым» деген хақ Мұхаммед,
Жолыңа, аруағыңа мың салауат.
Шапағат қыл, күнәһар шермендемін,
Салауат қайта-қайта бес жүз қабат.

Қалдырма жақсылардан, Жаппар, Ғани,
Күнәһым хадден² асқан, жоқ-дүр саны.
Махшар³ халқы алдында рәсуа қылма,
Сөз айтып мен пендеңнің жалбарғаны.

Йә, Алла, қабыл әйла бұл қажетім,
Жетеді бұл ғаламға Рахман атың.
Йә, Рахими, махшарда рақым қылып,
Күнәсін кешіре гөр пенделердің.

Өмірім өтті, білмедім шерменде боп,
Көңілімді харам қылдым, нәпсі — мәрдуд⁴.
Қылғаныма қарасам уайымым көп,
Фазылыңа қарасам үмітім көп.

Әркімге ғибрат үшін жаздым мұны,
Жайымыз қандай болар махшар күні.
Йә, Алла, рахматы көп, жарылқағын,
Ғафу қып мен ғасының⁵ күнәсін.

¹ Рахмат /араб/ — рақым, мейірім.

² Хадден /араб/ — шектен, шамадан тыс.

³ Махшар — қиямет күнінде адам баласының күнәсі тексерілетін орын.

⁴ Мәрдуд /араб/ — жабық; бекем; күнәһар.

⁵ Ғасы /араб/ — күнәһар.

Мұны жазған, сұрасаң, қожа — затым,
Жақсылар, айып етпе жазған хатым.
Әкем аты Шайхыслам қожазада,
Жүсіпбек мұны жазған — менің атым.

Көңіліме жаздым Құда салғаныны,
«Ақын қожа» деуші еді әркім мені.
Қате болса оқыңдар өзің түзеп,
Ғалат¹ боп айып қылма қалғаныны.



¹ Ғалат /араб/ — өтірік, қате, қателік, адасу.

Бірінші макам

Орындаған: Өсербай Сәрсенбайұлы
 Нотаға түсірген: Төлепберген Тоқжанов

асықпай

3 А е_____ Ей, бис-мил-ла, сөз бас-тай-мын, и - ә Рах-ман,

5 Нұр бо-лып ай ме-нен күн то-лық-сы-ған. Ай-тай-ын бір қис-са ар-тық сөз-ден,

7 Тың-даң-ыз құ-лақ са-лып, дін мұ-сыл-ман. Қис-са-ның сөз ай-тай-ын са-ра-сы-нан,

9 Мұ-хам-мед е-кі дүн-ие па-на-сы-нан. Жа-зай-ын Миғ-раж-ды қис-са қы лып,...

11 Мәу-лид пен Ба-қыр-ған-ның а-ра-сы-нан. Бис-мил-ла та-мам сөз-дің ба-сы дей-ді,

13 Бұл сө-зім ша-ри-ғат-тың қа-сы дей-ді. Тың-да-саң құ-лақ са-лып мұ-сыл-ман-дар,

Миг - ра - жы ха - зі - рет - тің о - сы дей - ді.

Екінші макам

14

15 Дін ис - лам Мұ - хам - мед - ке бас ұ - рып тұр,

17 Бей-на-маз-дан ди-да-рын жа-сы-рып тұр. Мұ-хам-мед Мұс-та-фа-ның ша-ра-па-тын.

19 Ға-лам-нанон се-гіз мың а-сы-рып тұр. Дос қыл-ған Ал ла Та-ға-ла Мұ-хам-мед-ті,

Ті-леп-ті қыс-пақ жол-да көп үм-бет-ті. Бір кү-ні өз үй-ін-де Ра-сул Ал-ла,

2 21



23



Үшінші мақам

27



30




32



34



35



قصه آنحضرت رسول ننگ معراجغه بارغانى بو ترور

بسم الله سوز باشلايمان يا رحمن * نور بوليب آيمينا كون تولوشسيغان
آيتايى بر قصه غه آرتيق سوزدان * ننگلاننگز قولاق صاليب دىن مسلمان
قصه ننگ سوز آيتايى سراسيما * محمد انكى دونيا فتاسيما
بزاين معراجنى قصه قبلوب * ماؤليدمان باقرغاننگ آراسيما
بسم الله تمام سوزننگ ناسى ديدى * بوسوزيم شريعت ننگ قاسى ديدى
تنگلاساننگ قولاق صاليب مسلمانلار * معراجى آنحضرت ننگ اوسى ديدى
چيرادى ايماندىلار آداب صالاب * ايماندىنى فرشته تور امانلار
بوقصه نى چيقاردىم عبرات اوجور * مؤليدمان باقرغانان موى ساداب
دوستى سين اوزكاجانلار آرتيق قىتى * نايشورغان شفاعتغه كوپ امتدى
چاغريب جىمىيى سين معراجيمه * غدايم كورسانامىن نوريم ديدى
تنگلاننگز رسول ننگ معراجى * بويشيدان كىكان ايكان لؤلگ تاجن
معراجغه فوناقليمغه بارغان چولى * دوستنه كوپ آيتوبىتى امت نارين
فرشته خبار آيفان بر خدای دان * نوري آرتيق محمد ننگ كونان آيدان
كوره ديب محمد ننگ سلطاناننى * چيولدىن فرشتهلار آلدن فايدان
دىن اسلام عهدكا باس اوروب تور * بى نمازدان ديدارين جاسير بىب تور
محمد مصطفى ننگ شرافاتى * عالمان اون سكر منگ آسريب تور
دوس قيلغان الله تعالى عهددى * نىلاشى قسباق چولده كوپ امتدى
بر كولى اوز اوينده رسول الله * دوستنه كىچيه سينده اويوقتاب جاندى
هر چرده امتلارين ايات ايدى * كوز جاسين امت اوجور بوياب ايدى
تور توسا كندا جانقاندا ساچا اداپ * كوزى اويقوده كوكرانكى اوياق ايدى
كورينكلار بر الله ننگ قدراننى * فوندىردى مصطفى غه نور ناؤرباينى
خاير ديب جبرائيل كا امر فيلدى * ديدارين كورسانامدىب محمد دىن
جبرائيل نوامردى ايشتوب بىلدى * ايشتوب فول قوشوريب تور اكيمايدى
دوستى دوستننگ ديدارين كورادى ديب * ريچاندا رضوان غه خبر بىردى

رسول

Қисса Анхазирет Расулдың Миғражға қонақ болғаны.
Қазан, 1896, 2-бет.

66. Айтпаймын мен шомыда тіл 'с н
 Баен қол сен пәніңді бұрын м.
 Егерде пәніңді айтпасаңдар,
 Басыңа түсіретімін ақор заман.
67. Қоз айтпа адалдысың, керілісің,
 Қайтпайтын бұл пәніңнің ерілісің.
 Нәсіліңді мен соларға ұқсатпаймын,
 Қамысың көп ұлының бірілісің.
68. Болмайды пәніңнің бәрі сендей зерек
 Көңілге келген сөзді айлау керек.
 Сен байқап нәсіліңді танып тұрсаң,
 Қамысың ұло ешесің затом бәлек.
69. Мәңдеріңді айтпа кетсең беріп,
 Адалға ақыл, қайрат үлкен серік
 Секілді қасқыр қабат түсің суық,
 Тұр екен ер Қамша түсің келіп.
70. Түсіңде пайғамбарға көріп едім,
 Аманоң бармағана сеніп едім.

Мұхаммед-Қанапия // М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қоры (876-бума, 10-бет).

МҰХАММЕД-ҚАНАПИЯ

«Мұхаммед-Қанапия» – төртінші әділетті халифа, хазірет Әлидің ұлы – Мұхаммед-Ханафияның ислам дінін тарату мен нығайту жолындағы ерліктері ертегілік сипатта баяндалатын діни дастан. Шығармаға кейіпкердің таңғажайып жолмен дүниеге келуі, батырға тән балалық шақ пен алғашқы ерлігі, қалыңдық үшін күрес, бас кейіпкердің жеңісі жөніндегі оқиғалар арқау болған. Мұхаммед пайғамбар жүз кісілік қайраты бар Қамбар құлды Рұмнан жеті нарға өрік, мейіз артып әкелуге жұмсайды. Қалидың (Әзірет Әлінің) он жеті ұлының ең кішісі жеті жасар Мұхаммед-Қанапия да бірге барғысы келеді, оның алтын айдары бар деп суреттеледі. Кейіпкердің басындағы алтын айдар оның тектілігінен, ерекше жаратылысынан хабар береді, мысалы, ертегілер мен эпостық шығармаларда тазша кейпінде жасырын жүрген қаһарман маңдайындағы алтын айдарынан танылады. Қайтар жолда Мұхаммед-Қанапия мен Қамбар құл бір-бірінен көз жазып қалып, бала адасады, жол ауыртпашылығын тартып, жадап-жүдеп, жапан түздегі ақ шатырда сұлу қызды кезіктіреді. Дастанда түс көру мотиві кездеседі, қыз Мұхаммед пайғамбарды түсінде көріп, ислам дініне кіреді. Мұхаммед пайғамбарға Жәбірейіл тікелей хабар берсе, Қали түс көріп, баласын құтқаруға аттанады.

Мұхаммед-Қанапияға арналған дастандардың үш варианты бар: «Ғаза кітаб Мұхаммед-Ханафия» (1882). «Мұхаммед-Ханафия хазірет Әлиұғлының Табут падишамен соғысқаны» (1882, 1908, 1910, 1913, 1914) атты Қазан басылымдары және «Мұхаммед-Қанапия» дастаны (С. Тұрғанбаев нұсқасы). Осы үш нұсқа да «Бабалар сөзі» жүйемділігінде (2004, 10-том) жарияланды. Еліміздің сирек қолжазбалар қорында Дайырбеков, А. Саржанұлы, Ж. Ермұхамедов, молла Мүтәлі, Х.Жорқаұлы, Б. Әділбеков, Бекбосың, К. Нұрпейісұлы, С. Тұрғанбаев жеткізген қолжазба нұсқалары сақталған. Дастан жөнінде Б. Әзібаева, Қ. Самтаров, М. Әбдуов т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Томды баспаға дайындау барысында оның барлық нұсқалары сараланып, С. Тұрғанбаев нұсқасы таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқа М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорынан алынды (876-бума).



Әуелі аузыма алдым бисмилланы¹,
 Алланың бар өлшеулі берген дәні.
 Жамиғат, құлақ салып тыңдасаңыз,
 Сөйлейін Пайғамбардан бисмилланы.

Азырақ сөз сөйлейін Пайғамбардан,
 Тақсырға сауап тілер құлақ салған.
 Сахаба отыз үш мың, төрт шәріден²
 Болмай ма сөзім құрбан аяп қалған.

Алланың хақ Пайғамбар сүйген жары,
 Қасында отыз үш мың асхабтары³.
 Жан қалмай мәжіліске жиылыпты,
 Бас қосқан құжырасында елдің бәрі.

Пайғамбар жинап алды жамағатты,
 Жеткен олардың да аманаты.
 Ағайынын өзінің жиып алып,
 Халқына айтты сонда өсиетін.

Мешітке хақ Пайғамбар жетіп барды,
 Төңкеріп әр тарапқа көзін салды.
 Қолына бір жағалап қарап қойып,
 Мұхаммед-Қанапияны көңіліне алды.

Он жеті ер Қалида ұл бар еді,
 Сөзінде Пайғамбардың бұл бар еді.
 Пара-пар жүз кісілік қайраты мол,
 Қалида Қамбар атты құл бар еді.

— Рұмға батыр Қамбар барсын, — деді,
 Бұйдалап жеті нарды алсын, — деді.
 Әкелсін сонан барып өрік, мейіз,
 Үстіне сыйғанынша салсын, — деді.
 Сахаба отыз үш мың, төрт шәріден
 Бір жолдас өзі таңдап алсын, — деді.

Бисмилла сөз таратып әуел баста,
 Жақсының жаны бірге, заты басқа.
 Мұхаммед-Қанапия барам дейді,
 Сол кезде келген екен жеті жасқа.

Ұмтылды осы бала: «Барамын, — деп,
 Жасымнан жер шарасын көремін», — деп.
 — Бұғанаң, бойың өсіп қатқан жоқ, — деп,
 Қимайды Қали тақсыр: «Қарағым», — деп.

¹ Бисмилла /араб/ — Алланың атымен.

² Шәрі — қала.

³ Асхаб /араб/ — серіктер, жолдастар.

Өзінің көңілі таза шәрбат судан,
Дүниені жаратпайды артық қуған.
Қасен мен Құсайыннан бір кем емес,
Қатыннан Қанапия атты жалғыз туған.

Қимайды жіберуге Қали Хайдар,
Дұшпанға бір болар деп үлкен айбар.
Жарқырап сәулесінен күн түсіп жүр,
Туғаннан мысал еді алтын айдар.

— Тілегім бұған бар ма, қарағым-ай,
Өзіме тартып туған талабың-ай.
Далада ұйқың келсе қор боларсың,
Қимаймын жіберуге, қарағым-ай.

Қалидің тілін алмай бала кетті,
Панасыз пәни жалған солай етті.
Бір сапар жолдас болып қаламын деп,
Артынан ер Қамбардың қуып жетті.

Екеуі тәуекел деп түсті жолға,
Сондай қып кімде-кімнің артын оңда.
Рұмның шаһарына қия жетті
Ақшам мен екіндінің арасында.

Екеуі бес-алты күн жатып алды,
Миуасын жеті нарға артып алды.
«Түн қатып Мәдинеге жетеміз» деп,
Екеуі бір күн кешке қайта салды.

Кеш батты, көз байланып сағым батты,
Баланың былқ-сылқ етіп тынышы кетті.
Ұйқыдан жап-жас бала тұра алмайды,
Байқамай Қамбар озып кетіп қапты.
Атын келсе қаңтарып Қанапия,
Сол жерде аттан түсіп жатып қапты.

Сол жерде аттан түсіп жатып қапты,
Талаппен шөл бейнетін іздеп тапты.
Білмейді қай тараптан келген жөнін,
Бет алып құла дүзге тұра шапты.

Әңгіме, енді қызық сөз келеді,
Дүниеде естігенді көз көреді.
Ішерге су, отгарға бір тал шөп жоқ,
Бір төбе биік құмға кез келеді.

Ер Қамбар жер ортаға жетіп барды,
Сол жерде ойлап-ойлап тұра қалды.

Қасында ерткен бала жоқ болған соң,
Адасып кетті ме деп ой ойлады.

Қамбардың қалды сонда көңілі жасып,
Ашиды басындағы миы қашып.
Еш белгі бұл баладан таба алмады,
Қалыпты жүрген жерін шаңдақ басып.
Ақылды сонда Қамбар көп ойлады,
Қайғысын бұл баланың жеп ойлады.
«Бұл жерде жылағанмен кім аяр, — деп,
Берейін барып хабар», — деп ойлады.

Түн қатып түнде Қамбар жетіп келді,
Келді де Хақ Расулға хабар берді.
«Баладан айырылдым» деп айтып еді,
Мұхаммед Құдай досы зар еңіреді.

Бұл сөздің жалғаны жоқ, бәрі де рас,
Сөзінде Пайғамбардың болмайды қас.
Зарына жас баланың шыдай алмай,
Батысып ай мен күні қазаланды.

— Алды-артын дүниенің барласын, — деп,
Ешбір жан іздемеген қалмасын, — деп.
Жер келсе жарлау, шұңқыр тегіс ізде,
Оқыста кәпір ұстап алмасын, — деп.

Жөнелді бет-бетімен жанның бәрі,
Көп болды Мәдиненің қылған зары.
«Болмайды, жиһан кезіп іздейін» деп,
Түн қатып атқа мінді хазірет Қали.

Біләл мен жар шақырды Құсман молда:
«Ашқын, — деп, — ер сапарын, Қадір Алла».
Жан қалмай Мәдиненің атқа мінді,
Бәрі де бара жатыр оң мен солға.

Тағы да атқа мінді хазірет Қали,
Пенденің асыл сөзге көңілі тынар.
«Мен бұрын бәрінен де табамын» деп,
Жаяулап ол да ұшты баба Ғұмар.

Тағы да атқа мінді Әбубәкір,
Кем емес ер Қалидан, ол да батыр.
Қасында үш жүз кісі жолдасы бар,
Бет алып әр тарапқа бара жатыр.

Ер бабаң Қап тауына жетіп барды,
Бойына қару-жарақ, сайман алды.

Аса ұшып Қап тауынан жалғыз күнде,
 Дүниені тегіс аралап бәрін шалды.
 Біледі өзі жаяу жердің жайын,
 Сасқанда қару-жарақ бәрі дайын.
 Жер қалмай тебінгідей іздесе де,
 Сонда да кез қылмапты бір Құдайым.

Оларға Құдай артық беріпті бақ,
 Адамға қайғы шіркін үлкен салмақ.
 Адамы Мәдиненің он күн іздеп,
 Баладан хабар таппай қайтты зарлап.

Баладан хабар таппай қайтқан жері,
 Қайғырып қайтқандардың түсті белі.
 Ендігі жас баладан сөз сөйлейін,
 Сонымен тұра тұрсын Мәдине елі.

Баланың қалды сонда аты жүрмей,
 Хабарын бейшараның ешкім білмей.
 Өзі жас бейшараның әлі кетті,
 Аузына нәр салмапты жеті күндей.

Баланың өзі жаяу әлі кетті,
 Астында аты арып халі кетті.
 Қаңғырып жапан түзде қалам ба деп,
 Құдайға сонда бала зарлық етті.

Баланың зары:

Сонда бала жылайды,
 Көзінің жасын бұлайды.
 Зарланады жас бала,
 Зар етіп жатыр Құдайға.

— Хақ Мұхаммед бабам-ай,
 Нұр Бәтима апам-ай,
 Жапан түзде зарланып,
 Бір жас бала қалам ба-ай?!

Есіне бабам алмады-ау,
 Дүлдүлге қамшы салмады-ау.
 Жау-жарағын асынып,
 Дүние жүзін шалмады-ау.
 Жеті жасар жас балаң,
 Жапанда қалып зарлады-ау.

Көп бейнет бердің балаға,
 Бұйрықсыз жанды ала ма.
 Жеті жасар шағымда
 Қаңғырып қалдым далада.

Жалғаннан зарлап өтем бе,
Қуанар күнге жетем бе?!
Қалидан туған зат едім,
Ит-құсқа жем боп кетем бе?

Жапанда қалды бір балаң,
Құдіретіңе таңғалам.
Бір ұядан жалғыз ем,
Зарланып қалды сорлы анам.

Атамның жүзін көрмедім,
Бабама сәлем бермедім.
Қасен менен Құсайын,
Соңынан бірге ермедім.

Дүниенің білдім жалғанын,
Көтердім Алла салғанын.
Атамның жүзін көре алмай,
Ішімде кетті арманым.

Атамыз біздің Мұхаммед,
Тілек тілеп көп үмбет,
Досыңнан хабар алмадың,
Білдірмеді Құдірет.

Жас бала осылайша зарлық етті,
Бойынан қару-қайрат әбден кетті.
Бұл жерде жылағанмен кім аяр деп,
Тоқтатып өзін-өзі сабыр етті.

Жас бала әрі-бері ойлап тұрды,
Боларын бір сұмдықтың іші білді.
«Құдай-а, жазуыңа мың шүкір», — деп,
Етегін белге байлап тұра жүрді.

Кісі жоқ ақылдасар жолдасына,
Дүниенің көз жетпейді болмасына.
Құдайға мінәжат қып жылағанда
Қара тас балқып кетті көз жасына.

Баланың аты қалып, кетті жаяу,
Жолдас жоқ, жан есіркеп баланы аяу.
Көл болып екі көзден аққан жасы,
Шөл құмның биігіне келді жаяу.
Балаға енді түсті заманақыр,
Қор болып өзі жаяу есіл пақыр.
Сол құмның биігіне қарап тұрса,
Көрінді мұнарланған бір ақ шатыр.

Бала да әрі-бері аңғарады,
 Жақсының өзі өлсе де жан қалады.
 «Елсізге неғып шыққан бұл шатыр?» — деп,
 Құдайдың құдіретіне таңғалады.

Ойлайды «Бұл шатырға барайын, — деп,
 Ішінде не бар, не жоқ, қарайын, — деп.
 Сөйлесіп, адам болса асын ішіп,
 Тағдырлы қазам жетсе, өлейін, — деп.
 Барайын тәуекел деп не де болса,
 Құдіреттің салғанын көрейін», — деп.

Жас бала өзі бір гүл еді тұрған жайнап,
 Қор боп тұр Жағыпардан соры қайнап.
 Тұлпардың тұяғы ғой асыл туған,
 Жөнелді бір Құдайға белін байлап.

Шатырға сонда бала жетіп келді,
 Басына Құдай қанша бейнет берді.
 Толықсып он төртінде туған айдай
 Үстінде алтын тақтың бір қыз көрді.

Жас бала жайнап тұрған ол да бір гүл,
 Бейшара дамыл алмай қалжырап тұр.
 Шатырдың түкпірінде қарап тұрса,
 Бүкшеңдеп босағада бір кемпір тұр.

Кемпірге сонда бала жетіп келді,
 Келді де тағзым етіп сәлем берді.
 — Аш едім неше күндей, шөлдеп тұрмын,
 Әй, апа, бір ішерге су бер, — деді.

— Қалайша сөз сөйлейсің, бала, тақ-тақ,
 Есіктен не себептен келдің жақтап.
 Шөлдеген бала келсе, су берем деп,
 Қойдым ба су даярлап саған сақтап.

Бір суды көргеннен соң басын қойды,
 Адам деп ойламады кемпір сұмды.
 Долданып жетіп кемпір келіп еді,
 Көтеріп борбайынан бір-ақ қойды.

Кемпір тұр жас баланың түрін сынап,
 Өзі жас болса дағы, діні қынап.
 — Шырағым, жаным ашып сөз айтамын,
 Шатырдан жөнел, — дейді, — жылдамырақ.

Қорқады өзі жалғыз жап-жас бала,
 Жөнелді дәт¹ қылмастан шыға сала.

¹ Дәт — төзім, шыдам, сабыр.

«Мұны мен не де болса байқайын» деп,
Далада бір қурайды қылды пана.

Толықсып он төртінде туған айдай,
Жатқан қыз бір заманда тұра келді.
— Жатқанда мен бағана ұйқылы-ояу, —
Кемпірден, — оның кім? — деп сұрады енді.

Кемпір айтты: «Бір бала келіп қалған,
Өзімнен азды-көпті жауап алған.
Сұрауға жаным шошып бата алмадым,
От екен екі көзі жанып тұрған.

Бір бала келіп қалды Құдай қосып,
Аялдап көп тұрмады сөзді тосып.
Бетінде Арысланның белгісі бар,
Сұрауға бата алмадым жаным шошып.

— Ендеше, сол баланы шақыр, — деді,
Баланың біз шығармыз келген жері.
Осында бөтен заттан келмеуші еді,
Дүниенің ері шығар кемеңгері.

Баланы кемпір залым шақырады,
Қол бұлғап «жылдам кел» деп бақырады.
Алтынның сынығы ғой осы бала,
Пана қып бір қурайды жатыр еді.

Жас бала шақырған соң жетіп келді,
Келді де, тағзым етіп сәлем берді.
— Жас бала, нәсілің жас, түсің бөтен,
Ей, қалқа, танымаймын, кімсің? — деді.

— Айтпаймын мен шынымды тіпті саған,
Баян қыл сен жөніңді бұрын маған.
Егер де жөніңді айтпасаңдар,
Басыңа түсіремін ақырзаман.

Қыз айтты: «Адамбысың, перімісің,
Қайтпайтын бұл жалғанның ерімісің?!
Нәсіліңді мен соларға ұқсатамын,
Қалидың көп ұлының бірімісің?»

— Болмайды жанның бәрі сендей зерек,
Көңілге келген сөзді ойлау керек.
Сен байқап нәсілімді танып тұрсаң,
Қалидың ұлы емеспін, затым бөлек.

— Жөндеріңді айтып кетсең беріп,
Адамға ақыл, қайрат үлкен серік.

Секілді қасқыр қабақ түсің суық,
Тұр екен ер Қалиға түсің келіп.

Түсімде Пайғамбарды көріп едім,
Алланың барлығына сеніп едім.
«Солардың үмбетіне қоса көр» деп,
Құдайдан күндіз-түні тілеп едім.

«Бір бала келмек еді алыс жолдан,
Ол өзі арып-шаршап талай жерден.
Ол келсе хақ мұсылман боласың» деп,
Түсімде хақ Пайғамбар аян берген.

Баладан содан бері хабарым жоқ,
Ұрғашы өзім іздеп табарым жоқ.
Қолында ит кәпірдің қалам ба деп,
Зарланып мен жатырмын, амалым жоқ.

Бала айтты: «Кез келтірсе жалғыз Хақтан,
Қызбын деп қолым жеткен, қылма мақтан.
Түсіңде Пайғамбарды рас көрсең,
Адамсың бұл жапанда неғып жатқан?»

Қыз айтты: «Әкем аты — Ғұзнапар,
Бойы бар дию тектес, өзі кәпір.
Қалидың басын кесіп келемін деп,
Сексен мың жиылысып кәпір жатыр.

Сөз ұят көрмегенге дейтін бәлен,
Көп шерік жиналыпты бізден түмен.
Қолыма бір кемпірді даяшы қып,
Серт қылып орта жолға әкеп қойған.

Кәпірдің бір батыры Ғажым деген,
Ызасы кәпірлерге өтіп еді.
Егер де Қали басын кесіп келсе,
Ғажымға мені әкем бермек еді».

Бала айтты: «Мендей шаршап қысылған бол,
Сұраймын сізден, менің арызым сол.
Түсіңде Пайғамбарды рас көрсең,
Бейшара, иман айтып мұсылман бол».

— Жас бала, біз айталық дәтімізді,
Соларға ұқсатамын затыңызды.
Әуелде мұсылманның бір белгісі,
Шырағым, баян қылшы атыңызды.

— Жол тартқан ақ қағазға қара сия,
Тұрағым — Мәдине елі, мен — Қанапия.

Пайғамбар – нағашы атам, әкем — Қали,
Сұрасаң, менің атым — Қанапия.

Қыз айтты: «Шариғатты іс болыпсыз,
Көңілде арманым көп, сөкпесеңіз.
Аш жүрмін неше күндей деп айтасыз,
Осында бел шешініп тағам жеңіз».

– Ішпеймін берсең дағы асыңыздан,
Кетпеймін және тастап қасыңыздан.
Әуелден кәпір асы бізге арам,
Ежелден әдет қылған жасымыздан.

– Шырағым, сөз айтасың дәйім маған,
Баласың әр жауаптан тайынбаған.
Белгісі мұсылманның неден болар?
Иманның үйрете гөр жайын маған.

Сол жерде қыз бейшара дінге кірді,
Бұл қыздың абзалдығын ол да білді.
Алтынның сынығы ғой осы бала,
Нәпсіге сонда бала тыйым салды.

Бұл қызға дін үйретті бала ғаріп,
Дүниені жаяулықпен жүрген шалып.
Әр ғылым, әр нұсқадан дін үйретті,
Көңіліне иман нұры қалды толып.

Шатырда жарты ай жатты әлгі бала,
Баланың жас та болса, көңілі дана.
Қыз барып сыртқа шығып келді де айтты:
– Япырым-ай, келе жатыр бір топ қара.

Таныдым, келе жатқан Ғажым батыр,
Қалидың басын іздеп кеткен кәпір.
Өзінің діні қатты батыр еді,
Шырағым, болма қапыл, күтініп тұр.

Қолына қару алды сонда бала,
Басына бейнет берді Хақ Тағала.
Есіктен қарсы қарап келген екен,
Баланы ит кәпірдің көзі шалды.

Долданып сонда кәпір жетіп келді,
Шіреніп ат үстінде жауап берді.
– Шатырды мен жоқ жерде жайлап алған,
Осында жатқан байың кім-дүр? — деді.

Қорқады өзі жалғыз жап-жас бала,
Жөнелді дәт қылмастан шыға сала.

Баланы шаншайын деп ойлап еді,
Ақ найза, алтын шашақ қолына ала.

Балаға келді дағы найза салды,
Керіліп асыл шіркін тұра қалды.
«Пайғамбар нағашы атам, қолдай гөр» деп,
Ол дағы «йә, Құдайлап» қылыш салды.

Найзасын тигізбестен қағып алды,
Тартқанда кәпір қолы сапта қалды.
Бірі атты, бірі жаяу болмайық деп,
Екеуі аттан түсіп күрес салды.

Баланы менсінбейді кәпір қорлап,
Салады ол да қылыш жанды қорғап.
Тартқанда кәпір қолы сапта қалды,
Баламен алысады жалғыз қолдап.

Кәпірдің аты жүрмей жата қалды,
Алысып екі батыр күрес салды.
Күресіп жеті күндей осы бала,
Кәпірден қайраты асып жығып салды.

Тағдырын сол кәпірдің бала шешті,
Қимылы сол баланың желдей есті.
«Құдай-ау, атам жолын бере көр» деп,
Сол жерде алып соғып басын кесті.

Мінеді алып соғып кеудесіне,
Көрінді дәл мінгендей тау басына.
Кәпірдің басын кесіп алғаннан соң,
Шүкір қып нияз¹ қылды Алласына.

Жаратқан Құдай артық мұның халін,
Аллаға адам сыры бәрі мәлім.
«Осындай Ғажым ерді өлтірді» деп,
Кетіпті түнде қашып кемпір залым.

Залым ит көп шерікке жетіп келді,
Келді де сексен мыңға хабар берді.
Кемпірден бұл хабарды естіген соң,
Кәпірдің сексен мыңы атқа мінді.

Түнде кеп қалың шерік қамалаған,
Ішінде бір жас бала жалғыз қалған.
«Пайғамбар нағашы атам, қолдай көр» деп,
Ол дағы «йә, Құдайлап» қимылдаған.

¹ Нияз — уәде, серт.

Атасы мұсылманға болған ерке,
Құдайым қуат берсін иман дінге.
Қылышын екі жүзді сермегенде,
Қосады кәпірлердің мыңын бірге.

Қызарды көк бөрідей екі көзі,
Бұлардың тамаша әрбір сөзі.
Мың қойға жалғыз шапқан көк бөрідей,
Ішінде сексен мыңның жалғыз өзі.

Қырылды, бір баладан аса алмады,
Құтылып жалғызы да қаша алмады.
Ойлады қалғандары қашайық деп,
Ат аяқ өлгендерден баса алмады.

Балада бір дамыл жоқ күн менен түн,
Сөзінде Пайғамбардың болмайды мін.
Сексен мың қалың шерік жабылса да,
Қалыпты бір заманда он екі-ақ мың.

Дүниеде кім құтылар мұндай ерден,
Құдайым, тысқары қыл қара жерден.
Хал кетті бір заманда есіл ерден,
Тәніне жара түсті жетпіс жерден.

Балаға жетпіс жерден жара түсті,
Ұлғайып барған сайын болды күшті.
Тәнінен аққан қаны аспанға атып,
Есіл ер бір заманда аттан ұшты.

Баланың жалғыз өзі қалды талып,
Адамға жалғызшылық қандай ғаріп.
Қасында сүйенерлік жолдасы жоқ,
Құлады бір заманда аттан барып.

Баланың тынышы кетіп жата алмады,
Ешкімге бір ауыз сөз қата алмады.
Әншейін амал қылған айласы деп,
Кәпірлер дәндеп қалған бата алмады.

Дүниені кезіп едім жаз бенен күз,
Адамды қайда апарса дәм менен тұз.
Баланың басын сүйеп зар қағады
Баяғы қоста қалған бойжеткен қыз.

Қыз келді фариад¹ салып жатқан жерге,
Қайысып қабырғасы есіл ерге.
Баланың басын сүйеп зар жылайды,
Тіл де жоқ, тым болмаса, сөйлесерге.

¹ Фариад /парсы/ – айғай, жылау; зарлану.

Жаманды «жақсы» десең, қорланады,
Аққан жас қыз көзінен парланады.
«Құрбан қып мұның үшін өзімді ал» деп,
Құшақтап бейшара қыз зарланады.

— Қарағым, мұндай болды жатқан жерің,
Адам деп ескермеді кейінгі елің.
Құдайым, мұратыңа жеткіз, — деді,
Қалидан пайда болған сағым керім.

Құдайым енді сенен қалдырмасын,
Қолында ит кәпірдің зар қылмасын.
Қасында сүйенерлік жолдасы жоқ,
Далада қор боп қалды ғазиз басың.

Болжаусыз дүние шіркін өтер ме еді,
Аллаға қатты зарым жетер ме еді?!
Әуелде қор болмас деп ойлаушы едім,
Құдайым құдіретіңе жетер ме еді?!

Құдай-ау, бұл қылғаны Құдіреттің,
Үйіңе мың да болса бүгін жеттің.
Алланың хабарлаған Хақ достығы,
Бір хабар білдірмейді Құдіретің.

Зар жылап қыз бейшара фариад салды,
Дауысы Құдіретке жетіп барды.
Зарланған қыз дауысын естіген соң,
Құдірет рақым ойлап көңілге алды.

Жаманды «жақсы» десең, арланады,
Аққан жас қыз көзінен парланады.
«Сабыр қып бейшара қыз тоқтасын» деп,
Елшіге Жәбірейілді жібереді.

Сол жерде нұр періште келді жетіп,
Қалыпты қыз бейшара зарлық етіп.
«Хабарды Мәдинеге саламын» деп,
Бейшара тоқтау салды сабыр етіп.

— Тұрыңыз мен келгенше мұны бағып,
Естімесе не қылады олар келіп.
Хабарды Мәдинеге саламын, — деп,
Жөнелді нұр періште қанат қағып.

Қас-қабақ арасында жетіп барды,
Келді де Хақ Расулға хабар берді.
Көл болып екі көзден аққан жасы,
Мешіттің құжырасында отыр еді.

Келді де Пайғамбарға берді сәлем:
 – Жапанда зарлық етті бір жас балаң,
 Ер Қали жаны болса, тез жетсін деп,
 Досыңыз хабар айтты Хақ Тағалаң.

Жалғаннан Қанапия өткелі тұр,
 Басына қаза-өлім жеткелі тұр.
 Бермесе өзі жәрдем Патша Құдай,
 Кеудеден ыстық жаны кеткелі тұр.

Дейтұғын куһи¹ Қаптың даласында,
 Сексен мың көп шеріктің² арасында,
 Бармаса жарты сағат жазым болар,
 Қалекең жете көрсін баласына.

Естіп Пайғамбарым талып қалды,
 Көңілі бұл бала үшін қатты жарым.
 «Құдай-ау, өңім бе, – деп, – түсім бе?» – деп,
 Жинады сол арада жанның бәрін.

Жылады естіген соң жанның бәрі,
 Хақ жолдас отыз үш мың асхабтары.
 «Баламды көріп өлсем арман жоқ» деп,
 Түн қатып атқа мінді хазірет Қали.

Ер Қали түнде жатып түс көреді,
 Түсінде таңғажайып іс көреді.
 Бір түсті қалғып кетіп көрген екен,
 Жүруге құдіретіңіз күш көреді.

Сол күні жатқан екен «йә, Құдайлап»,
 Сайманның қару-жарақ бәрін сайлап.
 Аттанып келсе хабар беремін деп,
 Жолына хақ Дүлдүлін қойған байлап.

Қағынып төрт аяғын Дүлдүл тұрды,
 Қылышын қынабына сарт-сұрт ұрды.
 Көп жігер Арысланнан кетті қайнап,
 Жүруге тәуекел деп бетін бұрды.

Көп жігер Арысланнан кетті қайнап,
 Бөрідей қойға шапқан көзі жайнап.
 «Жазасын кәпірлердің берейін» деп,
 Дүлдүлге ерді салды «йә, Құдайлап».

Алды-арты жиылғанша бөгеледі,
 Қолынан оның басқа не келеді.

¹ Куһ /парсы/ – тау.

² Шерік – әскер, сарбаз.

«Артымнан бір-бір басып келіңдер» деп,
Түн қатып хазірет Қали жөнеледі.

Халықтың бәрі келді ұмар-жұмар,
Хабарын естіген соң неғып шыдар.
«Қалидан мен де қалмай жетемін» деп,
Жаяулап ол да ұшты баба Ғұмар.

Не түрлі жан жаратқан Хақ Тағалаң,
Өзінің әмірінде барша ғалам.
Айлықты алшаң басқан Дүлдүл аттан,
Кетіпті сонда озып бес жүз қадам.

Арыслан Қап тауына жетіп барды,
Сол жерде ойлай-ойлай тұра қалды.
«Естісе ғаріп балам алдансын» деп,
Қышқырып сонда Қали айғай салды.

Қышқырып сонда Қали айғай салды,
Дауысы мың күншілік жерге барды.
«Құдай-ау, әкем келіп қалған ба?!» деп,
Көтеріп сонда басын жұлып алды.

Қалиды Құдай бастап алып келді,
Дауысын әкесінің таниды енді.
Қан басып жалғызсырап жатқан бала,
Орнынан «йә, Құдайлап» түрегелді.

Ер Қали баласына жетіп келді,
Дүлдүлдің жүрісімен келіп жетті.
«Әйтеуір, аман болса көремін» деп,
Кәпірге баба Ғұмар кіріп кетті.

Қырады батыр бабаң кіріп кетіп,
Қалыпты кәпірлердің халі кетіп.
Артынан қанша жүйрік қуса дағы,
Ер бабаң ұстатпайды былқ-сылқ етіп.

Кәпірді бара сала қыра берді,
Қылышпен кез келгенін ұра берді.
«Әйтеуір, қалжыратқан осы ғой» деп,
Кезіне келгендерін қыра берді.

Ер бабаң тиіседі бара сала,
Болады жүрген жері пара-пара.
Ойлайды қалғандары қашамыз деп,
Көрсетіп көресінді қылған ісін қара.

Тұрады Қали тақсыр сабыр етіп,
Баласын көргеннен соң көңілі бекіп.
«Арманда көре алмай қалам ба» деп,
Балаға баба Ғұмар келді жетіп.

Баланы көргеннен соң жылады зар,
Дүниені жаяу кезген ол да бір сал.
Жаны қалмай Мәдиненің келіп қапты,
Бастығы Құдай, досы хақ Пайғамбар.

Батырлар тұра қалды әлгі жерге,
Әрқашан бейнет дайын талапты ерге.
«Бұл кәпірді өлтіріп кетейік» деп,
Жөнелді бірі қалмай кәпірлерге.

Кәпірге өңшең батыр жетіп келді,
Келгенін мұсылманның о да білді.
«Біз енді бұған қарсы тұрмайық» деп,
Кәпірдің аз қалғаны дінге кірді.

Келіпті батыр бабаң бәрін жайлап,
Басына берген бақыт Құдай арнап.
Қарсыласпай кәпірлер дінге кірді,
Ішінен өз патшасын келді сайлап.

Тоқтады Пайғамбардың ақылына,
Бұл сөздің қараңыздар ақырына.
Адамын Мәдиненің жиып алып,
Қыз қалған енді келді шатырына.

Шатырға өңшең батыр жетіп келді,
Келгенін мұсылманның ол да білді.
Жолы деп бұрынғының парыз айтып,
Иіле тағзым бірлән сәлем қылды.

Әуелгі тырнақалды жұпты қылды,
Балаға қияметті жұпты қылды.
Сол қызды енді қосты неке қиып,
Алды-артын әлгі араға жиып алды.

Бірі — үлкен, бірі — кіші ағалары,
Аллаға шын сүйікті паналары.
Кеп қайтты орта жолға олар дағы,
Қанипа, Бибәтима аналары.

Айтады насихат қып: «Жылама, — деп,
Жыласаң бізді мұндай қыла ма», — деп.
«Бейнеттің түбі — рақат» деген сөз бар,
Үмбетім қысқа тілек тілеме», — деп.

Аллаға қабыл болды қылған дәтім,
Қылады не қылса да Құдіретім.
Берген соң өзі жәрдем Патша Құдай,
Сол жерде тоқтау етті Мұхаммедім.

Бірінші мақам

Орындаған: Ұлжан Байбосынова

Нотаға түсірген: Бекарыс Балмағанбетов

асықпай, анық

4

 Ей — Әуе-лі ау(ы) зым(а) ал дым Біс-с(і)мі-лә-ней ал - ла ның

7

 бар өл - шеу-лі бер-ген-дә - ні Жа-ми-ғат құ-лақ са-лып тың-да - са - ңыз —

9

 сөй - ле - йін пай - ғам бар - дан біс - сімі - лә - ні

11

 А-зы-рақ-сөз-сөй-ле-йін пай-ғам-бар-дан Тақ-сыр-ға са-уап ті-лер құ-лақ сал-ған

13

 Са - ха - ба о - тыз үш - мың төрт шә - ріп ей —

14

 Бол - май - ма сө - зім құр - бан а - яп қал - ған

15

 Ал - ла - ның ақ - пай - ғам - бары сүй - ген жа - ры

17

 Қа-сын-да о - тыз үш-мын ә - сап-па - ры Жан қал-май мә - жі - ліс - ке

19

 жиы-лып ты — Бас қос - қан құ-ж(ы)ра-сын да ел-дің бә - рі

Қайырымы

 Е

2 21

Екінші мақам



Он жет-ті Ер-ға-ли-да ол бар еді ей сө-зім-ді пай-ғам-бар-дың



е _____ й бұл бар е - ді Қа - ра пар жүз-кө - сі - лік



қай-ра-ты мол Ә-ли-дің Қам-бар атты е _____ й құл бар е - ді



Бұ-рын-ғы ба-тыр Қам-бар бар-сын де - ді бұй-да-лап ше-тін ар-дың



е _____ й ал-сын-де - ді Ә - кел-сін со-нан ба-рып



ө-рік ми-із үс-ті-не сый-ға-нын-ша е _____ й ал-сын де-ді

Қайырымы

Үшінші мақам



Е-ке үі _____ тә-уе-кел деп түс-ті-жол-ға сон дай-ғып кім-де-кім-нің ар-тын-оң-да



Бұ-рым-ның шә-рі-не құ йа жет-ті ақ-шам-мен е-кін-ті нің а-ра-сын да



Е-кеу-і бес ал-ты күн жа-тып ал ды ми уа-сын же-тін ар-ға ар-тып ал ды



түн қа-тып Мә-ди на-ға же те міз деп Е-кеу-і ей бір күн кеш-ке қай-та сал-ды



Кеш бат - ты көз бай - ла - нып са - ғым бат - ты

45



ба - ла - ның был(ы)қ сұл(ы)қ е - тіп тын(ы) - шы кет - ті

46



Ұй - қы - дан жап жас ба - ла тұ - ра ал - май - ды

47 *Қайырымы*



Е - й а - е - й

Төртінші мақам

50



Сон - да ба - ла ей - жы - лай - ды Кө - зі - нің жа - сын бұ - лай - ды

52



Зар - ла - на - ды жас ба - ла зар е - тіп жа - тыр Құ - дай - ға

54



Хақ Мұ - хам - мед ба - бам - ай Нұр Бә - ти - ма а - пам - ай

56



Жа - пан түз - де зар - ла нып бір жас ба ла қа - лам - бай Е - сі - не ба - бам ал ма - ды

59



Дүл - дүл - ге қам - шы сал - ма - ды Жау - жа - ра - ғын а - сы нып дү - ние жү - зін шал - ма - ды

62



Же - ті жа - сар жас ба - ла жа - пан - да қа - лып зар - ла - ды

64



Е



Суретші Е.Қожабеков

ҚИССА ӘБУШАХМА

«Қисса Әбушахма» – ағалдықты, мейірімділікті, ар тазалығын, Алланың ақ жолымен жүруді дәріптейтін гини дастан. Шығармаға әділ патша Омардың ұлы Әбушахма нәпсі мен жалған сөзге алданып күнә жасағаны, әкесі баласына күнәдан арылту мақсатында жүз дүре соққызып жазалағаны, жанашырлары араша түссе де, жаза тоқтатылмай, ақыры шаһид болғаны туралы оқиғалар арқау болған. Туындының көлемі шағын болғанмен, жас жігіттің жазатайым шалыс басқан қағамы үшін әділ жазалануы оқырманға айрықша әсер етеді. Негізгі идеясы – әр пендеге пәни дүниеде күнә жасамауды, қолмен істегенді мойынмен көтеретін сәттің туатындығын ұғындыру. Қара қылды қақ жарған әділеттілігімен танылған Омар халифаға өз ұлын жазалау оңай емес, дегенмен Мұхаммед пайғамбардың сенімді серігі, Исламды дәріптеуші, гин қайраткері ретінде әділеттің ақ жолынан аттап өте алмайды. Құран оқығандағы Мұхаммед пайғамбарды еске түсіретін Әбушахманың ғажап үнін естіген жанның бәрі (хазірет Оспан, Әзірет Әлі, анасы) оның ұлын ауыр жазадан құтқаруға әрекет жасайды. Бірақ әділетті Омар халифа өз пәрменінің орындалуын талап етеді және кесілген дүре толық соғылады.

Еліміздің сирек қолжазбалар қорында Ғ. Мұстафин, Ғ. Мұсабаев, Т. Нұрғожин, Е. Есенжолов жеткізген шығарманың өзге де нұсқасы сақталған. «Бабалар сөзі» жүзтомдығында (2005, 15-том) жарияланды. Дастан жөнінде Б. Әзібаева, М. Әбдуов, Ұ.Әлиакбарұлы т.б. ғалымдардың еңбектерінде зерттелген. Томды баспаға дайындау барысында оның барлық қолжазбалары сараланып, микрокөшірмесі таңдалып, ұсынылды. Түпнұсқаның микрокөшірмесі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында сақталған (МФ 116).



Әуелі сөз сөйлейін бисмилладан,
Сауабын бисмилла білмес надан.
Жамағат, құлақ салып тыңдасаңыз,
Азырақ сөз сөйлейін Шахмадан.

Екінші хамду¹ айттым бір Аллаға,
Сөзімде кеше күндіз бек көп сәна².
Сипатын Әбушахма айтып болмас,
Ұқсаған ұжмақ³ іші бейне хорға.

Салауат пайғамбарым Мұхаммедке,
Шапағат қыл күнәһар біз үмбетке.
Айырылып күнәһтан Шахмадай,
Бар ма екен сапар қылған ақыретке?

Жаһанның тарлығына көзім салдым,
Қолыма мен бір ғаріп қалам алдым.
Ғаріптің ел ішінде көңілін аулай,
Қиссасын Әбушахма жаза салдым.

Сөйлесе сөзі тәтті шекер балдай,
Секілді жасөспірім бойы талдай.
Зарланып Құран оқыса Әбушахма
Тартыпты Мұхаммедке үні талмай.

Нұр сипат көркін көрсең жүзі айдай,
Толықсыр жас баланың көңілі майдай.
Қирағат⁴ мақамына мейірің қанар,
Ақ құйрық памилнай⁵ кәміл шайдай.

Өнері Әбушахма кеткен асып,
Қайғысын сахабаның жүрген басып.
Дауысын Пайғамбардың сағынғанда
Шахманы оқытыпты шуылдасып.
Шахмаға өнер берген Хақ Тағала,
Ішінде Лаух Махфуз нұр сипатын
Құдайым артық қылған шаһизада.

Жиырмаға жаңа келген нұрдың жасы,
Шахманың Хасан, Хүсейін жан жолдасы.
Далаға Шахма бас боп сейіл құрып,
Тізілген өңшең бағлан сайдың тасы.

¹ Хамду /араб/ — Аллаға мадақ айту.

² Сәна /араб/ — қайғы.

³ Ұжмақ — жұмақ.

⁴ Қирағат /араб/ — оқу; Құранды мәнерлеп оқу.

⁵ Памилнай /орыс/ — атақты, белгілі.

Сөйлейін шаһариарды¹ құрмет етіп,
 Барады ғаріп жанға ажал жетіп.
 Бұл сырын еш мұсылман біле алмайды,
 Кетіпті біраз ғана заман өтіп.

Қайратын Әбушахма қыла алмайды,
 Болғанын халін нешік біле алмайды.
 Атына ғазиз сұлтан міне алмайды,
 Науқасы бек қинайды ғаріп жанды.
 Қарамай өзгелері жүре берді,
 Бар еді кәпірдің жалғыз үйі
 Қалжырап Әбушахма соған келді.

Баланы жүһүд көріп қайран қалды,
 «Жас бала мұсылман» деп ойына алды.
 Омардың баласымын дегеннен соң,
 Тезірек сарайына алып барды.

Ойлайды кәпір: «Қастық қылайын, — деп,
 Осы жерде құмарымнан шығайын, — деп.
 Бір түрлі жала жауып баласына,
 Омардың әділдігін сынайын», — деп.

Барады тәубе қылмай күнім өтіп,
 Кәпір тұр жас баланы құрмет етіп.
 «Басыңыз іше қойсаң жазылар» деп,
 Бір аяқ шарап алып келді жетіп.

Шарапты шөлдеп тұрған салды жұтып,
 Жас бала мас болады [мұны] ішіп.
 Біле алмай ес-түсін сандалады,
 Шаһзада арақ ішкен халі кетіп.

Бар еді сол кәпірдің жалғыз қызы,
 Ер жеткен адам еді оның өзі.
 Қызына тез жүгіріп келе салып,
 Жүһүдтің кәпірлікпен айтқан сөзі:
 — Айналайын, жан балам,
 Айтқан тілге нан, балам.
 Тамашаға сейіл құр,
 Сарай жаққа бар, балам.
 Ол сарайға кір, — дейді,
 Кел, соңымнан ер, — дейді.
 Ішінде оның жігіт бар,
 Нұр сипатын көр, — дейді,
 Әдейі іздеп әкелдім

¹ Шаһариар — [шаһар /парсы/ — төрт, йар /түркі/ — серік] — Мұхаммед пайғамбардың төрт серігі: Әбубәкір, Омар, Оспан, Әли. Кейде төрт жар деп те аталады.

Күйеулікке мен, — дейді.
 Көңіліне оның ұнаса
 Қалағанын бер, — дейді,
 Үйір қылып көр, — дейді.
 Өмірің өтіп барады,
 Азырақ ойнап, күл, — дейді.

Қыз шайтан мұны естіп жүгіріп келді,
 Келген соң қуанады жүзін көріп.
 Мастықпен Әбушахма біле алмайды,
 Қалыпты сол арада ойнап-күліп.

Мастықпен Әбушахма шайтанға ерді,
 Бір-екі кәпір қызын зина қылды.
 Ес-түсін біраздан соң жиып алып,
 Аттанып Әбушахма жүре берді.

Есіне қылған ісі келіп түсті,
 Тітіреп өне бойы зәресі ұшты,
 Мүбәрак екі көзі қанға толып
 Жылайды: «Көре алман нұр пейішті».

Әбушахма жылайды,
 Көзінің жасын бұлайды:
 — Кәпірдің қызын кез қылып,
 Әрне қылсаң жарайды.
 Зар жыласам Құдайға,
 Тәубе қылсам бола ма?
 Жиырмаға жетпей-ақ
 Жолықтым үлкен күнәға.
 Кез қылды маған бұл істі,
 Қиындық басқа іс түсті.
 Не деп тәубе қылайын,
 Тәңірім мақұл көрмес-ті.
 Біліп қойса атамыз,
 Бастан кешкен қатамыз,
 Афласонның қолында
 Қамшыда қор боп жатармыз.
 Құдайым кешсе мұнымды,
 Қамшы тілсе жонымды.
 Жас басымнан ұрындым-ау,
 Қумайын өткен күнімді.
 Жолықтым үлкен жалаға,
 Кез кел[дім] бір сан бәлеге,
 Екіншіде мен ғаріп,
 Шықпас едім далаға.

Бір заман кейде толар, кейде солып,
 Қалармыз ажал келсе бір күн өліп.

Әнеукүні Шахмаға қосылғанда
 Қалыпты кәпір қызы буаз болып.
 Жаратқан Құдай шаһзада ...¹
 Ерлерге иман берсін Хақ Тағала,
 Тоғыз ай, он күн тамам болғаннан соң,
 Тауыпты кәпір қызы бір жас бала.

Ол жүһүд мұны көріп қайран қалды,
 Баланы етегіне орап алды.
 «Апарып өз қолыммен берейін» деп,
 Омардай падишаға алып барды.

Қуанып келе жатыр кәпір күліп,
 Боларын айтқанының іші біліп.
 Сағынып Пайғамбарды шаһариарлар
 Үйінде тарқаушы еді қатым қылып.

Бұл жүһүд ниһаятсыз² кәпір еді,
 Бәдбахыт³ ойлағаны ақыл еді.
 Омар мен Әбушахма, шаһариарлар,
 Мәсжидте⁴ қатым қылып жатыр еді.
 Құранды-ай Әбушахма оқыр еді,
 Батасын молда Оспан қылар еді.
 Бағыштап рухына Пайғамбардың,
 Жарандар қайтайын деп отыр еді.

Есіктен көрінеді кәпір кіріп,
 Келгенін бір жұмысқа Омар біліп.
 «Келеді, — деп, — мәсжидке бұл қалайша?»
 Жарандар қайран болды мұны көріп.

Күнәға Әбушахма қалған батып,
 Кеткені бала болған бір-ақ жатып.
 Есіктен келді дағы кәпір жүһүд,
 Баланы тастай берді шырылдатып.

Сонда жүһүд сөйлейді,
 Сөйлегенде не дейді:
 — Айтайын деп бір арыз,
 Келіп едім мен, — дейді.
 Сізге деген бұл датым,
 Айтайын енді сөз салтын.
 Шығып еді жұртыңа,
 Әділ Омар, жақсы атың,
 Жұрт билеген падишам,

¹ Қолжазбада бір сөз түсіп қалған.

² Ниһаят /араб/ — шек, шекара.

³ Бәдбахыт /парсы/ — бақытсыз.

⁴ Мәсжид /араб/ — мешіт.

Әділ Омар, бекзадам.
 Жалғызыңа айтып па ең:
 «Кәпірлерден ал қатын».
 Кітабыңа көзің сал,
 Келіп тұрмын сөз салып.
 Шахма балаң кетті ғой
 Жүрегіме мұз салып.
 Себеп болған балаға,
 Қызымды менің ала ма?
 Шыққан екен далаға,
 Басы ауырып кез болған
 Біздің жалғыз сарайға.
 Қылғаны анық болмаса
 Күйдірмейін жалаға.
 Екі көздің қарасы,
 Адамның не-дүр шарасы?
 Осы сөздің түбіне
 Көзің салып қарашы.
 Әділ Омар, сен едің
 Мұсылманның данасы.
 Қара қылды қақ жарған
 Дін исламның сарасы.
 Әділдігіңе алмасаң
 Мұның да бітпес жарасы.
 Қатын қылды қызымды,
 Құда қылдың өзімді.
 Сендей әділ патшамен
 Теңдесіп тұрған кезім-ді.

Өнерім Тәңір берген артық дейді,
 Жел сөзге қызыл тілім сампылдайды.
 «Әкесі жеңдет болды балаға» деп
 Қуанып, кәпір жүһүд жампылдайды.

Таранып әділ патша сұңқылдайды,
 Жас бала шала-жансар қыңқылдайды.
 Әділдік қаһарына мейірі келіп,
 Тас мәсжид қорғасындай былқылдайды.

Омардың кәпір қорқар қарасынан,
 Қорқа-дүр тақсыр ердің қаһарынан.
 Ер Омар мойнын бұрып Шахмаға,
 Сұрайды: «Рас па?» — деп баласынан.

Қорыққаннан Шахма жастың іші күйді,
 Боларын бір сұмдықтың енді білді.
 «Бір түрлі қинауменен өлтіремін» деп,
 Асхабтың қол астына бәрін жиды.

– Жетті ме жас басымнан ажал, – дейді,
Болды ма кәпір жүһүд надан, – дейді.
Өтейін шаһид болып бұл дүниеден,
Әйтеуір тозақ ішінде жанам, – дейді.

– Шыныңды айт, Шахма бала, жетті қаза,
Алданып жалғыз сөзге болма наза.
Менің қаһарым, әй, балам, дәнеме емес,
Алдыңда күнәліге – қатты жаза.

Шахма айтты: «Бір іс қате өтті, – дейді,
Түбіме кәпір жүһүд жетті, – дейді.
Өлейін жалған айтпай, шынымды айтып,
Бұйрығы бір Алланың жетті», – дейді.

– Жөн болар шын айтқаның, Шахма балам,
Қирағат¹ мақамына көп-дүр сәнаң².
Қинаумен өлтірейін, балам, сені,
Пейішті нәсіп қылсын Хақ Тағалам.

– Өлтірсең ризамын, атам, сізге,
Кешіңіз ата хақын сіз де бізге.
Кеттім-ау күнәлі боп, уа, дариға,
Алданып нәпсі менен жалған сөзге.

Шахмаға бұл бәлені Тәңірім салды,
Күнәлі баласына қаһарланды.
Мешіттен алып шығып Шахманы,
Жетелеп дар басына алып барды.

Мінеді әділ Омар қаһарына,
Тақсырдың кім шыдаған заһарына.
«Баласын әділ Омар асады» деп,
Жайылды Мәдиненің шаһарына.

Омардың Шахма заа жалғыз ұлы,
Ерлердің сайыпқыран қызыл гүлі.
Қамшыгер жазалыға дүре салған,
Бар еді Афласондай жөнсіз құлы.

– Афласон шапшаң мұнда келсін, – [дейді],
Жазасын бұл баланың берсін, – дейді.
Жүз қамшы дүре ұрсын жалаңаштап,
Қор болып қамшы астында өлсін, – дейді.

Афласон тез жүгіріп келді дарға,
Омардай кім шыдаған алды тарға.

¹ Қирағат /араб/ – оқу; Құранды мәнерлеп жатқа оқу.

² Сәна /араб/ – қайғы.

Жиылып күллі шаһар тітіреді,
Бетіне қарсы келер заман бар ма?

Ашуы ер Омардың болды күшті,
Естіп Оспан, Әли жүгірісті.
Бұл істі кешу қылып кетер еді,
Тұра тұрса өзелінде хақ өлімі.

Оспанның сұрағаны:

Сонда Оспан айтады,
Айтпай енді қайтеді.
Пайғамбарды жоқтасып
Қайғы-жапа тартады.
– Шариғатты жөн дейді,
Әділ Омар – сен, – дейді.
Нұр иесі¹ атанған
Молда Оспан – мен, – дейді.
Жетім қалған біздерді
Пайғамбардан ...², – дейді.
Тәубе қылса кешіретер,
Осы ашуың бер, – дейді.
Құрметі үшін бабамның
Төкпе қанын баланың,
Құтылуға қиын ол
Тәңірім бәле салғанның.

Сонда Омар айтады:

– Оспанжарым, жолыңа
Пида болсын ғазиз жан.
Бұл істі енді менен сұрамаңыз,
Қан төкпей кешілмейді күнәлары.
Өкініп молда Оспан болды наза:
«Бар, – дейді, – рақымымызға йаумул жаза³».

Омардың жаны ашымай баласына,
Шынымен жеткен тағдыр қазасына.
Барады іші күйіп Әли Арыслан,
Ағызып екі көзден қып-қызыл қан.

Әлидің кәлимасы⁴:

Шаһимардан сұрайды,
Қайғы көріп жылайды:
– Бабам болса бұл іске
Бір қайланы қылғай-ды.

¹ Нұр иесі – үшінші халифа Оспанның теңеуі.

² Қолжазбада бір сөз танылмады.

³ Йаумул жаза /араб/ – жаза күні.

⁴ Кәлима /араб/ – сөз; әңгіме.

Пайғамбардың дауысын
Мақамына салғай-ды.
Сағынғанда тыңдайтын
Халіміз нешік бұл? — депті.
Жазалы болып қамшы сор,
Өліп бігер қайран ер.
Құрметі үшін бабамның
Тәубе қылып кешіре гөр.
Баланың қанын жүктеме
Осы ашуыңды маған бер.

— Сөзіңе жаным пида Оспан, Әли,
Бұл дүние баршамыздан өтер пәни.
Күнәден сіз де, біз де бейшарамыз,
Біздерді-ай асып кетер күнәлары.

Жиылып күллі шаһар сұрайды енді,
Зарланып сұраса да болмайды енді.
Баласының қол-аяғын байлап алып,
«Соққын!» деп Афласонға бұйырды енді.

Сықылды апта түнеп туған айдай,
Ұруға құлдың қолы бара алмайды-ай.
Қамшыменен екі қабат ұрып еді,
Шырылдап ғазиз сұлтан жата алмайды-ай.

Шахма айтты: «Уа дариға, ғазиздарым,
Барады-ау таяқ өтіп шыбын жаным.
Балаға ата жақын болмай ма екен?
Жан баба, қиналды ғой ғазиз жаным!

— Етіңе қамшы өтті ме, балам? — дейді,
Бұдан да тамұқ оты жаман, — дейді.
Құтылсаң қамшыменен тәуір, — дейді,
Сөйлетпей тез ұрыңыз, жылдам, — дейді.

Афласон сол араға онды салды,
Қиналды бейшараның шыбын жаны.
«Онды соқ және үстіне» дегенінде,
Шыдамай сахабалар шуылдайды.

Афласон сол арада отыз ұрды,
Қызыл жүз, ақша етіне қамшы кірді.
Оспан, Әли сөзіне құлақ салмай,
«Тағы да онды соқ!» деп бұйрық қылды.

Қырық соқты Афласондай батырлары,
Тұрады иман айтып жақындары.
«Хазірет Фатима үшін бізге бер», — деп,
Сұрайды асхабтардың қатындары.

Қамшы өтіп Шахма зарлық қылар,
 Қызыл гүл бақшадағы шөптей солар.
 Әділдік қаһарына мініп алды,
 Болмайды не қылса да хазірет Омар.

Омар айтты: «Афласон құлым, — деді,
 Батпайды сенің бұған қолың», — деді.
 Ер Омар ашуланып Афласонға:
 «Жиырма тағы бұған соғың!» — деді.

Баласын сол арада және соқты,
 Соқпаса ғаріп жанынан өзі қорықты.
 «Ішім күйіп барады, сусын бер» деп,
 Сол жерде Шахманың тілі шықты.

Шахманың сөзі:

Жылайды енді бекзада,
 Күнәлі болып тұрса да.
 Өлтірмесе не етеді
 Қамшыменен ұрса да.
 — Уа, дариға, жан атам,
 Таудан үлкен көп қатам.
 Махшарда күлкі болмайын,
 Мен емес пе жас ботаң?
 Атасыменен араз дер,
 Әуелі берші оң батаң.
 Некесіз бала туған-ды,
 Көзімді кімге саламын?
 Ризалық бермесең,
 Көзімнің жасын көрмесең,
 Ықыласың бермесең,
 Атам бар депмахшарда,
 Артыңыздан ермесем,
 Қайда бардым мен ғаріп?
 Ашымайды жаныңыз,
 Нала болып еңіресең,
 Жалғыз ұлың тез өлер,
 Ақыретке жөнелер.
 «Алла» деген құлына
 Аңдушы дұшпан кез келер.
 Қол-аяғым байлаулы,
 Қолымнан менің не келер?
 Құдай үшін балаңа
 Бір жұтатын сусын бер,
 Ризалық алып жатайын.
 Уа, дариға-ай, атеке,
 Енді маған батаң бер!

– Жас бала Әбушахма, ақылың зерек,
Күнәнің көп, сусын ішіп неге керек?
Ішерсің ақыреттің шараптарын,
«Тағы да онды соқ!» деп қылды бұйрық.

Афласон сол арада тағы да ұрды,
Қызыл жүз, ақша етіне қамшы кірді.
«Бір көріп жан барында қалайын» деп,
Анасы жетіп келіп жүзін көрді.

Анасының кәламы¹:

Анасы келіп салды қол:
– Уа, дариға, жан бұлбұл,
Өсірген сүйіп құлыным
Қамшы астында қалды ма?
Гүл еркін өсіп жүргенде
Сайраушы едің, қызыл гүл.
Әкеңе қарсы кім келер?
Құлыным, енді аман бол.
Махшар күні болғанда
Алдымнан, ұлым, шығар бол.

Ер Омар ашуланды анасына
Бір жұтым сусын бермей баласына.
«Тағы да онды соқ!» деп қылды бұйрық,
Етінің қамшы кірді арасына.

Афласон сол арада онды соқты,
Етіне қамшы саны сексен бопты.
Жайылып тоқсан қамшы денесіне,
Сол жерде шаһзаданың жаны шықты.

Кәпірлер бұл ісіне қалды күліп,
Мұсылман зарлық етті іші күйіп.
Оспан, Әли үстіне қара киді,
Жоқтығын пайғамбардың сонда біліп.

Көктегі періште қара киді,
Ұжмақта хор қыздары зар еңіреді.
Ұшқан құс, жүгірген аң зарлық етті,
Ғаламның он сегіз мың бәрі еңірепті.

Ұжмаққа Әбушахма кетті жаны,
Жүк болды сол арада кәпірге ердің қаны.
Қамшыны әділ Омар қолына алып,
Жаны жоқ сүйегіне он ұрғаны.

¹ Кәләм /араб/ – сөз, әңгіме.

Ұжмаққа Әбушахма жаны кетті,
Соңғы ұрған қамшыменен жүзге жетті.
Омардың іші күйіп баласына,
Құшақтап «жалғызым» деп жылағаны:

– Айналайын жан балам,
Ұжмаққа тура бар, балам.
Пайғамбарға кез келсең
Жарандарға айт сәлем.
Екі көзімнің қарасы,
Бауырымның парасы,
Алла жазған тағдырға
Пенденің жоқ шарасы.
Енді сабыр қылайын,
Тіл тигізбей жылайын.
Ғарасат майдан болғанда
Үстем болсын талайың.
Періштелер сұрағанда
Бабан болсын панайың¹.
Күнәнің қалса мойныңда
Ғапу қылсын Құдайым.
Егер келсе бір шамам
Көзімнің қырын салайын.
Тәңірім қазы болғанда
Махшарда тауып алайын.
Беріп, алған Аллаға
Шүкірлік қылып тұрайын.

Омардай жан тумаған еш ғадалат,
Баласын қолмен ұрып қылған опат.
Оспан, Әли көтерді бастарына,
Олардың рухына мың салауат.

Анасы болып қалды тірі ғаріп,
Қиын екен туғасын жүрек жарып.
Ғазиз жан өшіп кетті дем біткен соң,
Құр сүйек қала берді, тәні шіріп.

Жігіттер, иманыңды боққа сатпа,
Көңіл бөл намаз үшін ұйықтап жатпа.
Арулап жаназалап Шахма жасты,
Мінгізді табыт деген ағаш атқа.

Тысқары алып шығып Мәдинеден,
Бұйырған топырағы қойды жерге.
Әділдік, өнер керек ер жасында,
Өнер бар қызыл тілдің аясында.

¹ Панайы /парсы/ – панасы.

Шахманы хазірет Әли түсте көріп,
Расулдың отыр екен тізесінде.

Шахманың сөзі:

– Баланың келіп бір үйге,
Нәпсіге көңіл бұрғаны.
Бұл жалғанда адамның
Әкесі екен қорғаны.
Тоқсан шыбық ұрғанда
Жанымның ғайып болғаны.
Перзентіне жуымай
...¹ келіп тұрғаны.
Сүйегіме жаны жоқ
Он қамшыны ұрғаны.
Бастан-аяқ, әй, тақсыр,
Баланың осы болғаны.

Атанғаны осылай әділ Омар,
Тақсырдың қылған ісі Хаққа ұнар.
Тысқары шарифаттан бұрылмайды,
Кісі емес мінез бірлән адам сынар.

Ұйқыдан Әли Арыслан түрегелді,
Шахманың шаһидтігін² енді білді.
Түсінде пайғамбарды көргендерін
Омарға айтайын деп келді енді.

– Сүйінші, Омар патша, келдім сұрап,
Көңілім ояу, көзім ұйқы, жаттым сұлап.
Көргенін Расул Алла[ны] айтып отыр,
Көзінің тамам қылды жасын бұлап.

Бес күндік опасы жоқ мына жалған,
Жақсы өтіп бұл дүниеден жаман қалған.
Жамағат, өлмеймін деп ойламаңыз,
Әкеміз баршамыздың — Адамды алған.

Ағалар, мына жалған жақын қалған,
Адамдар сұм дүниеге көңіл салған.
Жігіттер, құлшылық[ты], сірә, қойма,
Біз түгіл әулиелер оларды алған.

¹ Қолжазбада бір сөз танылмады.

² Шаһид — дін жолындағы соғыста өлген адам.

Бірінші мақам


Орындаған: Байбосынова Ұлжан

Нотаға түсірген: Балмағанбетов Бекарыс

орташа



3



4



5



6



7



8



9



10



11

*Қайырымы*

2

13 **Екінші мақам**

Ай - на - ла - йын _____ жан ба - лам, Айт - қан тіл - ге нан ба - лам.

15

Та - ма - ша - ға _____ се - йіл құр, Са - рай жақ - қа бар ба - лам.

17

Ол са - рай - ға кір дей - ді, Кел со - ңым - нан ер дей - ді.

19

І - шін - де о - ның жі - гіт бар _____ Нұр - си - па - тын көр - дей - ді.

21

Ә - де - йі із - деп ә - кел - дім, Кү - йеу - лік - ке мен дей - ді.

23 *Қайырымы*

Көңі - лі не _____ ұ - на - са, Қа - ла - ға - нын бер - дей - ді. Ей _____

27 **Үшінші мақам**

Бір за - ман Кей - де то - лар, кей - де со - лып _____ қа - лар - мыз. _____

30

А - жал кел - се бір күн ө - ліп, Ә - нәу - күн Ша - хы - ма - ға

33

Қо - сыл - ған - да, _____ Ой қа - лып - ты кә - пір қыз - ау бу - аз бо - лып.

35 *Қайырымы*

Ей _____

СУРЕТТІ СӨЗДІК

Айдар — ұл баланың төбе шашын ұзартып өсіріп, өріп қоятын ғұрыптық рәсім. Сәби қырқынан шыққаннан кейін қарын шашы алынып, орай маңайы арнайы қалдырылады. Ертеде ол ұзарып өскенде қызылды-жасылды бау, моншақ қосып өріп қоятын болған. Сүндетке отырғаннан кейін ғана айдар алынып, қалыпты өмірі басталады. Қазақ ұғымында айдар қою балаға тіл-көз тимей, жұрттың назары айдарға түссін деген ниетте болған сияқты. Бұл дәстүрдің ғұрыптық тамыры тым тереңге кетеді және ол туралы әртүрлі ғылыми пікірлер бар.



Басында алтын *айдар* тұлымы бар,
Көрген адам бұларға таңғалады.

«Бозжігіт», 4-том, 211-б.

Айттыру (қыз айттыру) — құдаласу салтында маңызды орын алатын ғұрып. Жігіт жағы қалыңдық қарастырып, лайықты қыз табылған соң арнайы кісі (жаушы) жібереді. Келіскен жағдайда жігіттің әкесі, ол болмаса жақын туысқан-туғандары ауыл ақсақалдарымен, беделді адамдармен топ болып айттыруға барады. Осы кездесуде қалыңмал мөлшері, қыздың ұзатылу күні белгіленіп, екі жақ уәделеседі. Жігіт пен қыздың есімдері айтылып, құдалық бекітіледі.

Құда боп, қалың беріп, қыз *айттырып*,
Көрмедік шашып, жайқап мал қызығын...

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 391-б.

«Жамын деген сұлтанның қызы болса,
Оны біз айттыралық», — деп ой қылады..

«Сейшілмәлік», 4-том, 313-б.

Алқа — түрлі асыл тастардан, бағалы шыны көздер мен күміс теңгелерден құралған мойын әшекейлерінің бірі. Қыз балаларға 7-8 жастан бастап тағыла бастаған. Зергерлік бұйым — сәндік-әсемдік сияқты практикалық мәнінен тыс, тіл-көзден сақтайды деген мағынаға да ие.



Қой ішінде марқа-ды,
Омырауда тіллә *алқа-ды*.

«Қыз Жібек», 4-том, 118-б.

Келеді өңшең сұлу жорғалы қыз,
Ақалы, шашпаулы қыз, сырғалы қыз.

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 411-б.

Екі күміс шоң алқа,
Тоғызының соңы еді.

«Наурызбай – Қаншайым», 5-том, 90-б.

Басбау (желбау) – жалпақ етіліп термелене тоқылып, киіз үй шаңырағының екі шетінен байланатын ою-өрнекті сәнді бау. Киіз үй тігілерде алдымен кереге ұсталып, есік бекітіліп, кейін шаңырақ көтеріледі. Ол үшін күлдіреуіштің дәл ортасынан тірелген бақан басбаулармен қоса ұсталып көтеріліп, уықтар шаншылады. Қатты дауыл соққанда үйді құлатып кетпеуі үшін қос бауға салмақты ауыр заттар байланады. Шаңырақты аса құрмет тұтып, символға айналдырған қазақ халқы киіз үйдің барлық құр-бауларының ең маңыздысы ретінде *басбауды* атаған.



Аяқбау, таңғыш, *басбау* – бәрі жібек,
Шилері шымқай қызыл шым ораулы..

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 394-б.

Басқұр – киіз үйдің ішкі жағын әрлендіруге және уық пен керегенің түйіскен тұсын біріктіріп ұстап тұру мақсатында пайдаланатын жалпақ өрнекті құр. Арасына арқау салынып, түрлі-түсті жіптермен термелене (қақпалана) тоқылады. Басқұр киіз үйдің дөңгелек пішінін сақтап тұруы, керегенің шалқайып кетпеуі үшін шеңбер бастарын сыртына айналдыра тартып байланады. Кейбіреуінің жалпақтығы бір қарыстан астам, ұзындығы киіз үйдің қанатына байланысты дайындалады. Кейде үйдің көлеміне қатысты екі бөлік болып та тоқылады. Ол үйге ерекше әсемдік, беріктік, сән береді.



...Апарып жаңа жұртқа тікті отауды,
Жайнатып өңшең жібек *басқұр*-бауды.

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 394-б.

Белбеу — киімнің сыртынан белді орай буынуға арналған киімнің ажырамас бір құрамы. Белбеу, белдік ұғымдары қатар қолданылғанымен, жасалған материалдарға қарай ажыратылады. Белбеу ұғымы — бел және *бау* тіркестерінен жасақталып, матадан, жұмсақ жарғақтан, былғарыдан, қайыстан жасалады. Олардың ең бағалысы — ер адамның мәртебе, дәрежесін білдіретін арнайы тәсілмен зергерлер жасаған белбеулер. Күміс құймалармен, түрлі тастармен сәнделетін түрлері көп.



Бір күні ол қаңғырып Қоқан кепті,
Тоқсан атқа бір белбеу сатып алып,
«Не қыласыз?» дегенге, «шұлғау» депті.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу». 4-том, 30-б.

Аяғы тоғызының белбеу болсын,
Буыңдыр беліне тоқ құлаштатып...

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 117-б.

Бешпент — сырткиімнің жеңіл түрі. Негізінен сыртқы жағы балалар мен жастарға ашық түстен, үлкендерге баран, қоңырқай түсті матадан тысталады. Етек-жеңі оқа, зертаспамен көмкеріледі. Тізе тұсына дейінгі түрлі ұзындықта, мүмкіндігінше қынама бел пошымында тігіледі. Жеңінің ұзын-қысқалығына орай халық арасында *тірсек жең* (шынтаққа жетпейтін), *шолақ жең* (шынтақтан асқан) деген түрлері кездеседі.



Бұл жаһаннан арттырған.
Дүрия *бешпент* белсеніп..

«Қыз Жібек», 4-том, 99-б.

Гауһар түймелі жағлаңда ақ *бешпент*,
Үстіне келісімен кигізгейсің...

«Айман, Шолпан», 5-том, 24-б.

Бөрік — дөңгелек пішінді, етегі (милығы) айналдыра бағалы терімен әдіптелген жеңіл баскиім. Оны қыз-бозбала да, үлкендер де киеді. Милығына ұсталған аң, мал терісіне байланысты түрлі атауы болмаса, пошымы біркелкі болып келеді (пұшпақ бөрік, құндыз бөрік, кәмшат бөрік,

елтірі, сеңсең т.б.). Қазақ қоғамында қыз тұрмысқа шығып, балалы болғанша бөрік киіп жүруіне шек қойылмаған. Тек оның шетіне желек ұстап, бүркеніп жүруге ыңғайлаған.

Басымдағы *бөрікті*
Кимесе де ол ұмытпас...
«Бозжігіт», 4-том, 209-б.



Білезік — әйел адамдардың білегіне салынатын әшекейлі зергерлік бұйым. Қазақ дәстүрінде жұптастырып қос білезік салу салты болған. Бұл — әйелдің үйлі-баранды тұрмыста екендігін білдірген. Білезік түрлі қымбат металдардан, тас көздер орнатылып жасалады және оның өлшемі, пішіні, ою-өрнегі, бедерлері әр түрлі болып келеді. Соқтырып сыйлау — сый көрсетудің ерекше бір үлгісі, айырықша ғұрыптық мәнге ие. Әшекей әсемдік-сәндік сипатынан тыс тіл-көзден сақтайды деп есептеледі. Отбасында бала тоқтамаған жағдайда жаңа туған сәбидің аяғына, аса қадірлі сәйгүлігінің топшысына білезік кигізу ырымы да бар.



Сырғасы құлағында құймалы алтын,
Гауһар көз білегінде бар *білезік*.
«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 393-б.

Дөдеге — киіз үй үзігінің аяққы шетін айналдыра бастырып тігілетін әшекейлі киіз. Оның бетіне түрлі-түсті матадан ою-өрнек салынып, боялған жіппен сәндеп қабыстырылады. Көбіне мұндай өрнекті дөдеге құрметті қонақтарға, атақты билер мен хандарға тігілген үйлерге, жаңа тігілген отауларға арналып жасалады.



Алтыннан өрнек салынған
Дөдеге менен тегеріш.
«Наурызбай — Қаншайым», 5-том, 110-б.

Жағлан, жағдан — ағаштан ерекше сәнмен жасалып, қалың былғарымен қапталған үй жиһазы (сандық). Былғарының беті түрлі мүйізді өрнектермен бедерленіп, күміс құймалармен әшекейленеді. Оның ішінде кездеме мата, қымбат киім, ұсақ бағалы бұйымдар сақталады және төрдегі жиюлы жүктің негізгі бір элементі болып саналады. Көбіне ұзатылған қыздың жасауымен бірге келеді.



Сексен түйе үстінде
Алтынды жағдан орнаған.

«Қыз Жібек», 4-том, 100-б.

Ақ сандықтың қасында төрт жағланға,
Бес жүз санап салып ем өң шапанды.

«Наурызбай – Қаншайым», 5-том, 23-б.

Асфәһаналық үш жағлан,
Әкеліп аузын ашады.

«Наурызбай – Қаншайым», 5-том, 112-б.

Жапсар — киіз үйдің екі жағындағы үзік пен туырлықтың қиылысқан жері. Кейде екі керегениң түйіскен тұсын да жапсар деп атайды. Қазақ дәстүрінде қалыңдығын ұзатып алып кетуге келгенде күйеу жігітті қыз әкесі жапсарға отырғызған. Осы ғұрып жапсар деп аталады.

Екі ошақ, екі жапсар ұстап елді
Үй-үйге он-он бестен бөліп жатыр...

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 400-б.

Жарғақ — ерекше тәсілмен өңделген жұқа теріден (құлын, ешкі, бөкен, елік т.б.), көбінесе жас мал терісінен тігілген киім атауы. Қырылған түгі сыртына қаратылып жарғақтан сәнді тігілгендіктен, сыйлы киімдердің санатына жатады. Әсіресе, жас төлдер мен аң терілері арнайы әдіспен иленген, әрі жұмсақ болғандықтан, аса жоғары бағаланады. Су, жаңбыр тигенде де жұмсарып, қатып қалмайды. Жарғақ киімдерді қынамен, тал қабығымен, жосамен бояп, кестелі өрнек салып, ерекше сәнді етіп тігеді.



Олар пайдаланылған материалына байланысты құлын жарғақ, бөкен жарғақ т.б. деп аталады. Сол сияқты жарғақ шалбарда болады.

Баланың жасын бұрын сұрап алып,
Бір жарғақ, бір шалбарды кестеледі.

«Айман, Шолпан», 5-том, 28-б.

Желек — жаңа түскен келіншектің балалы болғанға дейін киетін жеңіл киімі. Әйелдің әлеуметтік мәртебесін білдіретін ғұрыптық мәнге ие. Оны түсі қызыл, қызыл-күрең жібек, шағи, шәйі, дүрия сияқты жұқа торғын матадан тігеді. Сыртқы сипаты желбегей, кең-мол пішілген, жеңі болғанымен, бірақ ол киюге арналмаған. Ұзатылып келген қалыңдықтың беті ашылғаннан кейін сәукеленің орнына киелетін тақия немесе бөріктің үстінен желек жабылады. Қазақтың «басынан желегі түспеген», «шымылдығы желбіреген» сияқты ұғымдары әлі балалы болмаған келін, жас отау дегенді білдіреді.



— Аягөз қарамаймын терегіне,
Қыз Баян үкі таққан желегіне.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу», 4-том, 60-б.

Жүзік, сақина — саусаққа тағылатын әшекейлі зергерлік бұйым. Жүзік пен сақинаның өзіндік ерекшеліктері бар. Жүзік алтын, күміс т.б. асыл металдардан жасалып, өрнектермен бедерлендіріліп, көзіне түрлі (гауһар, лағыл, жақұт т.б.) тастар орнатылады. Ал сақинаның табаны жалпақтау болады және тұтас металдан құйылады. Ілкі замандардан бері жүзік қасиетті бұйым саналып, адамның лауазымын, әлеуметтік мәртебесін танытумен бірге тіл-көзден сақтаушы ретінде де пайдаланылды. Әсіресе, лауазымдық белгіні көрсететін мөр сипатындағы *балдақ* атты жүзікке ұқсас сақинада халық арасында кеңінен таралған.



Қырық қыз шықты сайланып
Алтын-күміс білезік,
Сақина, жүзік салмаққа...

«Бозаман», 4-том, 260-б.

Алтынды тон, жүзігім белгі болсын,
Қасына не қосады, апам білсін.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу», 4-том, 39-б.

Азырқанбай, сен бала, алсаң керек,
Жүзік, бешпет, келді ғой алтын тоны»

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу», 4-том, 45-б.

— Ау, жеңеше-ау, жеңеше-ау,
Мінгенде атың құла ма,
Алтыннан жүзік бұрама.

«Қыз Жібек», 4-том, 138-б.

Лағыл-жақұт көздері
Сақина мен көп жүзік.

«Құлқаныс-Зеберше», 5-том, 312-б.

Кебеже — ыдыс-аяқ, тағам сақтауға арналған үй мүлкі. Қазақ дәстүрінде киіз үйдің сол жақ бөлігінде, қазан-аяққа жақын қойылады. Төрт бұрышындағы таяныш тақтайлардың арасы көлденең тақтайшалармен қаланып, қарапайым жасалады. Дегенмен бет жағы бедерленіп, сүйек өрнектерімен әрленеді. Астыңғы, бет жағындағы арнайы шығыңқы тақтайлар сирақ және құлақ қызметін атқарады. Сондықтан, төртқұлақ кебеже деп аталады. Сирағы болғандықтан сандық, абдыра, абажа сияқты жүкаяқ қолданылмайды. Үстінде алынбалы-салынбалы қақпағы болады. Көшкенде қақпағы алынып, түйеге теңделген кебеженің ішіне кейде бала да отырғызылады.



Түйдірген, шашақтаған, моншақтаған,
Түйіндеп, гүлдендіріп тізген оймақ.
Шабадан, сандық, кебеже, бәрі оюлы,

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 394-б.

Кебіс — аяқкиімнің жеңіл түрі. Қонышы жұқа былғарыдан тігілген мәсінің сыртынан киіледі. Балаларға да, ересектерге де арналып тігіледі. Кебіс сәнділігі мен пішін ерекшелігіне қарай *көкала кебіс*, *мықшима кебіс*, *шоңқайма кебіс*, *шетік кебіс*, *жайтабан*, *кеңауыз* сияқты түрлерге бөлінеді. Өзге де аяқкиімдер секілді кебіс те өкшелі болып келеді. Жасы үлкен адамдарға ғана өкшесіз дайындалады. Кебіс қонышсыз болғанымен, етіктің пішінімен тігіледі. Алтын, зер шытыралармен сәнделген бағалылары алтын кебіс деп те аталады.



Ақ маңдайы жарқылдап,
Танадай көзі жалтылдап,
Алтыңды *кебіс* сартылдап,
Көшті тартып барады
Жібекті тапқан шешесі.

«Қыз Жібек», 4-том, 101-б.

Тіктірген күміс бұрап, шалып-ойып,
Көк *кебіс* аяғында қарыс өкшелі...

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 393-б.

Кигені Дариганың алтын *кебіс*,
Жиып келді майдан жерге түрлі жеміс.

«Дарига қыз», 5-том, 411-б.

Кежім — ат жабуының сәнді, салтанатты түрі. Бәйге атын баптап, жаратып, терін алу кезінде оның қатып қалмауы, суықтан қорғау мақсатында пайдаланған. Кейін бірте-бірте жетілдіріліп, шеті шашақтармен әшекейленіп, түрлі өрнек салынып арнайы ат әбзеліне айналған. Кежім қарапайым, күнделікті мініс атына жабылмайды. Ерте замандарда кежім — «тері сауыт» мағынасын білдіріп, оны көлікті қорғау мақсатында да қолданған.



Жұмақтың тұрар ішінде,
Нұрдан *кежім* жабылып,
Зүбәржат тізгін тағынып,
Бәрі сізге қарайды.

«Миграж», 5-том, 443-б.

Киіз үй — жылжымалы баспананың көнеден жеткен бірегей түрі. Малшаруашылығымен шұғылданып, өріс-жайылымды тиімді пайдалану мақсатында ұдайы көшіп-қонып жүрген қазақ халқы үшін киіз үй негізгі баспана болып саналады. Негізгі материалы ағаш пен киізден құралады. Үйдің кереге, уық, шаңырақ аталатын қаңқасы (сүйегі) ағаштан, туырлық, үзік, түндік сияқты сыртқы



жабындары киізден жасалады. Оның көлемі, ішкі-сыртқы жағының әрленуі отбасының әлеуметтік ахуалына қарай жасалады және өрнектеліп, сәнделеді. Киіз үйдің үлкен, әрі сәнділері — *орға, он екі қанат ақ орға, ақ үй* деп, кішілері — *қара үй, қараша үй, қоңыр үй* деген атауларға ие болған. Әлеуметтік мәніне орай «үлкен үй», «отау» сияқты үй атаулары да кездеседі. Үлкен үй — әкеден кенже ұлға мирас болып қалатын әулеттің «қара шаңырағы». Әдетте, бұл үй сырттан еңселі, әрі сәнді көрінеді. Әулеттен енші алып жеке шаңырақ көтерген отаулар үлкен үйдің оң жағынан тізіле тігіледі. Көші-қон кезінде киіз үйдің жиһаздары, дүние-мүкамалы мен ыдыс-аяғы сынып, бүлінбеуі үшін олар негізінен киізден, ағаштан, теріден әзірленеді.

Шаңырағы сары жез,
 Қырық жерден ақық қашаған.
 Сегіз қанат ордаға,
 Мауыты шұға ойдырып,
 Ақ киізге жаптырған.
 Керегенің көгіне,
 Күмістен шеге қақтырған,
 Уығының қарына
 Қақтаған қара темір сап,
 Нақыштап күміс шаптырған.
 Маңдайша мен таяныш —
 Нақыштаған ақ күміс...

«Наурызбай — Қаншайым», 5-том, 109-110-б.

Киім тарату — марқұм болған адамның киімін тірілерге бөліп, таратып беру салты. Жерлегеннен кейін, кейде жетісінде жүзеге асырылады. Астан кейін марқұмның біркіер киімдерін сүйекке түсіп, арулаған адамдар мен құрметті ел ақсақалдарына үлестіріледі. Халық арасында бұл киімдерді өзге адамға беруге болмайды деген ырым бар. Көп жасаған қариялар қайтыс болғанда киімдерін тәбәрік ретінде талап алатын дәстүр де сақталған. Кейде оларды бөлшектеп, жыртыс етіп бөліп алып, құрақтап сәбилерге кеудеше, жас жұбайларға көрпе тігіп берген. Оның мәнісі — марқұмның жақсы қасиеттері, ұзақ ғұмыры жұғысты болсын деген ниеттен туындаған.

Ханышаның өзінің
 Иіні тиген *киімін*,
 Жуғандарға беріңдер.
 Өзіне опа қылмаған,
 Қызықпалық дүниеге,
 Мұны қабыл көріңдер.

«Наурызбай — Қаншайым»,
 5-том, 121-б.

Киіт — құдалар арасында жасалатын дәстүрлі кәделердің бірі. Қалыңмал мен жасау сияқты алыс-беріске негізделген төлемдер қатарында киім-кешектің де рөлі маңызды болған. Бағалы киімдер қалыңдықтың ата-анасына, бас құдаға кигізіліп, одан кейін құдалардың туыстық дәрежесіне қарай шапан жабу, көйлек кигізу сияқты сый-сияпат көрсетіледі. «Киітпен келген сыйытпен қайтады» деген мақалдың мәніне қарағанда, қазақ дәстүрінде киіт беру мен адам өмірден озғанда таратылатын сыйыт ғұрыптық мәнге ие сый-тарту түрлері болып саналады.

Көтібар сонша жанға *kiit* берді,
Жарандар, көрдіңдер ме мұндай ерді.

«Айман, Шолпан», 5-том, 37-б.

Көйлек — жеңіл, жұқа матадан тігілген әйел киімінің түрі (кей өңірлерде жейде деген мағынада қолданылады). Ол бүрмелі, тік етек, қос етек, үш етек, көпқатарлы сияқты түрлерге бөлінеді. Етегіне қосымша қатпар бастырылған сайын оның атауы өзгеріп отырған. Оның санына сәйкес жеңге де қатпарлар түсіріледі. Тана, шытырма, жармалармен әрленеді. Тік және кең етектегі көйлектер жасы үлкен әйелдерге арналса, қатарма, бүрмелі, қос, үш және көпқатарлы түрлерін жас келіншектер мен бойжеткен қыздар киген. Көйлектер тігілген мата-сының бағасына, сапасына, түріне, мақсатына байланысты (күнделікті, жиын-той т.б.) бөлінеді.



Тоғыз басы бір құндыз қытай тұра,
Атлас көйлек, әдірес шапан жабар.

«Наурызбай – Қаншайым», 5-том, 78-б.

Күләпара (күлә) — басты, құлақты, мойынды, желкені толық, иық пен жауырынды жартылай жауып тұратын, кең-мол пішіліп тігілетін баскиім түрі. Төбе жағы шошақ пішінді болып келеді. Тысы мен астары жұқа матадан тігіледі. Көктем, күз айларында аңызға желден, жаңбырдан қорғануға арналған түздік киім болып саналады. Халық арасында күләпараның *жалбағай*, *галбай* аталатын түрлері кездеседі. Оның қыста тымақ сыртынан киетін түрлері де бар.



Күлә киіп басына,
Досын ертіп қасына,
Диуаналық қылады.
«Болат, Жанат», 5-том, 184-б.

Күлә — сән-салтанатта киетін, әлеуметтік мәртебені білдіретін шошақ төбелі баскиім. Зерттеу еңбектеріне қарағанда күлә хандар мен патшалар киетін лауазымдық баскиімнің атауын білдірген. Сөз төркінінің этимологиясына мән берсек, онда сәу-келе атауындағы «сәу-келе» (шо + кила) тіркесінің екінші буынындағы «келе + килә» сөзінің күлә мен мазмұндас шошақ деген ұғымды білдіретін атау екендігін аңғаруға болады. Лауазым иелері сияқты ұзатылған қызға да шошақ төбелі киім кигізу қыздың жаңа әлеуметтік сатыға өткенін білдірген. Көне дәуірден жеткен жазба деректердегі «тиграхауд сақтары» — «шошақ бөрікті сақтар» деген мағына беретіні белгілі. Бұған Есік қорғанынан табылған сақ жауынгерінің баскиімі айқын дәлел болады. Ал дуана-диуаналардың да күлә кигендігін төмендегі жыр жолдарынан аңғаруға болады.



Күлә киіп басына,
Досын ертіп қасына,
Диуаналық қылады.
«Болат, Жанат». 5-том, 184-б.

Күләсін тастап, тәж киіп,
Есік жаққа қарады.
«Болат, Жанат», 5-том, 198-б.

Қазине — жібек жіппен қалыңды-жұқалы болып тоқылған матаның түрі. Белгісіз ұзатылған қыздың «Қазине камзол кидім қиылмаған» деуіне қарағанда, бұл матадан киім-кешектер де тігілген сыңайлы. Салтанатты көштерде қазинемен жүк артқан түйелерді де жабулаған.

Қымқап зерлі кілемді
Жүк үстіне жаптырған.
Қазинелі қырық нарға
Жібектен арқан тарттырған.
«Қыз Жібек», 4-том, 99-б.

Камзол, қамзол — ойма жағалы, жеңсіз, қынама бел, етегі тізе тұсына дейін келетін жеңіл әйелдер киімінің түрі. Көйлектің сыртынан киіледі. Сәнді, қымбат матадан тігіліп, іш жағын бидайылап астар салынады. Жас

шамасына байланысты қыз-келіншектер әшекейлермен өрнектелген, оқа, зер ұстаған ашық түсті, қызылды-жасыл камзол киеді. Ал жасамыс әйелдерге арналғандары қоңырқай, баран түсті болып келеді және көп әшекейленбейді. Әдетте, камзолдың алдыңғы өңірін күміс қапсырмамен біріктіреді.

...Көш алдына қараса,
Бір қыз кетіп барады
Орта бойлы дембелше,
Алтынды камзол жейдеше.
Сипатына қараса
Бұрынғы қыздан өзгеше...
«Қыз Жібек», 4-том, 99-б.



Қамқа, қамқа тон — жұмсақ қой терісінен тігілетін қыстық сыртқы киім. Оған мүмкіндігінше елтірі, сеңсең, аң терісінен жаға салынады. Әйелдерге арналғаны арнайы қапсырмамен бекітілсе, ерлер тонының ішіне ілгек бау тағылып, сыртынан белбеу байланады. Тысталған матаның (зерлі, жібек т.б.) сапасына, бағасына, түріне байланысты «қамқа» атауы қолданылады.



...Ішіне алтын сарай алып барып,
Үстіне ер Жаскелең қамқа киді...
«Жаскелең», 4-том, 450-б.

...Мұсаға қамқа тонды жапты дейді,
Бір жігіт бір шапанды апты дейді.
«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 73-б.

Тоғыздарын сұрасаң,
Басы қамқа тон еді.
«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 90-б.

Қара, қара кию, қара жамылу — жақын адамы дүние салғанда қара жамылып, жыл бойы аза тұту ғұрпы. Осы аралықта үйдің белдеуіне сырыққа байланған жалау қыстырып қою «қара, қара тігу» деп аталады. Алыстан көрген жолаушы қаралы үй екенін көріп, бұрылып келіп көңіл айтып, дұға бағыштаған. Ол марқұмның жылдық асында алынып, әрі қарай қалыпты өмір жалғасады.



...Оспан, Әли үстіне қара кигі,
Жоқтығын пайғамбардың сонда біліп.
Көктегі періште қара кигі,
Ұжмақта хор қыздары зар еңіреді.

«Қисса Әбушахма», 5-том, 490-б.

Қарқара — сән-салтанатты, лауазымды білдіретін құс қауырсыны тағылған баскиім. Ұзатылған қыздың жасауы артылған көштің шаңырақ тиелген түйесіне шаншылған айрықша белгі де «қарқара» аталады. Байырғы замандардағы қарқаралы көштерде артылған кебеже, жүкаяқ, сабаяқ сияқты мүліктердің де төрт бұрышына шоқтап байлаған қауырсындар бекітілген. Ал баскиімнің төбесіне шоқталған құс қауырсынының қыстырылуы — лауазым иесі екенін білдіреді. Сәукеленің басына қадалған қауырсындар қалыңдықтың баскиімін биіктете түсіп, ерекше оқшау көрсетуге арналған.



Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып,
«Қарқаралы» тау атын қоя сапты...

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу», 4-том, 43-б.



Қобди — ұсақ-түйек заттар, зергерлік бұйымдарды сақтауға арналған шағын саңдықша. Іші бөліктерге бөлініп, қақпағының орта тұсында көгеріп жүруге, ашуға қажетті тұтқа орнатылады. Сыртқы жағы қаңылтырмен қапталып, өрнектермен бедерленеді. Ерлер қобдида ұсақ құрал-саймандарын, әйелдер әшекейлерін сақтаған. Ол

кейбір өңірлерде бөгіре деген атпен де белгілі. Жыр-дастандарда қобдишаның жекмише деген тағы бір түрі аталып, онда ақша, қағаз сақталатыны айтылады.

Ақ сандықтың қасында ақ *қобдига*

Он бес алтын, қырық күміс табақ бар-ды..

«Айман, Шолпан», 5-том, 23-б.

Жекмишенің ауызын ашты дағы,

Қазір маған жүз тілла санап берді.

«Қасым жомарт», 5-том, 241-б.

Маржан — өңдеуді қажет етпейтін, әшекей бұйымдар мен киімдерді сәндеу үшін пайдаланылатын асыл тастың түрі. Ол әйелдердің мойнына, киімдеріне тағылады және үй жиһаздарына, мүлік-мүкәмалдарын сәндеуге пайдаланылады. Себебі бұл тас тағылған бұйымдардың барлығы адамның назарын өзіне аударып, «тіл-көзден сақтайды» деп есептеледі.

Қатар-қатар келеді хор қыздары,
Басына дүр уа *маржан*, інжу шашып...
«Әбушахма», 5-том, 452-б.



Мәсі — қонышсыз аяқкиімнің ішінен киюге арналған жұқа, жұмсақ, жеңіл, қысқа қонышты аяқкиім. Негізінен былғарыдан тігіледі. Мәсімен үй ішінде отыруға, жүріп-тұруға қолайлы. Халық арасында іш байпақ, ішетік (етіктегі тәрізді сірі өкше салынуына байланысты) аталған түрлері де кездеседі..

Өзеннен су әкелдім *мәсім* шешіп,
Сауап үшін жүгірдім жаннан кешіп.

«Қасым жомарт», 5-том, 240-б.

Моншақ — асыл тастардан, өзге де бағалы заттардан жасалып, мойынға тағылатын әшекей. Оның халық арасында жасалған материалдарына байланысты түрлі (меруерт-моншақ, інжу-моншақ, бет моншақ, жақ моншақ, көз моншақ, тана моншақ, шаш моншақ, шұбыртпа, тал моншақ

т.б.) атаулары кездеседі. Негізінен жүзік, алқа, тұмарша, бойтұмар, сырға тәрізді әшекейлерге, әйелдердің баскиімінің милығына қондырып, сәндейді. Ашық түсті түрлері әшекей бұйымдарға, киімдерге пайдаланылады.



Инжу, гауһар, меруерттен,
Моншақтан түйме неше жүз...

«Құлқаныс-Зеберше», 5-том, 330-б.

Саба (түйемойнақ) — теріден жасалып, іркіт пісіп май алуға, қымыз ашытуға арналған ыдыс. Оны сусын тасымалдауға, сақтауға да пайдаланады. Негізінен саба иленген жылқы терісінен жасалады. Үлкен сабаны — тайжүзген, орталауын — саба, кішірек түрін торсық саба деп атайды. Тайжүзгенді арбаға салып, асқа, той-томалаққа қымыз тасымалдайды. Ол бес жылқының терісінен кең-мол пішіліп жасалатындықтан, халық арасында «бес биенің сабасындай» деген теңеу көп қолданылады.



...Болыпты ұлдан кемтар Маман бейбақ,
Маманда ұл перзенттен дәнеме жоқ.
Терісін бес айғырдың саба қылып,
Сабасы атаныпты *«түйемойнақ»*...

«Айман, Шолпан», 5-том, 12-б.



Сандық — мата, біркиер киімдер, әшекей сияқты сирек тұтынатын заттар салып сақтауға арналған үй жиһазының бірі. Төрде жинаулы тұратын дүние-мүкәмалдар қатарында тұрады. Қаңқасы (сүйегі) ағаштан жасалып, бет жағы өрнектеледі. Бегін сүйекпен оймыштап, кейбірі қаңылтырмен немесе былғарымен қапталып, түрлі өрнектермен бедерленеді. Сандықтың үлкенін — қара сандық, сәнділерін ақ сандық, көк сандық, алтын сандық деп атаған. Сүйекпен әрленіп, былғары, қаңылтырмен қапталған шағын шай сандықта әшекейлер, ұсақ бағалы бұйымдар т.б. сақталған.

Екі жүз түйе қазине
Қызыл алтын сандығы...

«Қыз Жібек», 4-том, 101-б.

Сәлде — ортаазиялық діндарлар киімінің атрибуты ретінде таңылған баскиімнің түрі. Оның материалы, түр-түсі, көлемі Ислам дінін ұстанған ұлттың, ұлыстың, қоғамның мәдениетіне байланысты өзгеріп отырады.



...Боз айғыр айтып сойып түрегелді,
Сәлдесін мойнына сап бата берді.

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 49-б.

«Енді риза болғын», — деп,
Сәлде орады басына...

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 90-б.



Сәукеле — ұзатылатын қызға арналып тігілетін ғұрыптық баскиім. Оның негізгі пішіні үкі қадалған биік шошақ төбелі болып келеді. Асыл тастармен әшекейленіп, алтын жіппен өрнектеледі. Екі құлақ, бетмоншақ тағылып, өсімдік бейнелі құймалар қадалады және маңдайлығы құндыз терісімен әдіптеледі. Олардың барлығы да халықтың наным-сенімінің, дүниетанымдық ырым-жораларының көрінісі болып саналады. Мәселен, сәукеленің төбесіндегі құс қауырсыны — жоғары әлемді, ортаңғы бөлігіндегі өсімдік тектес әшекейлер өмір-тіршілікті, яғни өсіп-өну, көбеюді білдіреді. Маңдайына ұсталған құндыз төменгі — өлілер әлемін бейнелеп, қалыңдықтың осы үш әлемді жалғастырушы ретіндегі рөлін айқындайды.

Басыңдағы сәукеле
Алып маған бер, — деді. —
Ақыр ертең киемін,
Бүгін көшке киейін

«Қыз Жібек». 4-том, 149-б.

Сүрме — қас пен кірпікті әрлендіру үшін қазақ қыз-келіншектері пайдаланатын өсімдік майынан алынған бояу. Негізінен қазақ даласына Ортаазия елдерінен сауда керуендері арқылы жеткізілген.

...Бір қыз кетіп барады.
Қара жорға мінгені,
Қара торқа кигені,
Екі көзі сүрмелі...

«Қыз Жібек», 4-том, 100-б.

Сырға — қыз-келіншектердің құлағына тағатын әшекей зергерлік бұйым. Қазақ дәстүрінде күміс сырға тағу кең орын алған. Сырға қыздың атастырылғанын білдіретін белгі ретінде де қызмет атқарады. Басы бос қызы бар үй қыз шымылдығына сырға іліп қоятын да салт болған. Атастырылып, құдалар сырға тағып кеткеннен кейін қыз қалыңдық, сырғалы қыз аталады.



*Сырғасы құлағында құймалы алтын,
Гауһар көз білегінде бар білезік.*

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 293-б.

*...Енді Жанат жөнелді,
Танадай көзі жарқылдап.
Алтын кебіс сартылдап,
Сырғасы алтын күректей,
Алтынды шашбау салпылдап...*

«Болат, Жанат», 5-том, 188-б.

Тақ (тақыт) — хан, патшалардың биік мәртебесін әйгілейтін тұғырлы орын. Халық арасында оның сандал деген де атауы кездеседі. Нақтылап айтқанда, тақ, тақыт, сандал атаулары — құзырлы ел билеушісіне ғана арналып жасалатын ғұрыптық орындық.

Патшалық *тақытына* отырған соң,
Шақыртып уәзірін қасына алды.

«Қасым жомарт»,
5-том, 261-б.



Тақия — дөңгелек пішінді жеңіл баскиім. Негізінен тысы мен астары матадан тігіледі. Оның бүтін тоқылатын, талдырма киізден жұқа басылған түрлері де кездеседі. Тіпті қылдан тоқылған тақиялар болған. Ер адамдардың тақиясы киіз үй пішіндес, етегі екі-үш елі биік болса, қыздарға арналғандарының еңселігі биік, төбесі арнайы пішіліп орналастырылады. Тілкөзден сақтайды деген ниетпен қыздардың тақиясына үкі, теңге, моншақ тағып, кестелеп әшекейлейді. Суық мезгілде тақияны тұмақ ішінен киеді. Үйде ересектер тақиямен отырады.



Біз сіздің тілің сыйлап барамыз деп,
Қызыл тақия сый-сияпат киіп алдық.

«Қозы Көрпеш – Баян сұлу», 4-том, 26-б.



Тана (алтын түйме, ақ түйме) — киімге тағылатын зергерлік әшекей бұйым. Пішіні түйме тәрізді дөңгелек, сопақша, жылтырақ, сәнді болып келеді. Көбіне асыл тасты күміспен әдіптеп жасайды. Оның халық арасында танакөз, шыныкөз, сүйек тана, сіркелі тана деген түрлері кездеседі. Қалыңдық айттырып, құда болуға уәделескен кезде жігіт жағы болашақ келіннің құлағына арнайы келіп сырға салып, бас киіміне тана қондырылған үкілі шоқ тағады. Қазақ дәстүрінде бұл ғұрыпты тана тағар деп атайды.

...Он қыз нөкер қасында,
Өзі он бес жасында.
Ақ маңдайы жалтылдап,
Танадай көзі жарқылдап,
Алтын шашбау шашында....

«Қыз Жібек», 4-том, 99-б.

Таңғыш — киіз үй керегелерін біріктіріп байлайтын қылдан есілген бау, құр. Жалпақтығы екі-үш елінің, ұзындығы екі құлаштың шамасында есіліп, түрлі-түсті өңге боялып иірілген жіптермен өрнектеліп, термелеп тоқылады.



Аяқбау, таңғыш, басбау — бәрі жібек,
Шилері шымқай қызыл шым ораулы..

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 394-б.

Тегеріш — киіз үйді сәндеу мақсатында пайдаланылатын бұйым. Оны қызыл, көк киізге, матаға ою-өрнек салынып, бас жағын жіңішкелеу, етегін енділеу етіп жасайды. Тегеріш уық иінін айнала, басқұрға жалғасатырылып ұсталады.



Алтыннан өрнек салынған
Дөдеге менен *тегеріш*.
Бір жүз ділда жіберіп,
Бұхарадан алынған...

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 106-б.



Текемет — киіздің бетіне түрлі-түсті жүннен өрнек салып басқан үй төсеніші. Сыз өтпеуі және үй жылы болуы үшін кілем, сырмақ астына салынады. Халық арасында бояуына қарай қара ала, қызыл ала текемет т.б. деп аталады.

Алыстан келген бұлар бейшара екен,
«Отырыңдар», — деп *текемет* салды дейді.
«Бозжігіт», 4-том, 181-б.

Ішіне қатар тіккен қалың үйдің
Текемет, кілем, көрпе жайып жатыр.
«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 400-б.

Тоғыз беру — кәде-сый беру, сый-сияпат көрсетуде, құн төлеуде негізге алынатын дәстүрлі өлшем бірлігі. Ежелгі

әдет-ғұрып ережелерінің шарты бойынша оның құрамы тоғыз түрлі малдан, заттан құралған.

...Күлнарайым, Лайық —
 Жеңгесінің қасына.
 Екеуіне қырық ділда,
 Екі *тоғыз* беріпті.
 Тоғыздарын сұрасаң,
 Басы қамқа тон еді.
 Адырас, шайы, дәке бар,
 Барша, жөре пары бар,
 Екі күміс шоң алқа,
Тоғызының соңы еді...

«Наурызбай-Қаншайым» 5-том, 90-б.

Тон — мал немесе аң терісінен жұмсақ иленіп, түгі ішіне қаратыла тігілетін қыстық киім. Қынамен, тал қабығымен, жосамен боялады. Терісіне байланысты сеңсең тон, жарғақ тон т.б. түрлері кездеседі. Бағалы теріден сәнделіп тігілген, жағасына бағалы аң терісі салынып, сырты зерлі жіппен кестеленген өрнекті тондар сый-кәдеге, айып төлеуге жұмсалады. Ең көрнектісін «алтын тон» деп әспеттейді. Мысалы, «ат-тон айып» деген төлем түрі бар.



— Біреудің ашылмас бұл бағасысың,
 Кіреуке алтын *тонның* жағасысың.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу», 4-том, 37-б.

Екі көзі жалтылдап,
 Патшаның алтын *тонындай*...

«Қыз Жібек», 4-том, 100-б.

Жүзден кілем, *тонымен* ішік шапан қылып,
 Арттырды елу нарды әділетке...

«Айман, Шолпан», 5-том, 37-б.

Құдайым төрт түрлі *тон* жіберіпті,
 Ғаламнан пешенесі артық түрлі...

«Миграж», 5-том, 445-б.

Тұлым — қыз баланың екі шеке тұсына қойылатын екі шоқ шаш. Көптен күткен тілеулі баласын тіл-көзден, тылсым күштерден сақтау мақсатында да тұлым қояды. Қыз бала есейгенде тұлымшақ, тұлым шаш

деп те аталатын бұл шоғырларды өзге шаштармен қосып өреді. Осы рәсімге арнап мал сойылып, шағын той-томалақ жасалады.

Сымбатын көргеннен соң қайтпадыңыз,
Алтын айдар *тұлымын* айтпадыңыз.
«Бозжігіт», 4-том, 223-б.

Көрікті болды Күлшат қыз,
Алтын жібек *тұлымды*.
«Шеризат-Күлшат», 4-том, 284-б.

Тұлымын сипап қызының,
Патшаның айтқан сөзі еді
«Құлқаныс-Зеберше», 5-том, 368-б.



Тұмар (тұмарша) — ежелден тіл-көзден, пәле-жала, қауіп-қатерден, қаскөй күштерден қорғайды деген сенім ұялатқан киелі бұйым. Оған асыл тас, қымбат металдардан бөлек үкі қауырсыны, қасқырдың асығы мен азу тісі т.б. нанымдық сипатқа ие заттар кіреді.

Баққанмен тәрбиелеп ат бола ма,
Есекке тағып қойып алтын *тұмар*.
«Құлқаныс-Зеберше», 5-том, 302-б.



Тұмақ — аң терісінен тігілген баскиім түрі. Маңдайшасы мен екі құлағын, желкелігін қосып үш құлақ тұмақ деп атайды. Өзге құрылымы біркелкі болғанымен, төбесі әр өңірде әркелкі тігіледі. Мәселен, елдің шығысында шошақ төбелі, басқа өңірлерде ол жалпақтау болып келеді. Тері атауына қарай халық арасында сеңсең, елтірі, түлкі, пұшпақ тұмақ т.б. түрлері кездеседі. Тысы бүліш, барқыт, жібек, торғын маталарымен тысталады.

Ат үстінде қол салып карданына,
Тұмақтай жібереді лақтырып.
«Шеризат-Күлшат», 4-том, 299-б.

Үкі, үкі тағу — ежелгі наным-сенімге, дүниетанымға байланысты қасиетті саналған құс қауырсыны. Қазақ нанымында түнгі ұйқыда жатқанда түнде белсенді өмір сүретін үкінің қауырсыны қорғайды. Оны баланың иығына, бесігіне, жаңа түскен келіннің желегі мен сәукелесіне, жас отаудың шымылдығына, бәйге атына, ботаға, домбыраға т.б. тағады. Үкінің тырнағы жыртқыштардан сақтайды деген сеніммен ұқсатып жасалған күміс әшекей «үкіаяқ» аталады. Үкі қауырсыны — елден ерекше киініп жүретін сал-серілер киімінің ажырамас белгісі.



— Аяғөз қарамаймын терегіне,
Қыз Баян үкі таққан желегіне.

«Қозы Көрпеш-Баян сұлу», 4-том, 60-б.

Өргізіп жал-құйрығын сүзіп, тарап,
Тұмарлап кекіліне үкі қадап.

«Талайлы құл мен Әйім қыз», 4-том, 399-б.

Үкі тағып басына,
Жын ұрғандай жүреді.

«Наурызбай — Қаншайым», 5-том, 94-б.



Шапан — қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық сырткиімдерінің бірі. Күз-көктемде ғана емес, жаздың кешкі салқынында киюге қолайлы, жол жүргенде төсеніш, жамылғы, бүктеп жастық етуге ыңғайлы. Кең-мол пішіліп, мата арасына жүн, мақта салынып, астарланып сырылады. Негізінен тік жағалы, ішінара қайырма жағалы болып келеді. Қыз-келіншектерге арналған қималы шапан қымбат матадан тігіліп, жағасына, етек-жеңіне, алдыңғы өңіріне зер жіппен өрнектер салынады. Шапанның алыс-беріс, төлем, сый-кәделік сияқты жосын-жоралғылық қызметі бар.

«Сіздер де, келген жандар, құр қайтпа», — деп, Алдына ат, артына шапан салды.

«Айман-Шолпан», 5-том, 37-б.

Биқасап екі *шапан*, бір қамқа тон,
Он ділда оған қосып алып берді.

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 73-б.

Шашбау – қыз-келіншектердің бұрымына қосып өретін зергерлік әшекей бұйым. Ол баудан, күмістен соғылған үзбе сымнан жасалып, бойына әр жерден зер шашақ, сөлкебайлар, тастар т.б. жылтырақ, сәнді заттар қабыстырылады. Қыз бала шашбауды балиғатқа толғаннан бастап тағады. Оның сәндік-әшекейлік, әсемдік қызметінен бөлек тіл-көзден сақтауға және бойын тік ұстап, ешпен, байыпты қимылдауға үйрететін маңызы да бар.



Келеді өңшең сұлу жорғалы қыз,
Алқалы, *шашпаулы* қыз, сырғалы қыз.

«Талайлы құл мен Әйім қыз»,
4-том, 411-б.

Танадай көзі жарқылдап,
Алтын *шашбау* шашында.

«Қыз Жібек», 4-том, 99-б.

Сырғасы алтын күректей,
Алтынды *шашбау* салпылдап.

«Болат, Жанат», 5-том, 188-б.

Шәлі – басты бүркеп, орап жүруге арналған әйелдер жамылғысы, баскиімнің түрі. Бұрышынан қиғаштай бір бүктеп алып, сүйір жағын артқа келтіріп, бітеу жағын маңайдан тартып орайды. Иықты, жауырынды жауып тұрады. Жібектен жасалғанын бөртпе шәлі деп атайды. Шарқат, салы деген жергілікті атаулары да кездеседі.



Қыз басына және бір
Жібек *шәлі* жабады.

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 90-б.

Асыл *шәлі* бүркенген бір сұлу қыз,
Қасым бұған қайран боп қарап тұрды.

«Қасым жомарт», 5-том, 258-б.

Шекпен (мауыты шекпен) – жүннен иірілген жіптен тоқылған сырткіім. Шекпенге қара барқыттан, өзге де тыстық мадан қаптал жаға

салынып, етек-жеңін сол материалмен көмкеріледі. Ол қой немесе түйе жүнінен тығыз тоқылғандықтан, көктем-күзде жаңбыр, желден қорғайды, жеңіл әрі ықшам, ұзақ киіледі.

Және әкеліп қосады
Мауыт *шекпен*, қамқа тон,
«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 112-б.



Шоқ (бұрама шоқ, үкілі шоқ) — киімге, ер-тоқымға сән-салтанат үшін тағатын әшекей, асыл тас. Дөңгелене шеңберленген құс (үкі) қауырсында-рының түбін қысып тұруға арналған күмістен жасалған сақинаны да шоқ деп атайды.

Киініп өңкей порма топтанған қыз,
Күміске, алтынменен *шоқтанған* қыз.
«Құлқаныс-Зеберше», 5-том, 300-б.



Шолпы, шаш теңге — күмістен үш-бұрыш, сопақша пішінде жасалып, қыз-келіншектер бұрымына тағылатын әшекей. Сөлкебайлар күміс шынжырлармен бір-біріне жалғасып, тарамдалып, салпыншақ кейіште жасалады. Сәндік, әшекейлік мәнінен тыс тіл-көзден сақтайтын, денесін дұрыс, тік ұстап жүруге үйрететін қызмет те атқарады.

Сылдырлап алтын *шолпы* арқасында
Етегі шай көйлектің шұбатылып.

«Талайлы құл мен Әйім қыз»,
4-том, 393-б.



Ең аяғы азбалы алтын *шолпы*,
Есебін барғаннан соң өзі табар...

«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 78-б.

...Лағыл, жақұт көздері
Алтын мен күміс шолпылар,
«Құлқаныс-Зеберше», 5-том, 320-б.

Шытыра — киімге, белдік пен ер-тұрманға, үй жиһаздарына, ыдысаяққа қондырып сәндейтін әшекей. Көбіне күмістен, сирек те болса алтыннан жасалады. Киімге жұқа күмістен әшекей қондырылса, оны шытыралы киім деп атайды.



Шытырасы алтын көйлегін
Басына таман түресің...
«Қыз Жібек», 4-том, 147-б.



Інжу — қазақ арасына сауда жолдарымен келіп, сәндік бұйымдарды әшекейлеу үшін пайдаланылатын бағалы тас. Теңізді мекен ететін жәндіктерден алынады. Қыз бала әшекейіне дендеп енгеніне байланысты болса керек, көркем әдебиетте әсемдік, әдемілік, сұлулық сияқты сипаттарға балама ретінде қолданылады.

Қатар-қатар келеді хор қыздары,
Басына дүр уа маржан, *інжу* шашыш...
«Миғраж», 5-том, 452-б.

Іштен (ыстан, ыштан) — шалбар (сым) ішінен жылылық үшін киетін жұқа ішкіім. Ерлерде ақ түсті матадан тігіледі. Бұл киімнің дамбал деген де атауы бар. Ол әдетте, әйелдердің ішкіімінің атауы ретінде жүреді, түсі қызыл, қызыл-күрең болып келеді.

Лыпа қылып *ыстанын*,
Кигізеді жейдесін.

«Болат, Жанат», 5-том, 177-б.

Ішік — аң, мал терісінен тігіліп, матамен тысталған қыстық сырткіім. Қандай теріден тігілгеніне байланысты атауы түлкі ішік, қасқыр ішік, жанат ішік т.б. әргүрлі айтыла береді. Түлкінің тек жон (арқа) терісінен тігілген ішікті орман ішік деп атап, оны сыйлау ерекше құрметтің белгісі болып саналаған. «Наурызбай – Қаншайым» жырында «құс ішік» атауы кездеседі. Ол құс мамығынан сырылып тігілген ішік түрі болса керек.

Етегін жанат *işik* серпе тастап,
Сері едім сұр жорғамен той тойлаған...
«Айман-Шолпан», 5-том, 20-б.

Ішінде үш жүз *işik* санап бұған,
Жалғыз шыбық түбінде төрт тең бар-ды.
«Айман-Шолпан», 5-том, 24-б.

Шом ағасы сары жез.
Және үш *işik* әкелді,
Жанат, орман, бірі — құс...
«Наурызбай-Қаншайым», 5-том, 112-б.



Досымбек Қатран,
тарих ғылымдарының кандидаты



ӘДЕБИЕТТЕР

1. Азибаева Б.У. Казахские народные романические дастаны. — Алматы: Ғылым, 1990.
2. Арабско-русский словарь. Составитель Х.К. Баранов. — М., 1968.
3. Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991.
4. Бабалар сөзі. Жүзтомдық. 1-16, 23-24, 30-31 томдар. Астана: Фолиант, 2003-2004.
5. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы: Ғылым, 1982.
6. Бөжеев М., Ахметов З. Қазақ әдебиетінің шығыс әдебиетімен байланысы // Қазақ әдебиетінің тарихы. — Т.2. — Алматы: Ғылым, 1961.
7. Древнетюркский словарь. — Л.: Наука, 1969.
8. Дузельханов А. Д. Иллюстрации к поэме «Айман-Шолпан». — Алма-Ата, 1985.
9. Дүйсенбаев Ы.Т. Қазақтың лиро-эпосы. — Алматы, 1973.
10. Әзібаева Б.У. Қазақ дастандары. — Алматы, 2009.
11. Ел қазынасы — ескі сөз (В.В.Радлов жинаған қазақ фольклорының үлгілері) // Жинақты баспаға әзірлеп, құрастырғандар: Б.Уахатов, С.Қасқабасов, К.Матыжанов. — Алматы: Ғылым, 1994.
12. Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика в казахском языке. — Алматы: Наука, 1989.
13. Каметов Қ. Графика, кескіндеме, живопись. — Алматы, 2012.
14. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1 том. Фольклор кезеңі. — Алматы, 2007.
15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 1-15-том. — Алматы, 2011.
16. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
17. Қазақ халық әдебиеті. Дастандар. — 1-2 том. — Алматы: Жазушы, 1990.
18. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-5 том. — Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012.
19. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құраст. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. — Алматы: Арыс, 2005.
20. Қайыржан К. Сөз — сандық: Қазақтың көне сөздері. — Алматы: Өнер, 2013.
21. Қасқабасов С. Ойөріс. — Алматы: Жібек жолы, 2009.
22. Қисса-дастандар /Құрастырып, алғы сөзін, ғылыми түсініктерін жазған Ү.Сұбханбердина. — Алматы: Жазушы, 1986.
23. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. — Алматы, 1991.
24. Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. — Алматы, 1997.
25. Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. — Алматы, 2017.
26. Персидско-русский словарь. — Москва, 1970.
27. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы, 1993.



РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О. Ауэзова подготовил и предлагает вниманию читательской общественности «Антологию степного фольклора», которая является частью программы «Рухани жаңғыру» («Духовное возрождение»), предложенной Первым президентом Казахстана Н.А. Назарбаевым в программной статье «Семь граней Великой степи». Ключевым моментом этой статьи явилось поручение издать антологию «Тысяча лет казахского фольклора и музыки», составляющих «золотой фонд» традиционной народной культуры.

5-й том «Антологии степного фольклора» посвящен одному из эпических жанров — дастанам, созданным в рамках национальных эпических традиций. Большое влияние на его развитие оказала и поэзия акынов. От героических, исторических и традиционных романических эпосов дастаны отличаются особенностями сюжетики и тематики, системой персонажей, средствами художественной выразительности, а также значительным вниманием к внутреннему миру своих героев. Основу этих произведений составляют как общевосточные, так и собственно казахские сюжеты.

В редких фондах наших библиотек хранятся тексты свыше 250 дастанов со множеством вариантов и версий. Многие из них до сих пор еще не были опубликованы и остаются неизвестными читательской аудитории. В ходе подготовки данного тома для публикации были отобраны новеллистические дастаны: «Айман, Шолпан», «Наурызбай — Қаншайым», «Сыршы молда», «Болат, Жанат», «Қасым жомарт», «Қулканыс — Зеберше», а также религиозные дастаны: «Дарига кыз», «Киик», «Миграж», «Мухаммед-Ханафия», «Кисса Абушахма».

В дастане «Айман, Шолпан» повествуется о том, как серьезный межродовой конфликт, возникший из личной вражды между Маман баем и Котибар батыром был мирно разрешен умной, мудрой, находчивой, коммуникабельной девушкой Айман. Главными персонажами дастана «Наурызбай — Қаншайым» являются исторические личности Хан Кене, Ағыбай батыр и Наурызбай батыр, а события изображены в духе новеллистического жанра. Красавица Каншайым трагически погибает, семейная жизнь молодоженов заканчивается, едва начавшись. В тексте при описании свадебных обрядов с эпическим размахом демонстрируются национальные традиции. В дастане «Қасым жомарт» прославляются благородные качества главного персонажа Хатымтая, ставшего символом необыкновенной щедрости и гостеприимства. Его имя отождествляется также с такими высокими человеческими достоинствами, как человеколюбие, широта души, преданность, бескорыстие и т.д. Сюжет дастана «Сыршы молда» заимствован из цикла рассказов «Сказки попугая»; основу его составляет мотив любви главного героя к прекрасной незнакомке. В дастане «Қулканыс — Зеберше» древний эпический мотив «сватовство до рождения» разрабатывается в новеллистическом духе. Зеберше



имеет мудрого везиря-помощника, который всегда рядом, а благодаря смекалке и находчивости невесты молодые воссоединяются. Дастан «Болат, Жанат» до середины XX века был широко популярен на юге Казахстана и исполнялся под разными названиями: «Сауда ишан», «Опасыз ишан», «Жанат қыз». Он основан на международном сюжете о «невинно гонимых».

Религиозный дастан «Дарига кыз» представляет собой контаминацию трех мировых сюжетов: «борьба героя с невестой», бой «отца с сыном», сюжет о «скрытом имаме (маҳди)», построенном на коранических представлениях об апокалипсисе, об ожидании пришествия мусульманского мессии (маҳди). В дастане «Киик» мы видим образ пророка Мухаммеда и его благодатное покровительство всем живущим на свете существам. В дастане «Миграж» повествуется о ночном вознесении пророка Мухаммеда на небо, поэтично описываются все события таинственного ночного происшествия. В дастане «Мухаммед-Ханафия» повествуется о подвигах сына четвертого халифа Али в деле распространения ислама и защиты его идеалов. В дастане «Абушахма» представлен образ халифа Омара, описана его беспримерная справедливость в решении тех или иных вопросов, даже если это касается его собственного сына.

В процессе подготовки тома для обеспечения достоверного прочтения текстов была проведена тщательная текстологическая работа по сравнительному анализу имеющихся рукописных вариантов и печатных изданий публикуемых произведений, учтены особенности кадима, специфика написания древнетюркских слов, в некоторые тексты были внесены необходимые редакционные правки и т.д. Даны краткие аннотации к каждому дастану, сведения о сказителях и исполнителях. Структура тома соответствует принципам подготовки Антологии. Произведения снабжены комментариями, портретами, биографиями сказителей, представлены иллюстрации, фотоснимки, ноты произведений.

В конце книги размещены этнографический указатель, библиография, резюме на русском и английском языках. Переводы и толкования древнетюркских, арабских, персидских и русских слов даны в постраничных сносках. Аудиозаписи дастанов представлены в исполнении сказителей из разных регионов страны, демонстрирующих всю палитру сказительского искусства Казахстана.

С помощью указанного на обложке книги QR кода читатель может получить доступ к электронным и аудио версиям издания, размещенным на сайтах..

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Art has prepared and offering to the public "Anthology of steppe folklore", which makes a part of the program «Rukhani Zhangyru» (Spiritual Revival), proposed by the First President of Kazakhstan N.A. Nazarbayev in the program article "The Seven Facets of the Great Steppe". A key point of the article is a challenge to issue an anthology «Thousand years of Kazakh folklore and music», making "gold reserves" of the traditional national culture.

The 5-th volume of the "Anthology of steppe folklore" is devoted to one of the epic genres – dastan, created in the spirit of national epic traditions. Akyn's poetry had a great influence on development of this genre. Dastan is distinguished by the specific plot, system of characters, specific means of artistic expression and substantial attention to the inner world of the characters. These works are based on common eastern and traditionally Kazakh plots.

Over 250 dastans with many variants and versions have been preserved in the rare collections of our libraries. Most of them have not yet been published and remain unknown to the public. In the course of preparation of the Anthology, scientists of the Institute and leading folklorists of the country have selected novelistic dastans "Ayman, Sholpan", "Nauryzbay – Hanshayim", "Syrshy molda", "Bolot, Zhanat", "Kasym zhomart", "Kulkanys – Zebershe", and the following religious dastans "Dariga kyz", "Kiik", "Migrazh", "Muhammad-Hanafiya", "Kissa Abushahma".

The main plot outline of the dastan "Ayman-Sholpan" is a demonstration of a wise decision taken by the girl Ayman aiming at peaceful solution of the conflict that arose between Maman Bai and Kotibar Batyr. The main characters of the dastan "Nauryzbay – Hanshayim" are the historical figures Khan Kene, Agybay batyr and Nauryzbay batyr, and the events described in the style of the novelistic genre. The family life of the new married is abruptly interrupted, because beautiful Hanshayim has tragically died. In the description of the wedding ceremony the national traditions were described in the epic scale. In "Kasym zhomart" dastan, the plot is based on glorification of human dignity of the main character Khatymtay, who has become a symbol of extraordinary generosity and hospitality. His name is also identified with such valuable human qualities as humanity, breadth of soul, devotion, selflessness, etc. The events of the dastan «Syrshy Molda» are borrowed from the stories "The Parrot Tales", which is based on the motive of the protagonist's love for a beautiful stranger girl. In the dastan "Kulkanys – Zebershe", the ancient epic plot "matchmaking before the birth" develops in a novelistic spirit. Zebershe has a wise vizier-assistant who helps him to achieve his goal, and thanks to the ingenious bride, the young people were able to reunite. Until the middle of the XXth century, Dastan «Bolot, Zhanat» was widely popular in the south of Kazakhstan and was performed under various names: "Sauda Ishan", "Opasyz Ishan", "Zhanat Kyz". It is based on the international plot of «innocently persecuted».

The religious dastan "Dariga Kyz" has been created based on the plot called "secretive imam (mahdi)", which shows his comeback to the apocalypse, and the plot of the hero's struggle with the bride and the hero's struggle with his father, which is widespread in the world's folklore. In the "Kiik" dastan we see the image of the prophet Muhammad and his blessed patronage over all creatures living in the world. The "Migrazh" dastan tells about the night ascension of the Prophet Muhammad to heaven and all events of the mysterious night have been poetically described. In the "Muhammad Hanafiya" dastan it is narrated about the exploits of the son of the fourth caliph Ali aimed at the benefit of the spread and protection of Islam. In the "Abushahma" dastan the image of Caliph Omar is presented, his justice in punishment of sinned people according to the Sharia laws, even his own son.

In the process of preparing the volume, textual work was performed to compare available variants and previously issued texts of each dastan. Brief abstracts are given to each dastan, short clarifications, data on singers and storytellers. Editorial amendments and clarifications were made to the texts of some works, some errors in the previously studied manuscripts in ancient Arabic, Turkic have been eliminated; some textual and stylistic discrepancies have been corrected. The structure of the volume complies with the requirements for the publication of the Anthology. Works are provided with comments, biographies of storytellers; illustrations, photographs, musical notes are also included.

At the end of the book given: ethnographic indexes, bibliography, summary in Russian and English. The footnotes contain translations and interpretations of ancient Turkic, Arabic, Farsi and Russian words. Dastans have been recorded in various versions, performed by the storytellers from the different regions of the country, presenting different kinds of performance techniques existing in Kazakhstan.

With the help of the QR code indicated on the cover of the book, the reader can access the electronic and audio versions of the publication posted on the websites.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	7
Дастандар	9
Айман, Шолпан	11
Наурызбай – Қаншайым	43
Сыршы молда	129
Болат, Жанат	157
Қасым жомарт	211
Құлқаныс – Зеберше	291
Дариға қыз	407
Киік	429
Мифраж	437
Мұхаммед-Қанапия	461
Қисса Әбушахма	481
Суретті сөздік	496
Әдебиеттер	522
Резюме	523
Summary	525



**ДАЛА
ФОЛЬКЛОРЫНЫҢ
АНТОЛОГИЯСЫ**

5 том

ДАСТАННЫЙ ЭПОС
(на казахском языке)

Утверждено Ученым советом
Института литературы и искусства им. М.О. Ауэзова

Редактор Ж. Қайранбай
Корректор Г. Тайманова
Компьютерде терген Е. Сманова
Аудиожазбаны дайындаған Е. Елгезек
Дизайнер Т. Сорокина
Беттеген Н. Үмбеталиев, А. Жұмағалиев

Басуға 28.10.2019 ж. қол қойылды.
Офсеттік басылым. Қаріп түрі «DS Baltica».
Пішімі 70 ×108 ¹/₁₆. Көлемі 33,0 б.т.
Таралымы 10 000 дана.

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан басылып шықты.

«Brand Book» ЖШС баспаханасында басылды

